YESSENOV UNIVERSITY

Мәңгілік ел

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

ҒЫЛЫМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК ОНЛАЙН - КОНФЕРЕНЦИЯЛАРДЫҢ МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ НАУЧНО -ПРАКТИЧЕСКИХ ОНЛАЙН - КОНФЕРЕНЦИЙ ПОСВЯЩЕННЫХ **ДНЮ РАБОТНИКОВ НАУКИ**

ТОМ I

17.04.2020
29.04.2020

ҒЫЛЫМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІНЕ
арналған ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференциялардың
материалдар жинағы

ТОМ I

17-29 сәуір 2020

Сборник материалов
научно-практических онлайн-конференций посвященных
ДНЮ РАБОТНИКОВ НАУКИ

ТОМ I

17-29 апреля 2020

Ақтау

ӘОЖ 001
ББК 72
Ғ 96

Yessenov University ректоры Б.Б.Ахметов жалпы редакциялығымен

Редакциялық алқа:
Е.Т. Нұрмағанбет, Э.А.Абланова, А.И.Мамбетова, А.М. Джанисенова

Ғ96 Ғылым қызметкерлері күніне арналған ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференциялардың материалдар жинағы, том I, Ақтау: Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, 2020, - 329 б.

ISBN 978-601-308-241-7

Ғылыми мақалалар жинақтың негізі Ғылым қызметкерлері күніне арналған ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференциялардың материалдарынан тұрады, «Ұлы дала: Мәдени мұра және әлемдік тарихтағы Алтын Орда» атты аймақтық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференция, «Студенттік еріктілік: қазіргі жағдайы, мәселелері, болашағы» атты аймақтық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференция, «Каспий аймағы: жаңа қатерлер мен жаңа мүмкіндіктер» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференция, «Қиын өндірілетін көмірсутекті кен орындарды игерудің геологиялық және технологиялық аспектілері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференция.

Жинақ ЖОО оқытушылары мен докторанттарына, білім алушыларға арналады.

Основу сборника научных статей составляют материалы научно-практических онлайн-конференций посвященных Дню работников науки, областной студенческой онлайн-конференции на тему «Великая степь: культурное наследие и Золотая Орда в мировой истории», областной научно-практической онлайн-конференции на тему «Студенческое волонтерство: современное состояние, проблемы, перспективы», международных научно-практических онлайн-конференций на тему «Каспийский регион: новые угрозы и новые возможности» и «Геологические и технологические аспекты разработки месторождений трудноизвлекаемых углеводородов».

Сборник предназначен для преподавателей, докторантов и студентов ВУЗов.

ӘОЖ 001
ББК 72

© Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, 2020

ISBN 978-601-308-241-7

ӘОЖ 929 (09) 045

АЛТЫН ОРДА КЕЗІНДЕГІ ИСЛАМ ДІНІНІҢ ТАРАЛУЫ

Ағниязова А.
Ш.Есенов атындағы КМТИУ, «Қазақстан тарихы» кафедрасының аға оқытушысы

Аңдатпа. Алтын Орда-Еуразия даласында XIII ғасырда пайда болып, оның құрылу тарихы Шыңғыс ханның ұлы Жошының үлес-иелігінің қалыптасу тарихымен байланысты. Бұл еңбекте, орасан зор аумақты басқаруда тек кана саяси-әкімшілік емес рухани және идеологияның да аса қажет екені, ислам дінінің таралуы, орнығуы сөз болады. Алтын Ордада Берке , Өзбек хандардың дінсіздермен күресі баяндалады.

Түйінді сөздер: Алтын Орда , Ислам,Берке ,Өзбек,Мәжуситтер.

Алтын орданың халқы әр алуан болды. Жошы ұрпақтарының мемлекетінде мәдениет пен дін бірыңғай емес еді.Алтын орда мемлекеті өзі құрылған кезден бастап-ақ іштенде,сырттанда,мұсылман дінімен мәдениетінің ықпал әсеріне қамтылды.Іштен дегенде олар Еділ бойымен Қама бұлғарларының мұсылман халқы,сондай ақ Хорезм мұсылмандары,жақын жердегі Бұқарамен,шалғайдағы Египет болатын.Алтын орда хандарымен Египед Мәмлүк билейушілерінің арасында жасалған әскери одақ арабтардың ықпалын күшейтті.Египедпен одақ Жошы әулетімен дұшпан болған парсы монғолдары Құлағу әулетіне қарсы бағытталған болатын.Мұсылман әлемінің осы күшті ықпал-әсерінің нәтижесінде ақыры Жошы әулетінің Алтын Орда мемлекетінде ислам ресми дін ретінде орнықты.

Алтын орда мұсылмандықтың орнығуы тарихында үш кезең анық байқалады,бұлар :Берке билік -құрған уақыт Өзбек хан билеген уакыт Әмір Едіге билік басында болған уақыт.»Әлемді жаулап алушының тарихы» Жувейнидің хабарына сенсек ,Жошының мурагері Бату діндерді бірінен –бірі артық санамаған , ата-бабаларының сенімі-Көк Тәңірге табынған.Ол уақытта Шыңғыс хан әулетінің көбі исламға жаулық ниетте болған.Өйткені Бағдатты алған кезінде халиф Мустасим Моңғол империясының басты жауы еді.Соған қарамастан Батудың тірі кезінде бірнеше інісі ислам дініне ден қойып ,мұсылман болған.Бұлардың ішінде Алтын Орданың болашақ ханы Берке де болды .

Беркенің ислам дініне нақ қашан кіргені туралы нақты мәлімет жоқ.1253жылы Моңғолияда болған елші Г.Рубруктың айтқанынан аңғарылатыны –Берке оған Рубрук барған соң 1253 жылы мұсылман болған»Берке –деп жазды Рубрук ,-өзін сарашынмын (мусылманмын(дейді және сарайында шошқа етін жегізбейді»Жошы ұлысында мұсылман хан Беркенің тұсында мәжусилік ғұрыптар Моңғолияның өзіндегідей исламға қарсы келетін ғұрыптар болған.Қазақстанда исламның таралуы ,тарихы туралы зерттеуге Өтеміс қажының XVI ғасырда»Шыңғыснамасы»XIV ғасырдағы Алтын Ордамен Қазақстан тарихына қатысты құнды мәліметтер , атап айтқанда ,Қазақстан аумағында исламның таралуы туралы мәліметтер бар 26.»Шыңғыснама « авторыныңмәліметінше ,Дешті Қыпшақтыңхалқы ислам дініне Берке хан билеп тұрған кезде 1255-1266 кірген . «Дешті уәләяты берке ханға бағынған кезде ,- деп жазады ол,-дінсіздердің көп бөлігін ислам дініне кіргізді ...» Берке хан мешіттер мен медреселер салуға себепші болды . Ол өз төңірегіне теологтарды , діншіл-ғалымдарды жинап алды.Рас ,шығарма авторының одан әрі атап өткеніндей ,»одан кейін олар қайтадан жолдан тайған айналып ,дінсіз болды « 27

Мұның өзі Дешті Қыпшақ көшпелілерін ислам дініне кіргізу процесінің үзілісті, сенімсіз сипатта болғанын дәлелдейді.

Шын мәнінде, Алтын Ордада ислам дінінің таралуы мен орнығуы Өзбек хан патшалық ету кезінде 1313-1341 нағыз алтын кезең болды.Таққа отырғаннан кейін Өзбек шын мәнінде көптеген шамандар мен будда ламаларын өлтірткен ,мұсылман болып, ислам дінін ұстанушылықты жариялаған.Өзбек хан зәулім мешіт салдырып,бес уақыт намазды қаза қылмай оқыған, бұдан әрі моңғол қалпағын кимеген.Өзбек ханнан бастап Алтын Орданың хандары мұсылмандар болды және жеке түркі есімдерімен қоса мұсылманша аты болды.Мыс Жәнібек ханның мұсылманша аты Сұлтан Жәлел ад-Дин Махмұт болды.Аңыздарға қарағанда исламның көшпелілердің ежелгі діндеріне қарсы куресі бейне тапқан .Өзбек ханның исламды қабылдауы туралы әңгімеде оның қасында қасында мұсылманның болуының бір өзі ғана оның маңайындағы пұтқа табынатын сыйқыршылардың біреуімен Баба –Туклас (Баба Түкті(әулиеге жанып тұрған пешке кіруге ұсынылған Дінсіз сыйқыршы әп- сәтте жанып тұрған пешке жанып кетеді де,Баба Туклас аман шығыпты –мыс .Хан бастаған жұрт осының бәрін көрген бойда табан астында шейхтардың етегіне жармасып, бәрі мұсылман болыпты «28

Жошы әулетінің ислам дініне кіруіне байланысты XIVғасырдың екінші ширегінде Шағатай әулеті мемлекетінде ислам діні мемлекеттік дін болды .Сөйтіп XIV жүзжылдық өзінде –ақ Оңтүстік Русьтен Моңғолияның өзі,Қытайдың шекарасына дейін жаулап алған жерінде ислам діні мемлекеттік дін болды .Хиуа тарихшысы Мунистің пайымдауынша Өзбек хан болып тұрған кезінде туркіше бий(бек (сөзі моңғолдың» ноян» сөзін ығыстырып шығарды .

Мемлекет астанасы Сарайда Өзбек хан тұсында 1333жылы қалада болып қайтқан арабтың ұлы жиханкезі Ибн Батута,»халық намазға жиналатын он үш мешіт , оның бірі шафи мешіті болған.

Бұларға қоса басқа мешіттер де өте көп .Қалада әр түрлі халықтар тұрады ,бұлар елдің нағыз тұрғындары мен иелері –моңғолдар,олардың кейбіреулері мұсылман ,астар, бұлар мұсылмандар қыпшақтар ,шеркестер,орыстар мен византиялықтар , бұлар христиандар .Әрбір халық өз телімінде бөлек тұрады « XIVғасырдың енді бір дерекнемесінде Алтын Орданың халқы көп және құрамы әр түрлі ,олардың арасында христиандармен қатар мұсылмандар да бар .Мұның барлығына қарағандаXIII-XIV ғасырларда Алтын Орданың әміршілері өз бодандарының наным –сеніміне барынша төзімділікпен қараған деуге болады .

Жошы әулетінің діндерге қарауының мән –жәйі туралы Миноритер Орденінің адамы, 1320 жылы Алтын Ордаға келіп кеткен Иоганка Венгрдің хатында айтылады. «Татарлар « деп жазды ол Орденнің басшысы Михаилге ,-соғыс қуатымен христиан халықтардан әр алуан тайпаларды өздеріне бағындырып алды ғой ,бірақ олардың өз заңы мен дінін бұрынғыдай сақтауына ерік берді ,кімнің қай дінді ұстанатыны туралы ойлап әуре болмайды ,тек бейбіт кездегі қызметте ,алымдар мен салықтарды төлеуге және соғыс жорықтарында олар (бодандар (шығарған заң бойынша өздерінің мырзалары үшін не істуге міндетті болса , сол міндетін орындаса болды деп біледі..

XV ғасырда Алтын Ордада әмірі Едігенің тұсында исламды күштеп енгізуге қарекет жасалды.Едігенің өзі түркіленген маңғыт руынан .Араб авторы Макризидің жазғанына суйенсек , «татарлардың « өз балаларын басыбайлыққа сатуға тыиым салды.Донның сағасы өмірінде орналасқан Венецияның отары Танда (Азов(көп жыл тұрған итальян көпесі И.Барбаро былай дейді.»Мұсылман діні міне шамамен жуз он жылға жуық заманнан бері татарлардың ишінде үйреншікті болып келеді.Рас ,бұрын олардың біразы ғана мұсылман болатын,ал жалпы алғанда әркім өзіне ұнаған дінді ұстануға ерікті еді.Сондықтан өздерінің арбаларына салып алып жүретін ,ағаштан немесе шүберектен жасап алған жансыз тұлғаларға сыйынатындар да болған .Ал мұсылман дініне мәжбүрлеп кіргізушілік Сейдахмет хан деп аталған татар ханының әскербасы Едігенің заманында болды» Мәжбүрлеудің нақты шаралары туралы хабарланбайды.

Сол Едігемен бір уақытта Моғолстан ханы Шағатай ұрпағы Мұхаммед 1408-1416 жылдары билік құрған өз қол астындағы елдерде ислам дінін орнықтыруға жігерлене қарекет жасады .

Алтын Ордада XVғасырдың 20-30-жылдарында болып қайтқан Ибн Арабшах , И.Шильтбергер , сондай –ақ басқа да авторлар XV ғасырда Дешті Қыпшақта әлі де мәжусилер болғанын ,яғни көп адамдар шаманизмді ұстанатынын атап көрсетеді.Осындай жағдай Дешті Қыпшақта XVI-XVIIғасырларда да сақталды .Айрықша айтатын жәйт этностық ұйысқан нақ сол қыпшақ бірлестігінің рулары мен тайпалары құраған қазақтар XVIғасырда мұсылман –суниттер деп саналды .Алайда мұнымен қатар олардың араларында мәжусилік ғұрыптар тараған еді. Қорыта келгенде , Жошы ұлысында XIVғасырда исламның тарауы бәрінене гөрі Алтын Орда мемлекетінің билік жүргізуші бекзадалары мен қала тұрғындарының арасында жедел жүрді Көшпенділер даласы-Дешті Қыпшақ –XIV ғасырда тұтас алғанда мұсылманшылыққа тым үстірт қарады .Дала тұрғындарының негізгі бұқарасы әлі де ескі шамандық көзқарасттың ықпалында болды.,мұны сол кездегі өлікті жерлеудегі мәжусилік ғұрыптарынан көруге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан тарихы 5 томдық. 2 том. 247 бет
2. Т .Сұлтанов. Алтын Орда. Алматы , 2003
3. І. Есенберлин. Көшпенділер. Алматы, 2000

ӘОЖ 1/14:94(574)(045)

АЛТЫН ОРДА ТАРИХЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Өтесова Г.Е.
Ш.Есенов атындағы КМТИУ,
«Қазақстан тарихы» кафедрасының аға оқытушысы

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан территориясындағы ортағасырлық Алтын Орда мемлекетінің тарихына қатысты араб,парсы және әр кезеңдерде Алтын Орда тарихын зерттеген ғалымдардың Алтын Орда тарихына қатысты зерттеулері негізінде жазылған еңбектеріне кең көлемде талдау жасала отырып Алтын Орданың тарихының зерттелуі жан жақты ашылып қарастырылады.

Түйінді сөздер: Алтын Орда, ортағасыр, араб, мемлекет, тарих.

2019 жылы 24 тамызда Қарағанды облысы Ұлытау ауданында Мемлекет басшысының қатысуымен Ұлытау халықаралық туристік форумы өтсе осы форумда Президент Қасым -Жомарт Тоқаев 1269 жылы Талас құрылтайында дербестігі толық мойындалған Алтын Орданың 750 жылдық мерей тойын мерекелеу туралы айтып өтсе бұл мәселені Президент

2 қыркүйектегі Қазақстан халқы жолдауындада көтерген болатын.

Монғол шапқыншылығынан соң Қазақстан аумағы Шыңғысханның үш ұлына бөлінген ұлыстар құрамына енді Жетісудың солтүстік бөлігі және төменгі Еділ бойына дейінгі жерді қоса бүкіл Шығыс Қыпшақ даласы Шыңғысханның үлкен ұлы Жошының үлесіне тиді. Екінші ұлы Шағатайға Жетісу аймағы және Маураннахр мен Шығыс Түркістан, үшінші ұлы Үгедейге Жоғарғы Ертіс пен Тарбағатай жерлері бөлінген-ді. 1227 жылы Шыңғысханның қайтыс болуымен күшпен, зорлықтан құрылған империясының ордасы сөгіле бастады. Орхондағы орталық пен ұлан-ғайыр жердегі ұлыстардың шалғайлығы мен ұлыс билеушілердің мүддесі империяның ыдырап, жеке мемлекеттерге

айналуына алып келді. Алтын Орда ортағасырлық Қазақстан тарихындағы ірі мемлекеттердің бірі.

Алтын Орда Жошы ұлысы XIII ғасырды 40 жылдары Бату құрған мемлекет. Оның құрамына Батыс Сібір,Солтүстік Хорезм, Еділ Бұлғариясы,Солтүстік Кавказ, Дешті Қыпшақ жерлері кірді. Жошы ханның баласы Батый ханның кезінде Орда Алтай тауынан Дунай өзеніне дейінгі ұлан-ғайыр жерді алып жатқан үлкен мемлекет болды. Орталығы алғашында Еділ бойындағы Сарай-Батуда болса, кейін Сарай-Берекеге көшірілген. Алғашқы кезде Алтын орда мемлекеті деген ұғым болмаған. Орыс деректерінде бұл атау тек XVI ғасырдың аяғында пайда болған. Шыңғысхан және оның ұрпақтары туралы жазылған «Шыңғыснама» шежіресі сақталған. Осы шежіреде мынадай аңыз бар. Шыңғысхан Жошы ханнан туған өзінің Батый, Ежен, Шайбан деген үш немересіне алтын босағалы «Ақ орда», күміс босағалы «Көк орда», болат босағалы «Боз орда» тіккізген. Алтын босағалы ордаға батыйды кіргізіп, Жошының орнына хан сайласа керек. «Алтын Орда» деген атау осыдан шыққан тәрізді. Сөйтіп Жошы ұлысының орнына алтын босағалы Ақ Ордаға кіріп, таққа отырған Батыйдың басқаруымен Алтын Орда мемлекеті құрылған.

Өткен кезеңдер туралы тарихи білім, ең алдымен дерек көздерімен анықталды. Алтын Орда мемлекетінің тарихы әртүрлі тарихи деректерде өз көрінісін табады. Алтын Орданың тарихына қатысты тарихи мәліметтердің көптүрлілігін ортағасырлық мемлекеттің геосаяси жағдайымен байланысты қарастырамыз.Алтын Ордалық жазбаша деректер ханның бірнеше жарлықтары түрінде сақталған,себебі тоқтаусыз соғыстар, өзара қақтығыстар мен тынымсыз күрес салдарынан құжаттардың көпшілігі жоғалып кеткен. Осыған байланысты араб және парсы авторларының мәліметтері ерекше маңызды болып табылады. Шығыстанушы В.Тизенгаузеннің басшылығымен 1884жылы « Алтын Орда тарихына қатысты материалдар жинағының» бірінші томы жарыққа шықса бұл жинақ күні бүгінге дейін Алтын Орда өмірінің әртүрлі жақтарын зерттеуде маңызды болып табылады. Бұл жинақ ортағасырлық араб хроникалары мен саяхатшыларының жазбаларын біріктірген. [2.2] Алтын Орданы көзімен көрген өмірінің 30жылын саяхатқа арнаған араб географы Ибн Батута жеке өзі Өзбек сарайында болып көрген білгендерін жазып қалдырған. «Мен дүние жүзінің бәрін араладым. Сол аралаған қалаларымның ішінде Сарайшық қаласы – Бағдат сынды дүние жүзіндегі ірі қалалардың бірі. Бағдаттағыдай мұнда да қайықтардан жасалған көпір көрдім. Қалада ханның сарайы, төрт мешіт, өте көп қонақүй бар екен. Бірақ мен оларды көріп таңғалған жоқпын, менің таңғалғаным, Жер шарын шарлап жүргенде көрмеген бір қызықты Сарайшықтан көрдім, мына жақсылық адам баласының бәріне бітсе, бақыт. Мұнда су әрбір үйге өзі барады екен».деп қала туралы өз ойын қалдырады. Алтын Орда көлемі жағынан ортағасырдағы ірі мемлекеттердің бірі.XIV-XV ғасырлардағы араб авторлары оның көлемін жуықтап көрсетеді. Араб авторларының көрсетуі бойынша оның ұзындығы 8 айлық,ені 6 айлық жолды құраған деп жазады.» Алтын Орданың тарихына қатысты материалдар жинағының» II томы 1941 жылы жарық көрді. Оның негізін парсы авторларының шығармаларынан үзінділер құрайды.[2.3] Парсы тарихшысы Жувейни Батый ханның әділдігі туралы былай деп жазған: Оның ордасына саудагерлер барлық жерлерден келіп жатты.Олар түрлі тауарларды әкелді. Ол (Батый) тауарлардың барлығын алғызып,оның үстіне бағаны артығымен төлетіп отырған.

XIV ғасырда өмір сүрген ұлы тарихшы Му'ин ад-дин Натанзи «Аноним Искендера» атты еңбегінде Алтын Орда ханы Өзбекті тілге тиек етеді. Өзбек ханды өте әділ басшы ретінде суреттеп көрсетсе автор осы еңбегінде Жәнібек хан туралы «оның әділдігі Ануширван (атақты парсы патшасы - Ж.Ж.) әділдігінен бір де кем соқпайды. Ол Өзбек Ұлысын тұтас Исламға бағындырды, пұтқа табынушылардың храмдарын түгел қиратып, көптеген мешіт, медресе салдырды. Ислам дінін ұстанған адамдардың жағдайларының жақсы болуына басты назар аударды. Жан-жақтағы Ислам елдерінен неше түрлі оқымысты, ғалымдар осы сарайға қарай ағылды. Елдегі әмірлердің ұлдары

білімдерін жан-жақты жетілдіріп ғылымға мойын бұрды, олар заманының озық ойлы азаматтарына айналды, күні бүгінге дейін олардың айтқан пікірлері, қорытқан ойлары жиын-тойда ескеріліп тұрады. Исламның басқа елдерде ұстанатын әдет-ғұрып, салт-жораларын бұл мемлекетке енгізген сол»,- деп сүйсіне жазды.

Натанзи Ерзен хан жөнінде былай деп жазады: “Ақылды, турашыл, діншіл және білімге құштар болды. Азғана жылда беделі Өзбек ханның дәрежесіне дейін жетті, бірақ оған бағыныштылығын сақтады. Отырар ,Сауран, Сауран, Жент, Баршынкенттегі көптеген медреселерді, ханакаларды, мешіттерді, т.б. қайырымдылық үйлерін салдырды. Әділдігі мен мейірімділігі арқасында ол бүкіл Түркістан өңірін гүлдендірді. Әлділер әлсіздерге қысымшылық жасамады, жастар жасы ұлғайғандарға сый-құрмет көрсетуден ауытқымады. Ерзен хан билік еткен тұстағы ұлт қауіпсіздігі мен гүлденуін ешкім түсінде де көрмеді”деп Алтын Орданың билеушілерінің бірі Ерзен ханға жоғары баға береді.

Рашид ад Диннің «Джами ат- тауарих » еңбегі Шыңғыс ханның тарихы мен қызметін,сондайақ монғол ұлыстарының тарихын жан жақты сипаттайды.Бірақ бұл еңбекте Алтын Орданың тарихына шамалы ғана назар аударылып, оның дамуының негізгі кезеңдері көрсетілген,бірақ жаулап алынған монғол билігіндегі аумақтардың әкімшілік құрылысы мен оны ұйымдастыру мәселелері бойынша көптеген салыстырмалы материалдар берілген. Алтын Орда туралы орыс жылнамалық деректерінің де маңызы зор. Алтын Орданың бір бөлігі бола тұра,олар ішкі оқиғалар туралы,князьдардың сапарлары,қақтығыстар жөнінде тарихи - жағрапиялық сипаттағы ақпараттарды да жазып қалдырған.Орыс жылнамаларында сондайақ Батый ханның Алтын Орданың экономикалық қуатын арттырып, қалалық өмірдің жандануына ерекше көңіл бөлгенін айтылады. Алтын Орда туралы жағрапиялық мәліметтер XIV ғасырға қатысты, ал мемлекеттің аумағын белгілеген алғашқы мәліметтер Плано Карпини мен Гильом Рубрукке тиесілі.

Итальяндық Плано Карпини, францискандық монарх орденінің негізін қалаушы Рим папасы IV Иннокентийдің арнайы тапсырмасымен 1245 жылы сәуірде Лионнан Еділ бойындағы Батый ордасы Сарай Батуға аттанады.Гильом Рубрук -Минорит орденінің монахы, 1248жылы кресшілер мұсылмандарға қарсы жорықта жеңілген соң Людовик IX тапсырмасы бойынша моңғолдармен одақтасу .шін 1253 жылы мамырда Константинопольден Қырымға, одан Еділдегі Батый Ордасына келеді. [1.4] Осы ортағасырлық еуропалық саяхатшылар Плано Карпини мен Гильом Рубрук шығармаларында маңызды және құнды жағрапиялық, сондайақ саяси әкімшілік ақпараттар жинақталған. Алтын Орда тарихы мен дінінен мол ақпарат беретін түркі деректерінің қатарына Өтеміс қажының Шыңғыс наме еңбегін айтуға болады өкінішке орай бұл еңбек зерттеушілер назарынан әлі күнге дейін тыс қалып келе жатыр.

Орта ғасырлық тарихшы Қадырғали Жалаиридің “Шежірелер жинағы” атты еңбегіндегі тарихи мәліметтерде Алтын Орданың қазақ хандығымен байланыстың бар екендігін дәлелдейтін құнды тарихи шығарма болып табылады. Алтын Орданың тарихының зерттеулеріне келер болсақ алғашқы ғылыми зерттеулер Ресей тарихи ғылымы аясында қалыптаса бастады. XIX ғасырда Ресейлік тарих ғылымы, ең алдымен Алтын Орданың қалаларының санын,олардың атауларын жазба және нумизматикалық деректер негізінде анықтауға қажетті нақты тарихи деректерді қарастырады. Бұл тақырып бойынша Х.М. Френ, В.В. Григорьев,Ф.К.Браун еңбектері белгілі болды. Алтын Орданың астанасы Сарай қаласында археологиялық қазба жұмыстарын XIX ғасырдың бірінші жартысында А.В. Терещенко жүргізді. Алтын Орда қалаларын зерттеушілер қатарына біз Г.А. Феодров- Давыдовты та қосамыз. Ол төменгі Еділ бойында ұзақ жылдар бойы археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп Алтын Орда тарихы мен мәдениеті туралы материалдар жинақтады. Алтын Орданың нақты археологиялық ескерткіштерін зерттеуге К.И Новоструевтің және С.М. Шпилевскийдің еңбектері де арналған.

Белгілі шығыстанушы И.Н.Березин «Шығыс тарихшыларының кітапханасы» атты жинақ шығарып, оған Рашид ад - Дин, Мұхаммед Шайбани, Қадырғали Жалаири,

Әбілғазы еңбектерінің орыс тіліндегі аудармасын енгізген. Ғалым Алтын Орда тарихымен айналысып, Жошы ұлысы хандарының жарлықтарын зерттеген.И.Березиннің Внутренее устройство Улуса Джучиева атты еңбегінде Алтын Орданың әлеуметтік жүйесі туралы бірең сараң мағұлматтар табуға болады.Автор еңбегінде көбінесе бірқатар мансаптардың тізімін берумен шектеледі.

Ресей зерттеушілері бастапқы кезеңнен -ақ монғолдарды бөгденің жерін басып алушы басқыншы, варвар ретінде көрсетуді көздеді. Алтын Орданың саясатының жағын ғана көрсетуге тырысты. Мұндай пікірлер бастапқы кездегі орыстың белгілі тарихшылары В.Н. Татищев, М.М. Шербатов, П.И. Рычков еңбектерінде көрініс тапты. Бірақ орыс зерттеушілерінің келесі бір тобы татар - монғол зардаптарының езгісін сипаттай отырып, Ресей мемлекеттілігінің қалыптасуына Алтын Орда сыртқы саясатының оң әсері болғанын мойындады. Бұл көзқарасты қалыптастырушы тарихшы М. Н. Карамзин болды. Оның пікірі М.Н. Погодин және тағы басқа зерттеушілер еңбектерінде көрініс тапты. Олардың пікірінше монғол- шапқыншылығынан кейінгі Алтын Орда билігі дәуірінде Русь жерінде князьдардың алауыздықтары, талас- тартыстары тоқтатылып ұлы князьдың билігі күшейді және мемлекеттіліктің негізі осы кезеңде жасалды деген тұжырымдамалық қорытынды жасайды.

Белгілі ғалымдар Б. Греков пен А. Якубовскийдің Золотая Орда (Очерк. Истории Улуса Джучи в период сложении и рассвета вXIII-XIVвв) ізденістері нәтижелі болды. Бұл еңбекте Орда тарихына қатысты материалдармен қатар рухани мәдениеттің негізі болып табылатын әдебиет пен тілге қатысты құнды мәліметтер бар. Кеңестік тарихнамада Б. Греков пен А. Якубовскийдің бірігіп жазған зерттеу еңбегі КСРО да 1937жылы жарық көрді.Бұл еңбекте авторлар Алтын Орданың қиратушылық саясатын көрсетсе екінші жағынан орыс жылнамалары мен шығыс деректері негізінде Алтын Орданың саясатына позитивті оң баға береді. Феодров- Давыдов Алтын Орданың саяси құрылымының тарихын арнайы зерттеген ғалым болып табылады. Феодров- Давыдовтың 1966жылы жазылған «Кочевники Восточный Европы под властью Золото Ординских ханов» деп аталатын әйгілі еңбегінде әрбір ел басқарып отырған хандарға олардың ұстанған саясатын ашып көрсете отырып баға береді. Автордың сондайақ 1973 жылы жазылған «Общественный строй Золотой Орды» еңбегі де маңызды болып саналады.

1966жылы Мәскеуде жарық көрген С. Закировтың Дипломатические отношение Золотой Орды с Египетом.XIII-XIVвв еңбегі Алтын Орда мен Мысыр Мәмлүк мемлекеті арасындағы дипломатиялық байланыстарды ашуға бағытталған кеңес және әлем тарихнамасындағы алғашқы зерттеу болып табылады. [4.5] Орыс тарихшыларының ішінде В.П. Юдиннің Алтын Орда тарихына арнаған бірнеше еңбектері бар. «Центральная Азия в XIV-XVIII веках глазами востоковеда» атты еңбегінде Алтын Ордаға тоқталады. В.П, Юдиннің Алтын Орда туралы жазған еңбектері әлі күнге дейін маңызды болып табылады.

Алтын Орда тарихын ден қойып зерттеген қызығушылықпен зерттеген орыс тарихшыларының бірі Р. Ю. Пачекаев болды. Оның «Право Золотой Орды», «Цари Ординские. Биография ханов и правителей Золоты Орды» еңбектерінде Алтын Орда билеушілерінің өмірбаяндық мәліметтері және Алтын Орданың рухани өмірінен аса бай құнды мәліметтер келтіріледі

Алтын Орданың тарихына қатысты маңызды зерттеулердің бірі профессор Ф. Балоодтың Приволжские Помпей атты еңбегі 1919-1921 жылдар аралығында Алтын Орда мемлекетінің астанасы болған Сарай және тағы басқа ірі қалаларына жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде жинақталған материалдық деректер негізінде жинақталған.Алтын Орда тақырыбы саласындағы арнайы зерттеудің қатарында М.Г. Сафаргалиевтің 1960 жылы жазылған Распад Золотой Орды атты еңбегі Жошы ұлысының яғни Алтын Орда мемлекетінің құрылуынан бастап, оның құлауына дейінгісаяси тарихын баяндайды. Алтын Орданың тарихнамасы ХХғасырдың 90-жылдарында Ресей ғылымының перспективті бағыттарының біріне айналды. Жетекші зерттеушілердің бірі татар ғалымы М. Усманов ортағасырлық мемлекеттің тарихын

зерттеуде бірқатар мәселелерді қойып белгіледі. Мұндай тарихнамалық мәселелелерге ол Алтын Орда тарихын фальсификациялауды, монополизациялауды және стереотиптерді таңуды жатқызды. Төңкеріске дейінгі тарихшы атаулының барлығы қазақтарды Алтын Орданың мұрагері деп таныды. Танымал ғалымымыз Шоқан Уәлиханов қазақтар өздерін Алтын Орда халқының ұрпағы деп санайтынын жазды. Дәл осы ғылыми консенсус Қазан төңкерісінен кейін де 20 жыл бойы сақталды. 1940-жылдары қазақ жазушысы Қажым Жұмалиев Едіге пьесасын қойды. Сәбит Мұқанов 1942 жылы шыққан «XVIII — XIX ғг. қазақ әдебиеті тарихының очерктері» кітабында: «Моңғолдың Шығыс пен Орта Азияны түгел билеген Шыңғыс ханы қайтыс болған соң, тұңғыш ұлы Еділ жағасында «Алтын Орда» мемлекетінің негізін қалады. Мемлекет 300 жыл бойы дәуірледі деп жазды. 1944 жылы Әлкей Марғұлан Едігенің өміріне арналған «Ертегідегі Едіге мен тарихтағы Едіге» ғылыми монографиясын жазып шықты.Өкінішке орай Әлкей Марғұланның бұл еңбегі бізге жетпеді. Кеңестік кезеңде 1944 жылдан бастап Алтын Орданы зерттеуге тыйым салынып, Алтын Орда атауының өзі жек көрінішті етілді. Қазақстанның ресми тарих ғылымында Алтын Орда «қазақтардың ата-бабаларының (қыпшақтар) жерін жаулап алған жат мемлекетке» айналды. 1950-жылдары кеңестер билігі «Алтын Орда» концептісіне түбегейлі жат таңбасын басып, «Қазақстанның ұлттық тарихынан» шығарып тастады. 1983 жылы белгілі жазушымыз Ілияс Есенберлин «Алтын Орда» трилогиясын көпшілік назарына ұсынса, жазушы осы шығармасында Алтын Орданы Қазақ хандығының атасы ретінде суреттеді.

Тәуелсіздік алған 30 жыл ішінде Алтын Орда тақырыбында 4-ақ ғалым қорғапты.Қазіргі кезеңде бұл мемлекеттің тарихын отандық тарихшылар Әшірбек Момынов, Меруерт Әбусейітова, Радик Темірғалиев, Нәпіл Базылхан зерттеп, зерделеуде. Десек те, оның тарихи жазба деректерге негізделген кешенді, шынайы тарихы әлі де жазылмай келеді.Алтын Орда тарихының заманауи мемлекеттерге, үлгі болар тұстары жеткілікті. Сондықтан да оның тарихын қайта зерделеп, әлемге таныту қажет. Бұл алдағы күндердің еншісінде болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.«Қазақстан тарихы Жоғары оқу орынына арналған оқулық Алматы кітап

2.Қазақстан (қазақ елі) тарихы. 4 кітаптан тұратын оқулық. Қазақстан XIII-XVIII ғасырлардың алғашқы ширегінде .2-кітап . Алматы.2017

3.Қазақстан тарихы (Көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. Т. II. –Алматы: «Атамұра», 1998.

4. Батыршаұлы Бақытты. Мысыр мәмлүк мемлекетінің Дешті-Қыпшақпен байланыстары. XIII-XV ғг. Зерттеу. А.: «Экономика», 2005.

ӘОЖ 929 (09) 045

ҰЛЫ ТАРИХТЫҢ КУӘСІ - САРАЙШЫҚ

Сидешова Р.А.
Ш.Есенов атындағы КМТИУ,
«Қазақстан тарихы» кафедрасының аға оқытушысы, «Тарих» мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі

Аңдатпа. Мақалада Алтын Орданың алғашқы кезеңдерінде-ақ саяси әкімшілік орталық ретінде өмір сүрген коммуникациясы дамыған, керуен жолы басып өтетін ірі орталық болуымен қатар, іргелі саяси-әлеуметтік, қоғамдық мәселелерді шешетін орталық болған Сарайшық қаласының саяси, рухани астана болғандығы туралы алғашқы мағлұматтар мен кейінгі кездегі зерттеулер барысы баяндалады.

Түйінді сөздер: Сарайшық, Алтын Орда, Жошы ұлысы, Қасым хан, Алтын тақ, өркениет, ұлттық мәдениет.

Алтын Орда дәуірі - халқымыздың тұтас ұлттық бірегейлікке ұмтылған тұсы.

Алтын Орданың тарихи-географиялық орнын түбегейлі зерттеген ғалым Б. Л. Егоров аталған өңірдің 150 қаласының 110 қала мен елді-мекендеріне сипаттама берген. Әйтсе де осы қалалардың бүгінгі заманымызға жетпеуі, кейбірінің орны да қалмауы өкінішті жағдай. Бұл халқымыздың басынан өткен ауыр тарихи тағдырлар мен шапқыншылықтың салдарынан болды. Бүгінгі күні орны сақталып қалған көне қалалардың жұрнағын тауып, олардың өмір сүрген дәуірі, сәулеті мен мәдениеті, экономикалық кескін-келбетін анықтау, кешегі тарихты бүгінгі таным-санамен бағамдау жолында жұмыстар жүргізіліп жатқаны қуантады.

Сарайшық ұлы тарихтың куәсі және түркі тұқымдастарды біріктіруші фактор десек, Зейнолла Самашев: «Сарайшықтың ұлттық мәдениет пен тарихта алатын орны орасан зор. Бұл қала тарихы Жошы ұлысының тағдырымен сабақтас. Сарайшық біздің империялық рухымызды тірілтетін – семантикамыз. Сол себепті оған ұлы тарихтың, ұлы жолдың бір пұшпағы деп қарауымыз керек», -дейді.

Жошы ханның баласы Бату ханның кезінде Орда Алтай тауынан Дунай өзеніне дейінгі ұлан-ғайыр жерді алып жатқан үлкен мемлекеттің орталығы алғашқы кезде Еділ бойындағы Сарай-Батуда болса, кейін Сарай-Беркеге көшірілген. Бірнеше жылдар бойы салтанат құрған сәулетті-сәулелі мемлекет тарих көшінде Қазақ хандығының билігіне ұласа отырып, табиғи-тарихи тұрғыда мұрагерлік құқығын иемденді. Осылайша, Алтын Орданың астаналары дегенде, тарихта үш қаланың аты аталады: 1.Сарай-Бату немесе (Үлкен Сарай); 2. Сарай-Берке (Жаңа Сарай); 3. Сарайшық (Кіші Сарай).

Еуропа мен Азияны қақ бөліп жатқан Жайық өзенінің оң жағалауында орналасқан Сарайшық (Сарайжук) шаһарының іргесі ғалымдар13-ғасырда Алтын Орда тұсында қаланды дейді. Қаланы Шыңғыс ханның немересі, Жошының баласы Бату хан салдырғаны туралы Әбілғазы шежіресінде мол дерек келтіріледі. Бір деректерде археологтар Толстов пен Пацевич Сарайшықты Х-ХІ ғасырларда салынған Сааксин қаласының орнында бой көтерген деп санайды. Көптеген көпестер мен саяхатшылардың осынау жолдардың бағыт бағдарлары туралы, тауарлардың сипаты мен бағасы және қатынас тәсілі туралы жазбалары мен хикаялары бізге дейін жеткен. Сарайшықта салтанатты сәулетті сарайлар, керуен-сарайлар, моншалар, мешіт-медреселер және басқа да ғаламат ғимараттар салынған. Қаланың өте тамаша жобаланып салынған түзу де кең көшелері мен алаңдары болған. Қаланың келбетінен шығыстың әсері айрықша байқалды.

Әзірге белгілі болған деректерге сүйенсек, бұл орын туралы жазба мәліметтер 14 ғ. алғашқы жартысынан басталады. Флоренция көпесі Ф.Пегалоти «Сарайшықтан Үрге-нішке дейін түйелі арбамен 30 күн жүрдік» десе, араб саяхатшысы Ибн Батута «Дешті Қыпшақ даласына саяхат» деген естелік жазбаларында: «1333 жылы Біз Үлкен Сарай қаласынан атқа жегілген арбамен он күн жүріп, Сарай-жукке -Кіші Сарай қаласына келіп жеттік. Бұл Ұлысу (Жайықты айтып отыр) деп аталатын терең әрі ағысы қатты өзеннің бойына салынған гүлденген қала екен. Әлемде Бағдаттан кейінгі екінші жүзбелі көпір осында екен. Мен дүние жүзінің бәрін араладым. Сол аралаған жерлерімнің ішінде Сарайшық қаласы Бағдаттан кейінгі дүние жүзіндегі ірі қалалардың бірі екен. Бағдаттағыдай мұнда да қайықтардан жасалған көпір көрдім, қалада ханның салтанатты сарайы, төрт мешіт бар. Қонақ үйлердің есебіне сан жетпейді екен. Бірақ, мен оларды көріп таңғалған жоқпын. Менің таңғалғаным - жер шарын шарлап жүргенімде, көрмеген бір қызықты Сарайшықтан көруім болды. Мұнда су әрбір үйге өзі барады екен».

Антоний Дженкинсон 1558-59 жж. Каспий теңізінің солтүстік және шығыс жағалауына саяхат жасауы кезінде Сарайшық қаласына соғып былай жазған: «Батыста Парижді көру таңсық, Шығыста Сарайшықты көру таңсық екен. Сол құмарлықпен Сарайшыққа келіп, көлігімнің болмай қалуына байланысты жарты айдай тоқтап қалдым.

Сонда менің байқағаным, мұнда айына 700-ге дейін керуен келеді екен». Бұл туралы Әбілғазы «Сарайшыққа Бұқарадан көп керуен келетін еді»,- деп жазған.

Жалпы, археологиялық зерттеу барысында қала орнында нумизматикалық материалдармен қатар, басқа қалалықтардың көптеген күнделікті қолданыс заттары табылды. . Қазбалар барысында көптеген сүйектен, темір мен қоладан жасалған бұйымдар кездеседі. Одан басқа, ортағасырлық моншаның қалдығы табылып, зерттелді. Сарайшық қаласын археологиялық зерттеулер нәтижесінде, ұлы ордамыз болған шаһардан көп қабатты қонақ үйлер, XIII ғасырдың моншасы, құбыр кәріздері, үлкен алып мұнаралардың қалдықтары, қазіргі біздің қолданысымыздағы табан кафелдері, түрлі көздің жауын алар тұрмыстық заттар табылды.

Сарайшық қаласының ұлт тарихындағы негізгі артықшылығы – Жошы ұрпақ-тарының таққа отыратын саяси астанасы болғаны. Бұл пікірімізді нақтылай түсу үшін тағы да Ибн-Баттутаның Сарайшық қаласындағы Алтын Орда ханы Өзбектің (1312-1342 жж.) алтын шатыры туралы жазбаларына сүйенеміз: «Шатыр — алтын жапырақшалармен керілген уықтардан тұрғызылған. Шатырдың ортасында алтын жалатылған тақ, тақтың аяқтары таза күмістен құйылып, үсті асыл тастармен әшекейленген» деген деректерде сайланған хандар «Алтын таққа» отырғаны жайлы айтылады.

Сарайшықта ислам діні кең қанат жайған. «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорық басшысы Ә.Мұқтар: «Сарайшық қаласы мұсылман дінін Жошы ұлысының мемлекеттік діні деңгейінде көтерген рухани астанасы болды. Осында Берке хан мен інісі Тоқай Темір 1263 жылы мұсылман дінін қабылдады», -дейді.[2]

Висконсин-Мэдисон университетінің профессоры, Назарбаев Университеті түркі-тану және қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі Юлай Шамилоғлының сөзіне сүйенсек, араб саяхатшысы Ибн Баттутаның дерегінде айтылатын «Бұл қалада түркіден шыққан құрметті тақуа діндар Ата тұрады», деген пайымды «Бұл кісі Яссауи тарихатының ірі өкілі Сайт Ата болуы мүмкін», деген болжам айтты.

Сарайшықтың Алтын орданың Жошы ұлысының хандары мен Қазақ хандарының аталары жерленген пантеон болғандығы расталып келеді. Бұл дерек венециялық монах Фра Мауроның 1459 жылғы салған картасында бейнеленіпті. Италиялық саяхатшы өз құжатында Жайық өзенінің оң жағалауын күмбезбен белгілеп, сол орынды «Билеушілер қабірстаны» деп көрсеткен. Кейін, осы атауды нақтылайтын деректер топограф А.Е.Алексеевтің 1861 жылғы жазбаларында және П.И.Рычков, П.С.Паллас, А.И.Левшин сынды ғалымдардың еңбектерінде анық көрініс тапқан.

1937 жылы Сарайшықта алғаш археологиялық қазба жүргізген ғалым Н.Арзютов өз жазбаларында бұл орынды «Алтын орда хандарының жерленген жері» деп көрсеткен. Ал көне қаланы 1950 жылы зерттеген археолог Г.И.Пацевич өз қорытындыларында «Сарайшық Жошы ұлысының астанасы және алғашқы Алтын Орда хандарының жерленген орны болған», – деген жазба қалдырған. Ия, мұнда Алтын орданың хандары мен Қазақ хандарының аталары жатыр.

XVII ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген Әбілғазы «Түрік шежіресі» кітабында Алтын орда ханы Тоқтағу турасында: «Оның патшалық өмірі алты-ақ жыл болды, Сарайшық шаһарында жерленді», – дей келе, Жәнібек хан Өзбекұлын: «Ол он жеті жыл патшалық құрды. Сарайшықта жерленді», – деп жазады. Бұлардан бөлек, Өтеміс қажының, Қырымидің деректеріне сүйенсек, Сарайшықта Жошы ханның ұлы Бату ханнан тарайтын ұрпақтары Тоқтағу, Мөңке Теміріұлы, Жәнібек Өзбекұлы, Бердібек Жәнібекұлы, Тоқай Темірінен тарайтын Тоқтамыс Тайқожаұлы, Жошының Орда Еженінен тарайтын қазақ хандарының атасы Ақ орда ханы Барақ Құйыршықұлы жерленген деген. Біз бұл туралы Шынияз ақынның «Сарайшықта бар дейді, тоғыз ханның моласы» деген жыр жолдарынан білеміз.

«Сарайшықты Қазақ хандығының астанасы еткен Керей ханның баласы Бұрындық хан», - деп, орыстың зерттеушісі В.В. Вельяминов-Зернов өзінің еңбегінде Бұрындық сол жердегі ноғайларды өзіне бағындырып, Сарайшықты қазақ хандығының астанасы етті деп

жазады. Ноғайлы дәуірін зерттеген ғалымдар - Амантай Исин, В.В. Трепавлов. Екеуі де мұрағат құжаттарымен жұмыс жасап, Сарайшықтың астана болғанын дәлелдеді. Жергілікті халықтың салт-дәстүрі мен тұрмысына қарай икемделіп, біржолата сіңісіп кеткен Жошының ұрпағы - Бұрындық хан ежелден Дешті-Қыпшақ тайпалары кіндік қаны тамып, мамыражай көшіп-қонып, атамекен еткен сары даланың төсіндегі Сарайшықты ел ордасы етіп таңдаған. Қазақ хандығы құрылуының бастапқы кезінде Бұрындық ханның Шығыс Дешті-Қыпшақтағы түрлі тайпалардың күнделікті тұрмыстық байланыстары ертеден орныққан Сарайшықты бағындыруы және астана — деп ту тігуі, жергілікті тұрғындардың мәртебесін арттыруымен қатар, қыпшақ-маңғыт тайпаларының Қазақ хандығына бағыныштылығы мен берілгендігін нығайтып, өз еліне деген ұлтжандылық рухының қалыптасуына пәрменді ықпалы болғаны сөзсіз. Бұрындық хан Сарайшықты астана етіп, алысты болжаған. Ел болашағы үшін аса маңызды көрегендік саясат жасаған. Ал Қасым хан Сарайшықтың аумағын кеңейтті. Қасым хан түсында Қазақ хандығы нығайды.

1950 жылы академик Әлкей Марғұлан жетекшілік еткен Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы (БҚАЭ) Сарайшықта жұмыс істеді. Ғалым археолог осы сапардағы жазбасында: «Сарайшықта қазақ ханы Қасымның қаза тауып, жерленгені қайнар көздерден белгілі» деген тоқтамға келеді. Осы деректерге қоса, әйгілі Қ. Жалаири өзінің «Жылнамалар жинағы» еңбегінде Қасым хан жөнінде: «Ақырында Сарайшықта дүние салды. Бұл күндері оның қабірі Сарайшықта жатыр», – деген,

Қалың қазаққа қасқа жол нұсқаған Қасым ханның Сарайшықта жерленгенін 1861 жылы топограф А.Алексеев жасаған Сарайшық қаласының сызба картасынан да байқауға болады. Орыс топографының құжатында көне қаланың 60 пайызы ғана сақталғаны бейнеленіп, оның бір бөлігінде ел билеушілері отырған қамалдың (цитадельдің) орны көрсетілген. Қамалдың (цитадельдің) ортасында «Аулие склеп», ал карта астында «қоршауды 1836 жылы Жәңгір хан тұрғызған» деген жолдар жазылған, бұл – Жәңгір ханның бабасы Қасым ханның жерленген орны екендігіне сөз жоқ. Жергілікті халық арасында бұл туралы аңыз әңгімелер де жеткілікті.

Атырау облысы «Тарихи және мәдени мұраны зерттеу» орталығының жетекшісі Мұқамбетқали Кипиевтің айтуынша Ресей мемлекеттік әскери-тарихи архивінен құнды құжат, Сарайшықтың 1741 жылғы жоспары табылған екен. Жоспардың масштабы 50, бетіндегі мәтіндер XVIII ғасырдың бірінші жартысында қолданған шапшаң жазу үлгісімен берілген.

«Жоспар ортағасырлық Сарайшық қалашығының жанынан бекініс салу үшін жасалған. Өйткені, Орынбор комиссиясын басқарған В.Татищевтің Жайық (Орал) қалашығынан төмен аумақты қорғау мақсатында қамалдар мен бекіністер салып, оған әскери полк және дворяндарды тарту жобасы 1739 жылы мақұлданғаны белгілі. Дәл осы жоба аясында бұл жоспар жасалған болуы мүмкін». Бұл жоспар көне Сарайшықтың тарихи топографиясын танып білу жолындағы құнды құжат. Мысалы, жоспарда Жайық және Саранчинка өзендері ортасында орналасқаны, сонымен қатар ішкі бекінісі «кремль», сыртқы қорғанды «бело город» деп атауы қала құрылымын анықтауға мүмкіндік тудыруда көрінеді.

Сонымен, Алтын Орданың гүлденген дәуірінде Бағдад пен Мәскеу сияқты қалалардан озық тұрған Сарайшықтың тарихта алар орны ерекше. Қасым хан дәуірінде саяси элитаға көтеріліп, шығыстық үлгідегі таңғажайып Қазақ хандығының астанасы болған қазіргі таңда орны жер бетінен тез жоғалып бара жатқан Сарайшықта 1999 жылы «Хан Ордалы Сарайшық» атты комплекс салынды. Әлі де күрделі археологиялық зерттеуді қажет етіп тұрған Сарайшық орны 2018 жылдан бастап мемлекеттік дәрежедегі музей-қорыққа айналды. Қазіргі таңда Сарайшықтың сәулет-құрылыс жоспары қайта қалпына келтіріліп жатыр.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жеңісбек Мұстафин. Ортағасырлық Сарайшық. - Атырау, 2015. 177 б.
2. М.Әбілсейіт. Әлем тарихындағы Сарайшық. «Сарайшық дәрістері» циклынан. saraishyg.kz/kk., 2020
3. Ө. Әлімгереев. Үстірт пен Үйшік, Азау арасы. - Атырау, Тайсойған.kz., 09.08.2018
4. Д.Қыдырәлі. Ұлық ұлыстың атасы. Руханият 13.09.2019
5. http://www.madenimura.kz

ӘОЖ 94 (574) 045

«АЛТЫН ОРДА» ТЕРМИНІНІҢ ШЫҒУЫ

Асқарбеков А., Тарих мамандығының 1 – курс студенті
Ғылыми жетекшісі: Агниязқызы А., «Қазақстан тарихы» кафедрасының аға оқытушысы

Аңдатпа. Мақалада Шыңғыс ханның баласы Жошы ұлысынан тараған, Қазақ Хандығының түп негізі, ата-бабасы болып табылатын ұлы мемлекет Алтын Орданың аталымы жайында баяндайтын орыс және басқа да ғалымдар мен тарихшылардың деректемелеріндегі үзінділер баяндалады.

Түйінді сөздер: деректеме, Жошы ұлысы, Шыңғыс хан ұрпақтары, жылнамалар, термин.

«Алтын Орда» деген сөз тіркесі ғылыми әдебиетке орыс жылнамаларынан ауысқан және кейінірек шыққан деп есептеушілік қабылданған. Русьте орталығы Төменгі Еділ бойында орналасқан жаңа моңғол мемлекетінің ұзақ уақыт бойы арнаулы атауы болған жоқ, оның орнында орыс жылнамаларында татарларға, татарлардан, Батыйға деген секілді сөздер қолданылды. 13 ғасырдың аяғынан бастап бұл айтылымдардың орнына Орда деген аталым келіп ол 14 ғасырдағы орыс ресми құжаттары мен жылнамаларының барлығына берік орнығады.

Шыңғысхан және оның ұрпақтары тұралы жазылған «Шыңғыснама» шежіресі сақталған. Осы шежіреде мынадай аңыз бар: Шыңғысхан Жошы ханнан тұған өзінің Батый, Ежен, Шайбан деген үш немересіне алтын босағалы «Ақ орда», күміс босағалы «Көк орда», болат босағалы «Боз орда» тіккізген. Алтын босағалы ордаға Батыйды кіргізіп, Жошының орнына хан сайласа керек. «Алтын Орда» деген атау осыдан шыққан тәрізді.

Жазылған деректерде басқада да түсініктер бар. Бір деректерде Жошы ұлысының қарамағындағы жерлер ғана «Алтын Орда» дер аталса, ал екінші бір деректерде Батый хан мен оның мирасқоры Беркенің иелігіндегі Еділ бойы мен Кавказдың терістік жағын «Алтын Орда» деп атаған. Жалпы «Алтын Орда» болып аталғанымен, оның өзі жеке-жеке ұлыстарға бөлініп жатқан. Олардың арасында байланыс өте нашар болған.

Алтын Орда деген аталым орыс деректерінде 16 ғасырдың екінші жартысында ғана тіркелген; бұл уақытта 13 ғасырда Жошы әулеті құрған мемлекет толығымен жойылған еді. Айрықша атап айту керек: орыс деректерінде Алтын Орданың айтылымы Жошы ұлысының бір бөлігі мағынасында ғана қолданылады: тек зерттеушілік әдебиетте ғана «Алтын Орда» - тұтас алғандағы Жошы ұрпақтары мемлекетінің синонимі.

Мемлекеттің «Алтын Орда» деген аталымының шығу тегі бірқатар зерттеушілердің пікірінше, хан ордасының атауымен, дәлірек айтқанда, моңғол билеушілерінің «алтынмен апталып күміспен қапталған» яғни, керемет безендірілген хан шатырының атауымен тікелей байланысты. Шынында да, хан ордасының «Алтын Орда», «Алтын шатыр

аталымымен белгіленуі орта ғасырлардағы қалыпты жағдай еді, мысалы Рашид-ад-Дин Шыңғыс ханның Орта Азиядан Моңғолияға оралуын әңгімелей келіп, ол Бұқа-Сужигу деген жерге келгенде Урду-и зарин-и бузург, яғни «Үлкен немесе Ұлы Алтын Орданы» тігуге бұйырды деп атап көрсетеді.

Нақ осы еңбектің енді бір тұсында «Моңғол империясының астанасы Қарақорымнан бір күншілік жолдағы Қарашаған деген жерде ұлы хан Үгедейге арнап мың адам сыйатындай үлкен шатыр тігілді және бұл шатыр ешқашан жиналған жоқ. Оның тіреулері алтын болды ішінде қымбат маталар ұсталды» делінеді. Оны Сира Урду – «Алтын Орда» деп атаған.

Осыған орай Плано Карпинидің 1246 жылы Үгедейдің үлкен ұлы Күйіктің ұлы хан болып сайлану салтанаты туралы есебінде мәліметтер ден қоярлық. Күйікті таққа отырғызу үшін қырда үлкен шатыр тігілген, бұл «оларда Алтын Орда деп аталады… Ал бұл шатыр ағашқа алтын шегелермен бекітілген алтын жапырақтармен қапталған тіреулерге орналасқан. Шатыр төбесі де, іші де балдақинмен жабылған, ал сырттан басқа маталармен қапталған». Бұл сипаттамаға дейін П.Карпини бұл шатырды «оларда Сыра Орда деп аталады» деп елеусіз ғана айтып кетеді.

Сонда ілгеріде келтірілген үш деректің үшеуінде де айтылып және сипатталып отырған шатыр сол бір ғана үлкен салтанатты патша шатыры болып шықпай ма; ежелгі моңғолдарда Алтын Орда деп аталатын және бірінші жағдайда Шыңғыс ханның ордасында, екінші жағдайда Үгедейде, ал үшінші жағдайда Күйіктің ордасында тігілген (орнатылған) сол бір ғана шатыр болғаны ғой?

Моңғол ұлысы билеушісінің тәуелсіз иеліктің әміршісі болып алғаннан кейін Қарақорымдағы ұлы хан секілді өзінің Сыра Ордасының «Алтын Ордасының» болғанын қалағаны түсінікті. Шын мәнінде де, деректемелерде Шыңғыс хан ұрпғы Шахтың Талас жазығында орналасқан, Құлағу ұрпағы Ғазан-ханның, Жошы әулеті Өзбек-ханның Алтын Ордасының айтылуын және тіпті сипаттамасын табамыз.

Айрықша атап айтатын жайт – Алтын Орда мемлекеті, профессор Е.И.Кычановтың айтуынша, қытай деректерінде Цзинь Чан хань – «Алтын киіз үй хандығы» деп аталған.

Қысқасы, «Алтын Орда» термині – ежелден бар термин: моңғолдарда бұлай деп патшаның көшпелі ордасы, дәлірек айтқанда моңғол әулетінің негізін салушы Шыңғыс ханның, оның қарақорымдық тақтағы алғашқы мұрагерлерінің сән – салтанатты шатыры, ал бұдан соң Шыңғыс хан ұрпақтары - ұлыс хандарының ордалары аталған. 13 ғасырдың 60 жылдарында Моңғол империясының ыдырауы нәтижесінде пайда болған Жошы ұрпақтары мемлекеттің бір бөлігі мағынасындағы «Алтын Орда» деген сөз тіркесі тек орыс жылнамаларында ғана және ғасырдың екінші жартысынан былай ғана ұшырасады; ал бұл уақытта Алтын Орда мемлекетінің өзі жоқ еді.

Бертінректегі орыс деректемелеріндегі «Золотая Орда» және «Великая Орда Златая» деген сөз тіркестері неғұрлым ертедегі шығыс терминдерімен – моңғолдық «Сыра Ордамен» және парсылық «Урду-из-Заррин-и бузругпен» байланысты болуы немесе осы шығыс терминдерінің тікелей аудармасы болуы әбден мүмкін.

16-17 ғасырлардағы орыс деректемелерінде «Алтын Орда» деген аталым Жошы ұрпақтары мемлекетінің бір бөлігі мағынасында ғана емес, сонымен қатар хан резиденциясы деген мәнде де ұшырасатынын айта кетейін.

Тұтас алғандағы Жошы ұлысының аталымы ретінде «Алтын Орда» ұғымының тарих беттерінде тек 19 ғасырда орныққаны белгілі болып отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Асфендияров С.Д. Қазақстан тарихы. (көне дәуірден) А., 1995.

2. Мыңжани Н. Қазақтың көне тарихы. А., 1993. 400-бет.

3. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 1, 2 томдар. А., 1997. 542- бет., А., 1998.

4. Айдаров Ғ. Күлтегін ескерткіші. Алматы, 1996.
5. Артыкбаев Ж.О. Кочевники Евразии в калейдоскопе веков и тысячелетий. СПб., 2005.
6. Сұлтанов Т. Алтын Орда. Алматы, 2003

ӘОЖ 929`(09) 045

АЛТЫН ОРДА МЕМЛЕКЕТІНІҢ ЫДЫРАУЫ

Бөпежан Р., Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы
Ғылыми жетекшісі: Исаева Л.Н., «Қазақстан тарихы» кафедрасының аға оқытушысы, магистр

Аңдатпа. Мақалада орта ғасырларда Еуразия кеңістігін тұтастай өз ырқына көндірген орасан зор империяның құлдырауының Алтын Орда билеуші топтары арасындағы талас-тартыстар, Куликово даласындағы орыс әскерлеріне жеңіліс, Әмір Темірдің жойқын жорықтары, бүкіл халықтық билік институты – Құрылтайдың жойылуы сияқты тарих сахнасынан кету себептері ашып көрсетіледі және оның орнында құрылған хандықтарға шолу жасалады.

Түйінді сөздер: Алтын Орда, Тоқтамыс, Мәскеу княздігі, Қырым хандығы, Сібір хандығы.

XIV ғасырдың екінші жартысынан бастап Алтын Орданы алауыздықтар әлсірете бастайды. 1450-жылдарының ортасында Алтын Орда ханы Жәнібек ханды (1342 – 1357) үлкен баласы Бердібек өлтіргеннен кейін «ұлы дүрбелең» басталды. 1357 – 1380 жылдары билік үшін күресте жиырма бес хан ауысты.

1380 жылы Куликово шайқасында түменбасы, Алтын Орданың билеушісі Мамай Дмитрий Донской бастаған орыс әскерінен жеңілді. Осы жағдайды пайдаланып Жошының ұрпағы Тоқтамыс (1380 – 1395) Алтын Ордаға хан болды. Ол билігін нығайту үшін 1382 жылы Ресейге жорық жасап, 1382 жылы Мәскеуді өртейді. Мауанахр мен Кавказдың арғы жағына бірқатар жорықтар жасайды. Ал Тоқтамыс ханның қарсыласы Әмір Темір де өз кезегінде Алтын Ордаға 1389, 1391, 1395 жылдары жойқын шабуылдар жасайды. Алтын Орда әлсірейді. Тоқтамыс пен Әмір Темір арасындағы күрес Сыпыра жыраудың жырларында айтылады [1].

Әмір Темір Ордаға жойқын соққы беріп, Тоқтамыстың әскерін талқандайды. Астанасын қиратып, Қырым сауда қалаларын тонап, ең шебер қолөнершілерін өзінің астанасы Самарқандқа айдап әкетеді [2].

XIV ғасырдың алғашқы бөлігінде Литуанияның патшасы Витаутастың әскерлерін Ворскла өзеніндегі шайқаста талқандаған Едіге билікті қолға түсіріп, Ноғай ордасын құрды.

Темірдің Алтын Ордаға екінші жорығы оның мемлекеттілігінің іргесін қатты шайқалтты, ол қайтадан бұрынғы аумағының тұтастығын сақтап, өзінің қалыптасқан қалпына келе алмады. Алтын Орданың бұдан кейінгі жағдайын жақсарту мүмкін болмады. Айтулы қолбасшылар өз елін жан-тәнімен қорғап, қиян-кескі шайқастарда қаза тапты [3,136].

1396 жылы Темір тарих сахнасынан кеткеннен кейін, Алтын Орданың орнына Жошы ұлысын өзара бөлшектеген бірнеше хандықтар пайда болды. Еділдің сол жағалауындағы Сарай шаһары маңында, кезінде Темірдің өзі хан етіп жариялаған Құйыпшық ханның ұлысы қоныс тепті. Еділдің төменгі ағысында – Темір-Құтлық, Жайықта – Едіге, Қырымда – Таш-Темір билік құрды.

Үздіксіз жүргізілген соғыстар Алтын Орданы халықтың өсімі тұрғысынан құлдыратып жібереді. Алтын Орда қуатты мемлекеттен үлкен аумақты алып жатқан аз халқы бар елге айналды.

Мемлекеттің құлдырауының тағы бір себебі – Өзбек хан билігінің соңғы ширегінде маңызды болып саналған бүкіл халықтық билік институты – Құрылтайдың жойылуы еді. Бұл өзгеріс тәртіптің және ұлттық дәстүр мен Жасақ (Ясақ) заңының әлсіреуіне алып келді. Бірақ осындай кезеңде хан ұрпақтары мен ақсүйектер мемлекетті құтқару үшін шешім қабылдайтын құрылтай шақыруды қажет деп таппады.

Ұлық-Мұхаммед 1419 жылы Алтын Ордадағы билікті басып алады. Бірақ оның дұшпандары Саид Ахмет, Кішік Мұхаммед, Барақ хан маңына топтасқан ақсүйектер қарсылығының салдарынан оның билігі ұзаққа бармайды. 1423 жылы Ақ Орда билік Барақтың қолына көшіп, Ұлық Мұхаммедтің билігі уақытша Еділ бойымен шектеледі. Тіпті Сарай да Ақ Орда ханының қолында қалады, Еділ Алтын Орданы екіге бөлді. Еділдің батысында – Ұлық Мұхаммед, шығысында Шайбани мен Орда Еженнің ұрпағы билік етті. 1427 жылы Барақ хан қаза болғаннан кейін, Ұлық Мұхаммед Алтын Орданың көп бөлігін өзіне қаратты. 1433 жылы Кішік Мұхаммед Сарай қаласын басып алды. Ұлық Мұхаммедтің кейбір жақтастары оны қолдай бастады. Ұлық Мұхаммед мұндай күшейген қарсыласына төтеп бере алмасын біліп, Еділдің жоғарғы жағындағы бұлғар жеріне кетеді де, сол жақта Қазан хандығын құрады.

Кішік Мұхаммед хан Алтын Орда билеуші топтары арасындағы талас-тартыстарды тоқтатуға, мемлекеттің одан әрі күйреуіне жол бермеуге күш салды. Алтын Орданың ықпалын өсіру үшін 1460 жылы ұлы Ахмедті көп әскермен орыс жерлеріне аттандырады. Бірақ бұл жорық орыстар тарапынан тегеурінді қарсылыққа тап болады.

1461 жылы Кішік Мұхаммед ханға Қырым ханы Қажы Керей жорыққа шықты. Кішік Мұхаммед хан қайтыс болған соң, оның ұлы Махмұт хан тағына отырған. Ол Қырым татарларынан жеңіліс тапқаннан кейін, оның інісі – Ахмет өзін 1465 жылы өзін хан жариялайды. 1480 жылы Ахмед хан ноғайлардың қолынан қаза тауып, оның орнына билікке баласы Шейх Ахмед келеді. 1502 жылы Қырым ханы Меңлі Герей Шейх Ахмед ханның әскерін тарқандап, Сарай қаласын басып алады. Соңғы билеуші Шейх Ахмед ханның өлімінен соң Алтын Орда мемлекеті біржолата жойылды.

Алтын Орда жерінде Қырым (1428-1792), Қазан (1437-1556), Қасым (1445-1681), Астрахан (1466-1557), Сібір (1563-1656), Башқұрт (1656-1738) хандықтары сияқты мемлекеттер пайда болды [3,139].

Бұл хандықтардың ешқайсысы да Мәскеу кінәздігімен күш сынаса алмады; ақыры 1480 жылдан кейін Мәскеу бағынудан мүлдем шықты. Мәскеу княздығы түбінде сол хандықтардың әрқайсысын (1550 жылдары Қазан мен Астарханнан бастап) басып алды. Ғасырдың соңына қарай Сібір хандығы Ресейдің құрамына кіріп, оның хандарының ұрпақтары орыстың патшасының қызметіне кірді.

Қырым хандығы 1475 жылы Османлы империясына бағынышты мемлекетке айналып, 1502 жылға қарай Ордадан қалғанды өздеріне бағындырып болды. XVI ғасырда және XVII ғасырдың басында Қырым татарлары оңтүстік Ресей, Украина және тіпті Польшаны жиі-жиі шауып отырды, бірақ Ресейді жеңуге немесе Мәскеуді басып алуға күштері жетпеді. Османлылардың көмегінің арқасында Қырым хандығы өз өмір сүруін жалғастырды, тек 1783 жылғы сәуірдің 8-інде ғана II Екатеринаны оны тарқатып, жерін өзіне қосып алды. Алтын Орда мемлекетінің ең ұзаққа созылған мұрагер мемлекеттерінің бірі осы еді.

1428 жылы Батыс Сібірді Әбілқайыр басып алды. Көшім тұсындағы Сібір хандығының аумағы: Батыс Сібір, Орал өңірі, Ертіс, Тобыл өзендерінің алабын алып жатты. Құрамындағы тайпалар: керей, қыпшақ, найман, арғын, жалайыр, ханты, мансы т.б. болды Астанасы: Искер қаласы. 1563 жылы хан тағына Көшім отырды. Алты ұл тайпасынан шыққан Көшім 1510 жылы Ноғай ордасында дүниеге келген. Ол 1555 жылы Сібірде билік жүргізген Тайбұғанмен соғысып, оны жеңеді.

Көшім ханның тұсында Сібір хандығында көптеген қамалдар мен бекіністер, ғимараттар салынады. Көшімнің тұсында Сібір халқы ислам дінін қабылдайды. Сібір хандығында, негізінен, сауда мен аңшылық дамыды. Саяси құрылысына келсек, жоғарғы билеуші – хан, хан кеңесі – диван, кеңесшілер – аталықтар, уәзірлер – қараша деп аталды.

Сібір ханы Көшім Ресейдің шығысқа қарай ұмтылуына кедергі жасауға тырысты. 1574–1575 жылдары Сібірге барлауға жіберілген Иван Грозныйдың отрядын Көшім хан қырып тастайды. 1582 жылы Көшім әскерлері атаман Ермактың отрядынан жеңіледі.1582 жылдың күзінде атаман Ермак 600-ге жуық казагымен Искер қаласына шабуыл жасайды. Көшім әскері жақсы қаруланған Ермак отрядынан жеңіледі. 1584 жылы Көшімнің адамдары Ермакты өлтіреді. 1598 жылы орыс әскерлеріне қарсы ұйымдастырылған шайқаста Көшім жеңіліп, Шығыс Қазақстан жеріне қашады. Сібір хандығы осылай Ресей империясының құрамына кіреді [4].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. https://studfile.net/preview/2459846/page:13/
2. https://kk.m.wikipedia.org/wiki/
3. Жайнақов Е. Ұлы дала мемлекеттері. А., 2010 жыл.
4. http://ebooks.semgu.kz/content.php?cont=d;1268

УДК 94(574)(045)

ГОРОДА ЗОЛОТОЙ ОРДЫ И НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ГЕОГРАФИИ ГОСУДАРСТВ

Демеев З., студент 3- курса специальности «Нефти и газа»
Научный руководитель: Демеев А.Д., кандидат географических наук, профессор

Аннотация. В научной статье рассматривается экономико-географические вопросы городов Золотой Орды, так как они тесно связаны с рядом других важных проблем. Несомненно, что экономическая география Золотой Орды заслуживает рассмотрения в отдельной главе, однако имеющиеся в источниках сведения о ней очень скупы и малочисленны, да к тому же по большей части тесно увязаны с городской жизнью.

Ключевые слова: Золотая Орда, экономическая география, Хорезм, Плано Карпини, Сарай, Сарайчик

Для исторической географии Золотой Орды вопрос о городах имеет особое значение, так как он тесно связан с рядом других важных проблем. Их появление у монголов в XIII-XIV вв. диктовалось вполне определенными политическими и экономическими аспектами развития государства [1].

Определение числа городов и выяснение их распределения по обширной территории государства позволяют судить о степени распространения оседлости, проливают свет на некоторые стороны внутреннего административно-политического устройства, отвечают на целый ряд вопросов, связанных с экономикой (выявление торговых и ремесленных центров, караванных путей и др.).

Несомненно, что экономическая география Золотой Орды заслуживает рассмотрения в отдельной главе, однако имеющиеся в источниках сведения о ней очень скупы и малочисленны, да к тому же по большей части тесно увязаны с городской жизнью. Все это и позволяет объединить два аспекта исторической географии в единый комплекс.

Территория Золотой Орды в настоящее время уже не представляется в виде бескрайних степных пространств, сплошь заселенных кочевниками, где лишь изредка встречаются небольшие оседлые пункты.

Проведенные в последние годы археологические исследования в значительной мере дополнили содержащиеся в письменных источниках сведения о золотоордынских городах.

Наряду с этим данные нумизматики и сохранившиеся средневековые географические карты позволяют конкретизировать полученные при раскопках материалы и идентифицировать археологические памятники с конкретными населенными пунктами.

Прикаспийские и причерноморские степи издревле были местом обитания кочевников и до прихода монголов не знали развитой градостроительной культуры.

Несколько городов, появившихся здесь во времена Хазарского каганата, по своему виду «весьма напоминали обычное кочевье» [2].

В начале XIII в. эти степи представляли собой огромный кочевнический остров, окруженный [3] со всех сторон оседлыми цивилизациями Руси, Волжской Булгарии, Хорезма, Северного Кавказа и Крыма.

Обосновавшееся здесь в 1243 г. новое государство в короткий срок изменило существующую картину. Правда, в 40-е годы положение оставалось прежним: монголы на первых порах использовали в своих целях существовавшие до их прихода города, находившиеся довольно далеко от собственно степных пространств.

Наиболее ярким примером в этом отношении может служить Великий Булгар, где была начата чеканка первых золотоордынских монет.

Плано Карпини, проехавший в 1246-1247 гг. всю Золотую Орду с запада на восток и обратно, не встретил на своем пути в степях ни одного города или поселка. Через шесть лет после него здесь же побывал Рубрук, путевые записки которого говорят об оживившейся градостроительной деятельности монголов в самих степях. Он сообщает, что нашел на левом берегу Дона поселок, населенный русскими, «которые перевозят на лодках послов и купцов». Поселок этот был устроен по приказанию самого Бату.

Далее Рубрук отмечает, что ему сообщили о существовании другого такого же поселка ниже по течению реки, «где послы переправляются в зимнее время» [4].

На правом берегу Волги путешественники нашли еще один поселок, населенный русскими и сарацинами, на которых возлагалась обязанность перевозить послов через реку [5].

Если местонахождение двух поселков на Дону пока можно определить лишь предположительно, то населенный пункт, виденный Рубруком на Волге, идентифицируется с Водянским городищем у г. Дубовка Волгоградской обл. Появление сразу трех населенных пунктов на наиболее крупных реках знаменует собой не только начало градостроительства в степях, но и прокладку нового торгового пути, обеспечивавшего необходимые удобства купеческим караванам. Возвращаясь из Монголии осенью 1254 г., Рубрук посетил основанную ханом Бату столицу Золотой Орды - г. Сарай [6].

Его сообщение является наиболее ранним свидетельством существования этого города. К новой столице и вел торговый путь, для которого были устроены переправы через Дон и Волгу.

О том, что он в это время уже интенсивно использовался иностранным купечеством, с достаточной наглядностью свидетельствует приезд в Великий Булгар итальянцев братьев Поло [7].

Рассказали Рубруку и о том, что старший сын Бату, Сартак, возводил на правом берегу Волги новый поселок с большой церковью.

Установить точное местонахождение его со слов Рубрука довольно трудно, но, исходя из контекста, можно заключить, что он располагался ниже современного

Волгограда. Этот поселок, видимо, должен был играть роль административного центра принадлежавшего Сартаку улуса.

Сообщаемые Рубруком сведения рисуют самую начальную стадию развертывания градостроительства в прикаспийских и причерноморских степях. Крайне характерным в этом отношении [8] является замечание путешественника о том, что строить дома у монголов считается выгодным занятием.

Значительные изменения в градостроительной политике монголов произошли во время правления Берке, формальным толчком чему послужило введение в государстве новой религии - мусульманства.

Золотоордынские города, и в первую очередь столица, принимают «восточный» облик, застраиваясь монументальными зданиями мечетей, минаретов, медресе, караван-сараев и т.д.

Собранные в Золотой Орде ремесленники из всех порабощенных стран принесли с собой апробированные веками архитектурные каноны и строительные приемы, испытанные строительные материалы и технологию их производства. Огромное число угнанных в рабство пленных позволило в краткие сроки и в больших масштабах осуществлять строительство.

Ханы, правившие после Берке, не уделяли столь большого внимания строительству новых городов, довольствуясь имеющимися и их застройкой. Однако общее развитие и требования внутренней экономической и политической жизни государства вступили в такую фазу, когда прекратить эти процессы было уже невозможно. Безразличие правивших после Берке ханов Менгу-Тимура, Туда-Менгу, Тулабуги и Токты (отказавшихся поддерживать курс Берке по введению мусульманской религии) к вопросам расширения существующих и закладки новых городов могло только несколько замедлить их рост, но не остановить его.

Пышного расцвета градостроительство и архитектура достигли при хане Узбеке и наследовавшем ему Джанибеке.

Время их правления характеризуется ростом территории городов и возникновением значительного числа новых населенных пунктов. Самым крупным из них был Сарай ал-Джедид (Новый), заложенный Узбеком в начале 30-х годов XIV в. и ставший впоследствии столицей.

Появление в этот период больших по размерам городов и более мелких поселков приводит к возникновению в степях обширных оседлых районов, тянувшихся на десятки километров.

Побережье Волги почти сплошь застраивается городами, поселками и деревнями. Вдоль левого берега р. Ахтубы (от самого ее истока до Сарая ал-Джедид и дальше) появляется непрерывная полоса оседлости, состоявшая из мелких городов, поселков и замков аристократии, окруженных возделанными полями.

Такой же значительный по территории район возникает в месте наибольшего сближения Волги и Дона.

В отдельных местах вырастают небольшие ремесленные поселки, по всей видимости базировавшиеся рядом с необходимым им природным сырьем.

В последние годы правления Джанибека и особенно при его наследнике Бирдибеке наблюдается постепенный спад градостроительства и резкое его прекращение с началом внутренних усобиц 60-70-х годов XIV в.

С воцарением Тохтамыша феодальные распри прекратились, но и после этого городская жизнь [9] продолжала медленно затухать. Окончательный удар золотоордынским городам нанес в 1395-1396 гг. Тимур.

После этого подавляющее большинство их так и осталось лежать среди степей в развалинах: ни ремесленников, ни средств для их восстановления уже не было.

Основываясь на вышеизложенном и данных археологических исследований, можно выделить следующие стадии градостроительства в Золотой Орде:

1. Период восстановления и использования старых городов, существовавших до прихода монголов - 40-е годы XIII в.

2. Начало градостроительства в степях во время правления Бату - первая половина 50-х годов XIII в.

3. Подъем градостроительства при Берке - с середины 50-х до середины 60-х годов XIII в.

4. Период замедленного роста городов - с 70-х годов XIII в. до начала второго десятилетия XIV в.

5. Расцвет градостроительства при Узбеке и Джанибеке - со второго десятилетия до 60-х годов XIV в.

6. Затухание и упадок градостроительства - с 60-х годов XIV в. до 1395 г.

Каждый из этих периодов отражает основную линию политического и экономического развития Золотой Орды на определенном этапе ее истории. Начальная стадия возникновения городов носит ярко выраженную политическую специфику образования и упорядочения внутренней административной системы государства, без которой его существование как целостного организма было бы невозможно.

В дальнейшем росте отдельных городов и общем расширении их сети на первый план выступают экономические факторы, связанные с развитием внешней и внутренней торговли, ремесленного производства и формированием определенных хозяйственно-экономических районов.

Жизнь подавляющего большинства золотоордынских городов была прервана в очень короткий срок - практически одновременно, во время второго похода Тимура на Золотую Орду. Достаточно сказать, что на территории прикаспийских степей разрушению не подверглись лишь два города - Сарай (на Ахтубе) и Сарайчик (на Урале).

Хронологический подход к вопросам географии городов Золотой Орды в настоящее время применить довольно затруднительно, так как более или менее точно известны даты возникновения лишь небольшого числа из них.

Поэтому при конкретном рассмотрении городов удобнее всего разделить территорию государства на несколько условных историко-географических регионов. Каждый из них в определенной степени обладает и присущими ему экономическими особенностями. Региональное описание всех известных населенных пунктов Золотой Орды будет производиться от ее западной границы в восточном направлении [10].

ЛИТЕРАТУРА

1. Егоров В.Л. Причины возникновения городов у монголов в XIII-XIV вв. - История СССР, 1969, № 4

2. Плетнева С.А. От кочевий к городам. М., 1967, с. 50-71.

3. Березин И. Тарханные ярлыки крымских ханов.- Зап. Одес. об-ва ист. и древн., 1872, т. 8, с. 4; Смирнов В. Д. Указ. соч., с. 103-104

4. Путешествия в восточные страны Плано Карпини и Рубрука. М., 1957, с. 109, 110

5. Книга Марко Поло. М., 1956, с. 45

6. Зевакин Е.С., Пенчко Н.А. Из истории социальных отношений в генуэзских колониях Северного Причерноморья в XV в.- Ист. зап., М., 1940, т. 7, с. 3-33

7. Тизенгаузен В.Г. Указ. соч., т. 1, с. 279

8. Извлечение из сочинения Вильгельма Гейда «История торговли Востока в средние века» /Пер. Л. П. Колли. - Изв. Таврич. учен. арх. комиссии, Симферополь, 1915, т. 52, с. 101-102

УДК 94 (574)(045)

ПОЛИТИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ ЗОЛОТОЙ ОРДЫ

Дубский А., студент 3- курса специальности «Нефти и газа»
Научный руководитель: Бекешов С.С., кандидат исторических наук, профессор

Аннотация. В науке большое значение имеет вопросы политической истории Золотой Орды, которые рассматриваются в данной статье. В конце XII-нач. XIII вв. в степях Центральной Монголии начался процесс образования Централизованного монгольского государства, а затем и создания новой империи. Чингиз-ханом и его преемниками была завоевана почти вся Восточная и половина Западной Евразии.

Ключевые слова: Чингиз-хан, Джучи, Хорезм, Дешт-и-Кипчак, Бату



В конце XII-нач. XIII вв. в степях Центральной Монголии начался процесс образования Централизованного монгольского государства, а затем и создания новой империи. Чингиз-ханом и его преемниками была завоевана почти вся Восточная и половина Западной Евразии. В течении 1206-1220 годов была завоевана Средняя Азия; до 1216 года - Китай; в период до 1223 года - Иран, Закавказье. Затем монгольские войска вышли в половецкие степи. 5 мая 1223 года на реке Калке объединенные русско-половецкие были разбиты монгольскими войсками.

В 1227 году умирает Чингиз-хан. Перед его смертью империя была разделена между четырьмя сыновьями: Угэдею досталось Монголия и Северный Китай, Тулую - Иран, Чагатаю - восточная часть средней Азии и современный Казахстан, Джучи - Хорезм, Дешт-и-Кипчак (половецкие степи) и не завоеванные земли на Западе. Однако старший сын Джучи умер в том же 1227 году и его улус перешел к сыну Бату.

В 1235 году в городе Каракоруме (столица Монгольской империи) состоялся курултай (съезд) монгольской аристократии, на которым был решен вопрос о походе на Запад. Руководителем похода был назначен Бату. Ему в помощь были выделены многие царевичи и полководцы. Осенью 1236 года монгольские войска соединились в пределах Волжской Булгарии. В течении 1236 года Булгария была покорена. Дешт-и-Кипчак был покорен в период 1236-1238 годов. В 1237 году были завоеваны мордовские земли. В течение 1237-1240 годов была порабощена Русь. Затем монгольские войска проникли в Центральную Европу, успешно воевали в Венгрии, Польше и дошли до Адриатического моря. Однако в 1242 году Бату повернул на Восток. В этом определяющую роль сыграла

смерть каана (“великого хана”) Угедея, сообщение о которой пришло в ставку Бату. В конце 1242-начале 1243 годов монгольские войска, возвратились из Европы и остановились в причерноморских и прикаспийских степях. Вскоре в ставку к Бату за ярлыком на княжение приезжает великий князь Ярослав Всеволодович. На территории Восточной Европы складывается новое государство - Золотая Орда.

Ранняя политическая история Золотой Орды, т.е. период становления государства, связана, прежде всего с именем Бату хана. Бату хан, будучи одним из сыновей Джучи и внуком Чингиз-хана, являлся руководителем большого похода на Запад, имел огромный авторитет среди всех царевичей. Именно он считается основателем золотоордынского государства.

Вскоре вслед за Ярославом к Бату приезжают другие русские князья, а также представители булгар, армян и других народов.

В период строительства государства Бату был втянут в сложные политические процессы, которые происходили в столице Монгольской империи Каракоруме. Добившись политических целей, и посадив на монгольский трон своего сторонника царевича Менгу, Бату вернулся в Нижнее Поволжье и приступил к строительству столицы Золотой Орды города Сарай.

В 1256 году Бату-хан умирает, и на золотоордынский трон садится его сын Сартак, который, однако, вскоре умирает. Хозяином трона становится Улакчи, сын Сартака, и его правление было недолгим, он умирает в том же 1256 году.

Монгольская аристократия Золотой Орды поддержала кандидатуру младшего брата Бату-хана Берке, который и занял золотоордынский престол в 1256 году. При Берке-хане произошло три крупных политических события, существенно повлиявших на дальнейшее развитие государства. Во-первых, Золотая Орда фактически получила политическую самостоятельность от Монгольской империи. Во-вторых, Берке-хан принял ислам и содействовал его распространению в Золотой Орде. В-третьих, в конце 50-х годов была проведена перепись населения в Золотой Орде и в государствах, находившихся в вассальной от нее зависимости, поставлены баскаки - наместники.

После смерти Берке в 1266 году трон перешел к Менгу-Тимуру, при котором начали чеканить собственные золотоордынские (джучидские) монеты. Расширились международные экономические и политические связи. Были организованы успешные военные походы в Азербайджан, Византию и Литву. Менгу-Тимур поддерживал дружеские отношения с Египтом. Однако после смерти Менгу-Тимура в 1282 году в Золотой Орде началась междоусобица и борьба за власть, которая продолжалась почти 20 лет.

1291 году к власти в Золотой Орде приходит Токтай (сын Менгу-Тимура), в последние годы правления которого удалось восстановить единую власть в стране и покончить с сепаратистскими устремлениями некоторых местных правителей и князей. Однако после его смерти в 1312 году борьба за власть вновь обострилась. На фоне такой борьбы за трон, на который было несколько претендентов, к власти приходит внук Менгу-Тимура Узбек. Период его правления (1312-1342 гг.) - это период наивысшего военного, экономического и культурного могущества Золотой Орды. При Узбеке Золотая Орда стала одним из самых могущественных государств Евразии. При нем велось активное градостроительство, были налажены тесные международные связи, произошла централизация государственного управления, достигла наивысшего расцвета культура. В период его правления ислам стал государственной религией.

После смерти Узбека в 1342 году на золотоордынский трон сел его сын Джанибек. Период его правления (1342-1357 гг.) характеризуется продолжением политики Узбека по укреплению государственности, строительству городов, развитию культуры. При Джанибеке были расширены территориальные владения Золотой Орды, в частности был присоединен Азербайджан.

В 1357 году к власти приходит его сын Бердибек, со смертью которого в 1359 году прерывается прямая линия потомков Бату, и на этом заканчивается период могущества Золотой Орды.

Из сообщения современников:

“В лето 6745 г. Тое же зимы от восточные страны придоша татары на Рязанскую землю лесом со царем Батыем, и сташа Онузе, взяша ю. И в Рязань послаша послом жену чародеицу, а снею два мужа, просяще десятого в люде, а во князех и в коних, от всякия шерсти десятые лошади... И Татарове начаша воевати землю Рязанскую. И пришед, отступиша град Резянь и взяша град того месяца 16... Пойдоша х Коломне... И ту у Коломны бысть им бой крепок. А татари, пришедшие к Москве, взяша ю, а князя Володимера Юрьевича изымаша”.

Из Львовской летописи:

“Бату в ставке своей, которую он имел в пределах Итиля, наметил место и построил город и назвал его Сараем... Купцы со всех сторон привозили ему (Бату) товары; все, что она стоила. Султаном Рума (правители из династии сельджуков в малой Азии), Сирии и других стран он давал льготные грамоты и ярлыки, и всякий, кто приходил к нему на службу, без пользы не возвращался”.

Персидский историк Джувейни, XIII в.

“Сам же он сидел на длинном троне, широком, как ложе, и целиком позолоченном, рядом с Бату сидела одна госпожа... Скамья же с кумысом и большими золотыми и серебряными чашами, украшенными драгоценными камнями, стояла при входе”.

Западноевропейский путешественник Г.Рубрук, XIII в.

“Он (Берке) первый из потомков Чингиз-хана принял религию Ислама; (по крайней мере) нам не передавали, чтобы кто-нибудь из них сделался мусульманином до него. Когда он стал мусульманином, то и большая часть его народа приняла ислам”.

Египетский историк Ан-Нувайри, XIV в.

“Пребывающий там теперь султан его, Узбек-хан, построил в нем (т.е. в Сарае) медресе для науки, потому что он очень предан науке и людям его... Узбек из дел своего государства обращает внимание только на сущность дел, не входя в подробности обстоятельств”.

Арабский ученый ал-Омари, XIV в.

“По смерти Узбек-хана сделался ханом Джанибек-хан. Этот Джанибек-хан был чудный из мусульманских государей. Он оказывал великое уважение ученым и всем отличавшимся познаниями, аскетическими делами и благочестием...

После смерти Джанибека все царевичи и эмиры поставили Берди-бека в ханы. Берди-бек был человек жестокий, нечестивый, и душой черной, злорадный... Царствование его не продолжалось и двух лет. Бердибеком кончилась прямая линия детей Саин-хановых (т.е. Бату-хана). После него в Дешт-и-Кипчаке царствовали потомки других сынов Джучи-хановых”.

Хивинский хан и историк Абуль-Гази, XVII в.

Из трудов историков:

“Великий западный поход Батыя правильнее было бы называть великим кавалерийским рейдом, а подход на Русь у нас есть все основания называть набегом. Ни о каком монгольском завоевании Руси не было и речи. Гарнизонов монголы не ставили, своей постоянной власти и не думали устанавливать. С окончанием похода Батый ушел на Волгу, где основал свою ставку город Сарай... В 1251 г. Александр приехал в Орду Батыя, подружился, а потом побратался с его сыном Сартаком, вследствие чего стал приемным сыном хана. Союз Орды и Руси осуществился благодаря патриотизму и самоотверженности князя Александра”.

Л.Н.Гумилев

“Именно в 1243 г. Великий князь Ярослав впервые и первым из русских князей поехал на ставку монгольского хана за ярлыком на княжение. Все эти факты позволяют

считать, что возникновение нового государства, получившего впоследствии название Золотая Орда, можно отнести к началу 1243 г.”.

В.Л.Егоров

“Рост могущества Золотой Орды, бесспорно, связан с личностью его главы Узбек-хана, с его выдающимися организаторскими способностями и в целом большим талантом государственного и политического деятеля”.

ЛИТЕРАТУРА

1.Егоров В.Л. Золотая Орда: мифы и реальность, М.,.Знание, 1990
2.Вернадский Г.В. Монголы и Русь, М., 1997 - 480 с.
3.Гумилев Л.Н. «От Руси к России». Москва. 2009 г.

ӘОЖ 929 (09) (045)

КЕҢІСТІК ТАРИХНАМАДАҒЫ АЛТЫН ОРДА МӘСЕЛЕСІ

Жумагазиева Г., «Тарих» мамандығының 1-курс студенті
Ғылыми жетекші: Исаева Л.Н., «Қазақстан тарихы» кафедрасының аға оқытушысы, магистр

Андатпа. Мақалада 1917 жылғы төңкеріске дейінгі және одан кейінгі кезеңде, яғни 1930-1940-жылдары КСРО мемлекетінде сталинизмнің орнығуына байланысты Алтын Орда тарихының еліміздің ұлттық тарихынан алынып тастауы, Алтын Орданы зерттегені үшін қазақ ғалымдар мен әдебиетшілерінің қудалануы, тек 1980-жылдары ғана, жылымық кезең басталып, бұл тақырыптың ақтала бастауы туралы сөз болады.

Түйінді сөздер: Алтын Орда, тарихшылар, репрессия, КСРО, Қазақ КСР тарихы.

Төл тарихымыздың ашылмаған ақтаңдақ беттерінің бірі – Алтын Орда тарихы. Бұл тақырыптың ақтаңдақ болып, шындығы мен тағлымының толық зерделенбей отыруының бір себебі, тақырыптың кеңес заманында «жабық» болуы.

1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейінгі тарихшылар «қазақтарды Алтын Орданың мұрагері» деп таныды. Шоқан Уәлиханов «қазақтар өздерін Алтын Орда халқының ұрпағы» деп санайтынын жазды. Осы ғылыми тұжырым Қазан төңкерісінен кейін де жиырма жыл бойы сақталды. 1937 жылы Б.Д.Греков пен А.Якубовскийдің ғылыми монографиясы жарық көрген кейін бәрі де өзгере бастады. КСРО Ғылым академиясының академигі Б.Д.Греков көп ұзамай Сталин сыйлығын алды. Оның сөзі Қазақстан тарих ғылымына айтылған ресми үкімге айналды: Қазақ хандығы «Алтын Орда мұрагерлерінің» құрамынан ресми түрде шығарылды.

1937 жылғы репрессиядан кейін тарихшылар үреймен өмір сүрді. 1937 жылы атылған Санжар Асфендияровтың өлімі Қазақстанның тарихшыларының көз алдынан кетпеді. 1937 жылдың 29 қыркүйегінде «Казахстанская правда» Қазақ марксизм-ленинизм институты студенттерінің «Тарихшы атын жамылған жапон шпионы» атты мақаласын жариялады. Онда С.Асфандияровқа «хандарды мақтап, қазақ халқының тарихына қиянат жасады» деген айып тағылды.

Қазақстанның тарихшылары мен идеологтары партияның жаңа ұстанымына бейімделумен бірге, «Алтын Орда мұрасының» жұрнағын болса да сақтап қалуға тырысты. Қазақ ақын-жазушылары, тарихшылары Алтын Орда князі Едігені Қазақ тарихының басты ұлттық батырларының бірі деп жырлай бастады. 1940-жылдары қазақ жазушысы, әдебиеттанушы, филология ғылымдарының докторы Қажым Жұмалиев Едіге пьесасын қойды. Оның 1942 жылығы орта мектептің 8-сыныбына арналған «Қазақ әдебиеті» оқулығында Едіге Қазақ халқының негізгі батырларының бірі делінді.

Сәбит Мұқанов 1942 жылы шыққан «XVIII – XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті тарихының очерктері» кітабында: «Туған халқының тәуелсіздігі үшін күрес Едіге сынды тарихи батырларды дүниеге әкелді», – деп жазды. Одан әрі: «Моңғолдың Шығыс пен Орта Азияны түгел билеген Шыңғыс ханы қайтыс болған соң, тұңғыш ұлы Еділ жағасында «Алтын Орда» мемлекетінің негізін қалады. Мемлекет үш жыл жыл бойы дәуірледі. Оны басқаруға, қорғауға Едіге, Қобыланды, Шора, Сырым, Мамай, Қазтуған, Шалкиіз сынды қазақ батырлары да атсалысып, даңққа ие болды. Осынау тарихи тұлғалардың жерін сыртқы жаудан қорғаған халық батырлары ретінде тарихта аты қалды», – деп жазды. Жазушы Едігені қазақтың батыры деп ашық жазды.

1943 жылы шыққан «Қазақ ССР тарихының» авторлары да Едігені Қазақстанның орта ғасырлар тарихындағы басты қаһармандардың бірі деп санады. 1945 жылы Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық комитетінің екінші хатшысы Жұмабай Шаяхметов «Қазақ ССР тарихы» кітабының екінші басылуын әзірлеу туралы» қаулының жобасы талқыланған кезде «Едіге қазақ арасында көпшілік таниды, балаларына Едіге деп ат қойып жүр, қарттар да баласын Едіге деп мадақтайды», – деді.

1944 жылы Әлкей Марғұлан Едігенің өміріне арналған «Ертегідегі Едіге мен тарихтағы Едіге» ғылыми монографиясын жазып шықты. Қазір осы кітаптың бірде-бір нұсқасы сақталмаған. Бұған екі түрлі болжам бар. Бірінде осы кітапта Едіге бейнесін ұлықтағаны үшін Әлкей Марғұланның өзі қудалана бастады, сондықтан репрессияға ұшыраудан қорқып, кітаптың бүкіл таралымын өз қолымен жойды деген жорамал айтылса, екіншісінде кеңестің құқық қорғау органдары Едіге жайындағы кітаптың бәрін жойды деп айтылады. Едіге төңірегіндегі осы оқиғадан кейін Әлкей Марғұлан Алтын Орда және қазақ ауыз әдебиетін зерттеуден қауіпсіздеу археология саласына кетіп құтылды. Әлкей Марғұлан қудалануға дейін-ақ Едіге туралы: «Едіге – Алтын Орда дәуіріндегі ең ерекше тұлғалардың бірі. Едіге бүкіл өмірін Отанына арнаған. Сондықтан оның есімі қанша ғасыр өтсе де, ұмытылмай келеді», – деп жазған болатын. Бірақ орталықтың қыспаққа алуымен Едігені зерттеуге тыйым салынып, оның бейнесі «Қазақ халқының ата-бабаларының есімдері тізбегінен» сызып тасталды. 1944 жылы БКП (б) ОК 1944 жылғы 9 тамыздағы «Татар партия ұйымында бұқаралық саяси және идеологиялық жұмыстардың жай-күйі және оны жақсарту шаралары» қаулысында берілген Едіге туралы эпостың хандық-феодалдық мәні туралы нұсқау шығарды.

Содан кейін КСРО-да Алтын орданың тарихын зерттеген ғалымдар да, Едігенің өмірін зерттегендер де қудалана бастады. Сол кезеңде «Едіге» эпосында КСРО халықтарының барлығына жат ұлттық идеялар (орыс халқын жек көрушілік және оған қарсы күрес, бүкіл Дешті Қыпшақ даласындағы татар тайпаларының басын қосу идеясы) айтылғанын ескерілмеген» деген ойлар айтылды. Алтын Орданы зерттеушілер «Едіге» эпосы пантүркизм және ұлтшылдық идеяларына толы», бұл «халықтың емес, хандар мен феодалдардың эпосы» деп айыпталды. Осылайша, кеңестік кезеңде 1944 жылдан бастап Алтын Орданы зерттеуге тыйым салынып, Алтын Орда атауының өзі жек көрінішті етілді. Қазақстанның ресми тарих ғылымында Алтын Орда «қазақтардың ата-бабаларының (қыпшақтар) жерін жаулап алған жат мемлекетке» айналды.

Кейінірек, Алтын Орда тақырыбын зерттегені үшін қазақ ғалымы Қаныш Сәтбаев та жапа шекті. Ғалым Едіге эпосын зерттегені үшін қудаланды. Соның салдарынан Қаныш Сәтбаев 1951 жылы Қазақстан КП (б) ОК хатшысы Ж. Шаяхметовке, БКП (б) ОК хатшысы М.А. Сусловқа «өкінішке толы хаттар» жазып жүріп, республика және бүкілодақ билігінің алдында ақталуына тура келді. Осылайша, 1950-жылдары кеңестер билігі «Алтын Орда» концептісіне түбегейлі жат таңбасын басып, «Қазақстанның ұлттық тарихынан» шығарылды [1].

Бұл процестің орын алуының себебі, өзіндік мықты саясаты, заңнамасы, тегеурінді ықпалы, дамыған экономикасы, жетілген әлеуметтік құрылымы, өркендеген қала мәдениеті, бай жазу-сызуы, әдебиеті бар кең мағынадағы мемлекетті кеңестер елі мойындағысы келмеді. Өздерін «аға ұлт» санайтындар «кіші інісінің» тарихтағы

жетістіктерін көзге де ілмеді. Дешті Қыпшақты, тіпті бүкіл Еуразия даласын мекендеген көшпенділердің, яғни түркілердің орасан зор аумақты бағындырған мемлекетінің тарихы кеңестік идеологияға көлеңке түсірді.

Екіншіден, Алтын Орда барлық түркі тайпаларының басын қосқан, ортақ мәмілеге келтірген алып мемлекет болды. Оның аумағында отырықшы шаруашылықпен айналысқан Еділ бұлғарлары, половецтер (қыпшақтар), славяндар (орыстар), армяндар, гректер, ежелгі хазарлар, аландар, хорезмдіктер тұрды. Далалық өңірді негізінен мал шаруашылығымен айналысқан түркі тілдес арғын, қыпшақ, қаңлы, найман, қоңырат, керей, т.б. тайпалар мекендеді. Дешті Қыпшақ төңірегі мен Еділ бойына қоныс аударған монғолдар аз болған жоқ. Олар кейін жергілікті түркі тілдес халықтармен сіңіп, өздері түркіленді. Бұл түркілік кодтың мықтылығы мен тамырының тереңдігін көрсетеді. Сондықтан биліктегілер оны еске түсіріп, дәріптеуден сескенді. Оны дәріптеу деген сөз түркі тарихы мен мәдениетін дәріптеуді білдірді. Осы тұста «Игорь жасағы туралы» (Слово о полке Игорове) жырдың негізінде Еуразия даласын мекендегендердің түбі бір түркілер екендігін дәлелдеген Олжас Сүлейменовтің «АЗиЯ»сы ерексіз еске түседі. Тәуелсіздік алғанша, бұл еңбекті пайдалануға тыйым салынғаны көп нәрседен хабар береді. Алтын Орда туралы жазылып, айтылса да, оның алпауыт, тұрақсыз, кіші алауыздықтарға толы, ақыр соңында ыдырап кеткен мемлекет түрінде көрсетті [2].

1980-жылдары жылымық кезең көріне бастады. 1983 жылы Ілияс Есенберлин «Алтын Орда» трилогиясын аяқтады. Жазушы осы шығармасында Алтын Орданы Қазақ хандығының атасы ретінде суреттеді. Алайда кеңестік цензураның бұрынғы екпініне байланысты, бұл еңбек «Көшпенділерге» қарағанда қазақ оқырманының арасында аса танымал бола қойған жоқ. Ілияс Есенберлин Алтын Орданы жеккөрінішті қылған бұрынғы көзқарасқа батыл қарсы барды. Жазушының батыл қимылы басына бәле болуы да мүмкін еді. Бірақ кітап әуелгі баста қазақ тілінде жазылғандықтан, оның үстіне кеңес саяси жүйесінің біртіндеп жіби бастауының арқасында І.Есенберлин аман қалды.

Сонымен қатар Қазақстанның көрнекті тарихшысы Вениамин Юдин де Алтын Орданы ғылыми тұрғыда «ақтауға» қол жеткізе бастады. Оның 1983 жылы аз таралыммен шығарған бірнеше ғылыми мақаласы Алтын Орданы зерттеудің жаңа концепциясына негіз болды. Дәл осы концепция Қазақстанда қазір де басшылыққа алынады. Өкінішке қарай, В.П. Юдиннің өлімі оның идеяларына балта шапты. Дегенмен, оның жұмыстары жайлы айтылған пікірлер арқылы, ғалымның концепциясы уақыт тезінен өтіп, 2010-жылдардың басында мойындала бастады. Қорыта айтқанда, Алтын Орданы ақтау процесіне 2013-2014 жылдары Елбасы Н.Ә.Назарбаев пен М.М.Тәжин «Қазақ хандығы Алтын Орданың заңды мұрагерлерінің бірі» деген тезисті айтуы нүкте қойды. ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың 2019 жылғы Жолдауы «Қазақстанның ұлттық тарихының» жаңа парадигмасын қалыптастыруға тың серпін бере отырып, осы тақырыптың өзектілігін арттыра түсті.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жақсылық Сәбитов // https://qamshy.kz/article/51552-altyn-orda-qazaqstannynh-ulttyq-tarikhynan-qalay-shygharyldy
2. Оразгүл Мұхатова // https://jasqazaq.kz/2020/02/14/altyn-orda-tagylymy/

ӘОЖ 929 (09) (045)

ҰЛЫҚ ҰЛЫСЫ АЛТЫН ОРДА

Канатова А., «Ғимараттар мен ғимараттарды есептеу
және жобалау» мамандығының 1-курс студенті
Ғылыми жетекші: Сидешова Р.А., «Қазақстан тарихы» кафедрасының
аға оқытушысы, магистр

Аңдатпа. Мақалада Шыңғыс ханның ұлы империясының ыдырап, үш мемлекет құрылғандығы, Жошының ұлдарының Алтын Орданы билеуі, Алтын Орданы билеген хандардың бірі Өзбек хан тұсында мемлекеттік дін ислам діні болып жариялануы, кейіннен араб жазуы қолданылуы, .1440-шы жылдары Ордада азамат соғысы орын алып, Алтын Орда бірнеше хандыққа бөлініп кетуі баяндалады.

Түйінді сөздер: Алтын Орда, Шыңғыс хан ұрпақтары, құрылтай, ұлыс, хандық.

Шыңғыс хан қайтыс болар алдында өз иелігіндегі жерлерді төрт ұлына бөліп берді. Жошының үлкен ұлдары Бату мен Орда-Еженнің еншісіне моңғол иеліктерінің қиыр батысында жатқан оңтүстік Ресей мен Қазақстанның жерлері тиді.

Бату Алтын Орданы билесе, Орда-Ежен Ақ Орданы басқарды. 1235 жылы Бату қолбасшы Сүбедей баһадурдың көмегімен батысқа қарай жаңа жорық бастап, алдымен башқұрттарды, бір жылдан кейін Еділ Бұлғариясын жаулап алады.

Ал 1237 жылы Украинаның оңтүстік даласын бағындырып, ондағы құмандарды батысқа қарай ығыстырады. Содан солтүстікке қарай бұрылады да, Руське басып кіреді.

Сөйтіп, үш жыл бойы орыс княздықтарын жаулаумен болады. Бату құмандардың батысқа қашып, Мажарстан королінің жерін паналап отырғанын желеу етіп , Шайбан, Орда-Ежен, Байдар және Мөңке сияқты Шыңғыс әулеті мен өз бауырларымен бірге батысқа жорық жасайды.

Легница және Мухи маңында неміс-поляк рыцарларынан жиналған әскерді талқандайды. Бірақ Үгедей ханның қайтыс болғанын естіп, енді ғана қоршап-қамай бастаған Венаны тастап, елге қайтып кетеді. Моңғол әскерінің батыс бағытындағы жорығы осымен тоқтайды.

Бату 1242 жылы Мажарстан арқылы қайтып, жолшыбай Пешт қаласын, Болгарияны бағындырады. Алтын Орда астанасы Сарай-Бату, ал кейінірек Сарай-Берке қаласы болды.

Осыдан тура 750 жыл бұрын Талас өзені бойында Шағатай, Үгедей мен Жошы әулетінің ханзада-нояндары жиналып, ұлы құрылтай өткізген. Тарихта оны "Талас құрылтайы" деп атайды.

Үгедейдің немересі – Қайду ханның шақыруымен өткен үлкен жиынға Жошы ұрпақтары - Беркечар мен Мөңке-Темір, сондай-ақ, Шағатай ұлысынан Барақ қатысты.

Құрылтайда Шыңғыс қаганның дәстүрлерін сақтай отырып, көшпелілер мүддесін қорғаған маңызды шешімдер қабылданды. Ал ең бастысы, әрбір ұлыс жеке мемлекет болып жарияланды.

Талас құрылтайы шешімімен үш ұлыстың шекарасы айқындалды. Мауереннаһрдың үштен екісін Барақ алды, үштен бірі Қайду мен Мөңке-темірге тиесілі болды.

Қайдудың Бұхараның төңірегіне де билігі жүрді. Шыңғыс ханның ортақ мұрасы жолында бірлескен хандар бұдан былай қалаларға емес, таулар мен далаларға, жазық жерлерге қоныстанатын болып уағдаласты.

Бағынышты халықтардан салық жинау тәртібі реттелді. Осылайша, Талас құрылтайында Шыңғыс хан құрған ұлы империя ыдырап, оның орнына дербес үш мемлекет - Жошы ұлысы, Шағатай ұлысы және Моғолстан бой көтерді.

Құрылтайдан кейін Жошы ұлысының әміршісі Мөңке-темір өзін хан деп атап, өз атынан теңге бастырды. Бұл дербес мемлекеттің белгісі еді.

Сондықтан Талас құрылтайы Алтын Орданың (Жошы ұлысы, Ұлық ұлысы) ресми түрде бөлек мемлекет болып қалыптасуына негіз болды.

Алтын Орда атауы орыс тіліндегі Золотая Орда, яғни Бату ханның Еділ өзенінің жағасында өзінің болашақ астанасының орнын белгілеу үшін алтын түсті үйлерден тіккізген салтанатты қаласының атынан шыққан, Моңғол тілінде «Алтын Орда» деген сөз тіркесі Алтын түсті орданы, немесе патша сарайын білдіреді.

Моңғолдың билеуші руы да өздерін «алтын әулет» деп атаған, «Алтын Орда» атауы да осыдан келіп шыққан болуы мүмкін.

Бұл мемлекетті Алтын Орда деп атайтын бізге келіп жеткен ең алғашқы құжаттар 17-ші ғасырға жатады. Одан ертерек құжаттарда ол мемлекет Жошы ұлысы деп аталды.

Кейбір ғалымдар оның басқа атауын, Қыпшақ хандығы деген атауды қолданғанды дұрыс көреді, себебі ортағасырлық құжаттарда қыпшақ сөзі осы мемлекетке қатысты жиі аталған.

Түрік деректерінде Бату ханның әскерлері "қыпшақтар" деп аталды. Себебі ұлан-ғайыр өлкеде орналасқан мемлекет халқының басым бөлігі түркі тілдес қыпшақтар болатын.

Мемлекеттің басты саяси-мәдени тілі – қыпшақ. Алтын Орда мемлекеті тарихи әдебиетте "Қыпшақ ұлысы" деп те аталды.

Алтын Орда қазіргі Ресей, Украина, Молдова, Қазақстан және Кавказ жерінде орналасқан. Ал шарықтау дәуірінде Алтын Орда Шығыс Еуропаның Орал тауларынан Днепр өзенінің оң жақ жағалауына дейінгі жерлерді алып, Сібірге терең бойлап еніп жатты.

Оңтүстігінде Орданың жері Қара теңізбен, Кавказ тауларымен және моңғол Хулагу мемлекетінің қол астындағы Персиямен шектесті. Алтын Орда Өзбек пен Жәнібек хандар тұсында едәуір көтерілді.

Мәселен, Өзбек ханның кезінде мұсылман діні мемлекеттік дін болып жарияланды. Алғашқыда көне ұйғыр жазуы негізгі жазу болып қалыптасса, кейіннен ислам діні ықпалының күшеюіне байланысты араб жазуы да қатар қолданылды.

XIV ғасырдың II жартысы - Алтын Орданың тәуелсіз иеліктерге бөлінген кезі. Ал 1359—1379 жылдар "Ұлы дүрбелең" кезеңі деп аталады.

Артынан Тоқтамыс хан Алтын Ордадағы билігін соғыстағы жеңістермен бекіте түспек болып, 1382 жылы Мәскеуді өртеді. Ақсақ Темірдің басқыншылық жоспарларына солтүстік - батыста орналасқан Алтын Орда кедергі жасады.

Содан ол өз жорықтарын бастайды. Әмір Темір мен Тоқтамыс хан арасындағы шешуші шайқас 1395 жылы болды.

Ол жайында Сыпыра жырау жырлап өтті. Әмір Темір Алтын Ордаға жойқын соққы жасап, астанасын қиратып кетеді.

Қырым сауда қалаларын тонайды, ең шебер қолөнершілерін өз астанасы - Самарқандқа айдап әкетеді. 1440-шы жылдары Ордада тағы бір азамат соғысы бұрқ ете түсті.

Осыдан кейін ол бірнеше хандыққа бөлшектеніп кетеді. Олар - Қасым хандығы, Қазан хандығы, Астархан хандығы, Қазақ хандығы, Өзбек хандығы және Қырым хандығы.

Жошы әкесі Шыңғыс хан секілді әлем тарихында 250 жылдық тарихы бар Алтын Орда атты ұлы империяның негізін қалап кетті. Жошы қыпшақ даласына келіп өз ұлысын құрғанымен моңғолдық дәстүрден жүрген жоқ. Жергілікті қыпшақ халықтарының ділі мен дініне еркіндік берді. Көп ұзамай Жошының ұрпағы жергілікті халықтың салт-дәстүрі мен тұрмысына қарай икемделіп, бір жолата сіңісіп кетті. Белгілі тарихшы ғалым Зардыхан Қинаятұлының еңбектеріне сенсек: олар үшінші ұрпағынан бастап қазаққа

айналған: «Яғни, сол кездің өзінде мұсылмандықты қабылдап, қыпшақ тілінде сөйлеуге көшкен» деп жазады ол.

Ресейлік антрополог Л.Т. Яблонский 30 жыл бойы Алтын Орданың көшпенділерінің бас сүйегін, қаңқасын зерттей келе, ортағасырларда өмір сүрген алтын ордалықтардың бет-пішініне, қазіргі халықтардың ішінде пошымы жағынан тек қазақтар қатты ұқсайды деген қорытынды жасаған. Сондай-ақ палеогенетикалық зерттемелер нәтижесі де Алтын Орда аристократтарына гендік, қандық тұрғыдан тағы да қазақтар ғана жақын деген естелігі тағы бар.

Баязит Юнусбаев, Оразақ Смағұлов бастаған генетик ғалымдар қазақтарда бар антрополиялық типтің XIII ғасырда қалыптасқанын айтып та, жазып да дәлелдеп келеді. О. Смағұловтың айтуынша, қазақтарға тән генетикалық коктейль XIII ғасырда екі популяцияның – жергілікті түркі-қыпшақ және шығыс Азиядан келген моңғол түрік популяциясының араласуынан пайда болған. Сол секілді қазақтар өздерін Алтын Орда татарларының ұрпақтарымыз деп санайды» деген деректерді Шоқан Уәлихановтың естеліктерінен де кездестіруге болады.

Алтын Орданың гүлденген кезеңінде жергілікті халықтардың жан – жақты дамулары байқалды. Ол тек саяси үстемдік емес, сонымен бірге мәдениетті, халықтардың өркениетін қамтыды. Міне, сол үшін де XII – XIV ғасырларда Еуразия халықтарының тарихы мен мәдениетінің дамуына аса зор ықпал еткен Жошы ұлысының, Алтын Орданың тарихын зерттеу мәселесі ғалымдардың назарын өзіне аудартып отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мыңжани Н. Қазақтың көне тарихы. 1993. 400-бет.
2. Асфендияров С.Д. Қазақстан тарихы. (көне дәуірден) А., 1995.
3. Қыдырәлі Д. Ұлық ұлыстың атасы. – А., Руханият.,2019

ӘОЖ 929 (09) (045)

АЛТЫН ОРДА ХАНДАРЫ

Мадуов Ж., «Тарих» мамандығының 2-курс студенті
Ғылыми жетекші: Қамиева Г.Б., «Қазақстан тарихы» кафедрасының аға оқытушысы, магистр

Аңдатпа. Мақалада Жошы ұлдары – Бату хан негізін қалап, Берке хан іргесін бекіткен, Мөңке Темірдің билігі тұсында 1269 жылы Талас өзенінің бойында шақырылған Шыңғыс ұрпақтарының құрылтайында тәуелсіз саясат жүргізуге өзара мәміле жасасып, дербес империя екенін толық мойындатуға қол жеткізген Алтын Орда мемлекетінің танымал хандары жайлы баяндалады.

Түйінді сөздер: Берке хан, Меңгу Темір, Төле Бұқа, Тоқта, Өзбек хан.

Берке Орда Ежен мен Батудан кейін туған Жошының үшінші ұлы болды. 1229 жылы басқа да Шыңғыс ұрпақтарымен бірге Үгедейді ұлы хан сайлаған құрылтайға қатысады. 1236 жылы Бату батысқа жорыққа аттанғанда, Берке түркі-моңғол жасақтарының бір бөлігін басқарды. Оның алдында ол қыпшақтармен болған ұрыста жеңіске жетіп, Аржұмақ, Құранбас, Қапаран атты қолбасшыларын қолға түсірген болатын. Шығыс Еуропаны басып алған Бату хан 1242 жылы кіші Еділ бойына қайтып келеді. Дәл осы жерде Алтын Орданың негізі қаланған болатын.

Ал Беркенің қарамағына солтүстік Кавказ жерлері берілді. Бұл жер сауда-саттыққа өте қолайлы болғандықтан Бату бұл жерлерді 1254 жылы өз қарамағына қаратып, Беркеге Еділден шығысқа жылжуды бұйырады. Беркенің исламды қабылдаған кезі 1240-

жылдар болса керек. 1251 жылы өткен бүкіл түркі-моңғол құрылтайында, Беркеге деген сыйластықтың белгісі ретінде тойға арнап сойылған барлық мал басы мұсылмандық ғұрыппен сойылған. Ал 1253 жылы Берке Ордасында болып қайтқан Гильом де Рубрук Ордада шошқа етін жеуге тыйым салынғанын жазады. Жүзжани жазбаларына сенер болсақ, Берке жастайынан ақ Ходжент имамының жетекшілігімен Құранды үйренген. 1246 жылғы құрылтайда Күйік хан ұлы хан сайланғанда, Берке қалған бауырларымен ханды мойындаудан бас тартқан Батыйды қостайды. 1251 жылы Бату хан Төленің ұлы Мөңкенің хан сайлануын құптап, оны қолдауға Берке мен Сартақ басқарған бір түмен әскер жібереді. Жошылықтар Шағатай мен Үгедей ұрпақтарына билікке келуге жол бермей, Мөңкені таққа отырғызады. Беркенің басшылығымен сот ісі жүргізіліп, биліктегі Шағатайлар мен Үгедейлерді түгел жазалайды. Ал Жошы мен Төле әулеттері арасында, Рашид ад-диннің жазуынша «ынтымақ пен достықтың үзілмес жолы басталды» [1,78-б].

Билік жолында 1255 жылы Сайын-Бату хан дүниеден өтеді. Ұлы хан Мөңке Сартақты Қарақорымға шақыртып, ұлыс билеушісі етіп тағайындайды. Қайтып келе жатқанда, өз ордасына соға кетуді сұрап, адам жіберткен Беркеге: «Сен мұсылмансың. Мен христиан сеніміндегі адам боламын. Мұсылманның жүзін көру мен үшін бақсытсыздық»,- деп жауап береді. Арада біраз уақыт өткеннен кейін Сартақ белгісіз жағдайда қайтыс болады. Мөңке таққа мұрагер Ұлақшыны сайлайды. Оның жасы жетпегендіктен уақытша билікке Барақшын-ханым келеді. Көп өтпей-ақ Ұлақшы да қаза болады. Батыйдың немересі Туда-Мөңкені мұрагер етпек болған Барақшын ханым қолдау таба алмай, Құлағуға аттанады. Бірақ жымысқы ойы әшкере болып өлтіріледі. Беркенің билігі басталды. Осылайша тақ басына Батудың бауыры, Берке келді. Өз ісіне кіріскен сәттен бастап ол оңтүстік орыс жерлеріндегі жағдайларға баса назар аударды. Галиц-Волынь князы Даниил Романович Ордаға бағынбай, тым еркінсіп кеткен еді. Тіпті 1256 жылы Шығыс Волыньнан түркі-моңғол әскерлерін қуып шыққан еді. Бұған Берке қарап отырмай, 1258 жылы Бұрындай сардар басқарған түмендерін аттандырады. Жолай басқа да князьдықтармен күш біріктірген Бұрындай жасақтары Галиц-Волынның тас-талқанын шығарады. Князьдың өзі алыстағы аралға қашып кетеді. Князьдықтың астанасы Владимир-Волынь халқы өз еріктерімен беріледі. 1259 жылдан кейін түркі-моңғолдар 15 жыл бойы оңтүстік-орыс жерлеріне жорық жасаған жоқ. Өйткені бұл жерлер толықтай түркі-моңғолдардың қолына өткен болатын. Князь Романовичтің өзі қайтып келіп, Беркеге құлдық ұрған еді. Мұсылман жылнамалары Беркені өте жоғары бағалайды. Беркенің исламды қабыл алуы да белгілі бір саяси қадам болса керек. Осы қадамға бара отырып Еділ Бұлғариясынан Орта Азияға бейінгі аумақта орын тепкен ірі-ірі сауда орталықтарының, қалалардың қолдауына ие болды. Бұған қоса ол басқару ісіне білімді мұсылмандарды алуға рұқсатын береді. Осылайша ұлыстың басқару жүйесінде дәстүрлі исламның кейбір белгілері қалыптаса бастады. Беркенің саясаты қалалық өмірдің, қолөнер мен сауда-саттық дамуына арналды. Оның кезінде қала құрылысы қатты дамыды. Ел астанасы Сарай-Бату, Сарай-Берке деп атала бастады. Ордадағы барлық қалаларда мешіттер мен мұнаралар, медреселер мен керуен-сарайлар тұрғызылып жатты [1, 79-б].

Берке ханнан кейін хан тағына Меңгу Темір отырады. Ол хандықта 1266 – 1280 аралығында билік жүргізеді. Оның билігі кезінде Алтын Орда өмірінде ешбір саяси және мәдени өзгеріс болмаған. Меңгу Темірдің орыс князьдарымен арасындағы қарым-қатынасы Берке хан саясатын жалғастырады. Египеттік араб тілінде жазатын жылнамашылардың айтуынша, Меңгу Темір тамағына шыққан белгісіз бір жарадан қайтыс болған. Меңгу Темір кезінде Алтын Орда тарихында бірнеше маңызды оқиғалар болды. Бұл бір жағынан, Қырымның болашақтағы тағдыры үлкен рөл атқарған Кафедегі (Феодосия) генуялық сауда колониясының пайда болуы болса, екінші жағынан, саяси сахнада Ноғай секілді танымал тұлғаның қалыптасуы еді.

Ол туралы Новайри: «Исламның барлық дәстүрін ұстанған, әрқашан шейхтар мен факирлер ортасында жүрген мұсылман», - дейді. Ол танымал тұлға болмаса да, Талас құрылтайы оны Алтын Орда ханы етіп сайлады. Туда Меңгуді сайлау кезінде Ноғай өзін

Маңғыт ордасының ханы деп жариялады. Екеуінің арасындағы қақтығыстан сақтанған құрылтай қыпшақ ханы Ноғайды маңғыттардың ханы деп тануды жөн көрді. Болгариядағы Тертер хандығы Ноғаймен тығыз байланыстағы нағыз моңғол протектараты болды. Ал Туда Меңгудің Ноғайға ашық қарсы шығуға жеткілікті күші болған жоқ. Туда Меңгу исламды жанды тану ретінде қабылдады. Ол исламдық ойды мистикалық оқудың жалғастырушысы, суфист болды. Суфизмнің әсерінен ол билікке қызығушылығын жоғалтты. Кейіннен ханның жан күйзелісіне ұшырағаны белгілі болды. Соңында Туда Меңгу тақтан тайып, орнына Төле Бұқа хан сайланды.

Төле Бұқа (т.ж.б. – 1291 ж.) – Алтын Орда ханы (1287 – 1291 ж.ж.), Бату ханның шөбересі. 1285 – 1287 жылдар аралығында Туда Мөңкенің Венгрия және Польша жерлеріне жасаған жорықтарына қатысты. Мөңке Темірдің ұлдарымен бірлесіп, Туда Мөңкені тақтан тайдырды. Кейін өзі Алтын Орда ханы болды. 1288 жылы Рязаньға жорық ұйымдастырып, қаланы өртеді. Артынша Польша мен Венгрияға жорық жасады. Польша жеріндегі шайқастың бірінде Ноғай Төле-Бұқаны тастап кетті. Соның салдарынан Төле Бұқа шайқаста жеңіліс тауып, жау қолынан құтылып шықты. Оның билік етуі кезінде тақ таласы өрши түсті. Ол Ноғайдың ұйымдастыруымен қастандықпен өлтірілді [2, 105-б].

Одан кейін билік Тоқтаның қолына көшті. Тоқтаны 1288 жылы бауырлары елден қуып жібергендіктен Ноғайды паналаған еді. Ноғай айлакерлікпен Тоқтаның қарсыластарын алдымен өз жағына тартып, кейіннен оларды өлтіреді де, 1291 жылы Тоқтаны таққа отырғызады. Алайда Ноғайдың айтқандарынан бас тартады. Тоқта өте қабілетті билеуші және өзінің алдында хан болған Төле Бұқа мен Туда Меңгуден бөлек мінездегі адам екендігін көрсетті. Ол билікке келген алғашқы күннен-ақ, күшті армия мен әкімшілікті жинай бастады. Тоқта өз билігін барлық Солтүстік Руське жүргізуге күш жұмсады. 1293 жылы Тоқтаның інісі Дуден орыс князьдарының иеліктерін талқандайды. Ноғай хан орыс істеріне араласпағанымен Тоқтаның іс-әрекеті оны бей-жай қалдырмады. Көп кешікпей екеуінің арасында алауыздық туындайды. Тоқта Сербияны алғысы келген оймен, 1293 жылы өз армиясын жібереді. Корольдің қабылдаудан басқа шарасы қалмады. 1299 – 1300 жылдары Тоқта әскерін батысқа қарай бағыттайды. Днепрдегі соғыста Тоқта Ноғайды талқандап, Еділден Дунайға дейінгі жерлерді қолына қаратты. Рашид әд-Дин: «Оның балалары мен әскері қашып кетті. Оны Тоқта армиясынан бір орыс солдаты ұстап өлтірмек болды. Ноғай атын айтып Тоқтаға жолықтыруын өтінді, алайда солдат оның басын кесіп ханға апарды. Тоқта ақсақалдың өліміне қайғырып, өлтірген кісіні дарға асуды бұйырды», - дейді. Бізге жеткен деректерге қарағанда, Тоқта мұсылман емес, будда дінін ұстанған. Ол Ноғайдың саясатын жүргізген. Рашид әд-Диннің «Тарихында» Тоқта 1312 жылы қайтыс болды, деп көрсетілген [2, 106-б].

Алтын Орда билігіне Тоқта хан өлген соң билікке жақын сұлтандардың көмегімен Өзбек хан келді. Өзбек хан билеген тұста Алтын Орда мемлекетінде елеулі өзгерістер болды. Алтын Ордада ислам ресми дін болды. Өзбек ханның Шыңғыс хан ұрпақтарынан ислам дініне кіргісі келмегендерін аяусыз жазалағаны туралы мәліметтер кездеседі. Қазіргі кейбір тарихшылар Шыңғыс өкілдері мен нояндарының Ордадан Мәскеу княздарына қызметке көптеп кетуін осы оқиғалармен байланыстырады. Ол билік құрған кезеңде Алтын Орда нағыз өрлеу кезеңін бастан кешті, мемлекеттің әскери-саяси қуаты мен экономикалық дамуы шарықтау шегіне жетті. Бұл өрлеуді қалалардың өсуінен, халықарылық қатынастар мен сыртқы сауданың, мәдениеттің дамуынан көруге болады. Алтын Орданың екінші астанасы – Сарай әл-Жадид гүлденіп, жаңа құрылыстар жүрді. Өзбек ханның бұйрығымен Еділ, Қырым бойындағы, Хорезмдегі қалаларда мешіт-медреселер, түрлі сарайлар салынды. Оның тұсында Алтын Ордаға бағынышты орыс князьдықтарының ішінде Мәскеу ерекше күшейді. Өзбек хан Ұлы Владимир князьдығы үшін болған күресте Мәскеу князьдарына қолдау көрсетті. Өзінен бұрынғы хандар сияқты Өзбек хан да Русьтегі православие дінін қудалаған жоқ, қайта олардың барлық жеңілдіктерін сақтады. Алтын Орданың мәмлүктер билеген Египетпен сауда, мәдени, дипломатилық байланысын жандандырды [3, 77-б].

Сонымен, тамырлы тарихымыздың бедерлі кезеңін қамтитын Алтын Орда тарихы – қазақ даласымен және халқымыздың негізін құраған ру-тайпалармен тығыз байланысты. Сондықтан, тарих тереңіне үңіліп, рухани құндылықтарды зерделеуде, Ұлы дала төсінде екі жарым ғасырдан астам уақыт салтанат құрған ірі мемлекет – Алтын Орданың іргесін нығайтып, саяси жағдайын, мәдениеті мен экономикасын дамытқан танымал хандарының тарихын таныстыру арқылы төл тарихымыздың тереңде жатқандығын насихаттап, тарихи сананы көтеруге мүмкін болады деп есептеймін.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қ.Бегалин. Алтын Орда хандары. – А., 2007.
2. Т.Жұмаханов, Б.Жұматаев, Т.Шаңбай. Алтын Орда: Қазақ хандығы (I бөлім). – А., 2007.
3. Н.Қазыбекұлы. Алтын Орданың құрылуынан құлауына дейін. – А., 2010.

ӘОЖ 929 (09) 045

БАТУ ХАННЫҢ ЕУРОПАҒА ЖОРЫҚТАРЫ

Мәшенай М., «Тарих» мамандығының 2-курс студенті
Ғылыми жетекші: Исаева Л.Н., «Қазақстан тарихы» кафедрасының аға оқытушысы, магистр

Аңдатпа. Бұл мақалада атақты, даңқты Алтын орда хандығының алғашқы ханы Батудың Еуропаға жорықтары жайлы қарастырылады. Орта ғасырда ешкімнен кем түспеген еңсесі биік Еуропаның алып державалары мен Азияның азулы арыстандарының арасында болған жорықтардың маңыздылығын, өзектілігін, зерттеулердің арқасында бізге мәлім болып жеткен алтын әріптермен жазылған тарих туралы айтылады.

Түйінді сөздер: Хан, моңғол, жорық, Еуропа, одақ.

Ұлы дала бойында сонау Алтайдан Атырауға дейінгі Сарыарқадан Қаратауға дейінгі созылып жатқан кең байтақ жерде кімдер келіп кімдер кеткен жоқ дерсің. Осынау ұлан-ғайыр даланың ұлтарақтай жерін бетпе-бет келген жаудан қорғанып, көзінің қарашығындай сақтап, білек түріп айқасқан осы өңірдегі бізге белгілі қуатты хандықтардың бірі Қыпшақ хандығы. Қыпшақ хандығыныгының ханы Құтан хан XIII ғасырдың бірінші жартысында, яғни, 1237 жылы Венгр патшасы IV Белаға көмек сұрап барады. 1239 жылы Бела патша оны қабылдап, Құтанның 40 мың әскерін құрметпен қарсы алып, Венгрияның ішкі аймағына орналастыруды өз шенеуніктеріне тапсырады. Олар Дунай мен Тисса өзені арасына және мемлекеттің шығыс бөлігіне жайғасады. Бела қыпшақтарды қабылдай отырып өз уәжін айтады: олардан католик дініне өтуді және патшаға ризалықпен мойынсұнуды талап етеді.

Мұны естіген Бату IV Бела патшаға оның бұл жөнсіз әрекеттеріне наразы екендігін білдіріп, арнайы елші жібереді. Патша оған көңгісі келмей, елшілерді қысастықпен өлтіреді. Бұл оқиғалар Батудың Еуропаға жорығының басталуына себеп болып еді.

1241 жылы Батудың әскері Карпатты басып өтіп, Венгрияға жетеді. Олар жолда Польшаны қиналмастан жаулап алады. Біріккен неміс-поляк еріктілерінен құралған Генрих Благочестивыйдың әскері моңғол әскерін 1241 жылы 9 сәуірде Лигницте қарсы алады. Ал IV Бела біріккен венгр-хорват әскері 1241 жылы 11 сәуірде моңғолдардың басқа бөлігімен Шао қаласы маңында шайқасқа түседі. Бірақ осы аталған екі әскерді де моңғолдар тас-талқан етеді.

Шайқас ауыртпалығынан Венгрия халқы көп зардап шегеді. Венгрияның көптеген қалалары – Пешт, Варадин, Перег, Егрес, Темешвар, Дьюлафевар жау қысымына төтеп бере алмай, құлдыққа түседі.

Венгриядан кейін Словакия, Шығыс Чехия, Богемия, Силезия, Моравия, Иллирия талқандалды. Осыдан кейін Батыс Еуропаны, оның ішінде Германияны, Францияны, Бургундия мен Испанияны үрей биледі және бұл салдарлар Англияның басқа елдермен екі жақты саудасының кенеттен тоқтап қалуына әкеп соқты. Тек Батумен құпия түрде өзара байланыс орнатқан II Фридрих ғана болды. Бату Фридрихтан өзіне бағынуды талап етіп, оған қарсы шабуыл жасаспаудың бітім шартын ұсынады.

1242 жылы Ұлы хан Үгедей қайтыс болады. Оның өлімі туралы ресми хабар Венгрияға 1242 жылы наурызда жетеді. Моңғол елінің ежелден келе жатқан ескі дәстүрі бойынша, елде өтетін барлық мемлекеттік шаралар жаңа хан сайлауына дейін тоқтатылуға тиіс еді. Таққа бірден-бір үміткер Үгедейдің ұлы Күйік болатын, ал оның шешесі Дорэгэнэ ханшайым ол кәмелет жасына толғанша уақытша ел басқаруды өз міндетіне алады.

Бату қыпшақ ордасына шабуыл аяқталды деп ұйғарып, өз әскерін Еділдің төменгі ағысына түсуді бұйырады. Сүбедей Адриат теңізінен Днестрге дейінгі аралықты жайлаған барлық әскерді еліне қайтарды [1, 113-114 бб.].

Ал осы жерде, егер де ұлы хан Үгедейдің уақыты озбай Еуропа елдеріне жорық жалғасып, оңды-солды талқандап, одан әрі қарай Бату әскерлерінің қандай елдерді басып алу ойларында болған еді деген сұрақ келеді.

Бірде Бату хан өзінің ұлы Ұлақшымен әңгімелесіп отырғанда, Ұлақшы оған мынадай сұрақ қояды: «Егер Үгедей атамыз дүние салмағанда, сіз одан да әрі өтіп, сонау неміс, француз, швед жерлеріне де жететін едіңіз ғой», – дейді.

«Менің Еуропадан кейін қайтқанымды сен де солай ойлайсың ба? Бұл егер Ұлы хан Үгедейдің өлімімен байланысты болса, онда Шамға дейін барған Құлағу қосындарын неге кейін әкетпеді? Азғантай әскерімен өзі Қарақорымға аттанды да, Кит-Бұғы ноянды басшы етіп, бар қосындарын Мысырды мүлдем жаулап алуға сол тұрған жерлерінде қалдырды. Маған да сөйтуге болмайтын ба еді?

Жаулап алған Мадияр, Польша жерінде қосындарымды тастап өзім аз әскермен Қарақорымға неге кетпедім? Жоқ, өйте алмадым. Ұлы хан Үгедейдің өлгенін сылтауратып, бар қолыммен кейін шегіндім. Қасым да, досым да, осы күнге дейін менің кейін қайтуымды Үгедей ханның өлімімен байланыстырды. Бірақ себеп басқада еді». [2, 70- б.].

«Көп жұрт мені, мадиярлар жерін жаулап алу үшін ғана Еділден өтті дейді. Жоқ, арманым тек мадиярлар жерінде ғана емес еді. Одан әрі де бару едім.

Мадиярлардың жазық даласын қосындарыма аялдама - бекініс етіп, тіпті әлемді шулатқан Римді де шаппақ болғам. Сондықтан негізгі қосындарыммен өзім сонау хунну (ғұн) қолбасшысы Атилла жүрген сара жолмен Батысқа аттандым.

Бүйіріміздің соққы беріп жүрмесін деп Польшаға Сибанның немересі Байдар сұлтанды, Чехияға ұлы хан Үгедейдің он сегіз жасар немересі Хайду сұлтанды, Бұлор (Венгрия) жеріне Жошының өзіме ұнаған шөбересі жас Ноғайды бас етіп, әрқайсысына бір түменнен қол беріп, отыз мың жауынгерлі әскер жібердім. Әрине, бұл елдердің бәріне де, орұсут онғыларына жібергендей, күні бұрын елшілер аттандырдым. «Өз еріктеріңмен маған бағын» дедім. Бағынбайтындарын білетінмін».

1237 жылы осы арадан қашқан Қыпшақ ханы Құтан қырық мың әскерімен Мадиярлар патшасы IV Беланың қол астына кіргені Батудың ашу ызасын тудырған болатын. Венгрлермен қыпшақтардың қосылуы көп мемлекетке ауыр күш деп ойлады. Батудың елшілері де, «корольді күшейтеді» деп қорыққан, корольге қарсы алпауыттардың қастығының арқасында, мадияр әскері бір түнде қыпшақ жауынгерлерінің көбін қырып салғандарын, Құтан ханның өзін бауыздап өлтіргендерін, Қыпшақтың аман қалған он сегіз мыңдай жауынгерлері жолдарындағы елді қан жоса ете қыра әрмен қарай, Балқан

тауларына өтіп кеткенін елшілері айтып келген болатын. Сөйтіп мадиярлар мен қыпшақтардың Батуға қарсы тұрар одағының быт-шыт болғанын білді.

Сондай-ақ, Батудың Венгр жеріне келе қояды деп ойламаған және өз күшіне әбден сенген IV Бела патша Батуға қарсы одақ іздеген, Бату жауы орұсуттарға да қосылғысы келмеген.

Сүбетәй, Мөңке, Күйік, Орда, Қадан, Байдар, Пешек, Бұрындай, Хайду басқарған менің жүз отыз мың қолым Херман Кибе жеріне кіргенде, Чернигов онғысы Михаил Всеволодович мадиярлар короліне барған. «Қызыңды менің Ростиславыма бер, төс ұрысқан құда болайық, сөйтіп мына келе жатқан апатқа қарсы шығайық» деген. Төртінші Бела қызын да бермеген, одақтас та болмаған. Сол тәрізді Галиция онғысы Романовичтың да ұсынысына мойын бұрмаған.

Бұл онымен де құда түсуден, одақтасудан қашқан. Осылай орұсут пен мадиярлардың бірлесе алмағанынан мен хабардар едім. Ал бізге қарсы тұрарлық күші бар неміс рыцарьлары мен Дания, Швед елі біздің мұсылмандарға қарсы екенімізді біліп, монғолдарды арабтардың үстемдігіне қарсы жұмсайтын күш деп дәмеленді. Өздері біз тимеген Новгород пен Псков жерлеріне кресшілер аттанысын ұйымдастырып, оларды бағындыру әрекетіне кіріскен. Мұндай неміс императоры II Фридрих пен Ватикан папаларының арасындағы алакөзділік, бірін-бірі жек көрушілік біздің мүддемізге жәрдем болды».

Сөйтіп Бату хан мадиярлар жеріне аттанды. Қарсы келгендердің ешқайсысын аямады, қырып-жойды. Өз корольдерін жек көретін мадияр алпауыттары Белаға жәрдем бере алмады. Король қанша күш жинағанмен, монғолдың қисық қылышы мен қысқа шоқпарына шыдамады.

Қала үстіне қаланы жаулап, біз мадиярлардың жеріне кіре бердік. Жаз ортасы болмай, сиыр, яғни 1241 жылы біз бұл елдің астанасы Эстергомды алдық. Бұл шаhарды жеңу бізге оңайға тиген жоқ. Қала бекінісі өте мықты екен. Бекініс бұзатын отыз машина мен он мыңдаған әскердің күшімен әзер кірдік. Шаhар тұрғындары ең ақырғы үндері өшкенше қарсыласты. Біздің де шығынымыз аз болған жоқ. Қаланы алдық. Тек ортасындағы бір-екі бекініс-хисарлар ғана қалды.

«Бұл кезде Байдар, Хайду басқарған монғол түмендері Польшаны да қанға бояп жаулап алуға таянған-ды. Ал Бұлор мен Мадиярлар бірлесіп кетпесін деп сол жаққа жіберген Үгедей ханның ортаншы баласы Қадан мен Ноғай басқарған нояндар мен монғол қосындары, Галичинадан Трансильвания арқылы өтіп, Бұлор мен Молдавия жеріне тұмсық тіреп үлгірген. Менің өз қосындарымның бір қанаты Славак қалаларын шабуға кірісті. Польшаны алған Байдар, Хайду шығыс чехтардың жеріне енді». [2, 70-77 бб.].

«Мұнда әр шаршы шақырым, әр монастырь, шіркеуді жаулау орасан қиындыққа түсті. Соған қарамай, санақ үшін өлтірген адамдарының сол құлақтарын кесіп алып, монғол жауынгерлері алға ұмтылды. Бірақ, менің жарлығым бойынша Байдар мен Хайду әрі қарай Батысқа бармады. Чех королі Воцлав жинаған қырық мың қолмен беттеспей, менің әскерлеріме келіп қосылды».

Міне, осындай Мадиярлар мен Польшаның қарсылығын жеңген Батуға Қарақорымдағы Монғолдың ұлы ханы Үгедей қайтыс болды деген хабар келді. Үгедейдің орнына бөтен ханды сайлайтын Құрылтайға Шыңғыс ұрпақтары тегіс жиналуы тиісті еді, Батудың да бару керек еді. Осыны сылтау етіп Бату бар қосындарыммен Еділ бойына кейін шегінуге бел буды.

«Жаулап алған жер де, шауып алған ел де жеткілікті еді, - деді Бату сөзін жалғастырып, бірақ бұларды жеңдік деген құр аты ғана болатын. Біз алған мемлекеттердің кейбір патша, онғылары бағынғанмен, халқы қарсылығын тоқтатпады. Әсіресе, орұсут елі күннен-күнге күресін үдете түсті. Оның үстіне Мадиярлар ойпаты, Мұған даласы тәрізді, атты әскерімнің шөп қоры етемін деп ойлағаным болмай шықты. Жан-жағымыздан көтерілген қарапайым жұрттың тынбаған соққысынан, алыстан келген монғол әскері күннен-күнге тоза түсті.

Әдет-ғұрпы бізге ұқсас Қыпшақ, Хорезм далаларын, бағындыру бір сәрі екен де, онғыларының бастары бірікпей жатса да, жалпы жұрты тәуелсіздікті арман еткен орұсут елі тәрізді батыр халықтар мен қаласына қаласы ықтасып жатқан Мадияр, Польша, Бұлор секілді мемлекеттердің жұртын бағындырып ұстау, тіпті бөтен шаруа болып шықты».

Егер монғол қолдарын кейін шегіндірмегенде, Еуропа елдерін басып тұрмақ түгіл, артындағы орұсут жерінен қауіп төнуі мүмкін еді.

Бұны Ноғай басқарып қалған Болгар мен Молдавия елінің келесі жылғы көтерілісі анықтады. Түбі осылай өрбитінінен қауіптеніп жүргенімде, Үгедейдің дүние салғаны, маған тілге тиек болды. Сонда,- деді Ұлақшы,- Бүкіл Шығыс халқы, Кавказ, Рим қорыққан монғолдың қисық қылышынан орұсут, мадияр, бұлор жұрты қорықпағаны ма?

Шығыс халқы, Кавказ, Рим, елдері қорықты дегенді саған кім айтты? - Бату баласына таңдана қарады. Рас, кейбір ел басқарып отырған адамдары бағынды. Бірақ, жер, суынан бөтен тілегі жоқ халық, ешуақытта да бізге еркімен бас ииіп көрген жоқ. Олар монғол жауынгерлерімен өле-өлгенше алысып өтті.

Қыпшақтың батыры – Бошпан туралы естігенің бар шығар? Ол, өзі тәрізді, бізге өш ер жүрек жігіттерін ертіп алып, не істемеді? Мыңдаған жауынгерлерімізді өлтірді. Малдарымызды айдап әкетті. Жұртты бүліншілікке шақырып, Орданың берекесін алды. Ақырында Мөңке екі жүз желкен кемемен бүкіл Еділ бойын жүзіп өтіп, әзер дегенде жасағымен өзін қолға түсірді.

«Басыңды и, тізеңді бүк!» деген Мөңкенің бұйрығына «мен саған шөк дегенге шөге қалатын түйе емеспін, жауыма тізе бүкпеймін!» деп қасарысып тұрып алды. Ашуланған Мөңкенің бір нояны оны қылышпен қақ жарып өлтірген. Жігіттері де тегіс қойдай бауыздалған. Соған қарамай қалың Қыпшақтың қарапайым жұрты - жылқышы, қойшы-қоландары бізді жақсы көріп отыр ма? Қит етсе бүлік шығарып, өш алуға құмар».

«Ал шынын айтсақ, бар қиындық орұсут жерін бағындырып отыру да еді. Біз орұсут пен Шығыс Еуропаға аттанар тұста бұнда бірнеше онғылықтар мен Новгород пен Псковтың алпауыттары басқарған екі құрама тайпа бар екен. Ал құраманың ең үлкендері орұсуттың теріскей шығысында Владимир, Суздаль, күнгейінде Галицко-Волынь онғылықтар болатын».

«Бұл екеуінің де, сондай-ақ ұлы Владимир онғылығына бағынатын Новгород құрамының орұсуттың саяси өмірінде орындары үлкен еді, әсіресе күнгейі мен батысында Мадиярлар мен Польша мемлекеттерімен қабысып жатқан Галицко-Волынь онғыларының маңызы ерекше екен». [2, 78-82 бб].

1237 жылы басталған Батудың Еуропаға аттануы барысында төрт жылдың ішінде, Жерорта теңізіне жеткен болатын. Сырт қараған адамға бәрі ойдағыдай тәрізді еді. Бірақ олай емес-ті. Орұсут жеріне, Шығыс Еуропа елдеріне аттанарда мен бұл жұрттардың мемлекеттік құрылыстарын, ел болып бірігу дәстүрлерін, әскери күшін, шаруашылығын бәрін - бәрін күні бұрын тексеріп, ойға салған болатын.

Сонда естен шығармайтын бір жағдайды айтып кеткен болатын. Ол жағдай: Шығыс Еуропа елдеріне қарағанда орұсут қорғанысы мықты екені және Польша, Мадиярлармен салыстырғанда мемлекеттік бірлестігі орұсуттарға қарағанда олардан анағұрлым күшті болыпты.

«Орұсуттар еш мемлекетке бағынбаған, бөтен патшалықтардың қарамағына бағынышты болып кірмеген. Ал біз жаулап алған Бұлор мен Мадиярлар мемлекеттері жайында бұны айтуға болмайтын еді. Ежелгі орұсут сонау көне заманның кезінде де өзіне бірнеше халықты бағындырыпты. Қазіргі ұлы орұсут, кіші орұсут, ақ орұсут болып бөлінген осы славян елдері осыдан екі ғасыр бұрын көне орұсут халқы делініпті. Бұл жағдай олардың жалпы бір мемлекеттік дәстүрді сақтауының негізін салыпты. Ал қазіргі онғылардың алауыздығы, бірлеспестігі, бұл әр алпауыттың «ортақ өгізден - оңаша бұзау» деген саясаттан туған жәйт екені даусыз.

Және шынын айтсақ, бұлардың қазіргі алауыздығы Польша онғыларының алауыздығынан күшті емес. Тек біз, монғолдар, араларына іріткі салып, сол алауыздықты

күшейтіп отырған. Демек, бұл мықты, жұрттық дәстүрі де көп, іргелі ел. Сондықтан орұсуттарды бағындыру үшін біз үш жарым жыл соғыстық. Онда да күні бүгінге дейін тегіс табанымызға салып біткен жоқпыз. Ал Шығыс Еуропа мен Орталық Еуропа елдерін өзімізге бағындыру үшін бір жылға жуық қана уақыт керек болды».

Егер 1242 жылғы Оломуце қаласының жанында чехтардан тойтарыс алғанын есепке қоспағанда, Бату Шығыс және Орталық Еуропа мемлекеттерінен жеңіліп көрген жоқ.

«Ал орұсут еліне келсек... «Қазір ол іштен тынып, күш жинап жатқандай. Қырсаң да, шапсаң да қорқар емес. Біз шапқан Рязань жерінен шыққан Евпатий Коловрат батыр жайында естіп пе едің? Ол орұсуттың қолға түспес мың жеті жүз ер жігітін жинап алып, теріскей - шығыс жағымыздағы әскерімізге не істемеді? Бірі мыңға татыды. Ұрланып келген барыстар тәрізді, қайдан пайда болғанын біле алмайсың, күтпеген жеріңнен шыға келіп, әскерімізді быж-тыж етіп, ұстатпай кете барды. Қаншама ноян, жауынгерлер солардың қолынан қаза тапты! «Бұлардың қанаттары бар, біреуі мыңды, ал екеуі бір түмен әскерді жеңеді» деген олар жайында аңыз да бар».

«Жай жауынгерлерді былай қойғанда, монғолдардың ержүрек нояндарының өздері де қорқып қалған. Бағынған ел осындай бола ма? Жоқ, орұсуттар бағынуды тіпті ойлап отырған жоқ. Чернигов онғысы Андрей біздің әскерімізге бермеймін деп қарамағындағы бүкіл жылқысын басқа жаққа айдатып жібергенін саған біреу болмаса біреу айтпады ма? Жоқ, қарапайым ел емес, тіпті орұсуттың онғыларына да сенуге болмайды».

«Атымызға шөп, әскерімізге азық-түлік жеткізіп тұрмақшы болған Болох жерінің боярлары қандай күйге ұшырады? Монғолдарға жәрдем беретін болған екенсің деп Галицко-Волынь онғысы Данийл Романович біз тимеген боярлардың қазына – болған». [2, 86 б.].

«Чернигов, Галицко-Волынь онғылары ғана ма, оған Боян мен Жеку басқарған Еділ бойының болгарлары, Качир-Үлке ерткен алан аламандары, қыпшақ көшпенділері қосылды. Дәл осы кезде, ит, яғни 1238 жылы Мұхамед Тараби дем берген Бұхар диқандарының наразылығы басталды. Ондағы айқаста он мыңнан астам монғол әскері құрбан болды. Кавказдағы лезгин мен черкесті өзімізге бағындыруға жіберген әскеріміз қандай күйге ұшырады? Рас, онда сен туған жоқ едің, тау халықтарын жеңе алмадық. Бірақ бар мәселе бір халықты жеңу, жеңбеуде емес қой, жалпы монғол үстемдігіне барлық елдің қарсы екенін айтамын.

Міне, осындай жағдайда біз Еуропаның дәл ортасына жеттік, әрі қарай аттанбақ түгіл, жаңа айттым ғой, сол алған жеріңді басып қалатындай бізде қуат бар ма еді? Жан-жағың қаптаған жау, сәл мүлгіп кетсең болғаны, бас салуға дайын тұрады. Тіпті, еркектерін былай қойғанда, әйелдеріне дейін жастығын жастана өлуге бар. Бүкіл Мадияр жерін алсақ та, олар қалың орман-тоғайының ішіне кіріп алып, бізбен алысуын бір тоқтатқан жоқ. Оларға қарашекпенділері қосылды. Әлі есімде, Чернхазе деген жерде мадиярларша Ланка, бізше Құралай сұлу деп аталған көркем қыз жасағы әскерімізге көп қастандық істеді.

Ақырында Сүбетәй баһадурдың қосыны сол жасақты әзер дегенде құртты. Қоршауда қалған әлгі Құралай сұлу жау қолына түспеймін деп найзаның сүйір ұшына кеудесімен құлап жан берген. Сүбетәй баһадурдың бұйрығы бойынша, бір жауынгері қыздың басын кесіп алып келген. Құралай сұлу десе құралайдай үлкен көзді бір керемет сұлу жан екен. Өлі бастың өзі бір сурет. Адам көзі қиып басын кесер жан емес. Бірақ соғыстың аты – соғыс, жаудың аты – жау.

«Міне, осындай жау елдерде соғыстан әбден мұқалған Алтын Орда қосындарын тастап кетуге болатын ба еді? Оның үстіне естерін жаңа жиюға айналған, біздердің қандай жау екенімізді енді түсінген Еуропаның елдері бастарын біріктіруге өзара сөз жүргізе бастады. Амал жоқ, мұндай жағдайда Орда күшін күйретіп алмас үшін, қосындарыммен Еділ бойына шегінуге мәжбүр болдым», о – деді Бату [2, 89 б.].

Батудың Еуропаға жорықтарының жалғаспай қалуының себептерінің бірі, бұл – 1242 жылы Ұлы хан Үгедейдің қайтыс болуы. Батудың өзі келтіргендей, егер ол Еуропаға жорықтарын жалғастыра берсе, үрейленген Еуропа бірігіп бір одақ болушы еді. Бату хан Азиядан Еуропаға өзінің барлық жауынгерлерін емес, аз бөлшегін ғана өзімен бірге алып кеткен болатын, бұл да бір себебі еді. Егер де Алтын Ордадан Батуға көмек ретінде жауынгерлер келіп Бату жорығын жалғастыра берсе, бүкіл Еуропаны алар ма еді деген ой келеді, дегенмен Еуропа Моңғол атты үлкен қауіп-қатерден аман қалды.

Осылайша, қазақтың белгілі жазушысы Ілияс Есенберлиннің «Алтын Орда» еңбегінен жоғарыда келтірілген үзінділерден Бату бастаған моңғол әскерлерінің жойқын күшін көреміз, сондай-ақ оларға қарсылықтың да күшті болғандығын және қарсылық білдірген халықтардың да осал болмағанын аңғарамыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жайнақов Е. Ұлы дала мемлекеттері. А., «Аруна» баспасы, 2010.
2. Есенберлин І. Алтын орда. І кітап (1982–1983 жж.) // KITAP.kz https://kitap.kz/

ӘОЖ 929(09)045

АЛТЫН ОРДА МЕМЛЕКЕТІ КЕЗІНДЕГІ ӨНЕР, ҒЫЛЫМ МЕН МӘДЕНИЕТТІҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ

Назарханова Ж., «Электроэнергетика» мамандығының 1-курс студенті
Ғылыми жетекшісі: Бекешов С.С., «Қазақстан тарихы» кафедрасы. Тарих ғылымының кандидаты, доцент

Аңдатпа. Мақалада Алтын Орда мемлекеті кезінде қала құрылысында жаңа сәулет стилі қалыптасып, күмбездендіріліп салу жүйесі жетілдіріліп, жаңа қаптағыш материалдардың пайда болуымен өнер, ғылым және мәдениет жетістіктерінің дамуы нақты мысалдар арқылы баяндалады. Қазіргі табылған материалдық және рухани ескерткіштер Алтын Орда орталықтарында биік мәдени даму болғанын көрсетеді.

Түйінді сөздер: Қолөнер, Мавзолей, Қаптағыш, Зекет, Қапчур.

1219-1221 ж. Хорезм шахтардың мемлекеттін қиратып, Орта Азияны моңғол басқыншылары жаулап алды. Сөйтіп бұл аймақ Жошы ұлысы мен Шағатай және Хулагу мемлекетінің бөлісіне түсті. Ал Батыс бөлігі – Мауараннахр Темір мемлекетінің негізгі ұйытқысына айналды. Оның негізін қалаушы Темір (1370-1405) Себердарлардың Хулагу әулетінің қол астынан бөлініп шыққан Хорезм мен түркмендердің жартылай тәуелсіз феодалдық иеліктерін бағындырды. Мұнан кейін Темір Иран, Үндістан, Ирак, Кавказ сырты, Түркия, Египет, Оңтүстік Русь, Алтын Орда, Ақ Орда, Моғолстан, Шығыс Түркістанға басқыншылық, тонаушылық жорықтар жасады. Сол елдерден тоналған қаражатпен Орта Азия мен шетелдік тұтқын қолөнершілерінің күшімен Самарқанда, Шахрисябзде т.б. Орта Азия қалаларында үлкен құрылыс жүргізілді.(ХулагуШаhаизинда, Гур-әмір, Қожа Ахмед Яссауи мавзолейі, Бибі-ханым мешіті, Ұлықбек медресесі мен обсерваториясы т.б.) [1]. XV ғасырда Орта Азия мен Хорасанда тәжік әдебиетінің классигі Әбдірахмен Жәми (1414-1452), өзбек әдебиетінің негізін қалаушы, ғалым, саяси қайраткерлер Әлішер Науаи (1414-1451) өшпес із қалдырған.

Қала құрылысында жаңа сәулет стиль қалыптасып, күмбездендіріліп салу жүйесі жетілдірілді, жаңа қаптағыш материалдар (жылтыратылған жұқа кірпіштер) пайда болған. XIV-XV ғасырлардың үлкен құрылыстарының елеулісі болып Түркістандағы Қожа Ахмед Яссауи мавзолейі де өзіндік сипатымен ерекшеленеді. Отырар, Сауран, Жент, т.б. қалаларда мешіт, медресе, мавзолейлер салынды. Отырардан тоқымашы, темір ұсталары,

наубайшығы, көзешілердің қора-жай, шеберханалары табылды. Дала малшыларының Сырдария төңірегіндегі қалалармен, Орта Азиямен үзілген сауда байланыстары қалпына келді. Еуропадан Қырым, Донның төменгі ағысы, әрі қарай Сарайшық, Отырар, Сайрам қалалары арқылы көне "Ұлы жібек жолына" шығаратын транзит сауда қатынасы кеңіді. Ақ Орда, Ноғай Ордасы, Моғолстанда халықты басқарудың ұлттық жүйесі мен жер иемденудің әскери жүйесі нығайды. Ұлысты басқаруға билеуші әулет өкілдерінің (оғлан, сұлтан) бәрінің де құқы болды.

Ақсүйектер (әмір, бай, баhадурлар) мүліктік правоға ие болып, өздеріне қызмет етуге берілген иеліктерді, феодалдық жерлерді мұралық иеліктерге айналдыруға тырысты.Жер меншігінің басқа да түрлері: хан жері, жеке иемденуге берілген жер, мұсылмандық діни мекемелер мен отырықшылық дамып нығайды. Көшпелі және отырықшы халықтан алым-салық (зекет, қапчур, қалан, тағар т.б.) алу жүйесі қалыптасты.

Моңғол басқыншылығы монғол тілін тарата алмады. Түркі тілдес күшті орта монғол тілінің белгілерін тез "жұтып" жіберді. Әл-Омари айтпақшы, жергілікті халықтар монғолдардың табиғи нәсілдік қасиеттерін жеңіп шығып олардың бәрі құдды қыпшақтарға айналып кеткендей болды. Бұрынғы білім алу, түркі әдеби тілдерінің негізгі 3 диалекті тобы - қарлұқ-ұйғыр, ұйғыр –оғыз және қыпшақ –оғыз тілдерінің ерекшелену, қалыптасу процесі қарқынды дамыды. XIII-XIV ғасырда Алтын Ордада қыпшақ тілінде көптеген әдеби шығармалар (олардың ішінде аса ірілерінің бірі "Кодекс куманикс")жазылды. XIV-XV ғасырда қыпшақ-ноғай тілдері тобынан қазақ тілі бөлініп шықты. Халықтың ауыз әдебиеті дамып, Аталық (XIII ғ.), Сыпыра жырау және Қодан-тайша (XIV ғ), Асанқайғы және Қазтуған (XV ғ.) сияқты жыраулардың творчествосы кең тарады.

Алтын Орданың ыдырауы барысында пайда болған ірі мемлекеттік бірлестіктердің бірі Ноғай Ордасы. XIV-XV ғасырларда оған Батыс Қазақстанның аумағы аірген. XIV ғасырдың аяғынан бастап Жайық пен Еділ арасындағы бұл тайпалардың бірлестігі оның ең ірі тайпасының атымен "Маңғыт жұрты" деп аталды. Ноғай Ордасы іс жүзінде он бес жылдай (1396-1411) өз қолына ұстаған Едіге тұсында оқшаулана бастады. Едіге Тоқтамыспен соғысы, феодалдық аласапырандар мен қырқыстар кезеңінде Алтын Ордаға хандарды өзі қойып, Ноғай ұлысын күшейту үшін көп іс тындырды. Кейініпекте маңғыттардың көсемдері шығыстағы көршілеріне бағдар алып, Әбілқайыр ханның, содан соң қазақ хандарының одақтастары болды. XV ғасырдың ортасына қарай Ноғай Ордасы тәуелсіз мемлекетке айналды.

Ақ Орда, Әбілқайыр хандығы, Ноғай Ордасы және Моғолстан мемлекеттерінің шеңберінде Шығыс дешті Қыпшақ пен Жетісу халқының саяси, шаруашылық және әлеуметтік дамуы, оның қоғамдық өмірінің барлық нысандарындағы қарым-қатынастары мен өзара іс-қимыл жасау үшін моңғолдардың ұлыстарындағы кезеңімен салыстырғанда неғұрлым қолайлы жағдайлар пайда болды. Алтын Орда мен тартыстар мен соғыстар салдарынан пайда болған тайпалардың жағынан біріктіріп, аталған мемлекеттердің әрқайысы өз аумағында өзіне кірген тайпалар мен халықтарының экономикасын, мәдениетін, бейбіт қатынастарын дамыту мүмкінділігін қамтамасыз еткен, этникалық жағынан оқшау, неғұрлым мықты мемлекеттік ұйым болды. Алтын Орда жерінде болған араб және парсы тарихшылары Алтын Орда жерінің көптеген ғылыммен және әдебиетпен айналысқан ғалымдар, жазушылар, дінтанушылар мен ақындар жайында айтады. Қазіргі табылған материалдық және рухани ескерткіштер Алтын Орданың орталықтарында биік мәдени дамудың болғанының айғағы. Мұнда ғалымдар, ақындар, жазушылар араб, парсы және түркі тілдерінде бірдей дерлік шеберлікте өз еңбектерін жазды. [2] Мемлекеттің астанасы – Сарай Берке XIY ғасырдың бірінші жартысында Өзбек хан билігі тұсында (1312-1340) және оның ұлы Жәнібек (1342-1357) тұсында өте қатты өркендеді. Араб тарихшысы Ибн Батутаның айтуы бойынша, Сарай Берке ортағасырлардағы өте сұлу қалалардың бірі болды.

Сарыарқа өңірінде (Орталық Қазақстан) Алтын Орда кезеңінің ескерткіштері сақталған. Сол ескерткіштер күйдірілген кірпіштен салынған және күні бүгінге дейін дін аман қалпында жетті. Олар – Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы ханның (XIII ғ.), Ботағайдың (XIV ғ.), Жұбан-ананың (XIV ғ.), Алаша ханның (XV ғ.) кесенелері. Осы ескерткіштердің барлығын ғалымдар зерттеп-зерделенді және олар құрылыс өнерінің тарихы үшін баға жетпес құндылықтар болып есептеледі.

Орта ғасыр ескерткіштерін зерттеушілер еліміздің шығыс өңірінен де (Қолбасы мұнарасы), сондай – ақ батыс аймағынан да (Абат-Байтақ, Кентті-Баба, Балғасын, Қызылтам және басқалары) [3] тапты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Л.Турганбаева .Очерк истории материальной культуры и дизайна. Алматы,2002
2. Р.А.Бекназаров.Қазақтың дәстүрлі тас қашау өнері.Алматы,2005
3. Абат Байтақ. Қазақ даласының інжу-маржаны.Алматы,2004

ӘОЖ 929(09)045

АЛТЫН ОРДАНЫҢ САЯСИ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰРЫЛЫСЫ

Оңдаганова К., «Тарих» мамандығының 1-курс студенті
Ғылыми жетекші: Исаева Л.Н., «Қазақстан тарихы» кафедрасының аға оқытушысы, магистр

Аңдатпа. Мақалада Алтын Орданың саяси және мемлекеттік құрылысы, Монғол империясының саяси өмірінде зор рөл атқарған Шыңғыс ұрпақтарының және көшпелі монғол шонжарларының жалпы империялық жиналысы құрылтай, Шыңғыс ханның Яса заңдары, Жошы және Шағатай ұлыстарының қоғамдық құрылысы, олардағы мемлекетті басқару жүйесі туралы қарастырылады.

Түйінді сөздер: Моңғол империясы, құрылтай, Алтын орда, Жошы ұлысы, Яса.

Моңғолдардың XIII ғасырдағы басқыншылық жорықтары, жаулап алуы бағындырылған елдер халықтарының әлеуметтік-экономикалық құрылысын тұтас алғанда өзгертпегенімен, олардың қоғамдық-саяси өміріне өзгерістер енгізді.

Моңғол империясы хандық құрушы Шыңғыс ұрпақтарының бірлесіп билейтін меншікті жері деп саналды. «Сырттай қарағанда басқару мен бүкіл ел хандық дәрежесі бар бір адамға ғана сеніп тапсырылған сияқты көрінгенімен, – деп жазды Жувейни, – шындығында бүкіл ұрпағы мен немере ағалары жерді және қоғамдық дәулетті ортақтаса пайдаланды» [1, 83 б.].

Шыңғыс хан ұрпақтарының басшысы державаның ең жоғарғы әміршісі болып табылатын ұлы хан болды. Ол өзінің жоғарғы билігінің бірден-бір артибуты болған «қаан» («қаған», «хақан») деген атаққа ие болды Ұлы ханның мемлекет басшысы ретіндегі құқықтары әскери,заң шығару және әкімшілік билігін қамтыды. Жоғарғы өкімет билігінің бірлігі идеясы империя өмір сүрген алғашқы ондаған жылдарда теңге соғудан көрініс тапты. Түрлі ұлыстарды қалаларында, оның ішінде Орта Азия қалаларында да шығарылған теңгелер, әдетте анонимді түрде болды, оларды ұлы хан есімінің немесе өзінің таңбасының ойылып жазылуы едәуір сирек кездесетін. Алтын Ордаға келген шет жерлік елшілердің Қарақорымға жіберіліп отырғанына қарағанда, шетел мемлекеттерімен келіссөз жүргізу құқығы ұлы ханда болған.

Монғол империясының саяси өмірінде Шыңғыс ұрпақтарының және көшпелі монғол шонжарларының жалпы империялық жиналысы құрылтай (хурилтай, хурилта) зор рөл атқарды. Құрылтай ресми түрде жоғары өкімет билігінің жоғары органы болды,

құрылтайды ірі әскери әрекеттерге байланысты мәселелер, ішкі саясат, Шыңғыс ұрпақтары арасында өлкелерді бөлу мәселелері шешіліп отырды. Құрылтайда хан жариялау және оны салтанатты түрде таққа отырғызу рәсімдері жасалды. Құрылтайды империяның, ұлыстың басшысы немесе билік жүргізіп отырған рудың жасы жағынан үлкен мүшесі шақыратын. Оның шақырылу мерзімі күні бұрын белгіленіп, ұлыстарға адам жіберу арқылы жария етілетін. Тағайындалған мерзімде (әдетте көктемде) және белгілі бір жерге сондай-ақ олардың қол астындағы патшалар мен сұлтандар мол-мол сыйлық пен тартуларын алып келетін болды» [1, 84 б.].

Құрылтай іс жүзінде Шыңғыс ұрпақтарының, әскер басыларының және азаматтық әкімшілік қайраткерлердің қаған мен оның айналасындағы жақындарының күні бұрын қабылданған шешімдерін құлақтандыру әрі орындау үшін қабылдауға арналған жиналысы болды және ол империя әміршісінің билігін шектемеді. 1259 жылы Мөңке қаған өлгеннен кейін жалпы монғолдық құрылтайлар шақырылған жоқ. Шыңғыс әулетінің және әскери-көшпелі ақсүйектердің сьездері ұлыстарда да жиналды. Ибн Баттутаның дерекетеріне қарағанда, мұндай жиналыс Шағатай ұлысынла «той» (құрылтай) өткізуден бас тартуы қалыптасқан дәстүрді бұзу болып саналды және оған қарсы жасалған көтерілісті ақтау үшін негіз болып кетуі мүмкін еді. Ибн Баттутаның айтуы бойынша «тойға» Шыңғыс ханның ұрпақтары, әскер басылары,өлкелердің билеушілері мен атақты әйелдер жиналатын болған. Ұлыстық құрылтайлар мақсаттарының бірі өзара қырқыстарға жол бермеу болды. Алайда Шыңғыс ұрпақтары арасындағы феодалдық қақтығыстар тоқталмады; әрбір ханзаданың қарекеті іс жүзінде құрылтайдың шешімімен емес, оның әскери күш-қуатымен анықталып отырды.

XIII ғасырдың басында Монғол мемлекетінің құрылуы мемлекетті басқару үшін ортақ, жазбаша баянды етілген құқықтық нормалар мен заң ережелерін әзірлеу қажеттігін туғызады. Жаңа жағдайларға сай келетін, жинақталған әрі өзгерістерге ұшыраған әдеттегі құқық осы мақсатқа орайластырылады. Заңдар мен ережелердің жиынтығы Шыңғыс-ханның «Ұлы Ясасы» деп аталды [2, 89 б.]. Яса (неғұрлым толық атауы ясак, монғолша-дзасақ) «қаулы», «заң» дегенді білдіреді. Жувейнидің айтуы бойынша, Шыңғыс-ханның заңдары мен қаулылары орамаларға («тұмар») жазылып, Ясаны терең білетін неғұрлым беделді ханзадаларда сақталған. Яса түпнұсқада сақталмаған және үзінділер мен мазмұны қысқаша баяндаулар түрінде ғана белгілі. Яса қаулылар туралы неғұрлым егжей-тегжейлі мағлұматтар Жувейниде және XV ғасырдағы араб жазушысы Маркизиде келтірілген. Монғолдың мемлекет басшылары үшін Яса ұзақ уақыт бойы биік бедел болып қалды. Ясаның талабын орындамаған хан тұқымының мүшелері білік деген түрік сөзімен аталған Шыңғыс ханның нақыл сөздеріне сәйкес қатаң жазаланатын еді.

Шыңғыс ханның Ясасы көшпелі өмірдің нормаларын ғана реттестіреді. Монғолдар бағындырған елдердің көпшілігінде, оның ішінде ежелден өзінің құқықтық дәстүрі бар. Орта Азияда халықты жаңа құқыққа көндіру өте-мөте қиын болды. Көшпелілердің әдеттегі құқықтық негізінде әрі көбіне көшпелілер үшін қалыптасқан монғолдардың құқық жүйесі басқа жағдайларға мейлінше қолайсыз болды. Әлеуметтік-тұрмыстық және қоғамдық өмірдің, оның ішінде Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-шығысында әлеуметтік-тұрмыстық және қоғамдық өмірінің көптеген жақтары Ясада әсте де реттестірілген жоқ, ал оның жекелеген қағидалары мұсылманның діни құқығына және жергілікті халықтың әдет-ғұрпына қайшы келіп отырады. Осының негізінде Яса заңын сақтаушылар мен ергілікті халықтың арасындағы қақтығыстар болып тұрады, ал бұл қақтығыстар әдетте жергілікті халықты қайғы-қасіретке душар етті.

Жоғарыда айтылғандай, Монғол империясы бүкіл хан тұқымының иелігі болып саналды. Билігі жүріп тұрған тұқымының әрбір өкілі қолөнершілердің белгілі бір тобын және империяның жалпы аумағынан егіншілік аймағын алып отырды; олардан түскен пайда сарай мен әскердің қажеттерін қанағаттандыру үшін пайдаланылады. Бұл орайда Шыңғыс ұрпақтары өздеріне бөлінген жұрттарда – жазғы және қысқы көшім-қонымға арналған аумағында өз ұлысының адамдарымен бірге тұруға тиіс болатын. Олар

отырықшы өлкелерді басқаруға және халықтан салық жинауға араласа алмайтын; бұл міндет ұлы хан, ал сонан соң жергілікті әкім тағайындайтын ерекше адамға жүктелетін еді.

Монғолдар құрған мемлекеттерді жоғары сословие Шыңғыс ұрпақтары бастаған түрік-монғол көшпелі шонжарларынан тұрды. Бастапқыда әскери билік азаматтық биліктен бөлек болатын. Ұлыстардағы азаматтық өкімет, әдетте, жергілікті ақсүйектер өкілдерінің қолында болды. Шыңғыс-ханның тұсында да, оның мирасқорлары тұсын да монғолдар басқа тайпалардың білімдерін чиновниктер ретінде пайдаланып отырды. Алтын Орда мен Шағатай ұлысының хандары ислам дініне кіргеннен кейін де мемлекеттік кеңселерде іс жүргізу едәуір дәрежеде түрік жазуымен жүзеге асырылды. Шағатай ұлысының отырықшы өлкелерін азаматтық тұрғыдан басқару Хорезмде туып-өскен мұсылман көпесі Махмұд Жалауашка тапсырылды. Монғолияның өзінде және Шағатай ұлысында болған бүкіл төңкерістерге қарамастан, Махмұд Жалауаштың әулеті XIV ғасырдың басына дейін Орта Азиядағы отырықшы өлкелердегі азаматтық басқаруды өз қолында ұстап тұрды. Махмұдтың баласы Масудбектің тұсында Шағатай ұрпақтарының мемлекетінде ақша шаруашылығын тәртіпке келтіру жөніндегі шаралар жүзеге асырылды.

XIV ғасырдың басына дейін Жетісуда Шыңғыс ұрпақтары көшпелілердің басшылары болып қала берді және Мауараннахрдың ішкі басқару ісіне тікелей араласпады. Жекелеген өлкелер мен қалаларда азаматтық басқару билігі монғолдар жаулап алғанға дейінгі түрік әулеттерінен шыққан, арабтың «мәлік» деген лауазымыда мәліктермен бірге монғол даруғалары отырды. Жаулап алғаннан кейінгі алғашқы кезде даруағлар жеңгендернің жергілікті жерлердегі әскери билігін атқарды, кейіннен оларға мемлекеттік жерлердегі әскери билігін атқарды, кейіннен оларға мемлекеттік қазына мақсатында үнемі жүргізілетін халық санақтарын өткізу, әскер жинау, почта қатынасын ұйымдастыру, салық жинау және оны сарайға жеткізіп беру сияқты міндеттер жүктелді. Басқарудың мұндай тәртібі негізінен алғанда XIV ғасырдың басына дейін сақталды.

XIV ғасырда Шағатай ұрпақтары мемлекетінің-саяси өмірінде елеулі өзгерістер болды. Мемлекетті саяси орталықтандыруға бағытталған, Кебек хан жүргізді делінетін реформалар арқылы жергілікті мәліктердің еркін құқықтары жойылды, ел түмендер деп аталатын ұсақ әкімшілік бөліністерге бөлініп, оларды көшпелі түрік-монғол шонжарларының өкілдері басқарды.

Мемлекеттегі ақша шаруашылығының жайын, сондай-ақ хулагулық Иран және Алтын Ордада ақша жүйесін ұйымдастыру тәжірибесін ескере отырып, 1321 жылы жүргізілген ақша «кебеки» динарлары енгізілді. Алайда феодалдық қақтығыстар, хан билігінің әлсіреуі Кебек хан реформасының нәтижелерін жоққа сайды. Елді басқару іс жүзінде жергілікті билеушілердің қолында болды, бар айырмашылығы-әкімшілік басқару жүйесінде бұрынғы билеушілердің орнына көшпелі түрік-монғол тайпаларының басшылары келді.

Алтын Ордада Жошы ұлысының мемлекеттік құрылысының түп негізі сақталды. Жошы ұрпақтарының мемлекеті саяси құрылысы жағынан ұлыстарға бөлінген, өз кезегінде ұлыстары неғұрлым ұсақ үлес-иеліктерге бөлшектенген әдеттегі көшпелі мемлекет болған еді.

Алтын Орданың ішкі басқару жүйесінде қызмет адамдарынан, сондай-ақ көшпелі, әскери шонжарлардан құралған әкімшілік-шенеуніктік аппарат маңызды орын алды [3], олардың ішінде түрік халықтарынан шыққандар – қыпшақтар, ортағасырлық ұйғырлар, Еділ бұлғарлары мейлінше елеулі рөл атқарды. Армияны және мемлекттің ішкі істерін басқару үшін ерекше лауазымдар белгіленді. Хан атынан бүкңл әскери істі беклер-бек басқарды, ал азаматтық биліктің басы уәзір болды.

Алтын Орда мемлекетін басқару жүйесінде даруғалар мен басқақтар маңызды орын алды. Даруғалар негізінен салық жинаумен шұғылданды, басқақтар басқару міндетін

атқара отырып, жергілікті халыққа әскери бақылауды жүзеге асырды. Кейбір жергілікті жерлерде олар салық жинау хақысын алушылар ретінде де көрініп отырды.

Атқарушы өкіметтің орталық органы диуанның қарауында қаржы, салық және басқа ведомстволар болды, диуанның бітікші деп аталатын хатшылары болды.

Алтын Орда мен Шағатай ұлысының мұрасы XVI – XVIII ғасырлардағы Қазақ хандығынан да және сол кезеңдегі Орта Азияның, Сібірдің, Еділ бойының, Солтүстік Кавказдың, Қырымның түрік мемлекеттерінен де көрінді. Бұл қазақ қоғамының қоғамдық-саяси құрылысынан көрініс апты, онда сұлтандардың жоғары тобы әкеден балаға ауысқан Шыңғыс хан тұқымдары – Шыңғыс хан ұрпақтарынан құралды, хан тағын тек солар ғана иеленетін болды.

Кезінде Шыңғыс ханның Яссасының моңғол заңдары құрамына енген және XVII ғасырдағы қазақ қоғамы жағдайында мағынасын жоғалтпаған халық ғұрпының кейбір дәстүрлі нормалары қазақтардың заң ескерткіші – Тәуке ханның «Жеті жарғысының» бір бөлігін құрауы да ықтимал.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. 2-том, А., 1998.
2. Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Т.I. М., 1963.
3. Федорова-Давыдова Г.Е. Общественный строй Золотой Орды. М., 1973.

ӘОЖ 929 (09) 045

АЛТЫН ОРДА ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ӘСКЕРИ САЯСАТЫ

Тиркешова А., «Тарих» мамандығының 1 курс студенті
Ғылыми жетекші: Ағниязова А., «Қазақстан тарихы» кафедрасының аға оқытушысы

Аңдатпа. Мақалада көшпелі қазақтардың дәстүрлі әскери өнері, мәдениеті, жауынгерлік өнері, көшпенділердің әскери өмірі, ел басқаруы, рухани өмірі, адамдардың тіршілік үшін күрес қажеттілігін, қасық қаны қалғанша күрескен әскерлер, қарусыз жауынгердің дәрежелері, Шыңғыс ханның жүйелері, көшпенділердің шабуылдау әдістері, шайқас алдындағы қадамдары, мәдениет-дәстүрлері баяндалады.

Түйінді сөздер: зерттеушілер, жауынгерлер, хандар, әскери тәртіп, дәстүр.

Әскери дәстүрлер көшпенділердің өмірінде ерекше маңызды болды.Әскери міндеткерлік қырдағы ең маңызды және ортақ міндеткерлік болды . Өмір емес,өлімге итермелеген қасық қаны қалғанша күресте тек күштілер ғана жеңіп, ұрпақ жалғастыруға құқылы болған. Дала халқы,анығында қаруланған адамдар бұқарасы болған. Әрбір ұл жастайынан жауынгерлік өнерге машықтанды. Арал маңының көшпенділері ,деп жазады XVI ғасырдағы ағылшын саяхатшысы Антоний Дженкинсон «қаршығасын алып құс салуға, не басқадай сейілге шыққанда жебесі мен садағын,қылышын ала шығады олар ат үстінен болсын, жаяу қалпында болсын көздегенін құр жібермейді» деп жазды. Қару-жарақсыз мал өсіруші де жүрмеген , міндеті болатын, сондықтан халық арасында қарусыз еркектің дауыс беру құқығы болмайды, ал жасы кішілер оған орын бермеуге құқылы еді. «Ер қаруы-бес қару» демекші, бұған садақ, қылыш, найза, айбалта, күрзі жатады. Көшпелі халықтарда айқастар көбіне батырлар жекпе-жегімен басталатын бұл әскери өнердегі жауынгерлердің жетістіктерін айқындайтын батырлар айқасының төресі. Шыңғыс хан құрған әскери ұйым, Шыңғыс хан ұрпағының қол астында болған барлық аумақта, атап айтқанда Жошы ұлысында, Шағатай ұлысында және олар ыдыраганнан кейін құрылған көшпенділер мемлекеттерінде ортақ болып қала береді.

Атап айтар болсақ, Алтын Орда ханы Өзбектің (1313-1341),Азаудың венециялық көпестеріне 1332 жылдың 9 қыркуйегіндегі жарлығы былай деп басталады; «Құдай күш берген,ұлы игілік қамқорлығыммен ,менің,Өзбектің, оң және сол қанат Моңғол мемлекетінің оғландарға... жарлығым...» Бұдан көретініміз Алтын Орда мемлекетіндегі әскердің ұйымдастырылуы Шыңғыс хан қолындағы сияқты оң және сол қанат,орталық,түменбасылар,мыңбасылар,жүзбасылар мен онбасылар болып бөлінді.Шағатай ұрпақтарының тұрмыс-тіршілігін жақсы білетін Темір әулеті Бабыр жазбаларында; «Моңғолдардың арасында Шыңғыс ханның орнатып кеткен жүйелері бүгінге дейін сақталған оң қанаттың жауынгерлері барауынгар оң қанатта, сол қанат жауынгерлері жоңғар сол қанатта,орталықтыкілер (қол орталықта, әркім сапта өзіне аталарынан бері тиген орында тұрады.Деректерде жауынгерлік атаулы элементтер, жарауыл-алғыншы, авангард-басты күштердің алдындағы әскер, шақдауыл- арерьгард тосқыншы,жауынгерлік шептердің артында болатын әскер бөлігі;басты күштерді тыл жақтан қалқалау үшін пайдаланады,қарауыл-алғыншының алдында жүретін күзет,ілгер-ерекше мақсатқа арналған,жеңіл қаруланған әскердің ерекше тобы.

XVII ғасырдағы қырымдық мұсылман тарихшы әл-Қажы Әбдіғафар Қырыми хабарлауында ,Алтын Орда ханы Тоқтамыс (1379-1395)билік құрған жылдары , жеке ұланы төрт тайпаның:шырын,барын,арғын,қыпшақ өкілдерінен құралған.Әскер мен Армияны атау үшін ирантілдес және түркітілдес ортағасырлық деректерде парсының лашкар деген сөзі, көбінесе түркінің қосын және шерік деген сөздері қолданды

Көшпенділерде тұрақты әскер болған жоқ, қажет болуына қарай жиналатын ру-тайпалық жасақ болды. Рулық-тайпалық қол өз алдына дербес әскер бірлігі болған:оны ру басшысы бек басқарған; әрбір жасақтың өзінің ұрыстық байрағы болған және ерекше ұраны болған сол әскерлер үшін біріңғай ұран паролі болған, біріккен әскердің жоғары басшысы хан болған. Ұлыс басшысы ұлыс әскерін басқарған; ұлыс әскерінің жеке туы ұраны болған. Әміршіге жіктелер міндет әскерді басқаруға, жорықтың барлық қиыншылығын жауынгерлермен бірге көруге тиіс болған.Мұсылман тарихнамашыларының шығармаларында белгілі –бир әміршінің әскерінің қанша екені туралы деректер жиі келтіріледі.Бұған мысал,Өзбектің ұлы Жәнібек (1342-1357(билік құрған тұста әл-Ақари былай дейді; «...ОЛ Шыңғыс хан тұқымынан және орасан зор көп үш жүз мың әскері бар»зерттеушілер шын мәнінде әміршілердің қол астында бұндай әскер жоқ «үш жүз» мың деген сан көп хандардың әскер сандарындада кездеседі.Мысалы, атап айтқанда, қазақтарға қарсы үшінші жорығы кезінде Мұхаммед Шайбанидің әскерінің саны үш жүз мың адам болды делінеді.Ал шындығында Шайбани ханның мұндай әскері болмағаны мәлім.Бұдан басқа да мысалдар бар.Тегінде «үш жүз мың»деген сан орта ғасырларда мұсылман авторлары «стереотип»ретінде қолданған болу керек деп көрсетті.Деректемелерді талдай келгенде Дешті мен Түркістан әміршілерінің атты әскерінің саны отыз мыңнан елу мыңға салт аттыға дейін болғаны анық байқалады.Әміршіге жүктелер міндет жоғары, барлық жорық қиыншылықтары мен ауыртпалықтарын жауынгерлерімен бірге көрген.Шайқаста өжет болуға ,өзінің әскер бастықтары мен қатардағы жауынгерлерін жауынгерлікке тәрбиелейтін сөзімен рухтандырып,жігерлендіре білуг етиіс болды. Көшпенділер ерте заманнан бастап әскерлерін қолданатын қару түріне қарай бөлген. Алтын орда жауынгерлерінің негізі соғыс қаруы садақ пен қылыш болған. Дәстүр бойынша әскер қарулы салт аттылар және көшпенділердің тиісінше ат үстінде шайқайсуға ыңғайстырылған ерекшеліктері бар. Көшпелілердің рухани мәдениетінің өз даму ерекшеліктері бар. Батыстың зерттеушілері «Көшпелілер өз бетінше мәдени құндылықтар жасауға қабілетсіз, олар тек басып алған отырықшы халықтардың мәдениетін қабылдайды, ал отырықшы халықтың мәдениеті оларға өгей болп қала береді. Бұл қате- пікір көшпелілер өз тұрмыс-қарекетіне лайықты мәдениет қалыптастырды. Мұндай таза көшпелі мәдениет үлгілеріне біз жиналмалы киіз үй,ер-тұрман,теріден,ағаштан жасалған ыдыс –аяқтар,бесіктерді жатқызамыз.Көшпенділердің орманды мекен ететіндер ағаштардың арасынан аспанды

төрт бұрышты бітімінде көреді,Кавказдың биік тауларындағы үй көшпелі шаруашылық түрінде, жазық дала тек көкжиекпен шеңбер тәрізді шектелген. Сондықтан көшпелілердің тұрағы дөңгелек. Көшпенділердің семсерлері ұзын және ұш жағы қайқылау болатын ат үстінде тұрып шайқасқан кезде дәл осындай семсер қылыш өте ыңғайлы еді. Жауынгердің қару жарақтары қатарында сауыт,қалқан,дулыға,кіреуке болды сонымен қатар соғыс барабандары,дабылдар, кернейлер болды олармен соғыс дабылдары берілді олардың үні жауынгердің рухын көтеріп жігерлендіретін болған. Жорық туралы жариялағанда әр бір жауынгер жауға мінетін кем дегенде екі атын сайлап қару жараған қамдап келеді. Көшпелі дала тұрғындарының атты әскері ерекше оңтайлы іс әрекеті шапшаң, жауға тап беру үшін қай жерде болсын тез көп қол болып жинала қалатын. Ұрысқа мұқият дайындалатын аттарының жал құйрығын тарайтын,қылыштар мен найзаларын қайрайтын,садағы мен жебелерін тексеріп,ұрыстық белгілерін дайындайтын.

Шайқас алдында жауынгерлер соғыс аттарына қалқандарын іліп, өздері сауыттарын киіп,жаулардан бөлек болу үшін білектеріне өздерінің әскери туы түстес мата байлап алатын. Белгіленген уақытта ту ұстаушы жауынгер басты туды көтергенде армия жауға қарсы жүретін қарсыластардың қатары бір-біріне тақасып келгенде екі жақта өздерінің жауынгерлік ұрандарын айтып айқайлайды.Соғыс қаруының өзге түрлерінен басқа соғыс барабандары,дабылдар, кернейлер болды Олармен соғыс дабылдары берілді,жауынгерлердің рухын көтерді. Әрбір ру, әскери бірлестіктің және әрбір әміршінің әскери туы болды.Мырза Хайлар Дулаттың «Тарихи Рашидиінде» түмен ту,қосын ту,шарбар ту деген тулар атаулары кездеседі.Тулардың түстері туралы деректемелерде ,ақ,жасыл,көк,күлгін деп көрсетсе Шыңғыс ханда ағаш сапты «тоғыз құйрықты ақ ту» болған Қытай деректемелерінде «елдің дәстүрі бойынша ақ түс ерекше қасиеттелді және бақыт акелетін түс деп саналды»Жошы ұрпағы мұхаммед Шайбанидің де туы да ақ түс болды. Соғыс барысында басты тудың жығылуы немесе жоғалуы әскердің жеңілісі болды.

Ерлік алаңына бірінші болып батырлар шығып бір-бірін шайқасуға шақырады бұдан соң екі жақтан алға шапқындар шығып айнала аттарын ойната жүріп шайқасты бастайды. Ақыры түйіскен әскерлер бір-біріне тап беріп әскерлер қылышпен найзаның нысанасына айналады. Егер әскер бастықтары жаумен ат үстінде шайқасу дұрыс болмайды десе әскер қажетіне қарай аттарынан түсіп шылбырын белбеулеріне іле сала жауға жебелерін жаудырады, жаудың бетін найзамен қайтарады.Егер жаудың адамдары қапелімде тап берсе,қанаттарын қусырып шеңберлеуге тырысады одан соң шеңбер ішінде шеңбер жасап айнала соғыса береді. Дешті Қыпшақ көшпенділері шабулдау кезінде қоршап алу, орап алу, айналдыру,дөңгелету деген әдістерді қолданды. Соғыс жүргізу әдісі ретінде толғама деген айналу,қарсыластың қанаттарынан не тылынан шабулдау болып табылады бұл көшпенділердің «шайқастағы ұлы шеберлігі» деп суреттейді. Бабырдың Шайбани ханмен 1501жылы шайқасынан үзінді; Жауласушы екі армияның қатарлары бір-біріне тақалғанда Шайбани хан әскерінің оң қанатының шеті Бабыр әскерінің сол қанатын орағытып, оның ту сыртынан шықты ,осы арада мен оларға алғы шебіммен бұрылдым - деп жазады, сөйтіп біздің алғыншымыз оң қолда болып шықты ал біздің маңдай бетіміз жалаңаштанып қалды. Жаудың адамдары енді бізге алдынанда,арттанда тап беріп, жебелерін жаудыра бастады. Шабулдардың бұл әдісі мынадай:бектер мен нөкерлер бәрі бірге жауға қарай құйындата шапқан бойы жебелерін жаудырады да, аттарын кілт кері бұрып бытырай кері қарай шабады. Соғыстағы ерлік жоғары бағаланады ұрыс даласында басқалардан гөрі «көбірек бас кесіп қан ағызғандар» көшпенділер мемлекетінде ерекше құрметке бөленеді. Шайқастағы батылдығы үшін және ұрыс қимылдарын бүлікті ұйымдастырғаны үшін «батыр» деген атақ берілген. Бұл құрмет үздік жауынгерлік қасиеттері үшін қатардағы жауынгер болсын не текті ханзада болсын берілетін болған.Батыр атты садақшылар елі,семсерге табынып,жеңілген жауының бас терісін кесіп алып,бас сүйегінен шарап ішетін тостаған жасаған. Әскер құрамы мен қару-жарағы ұрыс барысын айқындайды – садақпен ретсіз оқ жаудыру мен бүкіл ұрыс шебінде тәртіпсіз қоян-қолтық шайқасқа түсу жиі қолданылған. Атты әскер санының көп

болуы,көсемдердің сарбаздардың болуы. Жасақтардың негізгі соғыс қаруы садақ пен жебе,қылыш және қорғаныс қарулары,сарбаздардың негізгі қарулары қылыш, найза және жалпыға бірдей садақ. Көшпенділердің соғысында ең маңыздысы жауына күтпеген жерден,әсіресе түнде шабул жасау болды.Жеңіске жеткен жағдайда қарсы жақтың еркектерін түгелдей қырып отырған Еуразия көшпенділерінің соғыс тұрғысындағы қарекетінің өзіне тән ерекшелігі болды. Қасым күні (күзгі маусым соңы мен қысқы маусымға дайындық уақыты(жақындағанда әскердің жорыққа қамдануы тоқталатын,өйткені дала тұрғындары бұл уақытта қыстауға қамдануға тиіс болды.Соғыстағы ерлік жоғары бағаланды,жеке ерлігі үшін батыр деген атақ талай ерлік көрсеткендер,И.Барбароның жазғанына қарағанда , толыбатыр деген дәреже берген. Атап айтар болсақ көшпенділер тек әскери өнерімен емес рухани мәдениеті тіптен бай, табиғатқа жақын ақынжандылық,қиялшылдық,түптеп келгенде шығармашылықпен ойлау жүйесі қатты дамыды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Тұрсын Сұлтанов Алтын Орда- Алматы 2013
2. Құрбанғали Халид. Тауарих Хамса. – Алматы, 1992
3. Х. А. Арғынбаев. Қазақ халқындағы семья мен неке. – Алматы, 1973.
4. Созақбаев С. Тәукен хан. Жеті жарғы. – Алматы, 1994.

ӘОЖ 929 (09) 045

АЛТЫН ОРДА ДӘУІРІНДЕГІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫС ЖӘНЕ ҚАЛАЛАРДЫҢ ӨСУІ

Хамзеева И., «Тарих» мамандығының 1-курс студенті
Ғылыми жетекші: Ағниязова А., «Қазақстан тарихы» кафедрасының аға оқытушысы

Аңдатпа. Алтын Орда қуат-күші асқан ірі мемекет болды. Алтын Орда тарихы ішкі талас-тартыстармен соғыстар тарихы емес сонымен қатар гүлденумен өркендеудің де тарихы. Бұл еңбекте Еуразия аймағында экономикалық мақсатта орнаған қалалар сөз болады. Ең кереметтілігі сол, Еуропалық бөлігінде бұрын болмаған шығыстық қала үлгілері еуропалықтардың бұрын болмаған қалалық жағдайына бейімделуіне және тың өркендеуіне алап келді.

Түйінді сөздер: Алтын Орда, қала, Өркендеу,Сауда,Археология.

Алтын Орданың тарихын зерттеу XVIII ғасырда басталды. Моңғол билігі тарихының кейбір проблемалары XVIII ғасыр тарихшыларының еңбектерінде де қозғалды. В.Н.Татищева, М.М.Щербатова, П.А.Рычков секілді ғалымдар Ресей мемлекетінің тарихындағы Алтын Орда тарихына маңызды орын берді. Н.М.Карамзин көзқарасы Алтын Орданың тарихына үлкен қызығушылық тудырды.Орыстың белгілі шығыстанушысы Х.М.Френ «Бір кезде екі жарым ғасырға жуық өмір сүрген Жошы ұлысы, ал могометандар арасында Алтын Орда деген атпен белгілі болған моңғол әулетінің билігі орыс тарихнамасында Ресейдің қасіреті мен тақсіреті болған, орыс нкязъдері сөзсіз құлдық пен тәуелділікте болғандықтан, бұл үстемдік біздің Отанымыздың тағдырына, құрылымына әсерін тигізбей қоймайды» деген болатын.

Соңғы жылдары тарихнамада «Алтын Орда» ретінде жақсы белгілі Жошы ұлысы мемлекетінің тарихына деген қызығушылық айтарлықтай өсті. Бұл үлкен Еуразиялық держава тарихының көптеген аспектілері ғалымдардың зерттеу объектісіне айналуда. 1937 жылы Б.Д.Греков пен А.Ю.Якубовский: «Орыс тарихының тарихи тұрғысынан, Жошы

ұлысы немесе Алтын Орда ерекше қызығушылық тудырады, Мәскеудің орталықтандырылған мемлекетінің құрылуын ұзақ уақыт бойы мойындалмаған, шындыққа айналған Алтын Орданың көмегінсіз түсіне алмайтындығын айта келе, Алтын Орданың тарихын білу үшін бағытты түсіну үшін де қажет. Орта Азия халықтарының тарихы, әсіресе XV ғасырдан басталатын, Орта Азиядағы өзбек хандары билігінің құрылыуы XV ғасырдың ортасында орын алған Алтын Орданың күйреуімен тығыз байланысты екені белгілі. Ал, Алтын Орданың тарихын білместен, сайып келгенде, Қазанның да, Қырымның да, Астрахань хандықтарының да тарихынтүсіну, Оңтүстік Ресей далаларының, Солтүстік Кавказдың және Каспий мен Аралдың солтүстігіндегі далалардың кең аумақтары туралы тарихын қозғау қиын. Шын мәнінде, бұл бір кездегі қуатты мемлекет қайда орналасқан?» деп сұрады. Алтын Орданың тарихын білместен Татарстан тарихын түсіну мүмкін емес. Алтын Орданың тарихы туралы сандық материалдар көп болғанына қарамастан, оның тарихының барлық жақтары толық қамтылмады. Тарихи көздерден басқа (тарихи шежірелер, саяхатшылардың жазбалары) ханның жапсырмалары түрінде сақталған құжаттар, ресми хат алмасу үлгілері, сондай-ақ материалдық мәдениет пен өнер ескерткіштері түріндегі археологиялық мәліметтер бар.

Алтын Орда көшпелілер мен татарлардан ғана емес, жергілікті ауылшаруашылық халқы бар, қалаларда қолөнері, мәдени өмірі өркендеген жергілікті тұрғындардан тұрды, бір сөзбен айтқанда, Алтын Ордада өзіндік ішкі өмірімен өмір сүретін әр түрлі этникалық құрамы бар адамдар болды, олардың іздері тек материалдық мәдениет пен өнер ескерткіштерінде ғана емес, сонымен бірге көршілерімен мәдени өзара әркеттесу фактілерінде де сақталған.

XX ғасырдың 30 жылдарынан бастап көптеген зерттеулер орын алып, Алтын Орда империясы тек қана басқыншы, отарлаушы, қатігез империя деген түсініктің біржақты екеніне көз жеткізді. Оған дәлел империя дәуірінде қалалардың экономикалық дамуы мен өсіп өркендеуі Алтын Орда дәуірінде қалалар «Сарай» деп аталды. Сарай парсы сөзі түркілер арқылы моңғолдар қолданысына енген. Моңғолдар хан сарайын осылай атаған болса, кейін уақыт өте келе хан сарайын айнала салынған қалалар біртіндеп осылай атала бастаған.

Алтын Орда мәдениеті туралы сипаттамасында Ғазиз Ғұбайдуллин сауда бағыттары қауіпсіз, жақсы ұйымдастырылған, арзан және кедендік баж аз көрсетілген, «Сауда туралы айтатын болсақ,-деп жазды тарихшы, - жолдар мен почта байланыстар туралы айтпай кетуге болмайды. Осындай табиғи жағдайлары бар елді басқару үшін, ең алдымен, жылдың кез-келген уақытында жүруге жарамдыжақсы жолдар салу керек еді. Жолдар үнемі жөнделіп отырды. Жол бойында арнайы қызметкерлер Кемачи (катер), Куперчи (көпір салушы) болды. Жол бойындағы тұрғындар арнайы кезекпен мемлекеттік шенеуніктеді, саяхатшылар мен саудагерлерді ертіп жүруге, қажет болған жағдайда оларды жылқымен қамтамасыз етуге, тамақтандыруға, тұруға және демалуға тапсырыс беруі тиіс болды. «Бұлардың барлығы сайып келгенде, дала жолының бойымен халықаралық сауданың күрт өсуіне әкелді.Бұл өз кезегінде Алтын Орда қала құрылысының ауқымында көрініс тапты.XIV ғасырда Орхон жағалауына дейін жеткен 17 қалада өзіндік ұлттық деңгейдегі монеталарды шығару жолға қойылды. Монеталарды шығаруға құқығы бар қалаларға Сарай, Сарай аль-Джедид, Хорезм (Үргенч), Гүлістан, Бұлғар, Биляр, Азақ, Қырым(Солхат), Кафа, Хаджитархан, Орда Базар, Бек Базар, Укек, Сарайшық кірді.

Алтын Орданың дүниежүзілік саудасының оның қалалары мен мәдениетін қалыптастыруға тигізген үлесін дұрыс емес бағалау «паразиттік мемлекет» деп келген имиджінің өзгеруіне және жалпыңа қолайсыздығына әкелді (Г.Федоров-Давыдов). Алтын Орданың негізгі қалаларының Сарай мен Солхаттардың (Крым тұрғындарының саны әрқайсысы 75 тен 150 мыңға дейін тұрды.Алтын Орданың 110 қаласының жалпы халқы 0,5-1 млн адам шамасында деп бағалауға болады. Кез келген қаланың келбетін орталық аудан анықтайды. Жаңа қалалар түзу нөлден және кеңістікті шектейтін қабырғаларсыз

құрылғандықтан, олардың орталық аудандары үлкен болды және тікбұрышты немесе шаршы пішінді болды. Шехр аль-Джедидте (Ескі Орхей, қазіргі Кишиневке жақын) қала алаңы 2 мың шаршы метрді алып жатты. Орталық алаңда монументалды ғимараттар тұрды, әрине – діни. Әдетте, бұлар алтыбұрышты (көбінесе сегізбұрышты) биік мұнаралары бар үлкен мешіттер болатын. Шағын мешіттер мен шіркеулер бір дінді ұстанатын тұрғындар шоғырланған жерлерде болды. Орталық алаңда мешітте керуенсарай орналасқан (негізгі керуен-сарай, егер ол қалада болса). Сондай-ақ, сауда орталықтары мен шеберханалар болды. Шехр аль-Джедидте, орталық алаңда зергерлік шеберхана, қыш пісіру шеберханасы болды. Алтын Орданың барлық елді мекендерінде моншалар болған, сол кезде Батыс Еуропада тіпті ірі қалаларда да сирек болған. Тұрғындары ауыз суды су бұрқақтармен ішетін. Ағын судың рөлін атқаратын арықтар болды. Өзен және құрлық жолдарының қиылысындағы қолайлы географиялық орналасу Болгарияны әлемдік сауда үшін маңызды транзиттік орынға айналдырды.

Қала түркі қалалық мәдениетінің ең үлкен орталығы жәнеде Х ғасырдан бері ислам діні таралды. Д.М.Исхакова және И.Л.Измайлов, болгарлық миссионерлердің ықпалымен Ислам Алтын Ордада мықты позицияны иелене алды. Алтын Ордада көптеген жаңа қалалар салынып отырды. Ескі қалалардан айырмашылығы әдетте, ауылшаруашылық отырықшы өркениет аудандарында олар өздігінен емес, мемлекеттік тапсырыс бойынша – ханның бұйрығымен , негізінен XIV ғасырдың бірінші жартысында пайда болды. Кейбір қалалар шет аумақтарда орналасқанына қарамастан қала қабырғасы, сауда және өнеркәсібі болды. Елордалық құрылыстың негізгі құрылыс материалы тас пен кірпіш болды. Сарай-Бату, Ахтубаның сол жағалауында Еділді кесіп өтетін жерде орналасқан. Мұнда қолөнер жақсы дамыған.Сауда айналысы дамып, қала аумағы өсіп, 36 шаршы шақырым болды. Қолөнершілер метталургия, металл өңдеу, қыш шыны жасау, зергерлік бұйымдар және сүйек ою секілді салаларды меңгерген жәнеде өнімді экспортқа щығарып отырған.

Сарай-Бату қаласында моңғолдар, қыпшақтар, аландар, черкес, орыстар, болгарлар, византиялықтар мен итальяндар өмір сүрді. Әр халық өзінің жеке кварталына ие болды:өзінің ғибадатханалары, зираттары, базарлары болды. Халықтары негізінен мұсылман және түркітілдес адамдар болды. Сарай-Берке қаласын экономикалық аудан деп атайтын болсақ, діни астана Сарай-Берке немесе Сарай әл-Жадид болды. Мұнда ақсүйектер және төменгі тап өкілдері аудандары, тұрғын үйлер мен қолөнер ғимараттары, діни ғимараттар орналасқан. Қаланың оңтүстік- шығыс бөлігі ерекшелеу болатын. Бұл аумақта көшелер арасын қабырғалар қоршап тұратын болған. Қала маңында кішігірім қалашықтар орналасқан . Бұл қалашықтарда қолөнершілердің үйлері болды. Бастапқы уақыттары жылжымайтын мүлік қаланың өзегі болса керек. Біртіндеп дамыған аудандар, сауда және қолөнер көшелер, кішкнтай үйлермен тығыз салынды. Әр қалада болатын сумен қамтамасыз ету мәселесі өте маңызды орында тұрды. Көптеген көшелерде канализация желісі арқылы қаланың солтүстік шетінде салынған ірі жасанды көлдер жалғанып, қаланы сумен қамтамасыз етіп отырған.

Қалалар төңірегінде бірнеше ірі мұсылман зираттары болды. Ибн Батута Сарай Беркені 1333 жылы Өзбекстанның зираттарын аралаған жәнеде кең көшелер мен әдемі базарлары бар ірі қала екенін ата өтеді. Онда алты халық, яғни, алан, монғол, қыпшақ, орыс, черкес және гректер өмір сүрген. Сарай- әль-Жадид өркениетті әлемнің барлық жерінен саудагерлерді тартатын маңызды сауда нүтелерінің бірі болды. Қазба жұмыстары кезінде византиялық белгішелер, итальяндық әйне ыдыстар, қытай форфоры, үнді алтын монеталары және араб маталары табылды. Тұрақты шикізат пен байлық ағындарының көздерін жоғалтқан қалалар тез әлсірей бастайды. Бұл дағдарыстан кейін біртіндеп құлдырайды. Бұл дағдарысқа себеп, дала халқының негізгі бөлігінің консервативті өмір салты ықпал етті, олар далада өз малдарымен өмір сүрді және Сарай хандарына тәуелді болмады.Сондықтан, орталықтандырудың әлсіреуімен билік қалалардан көшпелі ордаға ауысады, саяси және әскери күштердің назарына айналады.

Факия Шамшединова Сарайшықта орда хандары Токта, Әз Жәнібек, кейіннен қазақ хандары Жәнібек пен Қасым жерленген. Қала XIII ғасырда сауда-экономикалық орталығы ретінде қалыптасты", - дейді тарихшы маман.

Қазба жұмыстары кезінде Алтын Орда мәдениетіне сәйкес тиындар табылған. Ең көне тиын Батый ханның немересі Мегу Темірдің(1266-1282) билігі кезінде соғылған дирхем. Кейін теңгелер әртүрлі саяси-экономикалық немесе әскери келісім мақсаттарында соғылған.

Қорытындылай келе, Алтын Орда экономикасы өз заманына айтарлықтай дамып, сауда саттық негіздері жүзеге асырылып отырған. Ірі-ірі қалалардың тұрғызылуына байланысты ауқымы кеңейіп қолөнер саласы дамып отырған. Сауда-саттық арқасында бірқатар ірі қалалар сауданың негізгі орталықтарына айналған. Алтын Орда дәуірінде Еуразия даласында экономикалық мақсатта салынған қалалар, қәзіргі қалалардың заңды жалғасы екені анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Қазақстан тарихы 5- томдық, 2- ші том, 254 бет
2.Сұлтанов.Т Алтын Орда, Алматы. 2003
3.Сарайшық тиындары/ З.Самашев, Р.Бурнашева, В.Полхов Алматы, 2006 184 бет

УДК 929 (09) 045

ПОЛИТИЧЕСКОЕ УСТРОЙСТВО ЗОЛОТОЙ ОРДЫ

Шова Л., студентка 2 курса специальности «Машиностроения»
Научный руководитель: Бекенжанова А.А., старший преподаватель кафедры «История Казахстана», магистр

Аннотация. В статье рассматриваются территориальное расположение, основные моменты политического устройства Золотой Орды, упоминается о непосредственной связи Золотой Орды с казахскими корнями, об образовании улуса, обретении им полной независимости и установившимся в дальнейшем государственном устройстве, уделяется внимание внешней и внутренней политике государства.

Ключевые слова: Золотая Орда, внешняя политика, внутренняя политика, государственное устройство территория, улус.

В истории Казахстана Золотая Орда занимает значимое место. Казахское ханство, не образовалось «на пустом месте», оно взаимосвязано с историей Золотой Орды совместно с Казанским, Крымским, Астраханским, Сибирским ханствами и Ногайской ордой.

По мнению ряда ведущих специалистов, этногенез казахского народа в основном состоялся как раз в золотоордынский период, и на момент распада Орды недоставало только современного названия «қазақ», которое появилось позже в связи с рядом политических обстоятельств.

Золотая Орда была одним из крупнейших государств средневековья, владения которого находились в Европе и Азии. Ее военная мощь постоянно держала в напряжении всех соседей и очень долгое время никем не оспаривалась. Монархи даже отдаленных стран стремились завязать с ней дружественные отношения и всеми силами их поддерживать. Наиболее предприимчивые купцы преодолевали огромные расстояния, чтобы попасть в ее столицу, которая по праву слыла крупнейшей торговой базой между Востоком и Западом. По всему миру разносили путешественники и торговые караваны правдивые рассказы и невероятные легенды о народах, населявших Золотую Орду, их

своеобразных обычаях и кочевой жизни, о богатстве и мощи правивших здесь ханов, бесчисленных стадах скота и бескрайних степях, где можно было неделями не встретить ни одного человека.

Во всех монгольских государствах, возникших в XIII в., утвердились правящие династии, ведущие свой род от Чингисхана. Глава каждой из них рассматривал выделенную ему или завоеванную территорию не как государство, а как родовое владение. Кипчакские степи получил старший сын Чингисхана Джучи, который и стал основателем правившего здесь многочисленного семейства Джучидов. В полном соответствии с этим каждый из вступавших на сарайский престол ханов называл свое государство просто «улус», т. е. народ, данный в удел, владение [1].

Возникновением Золотой Орды, или Улуса Джучи, как она обозначалась в собственно ордынских и восточных источниках, можно считать разделение Монгольской империи Чингисханом между своими сыновьями, произведенное к 1224 году. После Западного похода (1236-1242), возглавляемого сыном Джучи Бату, улус расширился на запад и его центром стало Нижнее Поволжье. Уже при своём образовании Золотая Орда делилась на улусы, принадлежавшие 14 сыновьям Джучи: 13 братьев были полусамостоятельными государями, подчинявшимися верховной власти Бату. В 1251 году в столице Монгольской империи Каракоруме состоялся курултай, где великим ханом был провозглашён Мунке, сын Толуя. Бату, «старший в роде», поддержал Мунке, вероятно, надеясь получить полную автономию для своего улуса [2]. Противники джучидов и толуидов из потомков Чагатая и Угэдэя были казнены, а конфискованные у них владения были разделены между Мунке, Бату и другими чингизидами, признавшими их власть.

С начала существования Золотая Орда не была суверенным государством. Юридически владения джучидов составляли единую империю с центральным правительством в Каракоруме. Создание такой системы было связано с попыткой предотвратить неизбежный распад огромной империи на отдельные независимые части. Но в 60-е годы XIII в. вокруг каракорумского престола разгорелась междоусобная борьба между Хубилаем и Ариг-Бугой. Победивший Хубилай перенес столицу из Каракорума на территорию завоеванного Китая в Ханбалык. Правивший в это время в Золотой Орде Менгу-Тимур поспешил воспользоваться представившимся поводом и не признал за Хубилаем права верховного правителя всей империи, так как он покинул столицу ее основателя и бросил на произвол судьбы коренной юрт всех Чингизидов - Монголию. С этого момента Золотая Орда обрела независимость в решении вопросов внешнеполитического и внутреннего характера, а охраняемое единство заложенной Чингисханом империи разрушилось, и она развалилась на куски.

Ко времени приобретения суверенитета в Золотой Орде, уже существовала собственная внутригосударственная структура. Основой этой системы было армейское десятичное исчисление всего населения страны. В соответствии с армейским членением все государство делилось на правое и левое крылья. В улусе Джучи правое крыло составило владения хана Бату, простиравшиеся от Дуная до Иртыша. Левое крыло находилось под властью его старшего брата хана Орды. Оно занимало земли на юге современного Казахстана вдоль Сырдарьи и к востоку от нее. Правое крыло называлось Ак-Ордой, а левое - Кок-Ордой. Из этого вытекает, что понятия «Золотая Орда» и «улус Джучи» в территориальном и государственно-правовом отношениях не являются синонимами. Улус Джучи после 1242 г. разделился на два крыла, составивших самостоятельные владения двух ханов - Бату и Орды. Однако ханы Кок-Орды сохраняли по отношению к ханам Золотой Орды (Ак-Орды) определенную политическую зависимость [3].

Орда представляла собой достаточно типичное монгольское государство, состоящее из нескольких ханств. В XIII веке территории Орды все время меняли свои границы, а количество улусов (частей) постоянно менялось, однако в начале XIV века была проведена территориальная реформа и Золотая Орда получила постоянное

количество улусов. Во главе каждого улуса стоял свой хан, который принадлежал правящей династии и был потомком Чингисхана, во главе же государства стоял единый хан, которому подчинялись все остальные. В каждом улусе был свой управляющий, улусбек, которому подчинялись более мелкие чиновники. Золотая Орда была полувоенным государством, поэтому все административные и военные должности были едины.

Улус Джучи появился в результате завоеваний. Поэтому, говоря о его международных связях, нужно учесть, что в начальный период становления золотоордынского государства, его участие в мировой геополитике определялось военным фактором. Поэтому отношения джучидов с другими государствами до 1242 г. носят в большей степени военный характер. Однако внешнеполитическая история Золотой Орды, на протяжении 1242-1380-е гг., в целом связана не только с военными действиями, но и с установлением дипломатических отношений с Русью, Египтом. Золотая Орда была одним из крупнейших государств средневековья, владения, которой находилось в Европе и Азии. Ее военная мощь и влияние постоянно держала в напряжении всех соседей и довольно длительное время никем не оспаривалась. Монархи даже отдаленных стран стремились завязать с ней дружественные отношения и всеми силами их поддерживать.

Во внутренней политике основополагающим звеном стал Бату хан. Вернувшись на Волгу, Бату произвел передел владений в улусе Джучи. В первую очередь это коснулось перераспределения уделов в связи с существенным расширением территории улуса. Неоднократно сталкиваясь с претензиями своих родственников на реальную власть в уделах в ущерб улусному правителю, Бату не позволял родичам закрепляться в полученных ими владениях и обзаводиться союзниками из числа местной знати. Стремясь не допустить появления автономных наследственных уделов, Бату периодически «перетасовывал» владения своих родственников, переводя царевичей под разными предлогами из одних уделов в другие. Сам Бату, по-видимому, старался привлекать на свою сторону местную знать, вступая в брак с дочерьми покоренных правителей.

Он восстанавливал города, много внимания уделяя развитию городской инфраструктуры и торговли, а также строил новые города. Бату гораздо активнее действовал как правитель, чем как полководец. Внутренняя политика Бату позволила заложить основы будущего могущества Золотой Орды. Его можно считать одним из правителей (наряду с Джучи и Берке), заложивших основы будущего самостоятельного государства, но никак не создателем такового.

Авторы средневековых сочинений всегда отмечали важную роль, которую играл Орда в политической жизни не только Улуса Джучи, но и всей Монгольской империи. Орда вместе со своим младшим братом Бату возглавил третье поколение управленцев Монгол Улуса — эпоху внуков Чингиз-хана. В центре империи внуков поочередно представляли Гуюк, Мунке, Арик-Бука и Хубилай. Вдали от них, на юго-западе от Монголии, в Иране был еще один внук - Хулагу. Именно при них основанная дедом империя достигла пика своего могущества, и при них же начался ее распад. Важнейшие события военно-политической истории Монгольской империи на протяжении второй трети XIII в. происходили с непременным участием Орды [4].

Образовавшись на развалинах империи Чингисхана, она являлась определяющим политическим фактором на просторах Дешт-и-Кыпчака. заполнив собою лакуну, образовавшуюся после гибели Хазарского каганата. Фактически, Золотая Орда являлась наследницей раннесредневековых кочевых империй, стремившихся овладеть северной ветвью Великого Шелкового пути.

Таким образом развивалась длительная история Золотой Орды, огромное количество письменных источников и культурных памятников которой, имеются именно на территории Казахстана, и которая оставила неизгладимый след в её истории.

ЛИТЕРАТУРА

1. Егоров В.Л. Золотая Орда: мифы и реальность, М.,.Знание, 1990
2. Вернадский Г.В. Монголы и Русь, М., 1997 - 480 с.
3. Ускенбай К.З. Восточный Дашт-и Кыпчак в XIII – начале XV века. Проблемы этнополитической истории Улуса Джучи /Ред. И.М. Миргалеев. – Казань: Изд-во «Фэн» АН РТ, 2013. – 288 с
4 Ускенбай К.З. Левое крыло Улуса Джучи в XIII – начале XV века: Материалы Международной научно-практической конференции (Санкт-Петербург, 4–6 мая 2016 г.) 2017, стр. 348

ӘОЖ 94 (574) (045)

АЛЫП МЕМЛЕКЕТ- АЛТЫН ОРДАНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

Молдабекова А., «География» мамандығының 3-курс студенті
Ғылыми жетекші: Ерманова Н.І., «Қазақстан тарихы» кафедрасының оқытушысы, магистр

Аңдатпа. Мақалада ірі ортағасырлық мемлекеттердің бірі Алтын Орда туралы жазылған. Алтын Орда мемлекеттінің қалыптасуы, оның мемлекеттік құрылымы, және Алтын Орда билеушілері туралы қысқаша сипаттама беріліп, Еуразия халықтарының арасындағы алатын маңызы туралы, сонымен қоса Алтын Орда мемлекетінің ыдырауы мен бірнеше бөліктерге бөлінгендігі жайлы жазылған.

Түйінді сөздер: Алтын Орда, Түркі әлемі, Монғол империясы, Шыңғыс хан, Берке хан.

Түркі әлемінің алып мемелекеті, ірі ортағасырлық мемлекеттердің бірі Алтын Орда туралы зерттеулерге әлі күнге дейін қызығушылық әлсіреген жоқ. Бұл мемлекеттің тарихы көптеген елдерде бұрыннан зерттелуде. Шыңғыс хан 1227 жылы ақпанында әкесінен 6 ай бұрын қайтыс болған өзінің ұлы Жошыға Ертістің батысындағы жазықты берді. Семей, Ақмола, Торғай, Орал және Хорезм. Өлер шағында бұл жерлерді Шыңғыс хан Жошының балаларына берді. Бірақ үлкен бөлігін екінші ұлы Батуға берген болатын. Шыңғысхан қайтыс болғаннан кейін 1235 жылы Қарақорымда монғол ақсүйектерінің құрылтай жиналысы өтті. Сол жиында Шығыс Европаға жаңа жорық жасау туралы шешім қабылданып, жорыққа Монғол әскерін бастап Шыңғыс ханның немересі Батый баратын болды. Батый басқарған монғол армиясының көпшілік бөлігін қыпшақтар құраған. Соған байланысты көптеген деректерде оның әскері қыпшақтық деп аталған болатын.

1236-1242 жж. Батый Еділ Бұлғариясын, орыс княздіктерін бағындырып, Польшаны, Венгрияны, Чехияны, Молдовияны, Валахияны, Трансильванияны талқандап, Еділдің сағасына қайта оралды да, мұнда жаңа монғол мемлекеті – Алтын Орданы құрған болатын. Алтын Орда аумағы шығыста Ертіс өзенінен батыста Еділ мен Әмударияның төменгі сағасына дейінгі орасан зор жерлерді алып жатты. Алтын Орда Шығыс Дешті Қыпшақ, Хорезм және Батыс Сібір территориясының бір бөлігін қамтыды. Бастапқыда астанасы Астрахань маңындағы Сарай-Батый қаласы болды, кейін астана Сарай-Берке қаласына Еділ бойындағы жоғарырақ жерге көшірілді. Алтын орда (1243-1503) – Орта ғасырларда Шыңғыс хан империясының құрамында дешті қыпшақта құрылған түрік мемлекеті. Экономикалық және әскери күш-қуаты толысып мәдениеті өркендеген кезеңде мемлекет жерінің көлемі 10 млн км2-ден асты. Батыста Днестрге, Шығыста Ертіске, оңтүстікте солтүстік кавказға дейін жетті. Орыс княздықтары да Алтын ордаға тәуелді болды. Алтын Орда көпұлтты мемлекеттік құрылым болды. Ол әралуан халықтар мен тайпалардан құралды. Монғолдардың өздері де тіпті аз еді. XIV ғасырда монғолдар іс

жүзінде түріктеніп кеткен еді, ал Алтын Орданың халқы «татарлар» деп атала бастады. Белгілі шығыстанушы Л.Н. Гумилев Қиял патшалығын іздеу еңбегінде «жеңген монғолдар өздері құрған мемлекетте азшылықта қалып, жеңілген және бағындырылған халықтар шын мәніндегі қуатты күшке айналып шыға келді. Ал тақта мығым отыруды қалаған басқарушылар бұл күшпен барған сайын жете санасуға тиісті болды»атап көрсетті [1]. Алғашында Алтын Орда Монғол империясының бір бөлігі болды, сөйтіп, әуелгі кезде монғолдың ұлы ханына қарайтын, бірақ Батый хан өзін тәуелсіз билеуші ретінде ұстады. 1260 ж. Монғол империясы тәуелсіз ұлыстарға бөлінді. Алтын Орда Батыйдың інісі Берке ханның тұсында дербес мемлекетке айналды. Ол елді басқарған кезде Алтын Орда Монғол империясынан біржолата бөлінді. Одан кейінгі Мөңке-Темір хан тұсында Алтын Орда тұңғыш рет өз атынан теңге құя бастады. XIII ғасырдың 80-ші жылдары Алтын Ордада беклербек Ноғайдың есімімен байланысты дағдарыс басталды. Ноғай Шыңғысханның бір ұрпағы ретінде Батый мен Берке кезінде мемлекеттегі екінші адам болды. Оның ниеті өзінің дербес мемлекетін құру еді. Ол өзіне Дунай, Днестр, Днепр бойындағы елдерді бағындырып алды. Тоқты хан кезінде алауыздық өзара күреске ұласып, 1300 жылы Ноғай жеңіліс тапты, содан кейін ғана Алтын Орданың бірлігі қайтадан қалпына келтірілді. Өзбек және оның баласы Жәнібектің тұсында Алтын Орда барынша күшейді. Берке хан билік еткен кезеңде (1957-66) Шыңғыс хан ұрпақтары және оларға ере келген әскерлер мұсылман дінін қабылдай бастады, біртіндеп жергілікті түркі халықтарының әдет ғұрпына бой ұсынып, араласып кетті. 1312 ж Өзбек хан Алтын ордада Ислам дінін мемлекеттік дін деп жариялады. Еділ бойы мен Орта Азиядағы мұсылмандық дәстүрдің әсерімен далалық мәдениет Исламданды. Алтын орда Анадолымен, Сириямен, Мысырмен және басқа да шығыс елдерімен сауда қатынасын орнатып, елшіліктер алмасып отырғандықтан Ұлы Жібек жолының маңызды бір тармағына айналды[2].

Алтын Орда хандығы берік мемлекеттік бірлестік бола алған жоқ, оның әлеуметтік және мәдени даму дәрежесі әртүрлі, экономикалық негізі төмен болды. Феодалдық қатынастар дамыған сайын ішкі-сыртқы байланыстар шиеленісе түсті. Жәнібек хан өлгеннен кейін, Шыңғыс тұқымынан тараған билеуші топтар арасындағы хан тағына таласқан феодалдық қырқыс өріс алды. Бір кезде күшейіп дәуірлеген Алтын Орда мемлекетін іштегі алауыздық жегідей жеді. Тек 1357 -1380 жылдар арасында Алтын Орда тағында 25 хан ауысты. Оған қоса Алтын Орда қарауындағы езілген бұқара халықтың азаттық күресі өрістеді. XIV ғасырдың аяқ кезінде Мәуереннахр билеушісі Әмір Темірдің күшті шабуылдары да Алтын Орданы әлсіретпей қоймады. 1380 жылы Куликово даласында Мамай хан бастаған монғол әскерлерін талқандаған орыс княздары Алтын Ордадан тәуелсіздік алды. Алтын Орда тарихында «дүрбелең кезең» басталды. Осындай қат-қабат қайшылықтар мен тартыстар нәтижесінде әлсіреген Алтын Орда XV ғасырдың ортасында ыдырап, бірнеше дербес мемлекеттерге бөлініп кетті. Сөйтіп экзогенді және эндогенді факторлар нәтижесінде Алтын Орда мемлекеті күйреді.

XV ғ. орта кезінде Алтын Орда құлайды. Ол Сібір хандығы, Ноғай Ордасы, Қазан хандығы, Қырым мен Астрахан хандықтарына бөлініп кетеді. Алтын Ордада Жошы ұлысының мемлекеттік құрылысының негізгі бастамасы сақталды. Жошы ұрпағының мемлекеті саяси құрылысы жағынан ұлыстарға бөлінген, өз кезегінде ұлыстары неғұрлым ұсақ үлес-иеліктерге бөлшектенген әдеттегі көшпелі мемлекет болған еді.

Еуразия халықтарының арасында Алтын Орда үлкен маңызға ие болды:

- көптеген аймақтарда мемлекеттіктің қалыптасуына;
- моңғол-түркі-славян мәдениеттерінің байланысын нығайтуға;
- Алтын Орда дәуірінің батуы және Еуразия құрлығында жаңа тарихтың басталуына;
- ұзақ өзара қақтығыстарды тоқтату және Ресейді, сондай-ақ Қытайдың біріктіру үдерісін аяқтауға және Моңғолия билігінің сауданы, халықаралық қатынастарды дамытуына, бірлесіп пошта қызметі жүйесін енгізуге;
- алыс халықтар арасында сауда және мәдени байланыстар орнатуға;

- сауда керуендерін, ұлыстардың аймақтарына дипломатиялық миссияларды бекітуге ықпал жасады;

- саяхатшылар алыс жерлерге сапар шегіп, Еуропаға бұрын-соңды белгісіз Азияның елдері мен халықтары туралы ақпарат алып келді;

- моңғолдардың далаға орталық билік идеясын енгізді, бұрын ұйымдастырылмаған тайпаларды біріктірді;

- моңғолдық дәуірден кейінгі Қазақстан аумағында пайда болған хандықтағы әлеуметтік ұйымдастыру нормалары мен мемлекеттіктің нысандарын қолданды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Гумилев, Л. Н. Киял патшалығын іздеу : «Пірәдар Иоанның мемлекеті» туралы аңыз/ Л. Н. Гумилев. - Алматы : Балауса, 1992. - 444 б.

2. Қозыбаев М.Қ. Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін: 5 томдық / - Алматы: Атамұра, 1998. - 638 б.

ӘОЖ 94 (574) (045)

АЛТЫН ОРДА- ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ БАБАСЫ

Шарай А., «Машина жасау» мамандығының 1-курс студенті
Ғылыми жетекші: Сидешова Р.А., «Қазақстан тарихы» кафедрасының аға оқытушысы, магистр

Аңдатпа. Мақалада Жошы әулеті өткізген құрылтайдағы әрбір ұлыстың жеке мемлекет болып жариялануы, Талас құрылтайы шешімімен үш ұлыстың шекарасының айқындалуы, Шыңғыс ханның ортақ мұрасы жолында бірлескен хандардың, жазық жерлерге қоныстанатын болып уағдаласуы, Шыңғыс хан құрған ұлы империяның ыдырауы, Талас құрылтайы Алтын Орданың бөлек мемлекет болып қалыптасуына негіз болғандығы баяндалады.

Түйінді сөздер: Талас құрылтайы, Шыңғыс хан, империя, Алтын Орда, мемлекет.

1270ж. Талас өзені бойында Шағатай, Үгедей мен Жошы әулетінің ханзада-нояндары жиналып, ұлы құрылтай өткізген. Тарихта оны "Талас құрылтайы" деп атайды. Үгедейдің немересі – Қайду ханның шақыруымен өткен үлкен жиынға Жошы ұрпақтары Беркечар мен Мөңке-темір, сондай-ақ Шағатай ұлысынан Барақ қатысты. Құрылтайда Шыңғыс қағанның дәстүрлерін сақтай отырып, көшпелілер мүддесін қорғаған маңызды шешімдер қабылданды. Ал ең бастысы, әрбір ұлыс жеке мемлекет болып жарияланды. Талас құрылтайы шешімімен үш ұлыстың шекарасы айқындалды. Мауереннаһрдың үштен екісін Барақ алды, үштен бірі Қайду мен Мөңке-темірге тиесілі болды. Қайдудың Бұхараның төңірегіне де билігі жүрді. Шыңғыс ханның ортақ мұрасы жолында бірлескен хандар бұдан былай қалаларға емес, таулар мен далаларға, жазық жерлерге қоныстанатын болып уағдаласты. Бағынышты халықтардан салық жинау тәртібі реттелді. Осылайша, Талас құрылтайында Шыңғыс хан құрған ұлы империя ыдырап, оның орнына дербес үш мемлекет - Жошы ұлысы, Шағатай ұлысы және Моғолстан бой көтерді [1].

Құрылтайдан кейін Жошы ұлысының әміршісі Мөңке-темір өзін хан деп атап, өз атынан теңге бастырды. Бұл дербес мемлекеттің белгісі еді. Сондықтан Талас құрылтайы Алтын Орданың (Жошы ұлысы, Ұлық ұлысы) ресми түрде бөлек мемлекет болып қалыптасуына негіз болды [2].



Сурет 1 - Жошы, Шағатай, Үгедей ұлыстары

Шыңғыс хан өз иелігіндегі жерлерді төрт ұлына бөліп берді. Жошының ұлдарының еншісіне моңғол иеліктерінің оңтүстік Ресей мен Қазақстанның жерлері тиді. Бату Алтын Орданы билесе, Орда-Ежен Ақ Орданы басқарды. 1235ж. Бату батысқа қарай жаңа жорық бастап, алдымен башқұрттарды, бір жылдан кейін Еділ Бұлғариясын жаулап алады. Ал 1237ж. Украинаның оңтүстік даласын бағындырып, ондағы құмандарды батысқа қарай ығыстырады. Содан, Руське басып кіреді. Бату Шыңғыс әулеті мен өз бауырларымен бірге батысқа жорық жасайды. Легница және Мухи маңында әскерлерді талқандайды. Бірақ Үгедей ханның қайтыс болғанын естіп, елге қайтып кетеді. Моңғол әскерінің батыс бағытындағы жорығы осымен тоқтайды. Бату 1242ж. жолшыбай Пешт қаласын, Болгарияны бағындырады. Алтын Орда астанасы Сарай-Берке қаласы болды.

XIV ғасырдың II жартысы - Алтын Орданың тәуелсіз иеліктерге бөлінді. Ал 1359—1379 жылдар "Ұлы дүрбелең" кезеңі. Тоқтамыс хан 1382 жылы Мәскеуді өртеді. Ақсақ Темірдің басқыншылық жоспарларына Алтын Орда кедергі жасады.[3] Әмір Темір мен Тоқтамыс хан арасындағы шешуші шайқас 1395 жылы болды. Әмір Темір Алтын Ордаға жойқын соққы жасап, астанасын қиратып кетеді. Қырым сауда қалаларын тонайды, ең шебер қолөнершілерін өз астанасы - Самарқандқа айдап әкетеді. 1440-шы жылдары Ордада тағы бір азамат соғысы бұрқ ете түсті. Осыдан кейін ол бірнеше хандыққа бөлшектеніп кетеді. Олар - Қасым хандығы, Қазан хандығы, Астархан хандығы, Қазақ хандығы, Өзбек хандығы және Қырым хандығы [4].

Сурет 2 - Әмір Темір портреті

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев "Ұлытау – 2019" халықаралық туристік форумында осы қасиетті жерді барша әлемге таныту қажеттігін айтты. "Ұлытау" ұлттық тарихи-мәдени және табиғи мұражай қорығы ел игілігіне айналды. Енді еліміздің осындай баға жетпес бай мұрасын өзге жұртқа танытудың жаңаша жолдарын ойластыруымыз керек. Мысалы, Монғолия Шыңғыс хан тұлғасын халықаралық туризмді дамыту үшін өте тиімді пайдаланып отыр", - деді ол.

Осы орайда, президент ұлы ханның үлкен ұлы – Жошы мазары қазақ жерінде тұрғанын бүгінде еліміздегі және шетелдегі жұртшылықтың көбі біле бермейтінін жеткізді. Сондықтан Алтын орда негізін қалаған Жошы ханның есімін ұлықтауды міндетті түрде қолға алу қажеттігін айтты. "Оның тарихи тұлғасына әлемнің назарын аударып, кесенесін мәдени туризм нысанына айналдыру – өте маңызды міндет. Ұлытау – халықаралық деңгейдегі этнографиялық туризм орталығы болуы тиіс. Бұл жұмыстар Алтын орданың 750 жылдығын мерекелеу аясында басталуы керек", - деп атап көрсетті мемлекет басшысы.[5]

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Асфендияров С.Д. Қазақстан тарихы. (көне дәуірден) А., 1995.
2. Мұстафин Ж. Ортағасырлық Сарайшық. - Атырау, 2015. 177 б.
3. https://sptnkne.ws/AYES
4. https://infourok.ru/
5. https://weekend.bugin.kz/ 2019

ӘОЖ 94 (574) (045)

АЙБЫНДЫ АЛТЫН ОРДА

Талпақова Б., «География» мамандығының 3-курс студенті
Ғылыми жетекші: Ерманова Н.І., «Қазақстан тарихы» кафедрасының оқытушысы, магистр

Аңдатпа. Мақалада Алтын Орда Жошы хан әулетінің меншігі болып саналатындығы жайлы және Шыңғыс хан енгізген мемлекет үлгісін қайталаған Алтын Орда мемлекетінің құрылысы мен қалыптасуы және осы мемлекетте билегін жүргізген хандар туралы жазылған. Алтын Орда тарихы туралы зерттеулерге қызығушылық әлі де басылған емес.

Түйінді сөздер: Жошы ұлысы, Алтын Орда, Монғол империясы, Шыңғыс хан, Батый хан.

Дүниенің төрт бұрышына билігін жүргізген Шыңғыс хан өз иелігіндегі жерлерін төрт ұлына бөліп берді. Жошының үлесіне тиген аса үлкен территориялық аумақ Жошы ұлысы еді. Зерттеушілердің айтуынша, Жошының қол астына қараған аумаққа қазіргі қазақ жерінің 65 пайызы кірген екен. Кейін бұл аумақтың құрамына Ресейдің еуропалық өңірі, Балтық теңізінің шығысындағы өлкелер, Польша, Мажарстан, Балқан елдері, Солтүстік Кавказ, Хорезм, Шығыс және Батыс Дешті Қыпшақ даласы енген. Осылайша, Жошы ұлысы немесе Қыпшақ даласы атанған ұлан-ғайыр даланың жалпы аумағы 10 млн шаршы шақырымға жеткен. Қыпшақ даласында құрылған Жошы ұлысы кейіннен Алтын Ордаға айналды. Оның дәуірі шамамен екі жарым ғасырға созылды. Жошы қыпшақ даласына келіп өз ұлысын құрғанымен моңғолдық дәстүрмен жүрген жоқ. Жергілікті қыпшақ халықтарының ділі мен дініне еркіндік берді. Көп ұзамай Жошының ұрпағы жергілікті халықтың салт-дәстүрі мен тұрмысына қарай икемделіп, бір жолата сіңісіп кетті. Белгілі тарихшы ғалым Зардыхан Қинаятұлының еңбектеріне сенсек: олар үшінші ұрпағынан бастап қазаққа айналған: «Яғни, сол кездің өзінде мұсылмандықты қабылдап, қыпшақ тілінде сөйлеуге көшкен» деп жазады ол.

1227 ж. Жошы өлген соң орнына ұлы Батый отырды. Ол Батыс Дешті-Қыпшақ даласына, Еділ бұлғарлары жеріне, одан әрі батысқа шапқыншылық жорықтар ұйымдастырды. Ірі орыс князьдіктері талқандалды, Польша, Венгрия, Чехия және басқа

көптеген елдер тонауға ұшырады. Жеті жылға созылған жорықтарынан кейін Батыйдың қол астына Қырымды қоса, Еділден Дунайға дейінгі жер, Солтүстік Кавказ, Батыс қыпшак (половецтер) даласы қосылды. Осыдан кейін Батый Еділдің төменгі аясында Алтын Орда атты жаңа монғол мемлекетін құрды. Оған Жошы ұлысының жері — Шығыс Дешті-Қыпшақ, Хорезм мен Батыс Сібірдің бір бөлігі және батыстағы жаңадан жаулап алынған жерлер карады. Батый әскерінен жеңілген орыс князьдіктері бағынышты тәуелділікте болды. Орыс князьдері Алтын Ордаға тәуелділіктерін мойындап, ұлы ханның қолынан князь атағын алып, алым-салық төлеп тұрды [1].

Алтын деген атау Моңғолия тарихы бойынша төрт шартараптың түсінен келген деген болжам бар. Яғни солтүстіктің түсі - қара, шығыс - көк, оңтүстік - қызыл, батыс - ақ, ал сары түс - орталықтың түсі. Басқа бір болжам бойынша, Алтын Орда атауы орыс тіліндегі «Золотая Орда» атауынан шыққан. Бату ханның болашақ астанасының орнын белгілеу үшін алтын түсті үйлерден тіккізген қаласының атынан шыққан. Қала Еділ өзенінің жағасында орналасқан. Ал Моңғол тілінде «Алтын Орда» деген сөз тіркесі алтын түсті орданы не патша сарайын білдіреді екен.

Батый құрған мемлекет шығыс деректерінде Жошы ұлысы деп, сондай-ақ Жошы ұрпақтары — хандардың атымен (Батый ұлысы, Берке ұлысы, т. б.) аталды. Астанасы Астрахань маңындағы Сарай-Бату, кейіннен Сарай-Берке қаласында болды. Оның құрамына бір-бірінен қоғамдық-экономикалық даму деңгейі жағынан айырмашылығы бар, өзіндік мәдениеті мен салт-дәстүрлері сақталған көптеген ұлттар мен халықтар кірді. Көшпелілер негізінен түркі халықтары — ең көбі қыпшақтар, сондай-ақ қаңлылар, наймандар және т.б. болды. Отырықшылардан бұлғарлар, мордвалар, орыстар, черкестер, хорезмдіктер, т.б. кірді. Мұнда монголдар аз болды. XIII ғ. аяғы мен XIV ғасырда монғолдар толығымен түркіленіп, Алтын Орданын халқы «татарлар» деген атау алды.

Алтын Орда мемлекетінің құрылысы толығымен Шыңғыс хан енгізген мемлекет үлгісін қайталады. Мемлекет Жошы хан әулетінің меншігі болып саналды. Манызды мемлекеттік істі шешу үшін билік басындағы әулет мүшелері бастаған ақсүйектер жиналысы — құрылтай шақырылды. Армияны және өзге мемлекеттермен дипломатиялық катынастарды бешербек басқарды. Қаржы, алым-салык мәселесін, мемлекеттің ішкі істерін жүргізетін орталык аткарушы орган - уәзір тұрды. Қалалар мен бағынышты ұлыстардан алым-салык., сыбаға жинау міндетін атқаратын даругтер, басқақтар тағайындалды. Хан отбасының мүшелері маңызды қызметтер атқарды. Ірі нояндар, бектер, әмірлер, баhадурлер түмендерді, мындық, жүздіктерді басқаратын әскербасылары болып сайланды.

Алтын Ордада жаулап алынған жер мен халықтарды басқару үшін ұлыс жүйесі енгізілді. Батый хан тұсында Жошы ұлысында екіге — оң және сол қанатқа, негізінен екі мемлекетке бөліну процесі жүргізілді. Оң қанат (ұлыстың) басында Батый ханның өзі мен ізбасарлары тұрды. Ал сол қанатты Жошының үлкен ұлы Орда Ежен биледі. Қазакстан жерінің көп бөлігі сол канат құрамына кірді. Батый мен Орда Еженнің ұлыстары өз ішінде тағы да кіші ұлыстарға бөлініп, олардың басында Жошының өзге ұлдары отырды. Ұлысты билеуге өкімет басындағы әулет мүшелерінің барлығы құқықты болды. Ал өзге монғол аксүйектеріне үлесті жер ханға еткен еңбегіне қарай бөлініп берілді. Біртіндеп аксүйектер құкығы арта түсіп, олар карамағындағы жерді ұрпағына мұра етіп калдыра алатын дәрежеге жетті. Екінші жағынан Алтын Ордада көшпелілердің ру-тайпалық ұйымдары да сақталды [2].

Алғашында Алтын Орда Монғолиядағы ұлы ханға тәуелді болды. Алайда 1260ж. Монғол империясы бірнеше тәуелсіз ұлыстарға ыдырап кетті.. Алтын Орда Батыйдың інісі Берке ханның тұсында-ақ тәуелсіздікке кол жеткізген. Одан кейінгі Мөңке хан өз атынан теңге шығара бастады.

Алтын Орданың тарихы ішкі қайшылыктарына коса, орыс князьдіктерімен, Ирандағы Күлағу ханның әулетімен, Ақ Орданың және Хорезмнің билеушілерімен үздіксіз соғыстарға толы болды. Алтын Орданың XIV ғ. алғашқы жартысында, әсіресе

Өзбекхан мен одан кейінгі Жәнібек ханнын тұсында құдіреттілігі арта түсті. Ханның дара үстемдігі орнап, құрылтай шакыру аяқсыз калды, билік бір адамның колына жинакталды. 1312 ж. Өзбек хан исламды Алтын Ордадағы мемлекеттік дін деп жариялады. Далалык. түркі-монғолдык мәдениет Еділ бойы (бұлғарлар) және Орта Азия (Хорезм) мұсылмандық, салт-дәстүрлерінің әсерімен исламды қабылдай бастады.

Алтын Орда хандығында берік мемлекеттік бірлестік болған жоқ. Оның әлеуметтік және мәдени даму дәрежесі әртүрлі, экономикасы төмен болған. Ішкі-сыртқы байланыстар феодалдық қатынастар дамыған сайын шиеленісе түсті. 1342-1357 жылдары Алтын Орданы билеген Жәнібек хан қайтыс болғаннан кейін, Шыңғыс тұқымынан тараған билеуші топтар арасындағы хан тағына талас басталып, феодалдық қырқыс өріс алды. Бір кезде күшейіп дәуірлеген Алтын Орда мемлекетін іштегі алауыздық жегідей жеді. 1357 - 1380 жылдар арасында Алтын Орда тағында 25 хан ауысты.

XIV ғасырдың аяқ кезінде Әмір Темірдің күшті шабуылдары да Алтын Орданы әлсіретпей қоймады. Алтын Орда тарихында «дүрбелең кезең» басталды. Осындай қат-қабат қайшылықтар мен тартыстар нәтижесінде әлсіреген Алтын Орда XV ғасырдың ортасында ыдырап, бірнеше дербес мемлекеттерге бөлініп кетті. Сөйтіп ішкі және сыртқы факторлар нәтижесінде Алтын Орда мемлекеті күйреген[3].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қозыбаев М.Қ. Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін: 5 томдық / - Алматы: Атамұра, 1998. - 638 б.

2. Асфендияров С.Д. Қазақстан тарихы. (көне дәуірден) А., 1995.

3. Гумилев, Л. Н. Қиял патшалығын іздеу : «Пірәдар Иоанның мемлекеті» туралы аңыз/ Л. Н. Гумилев. - Алматы : Балауса, 1992. - 444 б.

ӘОЖ 94 (574) (045)

АЛТЫН ОРДА – ТАРИХЫМЫЗДЫҢ АЛТЫН ДӘУІРІ

Айтқұлова М., «Тарих» мамандығының 4-курс студенті
Ғылыми жетекші: Сидешова Р.А., «Қазақстан тарихы» кафедрасының аға оқытушысы, магистр

Аңдатпа. Мақалада 750 жыл бұрын Талас өзені бойында Жошы әулетінің ханзадалары жиналып, ұлы «Талас құрылтайын» өткізгендігі, Алтын Орданың - еуроазиялық империя болғандығы, оның құрамына Ресей, Украина, Молдова, Қазақстан және Кавказ жерлері кіргендігі, Алтын Орда бабалар тарихындағы Алтын дәуір кезеңі болғандығы, тарих көшінде Қазақ хандығының билігіне ұласқандығы баяндалады.

Түйінді сөздер: Алтын Орда, «Талас құрылтайы», Еуразиялық мемлекет, Алтын дәуір, Бату хан.

Тарих туралы ақиқат сөз, шындық қана ұрпақтың дұрыс қалыптасуына әсер етеді. Алаш қайраткері А.Байтұрсынов: «Біздің заманымыз – өткен заманның баласы, келер заманның атасы», - деген екен. Кешегі кеңес заманында сыңаржақ саясаттың салдарынан қазақты өз терең тамыры жоқ халық етіп көрсетуге тырысушылық белең алғандығы баршамызға белгілі.Тіпті,сонау Шыңғыс ханның шапқыншылығынан кейін қазақтың ұлыс-тайпаларынан құрылған Алтын Орда мемлекетінің Ресейді өзіне бағынышты еткенін былай қойып,ғұн мен сақтың да қазақтың арғы бабалары екендігін жоққа шығарушы еуроцентристік көзқарас қазақ ұлтының шынайы тарихын танытуға танытуға мүмкіндік бермеді. Биыл елімізде Алтын Орданың құрылғанына 750 жыл толуы

мерекеленуде. Бұл қазақ халқының тарихи санасын жаңғыртып, болашағына бағдар жасауына жол ашпақ.

Осыдан тура 750 жыл бұрын Талас өзені бойында Шағатай, Үгедей мен Жошы әулетінің ханзада-нояндары жиналып, ұлы құрылтай өткізген. Тариха оны «Талас құрылтайы» деп атайды. Үгедейдің немересі – Қайду ханның шақыруымен өткен үлкен жиынға Жошы ұрпақтары Берке мен Мөңке-Темір, сондай-ақ Шағатай ұлысынан Барақ қатысты. Құрылтайда Шыңғыс қағанның дәстүрлерін сақтай отырып, көшпелілер мүддесін қорғаған маңызды шешімдер қабылданды. Ал ең бастысы, әрбір ұлыс жеке мемлекет болып жарияланды. Талас құрылтайы шешімімен үш ұлыстың шекарасы айқындалды. Мауереннаһрдың үштен екісін Барақ алды, үштен бірі Қайду мен Мөңке-темірге тиесілі болды. Қайдудың Бұхараның төңірегіне де билігі жүрді.[1]. Шыңғыс ханның ортақ мұрасы жолында бірлескен хандар бұдан былай қалаларға емес, таулар мен далаларға, жазық жерлерге қоныстанатын болып уағдаласты. Бағынышты халықтардан салық жинау тәртібі реттелді.

Осылайша, Талас құрылтайында Шыңғыс хан құрған ұлы империя ыдырап, оның орнына дербес үш мемлекет – Жошы ұлысы, Шағатай ұлысы және Үгедей ұлыс бой көтерді. Құрылтайдан кейін Жошы ұлысының әміршісі Мөңке-темір өзін хан деп атап, өз атынан теңге бастырды. Бұл дербес мемлекеттің белгісі еді. Сондықтан Талас құрылтайы Алтын Орданың (Жошы ұлысы, Ұлық ұлысы) ресми түрде бөлек мемлекет болып қалыптасуына негіз болды. Жошының үлкен ұлдары Бату мен Орда-Еженнің еншісінде Оңтүстік Ресей мен Қазақстанның жерлері тиді. Бату Алтын Орданы билесе, Орда Ежен Ақ Орданы басқарды. 1235 жылы Бату қолбасшы Сүбедей баһадүрдың көмегімен батысқа жорық жасап, алдымен башқұрттарды,сосын Еділ Бұлғариясын жаулап алған. 1237 жылы Украинаның оңтүстік даласын бағындырып, ондағы құмандарды батысқа қарай ығыстырды. Содан солтүстікке бұрылып, Руське басып кіріп, үш жыл бойы орыс князьдықтарын жаулайды. Бату құмандардың батысқа қашып,Мажарстан королінің жерін паналап отырғанын желеу етіп, Батысқа жорық жасайды. Бату әскері Легница мен Мухи маңында неміс-поляк әскерін талқандап, Вена қаласын қоршай бастайды. Үгедей ханның қайтыс болуы, моңғол әскерінің батысқа жорығын тоқтатады. Бату 1242ж. Мажарстан арқылы қайтып, жолшыбай Болгарияны бағындырады.[2].

Алтын Орда - еуроазилық империя болды, оның құрамына: Ресей, Украина, Молдова, Қазақстан және Кавказ жерлері кірді. Алтын Орданың астанасы Сарай-Бату, кейінірек Сарай-Берке қаласы болды. Түрік деректерінде Бату ханның әскерлері «қыпшақтар» деп аталды. Себебі ұлан-ғайыр өлкеде орналасқан мемлекет халқының басым бөлігі түркі тілдес қыпшақтар болатын. Мемлекеттің басты саяси-мәдени тілі – қыпшақ. Алтын Орда мемлекеті тарихи әдебиетте «Қыпшақ ұлысы» деп те аталды. Алтын Орда Өзбек пен Жәнібек хандар тұсында едәуір көтерілді. Мәселен, өзбек ханның кезінде мұсылман діні мемлекеттік дін болып жарияланды. Алғашқыда көне ұйғыр жазуы негізгі жазу болып қалыптасса, кейіннен ислам діні ықпалының күшеюіне байланысты араб жазуы да қатар қолданылды. Ресейлік антрополог Л.Т.Яблонский 30 жыл бойы Алтын Орда көшпенділерінің бассүйегін, қаңқасын зерттей келе, ортағасырлық бұл жасампыз жұрттың бет-пішініне, қазіргі халықтардың ішінде пошымы жағынан тек қазақтар қатты ұқсайды деген қорытынды жасаған. Қазақтың тұңғыш ағартушы-ғалымы Ш.Уәлиханов: «Қазақтар өздерін Алтын Орда татарларының ұрпақтарымыз деп санайды» деп жазған. Сонда қазақ елі – Алтын Орданың заңды мұрагері деген тарихи шындықты аталарымыз бұрыннан білген. Қазақ жерінде Алтын Ордаға қатысты ұлы оқиға өткен мекендер бар. Алтын Орданың кіндігі Сарыарқада кесілген, ал сол Орданың негізін құрушы Жошы хан Ұлытауда жатыр. Осы Ұлытауда Орданың абыройын соңғы рет көтерген Тоқтамыс хан мен қазақтың батырлық эпостарына арқау болған Ер-Едігенің де қабірі бар. Екінші орын Сарайшық – күллі Еуразияның тағдырын шешкен шаһар болған. Орыс князьдары қаласын билеуге рұқсатты осы Алтын Орданың астанасына келіп алатын болған. Бұл қалада Сартақ, Берке, Тоқтақия, Әз-Жәнібек секілді Алтын Орданың ұлы, атақты хандары

жерленген. Қасым ханның тұсында Сарайшық қазақтың астанасына айналды.[1]. Қасым ханның кесенесі осы Сарайшықта. Үшініші оры Жошы ұлысын жеке дара мемлекет деп жариялаған құрылтай Талас жерінде 1269 жылы өткен. Талас дегенің Қазақстан жерінде, қазіргі Жамбыл облысындағы таулы мекен. Елімізідің осындай бай мұрасын өзге жұртқа танытудың жаңаша жолдарын мемлекетіміз ойластырса, бұл жерлер болашақта дүниежүзіне белгілі туризм орталықтарының бірі болатынына сенемін.

Алтын Орда – 1227-1502 жылдар аралығында өмір сүріп, бабалар тарихындағы Алтын дәуір кезеңін орнатты. Үш жүз жылға жуық салтанат құрған сәулетті-сәулелі қағанат тарих көшінде Қазақ хандығының билігіне ұласты. Алтын Орда көшпелі шаруашылықты отырықшылықпен ұштастарған ел. Алтын Ордада қаланың дамыған өркениетті үлгісі болған. Оның кезінде жазба әдебиет те, дамыған мемлекеттік аппарат та жұмыс істеді. Алтын Ордада мықты мемлекеттіліктің толыққанды атрибуттары болды.[3]. Алтын Орданың 750 жылдығын мерекелеу – мемлекеттік идеологиямыз үшін өте маңызды. Бұл – бабалар тарихын зерттеу үшін жаңа белес болмақ. Елбасымыз: «Өркениетті алға бастырар ғылым десек, соның бірде бір саласы жас ұрпақты дәл тарихтай отаншылдыққа, ұлтжандылыққа, әділдікке тәрбиелей алмайды» деген сөзі мені жақсы маман дайындаудан бұрын, елін, жерін сүйген азамат дайындаған салмақтырақ деген ойға жетелейді. Атақты қазақ ақыны Қ.Мырзалиев: «Сенің елдігің тарихыңды зерттеуден басталады» дегендей өткенін білген ұрпақ қана, болашаққа батыл қадам жасап, Қазақстанды Мәңгілік елге айналдырмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қайрат Бегалин «Алтын Орда хандары» - Алматы, 2011; 49-66 бет.
2. Қазақстан тарихы «Көне заманнан бүгінге дейін» . Бес томдық. 4-том. Алматы: Атамұра, 2010 жыл.
3. Назарбаев Н.Ә. «Тарих толқынында» Алматы, 1999 жыл.

УДК 94(574)(045)

ИСТОКИ ОБРАЗОВАНИЯ ЗОЛОТОЙ ОРДЫ

Алиев В., студент 1-го курса специальности «Машиностроения»
Научный руководитель: Бекенжанова А., старший преподаватель
кафедры Истории Казахстана, магистр

Аннотация. В статье рассматриваются истоки возникновения названия «Золотая Орда», закрепление термина в использовании для обозначения улуса Джучи в историографии и источниковедении, взаимосвязь названия государства с его огромной территорией, ролью и значением среди других стран, роль завоевательных походов, повлиявших на могущество и рост государства.

Ключевые слова: Золотая Орда, источники, монголы, хан Бату, историография.

В своем Послании народу Казахстана Президент Республики Казахстан Касым-Жомарт Токаев анонсировал празднование 750-летия Золотой Орды. Выступая на Международном туристическом форуме «Ұлытау-2019», назвал Улытау «золотой колыбелью казахского народа, свидетелем почитаемой казахстанцами истории» [1, с.1]. Глава государства также отдельно упомянул историческую роль Жошы (Джучи) - хана, основателя Золотой Орды.

Речь шла о 750-летии Таласского курултая, по результатам которого Улус Жошы (Золотая Орда) обрела полную независимость. Этот исторический курултай был проведен в 1269 году в долине реки Талас, где-то на стыке современного Казахстана и Кыргызстана.

Там правители улусов Жошы (Джучи), Чагатая и Угедея – а именно Менгу-Тимур, Бораки Хайду - признали друг друга суверенными правителями, заключив союз против великого хана Хубилая на тот случай, если он не признает их самостоятельность.

Именно поэтому Таласский курултай 1269 года иногда называют "Беловежской пущей" XIII века: по его итогам прекратила свое существование единая империя Чингисхана. Именно тогда Джучиев улус (он же Улуг Улус – Великий Улус, он же Золотая Орда) окончательно стал независимым государством.

Об этом историческом событии Президент Касым-Жомарт Токаев говорил на форуме. И оно, без преувеличения, сыграло ключевую роль в истории Казахстана и всей Евразии.

В результате западного похода монголов Бату захватил огромные территории Евразии. Внуку Чингисхана предстояло построить на новых землях государство, которое получит название Золотая Орда.

Чингиз-хан высоко оценил успехи Джучи в мирном и добровольном подчинении лесных народов, кыргызов и ойратов монголам. «Обладающий величием августейший Чингис-хаган, – пишет Лубсан Данзан, – жалуя Джочи, сказал: “Ты, Джочи, старший из моих сыновей, недавно лишь вышел из дому, а в землях, куда ты ушел по хорошей дороге, уже успешно покорил лесные народы и вернулся. Ни люди, ни кони не получили ран. Отдаю тебе эти народы!” Такое повеление он сказал» [2, с.47].

Название «Золотая Орда» впервые было употреблено в 1566 году в историко-публицистическом сочинении «Казанская история», когда самого единого государства уже не существовало. До этого времени во всех русских источниках слово «Орда» использовалось без прилагательного «Золотая». С XIX века термин прочно закрепился в историографии и используется для обозначения улуса Джучи в целом либо (в зависимости от контекста) его западной части со столицей в Сарае.

В собственно золотоордынских и восточных (арабо-персидских) источниках государство не имело единого названия. Оно обычно обозначалось термином «улус», с добавлением какого-либо эпитета («Улуг улус») или имени правителя («улус Берке»), причём не обязательно действующего, но и царствовавшего ранее («Узбек, владетель стран Берке», «послы Тохтамыш-хана, государя земли Узбековой») [3, с.12]. Наряду с этим в арабо-персидских источниках часто использовался старый географический термин Дешт-и-Кипчак. Слово «орда» в этих же источниках обозначало ставку (передвижной лагерь) правителя (примеры его употребления в значении «страна» начинают встречаться только с XV века). Сочетание «Золотая Орда» - перс. زرین اردوی, Urdu-i Zarrin, в значении «золотой парадный шатёр», встречается в описании арабского путешественника ибн Баттуты применительно к резиденции хана Узбека [3, с.7].

В русских летописях слово «орда» обычно означало войско. Его употребление в качестве названия страны становится постоянным с рубежа XIII – XIV веков, до этого времени в качестве названия использовался термин «Татары». В западно-европейских источниках были распространены наименования «страна Команов», «Комания» или «держава татар», «земля татар», «Татария». Китайцы называли монголов «татарами» (тар-тар) [3, с.11]..

В современных языках, которые связаны с языком орды, старо-татарским, Золотая Орда именуется как: Олуг юрт/йорт (Большой дом, Родина), Олуг улус/олыс (Большая страна/округ, округ старшего), Дәшти кыпчак (Степь кипчаков) и т. д. Точно также если столичный город называется Баш кала (Главный город), то передвижную ставку называют Алтын урда (Золотой центр, шатёр, станица).

Границы Орды арабский историк Аль-Омари, живший в первой половине XIV века, определял так: границы этого государства со стороны Джейхуна – Хорезм, Саганак, Сайрам, Яркенд, Дженд, Сарай, город Маджар, Азака-Кака, Акча-Кермен, Кафа, Судак, Саксин, Укек, Булгар, область Сибири, Ибирь, Башкырд и Чулыман…

Огнем и мечом создав огромную империю, Чингиз-хан выделил каждому из четырех своих сыновей уделы: младший сын Тулуй получил коренной юрт Чингиз-хана – собственно Монголию, а также 101 тысячу из 129 тысяч человек монгольской регулярной армии. Обширные территории, завоеванные к западу от Монголии, были поделены между старшими сыновьями, причем каждому из них был пожаловано по 4 тысячи человек из регулярной армии. Третьему сыну Чингиз-хана, Угэдэю, была выделена Западная Монголия, район Верхнего Иртыша и Тарбагатая, где разместился центр его улуса. После своего провозглашения великим ханом (1228/29 – 1241) Угэдэй жил на Орхоне, в Каракоруме.

Разделение Чингисханом империи между своими сыновьями, произведённое к 1224 году, можно считать возникновением Улуса Джучи. После Западного похода (1236 – 1242), возглавляемого сыном Джучи Бату (в русских летописях Батый), улус расширился на запад, и его центром стало Нижнее Поволжье. В 1251 году в столице Монгольской империи Каракоруме состоялся курултай, где великим ханом был провозглашён Мункэ, сын Толуя. Бату, в роде старший брат (ака), поддержал хана Мункэ, вероятно, надеясь получить полную автономию для своего улуса. Противники джучидов и толуидов из потомков Чагатая и Угэдэя были казнены, а конфискованные у них владения были разделены между Мункэ, Бату и другими чингизидами, признавшими их власть.

Бату не вернулся в Монголию, расположившись в половецких степях и на Волге. Хан решил перенести свою ставку из улуса Джучи, чтобы быть подальше от беспокойных родственников в Каракоруме. После смерти хана Угэдэя основным претендентом на престол был его сын Гуюк, давний недруг Бату. Политические риски вынудили Бату создать мощный личный улус с лояльной элитой. В 1237 году Гуюк отказался подчиняться Бату в Западном походе, чем нарушил традиции Чингиз-хана – единоначалие в армии. Хан Угэдэй написал Бату, что тот вправе казнить его сына, что Бату не посмел это сделать... Гуюк был отозван из похода, наследник потерял благосклонность отца! Гуюк не забыл старые обиды и был готов к мести.

В письменных источниках понятие «государство Золотая Орда» определяется неоднозначно. В одном случае под Золотой Ордой понимались личные владения Бату и его наследника Берке, то есть Поволжье и Северный Кавказ, в другом - улус Жошы (Джучи) в целом. Название государства, видимо, связано с его огромной территорией, ролью и значением его среди других стран, а также могуществом, росту которого способствовали завоевательные походы. Однако Золотая Орда не была единым государством. Она состояла из нескольких самостоятельных улусов. Между ними не существовало тесных связей.Хан Бату как создатель и правитель Золотой Орды управлял государством в 1227 – 1255 годах.

Как писали в мусульманских источниках, хан Бату был очень справедливым правителем. Он покровительствовал строительству мусульманских мечетей и отправлению различных религиозных обрядов. По этой причине Бату считался защитником мусульман. О справедливости хана Бату персидский историк Джувейни писал: «В его Орду приезжали торговцы из многих стран. Они завозили разнообразные товары. Он (хан Бату) заботился о закупке всех товаров, к тому же по высокой цене» [4, с. 86]. А в русских летописях имеются сведения о том, что в целях улучшения экономического положения Золотой Орды Бату особое внимание уделял развитию городов.

Историки до сих пор расходятся в оценке роли Золотой Орды в истории и даже в определении ее названия. До недавнего времени в отечественной историографии бытовало негативное отношение к Золотой Орде, к ее роли в истории. Хотя были и другие мнения, в частности, такого крупного востоковеда как В. В. Бартольд. Более того, разные наблюдатели отмечали возникновение гораздо большей, чем до монгольских завоеваний, политической устойчивости во всей Евразии – от Восточной Европы до Китая.

ЛИТЕРАТУРА

1. zakon-kz.turbopages.org.
2. Ускенбай К З. Восточный дашт-и кыпчак в XIII – начале XV века. Выпуск 17. Издание ЦИИЗО ИИ АН РТ. Казань - 2013.
3. Каргалов В.В. Монголо-татарское нашествие на Русь. XIII век. 2-е изд. М., 2014
4. Тулибаева Ж.М. «Улуси арбайи Чингизи» как источник по изучению истории Золотой Орды // Золотоордынская цивилизация. Сборник статей. Выпуск 4. - Казань: Институт истории им. Ш. Марджани АН РТ, 2012 - С. 86

ӘОЖ 94(574)(045)

АЛТЫН ОРДА ДӘУІРІНДЕГІ ШАҒАТАЙ ҰЛЫСЫ

Беркінбаева А., «Тарих» мамандығының 1-курс студенті
Ғылыми жетекші: Исаева Л.Н., «Қазақстан тарихы»
кафедрасының аға оқытушысы, магистр

Андатпа. Мақалада XIII ғасырда Моңғол империясының құрамына қаратылған, Шығыс Түркістан, Жетісу мен Мауараннахр жерлерін қамтыған Шағатай ұлысының саяси тарихы қарастырылады. Сондай-ақ осы аумақта Хайду тұсында Шыңғыс ұрпақтарының Орта Азиядағы біржола қалыптасқан мемлекеті болған Шағатай мемлекетінің саяси тарихы, оның хандарының жүргізген саясаты сөз болады.

Түйінді сөздер: Шыңғыс хан, Шағатай ұлысы, ұлы хан, Орта Азия, Шағатай ұрпақтары.

Орасан зор империя құрған Шыңғыс хан өзінің төрт ұлының әрқайсысына үлес бөліп берді. Осы бөлуде Қазақстан аумағы моңғол ұлысының құрамына: үлкен (далалық) бөлігі – Жошы ұлысының, Шағатай ұлысына, Үгедей ұлысына құрамына кірді.

Шыңғыс ханның екінші ұлы Шағатай иелігіндегі жерлер Оңтүстік Алтайдан Әмударияға дейінгі, «ұйғырлар өлкесінің шекарасынан Самарқанд пен Бұқараға дейінгі жерлерді», яғни Шығыс Түркістанды, Жетісу мен Мауараннахр жерін қамтыды. Жамал Каршидің деректері бойынша, Шағатай иеліктерінің негізгі бөлігін құраған өлке Аларғу елі деп аталады. Шағатайдың жазғы ордасы Іле өзенінің алқабындағы Құяш деген жер болды. Оның басты қаласы – Алмалық болды. Шағатай мен оның мирасқорлары иеліктерінің құрамына Балх және Хорасан өлкелері де кірді.

Шыңғыс ханның тірі кезінде бұл ұлыстар империя басшысына бағынышты еді. Ал ол өлгеннен кейін жағдай өзгерді, оның ұлдары өз иеліктерін тәуелсіз етіп, империя бірнеше дербес мемлекетке ыдырады.

Шағатай әкесі мен ағасы Жошы өлгеннен кейін хан тұқымының үлкені ретіндегі зор бедерге ие болды. 1228 – 1229 жылдары ол Үгедейді ұлы хан деп жариялаған ханзадалардың басшысы болған еді. «Ясыны, биліктер мен қағидаларды, патшалықты сақтаудың амалдарын» [1, 460 б.], жеттік білген Шағатайдың билігі зор болғаны зоншалықты, тіпті ұлы хан Үгедейдің өзі де ағасының мақұлдауынсыз қандай болса да шешім қабылдамайтын болған.

Ұлы ханның келісімі бойынша Шағатай тұңғыш баласы Мүтіген балаларының үлкені Қара-Хулагуды өзінің мирасқоры етіп тағайындады. 1241 жылы Үгедей, одан кейін көп кешікпей Шағатайда өлді. Монғол империясында патшалар арасындағы бес жылға созылған дүрбелең кезең басталды. 1246 жылы ғана құрылтайда Үгедейдің үлкен ұлы Күйік ұлы хан болып жарияланды. Күйіктің бұйрығы бойынша Шағатай ұлысына Қара-Хулагудың орнына жаңа ханның жақын досы Шағатайдың баласы Есу-Мөңке қойылды.

Бірақ көп кешікпей Күйік өлгеннен кейін Үгедей мен Төлей ұрпақтарының арасында билік үшін күрес басталды. Батыйдың қолдауымен 1251 жылы Төлейдің үлкен ұлы Мөңке империяның басшысы болып жарияланды.

Жаңа ұлы ханның билік басына келуі жазалаудан басталды; Шағатай мен Үгедей тұқымынан шыққан ханзадалар Мөңкеге қарсы қастандық жасады деп айыпталып өлтірілді немесе жер аударылды, сөйтіп Шағатай тұқымының мәні біраз уақытқа дейін жоққа сайылды. Бірақ ұлыстар формальды түрде өмір сүре береді: Күйіктің жесірі оның Емелдегі ордасында қалды, ал осының алдында қайтыс болған Қара-Хулагудың жесірі Орқына ұлы ханның келісімімен Шахатай ұлысының билеушісі болды. 1254 жылы ол Шағатай ұлысының әміршісі ретінде ұлы хан Мөңкенің інісі Хулагудың Иранға бара жатқан әскерін Алмалықта қарсы алды.

Іс-жүзінде XIII ғасырдың ортасында империя Төлей мен Жошы ұрпақтарының арасында бөлісілген болатын. Ұлы хан Мөңке мен Жошы ұлысының басшысы Батыйдың ықпалы жүретін шекаралар, Рубруктың дәлелдеуі бойынша, Талас пен Шу өзендерінің арасындағы жазықта өткен. Сөйтіп Жетісу XIII ғасырдың 50 жылдарында ұлы ханға бағынған, ал Жошының үлесіне жатпайтын Мауараннахр уақытша Жошы тұқымының ықпалына кірді.

XIII ғасырдың 60 жылдарда Монғолия империясының бірлігіне ақырғы соққы берілді. 1259 жылы Мөңке өлгеннен кейін оның екі інісі Арығ-Бұға мен Құбылай арасында таққа отыру жолындағы күрестен туған өзара қырқысқан соғыс басталды. 1260 жылы бұлардың екеуі де бір мезгілде ұлы хан деп жарияланды.

Екі хан да Шығыс Түркістанды, Жетісуды және Орта Азияны өздеріне бағындырып алуға ниеттенді. Құбылай Жетісуға өзінің қойған адамы Шағатай ұрпағы Әбішкені (Мүтігеннің немересі) Шағатай ұлысында билікті алу үшін жіберді, алайда жол бойында Әбішкені Арығ-Бұғаның жауынгерлері қолға түсіріп, өлтірді. Арығ-Бұға өз кезегінде Шағатайдың немересі Алғұйды «Шағатай ұлысының патшасы боласың және сол маңдарды Құбылай ханның әскерлерінен және (Шағатай) үйінің әскерлерінен қорғайсың деген жарлық» [1, 573-576 бб.] беріп батысқа жіберді.

Алғұй қысқа мерзім ішінде атасының иелігінде болған жерлердің бәрін өз билігіне бағындырды. Жошы ұрпағы Берке ханнан Отырарды жеңіп алып, ол бұрын Алтын ордаға кірген Хорезіммен Ауғанстанның солтүстік бөлігін де басып алады. Бастапқыда ол Арығ-Бұғаның атынан қимылдап, кейіннен одан бөлініп кетті. 1264 жылы Арығ-Бұғаны Құбылай талқандап, империя ханы болып жарияланды. Батыстағы ұлыстар оған бағынбады: Ирандағы Хулагу Жошы иеліктеріндегі Берке, Алғұй және содан кейін Шағатай ұлысындағы Хайду іс-жүзінде тәуелсіз әміршілер болды.

Алғұй өлгеннен кейін Шағатай ұлысындағы саяси жағдай тағыда шиеленісті. Талас-тартыстар салдарынан билік Шағатай ұрпағынан Үгедей ұрпағына, оның Берке хан қолдаған немересі Хайдудың қолына көшеді.

Хайду тұсында Шыңғыс ұрпақтарының Орта Азиядағы мемлекеті біржола қалыптасты. 1269 жылдың көктемінде Талас жағасында Құрылтай болып, онда ұлы ханның иеліктеріне тәуелсіз Хайду билеген мемлекет жарияланды. Жаңа мемлекеттің жері соғыстардағы табыстарға немесе жеңілістерге байланысты біресе кеңейіп, біресе тарылып отырды. Оған Оңтүстік- Қазақстанның Жент пен Үзгент жазираларын қоса алғанда Сырдария бойындағы жерлері мен Жетісу кірді. Шығыс Түркістанда бұрын Шағатай ұрпақтарына қараған аумақтың бір бөлігі Құбылай иелігіне көшті. Хайдудың нлкен ұлы және оның Орта Азиядағы тағын алған Шапардың Емелде-өзінің ата бабасының иеленген жерлерінде хан болып жарияланыуына қарағанда, Үгедей мен Шағатай ұрпағы ұлыстарының арасындағы шекаралар анық белгіленбеген.

XIV ғасырдың басында Шағатай әулетінің Орта Азиядағы және Жетісудағы рөлі қалпына келді. Хайду өлгеннен кейін көп кешікпей, 1306-1307 жылдар шамасында мемлекеттегі билік Барақ ханның баласы, Шағатайдың шөбересі Туваға (Дуваға) ауысты.

В. В. Бартольдтің бағалауы бойынша ол «Шағатай державасының негізін салушы» [2, 80 б.] болған.

Шыңғыс ханның тұсында-ақ Моңғол феодалдарының арасында қарама-қарсы екі саяси бағыт байқалған еді. Біріншісі жаулап алушылардың көшпелі тұрмыс пен қырдағы патриархаттық дәстүрлерді сақтауын, бағындырылған елдердің халқын қырып жіберуге дейін аяусыз, жыртқыштықпен тонауын және жаулап алынған аумақтарда мал жайылымына айналдыруды жақтады. Екіншісі бағыттың өкілдері жергілікті феодалдық үстем тапқа жаулап алынған отырықшы-егіншілікпен айналысатын елдердің дәстүріне сүйене отырып, хан билігі күшті мемлекет құру мақсатын көздеді. Бірінші бағытты неғұрлым табандылықпен жүргізушілер Шыңғыс-хан, ал оның ұрпақтарынан – Шағатай мен Күйік болды, оларды Шағатай ұлысының әміршілері, Орқына-хатун, Барақ хан және басқалары қолдады.

Үгедей, Мөңке хандар және ұлыс ханы Жошы орталықта күшті билік болуын және тізе бүккен халықтар мен қатынастарды біраз ретке келтіруді жақтады. Сөйтіп, аталған екі бағыт өкілдерінің арасындағы тартыстың мәні жаулап алынған аумақтардағы халықты қанау әдістері туралы мәселеге, сондай-ақ «бағындырылған елдердің феодалдық үстем тобымен жақындасу туралы, олардың феодалдық мемлекеттілігін, идеологиясын және мәдени дәстүрлерін қабылдау туралы мәселеге» келіп тірелді [2, 80 б.].

Экономикалық күйзеліс, моңғол империясының, оның ішінде Шағатай ұрпақтары мемлекетінің ыдырауы қалайда екінші әдісті таңдап алуды өктем талап етті. XIV ғасырда Шағатай ұлысы хандарының іс-әрекетінде орталықтану және Мауараннахр халқымен жақындасу жағына қарай бетбұрыс айқындала түсті. Бұл тұрғыда Туваның баласы Кебек хан неғұрлым елеулі қадам жасады. Көшпелі дәстүрлерден қол үзіп, ол Іле аңғарынан Мауараннахрға қоныс аударды, кейбір қалаларды қалпына келтіруге жәрдемдесті. Ол ақша реформасын жүргізді, ұлысты басқару жүйесін едәуір өзгерткен әкімшілік реформасында жүргізген сол деп ұйғарылады.

Кебек ханның мирасқоры, оның інісі Тармашырын Орталықтандыру саясатын жалғастырды. Кебек сияқты, олда Мауараннахрда тұрды, Ала ад-дин деген есімге ие болып исламды Шағатай ұрпағы мемлекетінің ресми дініне айналдырды. Алайда жоғарыда аталған бағыттарды жақтаушылардың арқасындағы күрес жалғаса берді. Исламды қабылдауға және көшпелі әдет-ғұрыптарды елемеуге әскери-көшпелі шонжарлар наразы болып, бұл наразылық ашық көтерліске ұласты. Тармашырын өлтірілді. Он жылдан астам уақытқа созылған феодалдық әуре-сарсаң қайта жалғасты.

1346 жылы көшпелі феодалдармен күресте Кебек – Тармашырын тұқымын жалғастырушы Қазан хан қаза тапты. XIV ғасырдың 50 жылдарының аяғында Шағатай ұрпағы мемлекетінің батыс бөлігі түрік-монғол әскери-көшпелі шонжарлары мен жергілікті феодалдардың өкілдері басқарған оннан астам иелікке ыдырап кетті. Қашқадария алқабында – барластар, Ходжент аймағына – Жалайырлар, солтүстік Ауғанстанда – арлаттар, Әмударияның жоғарғы сағасында – қауышындар күшейді; бұл рулардың әрқайссының басшысы өз өлкесінде дербес әмірші болды. Оның үстіне 1346 жылдың өзінде-ақ Шағатай ұрпағы мемлекетінен Моғолстан деп аталған солтүстік-шығыстағы аумақ бөлініп шықты. Осы Моғолстан жерінде Қазақ хандығының өмірге келгенін білеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Т.I. М., 1963.
2. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. 2-том, А., 1998.

ӘОЖ 94(574)(045)

ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ АЛЫП МЕМЛЕКЕТІ – АЛТЫН ОРДА

Дарханбаева Ж., «Тарих» мамандығының 3-курс студенті
Ғылыми жетекші: Бекенжанова А.А., «Қазақстан тарихы» кафедрасының аға оқытушысы, магистр

Аңдатпа. Мақалада Алтын Орданың құрылуы, саяси жағдайы, басқа мемлекеттермен байланысы, Алтын Орда Ұлы Жібек жолының бойындағы көшпелі өркениет пен отырықшы шаруашылығы қатар дамыған түркі әлемінің ең алып мемлекеті болғандығы туралы ғалымдардың пікірлері, бұл тақырыпты талдау бүгінгі күннің өзекті ғылыми мәселесі болып табылатыны қарастырылған.

Түйінді сөздер: Алты Орда, ұлыс, жаңғырту, ізгілік, нақтылық.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлытауға сапары барысында Алтын Орданың 750 жылдық мерейтойын атап өтіп, сонымен қатар оның негізін қалаған Жошы ханның есімін ұлықтау туралы бастамасынан кейін елімізде үлкен жұмыстар басталып кетті.

Қазақ халқының тарихында Алты Орда орта ғасырлардағы бірегей ел болып табылады, ол ғасырлар бойы Еуразия халықтарының өмірінде және тарихи даму процессінде маңызды ерекше орын алғаны белгілі. Орталық Азия халықтарының тарихында өз ізін қалдырған ірі мемлекеттің тарихы мен мәдениеті, қоғамдық саяси құрылымы туралы мәселелер көптеген әлем таихшыларының ерекше қызығушығын туғызды және қазіргі кезеңде зерттеуді қажет ететін тақырыптардың бірі.

Алтын Орда дүние жүзі тарихында, әлемдік мәдениетте өз орны бар іргелі және қуатты мемлекет болды. Бұл солтүстік-шығыста Бұлғар облысын, Еділдің орта және төменгі жағалауын, оңтүстікте Қырым, Кавказды Дербентке дейін, тіпті одан әрі даланы, шығыста-Батыс Сібір мен Сырдарияның төменгі жағалауларын алып жатқан кең ел болды. Алтын Орданы басында билеген Бату хан (1227-1255), кейін Берке хан (1257-1266), Мөнке Темір хан (1266-1280), Өзбек хан (1312-1342) және Жәнібек хан (1342-1357) тұсында Еуразияның даласында билік құрған қаһарлы мемлекетке айналды.

Жошы ұлысы – дүниенің төрт бұрышына билігін жүргізген Шыңғыс ханның өз иелігіндегі жерлерін төрт ұлына бөліп бергенде Жошының үлесіне тиген аса үлкен территориялық аумақ. Зерттеушілердің айтуынша, Жошының қол астына қараған аумаққа қазіргі қазақ жерінің көп бөлігі кірген екен. Кейін бұл аумақтың құрамына Ресейдің еуропалық өңірі, Балтық теңізінің шығысындағы өлкелер, Польша, Мажарстан, Балқан елдері, Солтүстік Кавказ, Хорезм, Шығыс және Батыс Дешті Қыпшақ даласы енген. Осылайша, Жошы ұлысы немесе Қыпшақ даласы атанған ұлан-ғайыр даланың жалпы аумағы 10 млн шаршы шақырымға жеткен. Қыпшақ даласында құрылған Жошы ұлысы кейіннен Алтын Ордаға айналды. Оның дәуірі шамамен екі жарым ғасырға созылды. Яғни Жошы әкесі Шыңғыс хан секілді әлем тархында 250 жылдық тарихы бар Алтын Орда атты ұлы империяның негізін қалап кетті. Жошы қыпшақ даласына келіп өз ұлысын құрғанымен моңғолдық дәстүрден жүрген жоқ. Жергілікті қыпшақ халықтарының ділі мен дініне еркіндік берді. Көп ұзамай Жошының ұрпағы жергілікті халықтың салт-дәстүрі мен тұрмысына қарай икемделіп, бір жолата сіңісіп кетті. Дүниежүзілік моңғол державасының күйреуі нәтижесінде пайда болған Жошы ұлысы мемлекетінің еуразиялық мұрасы туралы Дешті Қыпшақ даласындағы Алтайдан Дунайға дейін Ресей, Еділ, Қырым, Солтүстік Кавказ, Батыс жерлерінде Сібір, Солтүстік Хорезмде Шыңғыс хан және оның алғашқы мұрагерлері болған мемлекет туралы дау өзектілігін әлі күнге дейін жоғалтқан жоқ.

Алтын Орда тарихына қатысты Татарстан ғалымдары көп зерттеулер жүргізіп келеді. Татарстан ғалымдарының бірі белгілі этнограф, тарих ғылымдарының докторы

Дамир Исхаков Алтын Орда Ұлы Жібек жолының бойындағы көшпелі өркениет пен отырықшы шаруашылығы қатар дамыған түркі әлемінің ең алып мемлекеті болғанын атап өтті. Алтын Орда – шекпенінен көптеген түркі халқы шыққан алып империя. Сол үшін бұл мемлекеттің тарихы барлығымыз үшін өте маңызды. Әсіресе, Ресей өзінің тарихи жылнамасына Алтын Орда мұрасын енгізуге мейлінше қызығушылық танытуы тиіс» деп үлкен мәселенің шетін қозғап өтті. «Алтын Орда – түркілер империясы. Оның мәдениеті мен тарихы – бәрімізге ортақ. Өйткені Алтын Орда дәуірі – түркілердің жұлдызды сәті. Мұндай алып империяны басқалар құра алған жоқ. Бір сөзбен айтқанда, бұл Ұлыс – көшпелі шаруашылық пен отырықшылықты қатар үйлестірген классикалық қоғам» деді. «Ол өз дәуірінде қатты өркендеді. Ол дәуірде қалалық өмір де болды. Тіптен түркілердің жұлдызды ғасыры деуге болады. Бұл жерде Алтын ордадан Еуропаға, мәселен, Италияға астық жеткізіліп тұрғанын айта кету керек. Сол себепті, оны біз тек көшпелі мемлекет деп айта алмаймыз. Моңғолдардан кейінгі уақыттағы Қазақстанның аумағындағы мемлекеттерде кейіннен әлеуметтік ұйымның көптеген нормалары мен мемлкеттік нысандары пайдаланылды. XIV ғасырда. Алтын Орда үлкен аумақтық шығындарға ұшырады, бұл оның иеліктерінің айтарлықтай қысқаруына және шекара сызықтарының өзгеруіне әкелді. Бұл ішкі процестерден туындаған табиғи құбылыс. XIV ғасырдың ортасында. Алтын Ордадағы ішкі жағдай күрт өзгерді. Ханның билігі бұдан былай қоғамда болып жатқан процестерді ақсүйектердің жекелеген өкілдерінің экономикалық күшінің тұрақты өсуіне кедергі келтіруге мүмкіндігі азайды.

Алтын Орда ортағасырдың үлкен күшті саудасы дамыған мемлекет болды, сауда негізінен қалаларда және сол қалалар арқылы жүргізілді. Алғашқы трансконтинентальды саяхаттар Жероратеңізін Орта Азия және Қытаймен байланыстырды. Алтын Орда Батыс Еуропа мемлекеттерінің әлемі, Славян мемлекеттері, Орта Азия және Қиыр Шығыс елдері арасында орналасты. Байланыстырушы болған түркі-моңғол этносы болды. Батыс пен Шығыс арасындағы диалог XIII - XIV ғасырларда жандандырылды.

Алтын Орданың тарихы терең әрі дұрыс түсіндірілуі тиіс. Ал мәдениеті түркі халықтарының ортақ мұрасына айналуы керек. Ғалымдар ұлы далада қанат жайған алып мемлекет туралы зерттеулер жан-жақты қарастырылуының керектігін атап өтті. Сондықтан, бұл мәселені талдау бүгінгі күннің өзекті ғылыми міндеті болып табылады және тек Қазақстан тарихшыларын ғана емес, сонымен қатар көптеген басқа елдердің тарихшыларын да қызықтыратын тақырып болып саналады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. 1.https://egemen.kz/article/208673-uly-dala-tarikhynynh-basty-qyry-%E2%80%93-altyn-orda
2. https://e-history.kz/kz/publications/vie
3.Қазақстана тарихы. Көне заманнан бүгнге дейін. Бес томдық. А.,1998, 95 б.
4.Федоров-Давыдов г.А. Золотоордынские города Повлжья М., 1994, 25 б.

ӘОЖ 94(574)(045)

АЛТЫН ОРДА БИЛЕУШІЛЕРІНІҢ РУСЬ КНЯЗЬДАРЫНА ЖҮРГІЗГЕН БИЛІГІ

Ескермес Т., «Мұнай газ ісі-6В070202» мамандығының 1 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: Қыйзатова С.М., «Қазақстан тарихы кафедрасының оқытушысы, магистр

Аңдатпа. Мақалада ежелгі Алтын орда мемлекетінің Русь князьдарын бағындырғаны туралы айтылады. Сонымен қоса, алым-салық төлегені,Мәскеу қаласының құрылуы,орыс князьдарының ант беруі туралы мәліметтер қарастырылды.

Түйінді сөздер: Алтын орда,ұлы князьдар,орыс княздері,жарлық, Ресей.

Алтын Орда мемлекеті орта ғасырларда 1243 – 1503 жылдары өмір сүрді. Ол алғашында Шыңғыс хан империясының құрамында болып, кейін дербес елге айналды. Оның астаналары әр кездері Бату Сарай (Волгоград), Берке Сарай (Астрахань маңы), Сарайшық (Атырау маңы) қалалары болды.Тарихта Алтын Орда хандығы Жошы ұлысы (мемлекеті) немесе Қыпшақ хандығы деп те аталады. Өйткені билеушілері Шыңғыс тұқымы болғанымен, мемлекет халқы негізінен түркі тектес, тілдес Дешті-Қыпшақ жұрты еді. Мемлекеттің қолданыстағы басты тілі де қыпшақ тілі болды. Жошыдан тарайтын ұрпақ – билеуші топты құраған моңғол қауымы келе-келе жергілікті халықпен сіңісіп кетті, мұсылмандықты қабылдады, оны мемлекет дініне айналдырды, қазақ халқында олар ақсүйек төре деп аталады. Хандар тек төре сұлтандар арасынан сайланып отырды.

Орыс жұрты Алтын Орда мемлекетіне бодан о заманда біртұтас Ресей жоқ, ол князьдар билеген бөлек-бөлек князьдықтар (жеке-жеке аумақ) еді. Олардың билікке таласушы шонжарлары арасында қай жеңген мықтысы князьдықтың әміршісі болуы үшін Алтын Орда ханының алдында тізерлеп отырып бас иіп, адал қызмет етуге ант берген, сөйтіп князьдықтың билеушісі – ұлы князь болып тағайындалып жүрген.Князь, ұлы князь деген не дәреже және кімдер еді? Ол жапы алғанда IX – XVI ғасырларда славян халықтарының және кейбір басқа да халықтардың феодалдық монархиялық мемлекеттерінде не жеке саяси құрылымдарында ірі жер иеленуші феодал шонжарларға берілетін ақсүйектік атақ әрі дәреже болған[1]. Өздерін ақсүйек санаған шонжарлар арасындағы бақталастықта жеке-дара билікке қол жеткізген әміршіні князь (ұлы князь) деп атаған, кейін князь текті білдіретін атаққа айналған. Осылай әлемде басқару жүйесі монархиялық мемлекетте ел билігі ауқатты бай тектер арасынан жарып шыққан бір адамға ғана тиеслі болды, билік одан әрі мұрагерлік жолмен әкеден балаға өтіп, ұрпақтары жалғастыратын құқық қалыптасқан. Осы дәстүрмен Рюриковтер әулеті феодалдық Русьті әуелде князь, ұлы князь, кейін патша атанып 862 – 1598 жылдарда 736 жыл билесе, олардан патшалықты қолдарына алған Романовтар тұқымы Ресей империясын 300

жылдан астам уақыт басқарып өтті. Ресей империясы даму барысында князьдықтан патшалық билікке көшкен соң да ерлерге ұлы князь, әйелдерге ұлы княгиня атағы императорлар әулетіне беріліп отырды, ал 1886 жылдан бастап бұл атақтар тек императорлардың тікелей ұрпақтарына ғана тиесілі болды.

Енді сурет тарихына оралайық. Алтын Орданы 1422 – 1427 жылдары билеген Барақ хан Мәскеудің ұлы князын тағайындау салтанатына әлдебір себеппен бармайтын болады. Орыс жұртының қайсыбір қаласының билеушісі болмақшы біреудің ант беру рәсіміне сапар шегуді үстем Барақ хан соншалықты аса маңызды шаруа деп бағаламауы да мүмкін. Бірақ дәстүр солай, ант қабылдау керек. Орыс мемлекетінің қалыптасу тарихын жазған ғалымдар Николай Костоморов, Сергей Соловьев, басқа да зерттеушілер Алтын Орда билеген дәуі--рде осындай салттың орнағанын баяндайды. Сол салтанатқа бара алмайтын болғасын, Алтын Орда ханы Барақ суретте көрсетілгеніндей, саз тақтайшаға аяғының табан ізін түсіріп, князь болатын адам осы табаныма ант берсін деп беріп жібереді.Ал тарих ғылымдарының докторы, профессор Зардыхан Қинаятұлының пайымдауынша суреттегі оқиға 1425 жылдар шамасында емес, 1445 (1446) жылы болған. Мәскеудің ұлы князы II Василий соқыр ант беріп тұраған табан ізі Алтын Орда ханы Барақтікі емес, хан Ұлұғ Мұхаммедтікі. Расында да олар Алтын Ордада мұрагерлік реттерімен хандық билік жүргізген кезеңдерде II Василий соқыр 1425 – 1462 жылдары Мәскеу-ді билеуші ұлы князы болған[2]. Туыстар арасындағы тақ таласы барысында ара-тұра биліктен айырылып қалып, сәтін салғанда билікке қайта келіп отырған. II Василий соқырдың 1445 жылы қазан айында тағы да таққа қайта оралуына Алтын Орда ханы Ұлұғ Мұхаммедтің көмегі тиген. Тарихшы Зардыхан Қинаятұлының айтып отырғаны осы.

Ұлұғ Мұхаммед Алтын Орданы 1428 – 1446 жылдары билеген хан. Бұл да бауырлар арасындағы тақ таласында бірде жеңіп, бірде жеңіліп отырған. II Василий 1445 жылы қазан айында Ұлұғ Мұхам-медтің қолдауымен Мәскеудің ұлы князьдығына қайта тағайындалған соң, өзін тұтқыннан босатып, өмірін алып қалған, билікке қол жеткізген жақсылығы үшін Ұлұғ Мұхаммедке 200 мың рубль күміс төлем төлейді, Ұлұғ Мұхам-мед қайтыс болған соң да құрметінен жаңылмай 1452 жылы Ұлұғ Мұхаммедтің ұлдары Қасым мен Жүсіпке (Якуб) Мәскеу князьдығына қарайтын Мещера қаласы мен жерін сыйға тартады. Еділ мен Ока өзендері қиылысындағы бұл аумақ мордва, эрзя, орыс халықтарына сіңіп кеткен байырғы фин-угор тайпасының мещера деген жұртының жері еді[3]. Сол жерде Қасым хандығы құрылады, Қасым жұрты жергілікті халықтармен араласып кетеді. Ну орман арасында, өзендер жағасында орналасқан қала Қасым хан дүниеден өткен соң Касымово болып аталады. Кейін Алтын Орданың соңғы жұрнағындай Қасым хандығы жойылғанымен, қаланың Касымово атауы сақталып қалды. Бұл қала қазір де бар, Рязань облысының аумағында.

Мәскеудің ұлы князы атағын беру салтанатында ұлы князь болатын адам әуелі Алтын Орда ханының немесе оның өкілінің аяғына жығылып, бас иіп, бағыныштылығын мойындап ант береді, содан кейін оның тұлпарына да құрмет көрсетеді екен. Мәскеудің ұлы князы енді басындағы Мономах қалпағы (шапка Мономаха) деп аталған құрметті тәж-бас киіміне жем дән толтырып, Алтын Орда ханының тұлпары жеп тауысқанша оның аузына тосып тұратын болған. Владимир Мономах XI ғасырдың аяғы – XII ғасырдың алғашқы ширегінде Киев Русін билеген қайраткер. Содан бері келе жатқан тәж-қалпақ Русь князьдарына ауысып отырған. Бұл қалпақ қалай, қайдан пайда болды дегенге бірнеше болжам бар, соның бірі – осынау бас киімді Мәскеу ұлы князы Д. Донскойға Алтын Орда ханы Өзбек сыйға тартқан екен деген жорамал. Осы тәж-қалпақ I Петр заманына дейін Мәскеу ұлы князьдарын, кейін Ресей патшаларын ұлықтауға қолданылып келіпті [4].

Он төртінші ғасырда Мәскеу ұлы князьдары Алтын Орда хандарының әскери қолдауымен орыс жерін біртұтас мемлекетке айналдыра бастайды. 1325 – 1340 жылдары билік құрған Мәскеу ұлы князы Иван Данилович Калита Алтын Орда ханының Жарлығына (ярлық) қол жеткізіп, бытыраңқы орыс князьдықтарынан алым-салықтар

жинап, Алтын Орда мемлекетіне тапсырып отыру құқығын алады. Иван Калита Өзбек ханның (1312 – 1342 ж.ж.) көмегімен Тверь (1327 ж.), Смоленск (1340 ж.) князьдықтарын Мәскеуге күштеп бағындырады. Өз билігі өзінде болып келген орыс қалаларын осылай Мәскеудің қол астына біріктіру саясаты әсіресе II Иван (1353 – 1359 ж.ж.), Дмитрий Донской (1359 – 1389 ж.ж.) сияқты тарихи тұлғалар кезінде одан әрі жүргізіледі. Бұл жұмысты Д. Донскойдың ұлы I Василий, одан кейін немересі II Василий жалғастырды.

Кеңес заманындағы тарихта бытыраңқы жеке-дара князьдықтар болып келген орыс қалаларының бірігуі өздерін үш ғасырдай билеп-төстеген моңғол-татар басқыншаларының Алтын Орда мемлекетіне қарсы тізе қосуы деп түсіндіріліп келді. Олардың осылай шоғырлануына бодан жұртты басқаруды, алым-салықтар жинауды бір орталықтандыру ниетімен Алтын Орда хандары септескені айтылмады. Ақыры осы бірігу біртұтас күшті орыс империясының пайда болуына алып келсе, ал Шыңғыс хан ұрпақтары – билеушілердің өзара ауызбірліктері болмауы салдарынан айбарлы алып империя Алтын Орда мемлекеті әлсірей бастайды. Алтын Орда тарихында «ұлы дүрбелең» кезеңі аталған 1359 – 1379 жылдары оның тағында 25 хан ауысады. Жошы ұлысы Алтын Орда, Ноғай Ордасы, Көк Орда және Ақ Орда болып төртке бөлінді, бұл Ордалар келе-келе ұсақ Қырым, Қазан, Өзбек, Қазақ, Астрахань, Сібір, Башқұрт хандықтарына бөлшектеніп кетті.

Суретте бейнеленген Алтын Орда ханының табан ізін сүйіп Мәскеудің ұлы князы атанған II Василий соқырдың ұлы 1462 – 1505 жылдары Мәскеуде билік құрған III Иван енді Алтын Ордада баяғы қаһарлы қауқар қалмағандығын пайдаланып, 1476 жылы хан Жарлығын жыртып, бұдан былай Алтын Ордаға алым-салықтар төлемейтіндігін жария етеді[2].Суретші Н. С. Шустовтың осы тарихи сәтті көрсеткен «Иван III разрывает ханскую грамоту» («III Иван хан Жарлығын жыртуда») деген картинасы (1862 ж.) бар.

III Иван 1476 жылы Алтын Ордаға алым-салықтар төлеуден бас тартқан соң Алтын Орданың ханы Ахмет 1480 жылы қалың қолмен Мәскеуді жуасытуға аттанады. Бірақ араларында кескілескен шайқас болмайды. Екі жақтың әскері бір жаз бойы Угра өзенінің екі жағында тұрып бір-біріне алыстан айбат шегуден әрі бармайды. Бұл ерекше оқиға тарихта «әйгілі босқа отыру» деп аталады. Ахмет соңынан келер көмекті күтеді. Орыстар әліптің артын бағып, күшін сақтайды.

Ал Алтын Орданың жаңа пайда болған шағын хандықтары Ахметке көмек берудің орнына, негізгі күші орыстарды тезге салуға аттанған Алтын Орда иелігіне жемтік аңды жан-жақтан жұлмалаған ашкөз жыртқыштардай тарапа бас салады. Ақырында Ахмет хан кейін қайтуға мәжбүр болады, өз елінде кіші хандармен болған соғыста ойсырай жеңіледі. Осылай басынан бағы тайған бір кезде жарты әлем – күллі Азияны, Еуропаны, Солтүстік Африканы дірілдеткен Шыңғыс хан империясының бір бөлшегі Алтын Орда Шыңғыс хан ұрпақтарының өзара қырқысуы салдарынан 1480 – 1481 жылдардағы соғыстар нәтижесінде мемлекет ретінде күйреп, бұрынғы даңқы тарихқа айналып кете барады. 1502 жылы Ахмет хан өлген соң Алтын Орда мемлекеті көп ұзамай біржолата жойылды[5].

Енді орыстың әккі саясатшылары Алтын Орда жұртында жаңа пайда болған мемлекеттер билеушілерін бір-біріне айдап салып, тегі бір халықтарды өздерін өздеріне қырғызып, әлсіреген кездерінде басып ала береді. Осылай бір замандағы ұлы мемлекет Алтын Орда бөлшектену салдарынан құлайды да, ал жеке-жеке ұсақ князьдықтардан тұратын бытыраңқы орыс елі күшпен болса да бірігулері арқасында біртұтас империяға айналады. Енді бір кездегі айбынды империя Алтын Орда халықтары бес ғасыр бойы – 1991 жылға дейін орыс мемлекетіне бодандыққа түсуге душар болды. Соның салдары – тең құқылы елдер Одағы деп дәріптелген КСРО заманында қазақ халқының үштен екісі озбыр саясат салдарынан қырылды, шет елдерге босты, нәтижесінде өз жерінде тым азшылыққа айналды, ділінен, тілінен, дінінен айырылып, орыстанудың, мәңгүрттенудің, көзқаманданудың сәл-ақ алдында тұрды. Қазір 5 миллиондай қазақ, жалпы қазақ халқының үштен екісіндейі әлі де шет елдерде қалып отыр. Ресей құрамындағы түркі тектес, тілдес басқа халықтар да түрлі нәубетті бастан кешті. Алтау ала болса ауыздағы кетеді, бөлінгенді бөрі жейді деген тарих тағылымы осы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Карамзин Н. М. История государства Российского. СПб., 1616–1829.
2. Костомаров Н. И. Начало единодержавия в Древней Руси. СПб., 1872.
3. Гумилев Л. Н. Древняя Русь и Великая Степь. М., 1997. Часть 4.
4. Ключевский В. О. Русская история. М., 1993. Лекция XXII.
5. Исследования о влиянии монголо-татар на Россию // Отечественные записки. 1825. Т. XXII. N 62.

ӘОЖ 94 (574) (045)

АЙБАРЛЫ БИЛЕУШІ - БЕРКЕ ХАН

Жақсыбек Қ., «Тарих» мамандығының 2-курс студенті
Ғылыми жетекшісі: Ағниязова А., «Қазақстан тарихы» кафедрасының аға оқытушысы

Аңдатпа. Бұл мақалада, Алтын Орда мемлекетінің әйгілі билеушісі Берке хан, оның саяси, экономикалық, дипломатиялық байланыстары туралы айтылады. Сонымен қатар, исламмен байланысы, келбеті, саяси қарсыластары, жорықтары туралы зерттеушілер деректерімен баяндалады.

Түйінді сөздер: Берке хан, Алтын Орда, Ислам әлемі, Хулагу,Сарай Берке.

Алтын Орданың көсемі Берке хан жарқын және қатал билеуші болған. Ол туралы ақпаратты араб шежірелерінен табуға болады. Бұл туралы орыс және қытай жылнамаларында да айтылады. Кейбір тарихи мәліметтерде шығыс ертегілеріндегідей тек мадақтау сипаттамалары бар, олардың көпшілігін авторлар ойлап тапқан.

Берке Жошының ұлы және Шыңғыс ханның немересі болған. Әкесі қайтыс болғаннан кейін Шыңғыс хан Жошыға дайындалатын жерлердің мұрагері Берке болды. Алайда, ұлы әкесі Шыңғысханнан бұрын қайтыс болды, ал жер оның ұлдарына, соның ішінде Беркеге өтті. Кейін бұл жерлер Алтын Ордаға енеді.

Алтын Орда билеушісінің бала кезінен өмірбаяны сақталған. Аль-Джузжани өз жазбаларында болашақ хан исламды «ана сүтімен» сіңіргенін сипаттайды. Беркенің нақты туған күні сақталмады, бірақ ол шамамен 13 ғасырдың басында дүниеге келді. Оның әкесі Шыңғыс ханның үлкен ұлы болған, бірақ оның анасы Шыңғысханның әйелі ретінде ұрланғаннан кейін туылған және бірнеше айдан кейін қайтадан күйеуіне оралғандығы туралы деректер бар. Осыған қарамастан, Шыңғыс хан оны өзінің баласы деп санады және оны қасында қалдырды, әскерді басқаруға сенді.

Берке дүниеге келген кезде Жошы бұл ұлдың мұсылман болатынын шешті. Ол кіндікті мұсылман сенімі арқылы кесуді бұйырды, баланы тек мұсылман әйел тамақтандыруы керек. Сүндеттеу уақыты келгенде, Берке бұл рәсімді нағыз мұсылманға айналдырды. Кейбір шежірелерде Берке хан өткен молданы кездестіріп, жаңа сенім туралы сөйлескенде исламды ересек адам ретінде қабылдаған деп айтады. Тарих үнсіз, мүмкін мұны нақты білмейді, бірақ Беркенің Алтын Орданың исламды қабылдаған алғашқы ханы болғандығы әлі күнге дейін сақталуда.

Батысқа жасаған үлкен жорығынан кейін Бату хан Беркеге деген құрметпен оны Солтүстік Кавказға губернатор етіп тағайындады, Берке иелігіндегі жерлер көбейе түсті. Ол өте беделді нақты билеуші болды, ол тіпті басқа елдерге өз атынан елшілер жібере алды, өйткені ол мұсылман әлемімен байланыс орнатты.

Берке хан қатал билеуші болған, бірақ Шыңғыс ханның барлық ұлдары мен немерелері қатыгездіктерімен әйгілі болған. Ол өзінің байлығы мен күшін кеңейту үшін

ағасы мен кішкентай жиенін өлтірді. Алтын Орданың ұлы ханы болу үшін Бату ханның жесіріне үйленіп, Буракчин-Хатунды жойды.

Ол кездегі Сарай Алтын Орданың орталығы болған, бірақ Бату хан өзінің астанасын Сарай Бату деп атайтын, яғни «Бату сарайы» деген мағынаны білдіреді. Қала орда аумағында ислам әлемінің даму орталығына айналды, елордада түрлі қолөнершілердің шеберханалары өрбіді. Кейінірек сол қалада митрополиттің өзі ашатын православие шіркеуінің епархиясы пайда болады. Неліктен мұсылманның билігі кезінде осылай болды? Христиан дінін қабылдаған көптеген көршілер болды, Берке өзінің кішкентай мұсылман әлемі айналасындағылармен үйлесімді өмір сүрмесе, ондай жағдайда өмір сүре алмайтынын сезінді. Оның туыстары, мысалы, Хулагу оған қан төгіп жіберді.

Берке ханның ең дұшпандарының арасында Хулагу бөлек тұр. Хулагудың немере інісі Бағдатты жеңген христианға Бату хан қарғыс айтты. Персияның солтүстігін және жүз мыңдық әскерді басқарған Хулагу әскери сипатта болды, Сирияны басып алды, мыңдаған мұсылмандардың өліміне себеп болды.

Беркеде де үлкен және мықты армия болды, негізгісі джамб - бұл дінді өз хандарынан кейін қабылдаған мұсылмандар. Ол сонымен қатар көршілерінен жауынгерлерді жинады, олар оған құрмет көрсетті. Атап айтқанда, орыс князьдіктері әр оныншы адамды Беркеге жіберіп, қазынаға үнемі қосып отырды.

Ол шығыс хандықтарын Хулагуымен бөлісті, бүгінде бұл Қытай мен Моңғолияның аумағы, соғыс ұзақ жылдарға созылды, тек Хулагу өлімімен аяқталды. Берке өзінің жиенінен бір жыл ғана аман қалды, бірақ Хулагу діндердің күресіне өз үлесін қосты: Ислам ешқашан Берке ханның мұрагерлерімен ресми сенім үшін қабылданбады.

Өмірі бойы Берке Бағдад мұсылмандарымен, кейінірек Мемлюк сұлтанатымен жақындасуды көздеді. Ол Монғол империясында билік пен территория соғысы болып жатқан жағдайды үнемі қадағалап отырды.

Берке өзінен кейін ұл қалдырмады, ол болса да, тарих мұрагердің атын білмейді. Алтын Орда Мэнгу-Темірді мұрагер етті 1266 жылы Берке Тбилисиден үйге қайтып бара жатып қайтыс болды. Бөрке хан Сарай-Батуда жерленді.

Қорытындылай келсек, Берке хан моңғол әлеміне Исламды әкелген хан десек қателеспейміз. Өзінің қарсыластарын жеңіп, Ислам әлемімен одақтасып әйгілі қолбасшы Бату ханның қалдырған аманатын сақтап ғана қоймай, саяси аренада күшейтіп, дамытхан болатын. Сонау қиын кестеу заманда, әйгілі Шыңғысханның жерлерін бөліп бір-бірін соғысып жатқан заманда әлсіздігін көрсетпей ұлан-байтақ жерді сақтап қалған хан тарихта үлкен өшпес із қалдырады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%91%D0%B5%D1%80%D0%BA%D0%B5_%D1%85%D0%B0%D0%BD

2.https://kazislam.kz/altyn-ordany-ajbarly-bileushisi-berke-khan/?lang=ru

3.http://anatili.kazgazeta.kz/?p=6932

4.http://islam.kz/kk/articles/islam-jane-tulga/islamnyn-tuyn-kotergen-berke-han-108/#gsc.tab=0

5.https://pikabu.ru/story/vzaimootnosheniya_sultana_beybarsa_i_khana_berke_6773431

ӘОЖ 94(574) (045

АЛТЫН ОРДАНЫҢ АЛТЫН ДӘУІРІ

Бердібаева Ж.Ж., «Экология» мамандығының 1 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: Қыйзатова С.М., «Қазақстан тарихы кафедрасының оқытушысы, магистр

Аңдатпа. Мақалада Өзбек-ханның Алтын Орда тарихында атқарған қызметі мен билік еткен кезеңін қарастырылады, және оның ең алдымен, исламды мемлекет дін ретінде бекіткенін және экономикалық саясат нәтижесінде ақша реформаларын жүргізіп, ірі экономикалық маңызы бар қала орталықтарын дамытқаны айтылады. Сондай-ақ, Еуропа мен Таяу Шығыста сыртқы саясатын аса тиімді жүргізе отырып, Алтын Орданың Батыс пен Шығыстағы саяси-дипломатиялық байланыстарын нығайта түскені туралы қарастырамыз.

Түйінді сөздер: Алтын Орда, Батый, Өзбек хан, ислам, дін.

1281 ж. дүниеге келген Өзбек, Мөңке Темірдің немересі, ал оның жолы болмаған ұлы Тоғырұлдың ұлы еді. Тоғырұл алғашқы кезде Төле Бұға хан ның және Алғуйдың «кіші» тең билеуші болған, бірақ, кейіннен ол Ноғай мен Тоқта хан жасаған саяси қастандығы нәтижесінде қаза болған еді. Тоғырұлдың қазасынан кейін он жастағы Өзбек, Өтеміс қажының «Шыңғыснама» дерегіне сәйкес, анасы Келін-Байалын әрекеті нәтижесінде Солтүстік Кавказға (Шеркес уәлаяты) аттандырылып, билік үшін ішкі саяси талас-тартыстар біршама бәсеңдегенше сол аймақта паналаған.

Ол жөнінде «Шыңғыс-намеде» былайша сипатталған: «Ол өзі өлгеннен кейін оның ұлымен [әл-Басармен] хандық үшін таласады деп, өзінің туған-туыстары мен үрім-бұтағын түгел қырып тастайды. Тіпті өзінің інісі Тоғрұлды да өлтірген делінеді. Кейбіреулер Тоғрұл ауырып қайтыс болды дейді. Тоғрұлдың Келін-Байалын атты әйелі болады. Ол өте көрікті болады. Тоғрұл қайтыс болған кезде оның ұлы қалады. Ол Тоқтаға хан ұлы үшін барлық туыстарын қырып жатқанын көрді. Бірнеше кісімен бірге баласын Шеркес уәлаятына асырып жібереді. Атақты Өзбек хан Алла оған жар болсын осы бала еді» — дейді. Біршама уақыт өтіп, билік үшін талас-тартыстар тынышталған кезеңде Тоқта хан өзінің немере інісіне қайтып келуге рұхсат етіп, оны таққа отыратын «Алтын әулеттің» ұрпағы ретінде қараған. Ол жөнінде де Өтеміс қажының «Шыңғыснама» дерегінде кеңінен сипатталған.

Сондай-ақ, Хафиз-и Абрудың «Жылнамалар жинағы» мәліметіне сәйкес, Тоқта хан өлерінің алдында өзінің немере інісі Өзбекті әскер басшылығына қойғаны сипатталған. Тоқта хан ұлының көзі тірісінде қайтыс болып, оның артынан таққа отыратын мұрагерінің болмағанын араб авторларының (ан-Нувайри, ал-Бирзали. аз-Захаби, Ибн Халдун) мәліметтері де растайды. Өзбектің Алтын Ордада беделді болуының арқасында оның көптеген жақтастары болды[1]. Олардың қатарында аса ықпалды Хорезмдегі ханның билеуші өкілі Құтлұқ Темір өзінің бауырлары Сарай Темір және Мұхаммед қожа, шейх-уль-ислам Имад ад-Дин ал-Маскири сияқты тұлғалар болған еді. Темір Құтлұқтың қолдау көрсетуінің бір себебі, Өзбектің онымен шеше жағынан да бөле ретінде туыстық байланыстығы бар еді.

Ал Хорезмдік шейх-уль- исламның қолдауына діни іскерлігі нәтижесі де байланысты еді, Өзбек жастайынан мұсылман дәстүрінде тәрбиеленгендіктен болар, Алтын Ордалық мұсылмандар оның билікке келуінен үлкен нәтиже күтті. Сондықтан, Өзбек таққа отыру алдында мұсылман жақтастарына Алтын Орданы ислам мемлекетіне айналдыратына уәде берген еді. Алайда, ол уәдесін тек өзінің билігінің нығайған кезінде, яғни 1320 ж. таман ол өзінің радикалды шешімін қабылдауға толық сенімді болған кезеңде жүзеге асырды.

Бірақ бірқатар зерттеушілер Өзбек ханның таққа отырған бірден исламды мемлекеттік дінге айналдырған дейді. Алайда, шығыс деректері бойынша, оның таққа отырған соң, сегіз жылдан кейін ғана исламды мемлекеттік дін ретінде қабылдаған деп сипатталған. Сонымен қатар, ан-Нувайри мәліметін сәйкес, 1314 ж. Өзбек хан Мысыр сұлтанына жазған хатында Алтын Ордада ислам дінін ұстанбайтын топтардың бар екенін және олармен күресуге мәжбүр екендігін хабарлаған[2]. Шамасы, бұл күрес ислам жақтастарының толық жеңісіне дейін бірнеше жылға созылған. Өзбек хан, Алтын Ордадағы билігін нығайтқан соң, мемлекеттің сыртқы саясатын белсенділікпен жүргізе бастады.

Оның сыртқы саясатының ауқымы да үлкен еді, оның негізгі бағыттары ретінде, Құлағулық Иран мемлекеті арасындағы талас-тартыс мәселесін шешу, итальяндық сауда республикалары арасындағы экономикалық мәселелерді шешу, Берке-хан кезінде негізі қаланған Мысыр мәмлүк мемлекетімен дипломатиялық қатынастарын жалғастыру болып табылды. Ең алдымен, Құлағулық Иранмен ұзақ уақыт бойы талас-тартыс обьектісі болған Кавказ территориясын иемденуге деген талабын қою үшін және бұл мәселені бейбіт жолмен шешу мақсатында Ұлжайтуға жаңа елшілік аттандырды. Елшілік құрамында Өзбек ханның беделді әмірлері Кек Темір Көреген, Байбаниал және Байбұқа болды. Байқағанымыздай, жаңа хан Алтын Орданың тағына отырған сәттен бастап-ақ, Құлағулық Иран билеушісіне өз талаптарын орындатуға тырысты. Оның себебі ретінде мемлекет құрамына жаңа жерлерді қосу арқылы мемлекетте өз беделін нығайтудың алғашқы қадамы еді. Әрине, Құлағулық Иран билеуші- лері Өзбек хан бұл қойған талабын орындаудан бас тартты.

Өзбек хан өз талабын күшпен орындатудың қиындығы мен Ұлжайтудың Алтын Орда ханына бас имейтіндігін жақсы түсінді, осыған байланысты оған қысым көрсетудің қажетсіз екенін түсініп, онымен достық қарым- қатынас орнату мақсатында екінші елшілігін аттандырды. Бұл елшілікті 1314 ж. 11 мамырда Иран билеушісі жылы қарсы алды. Елшілік белгілі бір деңгейде екі мемлекет арасындағы қарым-қатынасты жандандырудың жолын қарастырды. Сонымен қатар, Ұлжайту хан да екі мемлекет арасында достық қарым-қатынастың орнағанын қалады. Бірақ, Олжайту хан Алтын Орда тарапынан шабуыл жасау қауіпінен өз әскерінің бір бөлігін Арран аймағында тұрақты түрде ұстап отырған еді. Ол кезде Арран билігі Қазан хан кезінде қаза болған Нуриннің орнына отырған Құсайынның қолында болды. Осы оқиғадан кейін біршама уақыт өткен соң, Ұлжайту хан 716 х.ж. рамазан айының 27-де (13 желтоқсан 1316 ж.) қайтыс болды. Құлағулық Иран тағына оның 12 жасар ұлы Абу Сайд (716/1316-736/1335 жж.) отырды.

1316-1317 ж. қысында Өзбек хан Құла ғулық Иран территориясын басып алуға асығыстық танытты. Вассафтың мәліметі бойынша, оның мұндай асығыстығының себебі, осы ай- мақтарда тұратын лезгиндердің Алтын Ордамен тығыз қарым-қатынастары себеп болды. Кеңес тарихшысы А.Н. Насоновтың пікірі бойынша, лезгиндер Алтын Орда билеушісімен құпия түрде одақ жасасқан, сондықтан Дербентті қорғаған Құлағулық Иран әскербасы Тарамтаз, Өзбек хан әскерлерінің жақындағаны жөнінде хабарсыз болған. Сонымен қатар, XIV ғ. араб авторы Ибн Дукмак мәліметіне сәйкес, Абу Саид таққа отырғанға дейін әмір Шопан Өзбек ханға Құлағулық Иран тағын ұсынған дейді. Ал Алтын Орда ханы өзінің белгілі мемлекет қайраткері Құтлұқ Темірмен кеңесе отырып, одан бас тартқан дейді. Оның себебін Ибн Дукмак былайша түсіндіреді, яғни Шопанның ұсынысын тыңдап болған соң Құтлұқ Темір Өзбек ханға егер ол ұсынысты қабыл алып, Хорасанға баратын болсаң, онда Солтүстік мемлекетке деген биілігің уысыңнан шығып кетеді және оны басқа біреу иемденеді. Көп жағдайда өзге мемлекетті басқару аса қиынға түседі, сондықтан екеуін де биілігіңді жоғалтып алуың мүмкін деп ақыл-кеңес береді. Осылайша оның Иран тағынан бас тартуының себебі, сол кезеңдегі қалыптасқан жағдайға байланысты Ирандағы моңғол биліктің тұрақсызды- ғына байланысты болса керек. Бұл оқиға Берке ханның таққа отыруына дейін Борақшын хатунның Алтын Орда тағына отыруға Құлағуға ұсыныс жасаған оқиғасын еске түсіреді. Бірақ, Шопанның Өзбек ханды

Құлағулық Иран тағына отыруға шақырғандығы жөніндегі мәлімет басқа деректермен сәйкес келмейді.

Сондай-ақ, бұдан кейінгі тарихи оқиғалардан әмір Шопанның Алтын Ордаға қарсы әскери қимылдары көрініс тапты[5]. Осы жағдайда Өзбек ханның Құлағулық Иран тағына отыруға деген шақыруы тарихи оқиғалармен де қайшы келеді. Осы оқиғалардан кейін де біршама уақыт Құлағулық Иран мемлекеті ыдырау қарсаңында Өзбек ханның сыртқы саясатының обьектісі ретінде қарастырған. Бірақ, Ирандағы Құлағулықтар билігі күйреген соң, оның территориясында пайда болған мемлекеттер Өзбек ханның ұрпақтары- ның сыртқы саясатының негізгі бағыттарының бірі болған еді.

Өзбек ханның сыртқы саясатының келесі бағыты, бұрынғы Алтын Орда хандары сияқты итальяндық сауда республикаларымен қарым-қатынасын орнатқан еді. 1320 ж. Қара теңіз аймағының венециандық көпестері Өзбек ханға жүгініп, осы аймақтан тұрақты сауда-саттық факториясын салу үшін жер учаскесі мен сауда жеңілдіктерін беруін өтінді. Алайда, бұған қатысты ханның оң шешімін қабылдауы үшін ұзақ уақыт қажет болды. Өзбек ханның уәзірлері мен заңгерлері қалыптасқан жағдайды меңгеріп, Қара теңіз аймағында осыған дейін Иран ильхандары, Трапезунд императорлары және мемлекеттер тарапынан болған осындай келісімдерін талдауға 12 жыл уақыт кетті. Тек, 1332 ж. осыған сәйкес Өзбек ханның жарлығы венециандық көпестерге беріп, Азакта (Азовта) өз факториялық құрылыстарын салуға құқық берді[4]. Шамасы, Өзбек хан венециандықтарға факториялар салуға иеліктер мен жеңілдіктер беруі, оның өзінің қарсыласы Құлағулық Иран мен экономикалық күресте жеңіліске ұшырамаудың алдын алу еді. Өйткені, 1306 ж. Құлағулық Иран венециандықтарға сауда жеңілдіктерін беріп, ал 1320 ж. Құлағулық Иранның ең ірі қаласының бірі Тебризде сауда факториясын салуға рұхсат берген еді. Сондай-ақ, Өзбек хан Алтын Орданың Балқан елдеріндегі Тоқта хан кезінде әлсіреген сюзерендік бақылауын қайта қалпына келтіріп, күшейтуге әрекет жасап, бірқатар шаралар қолданды.

1323 ж. хан әскері византиялықтардан Адрианополдегі шайқаста жеңіліс тапқан Болгария патшасы Георгий II Тертерге көмекке барды. Бірақ, Өзбек хан Византия императоры II Андроникпен, ал кейін оның мұрагері және немересі III Андроникке қарсы соғысқан жоқ. Өйткені, Өзбек хан олар мен туыстық байланысы (деректерде Байалун-хатун атымен белгілі II Андрониктің қызына үйленген еді) бар еді. 1330 ж. Өзбек хан әскері Балқанның шеткі аймақтағы билігі үшін күреске қатынасты: 3000 Алтын Ордалық жауынгер біріккен Валахиялық әскербасы I Басараб пен византиялықтарға жақтасып, сербиялық III Стефанға қарсы шықты. Алайда, сербиялық билеуші испан және неміс жалдамалы әскерлерін жалдап, нәтижесінде одақтастар әскерін Вельбуджде талқандап, Өзбек ханның Балқандағы бұрынғы бақылауын қалпына келтіруге деген үмітін сөндірді. Өзбек хан өз тарапынан әлденеше рет өз әскерін Литва мен Польшаға жортуылға аттандырды.

1324 және 1337 жж. Алтын Ордалық жасақтар ханның бұйрығымен Литваға шабуылдар жасап, көптеген адамдарын тұтқынға алды, бірақ бұл әрекеті Киев пен Волынь толық босата алмады. 1337 ж. Польшаға жасаған жорығы Батыс Русь жерлерін қорғау мақсатында емес, Рим папасының Алтын Ордаға қарсы крест жорығына жауап ретінде жасалған еді. Сонымен қатар, Алтын Орда мен Батыс Еуропа арасындағы Өзбек ханның кезінде біршама диплома- тиялық қарым-қатынастар жүзеге асты. Тіпті Өзбек ханның мұсылмандықты мемлекеттік дін ретінде жариялауының өзі де, католиктік Еуропамен қарым-қатынастарына әсер еткен жоқ. 1338 жылы 13 шілдедегі папа XXII Иоанның жазған хатында Өзбек ханға католик миссиясына құрметпен қарағанына өз ризашылығын білдіреді. 1339 жылы Өзбек хан папа XII Бенедикттің елшісі францискандық Жан де Маринь олиді қабылдады. Ол Шағатай мемлекеті және Пекин сапарына шықпас бұрын арнайы келіп, керемет сәйгүлікті Өзбек ханға сыйлық ретінде берді.

Алтын Орданың сыртқы саясатының келесі бағыты ретінде Мысыр мемлекеті арасында байланыстар Өзбек хан билігі кезінде белсенділікпен жүргізілген. Екі мемлекет

арасындағы қарым-қатынастың қарқынды болғаны соншалықты, тіпті Алтын Орданың барлық мешіттерінде сұлтан ал-Малик ан-Насирдің есімін Өзбек ханнан кейін атап, оған құрмет жасаған. Ұзақ жылғы Алтын Орда мен Мысыр арасын дағы қарым-қатынас ақыр соңында туыстық байланыстың орнауына алып келді. Жалпы, Өзбек хан өзге мемлекет билеушілерімен дипломатиялық некелік қатынастар арқылы туыстық одақтасу саясатын ұстанған. Ибн Баттутаның мәліметі бойынша, Өзбек хан әйелдерінің бірі «Константинополь билеушісінің» қызы болған. Сонымен қатар, Өзбек-ханның өз қарындастарының бірін орыс княздарының бірі — Мәскеу князі Юрий Даниловичке қалыңдыққа бергені белгілі. Туыстық байланысты орнату жөніндегі ұсыныс жоғарыда айтылғандай, Алтын Орда тарапынан болып, Өзбек хан билігінің бастапқы жылдарында Құтлұқ Темірдің бастамасымен болғаны белгілі, яғни 1314 ж. Алтын Орда елшісі Мангуш осындай дипломатиялық миссиясын сәтті орындаған. әл-Айни мәліметтері бойынша, елші Өзбек хан мен Құтлұқ Темірдің хатын сұлтан ал-Малік ан-Насірге бере отырып, «ол Сұлтанға Құтлық Темірдің оған (Мангуш) неке және одақтастық туралы көрсеткенін түсіндірді» деген. Сұлтан келешектегі мұндай туыстық одақтасуға ризашылықпен құптаған. Осының нәтижесінде екі мемлекет арасында туыстық байланыстар орнаған.

Қорытындылай келсек, Өзбек-хан кезінде Алтын Орда мемлекеті өзінің дамуының шарықтау шегіне жетті. XIII ғ. 20-30 жж. Жошы ұрпақтары халықаралық аренда орасан зор беделге ие болып, оның вассалдары ханға тікелей тәуелді болып, оның дұшпандары шекаралық аймақтарда қауіп төндіре алмады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Асфендияров С.Д. Қазақстан тарихы. (көне дәуірден) А., 1995.
2. Мыңжани Н. Қазақтың көне тарихы. А., 1993. 400-бет.
3. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 1, 2 томдар. А., 1997. 542- бет., А., 1998.
4. Айдаров Ғ. Күлтегін ескерткіші. Алматы, 1996.
5. Артыкбаев Ж.О. Кочевники Евразии в калейдоскопе веков и тысячелетий. СПб., 2005.

ӘОЖ 94 (574) (045)

ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ ОРТА ҒАСЫРЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТЕР (XIII ғ. - XVI ғ. БАСЫ)

Ермекбаев Қ., «Тарих» мамандығының 2-курс студенті
Ғылыми жетекші: Қамиева Г.Б., «Қазақстан тарихы» кафедрасының аға оқытушысы, магистр

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан аумағындағы орта ғасырлық мемлекеттер – Ақ Орда (XIII – XV ғ.ғ.), Моғолстан (XIV – XVI ғ.ғ.), Ноғай Ордаларының (XIV – XV ғ.ғ.) жер аумағы, этникалық негізін құраған тайпалар, билеушілерінің жүргізген ішкі-сырты саясаты, мемлекеттердің Қазақ хандығының құрылуы мен Қазақстан тарихындағы рөлі туралы қарастырылады.

Түйінді сөздер: Ақ Орда, Моғолстан, Ноғай Ордасы, Маңғыт ұлысы, ноғайлар.

XIII ғ. – XV ғ. басында Шығыс Дешті-Қыпшақ жерінде Ақ Орда мемлекеті өмір сүрді. Ол – моңғол шапқыншылығынан кейін Қазақстан жерінде пайда болған бірінші ірі мемлекет. Ақ Орданың негізін қалаушы – Жошының үлкен баласы Орда Ежен (1226 – 1280 ж.ж.). Рашид әд-Диннің жазуына қарағанда (XIV ғ.), Жошы ұлысының шығыс бөлігін (сол қанатын) әкесінің көзі тірісінде Жошының үлкен ұлы Орда Ежен алады. Ал,

Әбілғазының айтуынша (XVII ғ.) осынау жерді оған інісі Батухан XIII ғ. орта кезінде бөліп береді. Орданың мирасқорлары іс жүзінде дербес билеушілер болды. XIV ғ. 2-ші жартысында Алтын Орда билігі әлсіреп, Ақ Орда күшейіп, дамудың ең жоғары сатысына жетті. Аумағы – батысында Жайық өзенінен шығыста Ертіс өзеніне дейінгі, оңтүстікте Сырдария алқабы, Арал теңізінің солтүстік-шығысынан солтүстікте Оңтүстік Сібір ормандарына дейінгі жерлер. Астанасы – Сығанақ (Сырдарияның орта ағысы). Халқы – түрік тілді тайпалар болды [1].

Ақ Орданың күшейген кезі Орыс (Ұрыс) ханның кезінде (1361 – 1376/78 ж.ж.) Ақ Орда Алтын Ордадан бөлініп, тәуелсіз хандық болып жарияланды. Ақ Орда Орыс хан тұсында едәуір нығаяды. Әйгілі тарихшы Қадырғали Жалайырдың айтуынша, Орыс хан өз заманының қуатты да құдіретті, батыл билеушісі болған. Ол ең алдымен Ақ Орданың саяси тәуелсіздігін нығайтуға мейлінше күш жұмсады. Осы Орыс (Ұрыс хан) Жәнібек пен Керейдің тікелей атасы. Орыс ханнан Тоқтақия, одан Болат, одан Керей хан тараған, яғни Керей хан Болаттың ұлы мен Тоқтақияның немересі болған. Тоқтақия Ұрыс ханның үлкен ұлы мен Ақ Орда тағының мұрагері болған. Жәнібек хан Кереймен бірге билеген, ол Ұрыс ханның кіші үрім-бұтағынан шыққан. Оның әкесі Барақ және атасы Құйыршық Ұрыс ханның кіші ұлы – екеуі де хандық титулға ие болған [1].

XIV ғ. ортасы – XVI ғ. басында Оңтүстік-Шығыс Қазақстан аумағы Моғолстан мемлекетінің құрамына кірді. Бұл мемлекет XIV ғ. ортасында Орта Азияның солтүстік-шығыс бөлігі, Жетісу мен Шығыс Түркістан жерінде Шағатай ұлысы ыдыраған кейін құрылды. Моғолстан мемлекетінің негізін салушы – дулат тайпасының көсемі Әмір Болатшы. Алғашқы ханы – Тоғылық Темір (1348 – 1362 ж.ж.), ол Моғолстан билеушілері әулетінің негізін салды. Астанасы – Іле алқабындағы Алмалық қаласы болды. Жер аумағы – Оңтүстік-Шығыс Қазақстан, Қырғызстан, Шығыс Түркістан. Орталық аймағы – Жетісу өңірі. «Моғолстан» атауы «моңғол» сөзінен шыққан. Өйткені түрік және парсы деректерінде моңғолдарды осылай атаған. Халқы – дулаттар, қаңлылар, керейттер, арғындар, үйсіндер, барластар, т.б. түрік және түріктенген моңғол тайпалары. Олар мемлекет атауына сай моғолдар деп аталды [2].

Есен Бұға хан (1433 – 1462 ж.ж.) XV ғ. 30-жылдарының басында өкімет билігін иеленді. XV ғ. 50-жылдарының аяғында Батыс Моғолстанға Жәнібек пен Керей бастаған тайпалар көшіп келді. Моғолстан ханы Есен Бұға оларға жер бөліп берді. Мұндағы Есен Бұғаның мақсаты:

– қазақтарды ойраттарға және Темір әулетіне қарсы әскери күш ретінде пайдалану;

– қарсыласы Әбілқайыр мен інісі Жүніске қарсы қою еді.

Есен Бұға қайтыс болған кейін таққа келген інісі Жүніс хан тұсында (1462 – 1487) мемлекет жағдайы біраз нығаяды, бірақ ол 1472 жылы Жетісуға шабуыл жасаған ойраттардан жеңіліп қалады. Жүнісханның баласы сұлтан Махмұт хан (1487 – 1508) Жетісуда және Сырдария қалалары үшін қазақ хандарымен соғысады. Сөйтіп, XVI ғ.басында феодалдық өзара қырқыстар, халық наразылығының жиілеуі және олардың Қазақ хандығына барып қосылуы салдарынан Моғолстан ыдырап, жеке мемлекет болып өмір сүруін тоқтатты. Моғолстан Қазақ хандығының құрылуына және қазақтың өз алдына жеке халық болып қалыптасу барысын аяқтауына аумақтық тірек, саяси-экономикалық негіз болды [2].

Ноғай ордасы, Маңғыт ұлысы – Алтын Орда ыдырап, Ақ Орда әлсірегеннен кейін Батыс Қазақстан жеріне іргелес аймақта пайда болған мемлекеттік бірлестік. Негізгі аумағы Еділ мен Жайық аралығы болғанымен, шығыста Жайықтың сол жағасына, солтүстік-шығыста Батыс Сібір ойпатына дейін, солтүстік-батыста Қазанға дейін, оңтүстік-батыста Арал, Каспий теңізіне дейінгі жерлерді қамтыды. Алтын Орданың беклербегі, әскерінің қолбасшысы, Жошы ханның немересі (1260 – 1306 ж.ж.) Ноғай есімімен байланысты. Ноғай Ордасының негізін салушы – әмір Едіге (1395 –1419 ж.ж.). Ол 15 жылдай Алтын Орданы билеп (1396 – 1411 ж.ж.), «ұлы әмір» атанған. Шыңғыс

әулетінен хан сайлау Едігенің қолында болған. Ноғай Ордасы Алтын Ордадан Едігенің кезінде бөлектене бастаған. Бұл процесс Едігенің ұлы Нұраддин (1426 – 1440 ж.ж.) тұсында аяқталып, Ноғай Ордасы Алтын Ордадан XV ғ. ортасында бөлініп, дербес мемлекет болды. Жер аумағы – Еділ-Жайық арасы. Астанасы – Жайық өзені сағасындағы Сарайшық қаласы болды. Халқы – маңғыт, қыпшақ, қоңырат, арғын, қарлұқ, алшын, тама және т.б. сияқты түркі тайпалары. Ноғай Ордасы этносаяси бірлестік ретінде пайда болды, оған енген тайпалар XV ғ. аяғында қалыптасқан ноғай халқының негізін құрады. Кейін ноғайлар қазақ хандарымен соғысса, енді бірде татуласып, одақ құрып отырған. Ш.Уәлиханов ноғайлар мен қазақтарды «екі туысқан Орда» деп атаған. Ал Хақназар хан «қазақтар мен ноғайлар ханы» атанған.

XVI ғасырда Ноғай Ордасының Орыс мемлекетімен сауда-экономикалық, саяси байланысы дамыды. XVI ғ. 2-ші жартысында Ноғай Ордасы ыдырап, екіге: Үлкен Ноғайлы (Еділдің шығысы) және Кіші Ноғайлыға (Еділдің батысы) бөлінді. Осы тұста ноғайлардың көпшілігі Қазақ хандығына, соның ішінде Кіші жүз құрамына енді. Осылайша Ноғай Ордасын мекендеген тайпалар қазақ халқының қалыптасуында үлкен рөл атқарды.

Қорыта келе айтарымыз, Қазақстан – бар түркінің рухани орталығы және алтын дінгегі. Қазақстан аумағындағы орта ғасырлық мемлекеттер туралы айтудағы негізгі мақсат – қазақстандық жастардың бойына патриоттық сезімді ұялата отыра, ата-бабаларымыз салып кеткен сара жол негізінде жаңа әлемге жаңа серпіліс әкелу. Осы орайда, Қазақстан аумағындағы орта ғасырлық мемлекеттер тарихын зерделеуіміз үлкен рөл ойнайды. Өйткені, тарихымыздың өткенін білмесек жаңа әлемге қазақстандық ретінде жол бастаймыз деуіміз бекершілік. Егер біз төл тарихымызды білмесек, өз тарихымызбен мақтанбасақ, одан үлгі алмасақ – жаһандану дәуірінде адасып, ұлт ретінде жоқ боларымыз белгілі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қ.Бегалин. Алтын Орда хандары. – А., 2007.
2. М.Мағауин. Қазақ тарихының әліппесі. – А., 1995.
3. Ж.Артықбаев, С.Раздықов. Қазақстан тарихы. – А., 2018.

ӘОЖ 94 (574) (045)

МОҒОЛСТАН БИЛЕУШІЛЕРІ

Есболаева Г., «Тарих» мамандығының 2-курс студенті
Ғылыми жетекші: Қамиева Г.Б., «Қазақстан тарихы» кафедрасының аға оқытушысы, магистр

Аңдатпа. Мақалада Шағатай қағанаты ыдырап, Моғолстан мемлекетінің пайда болуы, алғашқы ханы Тоғылық Темірдің билікке келуі, деректерден көрініс беруі, Ілияс Қожаның Әмір Темірмен қақтығысулары, Батпақты түбіндегі шайқас, Есен Бұға ханның тақ үшін Жүніспен соғысуы, Керей мен Жәнібек хандарды Есен Бұғаның қарсы алып, өзіне одақтас етуі туралы қарастырылады.

Түйінді сөздер: Моғолстан, Тоғылық Темір, Ілияс Қожа, «Батпақты шайқасы», Есен Бұға.

XIV ғ. ортасында Шағатай ұлысы батыс және шығыс болып екіге бөлінеді. Шығыс бөлігінде көшпелі және жартылай көшпелі түркі тілдес тайпалардың әмірлері мемлекеттің одан әрі ыдырауына жол бермеу үшін шағатайлық хан іздестіреді. Рөлі күшті Дулат тайпасының әмірі Болатшы 16 жасар Тоғылық Темірді іздеп тауып, оны 1347 – 1348 ж.ж.

хан етіп көтереді. Шығыс бөліктегі жаңадан құрылған мемлекет – Моғолстан деп аталады. Моғолстан – XIV ғ. ортасында құрылған мемлекет. Бұл мемлекеттің негізін қалаған Тоғлық Темір (1348 – 1362) болды. Тоғылық Темір – 1329 – 1363 жылдары өмір сүрген. Оның ататегі туралы екі пікір бар. Муизз ал-аснаб, Зафар-наме, Шажарат ал-атрак еңбектеріне қарағанда оның шежіресі былай өрбиді: Тоғылық Темір, Әміл-Қожа, Дуа, Барақ, Йисун-Дуа, Мүтүген, Шағатай. Ал Бабырнама мен Тарих-и Рашидиде келтірілген мәліметтерде Тоғылық Темір атақты Дуа ханның Есен Бұғадан тарайтын ұрпағы болып табылады. Қалай болғанда да Шыңғыс ханның екінші ұлы Шағатайдың ұрпағы екені сөзсіз. Моғолстан шекарасы Мұхаммед Хайдар Дулатидің айтуы бойынша: «шығыста – қалмақ жерлерімен, Барскүл, Еміл, Ертіспен, солтүстікте – Көкше теңізбен (Балқаш), батыста – Түркістан, Ташкент, оңтүстікте – Ферғана, Қашқар, Ақсу, Тұрпан уәлаяттарымен шектеседі...». Моғолстанға Оңтүстік-Шығыс Қазақстан (Жетісу) және Қырғызстанның басым бөлігі енген. Астанасы – Алмалық қаласы болды. Тоғылық Темір хан 1360 жылға дейін Моғолстанның ішкі саяси істерімен айналысып, саяси тұрақтылықты қамтамасыз етеді, салық жүйесін қалпына келтіреді, бүкіл Моғолстанды біріктіреді, ұлыстық жүйені сақтап, ұлысбегі лауазымын дулат тайпасының әмірлеріне қалдырады. Тоғылық Темір хан 1353 жылы ислам дінінің таралуына кең қолдау көрсетеді, өзі 24 жасында Аршададин Мәуленнің ықпалымен мұсылмандықты қабылдайды. Ислам Тоғылық Темір хан тұсында Моғолстанда мемлекеттік дінге айналады. Дулатидің мәліметі бойынша, Моғолстанда бір күнде 160 мың адам мұсылмандықты қабылдаған. Шағатай хандығының батыс қанатымен қарым-қатынасты күшейту үшін Әмір Қазағанның қызын алып, оған күйеу бала болады. Осыдан кейін өз билігін Мәуренахрда да орнату мақсатында аңшылық барысында Әмір Қазағанды 1358 жылы өлтіртеді. Осыдан кейін Мәуренахрдағы әмірлер арасындағы араздық пен алауыздықты қолданып, 1360 жылы өңірге басып кіреді. Аймақтағы тұрақсыздықтан шаршаған әмірлер Тоғылық Темір ханның билігін мойындайды. 1361 жылы Мәуренахрға қайта жорық жасайды. Бұл жолы орталықтандырылған билік құруға талпынып, бірнеше әмірді өлім жазасына кеседі. Осылайша, Шағатай хандығының тұтастығы қалпына келген болатын. Бұл жерге ұлы Ілияс Қожаны әкім қылып тағайындап өзі шығысқа кетеді. 1363 жылы Моғолстанның астанасы Алмалықта өз өлімімен қайтыс болады және сол қалаға жерленеді. Билік Ілияс Қожаның қолына өтеді.

Ілияс Қожа хан – 1362 – 1385 жылдары билік құрған, Тоғылық Темірдің баласы. Хан болуға дейін Ілияс Қожа Мәуренахрда әкім қызыметін атқарған еді. Өзінің мұрагерлік құқығын реттеу үшін Ілияс-Қожа Моғолстанға кеткен кезде Орта Азиядағы жағдай күрт өзгереді. Тоғылық Темірдің тірі кезінде оған тәуелдікті амалсыздан мойындап жүрген Әмір Темір енді Мәуренахрдағы билікті өз қолына алу үшін, Ілияс Қожаға қарсы шығады. Әмір Темір мен Ілияс Қожа ханның арасында бірнеше рет қақтығысулар болады. Моғол ханы жеңіліске ұшырайды. Соңғы жеңілістен кейін Ілияс Қожа Моғолстаннан жаңа әскери күш жинап келіп, қайта соғысады. Ташкент қаласының маңында 1365 жылы 22 маусымда екі жақтың арасында шешуші «Батпақ шайқасы» болады. Жазба деректердің хабарына қарағанда, кескілескен шайқас болғаны соншалықты, екі жақтан 10 мыңға жуық адам қырылған. Шайқаста Ілияс Қожа хан жеңіске жетіп, Әмір Темір қашып құтылады. Батпақты жеңісінен кейін Моғол ханы Самарқанға қарай аттанып, оны қоршауға алады. Бірақ халық қаланы жан аямай қорғайды. Қаланы ұзақ уақыт қоршаудан қалжыраған моғол әскерлерінің міниС аттары «жамандат» індетінен қырыла бастайды. Қаланы алудың мүмкін еместігіне көзі жеткен хан Моғолстанға қайтуға мәжбүр болған. Сөйтіп, Шағатай ұлысты кезіндегі билікті қайта қалпына келтіру ісінің алғашқы қадамы сәтсіздікпен аяқталады. Бұл сәтсіздіктің басты себебі, билеушілер арасындағы алауыздық, саяси феодалдық батыраңқылық еді. Ақыр аяғында Ілияс-Қожа хан да осы феодалдық талас-тартыстың құрбаны болады.

Есен Бұға хан – туған жылы белгісіз, 1429 – 1462 жылдар аралығындағы Моғолстан ханы. Бүгінгі жазылған тарихи зерттеулерде «екінші» Есен Бұға деп атаймыз. Бұның

себебі Шағатай ұрпақтарының арасында XIV ғасырдың басында, яғни 1310 – 1318 жылдар аралығында сегіз жыл бойы Шағатай Ұлысын билеген Есен Бұға хан болған еді. Осыған байланысты екі ханды шатастырмас үшін шартты түрде «екінші» Есен Бұға деп атайды. Әкесі Уәйіс хан Моғолстанның ең ықпалды хандарының бірі болған. Алайда, 1429 жылы Уәйіс хан Мәуренахрдан келген Сатық ханнан жеңіліп, тақтан айырылады. 1429 – 1434 жылдар аралығында Моғолстанды Тоғылық ханның ұрпақтары емес, Әмір Темірдің ұрпағы Ұлықбек «тағайындаған» хан – Сатық биледі. Алайда халық оның билігін мойындамады. Сондықтан Сатық хан тек Қашқар қаласында ғана отырды. Осыдан кейін Моғолыстан халқы өз ханын сайлауға кірісті. Алайда осы кезде халықтың біраз бөлігі Уәйіс ханның үлкен ұлы Жүністі, ал көпшілік бөлігі Есен Бұғаны қолдады. Заң бойынша тақ үлкен ұлына өтуі керек еді. Сондықтан осы жағдаймен келіспеген Жүніс Мәуренахрдағы Ұлықбектің қолдауын алғысы келді. Алайда Ұлықбек Моғолстан ханзадасын тұтқындап, оны Иранның Язд қаласына жер аударып жіберді. Осылайша Есен Бұғаның Моғолыстан тағына шығуы нақтыланды. Дегенмен, кейінгі жылдарда Әмір Темірдің ұрпақтары Жүністі Есен Бұғаға қарсы қолданып отырды. 1434 жылы Моғолстан тағына шыққан Есен Бұғаның бірінші саясаты Қашқар қаласын Ұлықбектен қайтару болды. 1435 жылы ұйымдастырылған шабуыл барысында Қашқар халқы Есен Бұғаның жағына шығып, нәтижесінде Қашқар Моғолстанға қайтарылады. Бұл жеңіс жас ханның абыройын асқақтатты. Соған қарамастан, Есен Бұғаға Моғолстан әмірлерінің қолдауын алып, елде тұрақтылық орнатуы оңай болған жоқ. Ол кейбір әмірлерді күшпен, кейбір әмірлерді туысқандық байланыс орнату арқылы өзіне бағындырды. Мәселен, атақты «Тарихи Рашиди» еңбегінің авторы және Қашқар қаласының әміршісі Мұхаммед Хайдар Дулаттың қолдауын алу үшін Есен Бұға хан оған өз қызы Дәулет Нигар ханымды береді. Яғни, 1450 жылға дейін Есен Бұға Моғолстанның тұтастығын қалпына келтіреді. Есен Бұғаның келесі мақсаты Мәуренахрдағы кейбір қалаларды Әмір Темірдің ұрпақтарынан тартып алу болды. 1451 жылы Есен Бұға алдымен, Ташкентке, артынша Әндіжанға шабуыл жасады. Алайда Әбу Саидтің қарымта шабуылына төтеп бере алмай Есен Бұға Моғолстанға шегінуге мәжбүр болды. Моғолстандықтардың бұл жорықтары кейінгі жылдары да жалғаса берді. Ақырында Әбу Саид Иранда жүрген Уәйістің үлкен ұлы Жүніске қалың әскер беріп, оны Есен Бұға ханға қарсы жіберді. Екі ағайындының соғысы көп жылдарға созылып, ақырында Моғолстанның екіге бөлінуіне әкеп соғады .

Есенбұға 1457 – 1458 жылдар шамасында Әбілхайыр ханнан бөлініп, өзіне көшіп келген Керей мен Жәнібек хандарға Шу бойы мен Қозыбасы өңірін беріп, оларды өзіне тосқауыл әрі одақтас етеді. 1458 – 1460 ж.ж. Жүніс ханның Есенбұғаға қарсы жасаған жорығы сәтсіз аяқталады. Есенбұға қайтыс болған соң, Шығыс Түркістанда оның ұлы Дос Мұхаммед (1461/62 – 1469 ж.ж.) хандық құрады, ал, 1469 жылдан бастап Моғолстандағы билік Жүніс ханның қолына көшеді.

Сөйтіп, XIV – XVI ғ.ғ өмір сүрген Моғолстан мемлекеті XVI ғ. басында феодалдық өзара қырқыстар, халық наразылығының жиілеуі, сонымен қатар олардың Қазақ хандығына барып қосылуы салдарынан ыдырап, жеке мемлекет болып өмір сүруін тоқтатты. Моғолстан мемлекеті – Қазақ хандығының құрылуына және қазақ халқының жеке халық болып қалыптасу барысын аяқтауына аумақтық тірек, саяси-экономикалық негіз болды .

ӘДЕБИЕТТЕР

1. https://www.trt.net.tr/kazakh/bag-darlamalar
2. https://kk.wikipedia.org
3. https://kitaphana.kz
4. https://e-history.kz

ӘОЖ 94 (574) (045)

ОРДА ЕЖЕН ҰРПАҚТАРЫ

Нурадинова М., «Тарих» мамандығының 2-курс студенті
Ғылыми жетекші: Қамиева Г.Б., «Қазақстан тарихы» кафедрасының аға оқытушысы, магистр

Аңдатпа. Мақалада Шыңғыс ханның немересі, Жошы ханның баласы, Жошы ұлысының сол қанатында билігі жүрген Орда Ежен және одан тараған ұрпақтарының дербес билік жүргізіп, хандық құруы, Орда Еженнің өз иелігіндегі елді басқару жүйесі, келесі билеушілері тұсындағы мемлекеттің ішкі-сыртқы саяси жағдайы, талас-тартыстардың әсері туралы қарастырылады.

Түйінді сөздер: Орда Ежен, ұлыстар, Қарақорым, Алтын Орда, Ақ Орда.

Орда Ежен (туған жылы белгісіз – 1253 жылы дүниеден озған) – Ақ Орда аталған мемлекеттің негізін қалаған хан (1226 – 1253), қолбасшы, Жошының үлкен ұлы, қазақ хандарының арғы атасы. Орда Ежен 1236 – 1242 жылдары моңғолдардың батыс елдеріне жасаған барлық жорықтарына белсене қатысты. Жошы ұлысы екі қанатқа бөлінгенде сол қанатын Орда Ежен, оң қанатын Батый хан басқарған. Осының негізінде XIII ғасырдың ортасында әскери-саяси иеліктер қалыптасып, соңынан олар дербес мемлекеттерге айналды. Жошы ұлысының сол қанатын билеген Орда Ежен інілерімен қосылып, Алтын Орда құрамына енетін, ішкі-сыртқы саясаты тәуелсіз Ақ Орда мемлекетін құрды. Рашид ад-Дин: «Алтын Орда мен Ақ Орда жөнінде олар бір-бірінен өте алыста жатты және өзара тәуелсіз ұлыстар болды»,- деп жазды.

Алғашында Орда-Ежен өзінің ордасын әкесі Жошының орталығына жақын жердегі Ертіс жағалауына орналастырады. Дегенмен, 1246 жылы Плано Карпини Моңғолияға бара жатқан сапарында оның ордасы Алакөл маңында болды,- деп көрсетеді. Орда Ежен өз беделінің күштілігіне қарамастан әкесінің орнына інісі Батыйдың Алтын Орда тағына отыруын қолдады. Қарақорымда Күйікті ұлы хан көтерген құрылтайға Жошы әулетінің атынан қатысты. Осы жиында Шыңғыс хан ұрпақтарының үлкендері ретінде Мөңке екеуі бірігіп, көтеріліске шыққандардың ісін тексеріп, жазаға тартты. Орда Еженнің саяси рөлі тек Жошы ұлысында ғана емес, бүкіл моңғол империясында да жоғары болды. Рашид әд-Диннің айтуы бойынша, Алтын Орданың билеушісі ресми түрде Батый болғанымен, Мөңке хан Шыңғыс хан империясының атынан өзі шығарған үкімдері мен жарлықтарында Орда Еженнің атын Батыйдан бұрын қойған. Орда Ежен ұрпақтары мемлекет күйрегенге дейін билік жүргізген.

Рашид ад-Диннің айтуынша Орда Еженнің үш әйелінен жеті ұл дүниеге келген екен. Олар: Сартақтай, Кули, Құрмыш, Қоңқыран, Шұрмақай, Құтуғ және Хулагу. Бұлардың әрқайсысының ұрпақтары Рашид ад-Диннің «Жылнамалар жинағында» талданған. Ақ Орда хандары және қазақтың хан ұрпақтары осылардан тарайды [2]. Ақ Ордада Орда Ежен (1226 – 1247/1250 ж.ж.), Қоңқыран (1250/1251 – 1280 ж.ж.), Қоныш (1289 – 1301 ж.ж.), Баян (1301 – 1309 ж.ж.), Сасы Бұқа (1309 – 1315 ж.ж.), Сасы Бұқаның ұлы Ерзен (1315 – 1320 ж.ж. / 1315 – 1346 ж.ж.), т.б. хандар билік құрған. Ақ Орда аумағының құрамына Жетісудан басқа қазіргі Қазақстанның барлық аймағы кірді. XIII ғасырда оның орталығы Шығыс Қазақстандағы Ертіс өзені маңында болса, кейін ол оңтүстікке, Сырдария өзенінің бойында орналасқан Сығанақ қаласына көшірілді. Алғашында Ақ Орда Алтын Орданың бір бөлігі болып есептелген. Уақыт өте Орда Еженнің кейбір ұрпақтары өз бетінше жеке өмір сүру үшін Алтын Орда билеушілерімен соғыс жүргізді. Билік үшін күресте Алтын Орда әлсіреді. Бұл кезде, XIV ғасырдың екінші жартысында, Ақ Орда тәуелсіздікке қол жеткізді. Бірақ осыған дейін де Ақ Орда билеушілерінің кейбірі тәуелсіз хандар ретінде өздерінің теңгелерін соға бастаған. XIV –

XV ғасырларда Ақ Ордада өмір сүрген түркі және түркі тілдес моңғол тайпалары (арғындар, наймандар, қоңыраттар, қыпшақтар, керейлер, үйсіндер және т.б.) қазақ халқының негізін қалаған. Ақ Орда іс жүзінде қазақтың алғашқы мемлекеті болып табылады.

Батуға батыс жорығынан наразы болып келген Үгедей ұлы Күйік өзі ұлы хан болу үшін Батудан да, Еженнен де қолдау табарына сенімді болмағандықтан, осы тұста Еженнің Ордасына таяу маңда Емілде қоныстанып, оған қарсы әрекеттерді жандандырды. Еженнің қайғысы Батудың қабырғасын қайыстырып кетті. Ол Еженге ас берген соң, қалың қолмен оны өлтіргендерге аттанды. Қарсыласуға шамалары келмеген жаулар қашып құтылды. Осыдан соң Бату Еженнің Ордасындағы рулар мен тайпаларды өзінің ұлысына қаратты және бұл аймақтарды өзінің бектеріне бөліп берді. Осылайша Ақ Орда Алтын Ордаға қосылды. Алайда әкесіндей болған Еженнің орнын Бату иесіз қалдыра алмады, оның үстіне екі ұлыстың арасын інісі Шайбанның иеліктері (Көк Орда) бөліп жатқандықтан, шалғайдағы Ақ Орда тағын иесіз қалдыру қауіпті бола бастады. Осылайша таққа Еженнің төртінші ұлы Қоңқыран отырды (1250-1280 ж.). Одан ұрпақ болмағандықтан, тақты Еженнің үлкен ұлынан туған Қоныш, онан соң оның ұлы Баян иемденді. Соңғысының тұсында Үгедейдің және Шағатайдың ұрпақтары Ақ Орданы өздеріне бағындыру жолында соғыс бастады.

Қоңқыран хан Ақ Ордаға 1251 – 1280 жылдары билік жүргізеді. Рашид ад-Дин Хамаданидың Жами аль-тауарихында («Жылнамалар жинағы») Қоңқыранды Орда Ежен ханның төртінші ұлы деп көрсетеді. 1256 жылы Қоңқыран ханның інісі Құли Парсы жеріндегі Құлағу ханның әскеріне көмекке аттанады. Бағдад қаласын қоршағаннан кейін (1258 ж.) белгісіз жағдайда Құли қаза болды. Соның кесірінен Жошы ұлысы мен Илхандар мемлекетінің қарым-қатынасы суый түсті. Оның билігі кезінде Орда Еженнің кейбір ұрпақтары Арықбұғаны хан сайлауға қатысып, Құбылайға қарсы азаматтық соғыста қолдау көрсеткен [5, 45-б]. Қоңқыраннан ұрпақ болмағандықтан, тақты Орда Еженнің үлкен ұлы Сартақтайдан туған Қоныш (кейбір деректерде Кучи немесе Кучук деп жазылады), онан соң оның ұлы Баян иемденді. Қоныш Ақ Орданы 1280 – 1301 жылдары басқарады. Қоныштың тұсында Ақ Орда өмірінде айтарлықтай өзгерістер болмады [2], [4]. Марко Полоның сөзінше Қоныш ханның кезінде халық саны өте көп болған, әрі бейбіт өмір сүрген. 1280 жылы ол Юань әулетінің Ұлыханы Құбылайға достық ниеттегі хат жолдайды. Құбылай оған қарымта ретінде үлкен көлемді астық пен Қытайдың бағалы заттарын жіберген. Рашид ад-Дин Хамаданидың сөзінше ол Персиядағы Илхандық туыстарымен де достық қатынаста болған. Рашид ад-Дин Хамадани Қоныш ханның Қайдумен де одақтас болғанын айтады. Қоныш шағатайлықтардың Ғазна мен Бамиан аймақтарын қол астына қаратты. Шағатай ұлысының ханы Барақ одан Иранға шабуылдамас бұрын қол астындағы жерлерден бас тартуды талап еткенде, Қоныш оның талабымен келіспейді. Ол өте ықпалды билеуші болды. Бөржігіндік билеушілер өзара қырқысқанда Қоныш ханнан көмек сұраған. Деректер бойынша, Қоныш хан 1302 жылы салмағының көбеюінен қайтыс болған.

Айшықты қайшылықтар мен өзгерістер Қоныштың ұлы Баян (1301 – 1309) билігі тұсында басталды. Бұл Орда Ежен мен Шағатай ұрпақтарының арасында Сырдария бойындағы қалалар мен Жетісу жайылымы үшін күрес басталған кезең болатын. Баянның тұсында Үгедей және Шағатайдың ұрпақтары Ақ Орданы өздеріне бағындыру жолында соғыс бастады. Алайда Алтын Орда ханы Тоқтаның әскери көмегінің арқасында Баян жеңіске жетіп, ұлыстың астанасын Сыр бойындағы Сығанақ қаласына ауыстырды.

Сонымен қатар, өзін хан тағына үміткер деп санаған Орда Еженнің алтыншы ұлы Кутукудің немересі, Темірбұқаұлы Кублюк Баянға қарсы бүлік шығарып, ол кезде Жетісудың көлемді бөлегіне иелік етіп тұрған Өгөдей қағанның ұлы Хайдудың көмегімен Ақ Орда ханы Баянды шапты. Тұтқиылдан келген қарсыласына төтеп бере алмаған Баян Алтын Орда билеушісі Тоқтайға барып паналап, одан көмек сұрайды. Ол кезде ноғаймен қақтығысып жанталасып жатқан Тоқтай Баянға тікелей әскери көмек бере алмай, тек

Шағатай шөбересі Барақ ұлы Дувадан Кублюкты қолға тапсыруын талап еткен жарлық шығарады. XIV ғасырдың басынан бастап Ақ Орда тағын Баянның ұлы Сасы-Бұқа (1309 – 1315 ж.ж.), оның ұлы Ерзен (1316 – 1345 ж.ж.) биледі. Сасы-Бұқа тұсында Ақ Орда әкесінің кезіндегідей Алтын Ордаға тәуелді болды. «Мунтахиб ат-тауарихи Муини» авторы Му'ин әд-Дин Натанзидің айтуынша, Сасы-Бұқа 1321 жылы өз ажалынан қайтыс болған. Денесі Сауран қаласына жерленген [5, 46-б].

Ерзеннің билігі Алтын Орда тағына Өзбек ханның билік жасаған кезеңіне тұспа-тұс келіп, елде сопылар мен қожалардың Ислам дінін мемлекеттік деңгейге көтеру саясаты жаппай қолдау тапты. Сондықтан да Ерзен өзінің орнына таққа отырған ұлын Мүбаракқожа деп атады [4].

Баяннан кейінгі Ақ Орда хандары билігінің реті туралы тағы бір деректерде былайша келтіріледі: «... оның екінші ұлы Сасыбұқа (1309 – 1315 ж.ж.), Күлиұлы Абисан (1315 – 1320 ж.ж.), Мүбәрак қожа (1320 – 1344 ж.ж.), Мүбәрек Қожаұлы Шымтай (1344 – 1361 ж.ж.), Шымтайұлы Орыс хан (1361 – 1378 ж.ж.), Орыс ханның ұлы Тоқтақия (1378 ж.), Тоқай Темір әулетінен тарайтын Тойлы Қожа ұлы Тоқтамыс (1378 – 1395 ж.ж.) басқарды. Ақ Орда билігі Тоқтамыстан кейін қайтадан Орыс ханның ұлы Құйыршықтың билігіне өтті. Ақ Орданың соңғы ханы Құйыршықұлы Барақ 1423 – 1428 жылдары билік жүргізді». Өзбек хан Ақ Орданы Алтын Орданың бағынышты бөлігі деп білді, сондықтан да оның тағына 1342 жылы өзінің ұлы Тыныбекті отырғызды. Алтын Орда хандары Жәнібек те (1342 – 1357 ж.ж.), онан кейінгі Бердібек те (1357 – 1361 ж.ж.) Орда Ежен ұрпақтарының дербестікке ұмтылысын шектеумен болды. Тіптен соңғысы оларды біртіндеп өлтірумен айналысты. Мұндай былық Ақ Орда тағына 1362 жылы Шымтай ханның баласы Ұрыс хан келгенге дейін орын алды. Ол Ақ Орданы күшейтіп қана қоймай, Жәнібектен соң берекесі кеткен Алтын Орда тағын да басып алуға ұмтылды. Ұрыс ханның билігі кезінде (1361 – 1376/1378 ж.ж.) Ақ Орда Алтын Ордадан бөлініп, тәуелсіз хандық болып жарияланды. Әйгілі тарихшы Қадырғали Жалайридің айтуынша, Ұрыс хан өз заманының қуатты да құдіретті, батыл билеушісі болған. Ол, ең алдымен, Ақ Орданың саяси тәуелсіздігін нығайтуға мейлінше күш жұмсайды. Оның сыртқы саясаты негізінен Әмір Темірдің шапқыншылық жорығына тойтарыс беруге бағытталса, ішкі саясаты мемлекеттің экономикасын өркендетіп, саяси қуатын арттыруды көздеген. Ең алдымен, Сырдария алқабындағы отырықшы егінші аймақтардың егін шаруашылығын өркендетуге және осы өңірдегі шаруашылық, мәдениет орталығы болған қалаларды көркейтуге баса мән береді. Хандық билігін нығайтып алғаннан кейін ішкі феодалдық қырқысты жойып, Алтын Орданы өзіне бағындыруға әрекет жасайды. Бұл мақсатын жүзеге асыру үшін 1368 жылы Еділ бойына жорық жасап, 1374 – 1375 жылдары Сарай-Беркені, Қажы-Тарханды (Астрахань) алып, Кама бұлғарларын бағындырады.

Сонымен, Орда Ежен негізін салған Ақ Орданың жеке дара билігі 1226 – 1428 жылдар аралығында, яғни, соңғы ханы Барақтың 1428 жылы қаза табуына дейін, 200 жылдан астам уақыт бойы үзілмей жалғасты. Атадан қалған мирас бойынша Ақ Орда билігіне тек Орда Еженнің ұрпақтары ғана тақ мұрагері бола алды. Орда Ежен әкесі Жошыдан қалған қара шаңырақтың иесі, жеке дара билеуші болғандықтан Орда Ежен ұрпақтары Жошы ұлысы немесе Алтын Орда тағына да мұрагер саналды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. https://kk.wikipedia.org
2. http://jebeu.kz: З.Қинаятұлы. Орда Ежен // Отан тарихы. 2010, №1.
3. https://bilim-all.kz
4. http://anatili.kazgazeta.kz: Т.Омарбеков. Жошы ұлысындағы Ежен Ордасы (Ақ Орда).
5. Қазақ энциклопедиясы. – А., 1998. 7-том.
6. Қазақ хандығы: Алтын Орда. – А., 2007.

ӘОЖ 94 (574) (045)

БАТЫЙ ХАН- АЛТЫН ОРДАНЫҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ

Оралбаева А., «Тарих» мамандығының 2-курс студенті
Ғылыми жетекші: Қамиева Г.Б., «Қазақстан тарихы» кафедрасының аға оқытушысы, магистр

Аңдатпа. Мақалада Жошы ханның ұлы, Алтын Орданың негізін салушы, моңғол ханы – Батыйдың билікке келуі, деректерде көрініс беруі, Еуропа елдеріне жорықтары және оның барысы, соғыс тактикалары, сыртқы елдермен байланысы, Батый хан билеген тұстағы Алтын Орда мемлекетінің даму деңгейі, мемлекеттің тарихи рөлі туралы қарастырылады.

Түйінді сөздер: Батый хан, құрылтай, Еуропаға жорық, Алтын Орда, Сарай Бату.

Батый – Шыңғыс хан ұрпақтарының бірі, Алтын Орданың негізін салушы моңғол ханы. 1227 жылы билікке келіп, 1235 жылғы бүкіл моңғолдық құрылтайда Батысқа жорық жасауға шешім қабылдаған кезден бастап Батыйдың есімі тарихи деректерде айтыла бастайды. 1227 – 1255 жылдары тарихта атауы Алтын Орда деген атпен танылған алып империя,ға билік жүргізген.

Алтын Орда деп о баста Батыйдың Жайық пен Еділдің аралығындағы ордасы аталған. Бұл атау қайдан шығады дегенге келер болсақ, Бүгінде бұл сұрақтың нақты жауабы жоқ деген пікірлер қалыптасқан. Дегенмен, жазба деректерде жанама мәлеметтерге сүйене отырып, болжам жасауға болатын секілді.

Рашид әд-Дин Шыңғыс ханның туған жерге оралуын баяндай келе, мынадай қызықты деректерді алға тартқан. Шыңғыс хан Букаса-Жику деген жерге жеткенде, сол жерге «Орду-и-Бузург зарин», яғни Үлкен Алтын Орда тігуді бұйырады [1, 49-б].

Бұл – «Алтын Орда тіркесі кезесетін ең ескі жазбалардың бірі болып табылады. Деректен Алтын Орда деп Бастапқыда Шыңғыс ханның өз ордасы аталғанын көреміз. Шыңғыс хан өлген соң, осы атау Бату ханның ордасына көшкенді. Әрине, бірден емес, 1242 жылы Бату «Алтын әулет» Бөржігенге бас болғаннан кейін ғана. Сол кезде Бату Ханға «қаған ақа» атағы беріледі, бұл «үлкен Ұлы хан» деген ұғымды аңғартады. Оның мұндай атағы парсы тілінде жазылған еңбектердің авторы әл-Жуайнидің деректерінде алғаш келтірілгенін айткету керек [1, 50-б].

Батый он тоғыз жасында моңғол армиясының жауынгерлік өнерін шебер меңгерген атақты атасының соғыс тактикасы мен стратегиясын мұқият зерттеп, моңғол билеушісі болған. Оның өзі өте жақсы шабандоз болған, садақпен дәл атылған, сабанды шебер кесіп, найзаға ие болған. Ең бастысы, тәжірибелі қолбасшы және билеуші Джучи ұлына әскерлерді басқаруды, адамдарға әмір етуді және Шыңғысидтер кеңейіп жатқан үйде жанжал жасамауды үйретті [2].

Хан тағымен бірге моңғол мемлекетінің шекті, шығыс иеліктерін алған жас Батудың ұлы бабаны жаулап алуды жалғастыратындығы айқын болды. Тарихи тұрғыдан, далалық көшпелі халықтар ғасырлар бойы шығыстан батысқа қарай жүріп өткен. Моңғол мемлекетінің негізін қалаушы ұзақ ғұмыры бойы армандаған бүкіл Әлемді жаулап ала алмады. Бұл Шыңғыс хан ұрпаққа – оның балалары мен немерелеріне мұра етті. Осы уақытта моңғолдар күш жинады.

Ақырында, 1229 жылы ұлы Хан Октайдың екінші ұлы бастамасымен жиналған Шыңғысылардың Құрылтайында «Әлемнің сілкінісі» жоспарын жүзеге асырып, Қытайды, Кореяны, Үндістан мен Еуропаны жаулап алу туралы шешім қабылданды.

Батысқа ұлы жорығы Онон өзені бойында 1235 жылы бүкіл моңғол ақсүйектері бірігіп, бас қосты. Бектер мен нояндар бір мезгілде төрт бағытта, бүлікші Кореяға,

оңтүстік-қытай империясы Сунге, мұсылман Шығысқа және бұлғарлар мен кумандарға қарсы жорық жайын кеңінен талқылады.

Батый, ең бірінші Жайық пен Еділ аралығындағы теріскей аймақты түгел бағындырды. Бұлғарлар бір жыл бойы қарсыласты. Бірақ күшті соққыларға шыдамай, ақыры күл-талқаны шыға жеңілді. Сөйтіп, 1237 жылы Бұлғарияның астанасы Бұлғар қаласы алынды. Босқындар екі бағытпен қашты: көшпенділер Құтан ханнан пана іздеп, куман даласына қарай безді, ал қалалықтар орыс жеріне барып тығылды.

Орыс жылнамаларында қашқан бұлғарлар Владимир князьдігінің шегіне келіп, қоныс тебуге жер сұрағандары айтылады. Бас князь Юрий Всеволодович оларды қалаларға бөліп-бөліп қоныстандыруды тапсырды. Бұл Бату ханның орыс жеріне басып кіруіне себеп болды. 1237 жылы күзде Бату әскері Еділден өтіп, екі бағытпен жорыққа аттанды. Бату әскері Пронскіге таяды. Шағын қаланың үйлері де, бекінісі де ағаштан тұрғызылған екен. Хан «өздері берілсін» деп елші жібереді, бірақ олар көнбейді. Қал шабуылына аз ғана жасақ қалдырып, қалған әскерімен Батый алға жылжый береді. Жауларының кері кетіп бара жатырғанын көріп, қала халқы бекініс қабырғаларына шығып, арттаынан айғайлап, өздерінше сұс көрсетеді, бірақ қуаныштары ұзаққа бармайды [1, 36-б].

Шабарман Пронскінің алынғанын жеткізгенде, түмендер Рязаньге табан тигізеді. Кезек Рязаньге келеді. Қала Ока өзенінің тік құлама жағалауында орналасқан болатын. Айнала үшкір, биік емен қадалармен қоршалып, төңірегіне су шашылып, тайғанақ көк мұз басып жатыр.

Ол кезде қаланы Юрий Игоревич билейтін. Оған көмекке күйреген Пронскіден, Муромнан, Колмнадан өз жасақтарымен басқа князьдер де келіп қосылды. Батый ханның елшісі оларға «қолдарыңдағы бардың оннан бірін беріңдер» деп барады, алайда «бізді түгел қырып салмасаңдар, ештеңе де ала алмайсың да» деген өр жауап айтады. Бар болғаны бес күннің ішінде Рязань да құлайды.

Енді Батый хан Владимирге қарай бет алады. Жолда рязаньдік бояр Евпатий Коловраттың садың тасындай 17000 адамнан тұратын жасағы құрған торуылға байқаусызда тап келеді. Олар күл-талқан болып жеңіліп, қолға түседі. Алайда Батый оларды қоя бергізіп, Евпатий Коловратты ер жігітке сай жер қойнауына беруді табыстайды. Тұтқындарды жат жерлік әміршінің мына шешімі қатты таң қалдырады. Сондықтан олар Батыйдың әрекетін жоғары бағалап, жалпақ орыс даласына оның қайырымды екеннін жария етеді [1, 37-б].

Негізгі күш Коломнадан әрі Мәскеуге қарай бағытты ұстайды, олар 1238 жылдың басында жетеді. XVI ғасырдың Әбілғазы Бахадүр хан Батый ханның қосындарын біріккен құрама әскер қарсы алғанын хабарлайды. «Корелия әміршісінің, немістер мен орыстадың біріккен күші айналдыра ор қазып, бекінді,үш айға жуық берілмеді». Бір күні түнде Шайдан ханзада айналып өтіп, жау бекінісіне басып кіреді. «Жетпіс мың адам» қаза тапқан ұрыстың шешуші сәті сол болды. Орыс жылнамаларында бұл ерліктің үлгісі болған қорғанысқа әскербасы Филипп Нянка басшылық еткені жазылған.

Осы жеңістің артынша хан ордасына Коломнаның берілген және Құлана ханның қаза тапқан хабарын алып жаушы жетеді. Кешікпей Құлна ханның азасын өткізіп, Бату Владимерге бет алады. 1238 жылы Малога мен Сить өзендерінің қыиылысқан жерінде Юрий қуып жетіп, үш мыңдық әскерді күйрете жеңеді.

1238 жылы Батый Владимирге жақындайды. Онан соң, моңғол армиясы батыс Европаға үздіксіз ілгерілеп, Польшаны, Германияны, Австрианы, Венгрияны, Чехияны, Молдавияны, т.б. ойрандап, Еділ бойына қайта оралды. Жеті жылдық жорық (1236 – 1242 ж.ж.) нәтижесінде батыста Днестрге, шығыста Ертіске, Оңтүстікте – Солтүстік Кавказға дейінгі жерлер Батыйдың қоластына кірді. Батый иеліктерінің құрамында Оңтүстік шығыста Солтүстік Хорезм мен Сырдарияның төмен жағындағы жерлер енді. Орыс княздіктері де (Русь) Батыйға тәуелді бодан (вассал) болды. Орыс княздары Алтын ордаға

кіріптар екенін мойындап, оның хандарының қолынан «кіняздік құруға жарлық» алады. Алым-салық төлейді, бірақ толық болмаса да дербестігін сақтап қалады [3, 11-б].

Батый хан әйгілі батыс жорығынан 1243 жылы Жайық пен Еділ – қос өзеннің аралығына оралып, тарихқа Алтын Орда деген атпен енген өз империясының іргетасын қалайды. Бұл жағдай мемлекеттің Еуразия құрлығындағы маңызы мен алар орнын анықтады. Батый хан ортағасырлық ең қуатты дала империясының негізін салды.

Алтын Орда мемлекеті тарихта екі жарым ғасырдан астам өз билігін жүргізді. Осы уақыт ішінде таққа отырып, өз үстемдігін орнатқан елуге жуық хандар мен әміршілер өмірден өтті [4, 4-б].

Көптеген жылдардан кейін, Алтын Орда деп Батый ханның бас ордасы ғана емес, сонымен қатар, шығысындағы Ертіс пен батысындағы Дунай жағалауына дейінгі аралықтар да аталатын болды. Өйткені, бұл жерлердің барлығы Батыйдың қол астына қаралған.

Әбәлғазі Бахадүр хан өзінің «Түріктер шежіресі» деген еңбегінде Батый хан батыс жорығынан оралғаннан кейін Орда Еженге: «жорықтың өз ойлағанымдай сәтті аяқталуына үлкен үлес қосқаның үшін әкеміз қоныс еткен жерді он бес мың шарқырыммен сенің қарамағыңа табыс етемін» дегенін хабарлады. Ал жорыққа қатысқан кіші інісі Шайбаниға Корел аймағын, сондай-ақ, құши, найман, қарлұқ,бұйрақ, тайпаларының мекенінен берді. Батый ханның өзі әскерінің ортаңғы бөлігін, Орда Ежен сол қанатты, ал Шайбани болса оң қанатты басқарды.

Батый хан империясында орта ғасырда бой көтерген көптеген бай шаһарлар болды. Хорезімде,Үргеніш, Миздахкан, Замехшар, Хиуа, Қырымда Саудақ және Саксин Кавказда Дербент, Сырдарияның төменгі ағысында Янгикент пен Жент тағы басқа қалалар қарады. Алтын Орда өз ықтпалын Киев, Новогород, Владимер Чернигов және тағы басқа қалалар орын тепкен Русьтің дамыған жерлерінде де жүргізді. Батый хан аталмыш қалалар арасында өзара байланыс орнатып, керуендердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін өзара байланыс орнатып ету үшін әскери гарнизондар орналасқан тұстарға елді мекен, бекініс, қорғандар салуды жүзеге асырды. Олар Ұлы Жібек жолы аталған халықаралық сауда жолы өткен жерлердің бәрінде дерлік пайда бола бастады. Кешікпей бұл туралы итальян шежіресі Франческо Пеготти өз еңбегінде былай деп жазады: «Қытайға дейінгі жол, осы жолмен жүретін саудагерлердің айтуынша, күндіз-түні ешбір қауіпсіз» [1, 38-б].

Сонымен, Алтын Орда дүниежүзілік тарихта, әлемдік мәдениетте өзіндік орны бар іргелі де қуатты мемлекет болды. Бұл солтүстік-шығыста Бұлғар облысы, Еділдің орта және төменгі жағалауын, оңтүстікте Қырым, Кавказдың Дербентке дейінгі, тіпті одан да арғы далаларды, шығыста батыс Сібір мен Сырдарияның төменгі жағалауын алып жатқан кең-байтақ ел болатын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ж.Артықбаев, С.Раздықов. Қазақстан тарихы. – А., 2018.
2. http://testent.ru/
3. М.Мағауин. Қазақ тарихының әліппесі. – А., 1995.
4. Қ.Бегалин. Алтын Орда хандары. – А., 2007.

ӘОЖ 94(574)(045)

АЛТЫН ОРДАНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК БӨЛІНІСІ

Махмұтов Ж., «Тарих» мамандығының 2-курс студенті
Ғылыми жетекші: Бекенжанова А.А., «Қазақстан тарихы» кафедрасының аға оқытушысы, магистр

Аңдатпа. Мақалада Алтын Орданың мемлекеттік және әкімшілік құрылымы, Жошы Ұлысының көшпелі мемлекеттердің дәстүрлі құрылымдық ерекшеліктері, Алтын Орданың құрылуы, саяси жағдайы, көршілес елдермен қарым-қатынастары, ұлыстарының қоғамдық құрылысы, әкімшілік-аумақтық бірліктер, олардағы мемлекетті басқару көшпелі, әскери шонжарлардан құралған әкімшілік аппарат, Шыңғыс-ханның заңдары мен қаулылары туралы мәселелер қарастырылады.

Түйінді сөздер: Алтын Орда, ұлы хан, басқару жүйесі, Яса заңдары, әкімшілік-аумақтық бөлініс .

Биыл Алтын Орданың құрылғанына 750 жыл толып отыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осы датаны мерекелеу аясында Ұлытауды халықаралық деңгейдегі этнографиялық туризм орталығы ретінде насихаттап, Жошы ханның есімін ұлықтауды қолға алу қажеттігін айтқан еді.

Осыдан тура 750 жыл бұрын Талас өзені бойында Шағатай, Үгедей мен Жошы әулетінің ханзада-нояндары жиналып, ұлы құрылтай өткізген. Тарихта оны "Талас құрылтайы" деп атайды. Талас құрылтайы Алтын Орданың (Жошы ұлысы, Ұлық ұлысы) ресми түрде бөлек мемлекет болып қалыптасуына негіз болды [2].

Көшпелі мемлекеттердің дәстүрлі құрылымына сәйкес, Жошы Ұлысы 1242 жылдан кейін екі қанатқа бөлінді: оң (батыс) және сол жақ (шығыс). Батудың ұлысы болған оң қанат ең үлкен болып саналды. Моңғолдардың батысы ақ түсте белгіленген, сондықтан Бату Ұлысы Ақ Орда (Ақ Орда) деп аталды. Ақ Орда - болжау бойынша, ҰлыЖошы-XIII-XV ғасырлардағы. Оң қанат Батыс Қазақстан, Еділ аймағы, Солтүстік Кавказ, Дон және Днепр далаларын, Қырымды қамтыды. Оның орталығы Сарай-Бату болды.

Жошы Ұлысы сол қанаты оң жаққа бағынышты қалып, орталық Қазақстанның жерлерін және Сырдария өзенінің алқабын басып алды. Монғолдардың шығысы көк түспен көрсетілген, сондықтан сол қанат Көк Орда деп аталды. Көк Орда - Батыс Сібір мен Қазақстанда орналасқан Алтын Орданың шығыс бөлігі немесе сол қанаты. Сол қанаттың орталығы Орда базары болды. Хан Бату Орда-Еденнің үлкен ағасы болды. Сол қанаттың құрамына Орда-Ичеданың, Тоқа-Тимурдың және Шибанның Ұлыстары, сондай-ақ Ұлытау мен Ертісдегі Алтын Орданың алғашқы астаналары кірді.

Басында Ұлыс бөлінісі тұрақсыз болды: иеліктер басқа адамдарға беріліп, олардың шекаралары өзгеруі мүмкін. XIV ғасырдың басында. Өзбек хан ірі әкімшілік-территориялық реформа жүргізді, оған сәйкес Жошы Ұлысының оң қанаты 4 үлкен Ұлысқа бөлінді: Сарай, Хорезм, Қырым және Дешті-Қыпшақ, хан тағайындаған Ұлыс әмірлері (Ұлысбектер) басқарды. Келесі маңызды құрметті қызметкер - вазир болды. Қалған екі лауазымды ерекше қадірлі немесе атақты адамдар атқарды.

Соңғылары әр түрлі мөлшердегі әкімшілік-аумақтық бірліктер болды, олар иесінің дәрежесіне байланысты болды (темник, мың адам, жүзбасар, он басқарушы). Батудағы Алтын Орданың астанасы Сарай-Бату қаласы болды (қазіргі Астраханға жақын); XIV ғасырдың бірінші жартысында астанасы Сарай-Берке қаласына көшті (Хан Берке негізін қалаған (1255-1266) қазіргі Волгоград маңында). Өзбек ханының тұсында Сарай-Берке Сарай Аль-Джедид деп аталды.

Алғашқы орталықтандырылған мемлекет ретіндегі «Алтын Орда» Қазақстан тарихында ерекше орын алады. Оның тұңғыш билеушісі Батый мен оның ағасы Берке көшпелі дәстүрлер мен Шыңғыс ханның заңдар ережесіне (Ясы) сүйене отырып, мемлекеттіліктің негізін қалады. Бүкіл мемлекет екі қанатқа бөлінді, сол жақтағы "Көк Орда" және оң жақтағы Ақ Орда, сондай-ақ "ұлыстар" деп аталған көптеген біршама ұсақ үлестерге бөлінді.

Яса (неғұрлым толық атауы ясак, монғолша-дзасак) "қаулы","заң" дегенді білдіреді. Жувейнидің айтуы бойынша, Шыңғыс-ханның заңдары мен қаулылары орамаларға ("тұмар") жазылып, Ясаны терең білетін неғұрлым беделді ханзадаларда сақталған [3, 85].

Құрылтай - бұл шыңғыстықтар мен монғол көшпелі ақсүйектерінің жалпы империялық жиналысы. Құрылтай сөз жүзінде жоғары биліктің ұйымы. Үлес билеушісінің қарамағында елеулі әскери күш болды, олар өз ұлысын толығымен дербес ұстады, сондай-ақ үлестерді тәуелсіз иелік жасауға ұмтылды.

Алтын Ордаданың ішкі басқару жүйесінде қызмет ететін адамдар, сондай-ақ әскери-көшпелі ақ сүйектен тұратын әкімшілік-шенеунік аппарат жүйесінде маңызды орын алды. Ерекше лауазымды қызметтерге тағайындалды. Көшпелі-әскери шонжарлардан құрылған әкімшілік-шенеунік аппарат жұмыс істеді. Шыңғыс ханның "Йасы" заңы негізінде әскериісті - беклербегі, азаматтық істі - уәзірлер, салық жинауды - даругалар, басқақтар аткарды.

Беклер-бек әскери өкіметтің өкілі ретінде "патшалар мен сұлтандардың кеңесшілері" - уәзірден дәреже жағынан жоғары тұрды; ол сондай-ақ басқа мемлекеттермен дипломатиялық қатынастарды басқарды және негізгі өмір ретінде азаматтық істерді шешкен кезде жоғары сот билігін өз қолында ұстаған болса керек. Беклер-бек әкімшілік-аумақтық бөліністерде басқарған ұлыстаң негізгі төрт әмірінің құрамына кірді. Уәзір орталық үкіметтін атқарушы өкіметінің басшысы, мемлекетті азаматтық тұрғыдан басқару ісінде ханның кеңесшісі болды [3, 97].

Алтын Ордада Жошы ұлысының мемлекеттік құрылысының түп негізгі сақталды. Жошы ұрпақтарының мемлекеті саяси құрылысы жағынан ұлыстарға бөлінген, өз кезегінде ұлыстары неғұрлым ұсақ үлес-иеліктерге бөлшектенген әдеттегі көшпелі мемлекет болған еді.

Алтын Орданың ішкі басқару жүйесінде қызмет адамдарынан, сондай-ақ көшпелі, әскери шонжарлардан құралған әкімшілік-чиновниктік аппарат маңызды орын алды, олардың ішінде түрік халықтарынан шыққандар-қыпшақтар, отағасырлық ұйғырлар [4].

Кез келген мемлекеттің қазынасын толтыру көздерінің бірі - жергілікті тұрғын халықтан, сондай-ақ, өзіне бағынышты аумақтың халқынан алынатын салықтар болып табылады. Бұдан басқа қосалкы және төтенше бірқатар міндеткерліктер мен алым-салықтар түрлері де болды. Олардың ішінде әскерлерді, поштаны, шенеунік аппаратты жабдықтауға арналған салықтар бар. Бұл салықты малшылар 100 бастан 1 бас мөлшерінде төлеп отырған, ол купчур деп аталды. Отырықшы халық жер салығын харадж төледі (егіннің 1/10-1/5 бөлігі). Әскерлерді астықпен, малмен және т.б. жабдықтау үшін заттай алым - тағар белгіленді.

XIV ғасырдың екінші жартысында Алтын Орда ішінде алауыздық күшейеді. Хандық билік үшін тартыста 1357-1380 жылдар арасында жиырмадан астам адам хан болып, тақ үшін таласта бірін-бірі өлтірген.

XIII-XIV ғасырларда Алтын Орда дербес күшті мемелекетке айналып, оның мемлекеттік беделі көтеріліп, көрші елдермен және жер жүзінің басқа елдерімен қарым-қатынасы күшейді. Алтын Орда мемлекетінің Индиямен, Мысырмен, кіші Азиямен және Батые Европамен сауда-саттық қарым-қатынасы өркендеді. Еділ сағасындағы Алтын Орданың астанасы - Сарай қаласы Азиядан Европаға баратын керуен жолындағы аса ірі сауда орталы-ғына айналды. Отырықшы өңірлерде егіншілік қайта өрледі, бұрынғы көшпенді тайпалардың бір бөлегі отырықшылыққа айналды, көшпенді тайпалардан шыққан хандар мен ханзадалар және тайпа шонжарлары сарайларда тұратын болды. Енді

олар қалаларды қиратушы емес, қайта қалаларды құрушы, қорғаушы және қала мәдениетін көркейтушілер болды. Қала мәдениеті гүлденді, далалық өңірді мекендеген көшпенділердің егін-шілік өңірімен, қаламен байланысы нығайды. Бұлар сауда мен қолөнердің өркендеуіне, ғылым, әдебиет, көркемөнердің көркеюіне қолайлы жағдай жасады.

XIV-ғасырдың аяқ шенінде Алтын Орданы билеген Тоқтамыс хан мен Орта Азияны билеген Әмір Темір арасында сұрапыл соғыстар болды. 1391-1395-жылдары Әмір Темір екі рет Алтын Ордаға жорық жасады. 1391-жылы Әмір Темір екі жүз мың әскермен Алтын Ордаға шабуыл жасады, 1395-жылы Алтын Орданың ханы Тоқтамыстың әскерін талкдндап, оның астанасы Сарай-Беркені басып алып, бас көтертпестей күйрете соққы берді. Езілген халықтардың Алтын Орда үстемдігіне қарсы күрестері, ішкі феодалдық тартыстар мен сыртқы соғыстар салдарынан. Алтын Орда мемлекеті бірте-бірте ыдырап, ақырында құлады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.https://e-history.kz/kz/publications/view/5528
2.https://sputniknews.kz/spravka/20191229/12415050/Altyn-Orda-750.html
3.Қазақстана тарихы. Көне заманнан бүгнге дейін. Бес томдық. А.,1998, 85 б.
4.Федоров-Давыдов Г.Е Общественный строй Золотой Орды, М., 1973

ӘОЖ 94 (574) (045)

АЛТЫН ОРДА ХАНДЫҒЫНЫҢ РУХАНИ МӘДЕНИЕТІ

Сарсенбаев А., «Теңіз техникасы және технологиясы» мамандығының 1-курс студенті
Ғылыми жетекшісі: Сидешова Р.А., «Қазақстан тарихы» кафедрасының аға оқытушысы, магистр

Аңдатпа. Мақалада Жошы ұлысы кезіндегі рухани өмір, дамыған мәдениет пен өркениет туралы, тіл мен жазу, әдебиет, ғылым, өсіп өнген қалалар туралы, ислам дінінің енуі сияқты мәселелермен қатар, құрылтайдан кейін Жошы ұлысының әміршісі Мөңке-темір өзін хан деп атап, өз атынан теңге бастырғандығы, бұның дербес мемлекеттің белгісі екендігі баяндалады.

Түйінді сөздер: Жошы ұлысы, ортағасырлық қалалар, мәдениет, ғылым, ортағасырлық шығыстық әдебиет.

Ұлы билеуші Шыңғыс хан ұрпақтарыны арқасында негізі қаланған Алтын Орда өз заманында Орта Азиядағы атақты және өз заманындағы аты әлемге мәлім қалаларымен танымал болды. Осындай полиэтникалық мемлекет біршама уақыттардан соң қыпшақ мәдениетіне бас иді. XIII – XIV ғасырларда Қазақ территориясында материалдық және рухани мәдениет дамыған және негізі қалыптасқан кезеңдер болды. Сонымен қатар қазіргі таңдағы барша түркі халықтары осынау мәдениеттің мұрагерлері болып танылады.[1]

Шыңғысханның ұрпағы Жошы ұлысынан көптеген әдеби-мәдени, сәулет өнеріне қатысты және ғылыми ескерткіштер мұра ретінде қалдырылған. Алайда, аталмыш көне жәдігерлер мен теңдессіз тарихи ескерткіштер Алтын Орданың астанасы Сарай-Бату, Сарай-Берке және Сарайшық қалаларының қиратылу мен өртелу нәтижесінде жойылып кеткен болатын. Бірақ болған жағдайлардың өзіндеде сақталып қалған тарихи деректердің өзінен-ақ Алтын Орда мәдениетінің, әдебиетінің және өнерінің жоғарғы деңгейде болғанын аңғаруға болады.

Алтын Орда дәуірі өз кезінде Алтын Орда мемлекетінің құрамына енген түркі тілдес тайпалар мен халықтардың, соның ішінде қазақ елініңде әдебиеті мен мәдениетінің дамуының негізі болғанын байқауға болады. Бұл теңдессіз әдеби – тарихи мұралар Алтын Орда ыдыраған кезде одан бөлініп шыққан елдердің мәдениет қорына қосылған болатын.

Алтын Орданың гүлденген кезеңінде жергілікті халықтардың жан – жақты дамулары байқалды.Ол тек саяси үстемдік емес, сонымен бірге жоғарыда айтып өткендей мәдениетті, әдебиетімізді, фольклорды, музыка мен өнер саласында қамтыды.[2] Міне сол үшін де XII – XIV ғасырларда Еуразия халықтарының тарихы мен мәдениетінің дамуына аса зор ықпал еткен Жошы ұлысының тарихын зерттеу мәселесі ғалымдардың назарын өзіне аудартып отыр. Аталмыш салада, яғни Алтын Орданың 750 жылдығы қарсаңында Еліміздегі рухани мәдениетті жаңғырту аясында Қарағанды облысындағы Жошы хан (зияратын) ордасының ескерткіштеріне біршама жөндеу жұмыстарын жүргізу қолға алынып жатыр. Жошы хан кесенесі халықаралық талаптарға сай ЮНЕСКО мұрасы тізіміне енгізілмек, осы уақытқа дейін бұл аймаққа 30 мыңға жуық турист табан тіреген солардың 3 мыңға жуығы шетелдік азаматтар. Алтын Орданың 750 жылдығы ұлт ұясы – Ұлытаудан бастау алып Еліміздегі рухани жаңғыру мәдени іс-шаралар аясында республикамыздың барлық өңірлерінде аталып өтілмек.[3]

Алтын Орданың өз заманындағы ерекше мәдениетіне қызығып зерттеу жұмыстарымен айналысқан шет елдік ғалымдар мен орыс сондай – ақ қазақстандық ғалымдарының қатары көп. Атап айтсақ орыс ғалымдарының Алтын Орда мәдениетін зерттеу аясында негізгі қойған міндеттері де бар, олар:

- Алтын Ордада тіл мен жазудың таралуын қарастыру;
- Алтын Орда әдебиетін талдау;
- Алтын Ода мәдениетін, ғылымын зерттеу;
- Алтын Ордадағы ислам дінінің таралуымен танысу.

Алтын Орда мемлекеті өмір сүрген уақытта Еділдің бойы мен Донның сағасы, Днепр мен Днестр арасы, Каспий мен Қара теңіз, Азау теңізі жағасы, Қазылық (Кавказ) тау бөктерлері орасан өзгерістерге ұшырады. Құс қанаты талатын байтақ өңірде маржандай тізіліп, батыс пен шығыстың келбетін бірдей бойына сіңірген қала-кермендер орнай бастады. Әзірге қолда бар деректерге қарағанда Алтын Орда тұсында қайта қалпына келтірілген немесе жаңадан салынған шаһар-кенттердің ұзын саны 150-ге жетіп жығылады. Алтын Орда тұсындағы түркі әдебиеті ортағасырлық Шығыс әдебиеті үрдісінде дамыды. Бұл кезеңдегі әдеби ескерткіштерден ең белгілілері — Әл-Бинайдың - «Шайбанинама», М.Хорезмидің «Махаббатнамасы», Бұрһанетдин Рабғұзидің «Қисса-су-л әнбия», Ұсман Кухастанидің «Тарихи Әбілхайыр-хатниы». Ал көне қыпшақтардың жыраулық дәстүрінен хабар беретіндей жәдігерліктер, өкінішке орай, сақталмапты. Бізге олардың Кетбұға, Сыпыра жырау деген есімдері еміс-еміс қана жетті. Тек қазақ әдебиетінің көш басшысы саналатын, ұлы жырау, Алтын Орданың күні еңгейген кезін көзімен көрген кемеңгер Асан Қайғының шығармалары ғана қазақ әдебиеті тарихынан қасиетті орнын алып, оқырман қолына тиді.

Түркі тілдес халықтардың көпшілігі іслам дінін ұстап, араб жазуымен, араб мәдениетімен жақын таныс болған. Алтын Орда мемлекетінде өз тарихнамасы, әсіресе ауызша тарихнама жете дамыған.

Көшпелілер арасында ауыз әдебиеті, жыр дәстүрі қалыптасқан. Сол кезден мұра болып келе жатқан қазіргі татар, ноғай, қазақ халық тарихында «Едіге батыр», «Қобыланды», «Қамбар», «Ер Көкше» сияқты батырлар жыры кеңінен тараған. Алтын Орда, Ноғайлы заманындағы көшпелілер мәдениеті әлі де болса аз зерттеліп, өзінің әділ бағасын ала алмай отыр.

Дамудың осыншама биік сатысына көтерілген Алтын Орда шаһарлары XIV ғасырдың аяғында Орта Азиялық әмірші Ақсақ Темірдің кесапатты соғыстары кезінде жойылып кетті. Әсіресе, Темірдің 1395 — 1396 жылдарға екінші жорығынан кейін

өртелмеген, талқандалмаған—Сарайшық қана қалған.[4] Осындай лаңды шапқыншы иесі Ұлы Алтын Орда да қайтып оңала алмады.

Осылайша аяқталған Алтын Орда дәуіріндегі мәдени мұраларымыз қазіргі таңда барлық түркі тарихшылары мен еліміздің тарихшылары арасында да сондай - ақ археолог ғалымдар арасында да кең көлемде зерттелуде.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мыңжани Н. Қазақтың көне тарихы. – А.,1993. 400б.
2. Жақып Б.Ө. Қазақ энциклопедиясы. – А., 2011. 880б.
3. Қыдырәлі Д. Ұлық ұлыстың атасы. – А., Руханият.,2019
4. Есенберлин І. Алтын Орда, І кітап. – А.,1996

ӘОЖ 159.99

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сахи Г., ғылыми жетекшісі: Егенисова А.Қ.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қаласы

Аңдатпа. Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының психологиялық даму ерекшеліктері туралы, олардың психологиялық дамуына әсер ететін кейбір жағдайларды, қарым - қатынас ерекшеліктерін баяндаған.

Сонымен қатар, бастауыш сынып оқушыларының психологиялық дамуы, оқу процесінің тиімді ұйымдастырылуына әсер етуі, баланың ата-анамен, сыныптастарымен, ұстазымен қарым-қатынасын, өзін-өзі көрсете білуін, жаңа тәртіп пен талаптарға тез бейімделуімен байланысын тілге тиек еткен.

Түйінді сөздер: бастауыш, психология, білім, даму, қарым-қатынас, тәрбие.

Бастауыш сынып оқушысы – 7-11 немесе 6-10 жас аралығындағы балалар. Бұл кезеңде балада психологиялық және әлеуметтік адами сапалардың қалыптасуы жүреді. Бала жаңа ортаға түседі, жаңа даму сатысы басталады. Баланың ойын іс-әрекеті оқу-танымдық іс-әрекетке ауысады. Оның әлеуметтік мәртебесі өзгереді, кешегі ойын баласы үшін қиынға соғатын күрделенген талаптар қойылады. Оған жаңа әлеуметтік ортаға бейімделумен қатар, өзіне әлі бейтаныс тәртіпке бағынуы керек болады. Осыдан кейін бала психологиясында күрделі өзгерістер жүре бастайды.

Ойынның құмарына қанбай, қызық қуып жүрген мектеп жасына дейінгі ойын баласы бастауыш сынып оқушысы болғанда, жаңа мәртебеге ие болады. Бала өзіне беймәлім өмірдің табалдырығынан аттаған шақта жаңа даму сатысына аяқ басады. Бала үшін қызығы мен қиындығы қатар келетін бұл кезеңде бала дамиды, жетіледі, жаңа білім мен тәрбиенің нәрімен сусындайды.

Осы тұрғыда көптеген ғалымдар білім мен тәрбиеге, дамуға ерекше мән беріп, еңбектерінде өз ойларын айтып кеткен. Мысалы, Демокрит балалар тәрбиесі туралы алғашқы нұсқаулар жазған, сонымен қатар Сократ, Платон, Аристотель, Тертуллиана еңбектерінде бала тәрбиесіне және тұлғаның қалыптасуына байланысты идеялар мен тұжырымдамалар жариялаған.

Педагогиканың философиядан бөлініп, өз алдына ғылым болып қалыптасуына үлес қосқан чех педагогы Ян Амос Коменский. Ол ең алғаш болып бастауыш оқуды ана тілінде жүргізудің, оқытудың прогрессивті жүйесінің тиімділігін дәлелдеді. Оның «Тілдер мен ғылымдардың ашық есігі», «Картинада бейнеленген әлем заттарының көрінісі» және

барлық еңбектерінің дәлелді жиынтығын көрсеткен «Ұлы дидактика» атты әйгілі еңбектері бар.

Я.А.Коменский: «Балаларды оқыту қажет, біртіндеп қарапайым, элементарлық ұғымдардан күрделіге көшіп отыру - педагогикалық талаптардың негізі» деп көрсетті. Яғни, бұл бастауыш сынып оқушысының психологиялық даму ерекшелігін ескерудің де маңыздылығын дәлелдейді. Себебі, бастауыш сынып оқушысының сабақ үлгерімі, материалды қабылдауы және осы сияқты мектеп қабырғасында қойылатын басқа да талаптарды орындауы, баланың психологиялық даму ерекшелігімен тығыз байланысты. Мысалы, бастауыш сынып оқушыларының псиологиялық дамуы олардың ойын іс-әрекетінен оқу танымдық іс әрекетке өтуімен анықталады. Ең алғаш мектеп қабырғасын аттаған сәтте бала бойында үрей болады. Бала жаңа ақпаратты түсінбей қалудан қорқады немесе жаңа тәртіп бойынша жүру оған қиындық туғызуы мүмкін. Осыны ескере отырып, алғашқы сәттерде балаға белгілі бір дәрежеде еркіндік беріліп, оған түсіністікпен қарап, кешірімді бола білу, бәрін байыппен түсіндіру - бұл баланың даму сатысын ескере отырып, қолдау білдіруді көрсетеді. Себебі, кешегі ойын баласы үшін оқу іс-әрекеті ойынға қарағанда күрделірек, және бала тарапынан бұл іс - әрекетті орындау үлкен күшті талап етеді.

С.Мұсаева мен Т.Бегалиев «Жасерекшелік педагогикасы» кітабында баланың мектеп өміріне үйренуін, жоғарыда айтылған қиыншылықтарды былайша қарастырған:

1. Бірінші қиындық. Баланың уақытында ұйқыдан ояна алмауы, мектепке керекті оқу құралдарын мезгілінде жинай алмауы, сабақта тәртіп сақтап отыруы, мұғалімнің айтқанын бұлжытпай орындауы, үй тапсырмасын орындау, т.б.;
2. Екінші қиындық. Сыныптағы оқушылармен, ұстазымен қарым- қатынасты үйлестіру;
3. Үшінші қиындық. Балалардың отбасымен қатынасы;
4. Төртінші қиындық. Бастауыш сынып оқушыларының ұй жұмысын, үйге берген тапсырмасын орындауда қиналуы.

Бұл қиындықтарды ескере отырып баланың психологиясына әсер ететін екі жағдайды ерекше атап өтуге болады. Олар:

1. Қарым-қатынас барысында туындайтын қарама-қайшылықтар. Баланың жаңа ортаға бейімделуі, сыныптастарымен және ұстаздарымен тіл табыса білуі. Отбасының баламен және мектеппен қарым-қатынасы және осы қарым-қатынастар барысында туындайтын мәселелер;
2. Жаңаша талаптар мен мектептің ішкі тәртібіне бағыну, балаға күрделенген міндеттердің жүктелуі. Баланың жаңа күн режимінің қалыптасуы, мектептің ішкі тәртібіне бағынуы. Сонымен қатар, бала бірте-бірте мектепке келгендегі өзінің мақсатын түсіну барысында, ол өзінің үнемі жетіліп, дамып отыру керектігін түсінеді.



Бастауыш сынып оқушысының психологиялық дамуына әсер ететін кейбір жағдайларды, қарым - қатынас ерекшеліктерін атап көрсетуге болады. Олар, ең алдымен, отбасының баламен қарым- қатынасының өзгеруі, екіншіден, бала өмірінде ата-анасынан, жақындарынан бөлек жаңа нұсқаушының, жетекшінің пайда болуы, яғни, баланың ұстазымен қарым-қатынасы, үшіншіден, сыныптастарымен тіл табыса білуі.

Қарым-қатынас-бала болашағына, психологиялық дамуына, өмірден өз орнын табуға жасалған алғашқы қадам. Бастауыш мектеп оқушысы үшін мектеп- қоғаммен араласудың, ұжымдық іс-әрекетке бейімделудің алғашқы сатысы болып есептелетіндіктен, бұл кезеңде баланың мектеп өміріне белсене араласуына, өз мүмкіндіктерін толық көрсетуіне барынша жағдай жасауымыз және кездесетін қиыншылықтарды болжап, оны алдын-ала білуді үйретуіміз керек.

Белсенді, ойын ашық жеткізіп, ересектердің назарына іліккен оқушы, өз тарапына айтылатын мақтау, мадақтау сөздерден кейін өз-өзіне деген сенімділікті қалыптастырады. Ол оқушының білім алуға деген қызығушылығымен қатар, қоғаммен, өзін қоршаған ортамен белсенді араласуға деген, өз мүмкіндіктерін көрсетуге, жетілдіруге деген ұмтылысы жоғары болады. Немесе, шектен тыс мақтау мен мадақтау сөздер, ересектердің үнемі назар аударуы баланы менменшіл, өркөкірек қылып тәрбиелеуі мүмкін. Және керсінше, жаңа ақпаратты меңгеруде белсенділігі төмен бала, сыныптастарымен өз-өзін салыстырады, ересектердің өзіне және өзге балаларға деген қарым-қатынасын байқайды. Соның нәтижесінде, баланың өзін-өзі бағалауы төмендейді, бала өзін әлсіз сезінеді, тұйық, жасқаншақ, өз ойын анық жеткізе алмайтын, өзіне деген сенімділігі төмен болады немесе кейбір балалар осындай жағдайларда керсінше әрекет жасайды, өзіне ересектердің назарын аударту үшін неше түрлі бұзықтыққа барады, орынсыз сөйлейді, осылай өз наразылығын білдіріп, өзіне көңіл аударғысы келеді.

Сонымен қатар, баланың беделін, сыныптастарымен қарым-қатынасы арқылы да анықтауға болады. Себебі, бастауыш сынып оқушысы оқу барысында білім алумен қатар, сыныптастары арасында беделді болсам деген деген мақсатқа ұмтылады. Баланың осы артықшылығын тиімді пайдалана білу керек, сондықтан, мұғалім мен ата ана балаға ең алдымен ойын ашық жеткізуді, сонымен қатар, сабаққа деген құлшынысын оята отырып баланың мүмкіндігін толықтай көрсетуге қарым- қатынасқа тез түсуді үйретіп, барынша жағдай жасауы керек.

Жаңаша талаптар мен мектептің ішкі тәртібіне бағыну, балаға күрделенген міндеттердің жүктелуі- бастауыш сынып оқушысына алғашқы сәтте өте қиынға соғатын жағдайлардың бірі. Бұл талаптар мен міндеттемелердің ең негізгілерінің бірі, ол- ойын уақытының қысқаруы, ұйқы уақытының өзгеруі, үй тапсырмаларының берілуі, сабақта отыру, және т.б.

Әрине бұл тұрғыда ең алдымен ата-ана баланың оқуға деген қызығушылығын жоғалтпау үшін, оның оқу (үй тапсырмасын орындау), ұйқы, ойын уақытын тиімді ұйымдастыруы қажет және сабақ барысында, ұстаз оқушыға қаталдық танытпай, мектептің ішкі тәртібін үйретуі тиіс. Ұстазының қамқорлығын сезінеген оқушыларда сабақ барысында үрей, сенімсіздік болмайды, әрбір оқушы қамқоршысының көңілінен шығып, оның сенімін ақтауға тырысады.

Сонымен, бастауыш сынып оқушыларының психолгиялық дамуы-оқу процесінің тиімді ұйымдастырылуына, баланың ата-анамен, сыныптастарымен, ұстазымен қарым-қатынасына, өзін-өзі көрсете білуіне, жаңа тәртіп пен талаптарға бағына отырып мектеп өміріне тез бейімделуімен байланысты. Бұл даму сатысында бала психологиясына кері әсер ететін жағдайларды туғызбау үшін, оқушыға бірден қысым көрсетпей, ең алдымен болып жатқан жағдайлардың мәнін түсіндіріп, оның «мектеп» және «білім алу», «жаңа орта» мен «жаңа тәртіп» мағынасын түсіндіруіміз қажет. Бұл іс- әрекеттердің барлығы да бала бойында оқуға қызығушылықты жоғалтып алмай, бала психологиясына кері әсер етпей, бала бойында адами сапалардың ең жақсыларын тәрбиелей отырып, оқушыны белсенді, жан-жақты қылып дамытуға септігін тигізеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мұсаева С., Т.Бегалиев «Жас ерекшелік педагогикасы»: Оқулық. - Астана:Фолиант, 2010-472б.
2. Әбенов С., Ж.Әбиев «Педагогика»: Оқу құралы.-Астана: Фолиант, 2009-336б.

ӘОЖ 37.042

МҮМКІНДІГІ ШЕТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫ ИНКЛЮЗИВТІ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Кашеева А., ғылыми жетекшісі: Егенисова А.Қ.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қаласы

Аңдатпа. Мақалада инклюзивті білім беру яғни, мүгедек және дамуында сәл бұзушылығы мен ауытқулары бар балалардың дені сау балалармен бірге әлеуметтендіру және интеграция процестерін жеңілдету мақсатындағы бірлескен оқыту мәселелері қарастырылады.

Түйінді сөздер: инклюзивті оқыту, мүмкіндігі шектеулі бала, әлеуметтендіру, дефектолог, логопед, педагог, психолог.

Инклюзивті оқыту – балалардың оқу-танымдық әрекеттерінің ерекшеліктерін ескере отырып, арнайы оқыту әдістерін қолдану негізінде, жалпы білім беру мекемелерінде мүмкіндігі шектеулі балалар үшін сапалы білім беруді қамтамасыз ететін кешенді үдеріс. Демек, инклюзивті оқыту – мүгедек пен дамуында сәл бұзушылығы мен ауытқулары бар балалардың дені сау балалармен бірге оларды әлеуметтендіру және интеграция процестерін жеңілдету мақсатындағы бірлескен оқыту. Мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпыға бірдей білім беру орталықтарына қарай бейімдеу 2002 жылдан басталды. Сол жылы Қазақстан ТМД елдерінің арасында алғашқы рет «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медико-педагогикалық тұрғыдан қолдау» туралы заңды қабылдады. Осы заң шеңберінде мүмкіндігі шектеулі балаларға ерте бастан білім беру мәселесіне мән беріліп, оларды әлеуметтік, медициналық тұрғыда қамтамасыз ету қарастырылған. Ең бастысы, аталмыш заңда инклюзивті білім берудің негізгі принциптері айқындалды. 2000 жылдардың басында педагогтардың 80%-ы бұл жүйеге қарсы болса, 2007 жылы 49% ғана қолдамаған. Қазіргі уақытта, бұл жүйені педагогтар қауымы толықтай қолдауда. Бұл инклюзивті білім берудің дамып келе жатқанын көрсетеді.

2008 жылы БҰҰ-ның «Мүгедектердің құқықтары туралы» Конвенциясына қол қойып, мүмкіндігі шектеулі жандарға жағдай жасауға міндеттенген. Халықаралық конференциялар, симпозиумдар мен семинарлар ұйымдастырылды. Мемлекеттік білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған бағдарламасына 1-ші рет инклюзивті білім беруді дамытуды енгізген болатын. Бірақ біздің елімізде жұмыс істеп тұрған арнайы мектептердің жүйесі сақталады. Себебі, барлық мүгедек балаларды бірден партаға отырғызып, оқытып алып кету мүмкін емес. Сондықтан бұл процесті мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивті білім беру кабинеттерін ашудан бастап, біртіндеп кеңейте түсу қолға алынуда. Сондықтан, білім берудің ұлттық бағдарламасы қажет. Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі балалар арнайы мекемелерде оқытылатын дықтан, олар өзге балалардан бөлектенген. Бұнда көбіне медициналық әдістемелер қолданылады. Қазір оларда бір жағынан кемістік болғанымен, екінші жағынан олардың дені сау екендігін түсіндіріп, дені сау балалармен қатар, жалпы ортаға бейімдеу қажет. Олардың сырқаты мен өзгешеліктерін ескере отырып, жай мектептің оқу бағдарламасына кіріктірген дұрыс. Ол үшін мемлекеттік деңгейде стратегиялық реформа жүргізу орынды. Мемлекеттік

деңгейде мектептерге және мектепке дейінгі ұйымдарға жаңа стандарттар енгізіліп, жүйе өзгертілгеннен соң ғана құрал-жабдықтар, ғимарат- тар да дайындалады.

Инклюзивті оқыту: Біріктірілген – оқушы дені сау балалар сыныбында, тобында оқиды және дефектолог-мұғалімнің жүйелі көмегін алады.

Уақытша арнайы топтардағы балалар және қарапайым топтардың оқушылары бірлескен серуендерді, мерекелерді, сайыстарды, жеке істерді өткізу үшін біріктіріледі.

Жартылай – жеке балалар күннің 1- бөлігін арнайы топтарда, ал 2- бөлігін қарапайым топтарда өткізеді.

Толық дамуында ауытқулары бар балалар бала бақшаның, сыныптың, мектептің қарапайым топтарына енгізіледі, мамандардың бақылауы бойынша түзету көмегін ата-аналар да көрсетеді. Демек, инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлығына деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс жүргізетін мекемеде білім мазмұнын үш түрлі бағдарлама бойынша жүргізеді. Мүмкіндігі шектеулі балалардың ақаулық типтеріне сәйкес арнаулы білім беру бағытындағы оқу бағдар ламалары. Жалпы мектептерге арналған типтік оқу бағдарламалары.Мүмкіндігі шектеулі балалардың психофизикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып әзірленетін оқытудың жеке бағдарламасы.Біздің аймағымызда инклюзивті білім беруді дамыту ең негізгі қиындықтардың бірі. Бұл кадрмен қамтамасыз ету мүмкіндігінің жоқтығы, себебі облыстағы ешбір оқу орны арнайы педагогтарды (логопед, дефектолог) дайындамайды немесе педагогтардың өздері келіспей, мұндай жауапкершілікті алудан қорқады. Осы мәселені талқылаған халықаралық конференциялар, түрлі семинарлар ұйымдастырылуда. Бірақ та шешімін таппаған мәселелер әлі де көп. Солардың бірі – инклюзивті білім беру ұйымдарында жұмыс жасайтын педагогтарды дайындау. Біздің елімізде дамуында ауытқуы бар балаларға арналған мектептер мен мектепке дейін мекемелер бар. Онда осы балалардың ақыл - ойы және физикалық дамуын қамтамасыз ететін білім беру жағдайы құрылған. Бұл жағдайға әр баланың ерекшелігін ескеріп, жеке ықпал ету болып табылады. Ерекше қажеттіліктегі балалар жалпы білім мектептерінің бағдарламасын толық немесе толық емес ауқымды алулары керек. Жалпы білім беретін мектептер мүмкіндіктері шектелген балалар үшін «өмірлік орнын толтырудың» тәрбие институты болуы қажет. Оны оқуға, жазуға, есепке, еңбектенуге оқыта отырып, қарым-қатынасын, мәдени тәртіп ережелерін үйренуін, әртүрлі әрекетте икемдерін қалыптастыру маңызды болып табылады. Баламен және оның ата-аналарымен бірлестік, білім алу орталарын ұйымдастыруда психологиялық жайлылыққа жағдай жасау инклюзивтік оқытудың ең басты шарты.

Бұл балаларды оқытатын мұғалімдердің алдына бірнеше міндет қойылады. Баланың мектепке дайындығын анықтау

Тәрбие-сіндегі кемістігін жою

Сабақты жүйелі жоспарлау

Мүмкіндігі шектеулі үйден оқитын балаға сабақ беретін мұғалім алдымен баланың даму ерекшелігін анықтайтын тесттер, әдістемелер арқылы ойының, қиялының дамуын, зейінінің тұрақтылығын анықтап алуы тиіс. Ол үшін «Дөңгелек қию», «Лабиринт», «Танграм», «Көру әдісі», «Есту әдісі» тәрізді әдістмелерді, тесттерді қолданып, баланың шама-шарқын анықтап алады. Сабақ барысында олардың тіл мүкісін, қолының буындарының қимылын, саусақтарының моторикасын дамытуға ерекше көңіл бөліп отыру қажет. Осы бағытта қазақтың халық педагогикасының алатын орны ерекше. Қазақ халқының санамақ, жұмбақ, жаңылтпаштар арқылы баланың сөйлеуге деген ынтасын ашып, қабілетін арттырып отырған. Олардың байланыстырып сөйлеуіне жануарлар, олардың төлдері туралы өлең, тақпақ, ертегілерді көп қолданған.

Инклюзивті оқытудың негізгі принциптері:

1. Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетісітіктерімен анықталады.

2. Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті.

3. Әрбір адам қарым –қатынасқа құқылы.

4. Барлық адам бір- біріне қажет.

5. Білім шынайы қарым –қатынас шеңберінде жүзеге асады.

6. Барлық балалар құрбы –құрдастырының қолдауы мен достығын қажет етеді.

7. Әрбір оқушы үшін жетістікке жету- өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асырады. Қазіргі уақытта, электрондық білім беру ресурстары, мамандандырылған компьютерлік құрал- жабдықтарды, интерактивтік тақтаны қолдану арқылы, оқу материалдарын мүмкіндігі шектеулі балалардың жақсы қабылдауына бағытталған. Мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беруде:

– арнайы білім беру бағдарламаларын, әдістерді және оқытуға қажетті техникалық құралдарды қолдану;

– арнайы дайындаған педагогтар, психологтар, дефектологтар және басқа мамандардың жұмыстары;

– оқытуды қажетті медициналық және профилактикалық, емдеу шараларымен қатар жүргізу;

– арнайы білім беру мекемелерінің материалды - техникалық базасын құру және оларды ғылыми - әдістемелік, техникалық құралдармен қамтамасыз ету. Мүмкіндігі шектеулі баланың тұрғылықты жері бойынша жалпы білім беретін мектеп кеңістігіне кіріктіруге байланысты бірнеше мәселелер кездеседі:

– мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істеуге дайын жаңа тұрпатты педагогтар мен басшылар санының аздығы;

– мектептік ортада мүгедектікке деген көзқарастың, теріс пікірдің, кемсітушіліктің дұрыс емес пікірдің болуы;

– педагогтардың, оқушылардың, ата-аналардың мүгедектік туралы және мүмкіндігі шектеулі құрдастарының мүмкіндіктері туралы ақпараттың жетіспеушілігі;

– тұрғылықты жері бойынша жалпы білім беретін мектеп жағдайында мүмкіндігі шектеулі баламен жұмыс жасау үшін материалдық-техникалық дайындық пен әдістемелерге сәйкес білімнің аздығы;

– түрлі бұзылыстары бар балалардың қалыпты дамыған құрдастарының ортасында білім алу құқығын дұрыс түсініп қабылдауда қоғам өкілдерінің дайын еместігі.

Инклюзивті білім беру саласында әлеуметтік педагогтың, психологтың, дефектолог маманның ролі ерекше. Даму мүмкінділігі шектеулі балалардың кейбіреулерінде өзіндік қабілет, ерекшелік бар. Мысалы: кейбіреулері би билеуге, спортқа, сурет салуға қызығады, осындай қызығушылығы мол балаларды әрі қарай дамыту әлеуметтік педагог пен әрбір мұғалімнің міндеті. Қорыта айтқанда, инклюзивті білім беру мүмкіндігі шектеулі балаларды оқуда, түрлі салаларда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Инклюзивті оқыту – барлық балаларға мектепке дейінгі мекемелерде, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту-оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқытуды енгізген мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіншілік алады, олар бір-бірімен тең қарым-қатынас жасауға, танып білуге, қабылдауға үйренеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау» туралы ҚР заңы-11 шілде 2002 г. № 343-П.

2.Жайтапова А.А.. Рудик Г.А., Белошниченко Е.В., Сатывалдиева А.С. Педагогика 21-го века на пороге школы.Алматы. 2009.

3.Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.- Астана. 2010 ж.

4.Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан 2050 стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауы, 14.12.2012.

5.Оразаева Г.С., и.о. директора ННПЦ КП, к.п.н., доцент, Фурсова Л.М., старший научный сотрудник лаборатория специального школьного образования, к.м.н. Анализ результатов мониторинга психолого-педагогического сопровождения детей с ограниченными возможностями в развитии в общеобразовательных организациях республики. 2012 г.

6.Постановление Правительства Республики Казахстан от 5 февраля 2007 г. №81 «Об утверждении Плана мероприятий по социальной и медико-педагогической коррекционной поддержке детей с ограниченными возможностями».

ӘОЖ 159.99

ФАНТАСТИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАР НЕГІЗІНДЕ БАЛАЛАРДЫҢ ОЙЛАУЫН ДАМЫТУ

Қалабаева Ә., ғылыми жетекшісі: Егенисова А.Қ.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қаласы

Аңдатпа. Бұл мақалада фантастикалық шығармалардың түрлері, олар арқылы балалардың ойлауын дамытудың мүмкіндіктері қарастырылады. Қазақ ертегілерінің ғажайып кейіпкерлері: таусоғар, желаяқ, саққұлақ, жалғыз көзді дәу, жалмауыз кемпірлер өз заманындағы фантастикалық бейнелер екендігі, ғылым мен техника дамуындағы жаңа кезеңді, астронавтика, астроботаника, астрофизика, космос медицинасы проблемаларды тілге тиек еткен.

Түйінді сөздер: Фантастика, ертегі, кейіпкер, образ, фильм, ғылым, техника.

Фантастика (гр. Phantastike – көзге елестету өнері) – әдебиеттің өмір шындығын қиял тұрғысында әсірелеп бейнелейтін жанры. Ғылыми түсінік жоқ кезде фантастика мифологиялық және діни шығармаларда орын алған. Гомердің «Одиссеясы», Овидийдің «Метаморфозалары», шығыс халықтарының «Мың бір түні» т.б. Ғылымның дамуына байланысты халық қиялынан шыққан туындылар жарық көре бастады. Ғылыми-фантастикалық әдебиет Ф.Бэконның «Жаңа Атлантида» кітабынан (1627) басталады. 17-18 ғасырда планетааралық сапар, болашақ туралы шығармалар көрген. Фантастика саласында Жюль Верннің шығармашылығы ерекше. 19-20 ғасырларда Герберт Уэллстің «Уақыт машинасы» (1895), «Әлемдер соғысы» (1898), А.Х. Дойлдың «Жоғалған әлем» (1912), т.б. фантастикалық романдары жарияланды. Кеңес әдебиетінде А.К. Толстой фантастика жанрының негізін салды. [1]

Фантастика – ең ескі жанр. Қазақ ертегілерінің ғажайып кейіпкерлері: таусоғар, желаяқ, саққұлақ, жалғыз көзді дәу, жалмауыз кемпірлер – өз заманындағы фантастикалық бейнелер. Аталмыш жанрдың түп атасы – ауыз әдебиеті. Ал біздің заманымыздың еншісі - ғылыми фантастика. Кезінде фантаст жазушыларымыздың қаламынан туған «робот» есімді темір адамдар жеті қат көктегі жұлдыздар әлеміне қадам басып, жер астына дейін сапар шекті. Кеңес дәуірінде осындай қиял-ғажайыпқа толы романдар, повестер, хикаяттар, әңгімелер жетіп артылатын. Олардың бәрі келешек пен өткен заманның құпияларын барлап, хал-қадерінше әдебиеттің, мәдениеттің дамуына ықпал етті. Қазақ әдебиетінде фантастика халық қиялынан туған хайуанаттар жайлы, қиял-ғажайып, тұрмыс-салт ертегілерінен бастау алады. Мысалы, «Ер Төстікте», «Керқұла

атты Кендебайда», «Қырық өтірікте» фантастика жанрының негізгі элементтері кездеседі. [2]

Ф а н т а с т и к а л ы қ о б р а з қиялдан туған – қаһарман, өмірде болмаған және жоқ, тек адамның акиқатқа ұқсас арманында ғана бедерленген бейне; әдебиеттегі адам образының бағзы замандардан күні бүгінге дейін келе жатқан көне түрлерінің бірі.

Қай халықтың сөз өнері болмасын, оның ең байырғы түрлерінің бірі – ертегі десек, сол ертегі түгелге жуық қиялға негізделетіні, ертегілердегі адам бейнелерінің көбінде қиял-ғажайып сипат болатыны мәлім. Бұл да фантастикалық образдың көнелігін куәландырса керек. Дүние жүзілік көлемде түңғыш фантастикалық қаһарман ретінде Жерден Күнге дейін ұшып барған Икарды атайтын болсақ, қазақ ауыз әдебиетінің де өз келесінде туғызған кереметтері бар. Солардың бірі – Ер Төстік. Бұл образ хақында академик Жұмалиев былай деген: «Халықтың тілегі, арманы – адамның табиғатқа ие болу, табиғатты өзіне бағындыру, адамның күшті болуы, оның қолынан не де болса келетін болуы болса, Ер Төстіктің образы сол тілек пен арманның сәулесі деуге болады». Бұдан шығатын байлау – фантастикалық образ құр қиял ғана емес, көпке ортақ биік мақсаттарға, асқақ армандар мен асыл мұраттарға тамыр тартады.

Ер Төстіктен кейін де қазақ фольклорында алуан-алуан фантастикалық образдар туды дей аламыз: Алпамыс-пен Қобыландыдан басталған батырлар бейнесін байыптаңқырап қарасақ, бұлар бірыңғай геройлық образдар ғана емес, бұларда фантастикалық сипат та баршылық (суға батпау, отқа күймеу, оқ өтпеу, алты айшылық жерлерге алты аттап бару, т. б.)

Д. Жұмалиев, Қазақ әдебиеті, А., 1943, 48-беттен «дәу, «аспандағы жұлдызды санаумен кімнің қашан өлгенін, жоғалғанын іздеп табатын» дәу, «кітапқа қарап біреудің, өлген-тірілгенін, күніне жер жүзінде қанша кісі өліп, қанша кісі туатынын біліп отыратын» дәу, «суға түсіп кеткен нәрсені тауып аларлық өнері бар» дәу, ішіндегі балық-малығымен көл-көсір көк дарияны бір-ақ жұтатын дәу… осынша көп дәу бір ғана ертегіде –«Ұшар ханның баласында»” жөңкіп жүрсе, ауыз әдебиетінің өзге туынды-ларында бұл сияқты қиял-ғажайып тұлғалар – фантастикалық образдар қанша десеңізші!.. Мұның өзі, бір жағынан, қазақ әдебиетінің бұрынғы һәм бүгінгі тарихында фантастикалық шығармалар да, образдар да әлі туып үлгірген жоқ деген ұшқары пікірді жоққа шығарса, екінші жағынан, әлгі бір атам заманғы анайы бейнелер қазіргі фантастикалық әдебиеттегі жаңа герой-роботтарға аумай ұқсайтынын қайтерсіз!.. Ауыз әдебиетіндегі көп дәу де, қазіргі әдебиеттегі көп робот та өздерін дәу не робот еткен адамға қолқабыс жасайды, адам үшін өмір сүреді. Бұл – творчестволық ойлауға да, ғылми топшылауға да тұратын ұқсастық.

Төстік қиял-ғажайып жағдайда дүниеге келіп өседі. Жылан Бапы ханның жұмсауымен Төстіктің Темір хан еліне барып, онда қалыңдықты алу үшін сайысқа түсуі, осы сайыста кейіпкердің өз күшімен емес, керемет достарының арқасында жеңуі – қиял-ғажайып ертегінің заңдылығы. Жазба әдебиетте фантастикалық оқиғалар Абай Құнанбайұлының «Масғұт», «Ескендір» дастандарында, С.Ерубаевтың «Келешек соғыс туралы» повесінде, М.Әуезовтың «Дос - Бедел дос» және «Елу жылдан соң» пьесаларында да бар.[3]

Артур Кларк фантаст жазушы геостационарлық жер серігі, интернет пайда болуын болжаған деседі. Әңгімелеріне осындай критик пікірін оқығаннан кейін қызығушылық танынытып бір әңгімесін оқи бастадым.

Араларыңызда осы автордың шығармашылығына қызушылық білдіргендеріңіз болса «2001: Одиссея бір» атты әңгімесінен үзіндіні аударып назарларыңызға ұсынып отырмын. Әңгіменің бас кейіпкері доктор Хейвуд Флойд шаттл (космстық кеме) ішінде Айға сапар шегіп барады. Сонымен доктор Флойд:

«Айға мен жер арасындағы сапарда іші пысқан жоқ (1969 жылы Apollo 11 3 тәулікте айға жетті, әңгіме болса 1968 жылы жарық көрді). Ресми баяндамаларды, протоколдарды, еске түсіруге арналған жазбаларды оқып жалыққан соң, «газеттік

планшетті» (қазір біз оны «электрондық кітап» планшеттері ретінде білеміз) кеменің ақпараттық желісіне қосып, әлемнің ең ірі электрондық газет басылымдарын көре бастады (қазір қағаз бетіне басылып шығатын газеттердің электрондық үлгісі бар және электронды газетке де жазылып алуға болады). Электронды газеттің кодтық белгіленуін жатқа білетіні соншалықты планшеттің артқы қабырғасында жазылған тізіміне қарамады.

Планшеттің қысқа мерзімді есте сақтау құралын іске қосып (қазіргі кездегі флэш еске сақтау құралы), кезекті газеттің бетін экранға тоқтатты. Әр мақаланың атауына көзін жүгіртіп, өзіне ұнайтындарын белгілеп алды, ұзын атауынан басқа қысқа екі таңбалы саннан тұратын кодпен анықталатын. Осы кодты планшеттің клавиатурасында терсе болғаны мақаланың кішкене болып көрінген төртбұрыш беті жазуға арналған ақ беттің үлкеніндей болып, планшеттің бүкіл бетіне үлкейіп шығатын. Осылайша ыңғайлы түрде мақала оқылатын. Флоид мақаланы оқып болып, электронды газеттің басты беттіне көшіп оқуға мақаланы таңдап алды».

Гарри Поттер - Британдық жазушы Джоан Роулинг жазған 7 томдық қиял-ғажайып шығармалар жинағы. Кітапта Хогвартс Мыстандар мен Сиқыршылар Мектебінің оқушысы Гарри Поттер және оның достары Роналд Уизли мен Гермиона Грейнджерлердің бастан кешкен оқиғалары туралы айтылады. Оқиғаның негізі зұлым сиқыршы Лорд Волдемортты жеңу болып табылады. Лорд Волдеморттың көздегені − мәңгілік өмір сүру, сиқырлы әлемді қол астына алу, сиқыршы емес адамдарды жою және қарсы шыққандардың күлін көкке ұшыру. Ал қарсы шыққандардың ішінде басты кейіпкер Гарри Поттер де бар.

1997 жылдың 30 маусымында көптомдық кітаптардың бірінші бөлімі жарыққа шықты («Гарри Поттер және Философ Тасы»). Дәл сол уақыттан бастап ол үлкен атаққа ие болып, дүйім жұртқа аты тез тарады. 2011 жылдың маусым айындағы сараптамада кітаптардың 450 миллион көшірмесі сатылғанын, әлем тарихындағы ең тез сатылған кітап аталып, 67 тілге аударылғаны көрсетілген, сонымен қатар, жазылған кітаптардың соңғы төртеуі ең тез сатылған кітап атағымен жаңа рекорд орнатқан [3].

Бұл шығармада, қиял-ғажайыптықпен қоса, жанрлардың көптеген түрлері кездеседі. Атап айтқанда: жасөспірім әдебиеті, құпиялық, триллер, оқиғалық, ғашықтық, т.с.с. Шығарма балаларға арналса да, Роулинг ханымның сөзіне сенсек, негізгі тақырып − өмір мен өлім. Ал бұдан басқа кемсітушілік пен жемқорлық тақырыптары да кездеседі.

Романда басты кейіпкер – сиқыршы-бала Гарри Поттердің әрбір жылдағы бастан кешкендері айтылады. Барлық жеті бөлімі де киноға арқау болған. 64 тілге аударылған. Жалпы таралымы 450 миллион дананы құрайды. Гарри Поттер жайлы алғашқы жарық көрген кітап әлемге тарап, балалардың сүйікті кітабы болып, жандарын жаулап алады[2].

Ғылыми фантастика (ағылш. science fiction – ғылыми туынды) – көркем әдебиетте, сондай-ақ кино, кескіндеме, т.б. өнер салаларында қалыптасқан жанр. Кинода ғылыми фантастика жанры XX ғасырдың басында қалыптаса бастаса, ал бейнелеу өнеріндегі ғылыми-фантастика жанры көбінесе көркем шығармалардың сюжеттері негізінде қалыптасқан. Қазіргі кезде «Аватар», «Галактика сақшылары», «Гарри Поттер», «Әлем соғысы» «Фантастикалық төрттік» т.б фантастикалық фильмдер әлемдік деңгейге көтерілді. Сонымен қатар, фантастикалық фильмдердегі басты рөлдерді Суперқаһармандер ойнайды. Суперқаһармандар таңғаларлық нәрселерді жасауға қабілетті. Өрмекші адам мен Супермен - орасан күштері мен қабілеттері бар ең танымал суперқаһармандар. Сондықтан, оларға бала біткен қатты еліктейді. Бэтмен мен Гринхорнет сияқты мықтылардың суперкүштері жоқ, бірақ олар төбелес өнерін және сот ісін меңгерген. Басқаларында арнайы жабдықтар бар. Мәселен, Фантом өзінің бейнесін жасыру үшін ашық және ерекше костюм киеді. Суперқаһармандарға жататын топтар көп. Мысалы, Фантастикалық төрттік, Х адамдары, Әділдік лигасы, Кек алушылар т.б7 [2].

Көне грек әдебиеті ме немесе әр халықтың ауыз әдебиеті ме, әйтеуір фантастякалық образдың басты қасиеті – ожар қара күш пен қимыр айла, амал болатын. Ал қазіргі сипат басқа; әлемге әйгілі «Доктор Фаустан» басталған соны мазмұн

фантастикалық образдың өзгеше тың түрлері туып, жаңа дәстүрі қалыптасуына шешуші ықпал жасады. Ғажайып ғылым күшімен адам баласын қолдан жасартпақ болған ғұламаның Гете жасаған тамаша фантастикалық образы — дүние жүзілік әдебиетте оқшау тұрған үлгі. Осы образдың әсерін әр әдебиеттен-ақ көруге болады. Қазіргі қазақ фантастикасында өзінің әп-әсем қабілетін танытып жүрген жас қаламгерлер шығармаларындағы жекелеген ғалымдар бейнесі де әлгідей әдемі үлгіге машықтану әрекетшен туғаны даусыз.

Ғылым мен техника дамуындағы жаңа кезең, яки космос дәуірі фантаститалық әдебиет тақырыбын да тық өріске шығарды: бұрынғы жадағайлау арманға енді нақты ғылми дерек араласты, аспан туралы аңқау қиялға бүгінде астронавтика, астроботаника, астрофизика, космос медицинасы секілді ғылымның жаңадан өркен жайып келе жатқан тың салалары арқылы байсалды ғылми есеп араласып, ақиқат өлшем мен мөлшер берілді.

Классикалық әдебиеттер тарихына көз салсақ, көне дүниедегі фантастикалық образдар сол тұстағы адамдардың дүние танымына сіңген мифке байланысты екенін байқаймыз. Бұл турасында Маркс «грек мифологиясы – грек өнерінің байлық қоры ғана емес, өсіп-өнген топырағы да» екенін айта келіп, осының өзі «халық фантазиясында… қайтадан өңделіп-жөнделгенін» терең, дәлелдегені мәлім. Бұл арада біз шындық пен қиял өз ара тұтасып кеткен грек өнеріндегі образ бен образдылықтың өзгеше түрі қайдан және қалайша туғанын байқап қана қоймай, Гомердің «Илиадасында» адамдармен бірге өмір сүріп, адамша тіршілік еткен құдайлар кейін де адамнан ажырамай, Эсхилде адамша мұңаю, Лукианда адамша сыңалу себебі не екенін, құдайларға жалпы адамдық сипат берілу себебі не екенін байыптай аламыз. Сонда әдебиеттегі адамдық қиял мен арманның ақиқат шындыққа қарым-қатысы айқындалады да, фантастикалық образдың әлеуметтік табиғаты танылады, қоғамдық мәні сараланып шығады.

Дүние жүзілік фантастиканың космос тақырыбына жазылған шығармалар-ында фантастикалық образдың, негізінен, екі типі кездеседі: бірі – ғалым, екіншісі – социолог. Бұлардың алғашқысы Күн жүйесін, тіпті күллі галактиканы зерттеп, ғылымда жаңа беттер ашып жатады. Мұндай фантастикальпқ образдың жарқын үлгілері – Жюль Верннің «Жерден Айға» романындағы Импи Барбикен мен капитан Николь, Александр Беляевтің «КЭЦ жұлдызы» романындағы геолог Артөмьев, Иван Ефремовтың «Андромеда мұнары» романындағы Дар Ветер тағы басқалар. Ал космостағы социолог бейнесі кейінгі кезде жұртшылық назарын аударған Рэй Бредберидің, Айзек Азимовтың, Станислав Лемнің, Аркадий және Борис Стругацкийлердің роман-повестеріндеп бас кейіпкер ретінде көрініп жүр [3].

Қазіргі кезде балалар фантастикалық фильмдерді көп көре бермейді. Оның орнына шынайылыққа жақын киноларды көргенді ұнатады. Өйткені, қазіргінің балалары фантастикаға сенбейді, ғылым мен техника қазір өзінің шырқау шыңына шығып болды деуге болады. Ешкімнің санасын ғылыми техниканың құдіретімен қызықтыра алмайсың. Ұялы телефон, компьютер шыққалы тіпті қызықсыз, олар шынайылыққа жақын, бұрыңғының баларына қарағанда ерте дамып кеткен. Сондықтан да оларды фантастикаға сендіру қиын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. SZH.KZ сұрақ-жауап сайты.
2. «Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010, 245б.
3. «Қазақстан»: Ұлттық энцклопедия /Бас редактор Ә.Нысанбаев–Алматы, «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998, 230б.

УДК 37.013

ЗАРУБЕЖНЫЙ ОПЫТ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ЛИДЕРСТВА

Агаева Э., научный руководитель: Калиева Э.И.
Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга имени Ш.Есенова, город Актау

Аннотация. В данной статье рассматривается зарубежный опыт лидерства в сфере образования, характеризуются основные стили лидерства.

Ключевые слова: образование, лидерство, управление.

Существует большой интерес к лидерству в образовании в начале 21-го века. Это из-за широко распространенного убеждения, что качество лидерства имеет существенное значение для результатов школы и учащихся. Во многих частях мира, включая США, признается, что школам требуются эффективные лидеры и менеджеры, если они хотят обеспечить наилучшее образование для своих учеников. По мере того, как мировая экономика набирает обороты, все больше правительств осознают, что их основными активами являются их люди, а сохранение или повышение конкурентоспособности все в большей степени зависит от развития высококвалифицированной рабочей силы. Это требует подготовленных и преданных своему делу учителей, но они, в свою очередь, нуждаются в руководстве высокоэффективными руководителями и поддержке других руководителей высшего и среднего звена.

Сфера образовательного лидерства и управления является плюралистической, со многими конкурирующими перспективами и неизбежным отсутствием согласия относительно точного характера дисциплины. Одним из ключевых споров было то, является ли образовательное лидерство отдельной областью или просто ветвью более широкого изучения менеджмента. Лидерство и управление образованием должны быть централизованно связаны с целью или задачами образования. Эти цели или задачи обеспечивают решающее чувство руководства для поддержки школьного управления.

Если эта связь между целью и управлением не является четкой и тесной, существует опасность «управленчества», «акцента на процедурах за счет образовательных целей и ценностей». Процесс определения целей организации лежит в основе управления образованием. В большинстве школ цели решаются директором, часто работающим совместно с командой старших руководителей (SMT) и, возможно, также со школьным руководящим органом (SGB). Тем не менее, школьные цели сильно зависят от давления со стороны внешней среды, и в частности от ожиданий правительства, которые часто выражаются в законодательстве или официальных политических заявлениях. Школы могут остаться с остаточной задачей интерпретации внешних императивов, а не определения целей на основе их собственной оценки потребностей учащихся. Ключевым вопросом здесь является степень, в которой руководители школ могут изменять государственную политику и разрабатывать альтернативные подходы, основанные на ценностях и видении школьного уровня. Должны ли они следовать сценарию или могут ли они быть свободными?

Различение образовательного лидерства и менеджмента. Концепция менеджмента частично совпадает с концепцией лидерства - понятия, представляющего большой современный интерес в большинстве стран развитого мира. Однако, управление остается доминирующим термином в дебатах об аспектах организации школы.

В.Кубинский (1988) дает одно из самых четких различий между лидерством и управлением. Он связывает лидерство с изменениями, в то время как управление рассматривается как деятельность по обслуживанию. Он также подчеркивает важность обоих аспектов организационной деятельности: под лидерством я подразумеваю влияние

на действия других в достижении желаемых целей. Лидеры - это люди, которые определяют цели, мотивы и действия других. Часто они инициируют изменения для достижения существующих и новых целей. Лидерство требует много изобретательности, энергии и навыков.

Управление - это эффективное поддержание текущих организационных механизмов. Несмотря на то, что управление хорошо часто демонстрирует лидерские навыки, общая функция направлена на обслуживание, а не на изменение. Я ценю как управление, так и ведение и не придаю особого значения ни тому, ни другому, поскольку разные настройки и время требуют разных ответов.

Изучение Дей и др. (2001) двенадцати «эффективных» школ приводит к обсуждению нескольких дилемм в школьном руководстве. Один из них связан с управлением, которое связано с системами и «бумагой», и лидерством, которое, как считается, связано с развитием людей. Буш (1998; 2003) связывает лидерство с ценностями или целью, в то время как управление связано с реализацией или техническими вопросами. Лидерство и управление должны быть одинаково важны, если школы хотят эффективно работать и достигать своих целей. «Лидерство и управление различны, но оба важны ... Задача современных организаций требует объективной перспективы менеджера, а также вспышек видения и обязательств, которые обеспечивает мудрое лидерство».

Лейтвуд и соавтор (1999) подчеркивают, что на практике руководители в своей повседневной работе редко знают, руководят ли они или управляют; они просто выполняют свою работу от имени школы и его учеников. Тем не менее, характер этой работы должен отражать контекст школы и, в частности, его потребности в любое время.

Модель образовательного лидерства (ELM) определяет качества, знания и навыки, которые необходимы руководителям среднего и старшего звена для руководства своими школами в XXI веке. Эта модель показывает, что отношения лежат в основе школьного лидерства и что лидерство всегда действует в определенном контексте. Он также определяет области практики, лидерские действия и качества эффективного руководства.

Все лидеры образования, включая руководителей среднего и высшего звена, несут ответственность за то, чтобы:

- улучшить результаты для всех учащихся с особым акцентом на учащихся с особыми образовательными потребностями;
- создать условия для эффективного преподавания, обучения и доставки учебных программ;
- исследовать и продвигать использование ИКТ и электронного обучения, чтобы открыть новые способы соединения, обмена и обучения;
- развивать школы как учебные сообщества;
- создавать сети внутри и за пределами своих школ для улучшения обучения и достижений;
- развивать учащихся как лидеров.

Существует четыре основных стиля лидерства, которые хорошо применяются в образовательной среде. Хотя у каждого из этих стилей есть свои плюсы, существует широкий диапазон вариаций, и трансформационное лидерство - это действительно объединение лучших атрибутов трех других. Следует рассмотреть, как служебное лидерство, транзакционное лидерство и эмоциональное лидерство, которые сравниваются с трансформационным лидерством.

1. Служебное лидерство.

Служебное лидерство фокусируется от конечной цели до людей, которых ведут. Нет чувства личной заинтересованности со стороны лидера, который отступает и поддерживает только интересы последователей. Руководство, расширение прав и возможностей и культура доверия являются отличительными чертами этого стиля

руководства. Лидер полностью доверяет процессу и своим последователям, полагая, что те, кто находится в организации, будут соответствовать ее цели.

Основная проблема заключается в том, что оно не жизнеспособно на организационном уровне, в значительной степени потому, что оно не следит за призом. Поскольку основное внимание уделяется потребностям людей в организации, цель организации почти полностью потеряна и, следовательно, не достигнута. Образование происходит в реальном мире, где, к сожалению, люди имеют недостатки и довольно часто нуждаются в руководстве для того, чтобы все пошло в правильном направлении. Трансформационное лидерство предлагает ту же самую ориентацию на человека, в то же время создавая инвестиции в конечную цель организации и тем самым создавая импульс для ее достижения. Трансформационное лидерство выводит сервисное лидерство на новый уровень.

2. Транзакционное лидерство

«Сделай и забери» - отличительный признак лидерства в сделках - он действительно моделируется так же, как деловая сделка. Конечно, отношения работодатель / работник в значительной степени транзакционные, как есть. Работодателям нужна работа, а работники выполняют эту работу в обмен на деньги. Это «quid pro quo» («что-то для чего-то») - это сердце рабочего места, и все в целом довольны этой договоренностью, но она работает только в том случае, если все участники видят это таким. В сфере образования часто на карту поставлено больше сотрудников, которые часто понимают, что их работа - это не просто обмен услугами на деньги, а скорее их более высокая цель. Поэтому деньги не являются мотивирующим фактором.

Именно здесь трансформационное лидерство может вмешаться, чтобы дополнить транзакционное лидерство, сделав весь процесс еще одним шагом вперед, опираясь на другие формы мотивации, помимо простого обмена товаров и услуг на деньги. Однако трансформационное лидерство только на самом деле работает от лидера, способного поддерживать харизму и межличностные отношения, которые необходимы для его работы. Когда трансформационное лидерство терпит неудачу, последнее средство довольно часто - транзакционное лидерство, которое легко и просто, хотя и менее эффективно в долгосрочной перспективе.

Возможно, самый большой контраст между трансформационным и транзакционным лидерством заключается в том, что в последнем лидер позволяет сотрудникам делать то, что им нравится, тогда как первый полностью практичен и навязчив по своей природе.

3. Эмоциональное лидерство.

Там, где транзакционное лидерство было связано прежде всего с обменом товарами и услугами, эмоциональное лидерство связано с чувствами и мотивацией последователей. Он полностью фокусируется на другой стороне спектра - требует, чтобы лидеры были эмоционально разумными, а затем мотивировали с помощью этого эмоционального интеллекта.

Эмоциональное лидерство и трансформационное лидерство имеют много общего друг с другом. С эмоциональным лидерством лидер подключается к своему эмоциональному центру, чтобы найти путь к руководству своих последователей. Люди иногда утверждают, что трансформационное лидерство требует того же уровня влияния на эмоции, однако есть фундаментальное различие между ними в том, что трансформационное лидерство по необходимости является рациональным процессом, а не эмоциональным.

4. Трансформационное лидерство

Трансформационное лидерство берет у каждого из других видов лидерства свои лучшие качества, а затем использует их вместе с глубоким чувством общей цели, чтобы мотивировать подчиненных. В то время как другие формы лидерства ориентированы на тот или иной особый аспект, трансформационное лидерство широко рассматривает

вопросы, связанные с лидерством, а затем использует их в качестве движущей силы для достижения общих целей организации. В частности, в сфере образования лидерство в сфере трансформации предлагает лучшее из всего - от использования эмоций работников до предоставления компенсационного ядра, которое применимо ко всем формам бизнеса, до направления из места поддержки.

Однако, поскольку трансформационное лидерство опирается на все эти различные типы лидерства, лидерам всегда полезно узнать больше об этих других стилях, чтобы предложить более глубокое понимание.

В США образовательное лидерство часто рассматривается в контексте школ. Руководители школ четко заявляют о своих обязанностях, установленных Министерством образования, правительством. Обязанности руководителей школ могут иметь сходство, но также могут различаться в зависимости от размера, типа, региона школы, учебного года и страны. Во всех успешных школах директора возлагают большие надежды на всех учащихся и несут многочисленные обязанности, такие как поддержка учебных программ и инструктажей, воспитание позитивной и заботливой культуры, набор и удержание школьного персонала, привлечение родителей и общественных ресурсов, работа с документами, е-почта, звонки родителей, оценка учителей, посещение школьных собраний и общественных мероприятий. Новые и опытные школьные лидеры имеют разные потребности для выполнения своих обязанностей, потому что у них разные уровни управления, общения, технологических навыков и понимания учебной программы. Также школы имеют различные специфические потребности в связи с их демографической структурой, уровнем успеваемости учащихся, опытом преподавателей и вовлеченностью родителей. Задачи, реализуемые в сфере лидерства в образовании, это:

Четкие критерии набора кадров не только на основе опыта преподавания;

Четкие заявленные роли и обязанности;

Регулярное определение потребностей в обучении новых и опытных руководителей школ каждый год. Потому что потребности меняются в соответствии с быстрыми изменениями в технологиях, коммуникации и культуре во время глобализации;

Эффективное и быстрое определение потребностей в обучении лидеров образования;

Использование в работе руководителей школ интервью, опросов, наблюдения, оценочных опросов школьного сообщества, включая учащихся, учителей и родителей, в рамках самооценки школы;

Программы устойчивого обучения педагогов в сотрудничестве с университетами, профессиональными ассоциациями или государственными учреждениями;

Персонализированные программы обучения с тщательным рассмотрением содержания, продолжительности, режима и места обучения, опыта и стадии карьеры школьных лидеров;

Обновление учебных программ в соответствии с требованиями эпохи, чтобы соответствовать ожиданиям всех заинтересованных сторон образования;

Поощрение лидеров образования к участию в программах профессионального развития (т.е. выдача сертификатов посещаемости, сертификатов об успешном завершении обучения, прироста заработной платы и карьерного роста);

Мониторинг и оценка качества и эффективности программ профессионального развития;

Свободное, интенсивное взаимодействие между лидерами образования для общения на национальном и международном уровне (социальные сети и др.);

Свободный доступ лидеров образования к литературе в образовании (поддержка университетов и других организаций);

Финансовые инвестиции и средства правительства, национальных и международных ассоциаций, союзов, фондов, агенств по разработке и внедрению современных и высококачественных программ профессионального развития.

ЛИТЕРАТУРА

1. Буш, Тони. «Образовательное лидерство и менеджмент», 2007. Южно-Африканский журнал по образованию. Выпуск 27, № 3: 391-406.
2. Линч, Мэттью. «4 основных вида лидерства» /Эвокейт журнал. Выпуск 19, 2018. № 5: 23-24.
3. Сенол, Гулия. «Профессиональное развитие образовательных лидеров», 2019. Интекопен журнал. DOI: 10.5772/intechopen.89260

ӘОЖ 37.013

БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Ахметова А., ғылыми жетекшісі: Калиева Э.И.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қаласы

Аңдатпа. Бұл мақалада болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесінің қазіргі жағдайы, ерекшеліктері мен мазмұны анықталды.
Түйінді сөздер: құзыреттілік, коммуникативтік құзыреттілік.

Мамандарды даярлау сапасын жетілдірудің маңызы туралы соңғы жылдары жүзеге асқан Қазақстан Республикасы Білім беру жүйесінің барлық негізгі құжаттарында айтылған. Мысалы, «Қазақстан Республикасының Білім туралы» заңында жоғары мектеп жүйесінде сапалы білім алуда қажетті жағдайлар жасауға: ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен тәжірибенің үздік жетістіктері негізінде жеке тұлға, яғни саналы азамат тәрбиелеуге, оны жан-жақты дамытуға және кәсіби тұрғыда жан-жақты қалыптасуына негізделген; тұлғаның шығармашылық әлеуетін, рухани мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін, адами пен салауатты өмір салтын сақтау ұстанымдарын қалыптастыру, тұлғаның дербес білімін дамыту үшін жағдай жасау арқылы зияткерлік ерекшеліктерін толассыз байытып отыруға басымырақ назар аударылады. Болашақ мұғалімдерге кәсіби білім беру сапасын жетілдіру және қоғам сұраныстарына жауап сай келетін білікті маман даярлау мәселесінің көкейтестілігі үлкен мәнге ие болып отыр.

Өндірістік дамудың жоғарғы сатысына көтерілген қазіргі еңбек нарығында тиімді жұмыс істеу мен кәсіби қызметті табысты жүзеге асыруда тек сауатты маман ғана жеткіліксіз, сонымен қоса бірқатар кәсіби маңызы бар сапаларды қалыптастырып, оны әрі қарай жетілдіру керек. Қоғамдық өмірді жаңартып жандандыруға, елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды тұрақтандыруға, білім беру ісіндегі тың жаңалықтарға орай жоғары білім беру ұйымы өзгеше ұйымдастырушылық қабілеті бар, дүниетанымы кең, жаңаша ойлау дағдысы ерекше, білімге құмар, стандартты емес идеяларды ұсына алатын және өзін-өзі басқара алатын, командада жұмыс істей алатын, басқа адамдармен нәтижелі қарым-қатынас жасай алатын, бәсекеге қабілетті маман дайындау тұрғысында жүргізілетін міндеттер тұр.

Білім алушы студенттердің қоғамдық өмір барысындағы белсенділіктерін, бойындағы көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыруды жоғары оқу орны жүйесінде де жалғастыру керек. Дәл осы тұста ұтқыр ойлы, интелектуалды, отансүйгіш қасиетін бойына сіңірген, ел экономикасы мен мәдениет саласын жан-жақты қарқынды дамытатын тұлғаның іргетасы қаланады, адамдарға, қоғамға, еңбек нарығындағы әр қилы қызмет түрлеріне, өзіне-өзі қатынастардың дамуы жалғасады. Бастауыш сынып мамандықтары студенттерінің күрделі тұлғалық сапасын, белсенділік қасиеттерін және қарым-қатынас құзыреттілігін қалыптастыру дәстүрін зерттеп зерделеу тұлғаның белсенділігінің сапалы

түрде қалыптасуына, оның қазіргі және болашақ ортада өзін-өзі жүзеге асыруына септігін тигізетін сара жолдар мен тиімді құралдарды іздеу үшін өте маңызды.

Білім алушы студент тек әлеуметтену, яғни басқа адамдармен қарым-қатынас үрдісінде ғана жеке тұлға бола алады. Студентте қоғамнан тыс рухани, әлеуметтік, психикалық даму әсте болуы мүмкін емес құбылыс. Тұқым қуалаушылық қасиеттер немесе ауытқушылықтар болмаса, студенттің дамуына өзін қоршаған ортасы орасан зор әсер ететіні белгілі. Әртүрлі сыртқы факторлар, атап айтсақ географиялық, әлеуметтік, мектеп және отбасылық жағдайлар да студент тұлғасының коммуникативтік көшбасшы ретінде қалыптасуына әсер етеді. Ал тұқым қуалаушылық пен қоғамдық ортаның тигізетін теріс әсері тәрбиемен түзетіледі.

Қоғамдық дамуды танып-білуге қомақты үлесін қосқан белгілі ғалым Д.Уотсон «коммуникация» ұғымының психологиялық мәнін ашуда лингвистикалық ерекшеліктерін негізге ала зерттеп, «коммуникативтік функциялар» ұғымын алға тартты. Бұл функцияларды болашақ мамандардың мінез-құлық стилі, қалыптасқан қоғамдық нормалар мен ережелерден ауытқымау сапасында зерделеген.

Ресейлік ғалым О.В.Защиринскийдің көзқарасы бойынша, коммуникативтік функциялардың жетілуінің жалпы индикаторы санатында қарым-қатынастың вербальді және бейвербальді құралдарын қолдану іскерлігі сипат алады [1].

Коммуникативтілік – бұл көп жағдайда психолингвистика саласына қатысты ұғым. Коммуникативтілік ретінде синтаксистік (таңбалық), семантикалық (мағыналық) және прагматикалық (құндылықтық) ақпаратпен белсенді жұмыс істейтін, олардың көмегімен қоршаған ортаға, адамдарға ынтымақтастықта ықпал етуді жүзеге асыратын ақыл-ойы, білімі зор, адами және рухани қасиеттерден тұшына сусындаған тұлға сапасын танимыз.

Белгілі зерттеуші Е.И.Пассов өз еңбегінде «коммуникативтілік» түсінігін әдістемелік категория ретінде қарастырып, білім беру үдерісін коммуникативтік деп атауға мүмкіндік беретін жан-жақты жіктелген параметрлерді алға тартады. Яғни, мақсатқа бағыттылық, проблемалылық, жаңашылдық, жағдайлық секілді жіктелімдерді атап көрсетеді. [2].

Ал ғалым Джон Равен болса, құзыреттілікті нақты пәндік салада іс-әрекетті тиімді орындауда қажет болатын тың қабілет дей келе, оған сәйкес арнайы пәндік дағдылар, ойлау тәсілдері, сондай-ақ өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілікті түсіну деп тұжырымдайды.

Сонымен, құзыреттілік дегеніміз - адамның білімі мен практикалық қызметі арасындағы қатынастар саласына тиесілі санат, белгілі бір сатыда білім алуды аяқтаған адамның сапасы, оның негізінде оның әлеуметтік маңыздылығы мен онымен байланысты болуы мүмкін әлеуметтік тәуекелдерін ескеріп, нәтижелі, тиімді қызметке қабілеттілігінен көрінеді.

Ол адамның жеке қасиеттерінің тұтас спектрін қарастырады. Яғни оның когнитивті және операциялық-технологиялық құраушыларымен қатар, мотивациялық, этикалық, әлеуметтік, мінез-құлық қасиеттерін құрайтын тұстарын да жүзеге асырады.

Зерттеуші Д.Хаймс бойынша коммуникант қарапайым лингвистикалық құзыреттілікке қарағанда әлдеқайда қомақты дағдылар мен біліктерге ие. Толыққанды қарым-қатынас құруда тіл мен оның жүйесін білу жеткіліксіз. Сонымен қатар, коммуникативтік актті іске асырудың әлеуметтік мәдени шартында қалай пайдалануды білуі тиіс. Бұл коммуниканттың коммуникативтік құзыреттілігіне тікелей тәуелді болып келеді.

Демек, коммуникативтік құзыреттілік – тілдік дағдылар мен сөйлеу шеберліктерінің арқасында орнығатын тілдік қарым-қатынастың құралдары мен стратегияларын тиімді пайдалана отырып табысты коммуникативті қызмет көрсету.

Ғалым О.С.Осипчуктің коммуникативтік құзыреттіліктің құрылымын зерделеуінде оның жиі кездесетін келесі құраушылары анықталған: лингвистикалық (лексика, грамматика, фонетика, орфография), дискурсивті (ауызша және жазбаша мәтіндерді құру),

прагматикалық (коммуникативтік мақсатқа сәтті қол жеткізу), стратегиялық (коммуникация қиындықтарын жеңу), әлеуметтік-мәдени (әлеуметтік-мәдени нормаларға сәйкестігі), сонымен қатар, объективті (әлеуметтік орта, тұлғаны әлеуметтендіру шарты, қандай да бір педагогикалық жүйедегі оқу-тәрбие үдерісі), субъективтік (субъект-объектілік немесе субъект-субъектілік тұлғааралық қарым-қатынастардың психологиялық тұғыры; оң мотивация; мәдениет, білім, тәрбиелілік деңгейі; өмірлік және кәсіби тәжірибе, тұлғааралық қарым-қатынас тәжірибесі) құраушылары да белгілі [3].

Белгілі зерттеуші-ғалым И.А.Зимняянің пайымдауынша, коммуникативтік құзыреттілік адамның коммуникативтік іс-әрекет субъектісі сапасында коммуникативтік іс-әрекет ету қабілеті болып табылады [4].

Коммуникативтік құзыреттілік турасында жан-жақты зерттеп, тұшымды тұжырымдар келтірген ғалымдардың еңбектерін талдай келе оның төмендегідей құрылымдық элементтері анықталды:

коммуникативтік білім - коммуникативтік әдіс-тәсілдер, олардың мүмкіндіктері мен шектеулері туралы білім;

коммуникативтік біліктер – сөйлеу біліктері, сыртқы және ішкі көріністерді үйлестіру, кері байланыс орната білу, коммуникативтік кедергілерді жеңу сияқты интерактивті іскерліктер тобын анықтайды: гуманистік, демократиялық негізде қарым-қатынас құру, өзара іс-қимыл үдерісінде қолайлы эмоционалды-психикалық-логикалық ахуалға бастамашылдық; өзін-өзі бақылау және реттеу іскерлігі, ынтымақтастықты ұйымдастыру, кәсіби этика қағидалары мен ережелерін қолдау.

Әлеуметтік-перцептивтік қабілеттер тобы: серіктестік коммуникациядағы мінез-құлқын адекватты қабылдап, бағалай білу, бейвербалды сигналдар негізінде оның жай-күйін, мінез-құлқының себептерін танып-білу.

«Іскерліктер» терминін адам бойындағы қалыптасқан білім, дағдыларды тиімді пайдалану үшін қажетті психикалық, практикалық іс-әрекеттердің күрделі жүйесін меңгеру деп түсіндіруге болады.

Сәйкесінше, коммуникативтік іскерліктер – бұл:

- қарым-қатынас субъектісіне белгілі білім мен дағдыларды, шешім нұсқаларын, қарым-қатынас тәсілдерін жаңа коммуникативтік жағдай шартына қарай пайдалана білу;

- пайда болған нақты коммуникативтік жағдайда адамға бұрыннан белгілі идеялардың, білімдердің, дағдылар мен тәсілдердің комбинациясы ішінен жаңа шешім табу;

- туындаған белгілі бір коммуникативтік жағдайды шешуде жаңа тәсілдер мен тың амалдар құрастыру.

Коммуникативтік қабілеттер, оның ішінде коммуникативтік біліктердің табысты дамуының субъективті жағдайлары тұлғаның ерекшеліктері коммуникативтік іскерліктерді қалыптастырудың негізі болып табылады. Жалпы қабілет дегеніміз - тұлғаның іс-әрекетке жарамдылығын анықтайтын күрделі синтетикалық ерекшелігі.

В.Н.Куницынаның пайымдауынша, коммуникативтік қабілеттер мен коммуникативтік қасиеттер өзара тығыз байланысты. Коммуникативтік қасиеттер жағдайға «байланған» жеке сипаттамалар ретінде түсіндірілсе, ал қабілеттер жағдайға тәуелділігі аз жалпыланған психологиялық ерекшеліктер болып табылады. Орындалатын міндеттерге сүйеніп, коммуникативтік қасиеттерді кіріктіреді. Мәселен, «сендіру іскерлігі» – коммуникативтік қасиет, ал ықпал ету шарасы – «ықпалдылық», адамдарға әсер ету қабілеті - коммуникативтік қабілет [5].

Коммуникативтік қабілеттерді дұрыс пайдалана білу коммуникативтік іскерліктерге негіз болады және кейіннен табысты дамуға сенімді кепілдік береді. Коммуникативтік қабілет ретінде тұлғаның көпбейнелі құрылымдарымен байланысты және қарым-қатынас субъектісінің әлеуметтік байланыстарға түсу, қайталанатын өзара іс-қимыл жағдайларын реттеу, сондай-ақ тұлғааралық қарым-қатынаста нысанға алынған коммуникативтік мақсаттарға қол жеткізуде көрінетін қабілеттер қарастырылады.

Психологиядағы субъект ретінде ерекше түрдегі жеке қасиеттің мәні дәстүрлі түрде айқындалған, ол өзін-өзі қайта құру қызметіне нық бағыт алған адамның белсенділігімен тығыз байланысты болып келеді. Соңғы жылдары адамның коммуникативтік белсенділігіне турасында психолог-ғалымдардың қызығушылықтары артып келеді. «Белсенділік» термині латын тілінің activus сөзінен шыққан, яғни күшейтілген іс-әрекет, қандай да бір әрекетке қатысу, бастамашылдық мағынасын береді.

Коммуникативтік белсенділікті зерттеуге бағытталған ұғымдардың мазмұндық мағынасын анықтауда бұл түсініктің мәні, оны зерттеу аспектілері бойынша бірнеше тәсілдерді жіктеп көрсетуге болады.

Адамның қоғаммен өзара іс-қимыл тетіктерін зерттеуге бағытталған іс-әрекет қарым-қатынас белсенділігін зерттеудегі тиімді тәсілдердің бірі болып табылады. Бұл тәсілде коммуникативтік белсенділік ұғымымен қоса, қарым-қатынас іс-әрекеті, коммуникативтік іс-әрекет, қарым-қатынас белсенділігі түсініктері де негізге алынып зерделенеді. Іс-әрекеттің құрылымдық құраушылары (зат, қажеттілік, мотив, құралдар, өнімдер) қарым-қатынастың нақтылығына негізделіп, коммуникативтік мән-мазмұнмен толықтырылып отырады. Белсенділік ішкі (қажеттілік-мотивациялық) және сыртқы болып екі құрамдас бөліктерге (коммуникативтік операциялар) ажыратылады.

Психологиялық зерттеулер құрамына коммуникативтік белсенділікті қарастыратын іс-әрекет тәсілдерінің практикалық-бағытталған аспектісін қосуға болады. Практикалық-бағытталған аспект түрлі қызмет саласындағы (оқу, кәсіби және т.б.) адамның коммуникативтік белсенділігінің көріністерін жан-жақты талдайды және алынған мәліметтерді практикада қолдануға жағдай жасады. Сонымен қатар оның белсенділігін оңтайландыруға бағдарланған зерттеулер жасайды.

Коммуникативтік белсенділік білік, дағды, сонымен қатар адамның жеке қасиеттері арқылы сипатталады. Ынтымақтастық пен қарым-қатынас саласында адамның белсенділігі бірлескен қызмет пен қарым-қатынаста басқаларды тыңдай және ести білуі; диалогқа қабілетті болуы; қоршаған ортаға адами көзқарасы, адамдарға деген мейірімді, өзара түсінікті, өзара әсерлі қарым-қатынасы, оларға сенімнің артуы; өзінің оң жақтары мен өзіндік сапаларына баға беруі; айналасындағыларға көмекке келу, оның ішкі жан-дүниесіне қызығушылық таныту, ерекшеліктерімен белгілі бір жеткен жетістіктерін айтып шабыттандыру, қолдау көрсету; қандай да бір қызмет саласында немесе белгілі бір туындаған сұрақтар, мәселелер төңірегінде өз білім, тәжірибелерімен бөлісуі, субъектінің өзін қызықтыратын салаларға баулуы; ұжымда қолайлы мәртебеге ие болу үшін лайықты жолды таңдай білуі қарастырылады [6].

Сонымен қоса, тұлғаның коммуникативтік белсенділігі:

а) адамдардың өзара әрекет, өзара қарым-қатынас негізінде тұлғааралық нық байланыстар жасауға ұмтылу, оларды жан-жақты рухани үйлестірудегі күш салу, қарым-қатынастың жеке меншікті бағдарламасын қалыптастыру және іске асыру, бір-бірін тану жолындағы мақсаттылық пен бастамашылдық және де байланыстарды орнату мен қолдауға ниеттенумен сипатталатын жай-күйі;

ә) адамның тұлғасы мен оның қарым-қатынас жасаудағы мақсатына, мазмұнына, формалары мен нәтижелеріне қатысы және өзінің танымдық, рухани және еріктік күшін туындаған түрлі мәселелерді шешуге бағыттауға ұмтылуы, оны реттеп, ортақ нәтиже алуды мақсат етіп, ынтымақтастық жағдайында өзара әрекеттесуі көрініс табатын коммуникативтік іс-әрекеттің сапасы;

б) индивидтің қарым-қатынастағы серіктестеріне шығармашылық сипаттағы көзқарасы, зияткерлік және адамгершілік даму көріністері арқылы сипатталады.

Коммуникативтік бастамашылдықты дамыту жаратылыстану мамандықтары студенттерінің лидерлік қасиеттерін қалыптастыруда маңызы зор болып табылады.

Бастамашылдық турасында белгілі ғалым И.С.Попова «қайта құрушы қызметке субъектінің іштей дайындығында көрініс табатын және бастамаларды іске асыруда сырттай білдірілетін жеке тұлғаның ықпалдастық қасиеті», олар «субъективті жаңа

идеяларды немесе қызмет нысандарын ұсынумен және дербес іске асырумен байланысты белсенділік көріністері сырттан ынталандырылмаған» деп тұжырымдайды, біз коммуникативтік бастамашылдықты коммуникативтік бастамашылдық аясында жоспарланған мақсатқа талпыну, осының негізінде өзара тиімді әрекеттесу ретінде, тілдесу барысында білінетін лидерлік жеке қасиет ретінде ұғынамыз.

Коммуникативтік бастамашылдық негізінде белгілі бір мақсатқа ұмтылу мен оған жету жолдарын, өмірде және кәсіби қызметте табысқа жетуді, лидерлік позицияны ұстану және өзінің тың идеяларымен өзге адамдарды шабыттандыру қабілетін, батылдық, жауапкершілік, зияткерлік, жеңіске жетуге деген ерік-жігер, сайып келгенде қоршаған ортаға, айналасындағы жандарға өз болмысын көрсету энергиясын атауға болады.

Коммуникативтік бастамашылдық тұлға қызметінің өнімі ретінде шешуші мәселелерге, лауазымдық міндеттеріне, коммуникацияға қатысушылардың ерекшеліктеріне сәйкес орынды, яғни мүдделі ортамен келісілген (басшылықпен, әріптестермен, серіктестермен және т.б.), дәлелді болуы тиіс.

Коммуникативтік бастамашылдықтың дамуына дүниетанымдық (коммуникативтік ықпал етудің пәні туралы, мәселені шешудің қажеттіліктері мен мүмкіндіктері туралы, бастамаларды іске асыратын өз қабілеттіктері туралы білімдер), ынталандырмалы-құндылық (коммуникативтік өзара әрекеттесуде бастаманы білдірудегі тұрақты қажеттілік пен қалыптасқан көзқарас жиынтығы), мінез-құлық бойынша (коммуникативтік ахуалдың нәтижелі қайта құрудағы жасампаз белсенділік), эмоционалды-субъекттік (тұлғалық қасиеттерінің жиынтығына негізделген – батылдық, мақсатқа бағытталушылық, байланысқа бейімділік, эмоционалды қайырымдылық, жауапкершілік, өзіне сенімділік және т.б. жеке тұлғаның эмоционалды көріністері) ықпал етеді.

Сонымен қорытындылай келе, бастауыш сынып мамандықтары студенттерінде коммуникативтік бастамашылдықты дамытатын төмендегідей жағдаяттарды келтіруге болады:

- бастамашылық әрекеттерді жоспарлап, оның себептерін анықтау;
- коммуникативтік қарым-қатынастың басқа қатысушылары үшін түсінікті бастамашыл ұсыныстардың тұжырымдамасы;
- өз идеяларын дәлелдеу, шығармашылықпен ойлау, пікірталастар жүргізудегі түрлі жаттығулар;
- мақсатқа бағыттылық, жауапкершілік, тәртіптілік, табандылық секілді еріктік сапаларды үнемі дамытып отыру;
- бастаманың күнделікті өмірде көрініс тауып отыруы, кез-келген кездейсоқ туындаған жағдайда бастамашылдыққа деген тұрақты әдетті қалыптастыру;
- айтылған сын мен берілген теріс бағаларды қабылдай білу және одан шығатын жолдардың тиімді шешімдерін табу.

Жеке тұлғаның белгілі бір іс-әрекетпен айналысуға бағытталуы бейімділік болып табылады. Осы іс әрекетке бейімділік және оған қабілеттілік бір-бірімен үзеңгілес дамиды.

Осыған сәйкес, жаратылыстану мамандықтары студенттерінің коммуникативтік лидерлігінің құраушысы ретінде коммуникативтік және ұйымдастырушылық бейімділіктердің мәнін айқындаудың маңызды зор.

Коммуникативтік және ұйымдастырушылық бейімділіктер коммуникативтік көшбасшылықтың негізі және топ мүшелерімен өзара іс-әрекет және тұлғааралық қарым-қатынастарды реттеу, сонымен қатар топпен жұмыс жасау барысында жоғары нәтижеге жету үшін сан түрлі мүмкіндіктерді пайдалану қабілеттілігінен айқын көрінеді.

Бастауыш сынып мамандықтары студенттерінің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруды зерттеуде олардың өзара қарым-қатынас жасау креативтілігі мен шығармашылық ақыл-ой белсенділігін қарастырудың да маңызы зор.

Психологтар психиканың жұмысын когнитивті тұрғыдан талдай отырып, негізгі үш жалпы қабілеттіктерді атап көрсетеді:

білім алуға қабілеттілікке бағытталған үйренушілік;

тестілік интеллект – алған білімдерді қолдануға қабілеттілік, яғни білімді пайдаланып, тапсырмалар орындау қабілеттілігі;

креативтілік – жалпы шығармашылықпен жұмыс істеуге деген қабілеттілік, білімдерді түрлендіру.

Бұл жүйені когнитивті кеңістіктен коммуникативтік салаға ауыстырғанда ұқсас көріністер пайда болады:

әлеуметтік үйренушілік – әлуан түрлі әлеуметтік тәжірибе алу барысында әлеуметтенудің «нәтижелілігі»;

тілдесудегі құзыреттілік – белгілі бір мәселені шешудегі жаңа әлеуметтік білімдер мен шеберліктердің, қарым-қатынас барысында орныққан дағдылардың жиынтығы, мінез-құлық пен өзара іс-қимылдардың қабылданған талаптарын игеруге деген қабілеттілік.

Коммуникативтік креативтілік – әлеуметтік шеберліктер мен дағдыларды ерекше идеялар негізінде қайта құруға, мінез-құлық пен тілдесуде қалыптасқан дәстүрлі көне үлгілерден ауытқу, стандарттан тыс пайда болған жағдайлардағы мәселелерді шешуге және қоғамдық тәжірибені түрлендірудегі қабілеттілігі. Жалпы шығармашылық қабілеттілік секілді коммуникативтік креативтілік те елестетумен, қиялдаумен, болжамдар тудырумен байланысты. Ал, мотивация: креативтілік қабілеттілікті көрсету және дамытудың бірінші («танымдық») және екінші («коммуникативтік») жағдайларында да шығармашылық белсенділікке деген қажеттілікке сәйкес келеді.

Осылайша, коммуникативтік құзыреттілік нақты жеке тұлғаның жеке психологиялық, тұлғалық ерекшеліктері мен қарым-қатынасында көрінетін кіріктірілген, салыстырмалы түрде тұрақты, тұтас психологиялық білім.

Оның құраушыларын түсінудегі айырмашылықтарға қарамастан, барлық зерттеушілер шын мәнінде ол басқа адамдармен қажетті байланыстарды орнату және ұстау қабілетін білдіреді деген тұжырымға келеді.

Бастауыш сынып мамандығында оқитын студенттердің ішкі әлеуетін жандандыруға бірден-бір тиімді әсер ететін негізгі фактор ретіндегі коммуникативтік құзыреттілік қасиеттерін қалыптастыру және оны одан дамыту оқу-танымдық іс-қимыл үдерісі барысында табысты жүзеге асады. Бұл орайда студенттердің білім синтезі, іс-әрекет және ойлау тәсілдері, өмірлік мәндер, әлеуметтік ұстанымдар және мінез-құлық нормалары ретінде әлеуметтік маңызды жеке тәжірибе алуға мүмкіндігі бар.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Понимание и коммуникация: когнитивный контекст содержательно- смысловых конструктов / О. А. Белобрыкина, И.С. Богачек, Е.Г. Вергунов, А. А. Денисова, О. В. Защиринская и др. / под науч. ред. О.В.Защиринской, О. А. Белобрыкиной, Е. И. Николаевой. — СПб. Скифия-принт, 2018. -134 с.

2. Пассов Е.И. Методика как наука будущего. Краткая версия новой концепции / Златоуст, 2019. -172 с.

3. Осипчук О.С. Коммуникативная компетентность современного специалиста: монография. – Омск: Изд-во Ом. гос. ун-та, 2010. – 208 с.

4. Зимняя И.А. Педагогическая психология: учебник для вузов. НПО 'МО ДЭК', 2010. –384 с.

5. Куницына В.Н. Межличностное общение: учебник / В.Н.Куницына, Н.В. Казаринова, В.М. Погольша. – Санкт-Петербург: Питер, 2003. – 544 с.

6. Ефимова Н. С. Психология общения / Н.С. Ефимова. - М.: Форум, Инфра-М, 2017. - 192 с.

«СТУДЕНТТІК ЕРІКТІЛІК: ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ, МӘСЕЛЕЛЕРІ, БОЛАШАҒЫ» АТТЫ АЙМАҚТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК ОНЛАЙН-КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ

1-СЕКЦИЯ
СТУДЕНТТІК ВОЛОНТЕРЛІК ЖОБАЛАР: НЕГІЗГІ БАҒЫТТАР, ТӘЖІРИБЕ ЖӘНЕ ДАМУ ҮРДІСТЕРІ

ӘОЖ 36

СТУДЕНТТЕРДІҢ ВОЛОНТЕРЛІК ҚЫЗМЕТІ: ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ, МӘСЕЛЕЛЕРІ, ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Абдраймов Р.О., Исақұлова А.Т.
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Елімізде 2020 жыл «волонтерлар жылы» деп жарияланғаны баршамызға белгілі. Осыған орай, биыл еліміздегі волонтерлік қызметті дамытуға арналған бірқатар жұмыстар атқарылып жатыр. Бұл баяндамада волонтер жылының ерекшелігі, студенттердің атқарып жатырған волонтерлік қызметтері, олардың дамуы және мәселелері қарастырылады.

Түйінді сөздер: волонтер, қоғам, қызмет, бірлік, адалдық.

Волонтерлер – бұл ең алдымен өз тағдырына, өз өлкесінің тағдырына, жалпы қоршаған ортасына немқұрайлы қарамайтын жандар. Әрине, волонтерлер – бұл мейірімді, қайырымды адамдар, сөзбен емес, іспен жақындарына, қоғамға көмек көрсетуге, қоршаған ортаны, өз елін жақсы жаққа қарай өзгертуге дайын азаматтар.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасы бойынша 2020 жыл Қазақстанда Волонтерлер жылы деп жарияланды. Мемлекет басшысы волонтерлікті ұлттық деңгейде ғана емес, әр қала мен ауылда да дамыту қажеттігін атап өтті. Волонтерлікті дамыту бойынша жеті негізгі бағыт іріктеп алынған болатын. Бұл – білім беру, медициналық, экологиялық волонтерлік, өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдарға тәлімгерлік, техногендік апаттарды, төтенше жағдайларды жою кезіндегі еріктілік, карт адамдарға, арнайы күтім көрсетілетін мекемелерде жүрген адамдарға, ерекше қажеттіліктері бар адамдарға көмек көрсету, сондай-ақ рухани-мәдени және тарихи құндылықтарды сақтау бойынша волонтерлік. Бұл жылдың ерекшелегі волонтерлік қызметтің өте үлкен қарқынмен дамуында. Кез келген жанның бұл жылдың ерекшелігін түсініп қана қоймай, қайырымды іс істеуге құлшылығы артады. Қазақ дәстүріндегі волонтерліктің үлкен мәнге ие болуы, болашағымыздың жастарын үлкен жүрек иесі ретінде, біз өмір сүретін қоғамның осындай жастарға көп болатынына үлкен үміт береді.

Қазіргі таңда студенттер көптеген волонтерлік қызметтер атқарып жатыр. Оның ішінде атап өтетін болсақ «Ақтау қайырымды жандары», «Қоғамдық келісім», «Клуб добряков», «Біз адамбыз – біз біргеміз», «Біргеміз: Білім» ұйымдарындағы студенттер өте көп жұмыс атқаруда. Волонтерлар көптеген отбасыларға әлеуметтік, қаржылай көмек көрсеткен болатын. Атап өткен 7 салалық бағыты бойынша волонтерлік тың жобалар жүзеге асырылуда. Олар өңірдің жалпы ішкі өнімін арттыруға септігін тигізуде. Сонымен қатар еріктілер қозғалысы өндірістік қатынастарды жылдамдатуға, құрылыс, ауыл шаруашылық, туризм, білім беру, қоршаған ортаны қорғау секілді экономиканың негізгі бағыттарына серпін беруді көздеген болатын. Оның ішінде білім саласы бойынша Маңғыстау елді мекендеріндегі мектеп түлектерін ҰБТ-ға дайындау, жаңа технологиялармен таныстыру сияқты мәселелер, туризм саласы бойынша студенттер

маңғыстаулық волонтерлар аймаққа келген саяхатшыларды өңірдің тарихы және мәдениетімен таныстыруды қолға алған болатын, және осы аймақта өтетін халықаралық, республикалық деңгейдегі саяси, мәдени және спорттық шараларда қызмет көрсетеді.

Соңғы жағдайларға байланысты болып отырған төтенше жағдай кезінде волонтерлар белсенді жұмыс атқаруда. «Клуб добряков» тобы жалғызбасты, мүмкіндігі шектеулі және көпбалалы отбасы санатына жататын 230 азаматқа әлеуметтік көмек көрсетіп, карантиндік зонада қызмет етіп жүрген полиция қызметкерлерін ыстық тағаммен қамтамасыз етіп отыр. «Ақтау қайырымды жандары» тобы 30 отбасыға әлеуметтік көмек, 6 отбасыға қаржылай көмек көрсетті. «Қоғамдық келісім» мекемесінің волонтерлары, кәсіпкерлер мен этномәдени бірлестіктер 40 отбасына азық-түліктер, гигиеналық құралдармен қамтамасыз етті.

Волонтерлік шараларды жүзеге асыру кезінде туындайтын мәселелер:

Ерікті волонтерлік қызметті жүзеге асыру барысындағы кейбір тапсырмалар еріктінің денсаулығына зиян тигізу мүмкін. Алайда оларда қызметкерлерде бар еңбекті қорғау құқығы жоқ болғандықтан, тигізілген залалды өтетуге құқығы жоқ. Бұл үлкен мәселелердің бірі болып отыр.

Еріктілердің жетіспеушілігі кейбір ауқымды шараларды жүзеге асыруда мәселе болып туындайды. Әсіресе, қала тазалығы, жасыл қала секілді шараларды жүзеге асыруға көп күш қажет екені анық. Сондықтан еріктілер санын көбейту бір мақсат ретінде қарастыруға болады. «Волонтер жылы – кезекті науқан емес. Осыны халыққа түсіндіруіміз керек. Еріктілік – ел үшін, қоғам үшін адал қызмет. Волонтерлік халқымыздың өмір салтына айналуы керек. Оны тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі және болашақ сипаты ретінде дәріптеуіміз қажет. Еріктілердің бойындағы қайрат-жігер әр азаматты ынталандыруы тиіс. Еліміздегі әр ауыл-аймақ осы маңызды жұмыстан тыс қалмайды деп сенемін», – деді Мемлекет басшысы. Ерекше қызмет қоғамның өз ішінде дамып, кейін келе кең өріс тапты, сондықтан оның одан әрі де қанат жаюы сол қоғамның өзіне тікелей байланысты болмақ. Десе де мемлекет тарапынан еңбектің ақшалай ғана емес, моральдық тұрғысынан бағаланғаны ләзім. Волонтерлік қызмет – өз еркіңмен баратын жүректің жұмысы. Жүректің жұмысы жанданса, қоғам өркениетке өздігінен-ақ қадам басар еді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Egemen.kz «Еріктілерге ерекше көзқарас қажет», Айдана Шотбайқызы, 2019 ж.
2. Mangystaumedia.kz Волонтерлік қызмет туралы мақала, 2020 ж.
3. Qazaquni.kz. «Қасым-Жомарт Тоқаев: Волонтер жылы – кезекті науқан емес» мақаласы, 2020 ж.
4. Assembly.kz «Қоғамдық келісім», 2020 ж.

ӘОЖ 364.4(045)

ЖАСТАРДЫҢ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ МЕН БАСТАМАЛАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАҒЫ СТУДЕНТТІК КЛУБТАРДЫҢ ОРНЫ.

Бегежанова Гүлназ., Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы
Ғылыми жетекшісі: Бағдатұлы М., Ш.Есенов атындағы, КМТИУ, Ақтау қаласы

Аңдатпа. Қазақ жастары-елдің болашағы. Қай кезде де халқымыз өзінің болашағы – жастар тәрбиесіне көңіл бөліп отырған. Бүгінде жастар саясаты тәуелсіз Қазақ елінің басты басымдықтарының бірі болып табылады. Жан-жағындағы мұқтаж жандарды

шапағатына бөлеп жүретін жастарымыздың бар екені қуантады. Мақалада қайырымдылықтың негізгі мақсаттары айқындалған.

Түйінді сөздер: Қайырымдылық, бастама, жастар, идея, студенттік клубтар.

Қайырымдылық-асыл қасиет. Қайырымдылық ұғымының екі қыры бар. Бірі-рухани экономикалық жағы, екіншісі- іс-тәжірибелік жағы.Елімізде түрлі жобалар мен акцияларды қолдап,қайырымдылықты өмірлік мақсат еткен жомарт жандар саны артып келеді. Халқымыз көмекке мұқтаж адамға көмек көрсетіп,қайырымдылық жасауды, қарттарды аялауды,мүгедектерді қолдап-қорғауды әрбір қайырымды адамның адамгершілік борышы деп есептейді.Қайырымдылық саласына Президентіміз айрықша көңіл бөледі.

Соның дәлелі ретінде ҚР Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан Халқы Ассамблеясының қайырымдылық қорын құруды жөн санады.Осы тұрғыда мемлетекетіміздің өте жоғары деңгейде атқарылып жатқан шаралар жеткілікті.Соның дәлелі ретінде ұлтаралық келісім мен бейбітшілік нышаны-Қазақстан халқы Ассамблеясында өткен шараны атап өтуге болады [1].

ҚХА жылының үздік қайырымды жандары,-деп 10 жамбылдық атанды.Мұндай игі істердің жалғасы ретінде Ұлттық комиссия «29 игі іс» аясында 400-ден астам қайырымдылық шарасын ұйымдастырды. Халықтың әлеуметтік тұрғыда аз қамтылған санаттарына аса көңіл бөліп,қайырымдылықтарын білдіріп жатқандарда аз емес.

Елордада 2019 жылдың қортындысы бойынша 100 000 аса адам әлеуметтік қолдаумен қамтылды.Елімізде халықтың әлжуаз тобына қолдау көрсетуге бағытталған шаралар да жиі қолға алынып жүр.

Қоғамда ерекше көңіл бөлуді қажет ететін жандар бар,олар-мүмкіндігі шектеулі жандар.

Осындай жандарға көңіо бөлу мақсатында өзімнің білім алып жатырған университетімде «Service Learning» пәні енгізілді.Бұл пәннің негізгі мақсаты мүмкіндігі шектеулі жандарға қол ұшын созу болып табылады.Әлеуметтік қолдауға өз көмектерін көрсетіп жүрген кәсіпкерлерімізде бар екендігі қуантады [1].

Таразда, Шымкентте,Ақтауда және т.б қалаларда көптеген қайырымдылық жәрмеңкелері ай сайын өтіп тұрады. Жастардың қайырымдылық идеяларын жүзеге асыратын клубтардың орны өте ерекше. Атап айтқанда,Елбасы қоры, Дара қоры,Аяла қоры,Сәби қайырымдылық қоры, Шұғыла қоғамдық қоры, университетімнің «Шамшырақ» қайырымдылық клубы және т.б.клубтардың барлығыда бір бағытта жұмыс атқарады.Осы орайда еріктілердің ерлік істерінде атап кеткен жөн [2].

Осы жылы Еріктілер жылы деп жарияланды.Волонтерларға айрықша көңіл бөлініп жатырғаны бәрімізге мәлім, Өзім Лига Волонтеры және Юнисеф құрамындағы тұңғыш еріктімін. Қуана ескеретін жайт Маңғыстау облысы еріктілер санына сәйкес 2 орынға табан тіреді.

Осы бағытта жұмыс БҰҰ Балалар қорының Қазақстандағы алғашқы еріктілері қатарында болу-біз үшін, университет үшін үлкен қуаныш болып табылады. Қайырымдылық идеяларының дамуы әлемдік тарихта үлкен рөл атқарады.Жастардың ерікті болуы,қайырымдылық идеялары адамзатты бейбітшілікке, әділеттілікке жетелейді.

Халық мақалында айтылғандай «Жақсылыққа жақсылық-әр адамның ісі, Жамандыққа жақсылық-ер адамның ісі» демекші әр ісімізді жақсылықпен бастау, соның бақытын көру, біреуге жақсылық жасау біздің адамдық парызымыз деп ойлаймын. Мейірімділік-адам бойындағы ең жақсы қасиеттердің бірі.

Бұл адам жүрегінің шамшырағы, ізгілікке, достыққа, береке-бірлікке жетелейтін жол. Мейірімділік кілті жүректе болғандықтан, сүйіспеншілікке толған жүректе көздің жауын алатын әсемде нәзік гүлдерге толы болады. «Адам баласының мейірімі қашса, жер бетінде жақсылық жойылады»-деп қазақ атам текке айтпаған шығар [2].

Қазақстан мен шет ел арасындағы қайырымдылық қорлар. Қазақстан Республикасы халықаралық қауымдастықтың белсенді мүшесі.

Соның нәтижесінде оның өтпелі кезеңдегі қиыншылықтарына қол ұшын беріп, халықтың әлеуметтік жағдайына көмектесу халықаралық сипат ала бастады. Бүгінде әлем түбірінен өзгерді, дүние жүзілік саясат өткен ғасырлардың өзгешелене түсті [1].

Бұл күнде дүние жүзіндегі бірден-бір беделді де белсенді гуманитарлық қоғамдық қайырымдылық ұйымының бірі-халықаралық Қызыл Крест Комитеті. 1863 жылы швецариялық коммерсант Анри Дюнанның бастамасымен жаралы адамдарға тұрақты көмек көрсету үшін Халықаралық Қызыл Крест Комитеті құрылған.

1864 жылы Женева қаласында Дипломатиялық конференция болып, онда 12 мемлекеттің өкілдері Халықаралық келісім шартқа қол қойған. Ал 1876 жылы бұл Халықаралық Қызыл крест Комитеті болып аталды.

Осы қозғалыстың негізін салушы Анри Дюнанның туған күні құрметіне «8 мамыр бүкіл әлемдік Қызыл Крест және Қызыл Жарты Ай Қоғамының» күні деп белгіленді [3].

Америка Құрама Штатының Нью-Йорк қаласында «Ашық қоғамдық институтының» ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының қоғамдық қорлар жөніндегі заңына сәйкес Қазақстанда 1994 жылы құрылған «Сорос-Қазақстан» қоғамдық қайырымдылық қоры 1995 жылы шілде айында Әділет министрлігі арқылы тіркелді.Оның құқықтық құрылымы-қоғамдық қайырымдылық қор.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1]. Биекенов К.,Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндерме сөздігі.
[2]. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы, 1948 жыл
[3]. Жалпыға ортқа еріктілік декларациясы, 2001ж.

УДК 364: 378. 4 (371. 16)

ОБУЧЕНИЕ СЛУЖЕНИЮ ОБЩЕСТВУ В КУРСЕ ДИСЦИПЛИНЫ «SERVISE LEARNING»: НАПРАВЛЕНИЯ, ОПЫТ И ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ

Бисингалиева И.В.
КГУТИ им. Ш. Есенова, г.Актау

Аннотация. В статье раскрывается содержание работы по дисциплине «Service learning. Автор рассматривает опыт становления новой проектной дисциплины в Каспийском государственном университете технологий и инжиниринга им. Ш. Есенова, трудности решения ситуаций реальных моментов проектной деятельности студентов в г Актау.

Ключевые слова: Служение обществу, социальные проекты, нравственные ценности милосердия, добра, партнеры проекта «Service learning».

Сегодня студенты и преподаватели Каспийского государственного университета технологий и инжиниринга им. Ш. Есенова также, как и весь мир, проходит период осуществления своих задач в условиях изоляции, связанной с мировой пандемией коронавируса. Учебные реалии дисциплины «Service learning» вступили в новую полосу ежедневных вызовов и преобразований: в сложившиеся формы и методы обучения проектной дисциплины вносятся новые коррективы. Какие же действия могут стать эффективными инструментами для успешной навигации в новой ситуации? Как сделать так, чтобы в системе онлайн-обучения этой дисциплине по-прежнему осуществлялся метод обучения действием?

Как преподаватель вузовской системы, я понимаю, что импульс каждого нового этапа развития сокрыт не во внешних происходящих событиях, а в процессе обновления сознания. Происходящие неожиданные, стремительные, тревожные события должны кардинально менять то, как мы работаем, как воспитываем студентов. Для меня, имеющей за плечами не один десяток лет работы в вузовских аудиториях, очевидно, что в методах даже инновационной дисциплины «Service learning» необходимо ускорение процесса смены старой системы, стиля завуалированного авторитаризма преподавателя и его же бессилия, диктата оценки и тестового балла новыми, конструктивными методами и формами, передовыми идеями и бескорыстием служения своей дисциплине.

Учебный курс «Service learning» (в пер.с англ. служение обществу) является одной из технологий новой формации, способной создать прорыв в сфере образования.

Цель этой дисциплины - формирование у студентов опыта и навыков служения обществу, овладение проектной деятельностью, осознание своего потенциала и профессиональных ценностей.

Инновационная дисциплина «Service learning» была введена в учебный план КГУТИ им. Есенова в качестве обязательного предмета в сентябре 2018-2019 учебного года для первокурсников всех специальностей. Суть ее составляет разработка и реализация студентами проектов, связанных с реальными социальными проблемами Мангистауского региона. Студенты включаются в решение реальных проблем общества, окружающей среды, социально-уязвимых категорий людей, и это участие культивирует у них практику служения миру, нравственные ценности милосердия, добра и взаимопомощи.

За той системой и сутью внедренной инновацией проектной дисциплины стоит более, чем полувековая история программы Service learning всего мира . Программа Service Learning, как известно, была разработана в США и получила распространение во многих странах мира. Появившаяся, казалось бы, случайно из спонтанной ситуации безвозмездной помощи студентов одного из вузов Америки, она неожиданно получила колоссальный резонанс как в общественности, так и среди студенчества этого вуза. Изменилось их отношение к обучению, их альтруистическая деятельность сформировала у них внутреннюю установку на осознанность процесса освоения знаний, на приобретение необходимых навыков для более успешных решений будущих профессиональных задач. Опыт деятельности в условиях реальных трудностей стал эффективным фактором мощной мотивации к освоению будущей профессии.

Именно эти факторы, обеспечившие популярность и признание этой дисциплины во многих странах мира, а теперь и в некоторых вузах России и Казахстана, стали решающими для включения ее в программу Каспийского государственного университета технологий и инжиниринга им. Есенова.

Отправным моментом, обеспечившим предпосылки для объективных условий разработки дисциплины, безусловно, была инициатива руководства вуза по внедрению этой дисциплины в учебный план вуза и придание ей статуса обязательной дисциплины для всех студентов 1 курса. Однако сам период внедрения был сопряжен с достаточно серьезными трудностями: отсутствием аналогичной деятельности в опыте не только вчерашних школьников, но и самих преподавателей, отсутствием адекватного понимания у многих социальных государственных организаций города, неожиданной реакцией тех, кому были адресованы проекты студентов. Многие одинокие инвалиды и одинокие старики, крайне нуждавшиеся в помощи, жившие в захламленных квартирах, сломленные одиночеством и чувством покинутости внешним миром, тем не менее отказывались впускать студентов. Из 100% проработанных самым тщательным образом первых проектов дисциплины «Service learning» было осуществлено только 60%-70%, в связи с фактами неожиданного отказа руководителей организаций (Дом престарелых, Детская деревня) принять проектные группы, а также отказом одиноких

старых людей впускать студентов. Значительная часть студентов, задействованных в этих проектах, вынуждены были в спешном порядке разрабатывать новые, перестраиваться в короткие сроки.

Каковы же результаты дисциплины «Service learning» за два года существования? Действительно ли студенты 1 курса способны служить обществу? Владеют ли они теми ресурсами, которые позволят им быть действенными в оказании помощи окружающему миру?

Несмотря на то, что, как и для всех вузов РК, введение данной дисциплины в КГУТИ им. Есенова является новаторским шагом, с начала внедрения дисциплины в процесс обучения через проектную деятельность прошло более 3 тысяч первокурсников. В рамках реализации ее задач осуществлено более 200 проектов.

Среди основных направлений следует указать такие, как посадка деревьев, экологические десанты по уборке сакральных мест Мангистау, помощь таким социальным категориям граждан как: престарелые, сироты, люди с ограниченными возможностями (инвалиды), уборка мусора на улицах города и побережье моря, помощь инвалидам в подготовке и организации спортивных мероприятиях.

Объем выполненной за этот период работы включает генеральную уборку квартир более 100 стариков и одиноких инвалидов, посадку более 150 деревьев, очистку 30 микрорайонов города, 6 сакральных мест Мангистау, собрано более тысячи мешков мусора, организован досуг 500 детей-сирот и детей с психическими и умственными отклонениями, оказана помощь 40 людям с ограниченными возможностями Спортивного общества инвалидов, обеспечена помощь при подготовке к участию в международных конкурсах по танцу инвалидов-колясочников 3 призеров и т.д.

Обратная связь студентов, осуществляемая на протяжении двух лет руководства их проектами, отклики, которые студенты выкладывали в соцсетях и озвучивают в устной беседе, ярко иллюстрирует, что проектная деятельность заставляет их переосмысливать свое мировоззрение, осознавать свой потенциал, свои жизненные ценности, оказывает колоссальное влияние на становление их социальной ответственности.

Несмотря на нетрадиционность метода обучения действием, на разницу в социальной готовности и зрелости студентов, введение этой дисциплины в нашем вузе получило признание и стойких приверженцев в их лице. Убедительным фактом популярности у самих студентов являет то, что второкурсники, завершив свою учебу по расписанию, приходят на занятия 1 курса и заново осмысливают идеи служения общества. Они продолжают принимать участие в проектах первокурсников, участвуют в защите их проектов и сожалеют о том, что дисциплина не повторится снова.

Убедительными фактами получения признания и популярности дисциплины среди общественности города является то обстоятельство, что уже на 2-й год дисциплины реализуются все студенческие проекты, а главное – одинокие старики и инвалиды ждут наших студентов, доверяют им уборку своих квартир, доверяют им свои сокровенные мысли, приглашают их на свои личные праздники, плачут при расставании, и живут в ожидании новых студентов СЛ.

Безусловно, значительную роль в успешном развитии дисциплины в Мангистауском регионе сыграли партнеры проекта «Service learning», неправительственные и государственные организации Мангистауской области, такие как НПО «Эко Мангистау», ГУ «Областная детская деревня семейного типа» (Детская деревня), КГУ «Центр оказания специальных социальных услуг № 3» (Дом престарелых), «Центр оказания специальных социальных услуг № 2» (Горсобес), КГУ «Мангистауский областной клуб инвалидного спорта», общественное объединение родителей детей с аутизмом («АРДА»), КГУ «Мангистауский областной клуб инвалидного спорта», Актауский Кабинет психолого-педагогической коррекции для детей с особыми

образовательными потребностями, фонд «Дом мамы», ОО «Общество Красного Полумесяца Республики Казахстан», Специализированная школа №2 и др.

С большей частью социальных партнеров за этот период установилось тесное сотрудничество, основанное на выполнении условий и принципов партнерства по организации дисциплины «Service learning» и взаимодействия для осуществления общественно-полезной деятельности по оказанию помощи социально-незащищенным слоям населения, по охране природы и окружающей среды.

Возможно, спустя более длительное время, появится другая призма видения и оценки программы «Service learning»: новое время потребует новых идей. Однако в момент создания данной работы, сопряженный с беспрецедентным периодом тотального мирового кризиса, связанного с пандемией коронавируса, в условиях изоляции каждого из нас, когда мы все находимся в изоляции и ощущаем неполноценность жизни, накладываемую ограниченностью во взаимодействии с внешним миром, каждый современник ясно понимает трудности людей с ограниченными возможностями, связанными с физическими, возрастными или социальными ограничениями.

Эта новая ситуация, потребовавшая обеспечения безопасности студентов, заставила заменить осуществление проектов дисциплины «Service Learning» на онлайн-занятия, в процессе которых продолжается формирование навыков и опыта служения обществу. Мировой кризис внес коррективы не только в наш процесс освоения социального проекта, но и в жизнь всей нашей планеты. Находясь дома на онлайн обучении, студенты готовят по дисциплине «Service learning» выступления с конструктивной информацией о действиях в период коронавируса, рассказывают о мерах профилактики, снимают различные ролики, предупреждающие о важности соблюдения правил гигиены. Даже такие незначительные, на первый взгляд, действия, на самом деле способствуют реализации метода обучения действием.

Так, ожидаемая цель онлайн-занятия на материале лидерства заключалась в подготовке публичного выступления каждого студента по выбранной, актуальной теме сегодняшнего дня. В качестве материала для образца и разбора жанра публичного высказывания студентам было предложено выступление Стива Джобса перед выпускниками Стэндфордского университета. Анализ видео и затем текста выступления выявил приемы, использованные Стивом Джобсом, и, как отметили студенты « высокую степень его ответственности перед аудиторией». Способность Стива Джобса донести суть своего выступления - это талант, который живет в каждом и который студенты должны были развить в своем публичном выступлении. И думаю, совершенно не случайно, большая часть всех групп в качестве материала для своего публичного выступления выбрала проблему пандемии и карантина. В работе над публичным этим выступлением достаточно убедительно проявилась позиция гражданственности студентов.

На материале ярких примеров выдающихся личностей и анализа кейсов студенты учатся устанавливать контакт, завоевывать внимание слушателей, выступать перед публикой и многому другому.

Каждое онлайн-занятие в условиях мирового кризиса позволяет ощутить, что студенты испытывают потребность как-то повлиять на сложившуюся ситуацию, сожалеют о невозможности реализовать свои проекты для оказания помощи нуждающимся людям и сделать хоть небольшой вклад в создание конструктивного состояния людей.

Отвечая на поставленный в начале данной статьи вопрос о социальной состоятельности студентов, необходимо отметить, что студенчество – это период, когда молодые люди заняты поисками своего места в жизни. Этому возрасту присущи такие качества, как отзывчивость, альтруизм, щедрость, стремление к самопожертвованию. Не случайно, именно студенчество в наибольшей степени обеспечивает социальную мобильность и является источником политической и экономической инициативы.

Хочется верить, что перераспределение ценностей и целей в системе высшего и среднего образования, которое уже происходит в связи с возникшими форс-мажорными обстоятельствами, усилит нацеленность на служение обществу. К онлайн-занятиям по дисциплине «Service learning» эта мысль имеет непосредственное отношение: задачи и ожидаемые результаты темы каждого занятия подводят студентов к глубокому пониманию сути служения обществу. Думаю, инсайты студентов данного потока об их готовности и умении быть вкладом в конструктивное начало жизни впереди.

Таким образом, в разработке структуры дисциплины «Service learning» и ее внедрения в нашем вузе было несколько трудных этапов, связанных с объективными причинами, в данный момент - с наличием множества идей и рекомендаций Министерства образования, часто не только не созвучных, но и противоречащих мировой традиции и опыту программы Service learning. Однако необходимо отметить, что даже в самых критических ситуациях критическое мышление позволяло нам избегать шаблонности в проектной работе, нацеливая этот этап дисциплины на креативность и действенность.

На сегодняшний день, кроме КГУТИ им.Есенова, в Казахстане она реализуется в нескольких вузах Алматы, но, тем не менее, еще не получила всеобщего распространения. Однако, на наш взгляд, внедрение технологии «Service learning» в образовательную систему всех вузов Казахстана дало бы новое поколение молодых специалистов с активной жизненной позицией и практическими навыками служения обществу, компетентных в решении социальных проблем. Таким образом, вузы страны сформировали бы новое поколение специалистов, владеющих способностью решать задачи посредством проектной деятельности.

Все основные документы и выступления президента страны, посты и письма в соцсетях в это непростое время, в котором находится весь мир, показывают, что для реальных позитивных изменений в Казахстане переосмысление способности служения обществу необходимо каждому человек.

Думаю, смысл современного этапа дисциплины «Service learning» в следующем: модернизация сознания через осознанный выбор студента творить благо, через их выбор делать кого-то счастливее и радостнее. В этом случае дисциплина «Service learning» может стать одной из форм инвестирования в человеческий капитал целого поколения, способного к технологическим прорывам.

«Я видел дальше других только потому, что стоял на плечах гигантов», - признался однажды И. Ньютон и совершил величайшие мировые открытия. Как же далеко увидят и какие открытия совершат юноши и девушки, обучение которых будет зиждиться на лучших идеях гигантов педагогической мысли, таких как дисциплина «Service learning»?!

ЛИТЕРАТУРА

1. Закон Республики Казахстан от 30.12.2016 №42-VI ЗРК «О волонтерской деятельности».

2. Мальчукова, А. Л. Становление социальной зрелости старшеклассника на основе развития коммуникативных умений: Автореф. дис... канд. пед. Наук. – Санкт-Петербург, 2005.

УДК 364: 378. 4 (371. 16)

ДИСЦИПЛИНА «SERVISE LEARNING» КАК ФОРМА РАЗВИТИЯ СОЦИАЛЬНО-КОММУНИКАТИВНЫХ НАВЫКОВ И ОПЫТА СЛУЖЕНИЯ ОБЩЕСТВУ

Бисингалиева И.В.
КГУТИ им. Ш.Есенова

Аннотация. Автор рассматривает возможности дисциплины «Service learning» как одной из актуальных форм развития социально-коммуникативных навыков и опыта служения обществу студентов вузов Казахстана. В качестве действенного метода формирования социально-коммуникативных методов в рамках этой дисциплины выступает социальный проект.

Ключевые слова: Служение обществу, социально-коммуникативная компетентность, межличностная коммуникация.

Актуальность данной работы связана с необходимостью переосмысления ценностей образовательной системы, связанной с ситуацией мировой пандемии, обнажившей несостоятельность многих сфер общественного устройства. Как показывает реальность, вспышка коронавируса – это «не только грандиозный кризис в области здравоохранения, но и предвестник неминуемых структурных изменений мирового экономического порядка»[?]. Многочисленные источники указывают, что мы станем свидетелями кардинального реструктурирования экономического и социального уклада мира[3].

«Мен, Саржанова Айгерім «Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің» Шет тілі мұғалімі мамандығының студентімін. Алғашқы семестрде университет қабырғасында «Service Learning» сабағымен кеңінен таныстық. Практика кезінде экологиялық бағытты таңдаған болатынмын. Бұл бағытты таңдаған себебім, басқа бағытта ерекше балалармен жұмыс жасау қажет екен және олардың көңілін таба алмаймын деген сенімсіздік бойымды биледі. «Егер күнделікті серуендейтін орыным таза болса, өзіме де өзгеге де пайдалы емес пе ?!», деген ой басыма сап ете қалды. Сол ойдың жетегімен осы бағытты таңдаған болатынмын. Және де ішкі түйсігім мені алдамапты. Жоба барысында қаланың көрікті жерлерін қоқыстан тазалай отырып, қаламыздың қоқыссыз жүзі арайлана түскенін байқадым. Бұл жоба менің күнделікті әрекеттеріме де өзгерістер еңгізді. Атап айтқанда: суды үнемдеу; қоқысты сұрыптап тастау; пластикадан жасалатын өнімдерді аз пайдалану; көшет отырғызу; жануар терісі мен жүнінен жасалынған бұйымдарды пайдаланабау; пайдаланған күнбағыс майын әйнек банкіге құйып тастау секілді көптеген жаңа әрекеттерді әдетке айналдыра білдім. Болашақта «Eco Mangistau» ҮЕҰ-ның мүшесі аттанып, ару қаламыздың тазалығына өз үлесімді қосқым келеді.»

Біз, Таңатарова Данагүл және Аманджол Улдана еріктілікті өмірлік мақсат ретінде ала отырып, саналы өмірімізді еріктілікке арнағымыз келеді. Университет қабырғасында қорғаған жобамыз арқылы еріктіліктің қоғамдағы маңыздылығын түсіне отырып, ерекше балаларға қол ұшымызды созу- парызымыз деп санаймыз. Елімізде болып жатқан соңғы оқиғалар аяқталысымен, бастаған игі ісімізді жалғастырғымыз келеді. Еріктілікке келген алғашқы қадамымызды жемісті қылу – алға қойған мақсатымыз. Айқын мақсаттарымызға жетіп, еліміздің өркендеуіне кішкентай да болсын үлесімізді қосқымыз келеді және осындай игі іске барша еліміздің азаматтарын шақырамыз!

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Жиенбекова А.А., Дарибаева Р.Д., Төлегенова К.К. Әлеуметтік жұмыстың әдістері мен технологиялары Алматы: Эверо, 2018 ж.
2.Арнайы психология Искакова М.С. Алматы, 2016ж.

ӘОЖ 304:44

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНДАҒЫ ВОЛОНТЕРЛІК БАСТАМАЛАР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Талипова Б.И.
М. Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі

Аңдатпа. Мақалада денсаулық сақтау саласындағы волонтерлік бастамалардың ерекшелері, қызмет көрсету аясы, дайындық жұмыстары, негізгі қағидаттары қарастырылады.

Түйінді сөздер: денсаулық сақтау, волонтерлік, медицина, профилактикалық еріктілік

Бүгінгі таңда волонтерлік бастамалар әлеуеті халықаралық, ұлттық және жергілікті деңгейлерде кеңінен таралып келе жатқан әлеуметтік құбылыс ретінде зерттеушілерді қоғамның еріктіле қызметін басқару мүмкіндіктерін зерттеудегі қажеттіліктеріне назар аударуға ықпал етеді [1]. Еріктілік қазіргі Қазақстандық шындықтың жаңа бағытына айналуда. Ол қатысушылар арасында жағымды өмірлік құндылықтар мен өз елі үшін жауапкершілікті қалыптастырады, мемлекет пен қоғам арасындағы сенімді арттырады және патриоттық сезім тудырады. Егер біз денсаулық сақтау саласы туралы айтатын болсақ, онда еріктілер бұл саладағы волонтерлік қызметті жетілдіруге ерекше үлес қоса алады. Ауруханалар мен хоспистерде еріктілердің көмегінсіз жұмыс істеу оңайға соқпайды, бірақ егер кімде-кім экологиялық волонтер бола алатын болса, онда денсаулық сақтау саласы белгілі бір шектеулер қояды. Медициналық еріктілерде өзінің жұмыс жасау жоспары бар және кез келген аурухана еріктілерімен шартқа отырады.

Басқаларға көмектесіп, қол ұшын беруге аямайтын адамдар медициналық еріктілікке келеді. Кейде еріктілер - бұл жақында ауырып, қолдаудың қаншалықты маңызды екенін жеке мысалмен түсінетіндер. Ал тәжірибелі зейнетке шыққан медицина қызметкерлері денсаулық сақтау саласындағы күміс еріктілерге айналады.

Айта кету керек, медициналық мекемедегі еріктінің қызметі қатаң реттелген. Ерікті кіретін NPO мен аурухана арасында келісім жасалады. Дәл осы жерде медициналық еріктінің қызмет ету бағыты анықталған.

Әрине, медициналық еріктінің жұмыс көлемін анықтауда медициналық мекемелердің қажеттіліктері ғана емес, еріктінің қалауы да ескеріледі. Өзіне ұнайтын іспен айналысуға еріктілердің өз құқығы бар.

Медициналық білімі жоқ еріктілер аурухана пациенттері мен олардың туыстарының бос уақытын тиімді өткізуге көмектесіп, олармен байланыс орнатады, түрлі тренингтер өткізеді, сонымен қатар аурухана қызметкерлеріне аймақты жақсартуға көмектеседі. Кәсіби қызметін медицинамен байланыстырғысы келетін көптеген жас еріктілер үшін мұндай тәжірибе жақсы күш сынағы болуы мүмкін. Өйткені, аудиторияда отыру бір бөлек, ал керісінше сол аудиторияның атмосферасына кіріп, көмектесу бір бөлек зат.

Медициналық еріктілер медициналық ұйымдардың қабырғаларында ғана жұмыс істемейді, сонымен қатар белсенді ағарту іс-шараларын жүргізеді. Олар жыныстық жолмен берілетін инфекциялар, гепатит, туберкулез, қатерлі ісік және жүрек-тамыр ауруларын қамтитын әлеуметтік маңызы бар аурулардың алдын-алуға бағытталған акцияларды өткізеді. Дәл осы аурулар біздің еліміздің тұрғындарына үлкен зиян келтіреді.

Бұл жағдайда медициналық еріктілердің негізгі міндеті - адамның мінез-құлқы әдетін өзгерту. Егер біз темекі тартпауға шақыратын болсақ, нәтиже болмайды. Егер сіз өкпеде қандай процестер жүретінін, олардың өзгеріп, оны флюорографиядан нақты суретте көрсететінін түсіндірсеңіз, онда адамдар ойлана бастайды.

Шынында да, денсаулық сақтаудың маңызды міндеті - емдеу ғана емес, сонымен қатар аурулардың алдын-алу. Сонымен қатар, көптеген сарапшылардың пікірінше, профилактикалық медицинаның болашағы бар. Медициналық еріктілер бұқаралық спорттық шараларға да көмектеседі. Ең алдымен, олар ауруға шалдыққан адамдарды құтқаруға келеді. Олардың екінші міндеті - бұл адамды жедел жәрдем бригадасына жеткізу, онда олар кәсіби көмек алады.

Бір сөзбен айтқанда, бұл қарапайым міндет сияқты көрінуі мүмкін, бірақ бірнеше мың адам жиналғанда, волонтерларсыз іс жүзінде жұмыс істеу мүмкін емес.

Көбінесе денсаулық сақтау саласындағы еріктілерді оқытуға волонтерлік ұйымдар тартылады. Сондай-ақ, олар сырттан көмекке мұқтаж медициналық мекемелерге қол жеткізе алады. Мұндай ұйымдар еріктілерді мұқият дайындайды - дәрістер оқиды, мастер-кластар өткізеді, тренингтер туралы бейнероликтер көрсетеді, мұнда бәрі тірі мысалдарға негізделген, өйткені адам не болатынын білуі керек. Қазірдің өзінде дайындық кезеңінде кейбіреулер мұндай жұмыс оларға арналмағанын түсінеді.

Медициналық еріктілерді даярлау кезеңі адамның өмірін еріктілікке арнау туралы шешім қабылдауы керек пе, жоқ па - бұл оның саласы емес. Кейбіреулер болашақта мұндай жұмысты істегісі келмейтінін түсініп, кетеді. Менің ойымша, адам бірден ұтымды болған кезде жақсы. оның күшін бағалайды, өйткені ол ауруханада алғашқы жұмыс күнінен кейін мұны түсінеді. Бүгінгі таңда волонтерлік қызмет танымалдылықтың шыңында: белсенді азаматтар, бастамашыл топтарға жиналатын немесе жұмыс істеп тұрған үкіметтік емес ұйымдардың қызметіне қосылып, балалар үйлеріне, мамандандырылған медициналық мекемелерге және кез-келген көмекті қажет ететін балаларға ерікті және ақысыз көмек.

«Еріктілік - бұл Батыста пайда болған қозғалыс. Еріктіліктің мәні - жақсы ниетпен бір нәрсе жасау - біздің ұлттық дәстүрлеріміз бен құндылықтарымызға сәйкес келетіндігі бәрімізге белгілі. Еріктілік - бұл тек бос жұмыс ғана емес, сонымен бірге азаматтардың

жауапкершілігі мен әлемді жақсы жаққа өзгертуге дайын екендігінің көрсеткіші» деп Қасым Жомарт Тоқаев айтып кеткен болатын[2].

2020 жылдың қаңтарында ҚР Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртанов ресми бастама көтеріп, медициналық жоғары оқу орындарының студенттерін Жыл еріктілерінің жыл іс-шараларын жүзеге асыруға тікелей қатысуға шақырды. Денсаулық сақтау министрі медицина саласында еріктілікті дамыту үшін үлкен мүмкіндіктер бар екенін атап өтті: «Сіздер үшін бұл тек патриоттық қасиеттерді ғана емес, сонымен қатар өз тәжірибеңізді байытуға мүмкіндік. Нысандар көп, менің ойымша, бұл оң қозғалыс болады. Бұл бастаманы барлық университеттер қолдайды деп үміттенемін» [3].

«Саулық» бағыты бойынша науқастарға көмек көрсететін медициналық еріктілік дамиды.

Медициналық еріктілік принциптері:

1. Жауапкершілік
2. Еріктілік
3. өзін-өзі жетілдіру
4. адамгершілік
5. теңдік
6. сұраныс

Медициналық еріктілер не істейді?

-медициналық ұйымдарда көмек көрсетеді

-алғашқы медициналық көмек көрсетеді

-спорттық және қоғамдық шаралар өткізеді

-аурудың алдын алумен айналысады

-қан мен сүйек миы донорлығының дамуына ықпал етеді

-салауатты өмір салтын насихаттайды

-мектеп оқушылары арасында кәсіби бағдар береді

Медициналық волонтерлер еліміздің адазаматтарының денсаулығын қорғайтын үлкен топ және кез келген адам денсаулық сақтау саласында ерікті бола алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Певная М.В. Управление волонтерством: международный опыт и локальные практики – Москва, 2019 – 4-6 б.

2. Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың Жастар жылының жабылуы және Волонтер жылының басталуы рәсіміне арналған шарада сөйлеген сөзі - http://www.akorda.kz/kz/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses

3. Қазақстанда медициналық еріктілік ресми түрде басталды - https:// ksph.kz/kk/2020/01/қазақстанда-медициналық-еріктілік-р

ӘОЖ 364.4 (045)

ЕРІКТІЛІК – АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ САЛАСЫНДАҒЫ ӘЛЕМДІК БАСТАМАЛАРДЫҢ БІРІ

Тоқбаева Л.Қ.
Ш.Есенов атындағы КМТИУ., Ақтау қ.

Аңдатпа. Жастардың жеке тұлғасын қалыптастырудағы еріктілік қызметтің рөлі мен маңызы; қазіргі кезде еріктіліктің деңгейі, жас кәсіпкерлердің еріктілікке деген көзқарастары айтылады. Еріктілердің қоғамдағы рөлі, жастардың қоғамдағы орны, қызметі, қызығушылығы баяндалады.

Түйінді сөздер: еріктілік, Қазақстан Республикасы, жастар, әлеумет.

Ерікті болу дегеніміз риясыз мейірімділік көрсету, жаңа дағдыларға үйреніп, адамдарға жақсылық жасау, төрт қабырға ішіне қамалып, тағдырына налып отыратын мүмкіндігі шектеулі жандардың қызықты да әсерлі істер мен оқиғалардың ортасында болуы үшін көмектесу, тағдырдың тезімен қиын жағдайға тап болған адамның жанынан табылу, қолынан келгенше сүйеу бола білу деген сөз. Ол екінің бірінің қолынан келмейтін іс. Ерікті волонтерлер болу үшін адамдарға ниет білдіру, жаны ашып, есіркей білу, ашуды ақылға жеңдіре білу, командада жұмыс жасай білу ғана емес, адалдық, парасаттылық сияқты адамгершілік қасиеттер керек.

Мұқтаж адамдарға көмек қолын соза алатын кез келген адам волонтер бола алады. Волонтерлі қызметтің мақсатты бағытталған тобы түрлі көмекке мұқтаж жандар болуы мүмкін: ауру және ауру балалар, нашақор немесе маскүнем ата-ана балалары, жастар, мүгедектер, зейнеткерлер және кедей адамдар, сонымен қатар ҮЕҰ, жануарлар, табиғат және т.б.

«Асар» – бұл ерте уақыттағы «көмек сұраған» адамдарға ерікті көмек көрсету түрі. Бұл шақыруға келушілер, қыстақ салуда, той және жерлеу рәсімдерін ұйымдастыруға көмек берген. Асар түрлі жастағы және әр түрлі әлеуметтік статусқа ие адамдарды бір істе біріктіргенмұқтаж жанға көмек беру. Бұл ерікті көмек беру идеясының таралуындағы алғашқы қадамдар. Ол жеке бір индивидуалдық емес, қоғамдық игілік үшін қажет. Уақыттар өтті, асар әлі де бар, алайда оған паралельді көмектің түрі пайда болды олволонтер. [1]

Қазақстан Республикасында еріктіліктің дамуы және дамудағы мәселелерге тоқталардан бұрын еріктіліктің пайда болуына тоқталайық. Еріктіліктің пайда болуы мен даму тарихына тоқталар болсақ. Волонтер түсінігі әлеуметтік қызмет идеясы ретінде өте ескі түсінік, «социум» түсінігі секілді. Адам тарихында ерікті және дүниеқорлық мақсатта емес көмекке ешқашан қоғам қарсы болмаған. Қоғамда әрдайым қоғам игілігі үшін еңбек етуші адамдар болған.

Еріктілік – азаматтардың қажеттіліктерін әділ және бейбіт жолмен іске асыруда, жаңа жұмыс орындары мен жаңа кәсіп түрлерінің пайда болуына қолдау көрсетеді. Бұл қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуына септігін тигізеді. Соған байланысты Қазақстанда тәуелсіздік алған сәттен бастап көптеген шаралар ұйымдастырылып келеді. Еріктілік арқылы: қоғамда көмек пен қамқорлық сынды адами қасиеттер дамып, күшейеді,

азаматтар жаңашылдықты тани отырып, өз өмірлерін жетілдіру арқылы қоғамда жауапкершілік пен қамқоршылық қасиеттерін арттырады, жер бетіндегі адамзаттың таза қоғамда өмір сүріп, тұрақты бірлестіктерде еңбек етіп, жаңашыл инновациялық жобаларды бірлесе отырып іске асырудың барысында әртүрлі салада байланыстар орнатылуы мүмкін. Еріктілік тек бір ғана бағытта жүрмейді. Шетелден елімізге келіп жеткен әлеуметтік, спорттық, экологиялық, медициналық деген бағыттары да қазіргі таңда өз нәтижелерін беруде.

Ерікті болу басында айтып өткеніміздей сізге ешқандай материалдық қажеттілік бермейді. Бірақ сіз оның орнына алғыс аласыз, жақсылыққа кенелесіз. Бұл сіздің адамгершілігіңіздің белгісі. Дегенмен ерікті болу арқылы сіз үлкен тәжірибе жинақтайсыз. Әсіресе еріктілердің аудармашы ретінде қатысулары үлкен пайда. Ол еріктінің тілді еркін меңгеріп кетуіне, жұмысты үйренуіне септігін тигізеді. Ортамен тез тіл табысуды меңгеріп, адамгершілігі мол таныстар, достар табасыз. Кей еріктілердің жұмысына қарай, олардың белсендігі үшін белгілі бір көлемде ақша төленбесе де оларға сыйлық ретінде киімдер, кітаптар, түрлі заттар берілуі мүмкін.

Әлеуметтік еріктілік – волонтерліктің Қазақстан жастары арасындағы волонтерліктің өзекті бағытының бірі. Жақында қайғылы Арыс оқиғасынан зардап шеккендерге жас азаматтардың белсенді көмек көрсетуі олардың әлеуметтік жауапкершілігінің көрсеткіші болды. Олар қолдарынан келгенше үйлерді қалпына келтіруге оны керекті құрал жабдықтармен қамтуға қолдау көрсетті. Алайда, көптеген жастардың ерікті болуына ұйымдар мен жобалар туралы ақпараттың аздығы кедергі

келтіреді. Әлеуметтік волонтер болу үшін «Ұлттық еріктілер желісі», «Мейірімділер клубы», «Мейірімді жүректер қаласы», «28 петель» және т.б. ұйымдармен байланысуға болады. Бұл бағытта адамның жасы, жынысы, білімі немесе қаржылық жағдайы маңызды емес. Ең бастысы – ниет пен қолдан келетін іспен көмектесу.

Қазақстан жастарының арасында кең таралған бағыттың тағы бірі – спорттық еріктілік. Соңғы жылдары елімізде әр түрлі марафондар, мен әлемдік чемпионаттар жиі өткізіліп, мүгедек жандардың қабілеттері сыналып, өмірге деген құлшыныстарын қайтадан оятуға да әсер етті. Ондай шаралар тек Республикалық емес Халықаралық деңгейде де өткізілген болатын. Халықаралық спорттық шараларда ерікті болу үшін шет тілдерін біліп, ашық, сыпайы болу қажет.

Сонымен қатар, еліміздің әр қаласында қарттар, жетімдер, әлеуметтік осал топ отбасылары, апат құрбандары және өзге де жәрдем қажет ететін қоғам мүшелеріне көмек көрсететін жастар ұйымдарының саны жыл сайын артып келеді. Қазіргі таңда бұндай еріктілік оқу орындарында да белең алып келе жатыр. Жастарымыз мектептер пен университеттер ішінде өзіндік жеке ұйымдар құрып, халыққа көмек беруде. Олар концерт ұйымдастырып, содан түскен ақшаны аз қамтылған отбасыға немесе мүгедек жандарға көмек ретінде бөледі. Бұл дегеніміз жастардың қоғамдық өмірге дайындау мен қатар Қазақстанның әлеуметтік деңгейінің көтерілуіне үлкен септігін тигізеді. Мен ерікті болмасам да олардың істеген игі істерін көріп тамсанатынмын. Себебі, қолдағы барыңмен бөлісіп жақсылық жасау қазіргі уақытта жойылып бара жатқан іс. Ал, жүрегінде мейірімі шексіз еріктілер соны қайтадан жаңғыртуда. Әрине, еріктілер бұның барлығын жария қылып көп көрсете бермейді. Оның себебі қазақта «оң қолың берген нәрсені, сол қолың білмесін» деген. Осындай сөзді ұран еткен қазақ жастары қазіргі уақытта халықтың алғысына бөленіп жүр. Халықтың алғысын алып жүрген адамдар жайлы Президентте тыс қалмады . ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев осындай көздерінде жалыны бар әрдайым көмектесуге дайын тұратын жастарын қолдау мақсатында жастар жылында қордан ақша бөліп, студенттер шәкіртақысын 30%-ға көбейтіп отыр. Бұл жарлық 2020 жылға жоспарланды. Бұл дегеніміз еріктілер мен қоса жастар жылына беріліп отырған үлкен мүмкіндік. Егерде осындай мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп еріктілер саны көбейетін болса бұл әлбетте еліміздің халық жағдайы бұрынғысынан әлдеқайда жақсарады дегенді аңғартып отыр.

Сондай-ақ, осы жылы әлеуметтік студенттік несие жобасын іске қосылған болатын. Волонтерлік қызметке тартылған, белсенді араласатын күндізгі оқу формасындағы жоғары оқу орындарының студенттеріне әлеуметтік студенттік кредиттің мынадай түрлері ұсынылды: 1) 20 сағаттық қызметі үшін 20 000 теңгеге кредит; 2) 50 сағат қызметі үшін 50 000 теңгеге кредит. Студент шәкіртақыға үстеме ақы түрінде немесе егер ол ақылы негізде оқып жатса, осы студенттік ваучер немесе өз оқуын төлеуге кредит беру түрінде ынталандырылуына мүмкіндік алды. Ол үшін студенттер «Qazvolunteer.kz» платформасына тіркелуі қажет болды. «Психология», «Педагогика» мамандықтарының студенттері бес әлеуметтік бағыт бойынша қызмет көрсете алады, олар — әлеуметтік педагог, девиантты мінез-құлықты балаларға көмек көрсететін педагог, репетиторлық қызмет көрсететін волонтерлер, бос уақытты ұйымдастырушылар ынталандырылуы мүмкін.

Осыған байланысты Есенов университеті студенттері де студенттік несие жобасына қатысуға ниет білдіріп, «Qazvolunteer.kz» сайтына тіркелген болатын. Алайда елімізде орын алған төтөенше жағдайларға сәйкес бұл жобаны жүзеге асыру кейінге қалдырылып отыр. Төтенше жағдай кезінде еліміз бойынша еріктілер өз көмегін аямауда. Осындай қиын шақта адамдар бірігіп, ынтымақтасып, бір-біріне сеніп, ақ пейілмен, өздерінің нақты, шағын істерімен өз өлкесіне, өз Отанына деген сүйіспеншілігін көрсетсе, бұл кедергілерден де өтеміз. Қоғамымызда мейірімді, белсенді, ел тағдырына немқұрайлы қарамайтын жандар барда мұндай игі істер әрқашан жалғаса бермек!

ӘДЕБИЕТТЕР

[1]. Жиенбекова А.А., Дарибаева Р.Д., Төлегенова К.К. Әлеуметтік жұмыстың әдістері мен технологиялары Алматы: Эверо, 2018 ж.

[2]. Арнайы психология Искакова М.С. Алматы, 2016ж.

УДК 304.44

ПОДГОТОВКА К ВОЛОНТЕРСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ НА ЗАНЯТИЯХ ДИСЦИПЛИНЫ «SERVISE LEARNING».

Тулеулиев Р., КГУТИ им. Ш. Есенова, г. Актау
Научный руководитель: Бисингалиева И.В., КГУТИ им. Ш. Есенова, г. Актау

Аннотация. В статье рассматривается определение понятия “волонтерство”, этапы волонтерской деятельности в Казахстане. Показаны основные направления волонтерской деятельности .

Ключевые слова: волонтёрская деятельность, молодежь,Казахстан. Самовыражение, самореализация, граждане.

Сегодня современные волонтёры – не только социальные патриоты, но и начинающие профессионалы, которые трудятся, навыков, знаний, умений, компетенции, коммуникации. Для молодежи Казахстана Волонтёрская деятельность способствует продвижению к реальному трудоустройству в заинтересованной сфере труда. Молодежь понимает, что через волонтёрскую деятельность можно проявить свои способности и компетенции, зарекомендовав себя с позитивной стороны. Волонтёрская деятельность представляет собой некий полигон, где ни каждый волонтер бывал.

В социалистическую эпоху волонтёрской деятельностью считался коммунистический субботник и некий массовый труд во благо социалистического общества. Современная Волонтёрская деятельности появилась в Казахстане на заре независимости, в 1991 г. в форме некоммерческие организации(организации, не приносящие прибыль).

В Казахстане волонтёрская деятельность – способ самовыражения и самореализации граждан, действующих индивидуально или коллективно на благо других людей или общества в целом. Волонтёром может быть учащийся, студент, молодые люди в возрасте от 14 до 27 лет В словаре Ожегова С.И. волонтерство трактует как добровольное выполнение обязанностей по оканию безвозмездной социальной помощи, услуг, добровольный патронаж над инвалидами, больными и престарелыми, атак же лицами и социальными группами населения оказавшимся в сложных жизненных ситуациях.

А по мнению других источников, волонтеры-это люди, делающие что-либо неформально, работая бесплатно как в государственных, так и в частных организациях медицинской, образовательной сферы или сферы социального обеспечения, либо являются членами добровольческих организаций.

Несморя на богатсво содержания волонтерской деятельности и разноплановость ее целевой направленности, можно говорить о существований общих характеристик этого явления. В начале второго семестра у нас началась дисциплина “Service Learning”. Среди тем, вызвавших у меня наибольший интерес и понимание ее необхости присутствия в нашей жизни была тема волонтерства. Волонтерского движения это необходимая часть жизни в современном обществе, потому что каждый из нас может и должен помочь тем, кому гораздо хуже, чем нам и кто нуждается в помощи: старикам ,инвалидам, детям с

отклонениями, словом, каждому, кому эта помощь жизненно важна в силу ограниченности их физических или умственных возможностей.

И в один из дней преподаватель поставили цель разработки социального проекта в соответствии с теми требованиями и схемами, которые были проработаны на предыдущих занятиях. Так мы начали работу над нашими проектами и постепенно, после долгих споров и обсуждений решили разработать план для работы с детьми с умственными и психологическими отклонениями. . Мы собирались работать с ними всей группами, готовили свой проект даже ночами, были разработаны сценарии и планы, просчитаны риски и определены возможные пути их преодоления. Каждый из нас знал, что будет делать и что говорить, чем мы будем занимать детей, как будет проходить с ними общение.

Однако, когда остались считанные дни до начала проекта, в Казахстане началась пандемия и нам сказали, что нас туда не пустят. Мы все были разочарованы, потому что долго готовились к этому дню. Если бы не была пандемия, я бы хотел попробовать себя в этом проекте, но к сожалению, теперь уже мы, наверное, закончим эту дисциплину раньше, чем закончится пандемия.

Эта дисциплина создает трудно передаваемые ощущения. Возможно впечатления оказались иного рода, если бы была реализована практическая работа с детьми. Тем не менее уверен, что состояние было еще лучше, потому что на душе всегда прекрасно, когда по настоящему кому-то помог.

ЛИТЕРАТУРА

1. Закон Республики Казахстан от 30 декабря 2016 года “О волонтерской деятельности” (с изменениями от 11.07.2017 г.)

ӘОЖ 364.446

ҚАЗАҚСТАНДА ВОЛОНТЕРЛІКТІ ДАМЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.

Тұрған А., Ш.Есенов атындағы КМТИУ., Ақтау қ.
Ғылыми жетекшісі: Абдиева С.Р., Ш.Есенов атындағы КМТИУ., Ақтау қ.

Аңдатпа. Мақалада Қазақстанда волонтерлікті дамыту, халық арасына кеңінен түсіндіру, оларды волонтерлік қызметке шақыру, онымен айналысу және олардың өзекті мәселе ретінде қарастырылды.

Түйінді сөздер: Асар, волонтер, мұқтаж жан, волонтерлік қызмет.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылғы 26 тамыздағы № 135 Жарлығымен 2020 жыл «Волонтер жылы» болып жарияланды. Осыған орай, биыл еліміздегі волонтерлік қызметті дамытуға арналған бірқатар жұмыстар атқарылыруда [1]. Елімізде волонтерлік қызметке қатысты халықтың арасында айқын түсінік қалыптаспаған. Волонтерлік термин ретінде көп адамға таныс болғанымен, оның мән-мағынасы, қоғамға пайдасы жайлы толық түсінік жоқ.

Мысалы осы мақаланы жазу барысында өзім танитын бірқатар жоғары білімді азаматтармен сұхбаттасып, «Өміріңізде волонтер болып көрдіңіз бе?» деген сұрақты қойдым. Мен сұраған жиырма азаматтың басым көпшілігі, яғни он жетісі «Жоқ» деген жауап берді. Ал «Осы күнге дейін көршіңізге, туысыңызға көмектескен сәттеріңіз болды ма? Асарға қатыстыңыз ба?» деген сауалға барлығы «Ия, бірнеше рет» деген жауап алдым. Яғни, асарлатып көршіге, туған-туысқа немесе қандай да бір мұқтаж жанға көмектесу де шын мәнісінде волонтерлік қызметке жататынын көп адам түсіне бермейді.

Сондықтан халық арасында волонтерлік қызметтің шеттен келмегенін, аты бөлек болғанымен қазақтың тарихы мен тұрмыс-тіршілігіне тығыз байланысты екенін тереңірек түсіндіру қажет. Осы арқылы волонтерлік қызметтің түбіне барша халықты ментальді түрде топтастыруға болады.

Сондай-ақ, ел тұрғындарының санасында волонтерлік қызмет көбінесе бірыңғай жейде киіп, көшелер мен парктерде жалаушалар, белгілі бір заттарды таратып жүретін жастар ретінде қалыптасқан. Шын мәнісінде волонтерлік жас, кәсіп таңдамайды. Кез келген адам жасына, жынысына қарамастан қолынан келгенше арнайы уақыт бөліп қоғамға, адамға пайдалы іспен тегін айналысуды әдетке айналдыруы қажет. Мысалы, білікті музыкант айына екі рет тегін түрде өзінің білгенімен бөлісіп отырса немесе өзгеге үйретіп отырса мұның өзі волонтерлікке жатады. Түптеп келгенде, волонтерлік іс хоббиге айналса, осы салада үлкен өзгерістердің болары анық. Сарапшылар зейнетке шыққаннан кейін айналысатын шаруасы болмайтын адамдардың тез қартайып кетуі жиі кездесетінін айтады. Осы ретте, зейнет жасына жеткеннен кейін уақытын қалай өткізуді білмейтін аға буынның да әлеуетін осындай жолмен игі істерге жұмылдыруға болады. Ағылшын тілінің мұғалімі ретінде зейнетке шыққан азаматтар бос уақытын жастарға өз білгенімен бөлісе алады. Сол сияқты өзге де қоғамға пайдалы мамандық иелерінің әлеуетін мүмкіндігінше пайдалануымыз қажет [2]. Капиталистік қоғамның, нарықтық экономиканың дамуымен қаржы табудың бірінші кезекке шыққанын жасыра алмаймыз. Сондықтан волонтерлік қызметтің имиджін, мәртебесін көтеру, волонтерлік қызметке жетелейтін ынталандыру тетіктерін қалыптастыру сияқты қадамдар мемлекет тарапынан ұйымдастырылуы қажет. Бұл «Волонтерлік қызмет туралы заңда» да айқын жазлған. Сондықтан волонтерлерге белгілі бір көлемде шығынын өтейтін қаражат беру тетіктерін дамытқан жөн [3].

Сонымен қатар, кемі екі жыл волонтерлік қызметпен айналысқан адамдар үшін жоғары оқу орнына түсер кезде, жұмысқа қабылданар сәтте жеңілдіктер қарастыру немесе жеке кәсіппен шұғылданатын тұлғалар үшін волонтерлікпен айналысқаны, әлеуметтік қолау көрсеткені үшін субсидия беру, салық мәселесінде оңтайлы шешім қабылдау, есімін ұлықтау сынды механизмдерді іске қосуға болады. Волонтерлікпен айналысқан азамат жоғары оқу орнын бітіріп, қызметке тұрғанда да сол қасиетті одан әрі өз ісінде, кәсібін атқару барысында жалғастыра беретін болады. Бұл өз кезегінде игі істің жүйелі түрдегі сабақтастығын қалыптастырады. Осындай қадамдар арқылы да елімізде волонтерлік қызметке қызығушылықты арттыра аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылғы 26 тамыздағы № 135 Жарлығы

2. https://strategy2050.kz/news/volonterlik-yzmetti-leuetin-d-rys-paydalanyp-zh-rmiz-be/

3. Волонтерлік қызмет туралы. Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 30 желтоқсандағы № 42-VI ҚРЗ.

ӘОЖ 364.4 (045)

ВОЛОНТЕРЛІК БАҒЫТТЫҢ БІРІ - МЕДИА-ЕРІКТІЛІКТІҢ ДАМУЫ

Турлан Л.А., Пилтан Н.Қ., Ш.Есенов атындағы КМТИУ., Ақтау қ.
Ғылыми жетекшісі: Тоқбаева Л.Қ., Ш.Есенов атындағы КМТИУ., Ақтау қ.

Аңдатпа. Қазіргі таңда әлемде жіті дамыған еріктіліктің еліміздегі көрінісі. Еріктіліктің - жастардың өз белсенділігін көрсетіп қана қоймай, адамдарға көмек беріп, тәжірибе жинау ға, өмірлік маңызды дағдыларды дамытып, әлемді жаңа қырынан көруге мүмкіндік беретін сала ретінде дәлелдеу.

Түйінді сөздер: медиа-еріктілік, қоғамға қызмет, игі істер, мейірімділік.

Ұлт болашағы-біздің қолымызда. Қоғамның қалыптасуына жас ұрпақтың маңызы зор. Еріктілік жұмыс – бұл жастардың әлеуметтік белсенділігін танытатын, әлеуметтік жауапкершілікке, патриотизмге, көшбасшылық қасиеттерге, студенттерді бірін-бірі түсінушілікке және қолдауға тәрбиелейтін кең ауқымды қызмет түрі. “Волонтер жылы кезекті науқан емес. Осыны халыққа түсіндіруіміз керек. Еріктілік – ел үшін, қоғам үшін адал қызмет. Волонтерлік халқымыздың өмір салтына айналуы керек. Оны тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі және болашақ сипаты ретінде дәріптеуіміз қажет. Еріктілердің бойындағы қайрат-жігер әр азаматты ынталандыруы тиіс. Еліміздегі әр ауыл-аймақ осы маңызды жұмыстан тыс қалмайды деп сенемін”, – деді Мемлекет басшысы.

Жалпы, статистикаға қарайтын болсақ, қазір Қазақстанда еріктілер қозғалысы өте қарқынды дамып келеді. Егер 2017 жылы 100-ге жуық ұйым белсенді болса, бүгінде 200-ден астам ұйым еріктілік қызметін жүзеге асыруда. Сонымен қатар, жеке бастамашыл топтар бар екенін атап өткен жөн. Жалпы, еріктілер қозғалысына 50 мыңнан астам адам қатысады.

Сондай-ақ, елімізде экологиялық, медициналық, төтенше жағдайлар, ұжымдық, мәдени, халықаралық, онлайн, IT және т.б. түрлері дамуда. Әр бағыт бойынша Қазақстан еріктілерінің барлығының басын қосатын «Ұлттық еріктілер желісінен» ақпарат алуға болады. [1]

Ұлттық волонтерлік желі сияқты ұйымдар етек жаюда, ол бүкіл ел бойынша 80-нен астам ерікті ұйымдарды біріктіреді. Ұлттық волонтерлік желі Қазақстан Республикасы азаматтары мен заңды тұлғалардың ерікті бірлестігі. Желі Қазақстанда 2010 жылы азаматтар, азаматтық қоғам институттары, бизнес секторлар және мемлекеттік құрылымдар арасында, волонтерлік бастамалары мен волонтер мәдениетін қалыптастыру, қолдау және дамыту мақсатында құрылды.[2] Олардың бірқатар қызықты жобалары бар. Атап айтқанда, өте маңызды және салмақты жоба «Жеңіс». Бұл Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне көмек.

Министрлік Qazvolunteer.kz платформасын құрды. Бұл платформа еріктілер ұйымдары мен жобаларын іздеуді жеңілдету үшін жасалған. Яғни, волонтер болғысы келетін кез-келген адам осы платформада тіркеле алады. Волонтерлық ұйымдар, органдар немесе мекемелер еріктілерді жобаға немесе басқа бағытқа шақыра алады. Волонтер өз функциялары мен міндеттерін орындаған кезде шақырылған орган еріктінің жұмысын бағалай алады. Болашақта еріктінің портреті бар кез-келген басқа ұйым оны бұрынғы тәжірибе мен еріктілер ұйымының бағасын ескере отырып шақыра алады.

Елімізде еріктілік 15 бағытта жұмыс жасайды және де оның бір түрі – медиа-волонтерлік. Медиа-волонтерлік - еріктіліктің «жас» түрі, енді ғана серпін алып жатыр. Медиаволонтерлер тек қайырымдылық алушыларға ғана емес, сонымен қатар еріктілер қызметін ұйымдастырушыларға – ерікті орталықтарға, қайырымдылық қорларға, КЕҰ көмектеседі. Көбінесе бұл журналисттер, фотографтар және видеографтар.

Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі мен «Азаматтық бас-тамаларды қолдау орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының волонтерлік бастамаларды дамыту мақсатында екі күнге жоспарланған шара аясында еліміздің үздік волонтерлері марапатталды. Жастарды Халықаралық волонтерлер күнімен құттықтауға келген Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дәурен Абаев «Ең алдымен, Қостанай қаласында өткен форумда 2020 жылды Волонтер жылы деп белгілеуді ұсынған Вера Ким ханымға айрықша алғысымды білдіремін. Жалынды жастардың жылын тәмамдап, Волонтер жылына қадам бастық. Ал осы сәтте «Media-волонтер» аталымының жеңімпаздарын марапаттау мен үшін аса маңызды болып тұр. Себебі волонтерлер атақ-абырой үшін емес, жүрек қалауымен жұмыс істейді. Сондықтан бұқара халықты осындай игі іске бастауда медиа саласының маңызы жоғары. Media-волонтер қашан да алдыңғы қатарда, көш басында болуы тиіс»,- деді.

Ал БҰҰ-ның Қазақстандағы тұрақты үйлестірушісі Норимаса Шимомура өз кезегінде волонтер-лерді марапатымен құттықтай отыра, «Жуырда Қазақстаннның бір аймағында жұмыс сапарымен болдым. Онда да осыған ұқсас кездесу ұйымдастырылды. Сол кезде бұған дейін еш жерде алмаған энергия алып едім. Бүгінгі алған энергиям одан да асып түсті. Ең жоғары энергия – осында! Қазіргі таңда мен қызмет ететін Біріккен Ұлттар Ұйымында әлем бойынша 8 мың ерікті жұмыс істейді. Соның ішінде Қазақстан азаматтары да бар», деді.

«Ұлттық волонтерлік желі» заңды тұлғалар бірлестігі ұйымдастырған шара жұмысы бірнеше сек-цияларға бөлінген. Қазақстанның барлық өңірлерінен 200 квотаны, сондай-ақ 60 халықаралық квотаны қоса алғанда, 1000-ға жуық қатысушы болады. Сонымен бірге «Қазақстанның Қызыл Жарты Ай» қоғамы, «Beeline Қазақстан», БҰҰ Волонтерлер бағдарламасы, БҰҰ Әйелдер құрылымы, ЮНИСЕФ сияқты халықаралық ұйымдардың сарапшылары шақыртылған.

Қайырымдылық жасау қазаққа жат емес,қанында бар дүние. Бұл- көмекті қажет етушілерге деген сүйіспеншілік пен нақты көмек. Сондай-ақ, қайырымдылық-адамның асыл қасиеттерінің бірі. Биыл облысымызда еріктілердің қатысуымен бірқатар шаралар өткізілді, айта кетсем,наурыз айында Қазақстан Мұсылмандары Діни басқармасының Маңғыстау облысы бойынша бас имамы Әнуар Елжанов қатысып, еріктілердің ерен еңбегі, мейірімділік пен имандылық жайында ашық сұхбат жүргізді.

Жоғары және орта техникалық кәсіптік оқу орындарының 200-ден астам студенті мен Ақтау қаласындағы қоғамдық дамыту орталығының жанынан құрылған Ақ қала еріктілері кездесу барысында облыстың бас имамына көкейдегі сауалдарын айтып,ой-пікірлерін ортаға салды. Еріктілердің ісі-бұл нағыз мейірімділіктің өзі. Қазақта үш жақсының бірі деп-мейірімді адамды атайтын болған. Жақсы адам адам мен табиғатқа мейірімін төгеді. Екі дүниенің сұлтаны болған Мұхаммед Мұстафа пайғамбарымыздың с.ғ.с. Құран Кәрімде баяндалған өнегелі қасиеттерінің бірі-мейірімділігі. Қоғамда еріктілер ісі қаншалықты маңызды болса, исламда мейірімділік ең ізгі қасиет саналады. Олай болса,еріктілердің ерен еңбегі бүгінгі күнде өте өзекті және зор құрметке ие,-дейді Маңғыстау облысының бас имамы Әнуар Елжанов.

Ерікті деген кім? Сонымен, волонтер деген кім? Олардың Қазақстандағы және әлемдегі белсенділігі қандай? Олар қаншалықты пайдалы? Дерек бойынша волонтерлар дүние жүзінде кең таралып, әлемдік қозғалысқа, белсенді топқа айналды. Мәліметтерге сәйкес, бүгінде әлем бойынша 1 млдқа жуық адам ерікті болып табылады. Ал Қазақстанда 16 мың төңірегінде екен. Президенттің пікірінше бұл өте аз. Сондықтан бұл көрсеткішті 100 мыңға дейін көтеруге болады. Себебі, олардың жаһандық дамуға тигізер үлесі орасан. Мысалыға, әлемдік ішкі жалпы өнімнің 2,5 пайызы – Еріктілер еңбегінің нәтижесі екен. Бірқатар елдерде ерікті болу қалыптасқан жағдай, олар үлкен құрметке ие. Себебі, жұрт оларды ерекше сыйлайды, құрметтейді. Келтірілген ақпаратқа қарағанда Франция халқының жартысына жуығы волонтер атанған. Сонымен қатар, Германия мен Жапонияда еріктілердің саны жылдан жылға көбейіп келеді екен.

Қазақстанда волонтерліктің бірте-бірте жалпыұлттық сипатқа ие болып келе жатқанын көріп отырмыз. Бұл үдеріс Волонтер жылында атқарылатын іс-шаралардың арқасында азаматтарымызды одан әрі біріктіре түсетініне сенімдімін. Игі істер біздің мәдени бірегейлігіміздің ажырамас бөлігіне айналды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ерікті (волонтер) болу сізге не береді? https://massaget.kz/layfstayl/zhadnama/43809
2. Волонтерлік қызмет шетелде қалай шешімін тапқан? https://egemen.kz/article/209918-volonterlik-qyzmet-shetelde-qalay-sheshimin-tapqan

ӘОЖ 304:44

ЕРІКТІЛІК ТАҢДАУЫМ

Утегенов Б., География мамандығы 1 курс студенті
Ғылыми жетекші: Табылдиева О.Д.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада волонтерлік, еріктілер сөзінің шығу тарихы, Қазақстанда азамат-тық қоғамды дамыту тұжырымдамасы, халықты ерікті әлеуметтік-белсенді қызметке тарту, қазақстандықтардың еріктілер қатарына толықтыруы мәселесі қарастырылады. Әлеуметтік жоба нәтижесі бойынша ерікті болу жігерлі және белсенді студент үшін керемет іс-әрекет, өсіп келе жатқан ұрпаққа үлгі өнеге болу, ерікті болудың жеті себебін мысалға келтіреді.

Түйінді сөздер: еріктілік, волонтер, әлеуметтік белсенділік, жастар саясаты

Алғашында еріктілер тек ерікті сарбаз деп аталды. Италия, Франция, Англия және Германияда сексен жылдық және отыз жылдық соғыстар барысында түрлі сюзерендер барлық жаңа әскери күштерді өздеріне одақтас етті, бірақ әскерлерді ұстауға ақшасы жоқ, оларға тек даңқ пен әскери олжа ғана марапат болады деп атап өтті. Бұл көптеген адамдарға жеткілікті болды: XVII ғасырда француз volontaire, итальян volontario, неміс Volontair, ағылшын volonteere бір уақытта дерлік пайда болады, себебі XVIII-XIX ғасырларда Ресейде сөз ұзақ уақыт өзінің тұрақты қалпын сақтай алмады: волентир, волонтир, волунтир, Валентин, волунтир, волонтер, еріктілер.

2006 жылғы 5 шілдеде Қазақстан Президенті "2006-2011 Қазақстанда азамат-тық қоғамды дамыту тұжырымдамасына"қол қойды. Тұжырымдама жұмысы халықты ерікті әлеуметтік-белсенді қызметке тартуды көздейтін ҮЕҰ-ды қоса алғанда, коммер-циялық емес ұйымдардың әртүрлі түрлерін ашу арқылы азаматтық қоғамды ұйымдас-тыруды және қалыптастыруды қолдайды. Ұлттық волонтерлік желі мүшелері 2015 жылдың басында қабылданған "мемлекеттік жастар саясаты" туралы Заңға ұсыныстар әзірлеу және енгізу жөніндегі жұмыс топтарында сарапшылар ретінде сөз сөйледі. Осы Заңда Қазақстанда алғаш рет заңнамалық негізде "ерікті" анықтауы енгізілген. 2016 жылдың 30 желтоқсанында Қазақстан Республикасының Президенті волонтерлік қызмет туралы Заңға қол қойды. Бұдан басқа, Үкімет Республикалық маңызы бар, мысалы, ЕҚЫҰ-ға мүше елдердің саммиті, Ислам Конференциясы ұйымы, ШЫҰ, VII Қысқы Азия ойындары "Азиада", EXPO-2017 халықаралық көрмесі және т. б. сияқты ірі ауқымды іс-шараларды өткізу үшін волонтерлерді тартады. Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 26 тамыздағы № 135 жарлығымен 2020 жыл "еріктілер жылы" деп жарияланды». Өз еркімен қоғамға пайдасын тигізуді көздейтін еріктілердің қатары жыл санап артып келеді. Бүгінде әлем халқының 970 миллионы волонтер болса, оның ішінде әрбір сегізінші қазақстандық еріктілер қатарын толықтыруда.

Еріктілікті таңдауда әр адам мақсаты әр түрлі. Менің ойымша ерікті болу жігерлі және белсенді адам үшін керемет іс-әрекет немесе сабақ деп айтсақ болады. Менің тұжырымым бойынша сіздерге ерікті болудың жеті себебін мысалға келтіре алам.

1) Жаңа мүмкіндіктер. Қазіргі әлеуметтік қоғамда жұмысқа тұру үшін еріктілік тәжірибе өте қажет. Яғни еріктілік сізге жаңа жолдар ашады.

2) Жаңа таныстықтар. Бәріміз білетіндей техникамен технологиялардың дамыған заманында адамдар арасында ортаға бейімделу қиындықтар тудырады. Ерікті болу арқылы адамдар бір бірімен жақын танысуына және араласуына мүмкіндіктер пайда болады. Айта кететін факт еріктілер әр түрлі бір біріне бейтаныс адамдар тобынан құралады.

3) Жаңа көкжиектер. Ерікті болу арқылы сіз әлемге өз пайдаңызды тигізе аласыз. Ерікті болып әлем аралап өзіңізге көптеген жағымды және қызықты естеліктер қалдырасыз.

4) Жаңа сезімдер. Ерікті болу арқасында жайлылық аймағынан шығасыз. Күнделікті үйреншікті іс-әрекеттен белсенді және қызықты өмірге қадам басасыз.

5) Өзіндік даму. Ерікті болудың басты себептерінің бірі өзіміді дамыту және алға жетелеу.

6) Өсіп келе жатқан ұрпаққа үлгі өнеге болу. Қазақта мақал бар: «Бала естігенін емес көргенін істейді», яғни жақсылықты үйрету мүмкін емес, бірақ жақсылықты көрсете аламыз. Жақсылық жасау пайдалы және жайлы іс-әрекет.

7) Әлемді жақсарту. Ерікті болу арқылы біз қоғамды жақсылыққа үндеп көмек білдіре отырып әлемді бірге жақсарта аламыз.

Қортындылай келе ерікті болу әркімнің өз таңдауы. Ерікті болу арқылы біз өмірде көптеген жетістіктерге, үлкен асуларға еш қиындықсыз жете аламыз. Онымен ғана шектелмей біз өмірде бірге серік болатын сенімді, адал достарды еріктілік арқасында кездестіре аламыз. Қазіргі таңдағы жастардың мақсаты әсемде көркем елімізді жаңашыл форматта, яғни еріктілік арқылы дамыған елердің қатарына қосу болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ерікті (волонтер) болу сізге не береді? https://massaget.kz/layfstayl/zhadnama/
2. Волонтерлік қызмет шетелде қалай шешімін тапқан? https://egemen.kz/article/209918-volonterlik-qyzmet-shetelde-qalay-sheshimin-tapqan
3. Ерікті болу - ерлік.13.09.2019. https://egemen.kz/article/208761-erikti-bolu-erlik

ӘОЖ 323/324(075)

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ВОЛОНТЕРЛІКТІҢ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Утешова А.М., Ш.Есенов атындағы КМТИУ., Ақтау қ.
Ғылыми жетекшісі: Усенбаева А.У., Ш.Есенов атындағы КМТИУ., Ақтау қ.

Аңдатпа. Мақалада волонтерлікті дамыту және қолдау мәселелері қамтылған.

Түйінді сөздер: этика, мораль, идеология.

«Басқаға қуаныш сыйлай білген – ең бақытты жан» деген екен Француз жазушысы Дени Дидро. Ерікті волонтер болу дегеніміз риясыз мейірімділік көрсету, жаңа дағдыларға үйреніп, адамдарға жақсылық жасау, төрт қабырға ішіне қамалып, тағдырына налып отыратын мүмкіндігі шектеулі жандардың қызықты да әсерлі істер мен оқиғалардың ортасында болуы үшін көмектесу, тағдырдың тезімен қиын жағдайға тап болған адамның жанынан табылу, қолынан келгенше сүйеу бола білу деген сөз. Ол екінің бірінің қолынан келмейтін іс. Ерікті волонтерлер болу үшін адамдарға ниет білдіру, жаны ашып, есіркей білу, ашуды ақылға жеңдіре білу, командада жұмыс жасай білу ғана емес, адалдық, парасаттылық сияқты адамгершілік қасиеттер керек.

Мұқтаж адамдарға көмек қолын соза алатын кез келген адам волонтер бола алады. Волонтерлі қызметтің мақсатты бағытталған тобы түрлі көмекке мұқтаж жандар болуы мүмкін: ауру және ауру балалар, нашақор немесе маскүнем ата-ана балалары, жастар, мүгедектер, зейнеткерлер және кедей адамдар, сонымен қатар ҮЕҰ, жануарлар, табиғат және т.б. Волонтерлік жаңадан пайда болған еріктілер қауымдастығы емес., тек волонтер деген ұғымның жаңа ұғым екендігін ескерген жөн. Волонтерлік өз бастауын осы «Асар» еріктілер қауымдастығын алды. Әрине өзгерістерімен, тың идеялары сәл дараланғаны болмаса, бұлда көмекке мұқтаждардың қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған топ

десекте болады. Кеңірек түсінік бере кетсем, «Асар» – бұл ерте уақыттағы «көмек сұраған» адамдарға ерікті көмек көрсету түрі болып табылған. Бұл шақыруға келушілер, қыстақ салуда, той және жерлеу рәсімдерін ұйымдастыруға көмек берген. Асар түрлі жастағы және әр түрлі әлеуметтік статусқа ие адамдарды бір істе біріктірген мұқтаж жанға көмек беру. Бұл ерікті көмек беру идеясының таралуындағы алғашқы қадамдар. Ол жеке бір индивидуалдық емес, қоғамдық игілік үшін қажет. Уақыттар өтті, асар әлі де бар, алайда оған паралельді көмектің түрі пайда болды ол – волонтер [1].

2010 жылы 30-сәуірде елімізде БҰҰ Еріктілер Бағдарламасы және Азаматтық Альянс біріге отырып, «Ұлттық волонтерлік» жобасын құрды. Волонтерлік ұйымдарды, волонтерлермен жұмыс жасайтын ҮЕҰ-ларды, сонымен қатар, волонтерліктің дамуына қызығушылық білдіретін жеке тұлғаларды біріктіреді. Мақсаты: еріктілік бастамалардың әрі азаматтық қоғамның толыққанды және үдемелі дамуы. ҚР-да волонтерлік мәдениетті дамыту. Желінің дамуы: ҰВЖ мүшелерімен жұмыс: ақпарат алмасу, білім әрі машықтарға үйрету, қолдау көрсету және т.б. (қазіргі уақытта желіге бүкіл Қазақстан бойынша 18 волонтерлік ұйым кіреді). Білім беретін волонтерлік лагерлер/мектептер: 2010 жылдың қараша айында волонтерлермен жұмыс істейтін ҮЕҰ-ларға арнап, Бурабай жерінде халықаралық волонтерлік лагерь өткізілді. Оған Қытайдан келген эксперттер, БҰҰ волонтерлері, АҚШ Бейбітшілік Корпусының волонтерлері қатысты. Биылғы жылдың жаз мезгіліне волонтерлер мектебі жоспарлануда. Халықаралық қызметтестіктің дамуы: Қазақстандағы БҰҰ Еріктілер Бағдарламасы, АҚШ Бейбітшілік Корпусы, ASA германдық қызметі. Желіге мүше болу арқылы Волонтерлік туралы ақпарат пен қорларға қол жеткізу. Волонтерлікті дамытуға қызығушылық білдіргендерге өзара көмек, өзара қолдау көрсету әрі өзара байланыс орнату. Білім алу мүмкіндігі; іссапарлар. Гранттар алу және бірлескен желілік жобаларды іске асыру мүмкіндігі және т.б. ие болады.

Қазақстандағы волонтерліктің даму проблемаларына келер болсақ. Волонтерліктің де басқа елдердегі сияқты тарихы тереңде жатыр. Бірақ волонтерлікті дамыту және қолдау мәселелері әлі де өзекті болып отыр. Бұл әртүрлі себептер мен проблемаларға байланысты: Бүгінгі шынайлықпен өзекті болып табылатын волонтерліктің заманауи интрепретациясының жоқтығы; Волонтерлік бастамалардың мемлекеттік деңгейде қолдау таппауы, ал бұл мемлекет халқының арасында этикалық және моральдық құндылықтарды қалыптастырудың идеологиялық құралы; Волонтерлік бастамаларды, халықтың волонтерлік туралы «дұрыс» ұғымын қалыптастыруды жариялаудағы бұқаралық ақпарат құралдарының төмен белсенділігі; «Волонтерлік қызмет туралы» Заң жоқ, соған сәйкес волонтердің де мәртебесі анықталмаған. Бұл орайда олардың әлеуметтік маңызын ескере отырып еріктілер қызметі туралы жеке заң жобасын әзірлеу өте дұрыс болмақ.

Әлеуметтік маңызды дағдылар еріктіліктің арқасында бойға сіңеді. Мұқтаж жандарға өтеусіз қолғабыс етуге ниет білдірген белсенділер елімізде де табылады. Бірі мүмкіндігі шектеулі адамдарға, қарияларға қол ұшын созса, бірі заңгерлік кеңесін ұсынады. Еріктілердің қоғамдық пайдалы қызметі жоғары бағаланады. 15 жылдан бері еріктілердің басы-қасында жүрген Вера Кимнің пікірі бойынша «Тек оның дамуына кедергі кілтипан бар. Қазақстанда еріктілердің бірыңғай тізілімі атымен жоқ, олар үшін әлеуметтік лифтілер қарастырылмаған. Еріктілер және көмек көрсетілетін азаматтар арасындағы өзара іс-әрекетті нақты реттейтін заңнамалық базадан әзірге кендеміз. Оның бір парасын «Еріктілік туралы» жаңа заңның қабылдануы тарқататынына үміт бар».

Волонтерлікпен белсенді түрде айналысатын студенттерге стипендияны 30 пайызға көтеру туралы 2019 жылдың 26 наурызында Қазақстан Республикасының ақпарат және қоғамдық даму министрі Д.Абаев мәлімдеді. Сол сияқты елдің ЖОО мен колледждерімен бірлесіп «Студенттік бастама» атты жалпыреспубликалық волонтерлік қозғалыс құру жоспарланып отыр. Жас волонтерлер шет елдердің тәжірибесі бойынша мүгедектерге, егде адамдарға, жалғыз бастылар мен үйсіз тұрғындарға көмектесетін болатыны айтылды. АҚШ, Германия, Англия және Ресейде барлық тұрғындардың ширегіне жуығы волонтерлік қызметтің бір түрімен айналысады деген мәлімет келтіріледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстанда волонтерлік қозғалысқа 50 мыңнан астам адам тартылған - Әлия Ғалымова. https://www.inform.kz/kz/kazakstanda.

УДК 304.44

МОЙ ОПЫТ ПОДГОТОВКИ К СЛУЖЕНИЮ ОБЩЕСТВУ НА ЗАНЯТИЯХ ДИСЦИПЛИНЫ «SERVISE LEARNING».

Шова Л.И., КГУТИ им. Ш. Есенова, г. Актау
Научный руководитель: Бисингалиева И.В., КГУТИ им. Ш. Есенова, г. Актау

Аннотация. Основная мысль статьи заключена в сути служения обществу, её важности и необходимости, а также передаче опыта автора, полученного программой дисциплины «Servis learning». Статья раскрывает реальные примеры волонтерской деятельности, рассказывает о необходимости теоретической подготовки, и о том, в каком виде и как эффективно она предоставляется дисциплиной. Кроме этого, здесь излагаются основные моменты подготовки, направления, создания проекта, неосуществление которого из-за существующей мировой проблемы, не помешало продолжению получения навыков служения обществу.

Ключевые слова: служение обществу, дисциплина «Servis learning», волонтерская деятельность, опыт, теоретическая подготовка, проект.

Как известно, служение обществу - это добровольный вклад в общественное благо. На протяжении всей истории человечества деятельность добровольных организаций помогает создать ощущение важности общественного блага и порождает в людях готовность к добровольной работе, которая так важна для будущего как всего мира, так и нашей страны[1].

На мой взгляд, служение обществу – это стремление помочь тем, кто в помощи нуждается, это желание сделать мир лучше, это готовность проходить трудности ради других, ведь то, что ты решился на такое благое дело, совсем не значит, что все будет идти как «по маслу». Меня очень вдохновляют такие люди. К примеру, создание канала на платформе «YouTube», где демонстрируются видео, в которых показывают людей, оказывающих помощь престарелым людям. Или волонтеры, раздающие продукты пенсионерам, которые не могут себе Молодые люди, скупающие весь товар у бабушек, сидящих на улице, будь то цветы или консервированные домашние огурцы. Каждый, кто встретив на своем пути обделенных радостью людей, помогает от всей души тем, чем может. И самое главное в этом то, что таких людей, кто готов помочь нуждающимся, много. По-моему, такие примеры очень необходимы в наше время, потому что это имеет наиболее сильное свойство призывать остальных к волонтерской деятельности. А привлечение людей к служению обществу имеет огромное значение. Потому что нужда мира в таких людях всегда была и будет актуальна. Конечно, существует разница между степенью необходимости волонтерства в разных странах и регионах. и к счастью, Казахстан в этом отношении уступает многим другим странам, но здесь так же имеется такая нужда. К сожалению, существуют например, семьи, оставшиеся без кормильца, в которых дети могут быть не здоровыми, и еще много других людей, нуждающихся в помощи, а значит существует необходимость служения обществу.

Кроме того, служение обществу, это действительно труд, который требует определенной подготовки и образованности. Как раз этим и занимается дисциплина «Servis learning». Она максимально тщательно готовит студентов к различным сложностям, которые могут возникать в процессе труда. Ведь к волонтерской

деятельности относится не только умение раздавать продукты, а порой взаимодействие с людьми, которым настолько трудно и одиноко, что они не доверяют миру, боятся одиночества, которые воспринимают окружающих агрессивно. А чтобы делать мир лучше в корне, порой приходится беседовать с людьми, изменяя их мышление. Люди также могут нуждаться вовсе не в материальной или физической помощи, а в психологической. Именно поэтому, исходя из моего мнения, одной из эффективнейших тем, предоставленных дисциплиной «Servis learning», является тема «Эффективная коммуникация», где мы учимся принципам общения, навыкам взаимодействия, установления контакта, расположения к себе, доверия к себе и многому другому. А другие темы, такие как «лидерство», «критическое мышление» и «проектная деятельность» помогают развивать навыки, которые понадобятся не только в рамках этой деятельности, но и в будущем во всех сферах жизни. Все эти темы помогают увидеть в общем целостную картину мира, остроту социальных проблем, необходимость и суть служения обществу. В процессе освоения дисциплины «Servis learning» перед нами стояла задача выбрать направление своего проекта, категорию людей, которым мы хотим оказать помощь, разработать проект, вывести цель и задачи, составить план действий, предвидеть возможные риски и найти пути их преодоления. Пройдя некоторые трудности по принятию общего согласованного решения, мы остановились на том, что направим свой проект на работу с детьми с умственными и психологическими отклонениями. Целью нашего проекта стала помощь детям развить в себе уверенность и влиться в общество.

Испокон веков оказание помощи ближним является отличительной чертой нашей культуры, и, отдавая дань нашим предкам, можно отметить, что в Казахстане реализуются сотни социальных проектов. Так, осенью 2019 года Министерством образования и науки Республики Казахстан был запущен проект «Социальный студенческий кредит». Данный проект был разработан для студентов с целью развития волонтерской деятельности. Стоит отметить, что одним из важнейших средств формирования социальной активности молодежи является волонтерская деятельность. Подобные проекты направлены на осуществление общественно-полезной деятельности и способствуют формированию активной жизненной позиции у молодежи. Работа осуществляется на площадках организаций, определенных МИО. В рамках данного проекта студенты Yessenov University совместно с организацией «Мы люди-Мы вместе» оказывают социальную поддержку уязвимым слоям населения Мангистауской области. Молодежь оказывают помощь в организационных вопросах, оказывают помощь в приготовлении и раздаче еды врачам, медицинскому персоналу, престарелым людям, а также лицам, не имеющим постоянного места жительства. Данный пример иллюстрирует положительное влияние социальных проектов на решение социальных проблем.

Волонтер или доброволец – это тот, кто по своему желанию, по своей охоте берется за выполнение какого-либо дела. Есть хорошее выражение: «Когда закрываются двери – открываются сердца». Как говорил Уильям Шекспир: «Истинная любовь не может говорить, потому что истинное чувство выражается, скорее, делом, чем словами».

Сегодня роль волонтерского движения приобретает всевозрастающее значение для социального развития общества. В настоящее время в стране действуют более 200 волонтерских организаций, в которых участвуют более 50 тыс. активных волонтеров [3]. Современное общество как никогда нуждается в осознании необходимости и значимости волонтерских движений. Как известно, добровольческая деятельность способствует повышению показателей прогресса и общего уровня благосостояния стран мира. И конечно, не умирает надежда на то, что ежегодно численность добровольцев будет расти, а это значит, что волонтерство будет и дальше развиваться и процветать на благо всего человечества.

ЛИТЕРАТУРА

1. Волонтерство как форма проявления социальной ответственности государства, общества и бизнеса// Современные технологии управления. ISSN 2226-9339. — №4 (52). Номер статьи: 5203. Дата публикации: 2015-04-08 . Режим доступа: https://sovman.ru/article/5203/

2. Локтионова, Т. А. История возникновения и становления волонтерства в России / Т. А. Локтионова. — Текст : непосредственный, электронный // Молодой ученый. — 2012. — № 8 (43). — С. 267-269. — URL: https://moluch.ru/archive/43/5210/ (дата обращения: 15.04.2020).

3. В Казахстане 2020 год объявлен Годом волонтера./ Журнал. Текст. URL: https://kursiv.kz/news/obschestvo/2019-09/v-kazakhstane-2020-god-obyavlen-godovolontera

ӘОЖ 321

ЕРІКТІЛЕР ЕҢБЕГІ

Кенжебек Д.
Ғылыми жетекшісі: Шодыраева Ш.К.
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.,

Аңдатпа. Қазіргі таңда еріктілер еңбегі үлгі тұтарлық қызмет болып табылады. Әлемді жайлаған каронавирус ауруының таралуына байланысты елімізде төиенше жағдай жарияланып, карантин мерзімінде шынайы еріктілер шығып, халыққа қол ұшын созып көмектесуде. Адал ниетті қолдары алтын осындай жандарға барлық адамның құрметі шексіз.

Түйінді сөздер: волонтер, халық, жастар, қызмет, патриот.

Волонтерлік іс (лат. тілінен voluntarius — ерікті) – қызметтердің кең ауқымдылығы, ішіне өзара көмектің дәстүрлі пішіндерін және өзіне деген көмектің арттыруы болып келеді. Волонтерлікпен айналасатын адамдарды волонтер деп атайды. Олар ақысыз, ерікті қоғамдық жұмыс атқаратындарға жатады.

Қазіргі қоғамда еріктілер қоғамға ауадай қажет. Жастардың барлығы қазіргі таңда еріктілікке қызығушылықтары артып еріктілер саны көбеюде.Бұл дегеніміз өте жақсы нәтиже. Еріктілердің еңбегі ақысыз. Еріктілер – тек альтруистер емес, олар тәжиребе алу үшін, дағдыларды және білімдерді арттыру үшін, дербес қарым-қатынастың қағидаларын білу үшін жұмыс істейді. Көбінесе волонтерлік қызмет – төленетін жұмысқа жол салады, бұл жерде адам өзін жақсы жақтан көрсете алады, өзін әртүрлі қызмет аясында сынап көріп, өмірлік жолын анықтай алады.

Еріктілер жалғыз өзі және топ болып жұмыс істейді. Ол өз еріктерінде. Олардың негізгі айналысатын жұмыстары жетімдерге, мүгедектерге немесе қарттар үйіне барып оларға қолдарынан келгенше көмек көрсету. Ал олардың белгілі бір мереке кезінде қоғамға мемлекет мүддесі үшін өз еріктерімен көмекке келуі де «ерікті» әрекеті саналады. Қазақ тілінің сөздігіне бір үңілсеңіз, «ерікті» деген сөзге синоним болатын, балама ретінде «асар» сөзін алуға болады. Асар – ауыл-аймақ, көрші-қолаң болып белгілі бір мұқтаж жанға қолдарынан келгенше тегін көмек көрсету. «Асар» сөзі тіпті белгілі бір дәстүрге де айналып кетті. Сондықтан «ерікті» сөзін кейін пайда болған немесе жаңа заманның термині деп қабылдаудың қажеті жоқ. Өйткені қазақ халқында бұл сөздің түбірі баяғыдан бар.

Адам баласы ерікті бола отырып жүрегіне жылу ұялап басқа жандарға күлкі және жылу сыйлайды.Үлкен қарттарға тағыда басқа көмекке мұқтаж адамдарға көмектесу арқылы олар ол кісілердің алғысын алып ықыласқа бөленеді.Жалпы қазіргі уақытта ерікті жастар өте көп.

Оған мысал ретінде алсақ, әлемде болып жатырған залалдың кесірінен барлық жерлер карантин мерзіміне жабылды, міне дәл осы кезде шынайы еріктілер шығып халыққа қол ұшын созып көмектесуде. Карантин мерзімінде әрине барлық адамдар үй қамағында отырып,азық түлікке бара алмай отырған кезде біздің ерікті мамандарымыз үйіне дейін азық түліктерін жеткізіп беріп қоғамға өз көмегін тигізіп жатыр. Ауруханада жүрген батыр дәрігерлеріміздің жанында да көмектесіп жүрген осы еріктілер. Қарап отырсақ батыр деп жүрген жандарымыздың да жанына осы ерікті жандарды қосып айта аламыз.

Қазақстанда еріктілер қозғалысы дамудың жаңа кезеңіне түсті. 2020 жыл елде «Еріктілер жылы» деп жарияланды.

Президент еріктілер қозғалысы туралы БҰҰ-да жұмыс істеп жүрген уақыттан бері білетінін айтты. «Мен сол кезде де еріктілерге мүмкіндік жасау керектігін айтып жүрдім. Сондықтан Сіздердің келесі жылды Волонтерлар қозғалысының жылы деп жариялау туралы ұсыныстарыңызды толығымен қолдаймын. Еріктілер - жаны таза адамдар. Олар - елдің шынайы патриоты, сол үшін де құрметім шексіз. Белсенді азаматтық ұстанымдарыңыз мемлекеттің дамуына айтарлықтай септігін тигізетіні сөзсіз», - деп түйді Қасым-Жомарт Тоқаев [1].

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында азаматтық қоғамды нығайтуда еріктілердің орны ерекше екенін атап өтті. Еріктілер жылына арнап бірнеше шаралар ұйымдастырылып жатырғаны барлығымызға мәлім. Басты мақсат – ерікті қызметке азаматтарды, әсіресе, жастарды тарта отырып, белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыру болып табылады. Еріктілер жылын жариялау елдегі бұл қозғалыстың жаңа серпін аларына, жаңа жүйелердің пайда болуына, ұйымдарды біріктіруге мүмкіндік береді.

Волонтерлар яғни еріктілер нағыз елдің жердің қамын ойлайтын патриот жандар. Адал ниетті қолдары алтын осындай жандарға барлық адамның құрметі шексіз. Ерікті жастармыз қоғамда көбейіп, жақсы дүниелер жасалсын!

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Еріктілер еңбегі. // www.inform.kz

2. Бисингалиева, И.В. Служение обществу [Электронный ресурс]: учебное пособие / И.В. Бисингалиева.- электронное издание.- Актау: КГУТИ, 2019.

ӘОЖ 304:44

ВОЛОНТЕРЛІК ҚЫЗМЕТТІҢ СТУДЕНТ ЖАСТАРДЫҢ АЗАМАТТЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ МАҢЫЗЫ (ЮНИСЕФ ТӘЖІРИБЕСІ НЕГІЗІНДЕ)

Кумусбаева Қ.
Ғылыми жетекшісі: Кульбаева А.М.
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.,

Аңдатпа. Мейірімділік – ізгіліктің жолы. Жақсылық жасау дегеніміз адамдарға, айналаға, табиғатқа, қайырымдылық пен қамқорлық жасауды, көмек көрсетуді білдіреді. «Кір тигізбей ұста ойыңның өресін, мейірім етсең — мейірімділік көресің» деген қазақ. Баланың бойына мейірімділік шуағын сеуіп, рухани-адамгершілік қасиеттерді ұялату, жақсы-жаманды ажырата білуге, адамдық асыл қасиеттерді игеруге ықпал ету, бүгінгі күннің басты міндеті. Риясыз жақсылық жасау-биік адамгершіліктің белгісі.

Түйінді сөздер: БҰҰ, ЮНИСЕФ, Еріктілік, патриотизм, адамгершілік, мейірімділік, қайырымдылық,

ЮНИСЕФ немесе Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар Қоры, — БҰҰ-ның негізгі мекемелерінің бірі,екінші дүние жүзілік соғыс тауқыметін тартқан Еуропа балаларына көмек қоры. 1946 ж. 11 желтоқсанда 2-дүниежүзілік соғыстан тікелей зардап шеккен елдердің балаларына көмектесу үшін уақытша ұйым ретінде құрылған. Алғаш “Балаларға көмек көрсететін халықаралық төтенше қор” деп аталды. 1953 ж. Бас Ассамблеяның шешімімен ол БҰҰ құрылымының бір жүйесі ретінде бекітілді.

БҰҰ Балалар қоры тек соғыс зардабына ұшырағандар ғана емес, сонымен бірге ашаршылық пен індет жайлаған, босқыншылық көрген елдердің балаларына да қол ұшын

береді. Қордың басқарушы органы — Басқармасы 3 жылға сайланады. Қор Хатшылығын БҰҰ-ның Бас хатшысы тағайындайтын атқарушы-директор басқарады.

Қазіргі кезде БҰҰ Балалар қорына 50-ден аса мемл. мүше. Штаб-пәтері — Нью-Йоркте. 1994 ж. Қазақстанда БҰҰ Балалар қорының өкілдігі құрылды. 1995 ж. мамырда Қазақстан үкіметімен бірлесіп, әлеум. және экон. қайта құру жағдайында балалар мен аналарды қорғаудың 5 жылдық бағдарламасын жасады. Бұл кешенді бағдарламаның негізгі бағыттары — ана мен бала денсаулығын сақтау, бастауыш білім беру ісін жетілдіру, экологиялық-санитарлық көмекті дамыту, ана мен бала құқығын қорғау шараларын жүзеге асыру.

Қор Қазақстанда "Арал теңізі: региондық және техникалық көмек жобасы" атты кешенді шараларды ұйымдастырып, аймақ тұрғындарына көмектесу мақсатында жұмыстар атқаруда. Сондай-ақ БҰҰ Балалар қоры дәрі-дәрмекпен, мед. құрал-жабдықтармен және мектепті негізгі керек-жарақтармен, компьютерлік техникамен қамтамасыз ету ісінде көптеген қоғамдық ұйымдармен тығыз байланыс жасап отырады.

1965 ж. қорға балалар үшін жүргізген қызметіне орай Нобель бейбітшілік сыйлығы берілді. Негізгі мақсаты: ана мен баланың денсаулығын қорғау, тамақтандыру, сумен жабдықтау, санитария, білім беру, балалардың мүдделерін қорғау. Қор тек қана ерікті қайырымдылық есебінен жұмыс жасайды.

Мұндай қайырымдылықтың басым бөлігі үкіметтерден, қалған қаражат жеке тұлғалар мен компаниялардан түседі. ЮНИСЕФ әлемнің 100-ден астам елінің балаларына көмек көрсетеді. БҰҰ-ның балалар қоры мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің арасындағы негізгі келісімге 1994 ж. 25 қарашада қол қойылды. Еліміздің жарқын болашағы балалардың бүгінгі бейбіт және еркін өмірінен басталады [1].

Маңғыстаулық еріктілер тобы, оның ішінде Yessenov University-дің 3 студенті еліміздегі алғашқы рет БҰҰ Балалар қоры (UNICEF) ұйымдастырған BeKind (Мейірімді бол) жобасына іріктеуден өтіп, облыстағы жасөспірімдермен жұмыс жасайтын топ мүшелерінің қатарына еріктілер ретінде қосылдық.Бұл біз үшін үлкен мақтаныш болса, екінші жағынан үлкен жауапкершілік.

Сондай-ақ,осы жылдың 29 ақпаны мен 1 наурыз күндері аралығында, Елордамыз Нұр-Сұлтан қаласында өткен(UNICEF - балалар қорғау қоры) ұйымдастырған семинар-тренингке қатысып, біраз білім жинап, көрген білгенімізді санамызға тоқып қайттық.

Әлемнің 192 елінде өкілдері бар бұл ұйым Қазақстанда алғаш рет еріктілердің көмегіне жүгіне отырып, мектептегі қудалауды болдырмау бойынша, балаларды зәбірлеудің алдын-алу мақсатында үлкен жобаларды жүзеге асырмақ.

Қуана ескеретін жайт: Маңғыстау облысы еріктілер санына сәйкес, республика бойынша екінші орында тұр. Облыстан 18 ерікті іріктеуден өтіп, жобаны іске асыру барысында қажет болатын ақпаратты толықтай меңгерді.

10 – 12 жас аралығындағы балалармен қарым-қатынас құру, олардың ата – аналарына бағдарламаларды таныстыру, топта жұмыс жасау, кикілжіндерді болдырмау, кикілжің орын алған жағдайда – шешу жолдарын қарастыру секілді, балалар және ата-аналармен тиімді қарым-қатынас орнату үшін қажет практикалық дәрістер жүргізілді.

Білім және Ғылым Министрлігінің тапсырмасымен, Облыстық Білім басқармасы және білім бөлімдерінің қолдауымен, мектеп ұжымдарымен, ата – аналармен және оқушылармен тығыз жұмыс жасайтын боламыз. Біздің мақсатымыз ешқандай бала зардап шекпеуін қадағалау.Бала жүрегіне мейірімділік пен адамгершілік негіздерін ұялату.Абай атамыз айтқандай;

Адам баласының бойындағы әділеттілік, мейірімділік, рақымдылық, адалдық, жомарттық, қонақжайлылық, бауырмалдық, намысқойлық тәрізді ізгі қасиеттерді жүрек ісі деп түйген. Абай атамыздың он төртінші қара сөзінде: «Тірі адамның жүректен аяулы жері бар ма?» Біздің қазақтың жүректі кісі дегені – батыр кісі» деген күрделі философиялық ұғым бар.

Яғни, мейірбандылық, тілдің жүрекке көнуі, жаманшылыққа ермеуі – жүректің ісі. Қандай жағдай болмасын жүрегі мен ақылын қоса тыңдай алған адамның іс-әрекеті, сөзі мен ойы сүйіспеншілікке толы болады [2]. Мейрімділік, адамгершілік құндылықтар бала бойына үлкен мен кішінің арасын- дағы шынайы қарым-қатынас кезінде дариды. Көзге көрінбейтін өте нәзік сезімді, аса құнды қасиеттерді жүректен-жүрекке үзбей жеткізу біздің басты міндетіміз деп алдық.

Біз үшін әрбір бала бақытты болуға лайық, әр баланың психологиялық және физикалық тұрғыдан сау болуы - қоғамның жауапкершілігі және заң жүзінде балалардың барлығы тең құқықты және бірдей қорғалады. Осы бағытта жұмыс жасайтын БҰҰ Балалар Қорының Қазақстандағы алғашқы еріктілері қатарында болу – біз үшін және университетіміз үшінде үлкен қуаныш!

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Исследование волонтерства в Казахстане 2019. Национальная волонтерская сеть Онлайн-платформа для волонтеров qazvolunteer.kz .

2. Абай шығармаларының 2 томдық толық жинағы.Алматы. «Жазушы» 2005.

ӘОЖ 364.4(045)

ҚОҒАМҒА ҚЫЗМЕТ ОРТАЛЫҒЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ БАСТАМАЛАРЫНЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАҒЫ НЕГІЗІ

Құбаева Ә.
Ғылыми жетекшісі: Бағдатұлы М.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау

Аңдатпа. Қоғамға қызмет бұл көмек беру ұстанымын таңдау-әлемдік мейірімділікті дәріптеу, әлемді даналықпен сүйіспеншілікпен толықтыру мүмкіндігі шектеулі жандардың мұқтаждықтары мен қайғысына жауап беру. Бұл мақалада қоғамға қызмет дегеніміз не? қоғамға қызмет орталығы қашан ашылды? оның студенттерге берер пайдасы қандай? Деген сынды сұрақтар қарастырылған және де қайырымдылық ізгіліктің бастауы дей отыра қоғамға қызмет ортылығы бізге яғни студенттерге берген мүмкіндіктерін игі іс, жақсылық жасауда қолдау көрсеткенін тәжірбие жүзінде, қалай қолданамыз? не үйрендік? Деген сұрақтарға жауап беру .

Түйінді сөздер: қоғамға қызмет студент, волонтер, қайрымдылық, жоба.

Қазіргі қоғамда жастардың белгілі бір бөлігінің ұлттық сана-сезімі мен ділінің, азаматтығы мен патриотизм деңгейінің құлдырауы байқалуда. Рухани құндылықтардың орнына материалдық құндылықтар келіп, басымдық танытуда.

Іс жүзінде осының барлығы жастардың маңызды азаматтық міндеттерді жауап-кершіліксіз, немқұрайлы атқарып, әлеуметтік жетесіздік пен рухсыздыққа бой ал-дыруынан айқын аңғарылады. Жастар арасында сан алуан діни көзқарастардың белең алуы, кәмелетке толмаған жасөспірімдердің арасында қылмыстың өсуі, маскүнемдік, шылым шегу, нашақорлық, өзіне қол жұмсау, жас отбасыларының ажырасуы жағдайларының көбеюі өзекті мәселе болып тұр [1].

Қоғамға қызмет пәні - бұл пән біздің университетімізде 2018 жылдан бастап оқу жүйесіне енгізілді. Жалпы қоғамға қызмет пәнінің басты мақсаты-студенттердің қоғамның нақты мәселелерін шешуде ұсыныс қосу арқылы белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастыруға және жобалық іс-әрекет дағдыларын меңгеруге ұтымды пікір айтуға жаңа бастамалардан сескенбеуге әрбір тұлғаның ойын бағалауға сан түрлі әлеуметтік

жағдайдың құрбаны болған жандардыңда өмірде ерекше орны бар екенін жақсылық жасау ешқашанда артық етпитнін жанжағыңа мейірімділікпен қамқорлықппен қарауға бағытталды және біз соны тәжірбие жүзінде сезіндік,көрдік.

Қоғамға қызмет пәнінің оқу бағдарламасы 2 түрлі кезең арқылы жүзеге асырылады.

1 кезеңде -5 аптаға арналған дәрістер арқылы тееориялық білім алып

6-аптада таңдаған бағыт бойынша топ құрып бірігіп жобалық ұсынысты әзірлейді.

7-ші аптада жоба қорғалады.Қорғау бағасы 1-кезеңдік аралық бақылау бағасын анықтайды.

2 кезеңде-жобаның белсенділігі,ол 7 аптаға созылады.Таңдаған жоба әлеуметтік қызмет саласы,яғни әлеуметтік ұйымдарға байланысты болады.

Қазіргі таңда 2000- нан астам студент қоғамға қызмет ету тәжірбиесіне ие. Бүгінде қоғам өмірінің салаларында 200-ден астам жоба жұмысы жүргізіліп,жүзеге асырылды.Университеттің 20-дан астам әлеуметтік ұйымдармен қарым-қатынас орнатылып әлі де болса аясын кеңейту бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр [1].

Қоғамға қызмет орталығы- Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының жанында 2018-2019 оқу жылынан бері студент жастардың волонтерлік белсенділігін қалыптастырып, аймақтағы әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған «Қоғамға қызмет» инновациялық, оқу-әдістемелік орталығы Есенов университетінде жұмыс істейді.

2019 жылдың сәуір айында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым Жомарт Тоқаев Ақтау қаласына жұмыс сапары барысында орталықтың қызметімен танысып, оң бағасын берген болатын.

Орталықтың қызметі волонтерлік жұмыстың негізгі салалары бойынша қоғамдық әрекеттерді жүзеге асыруға бағытталған «Қоғамға қызмет» пәнінен теориялық және тәжірибелік дәріс берумен байланысты.

Қазіргі уақытта студенттік жобалар келісімшарт негізінде 20-ға жуық қала мекемелерінде жүзеге асырылып, 2018-2019 оқу жылында 1200 студент, 2019-2020 оқу жылында 1570 студент дәріс алуда. Әлеуметтік, экологиялық, мәде-ни, спорт саласындағы волон-тер-лердің 200-ден астам жобасын жүзеге асырды.

Деректерге сүйенсек, елімізде 700 мыңнан астам мүгедек жан бар. Маңғыстау облыстық әлеу-меттік қорғау органдарында 27 мың мүгедек тіркелген, оның ішін-де 5188-і – мүгедек бала, бұл мүгедектердің жалпы санының 20%-ы, сал ауруына шалдыққан – 290 бала, аутизммен ауыратын – 92 бала, Даун синдромымен ауыратын 65 бала бар. 132 қария қарттар үйінде, 33 бала арнайы балалар үйінде тұрады.

Университеттің «Қоғамға қызмет» жобасы аясында студенттер мүгедек жандар мен қарттар үйіне, балалар үйіне тұрақты барып, өз қолғабыстарын көрсетіп келеді.

Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары Қ.Жұмашев, мемлекеттік мекемелердің, үкіметтік емес ұйымдардың, бизнес құры-лымдардың, аймақтық БАҚ өкіл-дері, Yessenov University-дің (YU) басшылары, оқытушылары, студенттері, барлығы 350-ден астам адам қатысқан іс-шара аясында Маңғыстау облысы ҚХА-ның Волонтерлер қозғалысы орталығының ашылуы, ҚХА ка-федрасының құрамындағы «Қоғамға қызмет» инновациялық оқу-әдістемелік орталығының қызметімен таныстырылымы өтті. «Қоғамға қызмет» пәні бойынша орындалған волонтерлік қызметтің әртүр-лі бағыттарындағы студенттік жобалардың көрмесі ұйымдастырылды. Студенттер өз жұмыс-тарымен таныстырып, болашақ жоспарларымен бөлісті.

Салтанатты жиын Н.Жантөрин атындағы облыстық музыкалықдрама театрының Сабыр Адайдың «Он сегіз мың ғалам және ксенофобия дерті» шығармасына негізделген әдеби қойылымымен ашылып, қатысушыларға «Қоғамға қызмет» орталығының жұмысы туралы бейнеролик көрсетілді [2].

Аймақтағы волонтерлер қозғалысының дамуына, «Қоғамға қызмет» жобасына қолдау көр-сеткен адамдарға ізгіліктің, рухани келісімнің гуманистік мұраттарына жасаған қызметтері үшін алғыс хаттар берілді. Мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған спорт кешенінің, даму мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған №3 арнаулы әлеуметтік

қызметтер көрсету орталығы тәр-биеленушілері студенттер-мен бірлесе өнер көрсетіп, соңы «Маңғыстау волонтерлері» атты мерекелік флешмобпен аяқталды.

Жақсылық отқа күймес, суға батпас
Гаухар тас жарық қылмай жерде жатпас
Қолдан келсе етіңіз жақсылықты

Жақсылық еткендер жаман таппас..Біз студенттер осы екі жылдың ішінде қаншама жарымжан және жабырқау жандардың жанынан табылып, қолтығынан демеп, көңіліне қуаныш сыйладық десеңізші?! Жастардың елжұртына қайырымды болуы, қоршаған ортаға жылышырай жанашырлықпен қарауы басты қажеттілік, басты қуаныш.

Осындай бізге мүмікндік берген қоғамға қызмет пәніне алғысымз шексіз.Тәжірбие жүзінде көрген білгеніміз өмірде жақсы тұлға болып қалыптасуымзға үлкен үлес қосатынына сенімдімін.Бізге қайрымдылық жасауды ғана емес өмірдің сан қиыл тұстары барына қандай жағдайда болмасын бой түзеп нақты қадам берекелі іс бастауға үйретті [2].

Көздеріи ашық көкірегі ояу қоғамға адал ниетімен қызмет ететін жақсылық жасауда көмегін аянбайтын жастарымыз көп болсын.!

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Берік Ахметов., Қоғамға қызмет – ізгілік қасиет// https://egemen.kz/
2. Берік Ахметов: «Қоғамға қызмет» пәнін енгізу арқылы жастарға рухани серпін беруімізге болады// http://turaninform.kz/

ӘОЖ 364.4(045)

АДАМИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН ЕРІКТІЛІІКТІҢ ҰШТАСУЫ - ЕЛ БОЛАШАҒЫНЫҢ АЛТЫН ДІҢГЕГІ

Қазихан М.Ж.
Ғылыми жетекшісі: Жантілеуова Ж.О.
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Волонтерлік қызметтің мағынасы мен міндеті жайлы қарастырылды. Сондай-ақ студенттердің еріктілікке көз қарасы мен перспективалары туралы ой қозғалды. Ел басының шешімі,негізгібағыттары, тәжірибе және мүмкүндіктер мен даму үдерістері қарастырылды. Адами құндылықтарды ұлықтап,еріктілік болашағымыздың алтын діңгегі және кепілі екендігін дәлелдедік.

Түйінді сөздер: Волонтер, ел басы ұстаған тәжірибе, құндылықтар, фонд, Probono - кәсіби еріктілік.

Еріктілік дегеніміз адамның өз еркімен ақысыз көмек көрсетуі. Көп елдерде еріктілік жұмыс қатарына қосылады, өйткені волонтер өзінің уақытын бөліп, білімін іске асыра отырып тегін жұмыс істейді. Еріктілікпен ұйымдар арқылы, ынталы топтар немесе жеке де айналысуға болады.

Қазақстан–жас әрі жастардың мемлекеті! Жастарымыз–дамудың қозғаушы күші. Барлық мемлекеттік органдардың міндеті – жастардың өзін өзі жақсы танытуына жағдай жасау және олардың оң бастамаларына қолдау көрсету, – деді Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Тоқаев. 2020 жыл елде «Еріктілер жылы» деп жарияланды.Сондықтан Қазақстанда еріктілер қозғалысы дамудың жаңа кезеңіне түсті . Сондай ақ өз Жолдауында қоғамды нығайтуда еріктілердің орны ерекше екенін атап өтті. Биылғы Волонтер жылында көптеген ауқымды жоба қолға алынды. Осы арнайы кеңседе өте маңызды

бастамалар жүзеге асады деп сенім білдірді [1].

Игі іспен айналысу, адамдарға жақсылық жасау – халқымыздың көне заманнан келе жатқан дәстүрі. Қайрымдылық , қол ұшын созу – кез келгенді құдайы қонақ деп қабылдайтын, асарлатып текемет басатын, үй тұрғызатын қазақтың қанына сіңген қасиеттер. Бұл бүгінде заманның көшіне еріп, талабына сай түрленіп, волонтерлік деген атауға ие болғандай. Ал волонтер сөзі әлемде алғаш рет 1600 жылы қолданылыпты. Соғыс кезінде майданға өз еркімен сұранып барғандарды солай атаған көрінеді. Кейін келе барлық салаға өз бетімен, ешбір қайтарым күтпей жұмыс істеуді қалайтындарға осы теңеу таңылды Біз осы дәстүрді сақтап қалуымыз керек. Себебі біреуге қол ұшын созып, қолдау көрсету – қанымызға сіңген қасиет. Оның жаһандық дамуға тигізер үлесі зор. Әлемдік ЖІӨ 2,5 пайызы – еріктілер еңбегінің нәтижесі. Көптеген елде ерікті болу қалыпты жағдай, үлкен құрмет саналады .Жұртшылық оларды сыйлайды – деді Мемлекет басшысы. Сол арқылы Ол шетелдік тәжірибені үлгі етті. Мысалы, Франция халқының жартысына жуығы волонтер атанған. Германия мен Жапонияда ерік-тілердің саны жылдан-жылға көбейіп келеді. Біз де осындай деңгейге ұмтылуымыз керек. Азаматтарымыз өзгеге көмек көрсетуден аянып қалмауы керек . Осы арқылы қоғамда әлеуметтік жауапкершілікті арттырамыз. Ел басымыз Волонтер жылына орай Үкімет алдына бір-неше міндет қойды. [2]

Біріншіден , қазақстандықтар жаһандық және өңірлік мәселелерді шешуді мақсат ететін халықаралық еріктілер бастамасына белсенді тартылмақ. 116 елден 20 миллионнан аса адамды біріктіретін World Clean up Day экологиялық науқанына, БҰҰ, ЮНИСЕФ, AIESEC ерікті-лер бағдарламасына және бас-қасына қатысу әртүрлі мемлекет-тердің тәжірибесімен танысуға және елге үздік волонтерлік тәжі-рибені енгізуге мүмкіндік береді.

Екіншіден, еріктілерге жан-жақты қолдау көрсетіледі, оларға арнайы жеңілдіктер ұсынылады.Мысалы, енді волонтерлік жұмыс еңбек өтілі болып есептеледі. Сондай-ақ волонтер студенттерге қосымша стипендия беріледі немесе пән кредиттерін жабуға рұқсат етіледі. Осы салада жұмыс істейтін ҮЕҰ-ларға қаржылай көмек бе-ріледі. Әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруға 400-ден астам шағын грант бөлінеді. Әр гранттың құны 300 мың теңге көлемінде. Әкімдерге де жергілікті бюджеттен қосымша гранттар бөлу жүктелді.

Үшіншіден, қозғалыстың белсенді дамуына қолайлы жағдай жасалады. Бұл ретте барлық өңірде Еріктілер бағдарламалары мен жобаларын үйлестіру және мониторингтеу жөніндегі кеңсе ашылды. Кез келген адам соған жүгініп, өз идеясын, нақты жобасын ұсына алады. ЖОО, колледждер мен мектептерде волонтерлер бірлестігі құрылады.

Төртіншіден, корпоративтік волонтерліктің өркендеуіне салмақты серпін беріледі, барлық жобалар мемлекеттің және бизнестің тығыз әрекеттесуі арқылы іске асырылады. Мемлекет шенеуніктерге, ұлттық компаниялар мен ком-муналдық кәсіпорын қызметкерлеріне осы бағытта үлгі көрсе-туді тапсырды. Олар апта сайын бірнеше сағат бойы әртүрлі салада қоғамға тегін көмек көрсетуі шарт.

Бесіншіден, еріктілер еліміздің рухани әлеуетін арттыруға үлес қосуы керек. Мәдениетімізді дамытпай, өсіп өркендеу мүмкін емес. Мәдениет және өнер саласындағы жас таланттар арқасында Қазақстан күллі әлемге танылады. Үкіметке осы бағытта жүйелі жұмыс жүргізу міндеті қойылды. Яғни, ойы ұшқыр, дарынды аза-маттарды барынша қолдау қажет. Сонда мәдениетімізді жаңа белеске көтерер буын қалыптасады [3].

Волонтерлік қызметті ілгерілету мақсатында тек қана оқушы жастар ғана емес біз секілді студенттерде тартылды. Сондай -ақ жоғары оқу орнымның бастамасы мен қоғамға қызмет пәні енгізіліп, еліміздің барлық жоғары оқу орнында жүйелі түрде оқытыла бастады. Сабақтан алған мәліметтерді тәжірибе жүзінде қарастыру көзделді. Жалпы алғанда еріктілік кең ұғым, бұл қолдау,бұл балалар үйі,экология,асыраушысы жоқ және мүмкүндігі шектеулі жандар, психотерапия мен донерлік орталықтар және тағы басқа мекемелер. Сондай-ақ мен және менің серіктерімнің таңдау жолы Pro bono -еріктіліліктің

түрі болып табылады. Яғни біз бір компанияға жұмыс істеу арқылы,қоғамдық қорға өз саламыз бойынша маман ретінде көмектестік. Біздің саламыз болашақ мамандығымыз бойынша,тәжірибелік тұрғыда жүргізілді. Бастапқыда Ақтау қаласындағы мүмкүндігі шектеулі жандар үшін жұмыс істейтін Луара фондының жетекшісі Лаура Асыровамен кездесіп, жұмыс барысын түсіндік.Шағын топ құрып, Ақтау қаласындағы мемлекеттік мекемелерге және адам көп шоғырланатын орталықтарға бақылау жүргіздік. Бақылау барысында объектінің мүгедектер үшін тиімді не тиімсіз екенін анықтадық. Анықтау барысы екі беттік қағаз және өлшем құралдары арқылы жүргізілді. Жұмыс барысында біз болашаққа қажетті мәліметтер жинақтап қана қоймай ,практикалық тәжірибеде жүзеге асырдық. Сонымен қатар көптеген қателіктер мен ұқыпсыздықтың аражігін ажыратып, оның мүгедектердің өміріне одан сайын қолайсыздық және қауіп қатер тудыратынын түсіндік. Яғни біз болашақ құрылысшылар алдымызда үлкен жауапкершілік тұрғанын және әрбір қазақстандықтың өмірі біздің қолымызда екендігіне көзіміз анық жетті. [3]

Қортындылай келе Волонтерлікті халқымыздың өмір салтына айналдыруымыз керек. Оны тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі және болашақ сипаты ретінде дәріптеуіміз қажет. Еріктілердің бойындағы қайрат-жігер әр азаматты ынталандыруы тиіс. Бұл – өркениетті елдің және зор жауапкершіліктің белгісі. Волонтер болу – жүректің ісі, яғни, шынайы ниеттің көрінісі. Біз қолға алған жұмыстың барлығы адами құндылықтармен үйлескен волонтердің дәл осындай мейірімділіктің жарқын үлгісі боларына сенемін. Сонымен қатар мақаламды Ұлы Абайдың «Қарекет қыл, пайдасы көпке тисін» деген ұлағатты сөзімен аяқтаймын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ерікті болу – ерлік. //aikyn.kz/qazaqstan
2. Еріктілерге ерекше көзқарас қжет. //egemen.kz/
3. И.А.Потапова Г.Р.Джумагалиева “ Волонтерское движение:прошлое и настоящиее”

УДК 304.44

РЕАЛИЗАЦИЯ ПРОЕКТА «СОЦИАЛЬНЫЙ СТУДЕНЧЕСКИЙ КРЕДИТ» (НА ПРИМЕРЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ СТУДЕНТОВ YESSENOV UNIVERSITY)

Мендигазиева С.К.
Научный руководитель: Каюпова Ф.М.
Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга
им. Ш. Есенова, г.Актау

Аннотация. Данная статья посвящена теме волонтерства, его роли в жизни общества. В статье анализируются вопросы влияния волонтерской деятельности на решение социальных проблем. Рассмотрен процесс реализации проекта «Социальный студенческий кредит» на примере деятельности студентов Yessenov University.

Структура статьи содержит аннотацию, ключевые слова, вводную, основную и заключительную части и литературу.

Ключевые слова: волонтер, молодежь, волонтерская деятельность, проект «Социальный студенческий кредит».

Наше время, включая 2020-й год, известный как Год волонтера, дарит людям, в частности студентам казахстанских вузов, возможность реализовать свой потенциал в благотворительном векторе, направленном на помощь социально-уязвимым слоям общества [1].

В Казахстане реализуются большое количество социальных проектов для молодежи. Так, осенью 2019 года Министерством образования и науки Республики Казахстан был запущен проект «Социальный студенческий кредит». Данный проект был разработан для студентов с целью развития волонтерской деятельности. Работа осуществляется на площадках организаций, определенных МИО. Так, студенты YU совместно с организацией «Мы люди-Мы вместе» оказывают социальную поддержку уязвимым слоям населения в наше непростое время. Молодежь оказывают помощь в организационных вопросах, в приготовлении и раздаче еды врачам, медицинскому персоналу, престарелым людям, а также лицам, не имеющим постоянного места жительства.

Студенты-волонтеры были одобрены на единой онлайн-платформе организацией «Мы люди-мы вместе», руководителем которой является Досмухамбетов Имангазы Ибатович.

Рисунок 1- Логотип ОФ «Мы Люди-Мы Вместе»

С момента вступления в группу волонтеров от университета им. Ш.Есенова, студенты занялись общественно-полезной деятельностью. Целевая аудитория ориентируется на такие социальные категории населения, как пожилые люди, неспособные самостоятельно себя обеспечивать; медицинский персонал, на чьей ответственности благосостояние здоровья граждан; лица, не имеющие постоянного места жительства. Ежедневно, студенты оказывают помощь в приготовлении, раздаче продуктов питания и горячих обедов для вышеупомянутых категорий населения. Кроме того, студенты-волонтеры принимают активное участие в благотворительных акциях. К примеру, ко Дню Международного женского дня был организован ряд мероприятий. 7 марта волонтеры приняли участие в акции «Поздравительная открытка», в рамках которой студенты поздравляли бабушек согласно предоставленным адресам и дарили подарки.

До объявления чрезвычайного положения, на постоянной основе была организована работа благотворительных ярмарок, где принимали участие все активные и неравнодушные граждане, которые каждый день приносили одежду, игрушки, материалы для хозяйства и т.д. Данный пример общественно-полезной работы студентов-волонтеров иллюстрирует положительное влияние социальных проектов на решение социальных проблем.

Отдельную благодарность в данной статье хочется выразить представителям организаций, которые поддерживают подобные проекты и принимают активное участие в их реализации. Они доверяют выполнение работы нам, студентам, которые еще не имеют полноценного опыта, но у которых есть по моему мнению, самое главное - желание делать добрые дела во благо нашего государства.

Таким образом, волонтерство является одним из важнейших средств формирования социальной активности молодежи и не ограничивается формальной работой. Волонтерская деятельность вдыхает жизнь в каждого причастного к процессу человеческого единения.

И в завершении хотелось бы процитировать слова из песни The Smiths – There' a light that never goes out, что в переводе означает «Этот свет никогда не погаснет». Этот свет, который несет дух волонтерства.

ЛИТЕРАТУРА

1. В Казахстане 2020 год объявлен Годом волонтера./ Журнал. Текст. URL: https://kursiv.kz/

ӘОЖ 304

ВОЛОНТЕРЛІК – ЕЛГЕ ЕРІКТІ ҚЫЗМЕТ

Мұқанов Б.А.
Ғылыми жетекшісі: Сагиндикова А.К., аға оқытушы
Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қ.

Аңдатпа. Ерікті дегеніміз - арнайы бір мақсатта құрылған ұйымдарға өз еркімен мүше болатын адамдар. Волонтер болу – жүректің ісі, яғни, шынайы ниеттің көрінісі. Волонтерлік іс - қызметтердің кең ауқымдылығы мен ішіне өзара көмектің дәстүрлі пішіндерін және өзіне деген көмектің арттыруы болып келеді. Волонтерлікпен айналасатын адамдарды волонтер деп атайды.

Түйінді сөздер: волонтер, жеке тұлға, әлеуметтік, қайырымдылық, позиция, патриот, университет, колледж.

Қазақстан Республикасында 2016 жылы 22 желтоқсанда «Еріктілер қызметі туралы» Заң қабылданды. Мақсаты – жеке тұлғаларға, кәсіпорын мен компанияларға, әлеуметтік топтарға көмек көрсету, қоршаған ортаны қорғау, азаматтық позицияны қалыптастыру, өзін-өзі ұйымдастыру, әлеуметтік жауапкершілік, өзара көмек көрсету және қоғамда қайырымдылық жасау болып табылады. Заңда волонтерлік қызметтің құқықтық негіздерін, мақсаттары мен міндеттерін, қағидаларын, нысандары мен түрлерін, сондай-ақ оны қолдау шаралары белгіленген.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылды «Еріктілер жылы» деп жариялады. «ҚР Президенті ретінде мен әрқашан волонтерлардың қозғалысын қолдайтынымды жеткіземін. Сондықтан Сіздердің келесі жылды Волонтерлар қозғалысының жылы деп жариялау туралы ұсыныстарыңызды толығымен қолдаймын. Еріктілер - жаны таза адамдар. Олар - елдің шынайы патриоты, сол үшін де құрметім шексіз. Белсенді азаматтық ұстанымдарыңыз мемлекеттің дамуына айтарлықтай септігін тигізетіні сөзсіз», - деді өз сөзінде Президент.[1.3]

Ерікті (волонтер) – латынның «voluntarius» сөзінен шыққан, адамның өз еркімен, өзінің есебі арқылы қоғамдық жұмыстарға белсенді араласушы деген сөз. Ерікті дегеніміз - арнайы бір мақсатта құрылған ұйымдарға өз еркімен мүше болатын адамдар. Волонтер болу – жүректің ісі, яғни, шынайы ниеттің көрінісі.

Волонтерлік іс - қызметтердің кең ауқымдылығы мен ішіне өзара көмектің дәстүрлі пішіндерін және өзіне деген көмектің арттыруы болып келеді. Волонтерлікпен айналасатын адамдарды волонтер деп атайды. Олар ақысыз, ерікті қоғамдық жұмыс атқаратындарға жатады. Еріктілер жалғыз өзі және топ болып жұмыс істейді. [2]

Волонтерлік халқымыздың өмір салтына айналуы керек. Оны тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі және болашақ сипаты ретінде дәріптеуіміз қажет. Еріктілердің бойындағы қайрат-жігер әр азаматты ынталандыруы тиіс. Еліміздегі әр ауыл-аймақ осы маңызды жұмыстан тыс қалмайды деп сенемін. Бұл – өркениетті елдің және зор жауапкершіліктің белгісі. Сендер қолға алған жұмыстың барлығы дәл осындай мейірімділіктің жарқын үлгісі боларына күмәнім жоқ, – деп түйді Қасым-Жомарт Тоқаев. [3]

Бүгінгі таңда еліміздің түкпір-түкпірінде 200-ден астам волонтерлық ұйымдар жұмыс істейді. Әр салада, атап айтар болсақ әлеуметтік, денсаулық, білім, экологиялық

бағыт және өз-өзін дамыту салалары бойынша нақты бекітілген іс-шаралармен 10 мыңнан аса еріктілер жұмыс істейді. Басты мақсат – ерікті қызметке азаматтарды, әсіресе, жастарды тарта отырып, белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыру болып табылады.

Әлемнің дамыған елдерінде еріктілер саны 970 миллионға жетіп жығылады. Мәселен, АҚШ-та мектеп жасынан бастап балаларға «жақсылық жасау» идеясы кең таратылады. Жалпы, волонтерлікпен айналысу – АҚШ азаматының басты қасиеттерінің бірі деген түсінік қалыптасқан. Көптеген дамыған елдерде жеке адамның күші ғаламдық мәселелерді шешуге жетпегенімен, өзін қоршаған ортаны жақсарту әркімнің қолынан келетініне кәміл сенеді. Волонтерлік қызметтің болуы – үлкен жетістік болып есептеледі. Сол себепті де шетелде университет немесе колледж студенттері ерікті болуға қуана келіседі. Шетелдік тәжірибеде еріктілер жас ерекшелігіне қарай жіктелмейді және жас талғамайды. Қоғамға өзгеріс алып келемін деген кез келген адам бос уақытын волонтерлікке арнайды, жас шамалары 18-65 жастан жоғары болып табылады.

Волонтер болу - жүректің ісі, яғни шынайы ниеттің көрінісі. Жылдан-жылға еріктілер саны көбейіп, қоғамға өз пайдасын тигізіп болашақтың жарқын үлгісіне айналары сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Волонтерлік қызмет туралы» ҚР Заңы 2016 жылғы 30 желтоқсан. №42-VI
2. Ж.А. Нурбекова, Ж.У. Айдаркулова. ҚазҰУ Хабаршысы. Алматы. 2011ж

ӘОЖ 304.44

ЕРІКТІ БОЛУ-ЕЛГЕ АДАЛ ҚЫЗМЕТ

Назарбаев М.
Ғылыми жетекшісі: Жантілеуова Ж.О.
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңтатпа. 2020 жыл жастар жылының жалғасы ретінде "Еріктілер жылы" деп аталды. Жастарды белсенді волонтерлық жұмысқа тарту қажет, бірақ олар бұл қызметке оқудағы жеңілдіктер үшін ғана емес, өздерінің жүрек қалаулары мен шынайы ниетімен келуі тиіс.

Түйінді сөздер: Волонтер, сүйіспеншілікпен жұмыс, еріктілер лигасы.

Ерікті - бұл ерекше қолдау мен әлеуметтік қорғауға мұқтаж адамдарға коммерциялық емес ұйымдар мен мемлекетке өз еркімен ақысыз көмек көрсететін, жақсылығы ақша мен бағаланбайтын қоғам тұлғасы. Волонтерлық қызмет қоғамымызға елеулі еңбек етіп, артынан үлгі өнеге қалдырып, көптеген игі істердің бастаушысы. Елімізде 2020 жыл президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың жарлығымен "Еріктілер жылы"- деп қабылданған болатын[1]. Осыған орай, көптеген жастар бұл қызметке қолдау көрсеткен болатын. Волонтерлықтық пайдасы бұл тек қана халқымызға ғана емес бүкіл мемлекет үшін қызмет ету. Айта кетелік осы еріктілердің көмегімен көптеген халықаралық ірі жиындар, мерекелер, спорт додалары өткен болатын. Мысалға, Қазақстанда VII қысқы Азиада ойындары, EXPO 2017 халықаралық көрмесі, Саммит, Алматыда XXVIII универсиада ойындары, және көптеген әлемдік деңгейдегі шаралар тағысын тағы. Аталған шаралардың жақсы өтуі бірден-бір осы еріктілердің арқасы деуге болады. Бұл дегеніміз елімізде волонтерлық үлкен біртанымалдыққа айналғанның бір көрінісі. Қазақстанда волонтерлық қызмет 1993 жылы қолғаалына бастады.

Елімізде ең танымал волонтерлық ұйым "Қазақстанның еріктілер лигасы"-деп аталады. Бұл ұйым 2014 жылы құрылған болатын және барлық облыста өзіндік еріктілер орталықтары орналасқан. Ұйымның тікелей қолдауымен көптеген нәтижелі істер атқарылған болатын. Қазіргі күнде қарамағында 10000 жуық еріктілер толыққанды қызмет етеді. Қазіргі күнде "Ұлттық еріктілер" желісі бойынша әрбір 8-інші қазақстандық азамат қандай да біртүрде еріктілікке қатысады.

1. Еріктілер менеджерлері. Олар қоғаммен жұмыс істеуге, еріктілерді тартуға, директорлар кеңесінің жұмысына, жиналыстарды ұйымдастыруға және өткізуге көмектеседі.

2. Еріктілер көмекшісі. Осындай еріктілер бір адамға байланысты емес, көмекке мұқтаж адамға үнемі емес, қажет болған жағдайда ғанакөмектеседі. Көбінесеолараптасынабірретжұмысістейді. Егер олар ұйымда жұмыс істесе, олар тіркеуші, хатшы, телефон операторы, тазалаушы, күзетші, қызметші және т.б. функцияларын орындай алады; олар үйде жұмыс істей алады, мысалы, хат алмасу, мейірбикенің рөлін ойнау, түрлі құжаттарды басып шығару, тамақ пісіру, пәтерді тазарту.

3. Еріктілер. Тікелей көмек. Олар «клиент - ерікті» қағидаты бойынша жұмыс істейді, яғни көмекке мұқтаж адаммен бір-бірінен тыс, ешқандай көмексіз жұмыс істейді және бұл олардың көпшілігіне үлкен рахат сыйлайды [3].

Еріктілік – бұл жас талғамайды, қоғамның кез-келген өкілі айналысуға толыққанды мүмкіндігі бар. Оған дәлел қазіргітаңда жасы үлкен азаматтарымыздың саны артып, волонтерлық жолда белсенді әрекет етіп жатқанның бір көрінісі. Яғни айтқанда еріктілік – бұл жұмыс. Қарапайым жағдайда төленетін қызметті ғана қарастыруға болады. Бастапқыда еріктілерді тек қана «ерікті әскери адамдар» деп атады. Италияда, Францияда, Англияда және Германияда сексен және отыз жылдық соғыс кезінде әртүрлі билеушілер жаңа аңшыларды өздерінің туының астымен күресуг ешақырды, бірақ көбінесе әскерлерді қолдауға , олар тек атақ пен әскери олжа ғана олардың сыйақысы болады деп ұйғарды. Бұл көпшілік үшін жеткілікті болды: 17-ші ғасырда француз волонтарийі, итальяндық волонтарио, неміс волонтаир, ағылшын волонтерлері бір уақытта дерлік пайда болды. Еріктілердің жұмысы ақы төленбейді, бірақ жұмысты ұйымдастырушылар ерікті негізде салық салынбайтын ерікті медициналық сақтандыру үшін жол жүру, тұру, тамақтану, жеке қорғаныс құралдары мен сақтандыру сыйлық ақыларын төлей алады. Волонтерлар тек қана үйретушілер емес, олар тәжірибе, арнайы дағдылар мен білім алу үшінжұмыс істей алады, жеке байланыстар орната алады.

Еріктілердің белсенділігі – бұл көбінесе ақылы жұмысқа жол, әрқашан өзін дәлелдеуге және дәлелдеуге, әртүрлі қызмет салаларында өзін сынап көруге және өмір жолын таңдауға мүмкіндік бар. Неліктен адамдаре ерікті болып, осы аймақта қалады? Біріншіден, себептер адамдар мұқтаж адамдарға жан-жақты көмек көрсеткісі келеді, сонымен қатар әлеуметтік және мансаптық себептер: қатысушылар өздерінің әлеуметтік шеңберін кеңейтуді, пікірлестерді табуды және кәсіби дағдыларды игеруді қалайды. Алайда психологтар еріктілердің жобаларына қатысу себептері біртектес емес екенін және көбінесе іс-әрекеттің сипатына, еріктілердің жасына, жобаларға қатысу ұзақтығына және т.б. байланысты екенін айтады. Қорытындылай кеткенде "Қызмет көрсету, ынтымақ және бірігіп осы әлемді жақсарта аламыз"-деген сенім еріктілердің жүрегінде жиналады! Еріктілік – бұл «Сүйіспеншілік пен көмектесу». Бұл сіздің де қолыңыздан келеді, бірге атсалысайық!

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қармақшы таңы.Еріктілер туралы жазбасы //qarmaqshy-tany.kz
2. Еріктілер еншісінде – ерен мақсат. Ortalyq.kz
3. Ерікті болу – ерлік. Egemen.kz

ӘОЖ 364.4(045)

ВОЛОНТЕРЛІК ҚЫЗМЕТТІҢ ШЕТ ЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ

Онгайбаева М.
Ғылыми жетекші: Бағдатұлы М.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Шет елдерде ерікті болу құбылысы ерте заманнан- ақ қарастырылған. Мақалада келесі аспектілер зерттеледі: волонтерліктің шығу тарихы, оны құқықтық реттеу, әлемнің және Еуропаның дамыған елдерінің волонтерлік туралы тәжірибесі, сондай-ақ халықаралық волонтерлік бірлестіктерінің қызметі. Талдау нәтижесінде әлемдік тарихта, Ресейдегі сияқты христиандық ілімдер еріктілікке әсер етті, бірақ әлеуметтік өмірдің бір бөлігі ретінде ол 19 ғасырда басталды деген қорытындыға келеміз.Шетелде еріктілік БҰҰ құжаттарынан бастап, Еуропаның әртүрлі мемлекеттерінде заң бойынша қарастырылған. Қазіргі уақытта әлемде БҰҰ мен ЮНЕСКО қамқорлығымен жұмыс істейтін жаһандық рөл атқаратын бірқатар халықаралық еріктілер бірлестіктері жұмыс істейді.

Түйінді сөздер: волонтер, БҰҰ, әлем, жастар, қайырымдылық, клубтар, тәжірибе.

Волонтерлік идеяларының дамуы әлемдік тарихта үлкен рөлатқарды. Себебі мейірімділік және жақынына деген жанашырлық бұл ғаламда өте маңызды қасиеттердің бірі.Кейбір мемлекеттерде жалпыға бірдей шақыру енгізілгенге дейін ерікті қызмет ету жүйесі әскер қатарына шақырудан басталды(мысалы, Бірінші дүниежүзілік соғысқа әскери шақырту)[3].XIX ғасырдың екінші жартысында көптеген мемлекеттерде армия құрамымен қамтамасыз ету еріктілер жүйесінің құралы ретінде маңыздылығын жоғалтты және әлеуметтік қызмет ретінде еріктілік идеясы қалыптаса бастады.Еріктілік әлеуметтік құбылыс ретінде АҚШ-та пайда болды, сол жерде XIX ғасырда волонтерлер түрлі коммерциялық емес ұйымдардың жұмыс істеуін қамтамасыз етті.

1920 жылы Еуропада ынтымақтастық пен өзара көмек құндылықтары жандана бастады. Сол жылы жазда Австриядан, Англиядан, Германиядан және Швециядан келген волонтерлер тобы миллионнан астам адамның өмірін қиған Бірінші дүниежүзілік соғыс шайқасында жойылған Вердун (Франция) маңындағы елді мекенді қалпына келтіру үшін жиналды.

Адамзат тарихындағы осы алғашқы халықаралық еріктілер лагері болып есептелінеді, бүгінгі күнге дейін алғашқы еріктілер лагері үздіксіз қызмет етуде. Оның атауы- Азаматтық Интернешнл (SCI) деп аталады. Содан бері волонтерлік күшейіп, бүкіл әлемде танымал бола бастады. 1934 жылы SCI Үндістандағы кедейлерге көмектесу үшін еуропалық волонтерлік қызметтің жаңа салаларын жіберді. Бұл команда Британдық Волонтерлер Бағдарламасы сияқты ұйымдардың бастаушысы болды және сонымен бірге заң жүзінде мақұлданды. Волонтерлік туралы бірінші құжат 1948 жылы Бас Ассамблеяның үшінші сессиясында қабылданған Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясын атап өтуге болады: "Әр адамның қоғам алдындағы міндеттемелері бар, онда ерікті қызметтің еркін және толық іргелі рөлі болуы мүмкін».Азаматтық қоғамды құру үшін ұзақ мерзімді волонтерлік іс-қимылдар жасайтын ресми топтар қажет. Бұл ұйымдар өз кезегінде БҰҰ еріктілер бағдарламасынан бұрын болды. БҰҰ-да Еріктілік Декларацияның 29-бабы"[2]. Еріктіліктің азаматтық қоғам құрудың іргетасы ретіндегі рөлін анықтайтын негізгі қағидаттар - Жалпыға ортақ еріктілік декларациясында тұжырымдалған. Еріктілердің Жалпы Декларациясы Халықаралық Волонтерлер қауымдастығының 16-шы дүниежүзілік конференциясында қабылданды (Амстердам, 20 қаңтар, Халықаралық еріктілер жылы).

Волонтерлік адамзаттың бейбітшілікке, бостандыққа, қауіпсіздікке, әділеттілікке және барлық адамдар үшін қызмет етуін жүзеге асыратын ұмтылысын білдіреді. Жастар саясатын жүзеге асыруда және оқу процесін алға жылжытуда еріктіліктің рөлі ерекше атап өтілген[1]. Волонтерлерді (еріктілерді) қолдау жөніндегі ұсыныстарды қамтитын келесі маңызды құжат - БҰҰ Бас ассамблеясының 56 сессиясында 2002 жылы 10 қаңтарда қабылданған .(БҰҰ-ның A/RES /56/38 қарары). Бұл құжатты қабылдау еріктіліктің, оның ішінде дәстүрлі өзара көмек пен өзін-өзі көрсетудің, қызметтерді ресми түрде көрсетудің және азаматтық қатысудың басқа да нысандарын, қоғамның және бүкіл қоғамның мүддесі үшін әлеуметтік-экономикалық дамуға қосқан құнды үлесін халықаралық қауымдастықтың мойындауына негізделген [1].

Еріктілік негіздегі жұмыс кез-келген стратегияның маңызды бөлігі, атап айтқанда, әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталады. Бұл құжатта ұлттық үкіметтердің волонтерлікті мемлекеттік қолдау шаралары туралы ұсынымдар берілген.

Волонтерлік қызметті құқықтық реттеу- волонтерлерді қорғауды қамтамасыз ету және оларды қызметкерлерден ажырату үшін қажет. Волонтерлер тікелей немесе жанама түрде еңбек, салық салу және азаматтық-құқықтық жауапкершілік туралы заңдарға бағынады. Әр ел өзінің әлеуметтік, мәдени және экономикалық жағдайларына байланысты еріктілердің қызметін реттеудің өзіндік моделін табуы керек. Бұл тұрғыда көптеген Еуропа елдерінде және АҚШ-та заңдар мен мемлекеттік бағдарламалар бар екенін атап өткен жөн. Бұл нормативті-құқықтық актілер еріктілердің мүмкін ұйымдастырушыларын, қатысушылар үшін жеңілдіктердің түрлері мен салаларын, мемлекеттік департаменттер мен еріктілер ұйымдарының арасындағы қатынастарды реттейтін қағидаттар мен критерийлерді, сондай-ақ «Ерікті әлеуметтік жыл» Германия мемлекеттік бағдарламасының шарттарын сипаттайды.2009 жылғы 21 сәуірде Америка Құрама Штаттарында американдықтардың еріктілік және қоғамдық қызмет ету мүмкіндіктерін айтарлықтай кеңейтетін «Серв Америка» заңы енгізілді[1]. Американың волонтерлік қызмет көрсету туралы заңы 1993 жылы құрылған федералды агенттік «Волонтерлар және халыққа қызмет көрсету корпорациясы».Корпорация жыл сайын

"Оқы және Америкаға қызмет ет" бағдарламасы арқылы 4 миллионға жуық американдықты зейнеткерлерді және студенттерді әр түрлі жұмыс орындарымен қамтамасыз етеді. Алдағы уақытта бұл агенттік корпорацияға 2,2 миллион қоғамдық волонтерлер қосылуын жіті қадағалап, жоспарланып жатыр. Шет елдердің тәжірибесі көрсеткендей, олардың көпшілігінде волонтерлер қызметі заң жүзінде реттелген және мемлекет тарапынан жан-жақты қолдау көрсетілген. Еріктілерге барлық артықшылықтарды беретін жеке заңдар бар: сақтандыру, құқықтық қорғау және басқалар. Еуропада, Америка Құрама Штаттарындағыдай, еріктілердің жұмысы ересектерге теңестіріледі.Америка Құрама Штаттарының волонтерлік туралы тәжірибесі мол. Бұл елдегі еріктілер қозғалысының шыңы 30-жылдары байқалды. XX ғасыр Азаматтық қорғау корпусы(Civilian Conservation Corps)(CCC) еріктілер ұйымын президент Франклин Рузвельт жұмыссыздықты азайту үшін құрды.Оның бұл ұйымын 9096 адам қолдады. Қазіргі уақытта Америка Құрама Штаттарындағы еріктілердің ең белсенді және көптеген өкілдері зейнеткерлер болып табылады. Олардың 24,6% -ы еріктілер қозғалысына қатысады, бұл Америка Құрама Штаттардағы барлық еріктілер санының жартысынан астамын құрайды. Америка Құрама Штаттарында еріктілік ретінде діни және зайырлы көптеген коммерциялық емес ұйымдар қызмет етеді, олар адамдар үшін тегін ауруханалар, мектептер, тұрғын үйлер жоқ адамдарға тұрғын үйлер тегін беріледі [4]. Еуропадағы волонтерлік қызметке қатысты жағдай бұдан кем емес. Қызметтің бұл түрі бұрыннан ІЖӨ-нің 3-тен 15% -на дейінгі экономикаға түрлі қызмет түрлерін әкелетін әлеуметтік қызмет ретінде қарастырылып келді [4]. Еріктілік Францияда, Нидерландыда, Канадада, Жапонияда және басқа да көптеген елдерде кеңінен таралған.

Бүгінгі таңда халықаралық мәртебеге ие жүздеген ерікті ұйымдарды санауға болады. Атап айтқанда, олардың кейбіреулері ЮНЕСКО, БҰҰ қамқорлығымен жұмыс істейді.

Сіз әскери қақтығыстар, экологиялық, гуманитарлық апаттардан зардап шеккен аудандарда олардың еріктілерін кездестіресіз. Олар құрылыс жұмыстарын жүргізеді, гуманитарлық, медициналық және психологиялық көмек көрсетеді, босқындармен, АИТВ жұқтырған адамдармен, балалармен және мүгедектермен жұмыс істейді, білім беру бағдарламаларына қатысады.

Шетелдік волонтерлерді "волонтерлер лагері" деп аталатын халықаралық алмасудың кең таралған тәжірибесі бар. Қазіргі уақытта ЮНЕСКО жанындағы Үйлестіру кеңесі біріктірген әлемнің 5 елінің ұйымдары жыл сайын 500-ден астам халықаралық жастар еңбек лагерін өткізеді.Әр еріктілер лагерінің жұмысының мақсаты - елге (қалаға, ауылға) кез-келген жобаны жүзеге асыруда көмектесу. Олар әсіресе АҚШ, Англия, Германия, Испания, Франция, Финляндия, Швейцария және басқа елдерде танымал.

Оқушылар, университет профессорлары, әр түрлі мамандықтағы адамдар волонтерлік қозғалысқа қатысады, олар бірақ демалыстарын белсенді өткізуді емес, басқалардың пайдасы үшін қатысады.Волонтерлік лагерлер әртүрлі сипатта болуы мүмкін: қоршаған орта (ормандарды, өрістер мен өзендерді тазарту, ағаш отырғызу), археологиялық, қалпына келтіру, жөндеу, ауылшаруашылық (фермалар мен егістіктерде жұмыс істеу, фермерлер фестивалін ұйымдастыруға көмектесу), әлеуметтік (балалармен жұмыс, қамқорлық ауру және мүгедек) және басқалар. Әрине, қызметтің бұл түрі экономикалық пайда әкелмейді, бірақ қабылдаушы елде моральдық қанағаттану мен көптеген жағымды әсерлерге кепілдік бере алады.

Қазіргі уақытта әлемде волонтерлік қағидаттың жаһандық масштабта жұмыс істеуінде шешуші және ғаламдық рөл атқаратын бірқатар халықаралық волонтерлік бірлестіктері бар. Біз олардың кейбіреулеріне мысалдар келтіреміз (кестені қараңыз)

Халықаралық волонтерлік бірлестіктер. SCI (Service Civil International) - 1920 жылы құрылған Халықаралық еріктілер ұйымы бүкіл әлем бойынша 33 бөлімшеге ие. Оның міндеттеріне бейбітшілік, халықаралық өзара түсіністік пен ынтымақтастық, әлеуметтік әділеттілік пен қоршаған ортаны қорғау идеяларын ілгерілету кіреді. SCI негізгі қызметі халықаралық волонтерлік жобаларды, семинарларды, қысқа, орта және ұзақ мерзімді әскери бағдарламаларды, білім беру тренингтерін және халықаралық алмасуларды ұйымдастыруға бағытталған.

AllIANCE (Alliance of European Voluntary Service Organizations) - 1982 жылы құрылған Еуропалық волонтерлік ұйымдардың альянсы халықаралық ынтымақтастық, бейбітшілік және өзара түсіністік идеяларын ілгерілететін қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді волонтерлік жұмысшы ла - герейлерді біріктіруге мамандандырылған еуропалық Ұлттық волонтерлік ұйымдардың үйлестіру орталығы болып табылады.

ICYE (International Cultural Youth Exchange) - ICYE Федерациясы 1949 жылы өз қызметін бастады. Халықаралық өзара түсіністік пен бейбітшілік үшін жастар волонтерлік белсенділігін алға жылжытудағы ICYE миссиясы. Жаһандық білім беру және интермәдениетті тәрбие-балалармен, қарттармен және мүгедектермен жұмыс істеу бойынша ICYE бағдарламасының екі негізгі принципі; балалар орталықтарын, экологиялық жобаларды ұйымдастыру бойынша [1].

YAP (Youth Action for Peace) - Жастар Халықаралық ұйымы өз қызметін 1923 жылы бастады, елдер арасындағы бейбітшілік пен ынтымақтастық идеяларын алға тартып, әскери қақтығыстарға қарсы белсенді әрекет ете бастады. YAP 15 елде бөлімшелері бар және саяси белсенді жастарды ерікті қозғалыста біріктіреді. YAP волон - терге қарсы жобаларды, пациент семинарларын және тренингтерді ұйымдастырумен, әскери конк - фликтерді зорлық - зомбылықсыз шешу әдістерін әзірлеумен, босқындармен, әлеуметтік

қорғалмаған топтармен жұмыс істеумен, Саяси партиялар мен ұйымдар арасында әскери және бітімгершілік идеяларын қолдаумен айналысады [5].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жалпыға ортақ еріктілік декларациясы, 2001. //URL: http://www.kdobru.ru/

2. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы, 1948 ж. //URL: http://www.un.org

3. Козлова М.В. Еріктілік (еріктілік) бойынша сауалнамалық материалдар //Орталық әкімшілік округтің №5 кітапханалық жүйесі 2012 жыл.

4. «Невский періште» қайырымдылық ұйымының ресми сайты (Microsoft Office Power Point-та презентация) [Электрондық ресурс]. //URL: http://www.kdobru.ru

5. Халықаралық волонтерлік бірлестіктер//URL: http://www.svr.pnzgu.ru

ӘОЖ 364.4 (045)

ЕЛІМІЗДЕГІ ВОЛОНТЕРЛІК ҚЫЗМЕТТІҢ ДАМУЫ МЕН БАҒЫТТАРЫ

Тоқбаева Л.Қ.
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Волонтерлік қызметтің рөлі мен маңызы; негізгі жүзеге асыратын бағыттары; қазіргі кезде волонтерліктің деңгейі, жас кәсіпкерлердің еріктілікке деген көзқарастары айтылады. Сондай-ақ, жастарды волонтерлікке тарту үшін жасалып жатқан шаралар баяндалады.

Түйінді сөздер: Волонтерлік, жастар, қоғам, әлеуметтік жағдай, көмек.

Қайырымдылық жасасаң,

Қайырын өзің көресің, — дейді қазақ халқы. Қайырымдылық-адамзат бойындағы ерекше бір қасиет болып саналады. Қайырымдылық ізгіліктің, адамның адамға деген таза ниетін, адамгершілік қарым-қатынасын көрсететін адамдардың бір-біріне деген сүйіспеншілігі мен көмегі.

Қазіргі таңда елімізде түрлі іс-шаралар мен акциялар, қайырымдылық қорлары арқылы қол ұшын созатын ізгі жандар көбейіп келеді. Қайырымдылық жасауға мемлекет тарапынан да көп көңіл бөлініп отыр.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасы бойынша 2020 жыл Қазақстанда Волонтерлер жылы деп жарияланған болатын. Мемлекет басшысы волонтерлікті ұлттық деңгейде ғана емес, әр қала мен ауылда да дамыту қажеттігін атап өтті. Волонтерлік қозғалысты дамыту және қазақстандық волонтерлердің мәртебесі мен беделін арттыру бойынша еліміз бойынша түрлі шаралар атқарылуда. «100 қадам» Ұлт жоспары аясында 2016 жылы волонтерлер қызметі туралы арнайы заң қабылданды. Бұл заң алғаш рет елімізде волонтерліктің тұрақты, жүйелі дамуының іргетасын қалады деуге болады. Осы сәттен бастап волонтерлік бастамалар заңнамалық негіз бен орнықты дамуға ие болды. Волонтерлік ұйымдардың өздері атап өткендей, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзіне өтініш білдірген бірқатар волонтерлік ұйымдардың бастамасын қолдап, тұрақты даму мақсатында Волонтерлер жылын жариялау туралы идеяны қолдады.

Жалпы, статистикаға сәйкес, волонтерлер қозғалысы қазіргі таңда Қазақстанда қарқынды дамып келеді. Егер 2017 жылы 100-ге жуық ұйым белсенді әрекет етсе, бүгінгі таңда 200-ден астам ұйым өздерінің волонтерлік қызметін жүзеге асыруда. Бұдан өзге,

жекелеген бастамашылық топтар бар екенін атап өту қажет. Жалпы, біздің мәліметтеріміз бойынша, волонтерлер қозғалысына 50 мыңнан астам адам тартылған.

Волонтерлікті дамыту жеті негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылып келеді. Бұл – білім беру, медициналық, экологиялық волонтерлік, өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдарға тәлімгерлік, техногендік апаттарды, төтенше жағдайларды жою кезіндегі еріктілік, қарт адамдарға, арнайы күтім көрсетілетін мекемелерде жүрген адамдарға, ерекше қажеттіліктері бар адамдарға көмек көрсету, сондай-ақ рухани-мәдени және тарихи құндылықтарды сақтау бойынша волонтерлік.

Білім беру волонтерлігі аясында барлық өңірлерден еріктілер ауылдық жерлерге шығып, ауыл мектептерінің балаларына пәндер бойынша олимпиадаларға дайындалуға, ҰБТ-ны сәтті тапсыруға және межелік бақылауларда жақсы көрсеткіш көрсетуге көмектеседі. Волонтерлер компьютерлік технологиялар, роботты техника және басқа да инновациялық бағыттар бойынша жаңа дағдыларды үйрете алады. Біз «Біргеміз. Білім» жобасы аясында әрбір өңірде ауыл мектептерінің 1000 оқушысынан — барлығы 14 мың оқушы еріктілер тарапынан осы көмекпен қамтылады жоспарланған. Бұл өз кезегінде балалардың білім деңгейін арттыруға көмектеседі.

Медициналық волонтерлер аясында еріктілер хоспистерде де, онкологиялық орталықтарда да жұмыс істейді. Оған мысал ретінде, Атырау қаласының тұрғыны Арман Қасымов мұнай кәсіпорнында вахталық әдіспен жұмыс істей отырып, бос уақытында (екі апта, ол еңбек вахтасында емес) жедел медициналық жәрдем бригадасының құрамында жұмыс істеп көмектескенін айта аламыз. Ол медицина қызметкерлеріне де, азаматтарға да көмектеседі. Қазіргі еліміздегі төтенше жағдай кезінде де республикамыз бойынша қаншама ерікті азаматтар вируспен күресу үшін өз көмектерін аямауда. Бірі медициналық бетперде тігіп, оны халыққа тегін таратса, кейбірі медицина қызметкерлеріне қол ұшын созуда. Сондай-ақ, түрлі қайырымдылық акцияларын өткізіп, жағдайы жоқ отбасыларға, көп балалы аналарға және зейнеткерлерге тегін азық-түлік пен дәрі-дәрмек таратуда.

Тағы бір мысал ретінде Ақтау қаласындағы «Біз адамбыз-біз біргеміз» қоғамдық қорының өткізген қайырымдалық акциясын келтіруге болады. Акция аясында 50 көпбалалы отбасына азық-түлік таратылды. Осындай мысалдарды насихаттап, баршаға көрсетіп, халықты волонтерлік қызметке шақыру маңызды болып табылады.

Сондай-ақ, тағы бір өте бір ауқымды бағыттардың бірі — бұл техногендік апаттарды, төтенше жағдайларды жою кезіндегі волонтерлік. Егер мұндай жағдайлар орын алса, азаматтарымыз, волонтерларымыз табиғи апат немесе техногенді апатқа жұмылдырылып, қарсы тұруға дайын болады.

Келесі маңызды бағыт – «Қамқор». Осы бағыт аясында еріктілер қарт адамдарға, арнайы күтім жасалатын мекемелерде жатқан адамдарға, ерекше қажеттіліктері бар жандарға көмектеседі.

Қазіргі таңда Қазақстанда экологиялық волонтерлік, өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдарға тәлімгерлік — «Біргеміз. Сабақтастық» жобасы белсенді дамып келеді. Сондай-ақ рухани-мәдени және тарихи құндылықтарды сақтау жөніндегі «Асыл мұра» бағыты қарқынды даму үстінде.

Даму – қолдауға тәуелді. Еріктілердің ерекше қызметін қоғамда дамыту үшін ондағы бірқатар түйткілдердің түйінін тарқату керек. Қоғам волонтерлер туралы өте аз ақпараттандырылған, сондықтан да мұндай қызметке атүсті қарайтындар бар. Қайтарымсыз жұмыстың жемісін бағаламау да, оларды қолдаусыз қалдыру да осы насихаттың жоқтығынан туындап тұр. Осыдан келіп волонтерлердің ел дамуындағы рөлі, еріктілікке ынталандыру, волонтерлік мәдениет туралы таным, түсінік қалыптаспаған. Т.Миронюк соның ішінде волонтерлермен қарым-қатынастағы мәдениеттің жетіспеушілігіне тоқталғысы келеді. «Кейбір іс-шараларда ұйымдастырушылар еріктілердің кім екенін білмейді, дөрекі сөйлеп, қызмет көрсетуші персонал ретінде қабылдап жұмсайтындарды жиі жолықтырамыз. Қандай да бір жобаның жетекшілері

еріктілердің қызметін дұрыс үйлестірмейді. Жағдайды түзетуге волонтерлер қозғалысының кешенді дамуы ғана көмектеседі», дейді ол.

Ал бұл қадамдар мемлекеттік саясатта айқын көрсетіліп, сол жолда нақты әрекеттер қолға алынғанда ғана нәтиже болады. Волонтерлік қызметке жастардың қызығушылығын арттыру бағытында алғышарттар жасалып үлгерді. Соның бірі – ерікті студенттердің стипендиясын көбейту. Алайда қоғамдағы волонтерлік қызметті дамытуға бұл шара жеткіліксіз екені рас. Себебі әлемдегі жас ерекшелігіне шектеу қоймайтын қоғамдық қызметтердің алдыңғы қатарында тұрғаны, осы – волонтерлік. Сондықтан оқушыларды мектеп кезінен осындай пайдалы іске ынталандыру жұмыстары жүргізілуі тиіс. Ал өз жұмысымен қоса қайырымдылықпен айналысуды әдетке айналдыратындарды қалай қолдауға болады? Мәселен, түйіндемеде волонтерлік қызметпен үнемі шұғылданатындығын көрсеткендерге жұмысқа алу кезінде басымдық берілсе немесе айлығын өзге әріптестерінен ерекшелеп көтермесе де, қоғамдық қызметпен айналысу мүмкіндігінен айырмаса болады. Еңбек жасындағылар ғана емес, бізде де белсенді зейнеткерлер бой көрсетіп келеді. Олардың еңбегін өтеусіз қалдырсақ та, ескерусіз қалдыруға болмас. Мысалы, зейнет жасына қарамастан ерікті болып жүрген жандарға 1-2 апта көлеміне шипажайға жолдама беруді немесе сауықтыру орындарында белгілі бір уақытқа тегін абонемент қарастыруға болады. Алайда айтылған ерекшеліктер белгілі бір заңдық күші бар құжатта көрсетілмесе, сөз күйінде қалатыны тағы бар.

Ерекше қызмет қоғамның өз ішінде дамып, кейін келе кең өріс тапты, сондықтан оның одан әрі де қанат жаюы сол қоғамның өзіне тікелей байланысты болмақ. Десе де мемлекет тарапынан еңбектің ақшалай ғана емес, моральдық тұрғысынан бағаланғаны ләзім.

Волонтерлік қызмет – өз еркіңмен баратын жүректің жұмысы. Жүректің жұмысы жанданса, қоғам өркениетке өздігінен-ақ қадам басар еді. 1970 жылы БҰҰ жанынан «Біріккен Ұлттар Ұйымының волонтерлері» деген атаумен (The United Nations Volunteers – UNV) халықаралық ұйым құрылды. Ол бүкіл әлемдегі еріктілердің басын қосып, олардың қызметін жан-жақты дамытуды көздеді. Сол жылдан бастап әлемнің барлық елінде 5 желтоқсан Халықаралық волонтерлер күні ретінде аталып өтеді. [1]

UNV жыл сайын әлемдегі волонтерлік қызмет туралы есептік баяндама әзірлейді. БҰҰ волонтерлерінің бағдарламасын жүргізетін атқарушы координатор Оливье Адам 2018 жылғы қорытынды баяндамада ұйымға мүшелік ететін 17 елдің ұлттық баяндамалары мен саяси стратегияларында волонтерлік туралы айтылғанын жазады. Соның бірі Қазақстан деуге толық негіз бар. Өйткені жыл басында жарияланған Жастар жылында еріктілерге ерекше көңіл бөлу қолға алынды. Бірақ бұл қолдау мемлекеттік деңгейде биылдан басталды деген сөз емес. Мәселен, 2016 жылы елімізде Волонтерлік қызмет туралы заң қабылданды. Одан әріге үңілсек, Қазақстан 2002 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының «Халықаралық волонтерлер жылы» (A/RES/57/106) жөніндегі резолюциясына демеушілік еткен. [2]

Адамды жақсы іске жетелейтін қасиеттің бірі-адамгершілік. Себебі, адамда адами қасиет болмаса жоғарыда айтылып кеткендей ізгі амалдар болмас еді. Еріктілер секілді адамдар әлемде санаулы. Сондықтан осындай ізгі ниеттегі адамдардың санын көбейтіп, қолымыздан келгенше қолдауымыз керек. Ал ол үшін адамның жүрегінде мейірімділік болып, қолындағы барымен бөліссе ғана үлкен жетістікке жетеді.

Ерікті болу –адамгершілікке бастар бірден-бір жол!

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мемлекет басшысы «Birgemiz» атты республикалық Волонтерлер фронт-офисінің ашылу рәсіміне қатысты// www.akorda.kz

2. Тұрар Қазанғапов// Еріктілер жылы кезекті науқан емес// tengrinews.kz

ӘОЖ 356.15

ЖАҚСЫЛЫҚТЫ ДӘРІПТЕГЕН - ВОЛОНТЕР

Толагаева М.Г.
Ғылыми жетекшісі: Сагиндикова А.К., аға оқытушы
Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қ.

Аңдатпа. Волонтерлік қызметтің басты мақсаты– бірге жұмылып, халыққа қызмет ету, Волонтерлік нақты істермен көрінетін патриотизмнің жоғары деңгейін білдіреді. Отанға деген махаббат - үлкен ұрандар мен бос декларациялар емес, бұл -күнделікті еңбек, соның ішінде халықтың игілігі үшін шынайы атқарылатын қайырымды істер.

Түйінді сөздер: волонтер, қоғам, патриотизм, қайырымдылық, альтруис, нашақорлық, жақсылық, мейірім, жылулық.

Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:
ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек.
Абай Құнанбаев

Мен өзімнің алғашқы сөздерімді осы Абай атамыздың нақыл сөздерінен бастауды жөн көрдім, себебі сонау қиын қыстау уақытта көмек қолын созу екінің-бірінің қолынан келмейтін шаруа еді, Абай атамыз өзінің даналығы мен мейірімділігімен кедейдің жәйін түсініп өз еркімен көмек қолын соза білгені мен үшін алғашқы волонтерлік іске қадам басуымның бастауы болды десем артық етпес. Жалпы волонтерлік іс дегеніміз латынның «voluntarius» сөзінен шыққан, адамның өз еркімен, өзінің есебі арқылы қоғамдық жұмыстарға белсенді араласушы деген сөз. Тағы бір мағынасы өзінің қалауымен әскерге барушы адам. Волонтерлікпен айналасатын адамдарды волонтер деп атайды. Олар ақысыз, ерікті қоғамдық жұмыс атқаратындарға жатады.

Волонтерлік қызметтің басты мақсаты– бірге жұмылып, халыққа қызмет ету, Волонтерлік нақты істермен көрінетін патриотизмнің жоғары деңгейін білдіреді. Отанға деген махаббат - үлкен ұрандар мен бос декларациялар емес, бұл – күнделікті еңбек, соның ішінде халықтың игілігі үшін шынайы атқарылатын қайырымды істер. Бұл – күнделікті еңбек, бұл – адамның болмысы, бұл – терең білім, жоғары мінез-құлық мәдениеті-деп елбасымыз Қасым-Жомарт Тоқаев волонтерліктің мақсатын айтқан болатын.[2]

Волонтерлік қызмет:

- ✓ Ағаш, өсімдіктер, көгалдар, түптерді отырғызып, өсіру;
- ✓ Азаматтардың мынадай сияқты әлеуметтік санаттарына көмек: егде адамдар, қамқорсыз бала-шағалар, баспанасыз адамдар, жастар, студенттер, мүмкіндіктері шектеулі адамдар (мүгедектер), бұрынғы тұтқындар, т.б;
- ✓ Жануарларға көмек, қорықтар мен хайуанаттар саябағына ерікті көмек;
- ✓ Ауланы, телімдерді, қалалық көшелерді абаттандыру;
- ✓ Салауатты өмір салтын насихаттау;
- ✓ Экологияны жақсарту: қоқыстарды жинау, сенбіліктерді ұйымдастыру т.б;
- ✓ Қайырымдылық концеттері мен театр қойылымдары;

Нашақорлық, СПИД, жасөспірімнің айыпкерлігін алдын алуға арналған оқтаулы әңгімелерін жүргізу; [1.2]

Волонтердің еңбегі ақысыз. Волонтерлер – тек альтруистер емес, олар тәжиребе алу үшін, дағдыларды және білімдерді арттыру үшін, дербес қарым-қатынастың қағидаларын білу үшін жұмыс істейді. Көбінесе волонтерлік қызмет – төленетін жұмысқа жол салады, бұл жерде адам өзін жақсы жақтан көрсете алады, өзін әртүрлі қызмет аясында сынап көріп, өмірлік жолын анықтай алады.

Волонтерліктің бастауы алғаш оқу ордаға келгенімнен «Service Learning» атты пәнді арнайы оқитынымыздан басталды, себебі сол еріктілер жайлы көп мағлұмат үйреніп, практика жүзінде де барған болатынбыз. Осы сабақтан кейін жалғасын таба білгенде болатынмын, өзімді жаңа қырымнан танып білуімнің себепшісі болды. Волонтер болу материалдық жағынан пайда әкелмеседе, мен өзіме бірлікке, коммуникативтілікке, ұйымшылдыққа үйрендім және де әрбір ерікті өз бойына осы тәрізді жақсы қасиеттерді иеленеді.

Қазіргі таңда біздің Маңғыстауда да волонтер еріктілеріміз өте көп бірі білер бірі білмес арнайы орталықтарымыз да бар. Өз үлесін қосқылары келетін азаматтарымызда жеткілікті, мекен-жайларын білмей, кімге барарларында білмейтіндерде қаншама, сондықтан ол үшін арнайы жарнамаларды көптеп жүргізу керек деп есептеймін.

Жақсылыққа құр сөз арқылы шақырып, ынтықтыру мүмкін емес. Адамның табиғаты сол - кез келген нәрседе үлгіні қажет етеді - демекші волонтерлеріміз тек қана өздері үшін ғана емес, өсіп келе жатырған жастарға ,жан-жағындағы жандарға өз істерімен жақсылықтарымен үлгі көрсетіп жүр.

Қазіргі кезде волонтерлікке мына біз секілді жастардың көбеюуі елді шын қуантады. Мүмкіндіктері шектеулі, көп балалы аналар мен жалғыз басты жандарға, баспанасыз адамдарға, қамқорсыз бала-шағаларға, қарттарымызға қаражат жөнінен болсын, азық-түлік ретіндеде, шаруа жөніненде көмек қолын соза білген жандардың көбейгені қалайша жүрегіңді қуанышқа толтырмайды. Қазіргі таңда болып жатырған төтенше жағдай кезіндеде осы «Біз Біргеміз:» жобасына волонтерлердің көмегі мол екеніне көзіміз жетіп жатыр, қаншама отбасы табыс көзінен айырылып, жағдайлары мүшкіл жандарға қиын шақтарда жүректері мейірім мен жылулыққа толы волонетерлеріміздің еңбегі мен көмегі зор. Волонтер болу әрбір адамның қолынан келетін іс!

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Волонтерлік наукан емес// akorda. Kz сайты.
2. Волонтер болу-міндет// massaget.kz сайты

ӘОЖ 356.15

ВОЛОНТЕРЛІК – ҚОҒАМҒА ҚЫЗМЕТ ЕТУ

Уразбаев М.М.
Ғылыми жетекші: Сагиндикова А.К., аға оқытушы
Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қ.

Аңдатпа. Волонтер сөзін қазақша жалпақ тілмен айтар болсақ Асар. Асар - бұл сөздің мағынасы көпшілік болып көмек жасау. Әрине жүрегінде жылуы бар жаңдар қолыннаң келсе сауап іс жасауға тырысары анық мінекей қазағымыздың салт дәстүрлерінің ішінде ескірседе есімін жоғалтпаған дәстүр болып табылады.

Түйінді сөздер: волонтер, асар, термин, қоғам, қайырымдылық, салт дәстүр.

Волонтер көбіміз бұл сөзді шетелден енген ұғым ретінде танимыз, алайда бұл ұғым бізде ерте кезден бар, тек сөз термині жаңарғаны болмаса. Волонтер қазақша жалпақ тілмен айтар болсақ Асар. Әрине біріміз білсек біріміз білмесіміз анық бұл ұғым қазақ халқына жат емес ерте көшпелі кезендерде одан бері қарай заман ағысы мен жанарып отыруда.

Асар - бұл сөздің мағынасы көпшілік болып көмек жасау. Әрине жүрегінде жылуы бар жаңдар қолыннаң келсе сауап іс жасауға тырысары анық мінекей қазағымыздың салт дәстүрлерінің ішінде ескірседе есімін жоғалтпаған дәстүр бұл. [2]

ХХ-ғасырдың 20-шы жылдары бірінші Дүниежүзілік соғыс кезінде волонтер термині пайда болды. Бұл терминнің шығу мақсаты Австрия, Англия, Германия және Швециядан жиналған бұрынғы сарбаздар тобынаң құралған волонтер топтарының соғыстан үлкен зардап шекен милиондаған халқы бар Вердуана жаныңдағы ауылды қалпына келтіру еді.

Біздің елімізде волонтер ұғымы 1991 жылдан бастап пайда болды. Елімізде бұл кең етек жаюына БҰҰ-ның «Еріктілер қозғалысы бағдарламасы» пайда болу кезенінең басталды.

Әрине қанымызда бар тектілік заман ағысына бола кірлемесі анық. Менің бұл пікірім Елбасымыздың ойы мен тұспа-тұс келгендей. Президентіміз Қасым Жомарт Тоқаев еліміздегі осы волонтер ұйымын көбейтіп оның шынана жетеміз деді. Қазіргі танда, елімізде 200-ден аса волонтер ұйымдары қызмет етуде. Бұған жастарымызда кеңінен дем қоюда, мұның айқын дәлелі соңғы санақ бойынша елімізде 50000 адам өз еркімен волонтер атанды.

Халқымызда керемет дана сөз бар емеспе «жұмыла көтерген жүк женіл» тек адам емес Алланың өзіде мұқтажға көмек қолын созған жанды өзінің сүйікті құлы ретінде танып оған ырыс несібесін, бақ дәулетің еселеп арттырам демейме. Қазіргі таңда, көбіміз тегін сауаптан қапы қалудамыз, өзімізден артып, асып-тасып тұрсада соған мұқтаж жанға сол затымызды қимаймыз.

«2019 –Жастар жылы» екенің бәріміз білеміз. Ол жылы ел басымыз жастарға үлкен арман мақсаттарын орындауына өзінің септігін тигізген сыңайлы. 2020 жыл - бұл еріктілер жылы яғни волонтер жылы Елбасымыз бұл жылда ұлтқа елеулі жобаларды волонтерлермен ат салысуы мен атқарылуда [1].

Маңғыстау облысы мұндай атаулы жобаларда ат салысуы бойынша алдыңғы орындардан көрінуде. Қазіргі таңда, обылысымызда арнайы волонтерлік ұйымдар қызмет етуде оған қоса жоғары оқу орындарыда бұл жобаға белсене ат салысуда. Мұның дәлелі өзіміздің білім алып отырған Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжинирнг университеті бұл жобаны жеке пән ретінде енгізді.

«Қоғамға қызмет» (service learning) пәнінің негізгі мақсаты студенттердің қоғамның нақты мәселелерін шешуге ұсыныс қосу арқылы белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастыруға және жобалық іс-әрекет дағдыларын меңгеруге сыни ойлауға, қайырымдылық сияқты адами құндылықтарды ұялатуға бағытталады. Теориялық материал барысында студенттер волонтерлік іс-әрекет, волонтерлік қызмет тақырыптары туралы көптеген керекті ақпараттар алды. «Service Learning» - біз бұл пәнді өту барысында топ болып қарттар үйіне және балалар үйіне концерт қойып көнілдерін көтердік. Қарттар үйінің бау бақшасын тазалап жөнге келтірдік. Бұл пән өз жұмысын дөнгелетіп келуде. Біз сияқты жастардың рухани өсуіне мол мүмкіндік берері сөзсіз.

Қорыта келе түйер түйініміз: Адам өзгеге бақыт сыйлау арқылы екі дүниеде өзіне сауап жинайды. Тек бәріміз біріміз үшін қызмет еткенде болашағымыз жарқын болары анық. Сондықтан бұл дүниеде құныққандардың қатарынан болып жүрмей ақыреті ойлаған абзал жандардың санатынан саналуға ынталанайық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2 қыркүйек 2019ж.

2. Волонтерлік – қоғамға қызмет ету// Egemen.kz сайты.

ӘОЖ 356.15

ЕРІКТІ БОЛУ –ЖАН ҚАЛАУЫ

Үйсенов Ж.И.
Ғылыми жетекші: Сагиндикова А.К., аға оқытушы
Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қ.

Аңдатпа. Ерікті деген бұл - әрбір жастың, әрбір азаматтың өзінің жеке жан қалауымен осы қоғамға кішкене болса да қосатын үлесі. Бұл – жастардың бойында азаматтық позицияны, потриоттық сезімді оятатын бағыттардың бірі. Ерікті болу арқылы біз жастарды осы қоғамға бейімдеп, келешекте өзінің отанына, қоғамдағы әлеуметтік жағдайларға бей-жай қарамай оған өзіндік үлесін қосуға шақыратын бірден-бір платформа деп айтсақ болады.

Түйінді сөздер: ерікті, қоғам, азамат, волонтер, ЭКСПО-2017, инклюзив, репетитор.

2020 жылды мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Еріктілер жылы» деп жариялады. Осыған орай, «Елімізде еріктілік қаншалықты дамыған?» және «Еріктілер жылы қазақстандықтар не істеуі керек?» деген сұрақтар туындайды.

Ерікті деген бұл - әрбір жастың, әрбір азаматтың өзінің жеке жан қалауымен осы қоғамға кішкене болса да қосатын үлесі. Бұл – жастардың бойында азаматтық позицияны, потриоттық сезімді оятатын бағыттардың бірі. Ерікті болу арқылы біз жастарды осы қоғамға бейімдеп, келешекте өзінің отанына, қоғамдағы әлеуметтік жағдайларға бей-жай қарамай оған өзіндік үлесін қосуға шақыратын бірден-бір платформа деп айтсақ болады.

Қазақстанда еріктіліктің қарқынды дамып жатқанына қарамастан, «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығының 2018 жылғы зерттеулеріне сәйкес, жас азаматтардың 82,6 % еріктілікпен айналыспағандығы анықталған. Әр бесінші жас волонтерлік туралы ешқашан естімеген екен. Әйтсе де, жастар еріктіліктің тұлғалық қалыптасудағы рөлін түсіне бастағаны айқын [1].

Бұған дәлел – 2017 жылы өткізілген Халықаралық ЭКСПО-2017 көрмесі мен Қысқы Универсиада ойындарында қызмет көрсеткен 8000-нан астам жастардың қамтылуы. Сонымен қатар, еліміздің әр қаласында қарттар, жетімдер, әлеуметтік осал топ отбасылары, апат құрбандары және өзге де жәрдем қажет ететін қоғам мүшелеріне көмек көрсететін жастар ұйымдарының саны жыл сайын артып келеді.

Жыл өткен сайын еріктілерге ерекше көзқарас қалыптасуда. Соның бірі 2019 жылы еріктілер қауымының қуанышына себеп болған 50 мың теңге. Еріктілікке әркім өз еркімен келгенімен, ел үкіметі еткен еңбекті елегені еріктілерге жігер сыйлағаны анық.

ҚР Білім және ғылым министрлігі мен ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі «Әлеуметтік студенттік кредит» жобасын іске асыру мақсатында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойған болатын. Балалар үйінен бастап, әлеуметтік мекемелерде және әртүрлі шаралар барысында волонтер болған студенттер аталған жоба аясында сыйақы алатын болады. «Әлеуметтік студенттік кредит» жобасы 2019 жылдың қыркүйек айынан бастап жүзеге асырылуда [2].

Әлеуметтік студенттік ваучер қоғам үшін пайдалы іспен айналысатын студенттерге мына бағыттар бойынша ұсынылады:

инклюзивті білім беру;
репетиторлық (қазақ тілі, ағылшын тілі, компьютерлік сауаттылық);
девиантты мінез-құлықты кәмелетке толмаған балалармен жұмыс;
аула және спорт клубтарын ұйымдастыру;
қарт адамдарға әлеуметтік көмек көрсету.

Бүгінгі таңда еліміздің түкпір-түкпірінде 200 волонтерлық ұйым жұмыс істейді. Солардың бірі – «Еріктілер лигасы» қоғамдық қоры. 2014 жылы құрылған қордың бүгінгі таңда 2860 волонтерлық базасы бар. Әлеуметтік, денсаулық, білім, экологиялық бағыт және өз-өзін дамыту салалары бойынша 10 мыңнан аса ерікті жұмыс істейді. Қоғамдық ұйым төрайымы Айсұлу Ерниязованың айтуынша, қор Otbasym, Shabytym, Tabysym, Qazynam, Qulynym, Kúsh-qýatym және Ólkem атты 8 салаға бөлініп, нақты бекітілген іс-шаралармен жұмыс істейді.

Ерікті болу сізге не береді?

Ерікті болу басында айтып өткеніміздей сізге ешқандай материалдық қажеттілік бермейді. Бірақ сіз оның орнына алғыс аласыз, жақсылыққа кенелесіз. Бұл сіздің адамгершілігіңіздің белгісі. Дегенмен ерікті болу арқылы сіз үлкен тәжірибе жинақтайсыз. Әсіресе еріктілердің аудармашы ретінде қатысулары үлкен пайда. Ол еріктінің тілді еркін меңгеріп кетуіне, жұмысты үйренуіне септігін тигізеді. Ортамен тез тіл табысуды меңгеріп, адамгершілігі мол таныстар, достар табасыз. Кей еріктілердің жұмысына қарай, олардың белсендігі үшін белгілі бір көлемде ақша төленбесе де оларға сыйлық ретінде киімдер, кітаптар, түрлі заттар берілуі мүмкін.

Қорыта келе, ерікті болу – ерлікпен тең. Еріктілердің ерен еңбегі ақталып, азаматтық қоғам дамуында белсенділік жаңа деңгейге көтерілетініне сенім мол.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Baq.kz АА «ҚазАқпарат», 21 Мамыр 2019 шығарылымы
2. Еріктілер еңбегі. // www.inform.kz

СЕКЦИЯ 3
ВОЛОНТЕРЛІК ҚОЗҒАЛЫС ЗЕРТТЕУ ОБЪЕКТІСІ РЕТІНДЕ (ТАРИХИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ, ПСИХОЛОГИЯ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ Т.Б. АСПЕКТІЛЕР)

ӘОЖ 304:44

ЕРІКТІЛЕРДІҢ ӘДЕУМЕТТІК МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Әбдірәсіл Б., Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қ.
Ғылыми жетекшісі: Кульбаева А.М., Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қ.

Аңдатпа. Елбасы "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" мақаласында қазіргі жаһандану заманында ұлттық бірегейлікті сақтап қалу, өркениеттің жақсысын алып, жаманынан жирену жөнінде өте құнды пікірлер айтқан болатын. Ендігі міндет – осы айтылғандарды іске асыру жолында аянбай еңбек ету. Ертеңге талпыныс, болашаққа бағдар, игі іске ұмтылыс – адамзатқа тән құбылыс. Ендеше, көп болып, асыл арманына қол созғандарға сүйеніш болып, қолымыздан келген көмегімізді аямайық. Елдің қамын ойлап, өз еркімен елге қайырымдылық жасаушылардың ісі бағасыз қалмауы өте абзал.

Түйінді сөздер: Еріктілік, сана сезім, патриотизм, 2020 Еріктілер жылы.

Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жаңа жыл мейрамында сөйлеген сөзінде 2020 жыл ресми түрде “Еріктілер жылы” деп жарияланды. Ерікті дегеніміз адамның өз еркімен ақысыз көмек етуі. Көптеген елдерде еріктілік жұмыс қатарына қосылады, өйткені волонтер өзінің уақытын бөліп, білімін іске асыра отырып тегін жұмыс істейді. Волонтерлік қызметтің аясы өте кең: әлеуметтік, спорттық шаралық, экологиялық, медициналық және тағы да басқа түрлері бар. Бүгінгі қоғамның дәл қазіргі жағдайында еріктілердің белсенділігінің артуы қоғамда осы уақытқа дейін және де алдағы уақытта пайда болатын қиындықтарды шешуге үлкен жәрдем тигізуде.

Қазіргі таңда жай ғана реформалық шешімдер мен саяси әрекеттермен жүзеге асырыла алмайтын көптеген қиындықтар бар. Олар кішкене қиыншылықтар болғанымен халқымыздың әл-ахуалына әсері болары анық. Еріктілік бұл кез келген жастағы жауапкершілігі мол азаматтардың өмір сүру салты. Еріктілік деген әркімге зат таратып берумен ғана шектелмейді. Жоғарыды атап өткеніміздей көптеген көмекке мұқтаж азаматтарымызды жәрдеммен қамтамасыз ету үшін еріктілер тек қана материалдық жағынан емес, сонымен қатар рухани көмек көрсетіп, қандай жағынан болсын қол ұшын созуға дайын екендерін айқындайды. Қазіргі күні көптеген еріктілерге арналған жобалар көбейіп, халқымыздың арасында көптеген нәтижелерге әкелуде. Мысалы “Нұр-Отанның” ұйымдастыруымен өтіп жатқан халық арасындағы көмектерге мұқтаж жандардың қажеттіліктерін жеткізумен айналысып жатқан жастарымыз көп. Одан бөлек «Сана сезім» клубының ұйымдастыруымен өтіп жатқан қоғам арасындағы моральдік қиындықтарға қарсы қозғалыстар жүріп жатыр. Сондай-ақ, елімізде қоршаған ортаға, табиғат ресурстарына көмек қолын созатын бірқатар еріктілер тобы да бар.

Ел ішінде өтіп жатқан еріктіліктен де бөлек жастарымызға өзге елдерде де еріктілікпен айналысуға мүмкіндіктер ашылуда. Африка халқының ішіндегі көптеген әлеуметтік жағдайы төмен адамдарға жәрдем, мектепте оқуға мүмкіндігі жоқ жандардың білімін одан әрі дамытуға көмек секілді қайырымдылық іс-шаралар өтілуде.

Жоғарыда айтылып өткен іс-шаралар халық арасында болып жатқан көптеген әлеуметтік қиындықтарды жеңуге жәрдемін тигізді. Сондықтан да “Әр қазақ менің жалғызым” дей отыра қарттарымыз шаршамасын, ұл-қыздарымыз демеусіз қалмасын, еліміз көркейсін деген ниетпен қайырымдылық жасап жатқан азаматтарымыздың елімізде әлеуметтік маңызы зор. Осыны айқындау мақсатында еріктілерге жан-жақты қолдау

көрсету қарастырылады. Президент тапсырмасы бойынша оларға арнайы жеңілдіктер ұсынылады. Мысалы; енді еріктілердің жұмысы еңбек өтілі болып есептеледі. Сондай-ақ, ерікті студенттерге қосымша стипендия беріледі немесе пән кредиттерін жабуға рұқсат етіледі. Осы салада жұмыс істейтін үкіметтік емес ұйымдарға да қаржылай көмек беріледі. Осыған орай, әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру үшін 400-ден астам шағын грант бөлінді. Әр гранттың құны 300 мың теңге көлемінде болмақ. Одан бөлек, әкімдерге жергілікті бюджеттен қосымша гранттар бөлу тапсырылды. Ал еңбегі ерекшеленген еріктілер мемлекеттік сыйлықтарға ұсынылатын болады.

Қорыта келе айтарым, елі мен жеріне шын көңілмен, ықыласпен көмектескісі келетін жастар бар кезде, еліміздің әлеуеті артып, сонымен қатар дамыған 30 елдің қатарына кіру мүмкіндігі одан әрі артпақ. Еріктілер қоғамында өмір сүріп жатқан біздер нағыз бақытты жандармыз деп есептеймін!

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстандық еріктілердің белсенділігі қаншалықты артады, олардың қоғамға берер пайдасы қандай. 24.02.2020. // https://m.forbes.kz/process/azastandyi
2. Волонтерство: что это, польза, как принять участие. // https://4brain.ru/blog/волонтерство/
3. Волонтер бағыттары. //https://qazvolunteer.kz/ru

ӘОЖ 327 (045)

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚАДІРЛІ ІС

Абила Л., Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қ.
Ғылыми жетекшісі: Бағдатұлы М., Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қ.

Аңдатпа. Маңайындағы мұқтаждарға мейірімділік пен ізгілік, достыққа адалдық таныту – адамгершіліктің белгісі болса, адамзаттың барлығына «бауырым» деп қарау Абайдан қалған өсиет. Бұл мақалада қайырымдылықтың бағыттары мен міндеттері ескерілген. Елімізде қандай қайырымдылық қорлары бар? Олар халыққа қандай көмек ұсынып жүр? Бүгінгі материалда танымал қорлар туралы мәлімет ұсынамыз. Сонымен қатар Қазақстан мен шет ел арасындағы қорлар туралы зертеледі. «Қазақстан Қызыл Крест және Қызыл Ай Ұлттық Қоғамы». «Сорос- Қазақстан». «Сорос есімін әлемге жайған қасиеттерінің бірі - оның қайырымдылығы». Қазақстандағы балалар үйі мен интернаттардағы қайырымдылық шаралары.

Түйінді сөздер: қайырымдылық, қор, еріктілік, ұлт, болашақ, рухнаи байлық, шара.

Қайырымдылық - көмекті қажет етушілерге (адам және барлық жандыларға) білдірілетін сүйіспеншілік пен нақты көмек. Кісінің айналасындағы адамдарға деген ықыласы мен көмегін адамгершілік қарым-қатынастарын білдіреді Қайырымдылық – қайырлы іс өмір салтын дәріптеу және оны өз өнегесімен көрсету. Айналамызға риясыз сүйіспеншілікпен қызмет ету әрбір адамның парызы десек артық емес.. Қайырымдылық ұғымының екі қыры бар.

Бірі — рухани-экономикалық жағы (басқаның басына түскен ауыртпалықты қабылдау). Екіншісі — іс-тәжірибелік жағы (іс жүзінде нақты көмек беруге ұмтылу).

Сондай-ақ, қайырымдылық этикалық және интеллектуалдық болып та бөлінеді. Этикалық қайырымдылыққа ұстамдылық, батылдық, жомарттық, әділдік жатады. Ал интеллектуалдық Қайырымдылыққа даналық, парасат, ақыл-ой тапқырлығы мен өткірлігі сезімталдық жатады. Адам өз ұрпағына қайырымдылықты жастайынан үйретіп, адамгершілік қасиеттерге баулуға ұмтылады. Біреуге жақсылық, жан-жануарларға, табиғатқа қамқорлық жасау-қайырымдылықтың көрінісі. Рақымды, мейірімді, жан жылуы

мол адамды қайырымды адам дейді. Ал ешкімге жаны ашымайтын, жүрегінің жылуы жоқ, қатыгез адамды қайырымсыз деп атайды. Қайырымдылықты мүсіркеушілік және жарылқаушылық деп те түсінуге болады. Ол кейде кедейкепшік, жарлы-жақыбай жандарға көмектесумен, қайырсадақа берумен де көрініс табады. Кез келген адам рухани өсу негізінде қоғаммен тығыз байланыста болады.Сондықтан да қоғамдық өмірден алыстай алмайды. Адамның жасаған игі істерінің бәрі оның ақыл-ойымен жүрек жылуының көрінісі болып табылатындықтан, қайырымдылықпен жасаған жақсылығының жемісін, рахатын көреді.

Біз қоғамға қызмет етуде өзімізге парыз ретінде қарауымыз керек. Себебі Қоғам дегеніміз ол сіз және біз,әр бір тірі тіршілік көзі қоғамның мүшесі. Қызмет ету-бұл риясыз көмек көрсету және қолдау. Қызмет ету-бұл сүйіспеншілік сыйлау, қуанту. Қоғамға қызымет ету неден басталады? Кез-келген қайырлы істен басталады. Нағыз адам-ол басқаның бойынан тек ізгілікті көре білетін адам. Жақсылықты көріп қана қоймай, жақсылықты жасай білу қажет және риясыз жасау керек.

Халық мақалында айтылғандай «Жақсылыққа жақсылық-әр адамның ісі, Жамандыққа жақсылық-ер адамның ісі» демекші әр ісімізді жақсылықпен бастау, соның бақытын көру, біруге жақсылық жасау біздің адамдық парызымыз деп ойлаймын. Мейірімділік-адам бойындағы ең жақсы қасиеттердің бірі. Бұл адам жүрегінің шамшырағы, ізгілікке, достыққа, береке –бірлікке жетелейтін жол. Мейірімділік кілті жүректе болғандықтан, сүйіспеншілікке толған жүректе көздің жауын алатын әсемде нәзік гүлдерге толы болады. «Адам баласының мейірімі қашса, жер бетінде жақсылық жойылады»-деп қазақ атам текке айтпаған шығар... Сондықтан мейірімді адам қоршаған ортаға өз нұр шапағатын шашып, қиыншылықтарда қол ұшын беруге дайын болуы керек дер едім. Мейірімділік рухани құндылықтарды бәрінен жоғары қояды. Қайырымды, адал азаматтың адамгершілігі әрқашан асқақа, ал жүрегі кең болады. Мейірімділікті адамдардың қарым-қатынасынан, жасаған іс-әрекеттерден көруге болады.Жүрекпен істелген жақсылық алдымен өзіңе пайдалы. Сондықтан қолымыздан келгенше өмірімізді көркейтетін қамқор болу-біздің жадымызда. Халқымыздың дәстүрінде: «мейірімділік, рахым-шапағаттылық-адам бойындағыең асыл қасиеттердің бірі, әрі бірегейі; бойында мейірімділікпен ,рахым-шапағатты жоқ адам, адам санатына қосылмайды» деп айтылады. Мейірімділікке бізді рухани жақтан, ақыл сезім және адамгершілік жақтан өсіп-жетілдіреді.

Шәкәрім Құдайбердіұлы айтқандай «Мейірімділік, махаббат,қайырымдылық, адалдық секілді үш қасиет ақ жүректен шығады» дегендей Ақ көңіл, ашық-жарқын, жанашыр, ізгі ниетті адам болуға жетелейді. Адамдар арасындағы қарым-қатынасты нығайтып, қоғамның өрісін кеңейтіп, достарды көбейтеді. Сондықтан мейірбан адамдар тау мен тастан асатын өзен тәрізді алыс қашықтықтағы жолды өзіне жақын тұтып, қауышуы шексіз дарияға қол жеткізеді. Жан-жағын мейірімділікке толтырып, әсемдікке балау әркімнің парызы, міндті, адамгершілік өлшемі Біреуге рақым, әділдік және қайырымдылықпен жасаған жақсылығымыздың жемісін, рақатын көретінімзге кәміл сенемін. Тілегімен жүрегі үндестікте болған адамның рухани қуатты арта түседі.

Қазақстандағы белгілі қайырымдылық қорлары

“Шұғыла” қоғамдық қоры - “Шұғыла” қорының президенті Сәрсенбек Имамбаевтың айтуынша, қор екі бағыт бойынша жұмыс істейді. Соның біріншісі – тұрмысы төмен отбасыдан шыққан балаларды сапалы біліммен қамтамасыз ету, ағылшын тілін үйрету. Осы бағыт бойынша “Білім жолы” жобасы үш жылдан бері жұмыс істеп келеді. Жаз мезгілінде интенсив сабақтар жүргізіледі. Қор президентінің айтуынша, “Білім жолы” жобасына ағылшын тілін үйренгісі келетін барлық бала қатыса алады. Бастысы – бала сабаққа өзі барып, келе алуы керек. Жоба тек Алматы бойынша жұмыс істейді.

Қор жұмысының екінші бағыты әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларды азық-түлікпен, киіммен қамтамасыз етуге бағытталған. Қордың тізімінде тұрмысы төмен отбасылардың тізімі бар. Сол тізімді ауыр не нашар тобына бөліп, мұқтаждықтарына

байланысты әртүрлі көмек беріледі.Жәнеде қайырымдылық қорда көптеген бағдарламар өткізеді.Олар: “Ең керемет күн”, “Береке”, “Мектепке жол”, “Жанұяға жылу сыйла”, “Жанұя-жанұяға көмек” және т.б. “Бауыржан” қайырымдылық қоры - “Бауыржан” қайырымдылық қоры – Қазақстандағы ауқымды шаралар – “Алтын жүрек”, “Кітап Fest”, “Арманыңа жақында”, “Сенің күнің, донор!” атты әлеуметтік жобалардың негізін қалаушы және ұйымдастырушысы. Қор 15 жылдан бері жұмыс істеп келеді.

Қайырымдылық қорының 15 жылдағы жетістігі - “Сенің күнің, донор” жобасы 10 жыл бойы жұмыс істеді. Жобаның пайда болуына қордың негізін қалаушы Жұлдыз Омарбекованың досының сырқаты себеп болған. Бұл жобаның мақсаты адамдарды қан тапсыруға шақыру, олардың көмегіне өзге адамдардың мұқтаж екенін жеткізу, донор болуға үгіттеу болған. Жоба кезінде 2015 жылы 1800 литр қан жиналып, тиісті орындарға жеткізілген. Адамдардың өз бетінше донор болуы қалыпты жағдайға айналғаннан кейін жобаның миссиясы орындалып, жабылды.

“Сәби” қайырымдылық қоры - “Сәби” қоры жетім балаларға және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балаларға, әлеуметтік-қорғалмаған отбасылардағы дарынды балаларға, денсаулығында ауыр кінәраты бар балаларға, мүмкіндігі шектеулі адамдарға көмек көрсетумен айналысады. Қайырымдылық қоры 2002 жылы құрылған. 17 жыл ішінде сегіз жоба іске асқан. Қазақстан мен шет ел арасындағы қайырымдылық қорлар. Қазақстан Республикасы халықаралық қауымдастықтың белсенді мүшесі. Соның нәтижесінде оның өтпелі кезеңдегі қиыншылықтарына қол ұшын беріп, халықтың әлеуметтік жағдайына көмектесу халықаралық сипат ала бастады. Бүгінде әлем түбірінен өзгерді, дүние жүзілік саясат өткен ғасырлардын өзгешелене түсті.

Бұл күнде дүние жүзіндегі бірден- бір беделді де белсенді гуманитарлық қоғамдық қайырымдылық ұйымының бірі - халықаралық Қызыл Крест Комитеті. 1863 жылы швецариялық коммерсант Анри Дюнанның бастамасымен жаралы адамдарға тұрақты көмек көрсету үшін Халықаралық Қызыл Крест Комитеті құрылған.

1864 жылы Женева қаласында Дипломатиялық конференция болып, онда 12 мемлекеттің өкілдері Халықаралық келісім шартқа қол қойған. Ал 1876 жылы бұл Халықаралық Қызыл крест Комитеті болып аталды. Осы қозғалыстың негізін салушы Анри Дюнанның туған күні құрметіне «8 мамыр бүкіл әлемдік Қызыл Крест және Қызыл Жарты Ай Қоғамының» күні деп белгіленді.

Қазақстан Қызыл Крест және Қызыл Ай Ұлттық Қоғамы елімізге қайырымдылық шараларын жасауда, ал бүгінгі таңда елімізде мейірімділік қызметінің көмегіне мыңдаған адам мұқтаж болып отыр. Олардың саны ұдайы өсіп келеді. Жер жерде қайырымдылық асханалары ашылып, онда бір мезгіл мұқтаж адамдар тамақтануда. Қаладағы жалғызбасты зейнеткерлерге, мүгедектерге, көп балалы отбасының мүшелеріне, сондай ақ тұрмыс жағдайлары тым төмен жандарға арналған қайырымдылық шараларының қаржысын Халықаралық әйелдер клкбы мен Қазақстандағы шетелдік дипломаттардың жұбайлары бірігіп, өз қолдарымен жасаған бұйымдарын жәрмеңкеде сатып, қайырымдылық көмегін көрсетіп отыр. Америка Құрама Штатының Нью- Йорк қаласында «Ашық қоғамдық институтының» ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының қоғамдық қорлар жөніндегі заңына сәйкес Қазақстанда 1994 жылы құрылған «Сорос- Қазақстан» қоғамдық қайырымдылық қоры 1995 жылы шілде айында Әділет министрлігі арқылы тіркелді. Оның құқықтық құрылымы- қоғамдық қайырымдылық қор.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.«Шұғыла» қайырымдылық қоры https://www.shugyla.kz/kz/
2. «Бауыржан» қайырымдылық қоры http://baurzhan.kz/
3. Сәби қайырымдылық қоры https://saby.kz/kk
4.«Сорос-Қазақстан» https://www.soros.kz/

УДК 327.3

МЕЖДУНАРОДНЫЙ ОПЫТ ВОЛОНТЕРСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

Абилов А., КГУТИ им. Ш. Есенова, г. Актау
Научный руководитель: Абдешов Д.Д., КГУТИ им. Ш. Есенова, г. Актау

Аннотация. Рассмотрен феномен волонтерства за рубежом. Изучаются следующие аспекты: история волонтерства, правовое регулирование, волонтерский опыт наиболее развитыш стран мира и Европы, а также деятельность международных волонтерских объединений. В результате анализа автор приходит к выводу, что в мировой истории, на волонтерство оказали влияние идеи гуманизма общества. Волонтерство за рубежом серьезно подвержено правовому регулированию, начиная от документов Организации Объединенные Наций до правовыгх актов различным европейских государств. На данный момент в мире функционирует ряд международных волонтерских объединений, действующих под эгидой ООН и ЮНЕСКО и играющих глобальную роль в функционировании мировой волонтерской деятельности.

Ключевые слова: волонтерская деятельность, ООН, волонтерство за рубежом, международный опыт волонтерства, волонтерский лагерь.

В мировой истории развития идей волонтерства, так же как и в Казахстане, большую роль сыграли идеи о милосердии и сострадании к ближнему в них являются ключевыми. В некоторых государствах система волонтерства до введения всеобщей воинской повинности была основным способом комплектования армий (например, в Великобритании до Первой мировой войны). Во второй половине XIX в. в большинстве государств система волонтерства как способа комплектования армии потеряла свое значение и стала формироваться идея волонтерства как социального служения.

Волонтерство как социальный феномен зародилось в США, где уже в XIX в. волонтеры обеспечивали функционирование различных некоммерческих организаций. В 1920 г. Ценности солидарности и взаимопомощи возродились в Европе. Тем летом группа волонтеров из Австрии, Англии, Германии и Швеции собралась с целью восстановить деревню возле Вердуна (Франция), которая была разрушена в битве Первой мировой войны, унесшей более миллиона жизней [1].

С этого первого за всю историю человечества международного волонтерского лагеря возникло первое волонтерское движение, которое существует и по сей день. Оно носит французское название Service Civil International (Международная гражданская помощь, SCI). С тех пор волонтерство успело набрать размах и приобрести популярность во всем мире, охватывая все новые сферы деятельности. В 1934 г. SCI направило четверых волонтеров-европейцев в Индию для помощи бедным. Эта команда стала предшественником таких организаций, как British Volunteer Programme и других групп, предпринимающих длительные волонтерские акции. Эти организации, в свою очередь, предшествовали волонтерской программе ООН.

Волонтерская деятельность в мире серьезно подвержена правовому регулированию. Первым документом можно отметить Всеобщую декларацию прав человека, принятую в 1948 г. на третьей сессии Генеральной Ассамблеи ООН. В статье 29 декларации закреплено: «Каждый человек имеет обязанности перед обществом, в котором только и возможно свободное и полное развитие его личности» [2].

Базовые принципы, обосновывающие фундаментальную роль добровольчества как основы для построения гражданского общества, сформулированы во Всеобщей декларации добровольчества, одном из основополагающих концептуальных документов в практике развития добровольческого движения. Всеобщая декларация добровольчества

была принята на XVI Всемирной конференции Международной ассоциации добровольческих усилий (Амстердам, январь, 2001 г., Международный год добровольцев).

Добровольчество воплощает в жизнь устремления человечества к достижению мира, свободы, безопасности, справедливости и реализации возможностей для всех людей. Особо отмечена роль добровольчества в реализации молодежной политики и содействии образовательному процессу [1].

Не менее успешно обстоит дело и с волонтерством в Европе. Данный вид деятельности давно расценивается как социальная услуга, которая привносит в экономику различных стран от 3 до 15% ВВП [4].

Волонтерство весьма широко распространено во Франции, Нидерландах, Канаде, Японии и в большинстве других стран.

На сегодняшний день волонтерских организаций, имеющих международный статус, можно насчитать сотни. В частности, некоторые из них работают под эгидой ООН и ЮНЕСКО. Их волонтеров встретишь повсюду, в местностях, пострадавших от военных конфликтов, экологических, гуманитарных катастроф. Они ведут строительные работы, оказывают гуманитарную, медицинскую и психологическую помощь, работают с беженцами, ВИЧ-инфицированными, детьми и инвалидами, участвуют в образовательных программах.

ЛИТЕРАТУРА

1. Всеобщая Декларация Добровольчества, 2001. URL: http://www.kdobru.ru/

2. Всеобщая декларация прав человека, 1948. URL: http://www.un.org/ru/documents/

3. Козлова М.В. Обзорные материалы по волонтерству (добровольчеству) // Централизованная библиотечная система № 5 ЦАО. 2012.

4.Данилова Е.В. Международный опыт волонтерской деятельности. М.: Журн. Политология: - М:, 2О15.№4

ӘОЖ 364.4(045)

ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ІЗГІЛІКТІ ҚОҒАМ ЖӨНІНДЕГІ ИДЕЯЛАРЫ

Бағдатұлы М.
Ш. Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қ.

Аңдатпа. Мақалада шығыстың ғұлама ойшылы, математик, астролог, музыка теоретигі, Аристотельден кейінгі екінші ұстаз атанған Әбу Насыр Әл-Фараби туралы баяндалған. Әл-фарабидің еңбектеріне нақты деректер арқылы хронологиялық талдаулар жүргізілді. Мақалада басты назар ғұлама, данышпанның қайырымдылық идеялары туралы, қоғамның қарым-қатынасы, адамдардың бір-бірімен байланысын арттыратын мейірімділік, адамгершілік құндылықтар туралы мәліметтер алуға болады.

Түйінді сөздер: ғылым, кітап, әлем, мұра, руханят, музыка, ұстаз.

Қасиетті қазақ даласы талай ұлы ғұламаларды дүниеге алып келді. Қазақ топырағынан көкірегі ояу, көзі ашық ойшыл азаматтарымыз бүкіл шығыс араб-парсы мәдениетін меңгеріп, өз шығармаларын көпке ортақ тілде жаза біліп, кейінгі ұрпақтарына мұра етіп қалдыра білді. Олардың ішінде аты әлемге танылғандары да аз емес. Солардың бірі — бәрімізге танымал ұлы жерлесіміз Әбу Насыр әл-Фараби [1].

Бірнеше ғасырдан бері Әл-Фараби мұрасы әлемдік көркем ойға өз үлесін қосқан педагогикалық мұраның қатарында көрінді. Осындай биік рухани өсу біздің қазақ педагогикасының өткені мен оның даму тарихына, яғни Әл-Фараби мұрасына қатысты

екені ақиқат. Сондықтан да оның қазіргі кездегі мұрасы сан-салалы гуманитарлық – педагогикалық арналары бойынша қазақ ғалымдарының зерттеуімен Әл-Фарабидің әрбір ғылымының арнасы айқындалып,ол біздің еліміздің рухани игілігіне айналуда. Фарабидің өмірі жөнінде бізге жеткен мағлұматтар үзік-үзік,аңыз-шыны аралас болып келеді [1].

Аристотельден кейінгі ойшыл Әбу Насыр Мұхаммед ибн Тархан ибн Узлаг әл-Фараби 870 жылы сол кезде дүние жүзіндегі ірі қалалардың бірі болған Отырарда дүниеге келген. Оның ілім-білімге деген алғашқы ынтасы мен ғылымға деген құштарлығы туған жеріндегі Отырар кітапханасынан бастау алған. Одан кейін ол Шаш, Самарқан, Бұхара, Хорасан, Бағдат, Дамшық (Дамаск), Каир қалаларына барып, көкжиегін кеңейтіп, астрономия, астрология, математика, логика, музыка, медицина, табиғаттану, социология, лингвистика, поэзия, риторика, философия ғылымдарын меңгерген. Энциклопедист ғалым 200-ге жуық трактат жазғанымен, біздің заманға оның 40 шақты еңбегі ғана жеткен.

Биыл ұлы философ, ғұлама ойшыл Әбу Насыр Әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО көлемінде атап өтіледі. Осы айтулы датаға орай Халықаралық Абай клубының президенті, жазушы Роллан Сейсенбаевтың құрастыруымен әл-Фараби асыл мұрасының қазақ және орыс тілдерінде жеті томдығы, ағылшын тілінде бір томдығы жарық көрді [1].

Әбу Насыр әл-Фараби (Оған Алланың рақымы болсын!) осы кітапты жазуды Бағдадта бастаған еді. 330 жылдың соңында кітаптың қолжазбасын өзімен бірге Шамға (Сирия) алып келеді. Кітапты 331 жылы Дамаск қаласында аяқтайды. Тексеріп шығады. Нұсқаға тағы бір көз жүгірте отырып, оған «әбуәб» (тараулар) қосады. Кейін келе адамдардың сұрауы бойынша кітаптың мағынасын білдіретін «фусул» (бөлімдер) және қосады. Бұл бөлімдерді ол 337 жылы Мысырда аяқтап, кітабына қосымша енгізеді. Ол алты бөлімнен тұрады» (Ибн Әби Усайбиа .‘Уйуну-л әнбә ’фи табақати-л атиба’. Каир, 1882 ж.).

Ортағасырлық араб жылнамашысы Әбу Усайбиа арқылы жеткен бұл хабар Отырар ойшылы Әбу Насыр әл-Фарабидің (870-950) атақты «Ізгілікті (қайырымды) қала тұрғындарының көзқарастары» атты трактаты мен трактатқа автор тарапынан кейін жазылған тараулар (әбуәб) және бөлімдер (фусул) жайында еді.

«Ізгілікті (қайырымды) қала...» ғалымның шоқтығы биік шығармаларының қатарына жатады. Кітап алғаш рет 1895 жылы Лейденде («Бирбил» баспасы) басылып шықты. Нұсқаны баспаға әзірлеген арабтанушы ғалым Фридрих Дитрици (Fridrich Dieterici) (1821-1903) екені ғылымда белгілі жайт. Ғалым бұл кітапты Британия музейінде сақтаулы тұрған 425/3 нөмірлі (жаңа каталог бойынша – №7518) қолжазба мен Оксфорд университетінің Бодлиан кітапханасы қорындағы №120/3 нұсқа негізінде баспаға дайындаған [2].

Основные психолого-эмоциональные особенности, которые по могут будущему волонтеру заложить фундамент успешной деятельности.

Умение устанавливать контакт с людьми – основа продуктивного взаимодействия. На этапе установления контакта решаются две задачи: настройка на партнера (кто он, в каком он эмоциональном состоянии, какова его мотивация, чего ждет от волонтера) и настройка партнера на себя (умение представить себя, вызвать симпатию, заинтересовать, доходчиво изложить информацию, создать чувство общности). Волонтер должен наладить связь между людьми, к которым он приходит, чтобы они могли открыться ему и поверить, что он может помочь. Чтобы наладить контакт с людьми необходимо снять имеющиеся психологические барьеры и начать искать сходные интересы и точки соприкосновения с собеседником. После этого

уже можно представлять себе, каких принципов общения придерживается говорящий с вами человек. Следующим этапом вполне может быть попытка создать доверительные отношения.[4]

Другой очень важной составляющей является владение знаниями, которые надо донести до человека, и уметь их правильно передать. Эта компетенция необходима для понимания собеседника и точной передачи информации. Приемы аргументации, которыми овладевают волонтеры, позволяют делать их речь убедительной, без назидательности и советизма. Чтобы обеспечить успех выступления в любой ситуации,

необходимо подготовиться (владеть информацией, уметь кратко излагать ее, привлекать специалистов, репетировать выступление и т. д.).

ЛИТЕРАТУРА

1.Зубкова Т. С., Тимошина Н. В. Организация и содержание работы по социальной защите женщин, детей и семьи. – М.: Академия, 2003.

2. Козлов А. А., Иванова Т. Б. Практикум социального работника. – М.,2001

3. Волонтерство как фактор формирования гуманистической направленности личности студента в современном обществе: сборник материалов Международного круглого стола (18 января 2006 г.) / под общей редакцией Ситарова В.А., Сикорская Л.Е., Круг И.М. - 2006 г.

4. Левдер И. Добровольческое движение как одна из форм социального обслуживания // Социальная работа. -2006. - №2.

ӘОЖ 304:44

ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДЕГІ ЕРІКТІЛЕРДІҢ РӨЛІ

Мұсахан Ф., Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қ.
Ғылыми жетекшісі: Кульбаева А.М., Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қ.

Аңдатпа. Мақалада бүгінгі күндегі студенттерден құралған еріктілердің қай қалада, қандай салаларда, қалай жұмыс жасап жатқандары айтылады. Еріктілердің елімізде болып өткен ЭКСПО сияқты бүкіл әлемдік шараға атсалысып, зор үлес қосқандары қарастырылды. Еріктілердің тегін, қайтарымсыз түрде мұқтаж жандарға қол ұшын беріп келе жатқандықтары, одан басқа дәл қазіргі кездегі төтенше жағдайда да өмірлерін қауіп-қатерге тіге отырып, бірінші кезекте істелінуі тиіс қауырт жұмыстарға білек сыбана кірісіп кеткендіктері сөз болады.

Түйінді сөздер: еріктілер, қайырымдылық, ізгілік, мұқтаж жандар, пайдалы адам.

Қазақстанда 2020 жыл «Еріктілер жылы» деп жарияланды. Бұл жерде еріктілерге үлкен мән беріліп тұрғанын көруге болады. Ерікті сөзінің мағынасына келетін болсақ, латын сөзінен өз еркімен, өзінің есебінен қоғамдық жұмыстарға белсене араласушы деген мағынаны білдіреді. Қазіргі кезде еліміздің барлық қалаларынан еріктілер ұйымын кездестіруге болады. Зерттеулерге сүйенсек, еріктілер жұмысы жақында пайда болмаған. Қай заманда болмасын қоғамда еріктілер басқаша атаумен болып отырған. Мысалы, оңтүстік өңірде көп адамдардың бірігіп, біреудің үй салуына, тағы басқа жұмыстарына жұмылып көмектесуін «асар» деп атайды. Бұл – қалыптасқан үрдіс. Қарап отырсақ, асардың әлеуметтік маңызы зор. Асар арқылы адамдарда ұйымшылдық, бауырмалдылық, қайырымдылық қалыптасады. Қаржы жағынан, жұмыс күші жағынан мұқтаж жандардың шаруасы орындалады.

Ал қалалы жерлерде ауылдағыдай асар ұйымдастыру мүмкін емес. Мұндайда еріктілердің атқаратын қызметі орасан зор. Алматы қаласындағы еріктілер лигасының мүшесінің сөзіне назар аударсақ: «Ал қоғамда еріктілердің рөлі ерекше. Өйткені еріктілер істеген жақсылығы үшін жалақы талап етпейді. Көмектесуді парыз деп есептейді». [1]

Байқағанымыздай, көмекке мұқтаж жандардың қажеттіліктерін еріктілер тегін орындайды, көмектескендерін міндет қылмайды. Өйткені мұндай жандар қайырымды іс атқарғандары үшін рухани қуанышқа ие болады. Олар үшін ең бастысы материалдық байлық емес, мұңды жандарды қуанту, қолдарынан келгенше басқаларға бақыт сыйлау.

«Ерікті болу дегеніміз – қоғамға қажет екеніңді сезініп, адамдарға пайданды тигізу. Сол арқылы білімің мен икеміңді үнемі жетілдіріп отыру. Еріктілер деп кез келген

істі өз еркімен, ешкімнің мәжбүрлеуінсіз, шын көңілмен атқара-тын жандарды айтады. Алматының «Еріктілер лигасы» 2014 жылы құрылған. Құрамын-да ресми түрде он мыңға жуық ерікті тіркелген. Оның 80 пайызы – жастар. Лига бес бағыт бойынша қызмет атқарады. Атап айтқанда, әлеуметтік, денсаулық, білім, экологиялық бағыт және өз-өзін дамыту салалары бойынша жұмыс істейді. Лигада жас ерекшелігіне қарай шектеу қойылмайды. Мектеп оқушысы-нан бастап үлкен азаматтарға дейін тіркелген. Сонымен қатар, бұл ұйым қаладағы 14 жоғары оқу орнымен қарым-қатынас орнатқан. Еріктілердің арқасында ел қызығатын, көпке үлгі болатын, халыққа тигізетін пайдасы зор игілікті істер өркен жайып келе жатқаны көңілге қуаныш ұялатады». [1]

Еліміздегі еріктілер лигасының құрамының басым бөлігі студенттер екені аңғарылады. Олардың жұмыс істеп жатқан бағыттары да қоғамымыздың ең маңызды салалары екені көрінеді. Бұдан байқайтынымыз – студент еріктілер білім алып қана қоймай, өмірдегі сан қилы сынақтарды бастан кешіріп, әр түрлі мәселелермен бетпе-бет араласып жүр. Осы орайда Абайдың мына сөзін келтіріп кетуге болады: «Адамның жақсысы – адамға пайда келтірген адам». [2]

Елордамыз Нұрсұлтанда өткен 2017 жылғы ЭКСПО-да ерікті студенттер көп үлес қосқан. Әсіресе Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дың студент еріктілері шетелден келген қонақтарды вокзал, аэропорттардан қарсы алып, оларды қонақ үйлерге жайғастырып, көрмелерде гид болып, бүкіл әлемдік деңгейдегі осындай ауқымды шараның ойдағыдай өтуіне орасан үлестерін қосты. Және ерікті жастар бұл тарихи оқиғадан өздеріне ерекше тәлім алды, танымдарын арттырды, болашақта атқарар қызметтерінің кірпіштерін қалағандай болды. Еріктілердің еңбектері еленіп, әр түрлі сыйлықтарға ие болды.

Қарап отырсақ, еліміздің барлық қалаларында ерікті студенттер белсенділігінің артқанын байқаймыз. Бұл жақсы нышан, қуантарлық жайт деп айтамыз. Өйткені жастардың өмір сүру салтына, қоғаммен байланысына, белсенділіктеріне қарап, еліміздің болашағының қандай болатынын болжауға болады.

Өзіміздің Ақтау қаласының ерікті студенттеріне тоқталатын болсақ, Ш.Есенов атындағы КМТИУ-де ерікті студенттер ұйымы жасайды. Олар туған өлкесіне қандай пайда келтіріп жатыр, қандай салалар бойынша іс тындырды, соған тоқтала кетсек.

Yessenov University студенттерінің еріктілері – әр түрлі салада ерікті түрде қызмет түрлерін көрсетуге дайын студенттерден құрылған топ.

Еріктілер міндеті – халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына еріктілік көмек көрсету, әр түрлі деңгейдегі шараларда және «Жасыл ел» бағдарламасы бойынша табиғатты қорғау, экологияны сақтау бағытындағы жұмыстарда ерікті қызмет көрсету.

2020 жылы қаңтар айында, Ақтау қаласының студент еріктілері биылғы жылдың «Волонтер жылы» деп аталуына байланысты жастарға үндеу жариялаған. Олар өз үндеулерінде еліміздің ертеңіне сенімі мол екендіктерін, «жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген мақалға сәйкес қоғамымыздың әлеуметтік салаларындағы кемшін тұстарына, көмекке зәру жандарға аянбай қол ұшын беруге дайын екендіктерін жариялаған еді. [3]

Ақтау қаласындағы еріктілер қазірдің өзінде біршама қайырымдылық жұмыстарын атқарып тастаған. Әлеуметтік желілердегі ақпараттардан еріктілердің жалғыз басты қарттардың үйлерін жөндегенін, оларға шаштараздық қызмет көрсеткенін, мүгедек жандарға арналған жағажайда мүмкіндігі шектеулі жандарды таза ауада серуендетіп, суға шомылдырғандары туралы мәліметтерді көруге болады.

Қазіргі кезде елімізде болып жатқан пандемияға байланысты төтенше жағдайда еріктілер тобы бастарын қауіп-қатерге тіге отырып , барлық қалаларда азық-түлік тарату, жеткізу, үйлерінен шыға алмай жатқан қарттарға дәрі-дәрмектер, маскалар апарып беру сияқты қауырт жұмыстарға белсене атсалысуда. Олар әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға керек-жарақтарын жеткізіп беру жағынан да орасан еңбек атқаруда. Еріктілер қызметінің қоғамдағы рөлі бүгінгі жағдайда айрықша бағаланып отыр. Еріктілерлің көмегінің нағыз қажет тұсы да осындай үкіл әлемдік індет жағдайында дәлелденіп отыр.

Қорыта айтсақ, еріктілер қызметі бұрыннан бар үрдіс, тек «волонтер», «ерікті» деген атаулары қазір ғана айтылып жүр. Жоғарыдағы мәліметтерге сүйенсек, Қазақстанның барлық қалаларында студенттерден құралған еріктілер ұйымдары күн сайын толыға түсуде. Бұл дегеніміз – ізгі, қайырымды, жанашыр, басқаның ауыртпалығына бейжай қарай алмайтын жандардың қатары күн сайын көбейіп келеді деген сөз. Қоғамымызда осындай қайырымды жандардың қатары көбейсе, әл-Фараби, Жүсіп Баласағұндар айтып кеткен «қайырымды қала, бақытты ел» деген сөздерінің орындалатынына сеніміміз мол.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қоғамдағы еріктілердің рөлі. // http://zhasorken.kz/?p=32207
2. Абай Құнанбаев. Қара сөздер. https://abai.kz/post/6
3. Маңғыстау еріктілері үндеу жариялады // https://www.inform.kz/kz/mangystau-eriktileri-undeu-zhariyalady_a3605799

УДК 7.013.42

ВОЛОНТЕРСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ КАК СОЦИАЛЬНО - ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ОБЪЕКТ ИЗУЧЕНИЯ

Науырызбаева М., студент, КГУТИ им. Ш. Есенова, г. Актау
Научный руководитель: Абдешов Д.Д., КГУТИ им. Ш. Есенова, г. Актау

Аннотация. Рассматривается содержание понятий «волонтерство», «волонтер», история становления и развития волонтерской деятельности как в странах Европы и Америк. Раскрывается потенциал волонтерства как эффективного механизма решения актуальных социально-педагогических проблем. Применительно к нашему социально - педагогическому исследованию под волонтерской деятельностью следует понимать добровольную, социально значимую деятельность людей независимо от возраста, расы, пола и вероисповедания в мероприятиях, направленных на решение социальных, культурных, экономических, экологических проблем в обществе, не связанных с извлечением прибыли.

Ключевые слова: волонтерская деятельность; добровольчество; молодежная политика; история волонтерства.

В США и странах Запада волонтерство успело набрать размах и популярность всемирного масштаба. Волонтерское движение на сегодняшний день воспринимается как важный элемент развития демократии, посредством которого граждане берут на себя ответственность за сообщество. Волонтерство активно внедряется в систему образования, и создаются различные возможности как для участия молодежи в данном виде деятельности, так и для подготовки педагогических кадров, отвечающих за координацию волонтерского движения.

Волонтерство как социальное явление - это древняя традиция многих цивилизаций и народов, отразившаяся в мысли о том, что в любом обществе есть люди, которые нуждаются в помощи, и люди, которые готовы помочь. В то же время в каждой отдельной стране масштабы добровольческой деятельности, уровень ее развития и поддержки зависят от исторических, социальных, культурных, политических и экономических факторов.

Профессионализация волонтерства в большей мере связана со спецификой и особенностями реализации социальной политики, с развитием сферы социальной работы в государственном и некоммерческом секторах экономики.[1]

В связи с обозначенными выше тенденциями профессионализацию волонтерства в нашей стране на институциональном уровне характеризуют следующие особенности. Стихийно формируется структура волонтерской общности. Она включает в себя различные группы волонтеров, которые занимаются добровольческой деятельностью разных видов, требующих от добровольцев разного уровня профессионализма. Можно сказать, что фрагментарно выстраивается взаимодействие государственного и третьего секторов с институтом образования, обусловливающее стихийность формирования рынка труда волонтеров. Чаще всего отдельные организации приглашают студентов на время учебной практики либо совместно с образовательными учреждениями проводят ка- кие-либо разовые мероприятия, реализуют социально значимые проекты.

Стандарты деятельности волонтеров, а также стандарты управления их деятельностью формируются в процессе непосредственной работы с ними. В каждой организации они свои, зависят от возможностей, желания и потребностей сотрудников.

Волонтерская деятельность с педагогической точки зрения обладает значительным психолого-педагогическим потенциалом, который прежде всего проявляется в реализации воспитательной, образовательной и развивающей функций.

Волонтерство связано с самообразованием молодежи, возможностью получения ранней профессиональной ориентации, способом самоопределения, утверждения себя как личности, возможностью проверки и развития способностей и деловых качеств, процессом накопления жизненного и делового опыта.

Волонтерская деятельность влияет на нравственное становление молодежи, обеспечивает реализацию потребности в социально активном поведении и оказании помощи другому человеку, способствует познавательному и эмоциональному развитию, совершенствует такие стороны личности, как отзывчивость, сочувствие и сопереживание. Волонтерство формирует готовность к самостоятельному принятию решений. Кроме того, развивает лидерские качества и созидательную активность молодежи, восприимчивость к проблемам другого человека и общества в целом, предоставляет возможность молодым людям проявить себя, реализовать свой потенциал, является способом сохранения и укрепления человеческих ценностей, реализации прав и обязанностей граждан, личностного роста через осознание человеческого потенциала. [2]

Этот вид деятельности не только обладает обширным воспитательным потенциалом, развивая в учащихся такие социально важные качества, как инициативность, ответственность, дисциплинированность, активность, неравнодушие, отзывчивость и эмпатия, но и служит социализации личности. Волонтерство помогает развивать социальные компетенции личности, активизирует личностный рост, межличностное общение и взаимодействие, самоопределение его участников. Кроме того, нельзя забывать, что именно волонтерство способствует интеграции молодых людей, оказавшихся в трудной жизненной ситуации, в жизнь самого общества.

ЛИТЕРАТУРА

1. Кудринская Л. А. Добровольческий труд : опыт теоретической реконструк-ции. М. : Изд-во Московского ун-та, 2ООб.

2. Тарасова Н.В. Волонтерская деятельность как феномен. //Педагогическое образование: - М:, 2О12. №4

УДК 379.8

ВОЛОНТЕРСТВО И СОЦИАЛЬНАЯ АКТИВНОСТЬ: ТОЧКИ СОПРИКОСНОВЕНИЯ

Исаков Ғ., КГУТИ им. Ш.Есенова, г.Актау
Научный руководитель: Петросянц Т.В., КГУТИ им.Ш.Есенова, г.Актау

Аннотация. Статья посвящена социальной значимости волонтерской деятельности студентов ВУЗов. Актуальность проблемы исследования обусловлена тем, что в современных условиях волонтерство является одной из основных форм проявления социальной активности граждан во всем мире.

Ключевые слова: волонтерство, социум, добровольческая деятельность, акция, функции.

Участие студентов в социально значимой неоплачиваемой деятельности прививает им стремление к ответственности не только за собственную жизнь, но и за благополучие общества в целом, не дает развиваться инфантильным и иждивенческим настроениям. Добровольчество способствует формированию у волонтеров таких качеств, как милосердие, доброта, стремление прийти на помощь ближнему. Немаловажным результатом участия в социальном добровольчестве становится понимание возможности и собственности изменить что-то в обществе, в окружающем мире в лучшую сторону. В свою очередь, осознание такой необходимости самым положительным образом сказывается на развитии самоуважения, уверенности в себе, определении собственного места в жизни, как в настоящем, так и в будущем - тех самых факторах, на которых базируется успешность человека как личности [1].

Характерная особенность участия студентов в добровольческой деятельности - возможность увидеть результаты собственного труда - улыбку воспитанника детского дома после благотворительного праздника, посаженные деревья в парке, благодарность людей за приведенные в порядок могилы безымянных участников войны и т.д. Добровольческая деятельность за счет названного фактора формирует у человека привычку, потребность в деятельности, приносящей созидательные плоды, дающей неоспоримый результат. Закрепляясь, такая потребность в будущем станет ориентировать сегодняшнего студента на достижение поставленных целей, доведение начатого дела до желаемого результата.

Участие в организации добровольческих акций развивает у студентов необходимые и в жизни, и в профессиональной работе лидерские качества: умение привлечь к делу, заинтересовать людей, организовать людей, организовать себя, добиться поддержки от государственных и коммерческих структур и т.п. В процессе добровольческой деятельности студенты пополняют профессиональный опыт, расширяют свой кругозор, повышают культурный уровень, развивают социальный интеллект, творческие способности и т.д.

Положительные моменты организации волонтерской деятельности студентов заключается также в следующем:

1) студенты чувствуют, что с ними считаются и предоставляют им известную свободу;

2) студенты работают с более четкой мотивацией и большей отдачей;

3) им удается избежать неприятного чувства, которое возникает всякий раз, когда их заставляют заниматься чем-то против их воли. [2]

Волонтерство выполняет ряд функций, которые и определяют его место в системе социализации:

– организационно-регулирующую: вовлечение студентов в волонтерскую деятельность обеспечивает разноуровневые связи ВУЗа с социальной средой. За счет их включения в созидательный процесс происходит перестройка жизнедеятельности и взаимоотношений студентов, корректировка ценностей и эталонов;

– технологическую, определяющую возможность создания и применения технологических процедур оперативного реагирования студентов на решение социальных проблем;

– мотивационную, обусловленную основным предназначением добровольческой деятельности в форме безвозмездного труда;

– прогностическую, способствующую проектированию индивидуальных траекторий развития личности.

Бесспорно, перечисленными выше функциями не исчерпывается роль волонтерства. Однако, доминирование этих функций оказывает значительное влияние на развитие добровольческого ресурса в системе ВУЗа. В этом смысле функции волонтерства соответствуют смыслу любой гуманистически направленной деятельности. Кроме того, волонтерское студенческое движение – это реализация социально - значимой проектной деятельности, в основе которой лежат лучшие традиции студенчества, коллективный поиск различных форм активности и индивидуальный выбор пути профессионального становления. [3]

ЛИТЕРАТУРА

1.Щелина Т. Т. Организация и содержание волонтерской деятельности студентов / Т. Т. Щелина // Вестник. – 2006. №7. С. 6-9.

2.Волонтерский менеджмент: пособие для сотрудников и молодежных лидеров БОКК / сост. В. Колбанов. – М.: Политиздат, 2010. – 74 с.

3. Организация волонтерской работы в вузе: научно-популярное издание / Г.В. Гатальская [и др.]. – Гомель: БТЭУ, 2007. – 260 с.

ӘОЖ 321

БАСҚАҒА ҚУАНЫШ СЫЙЛАЙ БІЛГЕН – ЕҢ БАҚЫТТЫ ЖАН

Сайлау А., Ш. Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қ.
Ғылыми жетекшісі: Шодыраева Ш.К., Ш. Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қ.

Аңдатпа. Ерікті болу – ерлікпен тең. Еріктілердің ерен еңбегі ақталып, азамат-тық қоғам дамуында белсенділік жаңа деңгейге көтерілетініне сенім мол. Әрбір қазақстандықтың бойында белсенді өмір сүруге дағды қалыптасса алынбайтын асу жоқ. Карантин жағдайында еріктілер саны көбейіп, халыққа қол ұшын беріп көмектесулері қуантарлық жағдай.

Түйінді сөздер: ерікті, халық, біз біргеміз, патриот, алғыс.

«Басқаға қуаныш сыйлай білген – ең бақытты жан» деген екен Дени Дидро. Ерікті волонтер болу дегеніміз риясыз мейірімділік көрсету, жаңа дағдыларға үйреніп, адамдарға жақсылық жасау, төрт қабырға ішіне қамалып, тағдырына налып отыратын мүмкіндігі шектеулі жандардың қызықты да әсерлі істер мен оқиғалардың ортасында болуы үшін көмектесу, тағдырдың тезімен қиын жағдайға тап болған адамның жанынан табылу, қолынан келгенше сүйеу бола білу деген сөз. Ол екінің бірінің қолынан келмейтін іс. Ерікті волонтерлер болу үшін адамдарға ниет білдіру, жаны ашып, есіркей білу, ашуды ақылға жеңдіре білу, командада жұмыс жасай білу ғана емес, адалдық, парасаттылық сияқты адамгершілік қасиеттер керек.

Мұқтаж адамдарға көмек қолын соза алатын кез келген адам волонтер бола алады. Волонтерлі қызметтің мақсатты бағытталған тобы түрлі көмекке мұқтаж жандар болуы мүмкін: ауру және ауру балалар, нашақор немесе маскүнем ата-ана балалары, жастар, мүгедектер, зейнеткерлер және кедей адамдар, сонымен қатар ҮЕҰ, жануарлар, табиғат және т.б.

Әлем қалаларының біразы коронавирустың таралуын тоқтату үшін карантинге жабылып, көп адам жұмыссыз қалды. Қазақстанда да өзге елдер секілді, волонтерлар жағдайы төмен отбасыларға азық-түлік, дәрі-дәрмек жеткізіп, бизнес өкілдері пандемиямен күреске қаржы бөлуде.

Қазақстанда басталған «Biz birgemiz» акциясы аясында «Жас Отан» жастар қанатының волонтерлары бірнеше күннен бері Алматы мен Нұр-Сұлтан қалаларында қарттарға, мүгедектерге, тұрмысы төмен отбасыларға медициналық маскалар мен антисептикалық құралдарды жеткізіп жатыр. Кеше олар «Nur Otan» партиясы жинаған қаржыға Елордадағы 500 отбасыға азық-түлік апарып берді. Акция басқа өңірлерде де жалғасын тапқан.

Бірнеше күн бұрын БАҚ-та карантин жарияланған қос қалада зооволонтерлардың үй жануарларына көмектесіп жатқаны жазылды. Себебі, қалалар жабылғанда, кей иттер блок-бекеттің екінші жағында иесіз қалған. Еріктілер оларды посттан өткізуге көмектесіп, қажет болса втеринар-дәрігерлерге жеткізуде.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жақында волонтерлардың коронавируспен күреске үлес қосып жатқанын атап өтіп, алғыс та білдірген[1].

Нұр-Сұлтан, BIRGEMIZ ұранымен 150-ден астам ұйымды біріктіре-тін волонтерлердің фронт-офисі Президентімізден 500 мың дана бірреттік маска алды. Барлық маскалар балалар үйлеріне, ауруханаларға және халықтың әлеуметтік осал топтарына жақын уақытта беріледі. РекламБүгінде фронт-офис 150-ден астам ұйымды біріктіреді. Олар "Ұлттық волонтерлік желінің", "Мейірімділер клубының" және "Астана жастарының" волонтерлері "Нұрлы жүрек", "Шарапат" әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында және елордалық Балалар үйінде болған.

Нұр-Сұлтан қаласы Байқоңыр ауданында тұратын үшемнің тағдыры туралы «Айқында» бірнеше рет мәселе көтердік. Осы жолы үйде жалғыз қалған көпбалалы ана үшемнің ішер асын алып келуге сыртқа шыға алмады. Себебі қалада жұмыс тоқтаған соң отағасы Софиевка ауылына мал бағуға кеткен. Ал жағдайды естіген волонтерлар Мерей Жайсаңқызына көмек көрсетті.

Елордада карантин кезінде шарасыз күйде қалған кісілерге көмек қолын созып жүрген 200-ге жуық волонтер бар. Олар #Bizbirgemiz акциясы аясында үшемге барып, керек-жарақпен қамтамасыз етіп қайтты. Қазір олар арнайы тізім жасаған. Сол бойынша мұқтаж отбасыларға тәулік бойы қызмет көрсетуге дайын.

Үшемнің анасы да сүйінші хабарды қуана жеткізді. Волонтерларға алғысын білдіріп, жұмысына сәттілік тіледі. Қала тұрғындарына 30 мыңға жуық медициналық маска таратқандарын да естіген екен. Үйіне келген ерікті азаматтарға ешкімді бейжай қалдырмай, қажетті заттармен қамтамасыз еткеніне риза екенін жеткізді[2].

"Аңсар" орталығына карантин жариялануына байланысты ауылдарына жете алмай 4 немересімен қалада қалған Кеңқияқ тұрғыны хабарласқан еді. Үй-жайынан шыға алмай қалған қарияға @ansar_volunteer тобы көмек қолын созды. Апамыздың өтініші бойынша жайнамаз және тасбих алынып, кішкене бүлдіршіндерге тәтті-дәмді апарып берілді.

Коронавируспен күресте, оған қарсы вакцина ойлап табуда қалталы тұлғалар қалыс қалып жатқан жоқ. Қазақстанда Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен құрылған «Biz Birgemiz» қорына отандық Forbes тізіміндегі бірнеше ауқатты қаржы аударды. Атап айтқанда, қорға Тимур Құлыбаевтан 10 млн доллар, Кеңес Рақышевтан 1 млн доллар, Ғалымжан Есенов, Айдын Рахымбаев, Рашид Сәрсенов, Александр Клебанов, Александр Беловичтерден 2 млн доллардан келіп түскен.

Артынша «Қазақмыс» және ERG корпорацияларының қорға 10 млн доллардан бергені хабарланды.

Осылайша, 21 наурызда бір тәулікт 41 млн доллар жиналған. Қаржы медициналық қорғаныс құралдарына, жасанды демалу аппараттарын алуға, әлеуметтік әлсіз топтарға азық-түлік әперуге жұмсалуда.

Бұдан бөлек, Тимур Құлыбаев пен Қайрат Боранбаев Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына індетпен күрес үшін 1 млрд долларды өз алдына бөлді.

BI Group компаниясының қожайыны Айдын Рақымбаев Hilton қонақүйін карантиндік орын ретінде босатып берді.

Пандемиямен күреске Динара Құлыбаеваның Halyk қоры 4,5 млрд теңге, Болат Назарбаевтың «Салиқалы ұрпақ» қоры 150 млн теңге, Дариға Назарбаева басқаратын «Дегдар» қоры 100 млн теңге берген. Аталғандардан бөлек, жекелеген кәсіпкерлер түрлі сомада қаржы беріп жатыр [1].

Қоғамда еріктілер орны ерекше. Өйткені еріктілер жасаған жақсылықтары үшін өтемақы немесе материалдық қажеттілік талап етпейді. Олар көмектесуді парыз деп санайды, алғыс алады .

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абай Сейфулла, Нұр-Сұлтан: Коронавируспен күреске волонтерлар мен бизнесмендер қалай көмектесіп жатыр/azattyq-ruhy.kz

2. Айбике ЖАНАСЫЛ: Волонтерлар қарап қалмады/ Aikyn.kz

ӘОЖ 304:44

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ-АДАМЗАТТЫҢ РУХАНИ БАЙЛЫҒЫ

Табылдиева О.Д.
Ш. Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қ.

Аңдатпа. Мақалада қайырымдылық ісінің қазақ халқында қалыптасу тарихы, мәнмағынасы қарастырылған. Қайырымдылық, ізгілік, жомарттық ұғымдарының қырлары ашылған. Өз ұрпағына қайырымдылықты жастайынан үйрету, адамгершілік қасиеттерге баулу, түскен ауыртпалықты қабылдау және оны бөлісу, ағайын-туысқа бауырмалдықпен қарап, жақсылық жасауға, ізетті, қайырымды болуға насихаттайтын Ж.Баласағұн, Абай, Шәкәрім сияқты қазақ ойшылдарының нақыл сөздері берілген.

Түйінді сөздер: қайырымдылық, ізгілік, еріктілік, рухани, жомарттық.

Ата-бабалырымыз қайырымдылықты аса сауапты іс деп көріп, ұрпағын әрдайым жақсылыққа, адалдыққа қайырымдылықпен мейірімділікке баулыған. Ұлтымыз бағыздан бері ізгі істі барынша насихаттап, қоғамда қайырымдылық қағидасынң орнығуына аса мүдделі болып келген. Қайырымдылық жасаған адам мүлде кедейленіп қалмайтындығын қазақ халқы нақыл сөздерде айтып кеткен. Бабаларымыз: «Қолы ашықтың – жолы ашық» деп қайырымдылық жасап сауап алсаң, ісің ілгері болады деп басқаға жәрдем жасауды ең бір ізгі іс деп білген. Бабаларымыз: «Ердің артында мол байлық қалғанша, жақсы аты қалғаны игі», «Кең болсаң кем болмайсың» деп айналаға қайырымды, мейірімді, жылы жүзді болуды үндеген.

Қайырымдылық - көмекті қажет етушілерге (адам және барлық жандыларға) білдірілетін сүйіспеншілік пен нақты көмек. Қайырымдылық ізгіліктің анық көрінісі болып табылады. Қайырымдылық - адамның асыл қасиеттерінің бірі. Кісінің айналасындағы адамдарға деген ықыласы мен көмегін адамгершілік қарым-қатынастарын білдіреді. Қайырымдылық ұғымының екі қыры бар. Бірінші- рухани-экономикалық жағы

(басқаның басына түскен ауыртпалықты қабылдау), екіншісі-іс-тәжірибелік жағы (іс жүзінде нақты көмек беруге ұмтылу). Сондай-ақ, қайырымдылық этикалық және интеллектуалдық болып та бөлінеді. Этикалық қайырымдылыққа ұстамдылық, батыл-дық, жомарттық, әділдік жатады. Ал интеллектуалдық қайырымдылыққа даналық, парасат, ақыл-ой тапқырлығы мен өткірлігі сезімталдық жатады. Адам өз ұрпағына қайырымдылықты жастайынан үйретіп, адамгершілік қасиеттерге баулуға ұмтылады. Біреуге жақсылық, жан-жануарларға, табиғатқа қамқорлық жасау - қайырымдылықтың көрінісі. Рақымды, мейірімді, жан жылуы мол адамды қайырымды адам дейді. Ал ешкімге жаны ашымайтын, жүрегінің жылуы жоқ, қатыгез адамды қайырымсыз деп атайды [1]. Ертеректе үлкендеріміз алдына жағдай айтып келген адамның меселін қайтармауға тырысатын. Жағдайы қиын болып тұрса да оны қолтығынан демеп, еңсесін тіктетуге атсалысатын. Бұл – халқымыздың бойындағы асыл қасиеттерінің бірі болатын.

Халқымыз өз ұрпағына қайырымдылықты жастайынан үйретіп, адамгершілік қасиеттерге баулыған. Біреуге жақсылық, жан-жануарларға, тіпті табиғатқа камқорлық жасаудың өзін қайырымдылық іске жатқызған. Басқаның басына түскен ауыртпалықты қабылдау және оны бөлісу, тіпті іс жүзінде нақты көмек беру де қайырымдылыққа жатады. Ауыз суға мұқтаж ауыл тұрғындарына құдық қазып беру де – үлкен сауапты іс саналған. Қазақ халқында қайырымдылық, ізгілік, жомарттық ұғымдары қатар қолданылады. Ізгілік - адамның басты құндылығы. «Кісіге екі дүниеде пайдалы нәрсе: ізгі іс немесе мінезі түзулік. Екіншісі - ұят, үшіншісі - әділдік. Бұл үшеуі арқылы адам шын бақыт табады», - дейді Жүсіп Баласағұн.

М.Мырзахметұлы. «Толық адам» ілімі жайлы толғаныс мақаласында былай дейді: Қазақ арасында айтылып, сан ғасырлар желісінде сөйленіп, ұрпақтан ұрпаққа ауысып келе жатқан ғажап ойлы, терең мәнді бір көсем сөз бар. Ол - ұрпақ санасына ізгілік туралы, кісілік туралы қастерлі ұғымдыы мәңгілікке сіңдіріп орнықтыру жайлы ата-бабаларымыз насихаттап келе жатқан:

«Бір жылдығын ойлаған бидай егеді,

Он жылдығын ойлаған тал егеді,

Мың жылдығын ойлаған ізгілік егеді!, - деген киелі сөз қалған.

Қазіргі қазақ отбасының перзентіне, ағайын-туысқа бауырмалдықпен қарап, жақсылық жасауға ізетті, қайырымды болуға баулып отыратыны айтыла салған жеңіл желпілі сөз емес. Онда терең мағыналы асыл текті астарында жас ұрпақ санасына ізгілік егуге ниеттенген қорғасындай салмақты пәлсапалық ой-танымның алтындай өзекті желісі жатыр. М.Қашқари сөздігінің қазақша басылымында «Ақи – қолы ашық, жомарт, сақи» мағынасында (1-том, 119-бетте) беріледі. Бұл сөздің терең мән-мағынасы «жәуанмәртлік» ілімінің тұңғыш рухани көрінісі екені де байқалады.

«Құтты білік» дастанындағы шартты түрде алынып жырланған 4 кейіпкер: Әділет, Ақыл, Дәулет, Қанағат-жәуан мәрттілік ілімінің төрт негізгі тірегі ретінде баяндалуында терең пәлсапалық деңгейдегі ізгілік ұғымының желісі жатыр.

Негізгі ұстанатын мақсаттары – нағыз ізгілік пен қайырымдылық жасау жолына түсіп, жиған қаржыларынан отбасының күнделікті қажетіне ғана жаратқан бөлігін алып қалады. Ал қалған мол қаржыны түгелдей ауру-сырқау, кәрі-құртаң, тақыр-кедейлерге үлестіріп, ізгілік мақсаты үшін қалың елдің махаббаты мен алғысына бөленіп, ақилардың даңқы көкке көтеріліп, сол заманның қоғамдық ой-санасында ақилар ізгілікті әрекеттің көзіне айнала бастайды. Олардың ізгілік жолындағы әрекетіне мақтау өлеңдер айтылып, шексіз қошемет құрмет көрсетіліп, даңқтары асқақтай түседі [2].

Жомарттық - бір адамның екінші адамға немесе айналасына қарымтасыз, міндет-сіз қызмет қылып, жақсылық жасауға шын пейілділігі, нақты ісі арқылы көрінетін өте жақсы қасиеті. Жомарттық әлем халықтары түсінігіндегі меценаттық ұғымымен мәндес. Ежелгі Грекияда Август патша кезінде өмір сүріп, ақындарға ұдайы қамқорлық жасаған Меценат есімді адамның құрметіне әлем мәдениеті тарихында меценаттық дәстүр қалыптасқан. Бүгінгі күнгі қазақ ұғымында мұндай іс демеушілік деп те аталады. Бұл

түсініктегі Жомарттық-қолында байлығы бар азаматтың мұқтаж жандарға жасайтын қайырымдылық көмегі.

Қайырымдылық – Жомарттың негізгі өзегі. Өзін өзі насихаттау үшін жасалған қайырымдылық Жомарттыққа жатпайды. “Жомарт бергенін айтпас, ер айтқанынан қайтпас” деген қазақ мақалы осыны айғақтайды. Қайырымдылық мәнін оны жасаған адам емес, сол қайырымдылықтың игілігін көрген адам түйсінуі керек. Сондықтан да Жомарттық жасау рухсыз адамның қолынан келмейді. Біріншіден, ізгі іс биік рухты талап етеді.

Екіншіден, жомарт жан қолындағы байлықты тек таратып беруші ғана емес, сол байлықты жасаушы да болғаны жөн. Барды үлестіріп беру үшін барлықтың мәнін түсіну керек. Олай болмаған іс Жомарттық болмай, Абай айтқандай, тектен-текке “мал шашпақ” болады. Атақ үшін “мал шашу”- даңғазалық, айлакерлік. Бұл Жомарттықтың философиялық мәніне кереғар, қайшы келеді.

Үшіншіден, жомарт жан – байлықты дәулетке айналдыра алатын дана адам. Байлық дәулетке айналмай ізгілік жоқ. Ізгілік жасау рух қуатын талап етеді. Ел билеуде жомарт пен Жомарттықтың маңызы зор. Жомарт адам билікке келсе, халық ырысты болмақ. Платонның елді философ билеуі керек дегені – елді жомарт жан басқаруы керек дегені.

Кең далада өмір сүрген қазақ халқының Жомартықты ерекше қастерлеуі көшпелі тұрмыс-тіршілігімен байланысты қалыптасқан. Бір шетінен бір шетіне айлап жүріп жететін кең аймақта бүгінгідей қонақүйлер, мейрамханалар болмағанымен, “әр қазақтың үйінде әр қазақтың сыбағасы сақтаулы тұрды”. Осыған байланысты халықтың тұрмыс-тіршілігінде, әдет-ғұрпында қонақжайлық қасиет қалыптасқан. Жомарттықпен аты шыққан адамды көпшілік “Атымтай жомарт” деп ардақтаған.

Қайырымдылық, ізгілік-адамның рухани арқауы. Өйткені адам баласы қоғамда өзінің жақсы ізгілік қасиеттерімен, адамдығымен, қайырымдылығымен анықталады. Қазіргі кезде өсіп келе жатқан жас ұрпақты тәрбиелеуде қойылған мақсаттардың бірі қоғамға пайдалы, үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор бола білетін, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру.

Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай өз еңбектерінде рухани әлемнің мазмұны-ізгілік туралы «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» идеясын көтерді. «Қай қызығы татиды қу өмірдің, татуды араз, жақыныңды жат қыларға»,- деп адамзатты тату, бауыр болуға, жақыныңды жат қылмауға шақырады. Адам тек қана өз тағдырымның алдында жауаптымын демей, барлық адамзаттың тағдырының алдында жауаптымын деп өмір сүруге шақырады. Адамзатқа ортақ бір-бірін қор қылмауға, адамзатқа ортақ мүддеде өмір сүруге үндейді. Әрбір адам адамзатқа ортақ мүддені қорғауға, «адам» деген ұлы ұғымды қор етпеуге шақырады.

Халқының мінез-құлқының бұзылып бара жатқанын көріп, «Толық адам» ілімін жасаған Абайды әрбір қазақ білуі керек. «Жылы жүрек» - иманды, иман жүзді болу, адамдарға құрметпен қарау, олардың мұң-мұқтажын, көңіл-күйін ұға білу. Міне, осы үш қасиет ізгілікті мақсатта пайдаланылған жағдайда ғана толымды адам деген мәртебеге ие болуға болады [3].

Қазір көп адамның көкейінде тек қарын тойдыру, киім киіну. Одан басқа мақсат жоқ сияқты. Аш қарын тойынар, бірақ оның рухани қазынасы болмаса, қуыс кеуде пенде болып қалады.

«Қайыр берген қол бата берген ауыздан артық», «Жұрт қайырымдылық жақсы қасиет деп есептесе де, кейде ол мақтаннан, кей-кейде жалқаулықтан, жиі қорқыныштан, ал көбіне үнемі осы үшеуінен қатар туындап жатады» деген нақыл сөздер бар. Бір қарағанда әңгіме арасында айтыла салатын көп нақылдың бірі ғана сияқты. Бірақ зерттеп-зерделесең, ойы тым тереңде, мағынасы аса бай екені аңғарылады. Бұл ұғымды ата-ана баласына, үлкен кішіге өсиеттеп, ұмытылмай келе жатқанының ізгілік дегеннің не екенін біліп қана қоймай, оны адам мен қоғам бойына егу, сіңіру қажеттігін өте ерте танып, соны жүзеге асырумен айналысқанын айғақтайды.

Халықтың бақытқа бөленуін көздегендер әуелі оның бойына ізгілік дарытқаны абзал. Уызға жарымаған қозыдай ізгілікке мейірі қанбаған адамның бақытты болуы мүмкін емес. Ой-өресі жоғары, парасатты жандар әрқашан да ізгілік пен бақытты тел емген егіз ұғымдар ретінде қарастырған. Өйткені, ізгілік деп-ең жоғары адамгершілік құндылықтармен жасанып, тұтас тіршілікке сүйіспеншілікпен назар салуды айтамыз.

Елбасы 2015 жылы Бес институттық реформаны іске асыру бойынша «100 нақты қадам» Ұлт Жоспарын іске асыруға, қайырымдылыққа және оны ынталандыруға арналған құқықтық негізде «Қайырымдылық туралы» ҚР Заңына қол қойды. Аталмыш заң қайырымдылық саласында туындаған қоғамдық қатынастарды реттейді. Мақсаты-қоғамдағы қайырымдылықтың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру, қолдау және нығайту жолымен қоғамның өзіндік ұйымдастыруын дамытуға ықпал ету болып табылады.

Заңы 2-бабында қайырымдылықтың мақсаты мен міндеттері нақты көрсетілген. Онда қоғамда «қайырымдылықтың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптас-тыру, қолдау және нығайту арқылы қоғамның өзін-өзі ұйымдастыруын дамытуға жәрдемдесу қайырымдылықтың мақсаты болып табылады» делінген. Қайырымдылық мақсатына көптеген қызметтерді атқаруға болады. Мәселен бейбітшілікті, достық пен қоғамдық келісімді одан әрі нығайтуға жәрдемдесу, сондай-ақ ана мен балаға қамқор-лық жасау, мәдениет пен өнерге, ғылым мен спорт түрлерін дамытуға қайырымдылық көмек көрсету, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды және т.б. қайырымды-лық түрлерін іске асыру жан-жақты көрсетілген. Заңда мынадай анықтамалар бар:

- қайырымдылық – қайырымдылық көмек көрсетуге және ізгілік қажеттіліктерді қанағаттандыруға негізделген, филантропиялық, демеушілік және меценаттық қызмет, сондай-ақ кіші отанға қолдау көрсету түрінде ерікті, өтеусіз не жеңілдікті шарттармен жүзеге асырылатын әлеуметтік пайдалы қызмет;
- кіші отан – аумағында жеке тұлға туған және (немесе) өз өмірінің бір бөлігін өткізген Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бірлігі;
- қайырымдылық волонтері – қайырымдылық жасаушымен жасалған шарттың негізінде өз тәжірибесін, арнайы дағдыларын, білімін, икемін, жеке байланыстарын қолдану арқылы қайырымдылыққа қатысатын жеке тұлға [4].

«Адамды адам ететін - мейірім мен қайырым» - деген даналық сөз бар. Яғни, осы сөзді үнемі жадында ұстайтын, айналасына қайырым-қамқорлықпен қарайтын жандарды меценат деп айтады. Заң бойынша меценат «Қайырымдылық туралы» Заңға сәйкес ғылымды, білімді, мәдениетті, өнерді, спорттық шеберлікті дамытуға, қоғам мен мемлекеттің тарихи және этномәдени игілігін сақтауға өзінің ізгілік еркі негізінде қайырымдылық көмек көрсету жөніндегі қызметі болып табылады. «Аз жақсылық жасағанға да көп рақмет айту парыз» – деген екен Ж.Баласағұн. Біздің халқымыз жақсылықты жасай да білген, жақсылық жасаған адамға рахметін айта да білген.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. А., 2007.
2. М.Мырзахметұлы. «Толық адам» ілімі жайлы толғаныс. http://ult.kz/post/mekemtas-myrzakhmetuly-tolyk-adam-ilimi-zhayly-tolganys
3. Абайдың «Толық адам» ілімі оқу үдерісіне енгізіледі. https://www.zakon.kz/4862336-abaydy-toly-adam-l-m-o-u-der-s-ne-eng-z.html
4. Қайырымдылық туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 16 қарашадағы № 402-V ҚРЗ.

ӘОЖ 327 (045)

ӘЛЬ-ФАРАБИ МҰРАСЫ –АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ НЕГІЗІ

Таджимуратова Ж., Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қ.
Ғылыми жетекшісі: Бағдатұлы М., Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қ.

Аңдатпа. Әл-Фараби – көрнекті ойшыл, өзінің замандастарының арасындағы ең ірі ғалым, философ және шығыс аристотелизмінің ең ірі өкілі. Өзінің білімділігі мен сауаттылығының арқасында "Екінші Ұстаз" атауына ие болды. Әл-Фарабидің шығармашылық мұрасы орасан зор. Мақалада әлемнің «Екінші ұстаз» атанған Әбу Насыр Әл-Фарабидің қоғам туралы, адамгершілік, қайырымдылық туралы ойлары, рухани мұралары туралы қарастырылған.

Түйінді сөздер: мұра, адамгершілік, қоғам, қайырымдылық, насихаттау.

Әл-Фараби – көрнекті ойшыл, өзінің замандастарының арасындағы ең ірі ғалым, философ және шығыс аристотелизмінің ең ірі өкілі. Өзінің білімділігі мен сауаттылығының арқасында "Екінші Ұстаз" атауына ие болды. Әл-Фарабидің шығармашылық мұрасы орасан зор. әл-Фарабидің мұраларына қызығушылық тек қана біздің елде емес, әлемдік деңгейде өте үлкен қызығушылық танытып отыр. Әл-Фараби мұраларын зерттеуге еліміздің атақты ғалымдары Ә.Марғұлан, А.Көбесов, Р.Бердібай, А.Қасымжанов, Ә.Дербісәлі, тағы басқалар да ат салысты [1].

Араб-мұсылман философиясымен шұғылданушы ғалымдар арасында зор рухани толғаныс туғызған оқиға Б.Г.Ғафуров пен А.Х.Қасымжановтың 1975 жылы Мәскеу қаласында орыс тілінде жарық көрген «Аль-Фараби в истории культуры» («Әл-Фараби мәдениет тарихында») кітабы болды. [3,91]. Сондай-ақ белгілі жазушы қоғам қайраткері Әнуар Әлімжановтың «Ұстаздың оралуы» атты романын қазақ оқырмандары үлкен ықыласпен қарсы алды.

Әл-Фарабидің айтуы бойынша, адамды табиғатынан адамға жау деп ұғу да қате. Қайырымдылық адамның табиғатында бар нәрсе. Адам баласынан рухани өмірдің шегі қайырымдылықты, ізгілікті талап етеді. Бұны XX ғасырдың басында өмір сүрген батыс ғалымдары «шекаралық жағдай» деп түсіндірген [2].

Қазақ философиясында «жалған дүние» деген ұғым бар. Бұның мағынасы адам өмірінің мәні де, сәні де жиған дүниесімен емес, ұрпаққа, елге жасаған ісімен өлшенеді дегенді білдіреді. Сол сияқты Әл-Фараби философиясында зерделенген қайырымдылық, ізгілік мәселелері адамзат баласына ортақ, оның табиғатының мәнін ашатын, адамның Әл-Фарабидің нақыл сөздері:

«Мінез-құлық міні – рухани кеселге жатады. Адамға тән бір жақсы қасиет – өзін қоршаған әлемнің әсемдік сырларына үңілу, содан рухани нәр алу, өзінің нәзік сезімін образдар арқылы паш ете алу. Өзгенің пікірін иемденіп кету – надандық һәм ниеті арам адамға лайық іс. Білім қуған жанның ойы күнделікті күйбеңнен көп алыста жатады. Бақыттың мәні – парасаттылықта, әркімнің өз алдында игілікті мақсат қоя білуінде... адамның өз мінез-құлқын, іс-әрекетін ерікті түрде өзгертіп, игілікке бағаттап отыруында [1].

Адам мақсатына өзін-өзі жетілдіру арқылы жетеді. Ғылыммен айналыссам деген адамның ақыл-ойы – айқын, ерік-жігері – зор, тілек-мақсаты – ақиқат пен адалдыққа қызмет етуге талап жолында болуы шарт. Жай ләззат іздеу, кәсіпқұмарлыққа ұқсас әрекет ондай болмасқа керек. Тәрбиелеу дегеніміз – адамның бойына білімге негізделген этикалық құндылықтар мен өнер қуатын дарыту.

Адамның басына қонған бақыттың ұрақты болуы жақсы мінез-құлыққа байланысты. Мінез бен ақыл жарасса – адамгершілік ұтады. Бақыттың мәні –

парасаттылықта, әркімнің өз алдында игілікті мақсат қоя білуінде... адамның өз мінез-құлқын , іс-әрекетін ерікті түрде өзгертіп, игілікке бағаттап отыруында.

Бақыт, қуаныш пен ләззат асқан сұлу, ең әсем, ең көрікті нәрсені барынша тиянақты және кемелді нәрсе түрінде аңғару арқылы ғана пайда болып, толық дәрежесіне жетеді. Адамға тән бір жақсы қасиет – өзін қоршаған әлемнің әсемдік сырларына үңілу, содан рухани нәр алу, өзінің нәзік сезімін образдар арқылы паш ете алу.

Ғылыммен айналыссам деген адамның ақыл-ойы – айқын, ерік-жігері – зор, тілек-мақсаты – ақиқат пен адалдыққа қызмет етуге талап жолында болуы шарт. Жәй ләззат іздеу, кәсіпқұмарлыққа ұқсас әрекет онда болмасқа керек. Білім қуған жанның ойы күнделікті күйбіңнен көп алыста жатады [2].

Ұстаздық мінез-құлық нормасы мынадай болуға тиіс: «ол тым қатал да болмауы керек, тым ырыққа да жығыла бермеуі керек. Өйткені, аса қаталдық – шәкіртті өзіне қарсы қояды, ал тым ырыққа көне беру – қадірін кетіреді, берген білімі мен ғылымына шәкірті селқос қарайтын болады».

Әл-Фараби түсінігінде, ұстаз да қала басшысы сияқты ел жетекші, халық қадірлісі. Медресе балаларды оқытып, тәрбиелесе, қала бастығы олардың ата-анасына өнеге көрсетеді, халықты ізгі қасиеттерге баулиды. Олай болса мұның екеуі де “сегіз қырлы, бір сырлы” қай жағынан да болса барша халықтан қош ілгері тұрған кісілер.

Сондықтан бұл екеуіне де мынадай 12 түрлі қасиет сәтті қабысып келсе нұр үстіне нұр болған болар еді:

1. Тән ерекше жетілген түрлі іс-әрекетті нәтижелі етіп орындауға ыңғайлы бейім болуы;

2. Нені болса да жақсы айырып, тез тұжырымға келе алатын;

3. Өзінің түсініп, сезгенін көріп, білгенін есіне жақсы сақтай алатын;

4. Көреген ойлы, талғампаз, ақылды адам болуы;

5. Ойын анық, дәл бере алатын, көркем сөйлей алатын шешен;

6. Ілім-білімді, оқу-ғылымды жан тәнімен, ұңғыл-шұңғылын ақыл-ой жұмысы-ның үлкен бейнетін тек ләззат санайтын адам;

7. Қайда жүрсе де өте ұстамды;

8. Өтірік-өсекті, мылжыңдықты жек көріп, шындықты, әділдікті бар ынтасымен сүйе білу;

9. Өр кеуделі, жан мен арын бірдей кіршіксіз ұстайтын адам;

10. Мал-мүліккке, дүние-жиһазға, мәнсіз ұсақ тіршілікке қызықпау;

11. Табиғатынан әділ, шынайы, шыншыл;

12.Басқаға дау, өзіне де қиянат қыңыр-қиқар болмай, әркез шешімге келе алатын байсалдығы мен батылдығы қатар жүре алатын, қорқыныш пен үрейге жол бермейтін адам [3].

Адамның басына қонған бақыттың тұрақты болуы жақсы мінез-құлыққа байланысты. Мінез бен ақыл жарасса – адамгершілік ұтадытұлғалық қасиеттерін тарих қатпарынан аршып алатын құндылық. «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат» – әл-Фарабидің негізгі еңбектерінің бірі. Әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайындағы трактаты» – ойшыл дүниетанымының мазмұнды арналарының бірі. Трактатта ізгілікті қоғам болмысының негізгі тетіктері мен қажетті шарттары туралы жан-жақты талданып, зерделенеді.

Мәселен, адамның табиғатынан көмекті қажетсініп, қоғам құруға бейілді екенін және қоғамның түрлері көптігін айтады [3].

Себебі, әрбір адамның тіршілік етуі мен кемелділікке жетуі үшін қандайда болмасын қауым керек. Әл- Фарабидің пікірінше, «қайырымды қала» идеал болып табылады. Бұл – қайырымды билеуші басқарған феодалдық қала. Оған өзінің мақсатына сәйкес әрекет ететін басқарушы шенеуніктер мен сол шенеуніктердің мақсатын жүзеге асыратын келесі рангілі шенеуніктер көмектеседі, осылайша қоғамның төмен қабаттарына дейін.

Әл-Фараби: «Адамдар бірлестігі шынайы бақытқа жеткізетін істерде өзара көмектесу мақсатын қойған қала – қайырымды қала, ал адамдары бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын қоғам – қайырымды қоғам. Барлық қалалары бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын халық – қайырымды халық. Егер халықтар бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отырса, бүкіл ғалам қайырымды болмақ», – деген гуманистік ойын ұсынып, оның жүзеге асуын аңсайды [2].

Қала болмысы – адамның кемелденген денесі мен оның мүшелері секілді. Дене мүшелері тіршілік ету мақсатында бір-біріне көмектесіп отырады және өздерінің қабілеттері мен жаратылыстарына қарай бөлінеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Н.Келімбетов Ежелгі әдеби жәдігерліктер Алматы, 2005
2. Қазақ тілі мен әдебиеті // №1, 2005.
3. Әбу Насыр әл-Фараби. «Қайырымды қала» - Алматы, Халықаралық Абай клубы, 2015.

ӘОЖ 304.44

ҚАЗАҚСТАНДА ЕРІКТІЛІКТІҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ ЖӘНЕ ЖҮЗЕГЕ АСУЫ

Таскинбай Қ.М., Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қ.
Ғылыми жетекші: Таскинбайкызы Ж., Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қ.

Аңдатпа. Еріктілердің бастамалары - Қазақстан үшін өзекті тақырып. Қазіргі уақытта елде еріктілік дамудың жаңа кезеңіне өтті. Қазақстандықтар, әсіресе жас буын, қоғам мүддесі үшін ерікті жұмыс бәріне қажет екенін және тек бір адамның ғана емес, бүкіл елдің табысты өмір сүруінің бір шарты екенін түсінді.

Түйінді сөздер: еріктілік, жоба, мемлекет, қамқорлық, халық, сауаттылық.

Қазақстанда 2020 жылы президент К.К. Тоқаевтың жарлығымен «Еріктілер жылы» деп жарияланды. Мемлекет басшысы волонтерлік қызметті тек ұлттық деңгейде ғана емес, әр қалада және ауылда дамыту қажет екенін атап өтті [1].

Еріктілік - бұл Батыста пайда болған қозғалыс. Бұл жақсы ниетпен жасалынатын және ұлттық дәстүрлеріміз бен құндылықтарымызға сәйкес келетін ерікті жұмысты қамтиды. Еріктілік - бұл тек тегін жасалатын жұмыс емес, сонымен қатар азаматтардың жауапкершілігі мен олардың әлемін жақсы жаққа өзгертуге дайын екендігінің көрсеткіші.

Статистикаға сәйкес, қазір Қазақстанда еріктілер қозғалысы өте қарқынды дамып келеді. Егер 2017 жылы 100-ге жуық еріктілер ұйымы болса, бүгінде 200-ден астам қауымдастық өз еріктілік қызметін жүзеге асыруда. Сонымен, ҚР Ақпарат және әлеуметтік даму министрлігі Азаматтық қоғамдар комитетінің мәліметі бойынша, бүгінде елімізде еріктілер қозғалысына 50 мыңнан астам адам қатысады. Барлығы білетіндей, еріктілік - бұл өте кең ұғым, бірақ соған қарамастан, бұл әр адам өз тәжірибесімен, уақытымен және дағдыларымен біреумен бөлісу немесе барлығын игі істерге салу. Бұл әлсіз адамдарға, балалар үйіне, қоршаған ортаға және т.б. қолдау бола алады. Мысалы, Pro-bono- еріктілік - дегеніміз маман белгілі бір компанияда жұмыс істей алады, бірақ сонымен бірге қоғамдық қорға белгілі бір саланың маманы ретінде көмектеседі. Мысалы, қаржылық мәселелерді реттейді.

Мысалы, G39 жастар ұйымының өкілі Әділ Нұрпейісов «еріктілік - шыдамдылық, адамдарды түсінуге ұмтылыс, ізгі ниет және көмектің риясыз екенін түсіну, сондықтан кез келген жағдайда алғыс немесе өтемақы күтпеу ... ».

Сонымен, еріктілік - бұл жастардың мектебі, олар өздерін жеке тұлға ретінде қалыптастырады және өмірді жан-жақты көреді. Бұл олардың өмірлік ұстанымдарын күшті және саналы етеді. Қазіргі уақытта студенттердің бастамалары студенттер арасында кеңінен танымал болып келеді. Мысалы, батыс елдерінде еріктілікке қатысу әлеуметтік саясаттың дәрежесіне көтерілгендей, бұл мәртебелі болады. Еріктілердің осы жылдағы барлық жобалары 7 бағытта біріктірілген:

1) еріктілер балалар үйінің тәрбиеленушілерін қамқорлыққа ала алатын «Сабақ-тастық» жобасы;

2) медициналық еріктілік «Саулық» бағыты арқылы дамиды, яғни. науқастарға көмек көрсету;

3) «Таза» жоба - қоршаған ортаны қорғау, өзендер мен ормандарды тазарту, ағаш отырғызу, қоқысты сұрыптауға үйрету;

4) «Асыл мұра» бағыты халқымыздың материалдық және рухани мәдени және тарихи мұрасын сақтауға волонтерларды тартады;

5) «Қамқор» жобасы қарттар үйіндегі еріктілердің жұмысына бағытталған;

6) «Білім» - ауылдық мектептердің жоғары сынып оқушыларына ҰБТ-ға дайын-дық, ағылшын және компьютерлік сауаттылықты оқытуда ерікті түрде көмек көрсету;

7) Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75 жылдығы қарсаңында «Үміт» жобасы отандастарымыздың ерлігі туралы құжаттарды іздеуге бағытталған.

Таким образом, согласно выделенным нами индикаторам, деятельность профессионалов социальной работы и волонтеров во многом пересекается. Однако более инновационные подходы к ее организации в третьем секторе, отсутствии нормативно-правовых ограничений и дополнительных бюрократических условий определяют направление профессионализации волонтерской общности. Во-первых, самоидентификация и реализуемые поведенческие стратегии профессионального и личностного развития сотрудников НКО демонстрируют стирание границ между сутью профессиональной деятельности и добровольчеством, тем самым позволяя рассматривать их в качестве волонтеров-профессионалов. Во-вторых, специфика сферы социальной работы в государственном и некоммерческом секторах накладывает определенный отпечаток на ключевые отличия управления волонтерами в государственных социальных учреждениях и независимых социально-ориентированных НКО.

ЛИТЕРАТУРА

1. Кудринская, Л.А. Добровольческий труд: сущность, функции, специфика // Социологические исследования. - 2006. - №5. - С. 15-22.

2. Волонтерство: развитие и международный опыт: коллективная монография / Г.Ф. Биглова, Ю.А. Кузнецова, В.В. Климук и др.; под ред. д-ра экон. наук, доц. Г.Ф. Бигловой - Уфа: Аэтерна, 2018. - 100 с.

3. Столбов, В.П. К вопросу о социальном капитале в городской среде // Известия ВУЗов. Серия «Экономика, финансы и управление производством». - 2016 - № 4 (30). -С. 71-76.

ӘОЖ 304:44

АДАМГЕРШІЛІК БОЛМЫС ПЕН ҰЛТТЫҚ РУХТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛЫНДА-ЖАСТАРДЫҢ БОЙЫНДАҒЫ ЕРІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ

Шырдабай Г., Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қ.
Ғылыми жетекшісі: Кульбаева А.М., Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қ.

Аңдатпа. Қазақстандық қоғамның бірлігі әртүрлі сатыдағы ұрпақтар үшін ортақ болып саналатын дәстүр мен рухани-адамгершілік құндылықтар арқылы анықталады. Мұндағы білім беру қоғам дамуының негізгі көрсеткіштерінің бірі болмақ. ЖОО білім беру үдерісі әрқашанда субъект ретінде кәсіби іс-әрекетке даярлап, қоғам прогресіне белсенділік таныта отырып, жетекші болатын рухани толысқан тұлға дамуына бағдарланады.

Түйінді сөздер: Ұлт, еріктілер, патриотизм, ұлттық код, ұлттық сана, ұлттық рух, адамгершілік, қайырымдылық.

Адамгершілік десе-көз алдыма, ең алдымен адамның бойында теңіздей толқып жатқан ерекше, қайталанбас маңызды тұлға келетіні хақ. Қазақ қашанда рухани адамгершілікті пір тұтып, оған жүгінген халық. Сондықтан бүгінде рухани болмысы терең, білімді, рухты ұрпақ тәрбилеудің маңызы зор екендігі бәрімізге мәлім.

Еліміз әлемдік деңгейге көтерілген сәттен бастап, қазақтың туын биікке көтерер білімді, білікті, адамгершілігі жоғары ұрпақ тәрбиелеу біздің алдымыздағы ең басты міндет екенін, айрықша мәнге зор екендігін нақтылап тұрып көрсеткен болатын. Рухани тәрбие адамның ізгілік ұстанымдарының бірі. Жеке тұлғаның болмысы мен ұлттық рухын адамгершілігі арқылы ізгілік мұраттарға бағыттап, өмір даналығын түсінуге жастарға кереметтей бір көзқарас қалыптастырады. "Өмір - теңіз, жүзем онда демеңіз, ізгіліктен жасалмаса кемеңіз"—демекші, адам бойындағы қайғы-қасіреттердің болу себебі адам өмірінде адамгершілік құндылықтардың және арман-мұратының болмауынан екен [1]. Сондықтан да ізгіліктің ең үлкені - адамдарға жақсылық жасау деп түсінеміз. Неге келешек ұрпаққа осының бәрін бетпе-бет, айқындап көрсетпеске? Яғни,адамның бойынан табыла бермейтін адамгершілік пен ұлтқа деген жаңашылдықты саралап, анықтап, сол құндылықтың қазіргі таңда ерекше рөлге ие болып жатқандығын түсіндірмеске. Әрине, осының бәріне бізге сенім артып, үміт отын жандырып отқан жандар да аз емес. Әр адамның бойында адамгершілік орнаса, жақсылықта, мейірімділікте, сауабы мол игі істерде көп болатын еді.

Адамгершілік осынша құлаққа жағымды естілетін көркем сөз, адамды тіпті 62 тамырын жібітіп баурап алады. Адамда ешқандай адамгершілік қасиеттер болмаса, осы күнге дейін жеткен жетістіктері жалаң, жадағай болып шығады . Осы маңызды қасиеттің өзі, үйдегі берген тәрбиегеде байланысты. Анам айтқандай, бойында ұятың мен адамгершілігің болмаса, істеген ісің бір тиын деп. Қарап отырсам, осының астарында бір терең мағыналы, мәнді тарих жатқан тәрізді. Каспийдің Қарт толқыны секілді толықсыйтын, аса бір мәнге ие осыншама құдірет, мол жауапкершілікті алады деп кім ойлаған. Ал жас ұрпаққа деген сенім одан сайын күшейе, арта түскен сияқты.Тәрбие мен білім беру адам дамуының рухани үйлесімділігін, өмірдің құндылықтарын түсінуге, өзін қоршаған ортамен үйлесімділікте еркін ұстай білуге жағдаят жасауында. Қандай қадам жасасаңда ең бірінші өзіңе нық сенімді болып,бойыңдағы күш жігеріңді емін-еркін ұстап,содан кейін барып жауапкершілікті қолға ал.

Ал қарым-қатынас кезінде адамгершілікті ешқашан ұмытпа, көкірегіңді аспанға көтеріп, мұрныңды көкке шүйіріп жүргеннен не пайда, ар жағыңда миың болмаса? Адамның күні адаммен екендігін қағидаңда ұстап, сақтай білу қажет. Осы маңызды қасиет, үйдегі берген тәрбиегеде байланысты демекші, кейде отбасы жағдайында ыдыс-

аяқ сылдырламай тұрмайды немесе отбасыларда күнделікті тірлік қамымен балалардың қажеттіліктері ескерілмей, екінші орынға жылжып жатады. Келешек ұрпақ рухани байлықты қалыптастыру үшін, адамгершілік іс- әрекеттерді, жақсы мен жаманды айыра білуді, сонымен қатар қажет кезде өз бетімен шешім қабылдап, дұрыс таңдау жасауы үшін кішкентайынан өз дегенін іске асыруға баулу қажет. Өзім сол қағиданы ұстанғаннан кейін, өзімше бір мысал болсын дегенімғой. Елім, жерім мекен еткен мәңгілік рухым, асқақтай өскен Егеменді қазағым деген жастардан, қалай айналмайсың. Адамгершіліктің қайнар бұлағы- халқында, отбасында, жастарда, әдет-ғұрпында деп бекер айтпаған. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс — тіршілігінен, рухы биік белестерден, табиғаттан бойына сіңіреді. Олай болса бала жастан демекші, бар игі астарлы істер мен бастамаларды көріп, үйреніп өседі деп сенуге болады. Міне осы сенімнің арқасында өскелең ұрпақ мағыналы, мәнді құлақтың құрышын қандыратындай, көрсе көркің тоймай қарайтын, ұлттық құндылықтарымызды нақыштайтын, дәріптейтіндей саналы жастарымыз өседі. Ата-бабадан қалған мұралар тарихтың төрінен орын алатыны сөзсіз. Міне осы дәріп нағыз таптырмас құндылық[2].

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында тәрбиелеу білім беру жүйесінде жүзеге асырылатын, жалпы адамгершілік құндылықтары негізінде білім алушылардың рухын дамыту үшін жағдай жасауға, олардың өмірлік өзін-өзі билеуіне, азаматтық және кәсіптік тұрғыдан құндылықтарының қалыптасуына көмек көрсетуге, жеке адамның өзін-өзі жетілдіру үшін жағдай жасауға бағдарланған нысаналы қызмет ретінде қарастырылады. Мұндағы қызметтер өз кезегінде білім алушыларды азаматтыққа, адамгершілік құндылықтарға бай етіп қалыптастыруды қоғам алдында міндеттеп отыр [3]. Осы жолда Ш.Есенов атындағы КМТИУ атқарып жатқан жұмыстары орасан зор деп айтсақ болады. Тіпті «Қоғамға қызмет » пәнін еліміздің ЖОО бойынша алғашқылардың бірі болып, университетіміздің оқу пәндерінің қатарына қосып, жаңаша бағытта, жаңаша форматта студент жастардың бойына адамгершілік пен рухани мораль ұғымдарын дамыту мақсатында аяулы ұстаздарымыз тынбай еңбектеніп жатыр десе артық айтпағандық болар. Осы пәннің жобаларын жүзеге асыру мақсатында, университет студенттері өз адамгершілік позияцияларын мықтап ұстанып, биылғы еріктілер жылында елімізге еңбек етуді жөн санадық. Әр студент шама-шарықымыз келгенше көмекке мұқтаж жандарға материалдық болмаса да, адами-қасиеттерімізбен жәрдем етудеміз.

Осымен қорытындылай келгенде,ғасырлар бойы ұлттың мәдени-рухани құндылықтарын дәріптей отыра,ұрпақтан-ұрпаққа мирас етіп,өнеге ретінде қалдырған дұрыс, әрине. Бірақта сол мәйекті бұзбай келешекке табыстау мына біздің, яғни жастардың қолында. Халықтың жарқын болашағы үшін бүкіл саналы ғұмырын паш ететін, ұрпағымызда аз емес ау шамасы!

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Философиялық сөздік. Р.Н.Нұрғалиев, Ғ.Ғ.Ақмамбетов, Ж.М.Әбдильдин және т.б.-Алматы:Қазақ университеті, 1996.

2. А.Өтешова. Адамгершілік- рухан тәрбиенің маңыздылығы. www.45 minut.rz

3. ҚР Білім туралы заңы. http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319

ӘОЖ 37.013.42

БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРЫЛҒАНДАРДЫ ӨМІРГЕ БЕЙІМДЕУ МЕН ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Лыконова А., ғылыми жетекшісі: Егенисова А.Қ.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қаласы

Аңдатпа. Бұл мақалада бас бостандығынан айырылғандарды өмірге бейімдеу мен әлеуметтендіру проблемасы зерттеліп және статистикалық мәліметтер келтірілген. Бостандыққа шыққандардың қалыпты өмірге үйрену жолдары мен әлеуметтендіру-пробацияның моделдерін қолдану жолдарын тілге тиек еткен.

Сонымен, мақаламызда бас бостандығынан айырылған адамдардың қоғамға қайта бейімдеудің қажеттілігі туралы баяндалды және болашақ психолог маман ретінде осы мәселені зерттеу өз жалғасын табатындығын айтып, көрсетеді.

Түйінді сөздер: пробация, әлеуметтендіру, сынау, байқау, қылмыс, бейімдеу.

Бас бостандығынан айырылған адамдарды күнделікті өмірге бейімделуі,әлеуметтенуі, дағдылануы бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналуда. Еліміздегі қылмыстық саясат тұжырымдамасының негізгі бағыттарының бірі – істі болған жандарды бас бостандығынан айырмай жазаға тарту болса, пробация осы бағытқа дәл келеді. Жалпы, пробация сөзі, қазақшаға аударғанда «сынау, байқау» дегенді білдіреді екен. Яғни сынаудың негізі – адамның қылмыс жасағанына қарамастан, оның түрмеге отырмауына мүмкіндік беру. Ол үшін қылмысқа барған адам сот міндеттеген шарттардың бәрін орындауы керек. Осылайша, байқаусызда сүрінген жандар болса, оларды түрмеге тықпай, қоғамға бейімделуіне мүмкіндік беру. Ал пробация қызметі ондай жандарды бақылап қана қоймай, әлеуметтік мәселелері болса, шешуге ықпал жасайды.[1]

Жалпы айта кететін болсақ, соңғы жылдардың өзінде, елімізде жасалатын қылмыстар саны азаймай отыр. Статистикалық мәліметтерге сүйенетін болсақ, еліміздегі қылмыскерлер саны 2010 жылы 84410 болса, оның ішінде 6070 кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдер. Олардың саны 2014 жылы 109899 адам болған, оның 4212 – ін кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдер құрайды. Ал істелген қылмыс санына келетін болсақ, 2010 жылы 131896 қылмыс тіркелген. Ол 2014 жылы 341291-ге артты. Осыншама бас бостандығынан айырылған адамдарды өмірге бейімделуін, қоғамға сіңісіп кетуін кімдер қадағалауда [2].

Қазақстанда пробация жеке институт ретінде толық қалыптаса қойған жоқ. Дегенмен оның кейбір элементтері қылмыстық атқару жүйесінде байқалып қалады. Мәселен, шартты түрде бас бостандығынан айыру, жүкті әйелдердің жаза мерзімін азайту, кішкентай баласы бар әйелдерді уақытынан ерте босату секілді. Алғашында Қазақстанда шартты түрде сотталғандарға қатысты шартты үкімдік пробация қалыптастыру көзделген. Өйткені шартты түрде сотталғандар сынақ мерзімінде жүреді. Ал сынақ мерзімін беру – пробацияның негізгі белгісі

Жалпы, пробация қызметі мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың 2012 жылғы 15 ақпанда қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне пробация қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңын іске асыру мақсатында және қылмыстық-атқару жүйесіндегі қылмыстық заңнаманы ізгілендіру аясында құрылған болатын.

Еліміздегі «түрме халқы» санын азайту өзекті мәселелердің бірі. «Түрме халқы» деңгейінің жоғары болуы, бүгінгі таңда көптеген мемлекеттерге әлемдік рейтингте кері әсерін тигізіп отырған мәселелердің қатарында. Бұл жағдайдың біздің елімізде де көрініс тауып отырғандығы жасырын емес. Бәріңізге белгілі, бүгінгі таңда Қазақстанның

қылмыстық саясаты әлемдегі дамыған мемлекеттердің тәжірибесін есепке ала отырып, еліміздегі бірқатар қылмыстық жазаларды ізгілендіру, сондай-ақ бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазалардың ауқымын кеңейтуге бағытталған.

Бүгінгі таңда Мемлекет басшысының осы тапсырмасын орындау мақсатында еліміздің Ішкі істер министрлігі тарапынан бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаларды дамыту бағытында көптеген шаралар қолға алынып жатыр. Соның бірі – пробация қызметі. Жалпы пробация қызметінің түпкі мақсаты – жазаға тартылған адамның қателігін, мінін бетіне басу емес, орын алған қылмыстың себеп салдарын зерттеп, мүмкіндігінше сотталушының қайталап қылмыс жасамауы үшін оның әлеуметтік жағдайын жақсартуға психологиялық тұрғыдан көмек беру.

Бүгінгі таңда пробация қызметінің тиімділігі қылмыстық-атқару инспекциясы мен жергілікті атқарушы, құқық қорғау органдарының сотталғандарға бірлесіп көрсеткен әлеуметтік-құқықтық көмегінің деңгейіне тікелей байланысты. Осыдан-ақ, пробация қызметінде қылмыстық-атқару инспекцияларының жеке дара жұмыс істей алмайтындығын көруге болады. Жергілікті органдардың тікелей қолдауынсыз пробация қызметі жемісті болмайды. Пробация қызметінің басты бағыты – құқық бұзушы мен қылмыстық профилактиканы қайта әлеуметтендіру, сондай-ақ, мемлекет бюджетін үнемдеу болып табылады.

Жалпы, пробацияға қатысты жұмыстар 2010 жылдан бері жүргізіліп келеді. Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы бекітілгелі бері бұл бағыттағы жұмыстар жоспарлы әрі жүйелі түрде жүзеге асырылуда. Нақтырақ айтсақ, бір жылғы қарқынды жұмыстан кейін 2012 жылы ақпан айында Қылмыстық атқару инспекция құрамында пробация қызметі бөлімдері құрыла бастады. Бұл бөлім мамандарының міндетіне шартты түрде сотталғандарды бақылау ғана емес, сондай-ақ, құқықтық көмек көрсету де енді. Нәтижесі жаман емес. Сотталғандардың қайта қылмыс жасау санының бірнеше есеге азаюы соның айғағы.[3]

Бұл мемлекеттік маңызы бар мәселе деп ойлаймын. Себебі, жазасын өтеп шыққан әрбір азамат мемлекеттің қолдауына зәру жандар болып табылады. Жазасын өтеп шыққан азаматтар қалыпты азаматтық ортаға бейімдеу- мемлекеттің міндетті жұмысы. Себебі, қоғам үшін сол адамдардың келешекте қылмысқа қайта оралмауы маңызды.

Бостандыққа шыққандардың қалыпты өмірге үйреніп кетуі оңайға соқпайды. Көбісінің түрмеден шыққан соң өмірі өзгеріп, басқа арнаға түседі.

- қоғам қабылдамайды;
- жұмыссыздық;
- басының теріс айналуы;
- барар жері болмайды.

Себебі қылмыс жасады деп, тіпті, өз бауырлары, туған-туысқандары ондай адамдардан теріс айналып шыға келетіні де жасырын емес. Бостандыққа шыққандардың көбісі өздерін керексіз сезініп, психологиялық күйзеліске түсіп жатады.

Сондай-ақ, Қазақстан түрмелерінде жазасын өтеп жатқандардың шектен тыс көп екенін алға тартқым келеді. ҚР Парламенті мәжілісінің депутаты Д.Назарбаева жиынның бірінде: «Бүлдіршіндерге қарағанда түрмеде отырғандарға қаржы көп бөлінетіндігін айтты». Демек, бұл дегеніміз, бостандыққа шыққандардың көбісі жұмыс таппай, жақындарымен қарым-қатынасын жоғалтып алғандықтан, үлкен күйзеліске түсіп, қоғамда өз орнын таппай қайта қылмыс жасап түрмеге өз еркімен түскісі келетіндері де бар. Себебі, түрмеде жағдайлары жасалған. Киім-кешек, тамағы, төсек орны бәрі өте жоғары деңгейде. Ал, одан шығып қаңғып қалса, ол өзіне мұндай жағдай жасалмайтынын біледі. Түрмеде жағдай жасалған соң, майдай жағып, айналып келе береді.

Дегенмен де, сотталып шыққандардың бәрі бірдей қайта қылмыс жасағысы келіп, қайтадан түрме есігін аттағысы келеді деп айтуға болмайды. Ал, бостандыққа шыққан соң олардың алдағы өміріне бейімделіп кетуіне қылмыстық атқару органдары жәрдемдесуі

керек. Қылмыскерлердің жазасын жеңілдету және темір тордан шыққан соң оларға жағдай жасау жағынан біздің еліміз артта қалғаны аян. Елімізде бостандыққа шыққандардың көпшілігі, бірінші кезекте, жұмыссыздық мәселесіне ұрынады. Себебі, сотталып келгендердің көпшілігі бостандыққа шыққан соң, жұмыс таппағандықтан, ақша болмағандықтан, өздерінің ескі әдеттеріне көшіп, қылмыс жасауға бейім тұрады. Тағы айта кететін жайт, түрмеде отырып келгендердің бәрі бірдей жұмысқа деген құлшынысы болады деп те айту қиын. Себебі, олар жатып үйреніп қалған адамдар, дайын тамақ және бәрі тегін келіп тұрғандықтан, түрмедегі адамдарда жалқаулық мінез-құлық қалыптасып кетеді деп ойлаймын. Сондықтан, түрмеде жазасын өтеп жатқандарды еңбекке араластыру керек, оларды сегіз сағаттық жұмысқа салу керек. Мысалы, кеңес үкіметі кезінде КА-168/2 мекемесінде үлкен жиһаз фабрикасы болды. Темір жолдың қосалқы бөлшектерін жасайтын цех болған. Қазір де бар, жоқ емес. Бірақ қазір бұрынғыдай сырттан тапсырыс жоқ. Жұмыс ауқымы азайды. Мекемеге қажетті азын-аулақ заттарды жасап алумен шектеледі [2].

Сырт көзге пробация жүйесі жазасын өтеушілерге белгіленген тым жеңіл жаза түрі болып көрінуі мүмкін. Бірақ шынында осы жүйенің арқасында қаншама адам тәртібін түзеп, келесі жолы қылмыс жасамауды толық түйсінеді.

Пробацияның тек екі моделін қолдану арқылы қайта жасалатын қылмыстарды азайтуға қол жеткіздік. Қазіргі таңда бұл қызметтің тиімділігін одан әрі жандандыру, сондай-ақ, пробация қызметінің жаңа моделін құру бойынша жұмыстар жалғастырылып келеді.

Пробация қызметінің басты көздегені – шартты түрде бас бостандығынан айырылғандарға әлеуметтік-құқықтық, психологиялық, медициналық көмек көрсету арқылы олардың қайта қылмыс жасауларына жол бермеу. Өмір болған соң, «жаңылмайтын жақ, сүрінбейтін тұяқ жоқ». Ал сотты болып жазасын өтеп жүргендерді өмірге қайта бейімдеудің мәні зор. Өйткені, сотқа дейінгі пробацияның негізгі мақсаты – қылмысқа барған адамның әлеуметтік маңызды байланысын сақтап қалу болып табылады. Ал сотқа дейінгі баяндама қылмыстық қудалау органдары, сот өтініші бойынша жасалады. Бұл құжат сотталушының жеке мінез-құлқын толықтай ашып береді. Егер сот бас бостандығынан айыру туралы үкім шығарса, пенитенциарлық пробация қолданылады. Бұл кезде пенитенциарлық пробация қызметкері сотталғанды үкім шыққан күннен бастап қоғамға қайта бейімдеуді қолға алады. Қазіргі таңда жазасын өтеп жатқандарды әлеуметтік қайта бейімдеуге бағытталған арнайы бағдарлама дайындалуда. Бағдарламада сотталғандарға әлеуметтік-психологиялық көмек көрсетумен қатар, білім беру, кәсіп үйрету кешені қарастырылған. Темір торда телміріп, торығып отырғанша орта және кәсіби техникалық білім алып, бір кәсіптің қыр-сырын үйрену сотталғандардың ертең бостандыққа шыққанда да босқа сенделмей, қоғамда өз орнын тауып кетуіне сеп болары анық. Осының бәрі, тіпті, абақтыда отырған кездің бәрінде сотталғандарға психологиялық көмек беру тәртібі қазіргі қылмыстық атқару заңнамасында толықтай жазылған [3].

Алайда, түрме телі-тентекті тезге салып, түзу жолға түсіре ме? Мәселе осында. Жасыратыны жоқ, жұрт түрме тіршілігін көріп келген жанға күдікпен қарауын қойған емес. «Сотталып келген» деген сүрең сөз соңынан сүйретіліп, бойын тіктер кезде аяғынан шалып, өмірінің соңына дейін қара таңба болып қалғандар қаншама?! Түрме толықтай түзеу мекені бола алмайтынын осы тар қапастан шыққан талайдың қырын кеткен тағдыры дәлелдеп берген. Себебі, тауық ұрлап түрмеге жабылып, шыққанда кісі өлтірудің «қыр-сырын» «меңгеріп» алғандар, өкінішке қарай, аз емес. Ендеше, өмірде сүрінгендердің бәрін түрмеге тоғытпай, қоғамда бейімделуіне мүмкіндік берудің де игілікті іс екенін естен шығармаған жөн болар.

Менің ойымша, түрмеде отырған кезден бастап еңбекке тәрбиелеу қажет. Елімізде «Қылмыстық жазасын өтегендерді әлеуметтік бейімдеу және оңалту» орталығы түрмеден босап шыққан адамдарға консультациялық көмек беріп қана қоймай, керек жағдайда ақысыз оқу мен мүгедектікті алу жағынан да жәрдем береді. Ал, мұндай орталық елімізде

тек Шымкент пен Павлодар қалаларында ғана бар. Сондықтан, аталған орталықтың санын көбейткен жөн. Ал, жұмыс берушілер сотталған десе, бастарын ала қашады. Сондықтан, бостандыққа шығып, өз бетімен жұмыс тапқандары көбіне өздерінің сотталғандығы туралы айтпайды, жасырады. Айтса, жұмыстан шығарылып қалатынын біледі. Сотталғандарды жұмысқа алу туралы қаулы бар, бірақ сотталғандардың әлеуметтік бейімделуіне қатысты қарапайым шарттардың өзі орындалмай отыр. «Мәселен, түрмеден босағандарды құжаттауда, олардың есепке тұруына, жұмысқа орналасуына байланысты мәселелер лайықты шешімін таппай келеді», – дейді Халықаралық түрме реформасы өкілдігінің басшысы Сәуле Мектепбаева. Еңбекті бақылау департаменті мекемелерді тексеріп сотталғандардың еңбек етуге деген құқықтары орындалмай жатқанын ашып көрсетуі керек сияқты. Түзеу мекемесінен шыққандарды жұмыспен қамтамасыз етуді заңдастырған жөн деп есептеймін, себебі әкімшілік өз тарапынан оларды жұмысқа орналастыруға белсенді атсалысар еді. Бұл бір жағынан ол адамдардың бостандық өмірге тезірек үйреніп, бейімделуі оңайлау болады.

Еліміз өзінің егемендігін алар кезде сотталғандар саны бойынша біз әлемде АҚШ пен Ресейді ғана алға салып, үшінші орында тұрдық. Көптеген тынымсыз жұмыстардың арқасында әуелгі уақытта түзеу мекемелеріндегі жағдайды оңтайландыруға қол жетті. Ең алдымен сотталғандардың санын азайту мәселесі өзекті болды. Ол үшін, яғни еліміз егемендігін алғаннан кейін бас бостандығынан айырудың балама жаза түрлерін кеңінен пайдалану мақсатында қылмыстық заңнаманы жетілдіру мен ізгілендіруге бағытталған 70-ке таяу заңдар қабылданды. Қылмыстық жаза шараларын тағайындаудың тәжірибесі айтарлықтай ізгілендіріле түсті. Сөйтіп, соңғы 12 жылда бас бостандығынан айырылып сотталғандардың саны 4 есеге төмендеді. Егер сонау 2000 жылы 40 мың адам сотталса, өткен жылы 9 мыңнан сәл артты. Осының арқасында болса керек, 2011 жылы Қазақстан халықаралық түрме орталығының мәліметтеріне сәйкес түрме индексі бойынша 3-ші орыннан 31-ші орынға ауысты. Әрине, бұл айтарлықтай нәтиже болғаны даусыз.

Қорытындылай келе, мақаламызда бас бостандығынан айырылған адамдардың қоғамға қайта бейімдеудің қажеттілігі туралы баяндалды. Болашақ психолог маман ретінде осы мәселені зерттеу өз жалғасын табады деп есептеймін.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. ТасболатовА.Түрме жетіскеннен отыратын жер емес.Егемен Қазақстан.2018., 3б.
2. «Қазақстан Республикасының заңнамалық пробация қызметі мәселелері» ҚР Президентінің Жарлығы № 556- VI ҚРЗ 27.02.2012
3. Ким Д.Вопросы развития пробации в Республике Казахстан. Исполнение наказаний №8, август.-2012 г. – 59с

ӘОЖ 37.017.925

ЖАСТАРДЫ ЭТНОМӘДЕНИЕТ РУХЫНДА ТӘРБИЕЛЕУ – ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

Смагулова Т., ғылыми жетекшісі: Егенисова А.Қ.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Бұл мақалада жастарды этномәдениет рухында тәрбиелеу мәселелері, этномәдени білім беруде шығармашылықты дамытатын мүмкіндіктерге, ұлтымыздың бай мәдениеті, ұлттық болмыс, тарихы, тілі, ұлттық құндылықтарды, Отанын сүйетін, адамгершілігі мол, рухы биік, жаһандық өркениетті меңгерген жас ұрпақты тәрбиелеу проблемасы баяндалады.

Түйінді сөздер: Этномәдениет , ұлт, тіл, тәрбие, рух, Отан, ел.

Қай уақытта да қай ұлттың болсын көзі ашық, көкірегі ояу, ұлтжанды азаматтарын толғандырып жүрген өзекжарды мәселелердің бірі –ұлттық білім беру. «Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбиеленуі тиіс» деп Мағжан Жұмабаев ұлт тәрбиесінің бағытын көрсетіп берген.Қай кезде де ұлт өмірін өркендетуші саналы да, салауатты , ұлтжанды рухы биік, ақыл парасаты мол , мәдени –ғылыми өрісі кең ұрпақ тәрбиелеу – қоғам алдындағы басты міндет және де қоғамдық қажеттілік.

Этномәдени білім беру дегеніміз жастарға шығармашылығын дамытатын мүмкіндіктер ,ұлтымыздың бай мәдениеті, ұлттық болмыс, тарихы, тілі , ұлттық құндылықтар туралы білім беріп, жан-жақты, Отанын сүйетін, адамгершілігі мол, рухы биік, жаһандық өркениеттің халықтарына төзімді жеке тұлғаны тәрбиелеу. Этномәдениет ата-бабаларымыздың тәрбиеге байланысты ғасырлар қойнауынан сараланып жеткен іс-тәжірбие жиынтығы, қанша уақыт өтсе де тат баспайтын адалдығы айнадай ұлттық қазына.Халқымыз өз ұрпағын ізгілікке инабаттылыққа, адамгершілікке тәрбиелеуді басты мақсат санаған.Олай болса, бүгінгі ұрпағымызды халқымыздың баға жетпес бай салт-дәстүрі негізінде тәрбиелеу, оларға ата-бабаларымыздың салт-дәстүрлерін терең сіңіру қажет. Халық батыры Бауыржан Момышұлы айтқандай «өткенін білмеген , одан тәлім-тәрбие, ғибрат алмаған халықтың ұрпағы-тұл, келешегі тұрлаусыз».

Тәуелсіздік алғаннан бері қоғамымыздағы өзгерістер еліміздің әулеметтік-экономикалық жақтарын түгел қамтыды , сонымен қоса сана сезімімізге көптеген өзгеріс болуына әсер етті. Сол өзгерістерді дұрыс жолға бағыттауда білім беру саласының ықпалы зор. «Тәрбиесіз берген білім- адамзаттың қас жауы» деп Әбу Насыр Әл Фараби ғұламамыз айтып кеткендей, қазіргі білім ұлттық бағытта болмаса, шығар нәтиже кеңес үкіметі кезіндегі жеке бастың және ұлттық қажеттілігін емес идеологияның табынушыларын жасап шығарған машинаға айналады. Сондықтан да, этно мәдени білім бере отырып, білім саласының алдында педагогиканың жақсы үлгілерін сақтай отырып, қазіргі қоғамға қажетті, ұлттық мүддені жоғары қоя алатын, барлық құндылықтарды сақтай отырып, жаһандану заманында ұлттық ерекшеліктерін сақтап қалуға ұмтылатын ұрпақ тәрбиелеу міндеті тұр. «Бұлай тәрбиеленген жас қай жұрттың арасында жүрсе де, сүйегіне сіңген ұлт рухы жасымайды, қайда болса да, тіршілігінде қандай ауырлық өзгерістер көрсе де ұлт ұлы болып қалады» деген Міржақып Дулатов.[1]

Тәуелсіздік алғаннан бері бұл мәселе біздің еліміздің үнемі назарында болып келеді: 1994 жылы Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру концепциясы, 1995 жылы Қазақстан Республикасының білім саласындағы мемлекеттік концепциясы, 1996 жылы Қазақстан Республикасында зтномәдени білім беру концепциясы, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы, 2002 жылы Йоханнесбургте өткен тұрақты дамудың Дүниежүзілік Саммитті декларациясын жүзеге асыруды міндетке ала отырып, Қазақстан Республикасының тұрақты дамуының үш бағыттан тұратын, яғни экономикалық, экологиялық , этномәдени білім берудің 2007-2024жылдарға арналған Концепциясын қабылдады, «Қ.Р.2011-2020 жылдарға арналған білім бағдарламасы» негіздерінде білім саласының бұрынғы жүйесін қайта қарап, ұлттық мәдениетке негізделген білім жүйесін дамытуды көздеп отыр[2].

Бұл құжаттарда ұлттық сұранысқа негізделген, мәдени, тарихи, ұлттық дәстурлерін есепке ала отырып білім жүйесін реформалау қажеттігі атап көрсетілген. Көп ұлт мекендеген Тәуелсіз Қазақстанның ерекшелігі де этникалық білім берудің қажеттігін туындатады. Кез-келген халық ғасырлар бойы жинаған қоғамдық және әлеуметтік тәжірбиесін, ата-бабалардан алмасқан тәжірбиеге өз үлестерін қосып келесі ұрпаққа мәдениетін, тарихын аманат етіп отырған. Ежелден келе жатқан тарих толқынында халық- үлкен күш, ол мәдениетті, тарихты жасаушы жалғыз таусылмас қазына, құндылықтардың қайнар бұлағы. Сол таусылмас қазына мен қайнар бұлақтан өркен алатын жас ұрпақты халық дәстүрінде білім беріп,тәрбиелеу қазіргі білім саласының басты міндеті. Қырғыз халқының дана ұлы Шыңғыс Айтматов «.....өз халқының және

басқа халықтардың тарихы, мәдениетінен, тәжірибиесінен бейхабар адамның болашағы жоқ, бүгінгі күнмен ғана өмір сүреді»-дейді.Өйткені тек білімді адам ғана басқаның мәдениетін, өз төл тарихы мен мәдениетін бағалай алады, өз халқының ажырымас бөлігі екенін сезініп, сол халық мәдениетінің қажеттілігін өтей алады. Ал этномәдени білім жеке тұлғаның этномәдени ерекшеліктерінің қалыптасуына және оқу мен тәрбиенің ұлттық жүйесін дамытуға негіз болады. Этномәдени білімді жолға қоюдың жолы оқу процесіне жаңа педагогикалық технологияларды пайдалана отырып, авторлық бағдарламалар жасап, арнайы пән ретінде енгізу деп есептеймін. Көптеген оқу орнында этномәдени білім беру тек тәрбие жұмысының бағытында іске асырылып, кей пәндерде үстірт оқытылып, тақырыптарда элементтерін қолданып отырады. Ал біз кезінде кеңестік үкіметтің саясатының салдарынан ұлттық тамырымыздан алшақтап кеткендіктен, жоғалта жаздаған Мұхтар ағамыз айтқан «Төрт анамызды» толығымен сезіну үшін, ұрпақ тәрбиесін шынымен жан ашырлықпен қолға алу үшін этномәдени білім беруді оқу орындарында үстірт емес жауапкершілікпен қолға алуымыз керек. Арнайы пән ретінде енгізуді қолға алсақ біз ұлттық құндылықтарды бағалай алатын, құзіреттілік деңгейі жоғары, ұлттық мәдениет арқылы жаһандық мәдениеттің мәнін түсіне алатын жеке тұлғаны дайындай аламыз. Этномәдени білім беруде көп нәрсе біліктілік, ұғымдылық, танымдылық тұрғысынан берілу керек. Біз әлемдік деңгейдегі білім берудің озық үлгілерін жоққа шығармаймыз, оны зерделеу, білу қажет. Бірақ дүние жүзінің ұлттары мен ұлыстарының мәдениеттері, салт-дәстүрлері, тілдері сан түрлі болғандықтан , сусындайтын этномәдени білім мен тәрбие көздері де сан түрлі. Осы рухани көзді елемеу ұлтсыздандыруға апаратын жол.Сондықтан, әлемдік деңгейдегі білімді қажетінше пайдаланып өз этномәдени білім мен тәрбиеге негізделген ұлттық білім жүйесін дамыту қажет . Этномәдени білім беру жүйесіне көшу бір күндік нәрсе емес, әулеметтік-экономикалық және демографиялық негіздерді ескере отырып ұзақ перспективаны қамтитын ұзақ процесс.Бүгінгі жастарымызды бізден әлдеқайда сауатты болуға бағыттауымыз, бағыт-бағдар беруіміз керек.Абай атамыз айтқандай «Адам баласы бір-бірінен ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселерімен озады. Одан басқа нәрселермен оздым демектің бәрі ақымақтық», сондықтан да жастарымыз озық болсын десек этномәдени білім мен тәрбиені оқу орындарында басты назарда ұстау керек.Біз халықтық тәлімнің ақ уыз шырынан нәр беретін текті тәрбиеге қол жеткізетін ұлттық қазына , рухани байлық атты қасиеттерімізді үнемі назарда ұстауымыз керек.Бұлардың бәрі жас ұрпаққа үйренумен , таныммен , тағлыммен келеді.Сондықтан да, қазіргі оқуымыз да, тәрбиеміз де этномәдени тұрғыда болуы керек деп есептеймін.[3]. Мемлекеттің қалыптасып кетуі жоғарыда айтылған құндылықтарсыз мүмкін емес. Қазіргі басты құндылығымыз – Тәуелсіз Қазақстан. Қазақстан сияқты Тәуелсіздіктің жолымен енді дамып келе жатқан мемлекетке тұрақтылықпен даму үшін жастарды этникалық білім мен тәрбие тұрғысынан өмірге даярласақ , олардың ұллтық рухы биік болады. Ал рухы күшті елдің қашанда бағы таймайды. Өршіл намысты, биік рухты ұрпағы бар елдің еңсесі биік. Ұлттық рух бар жерде ғана отаншылдық сезімі қанат жаяды. Ал, этномәдени білім мен тәрбие отансүйгіштікті қалыптастыру үшін аса қажет. Кешегі күнсіз келешек жоқ. Бүгінгі жас ұрпақты сонау замандардан жинақталған ата – бабаларымыздың мол мұрасы мен сусындату біздің міндетіміз. Ұлдың батыр, қыздың әдепті болып қалыптасуы, бабалар мұрасына байланысты. Демек, бабаларымыздың өнеге өсиетін пайдалана отырып тәрбиелеу ұлттық тұлғаны қалыптастырады. Этномәдени білім мен тәрбие тектіні, дарынды, дананы, талантты құрметтеуге үйретеді. Ал, осыны үйренген жасұрпақ ертеңелді алғажетелейді. Жастардың этномәдени рухын жетілдірудің негізгі мақсаты халықтық дәстүрде тәрбиелеу болып табылады. Яғни мұнда ұлттық тағлым, салт-дәстур, шешендік өнер, болашақта қажет отбасы әдебі, ұлттық ұғымдар, тиымдар, ырымдар т.с.с тақырыптар қамтылды. Ұлы француз жазушысы В.Гюго былай деген: «Халықтың ұлылығы санымен өлшенбейді, адамның ұлылығы бойымен өлшенбейді, жалғыз ғана өлшем оның ақыл-ойының және өнеге деңгейінің дамуы».

Елбасының тікелей тапсырмасымен білім беруді жан-жақты дамытуға байланысты жасалып отырған сара саясатының арқасында, заманға сай жастардың жан-жақты өсіп, дамып жетілуіне, лайықты білім мен тәрбие алуларына толықтай жағдай жасалуда.

Мен осы мақаламды жаза отырып жастарды этномәдени рухында тәрбиелеудің және білім берудің қорытындысын жасадым. [5]

Мәселелері:

Әлсіз жақтары:

материалдық- техникалық қамтамасыздандыру төмен;

әдістемелік және оқу құралдардың жоқтығы;

этномәдени білімнің қажеттілігін түсінуі төмен;

арнайы мамандардың жоқтығы;

Күшті жақтары:

тұрақты дамудың әлеуметтік бағыты бар;

жастардың танымдық белсенділігі артуы;

этномәдени білім мен тәрбиенің актуальдылығы;

Мүмкіндіктері:

-рухы биік , отаншыл , жауапкершілігі жоғары жас ұрпақ тәрбиеленеді;

-жастардың өзін-өзі дамытуы;

-жастардың қоғамдық белсенділігнің артуы;

Проблемаларды шешу жолдары:

-білім басқармасының қызығушылықтарының арттыру;

-оқу-материалдық база жасау;

-әдістемелік құралдар шығару;

-этномәдени білім беру мен тәрбиенің ұлттық жүйесін жасап насихаттау.

Ұлы мақсат қойған ұлы жетістікке жетеді демекші, келешекте,мақсатымызға жетеміз деп ойлаймын , өйіткені ұлт болашағы – ұрпағында болса , ұрпақ тәрбиесі-ұстаз қолында. Өз мақаламды Бауыржан Момышұлының сөзімен аяқтағым келеді:«Тәрбиелі-тәртіптің құлы, тәртіпті –елдің ұлы»

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Қазақстан Республикасында зтномәдени білім беру концепциясы, 1996ж.

2.Қазақстан Республикасының «Білім туралы » заңы .

3.Ж.Артыкбаев. «Этнология және этнография». Астана,2001ж.

4.Проблемы этногенеза и этнической истории народов Казахстана.,1990

5. Наурызбаев «Этномәдени білім» Алматы, 1999ж

ӘОЖ 137.017.4

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ ЕРЛІК ДӘСТҮРЛЕРІ АРҚЫЛЫ ПАТРИОТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Ибрагимова М., ғылыми жетекшісі: Егенисова А.Қ.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Бұл мақалада оқушылардың ұлттық ерлік дәстүрлері арқылы патриоттық құндылықтарын қалыптастыру мәселелері қарастырылады. Ұлттық ерлік дәстүрлері арқылы Отансүйгіштікке тәрбиелеу мәселелерін зерттеген ғалымдардардың еңбектеріне де талдау жасалынып және патриотизм ұғымдарына сипаттама беріледі

Түйінді сөздер: Ұлт, ерлік, патриотизм, Отан, ел, әдет-ғұрып,салт-дәстүр.

Өскелең ұрпаққа адамзат тарихында ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан патриоттық құндылықты, ұлттық дәстүрді, отаншылдықты, елжандылықты дарыту қазіргі кезде көкейкесті мәселенің бірі болып отыр. Өткенін білмеген халқының қадірін білмейді, халық нені бастан кешірді, бүгінге қол жеткені ненің арқасы, халық өз тарихын жасау үшін тер төгіп, азап шекті, тар жол, тайғақ кешуден өтіп, жерін, қорғап, елін сақтады. Жаппай патриотизм үлгісі кешегі 1986 жылғы әлемді дүр сілкіндірген қасіретті желтоқсан оқиғасы болатын. Соны бүгінгі ұрпақ білуге, қастерлеуге тиіс.

Ұлттық ерлік дәстүрлері арқылы Отансүйгіштікке тәрбиелеу мәселелері гуманитарлық ғылымдар жүйесінде жан-жақты зерттелу үстінде. Атап айтсақ, Н.Меңлібаев, С.Иманбаева, Е.Жұматаева және т.б. қарастырған. Кейінгі жылдары қазақстандық патриотизмге аса мән берілуде. Бұл тұрғыда жазушы Ә.Нұршайықов, Ә.Қалмырзаев, Л.Ахметованың жене т.б. еңбектерін атауға болады [1,2].

Көп ұлтты Қазақстан халықының отансүгіштік сезімін қалыпастыратын – азаматтық келісім, ұлттық бірлік. Егемен еліміздің тәуелсіздігін сақтау ұлттық келісім, ішкі үндесім барша халқымыздың ынтымағы мен өзара жарасымдылығында. Туған жер, табиғат, оның байлықтары, тіл, дәстүр, тарихи ескерткіштер, туған өлкедегі тамаша киелі орындар – жалпы ұлттық құндылықтар ешкімді де бейтарап қалдыра алмайды. Олар сөзсіз адам көкірегінде жылылық, жақындық, туыстық сезімдерді ұялатып жатады. Бір сөзбен айтқанда, отансүйгіштік қасиетті ұғым. Қазақстандық отансүйгіштікке келсек, ол тек қазақтардың ғана өз отанына сүйіспеншілігі емес, онда мекендейтін бүкіл ұлт пен ұлыс өкілдерінің бәріне қатысты дүние. Бұл сезімнің мағынасы терең, аумағы кең, құдіреті күшті.

Патриотизм - тарихи, әлеуметтік ұғым. Патриотизм гректің patris – Отан, ел – деген сөзінен шыққан. Бұл термин Отанға, елге, туған жерге, халыққа деген сүйіспеншілікті білдіретін ұғым.

Ал, қазақ энциклопедиясында патриотизм ұғымы былайша сипатталған: patri - otes – Отандас, patris – Отан, туған жер, Отанға деген сүйіспеншілік, бойындағы күш қуаты мен білімін Отан игілігі мен мүддесіне жұмсау. Туған жерін, ана тілін елдің әдет – ғұрпы мен салт – дәстүрін құрмет тұту сияқты патриотизм элементтері ерте заманнан бастап-ақ қалыптаса бастайды.

Патриоттық құндылықты ойға алғанда бірінші санаға Отан түсінігі келеді. Сондықтан осы түсініктің санада орнығуына байланысты патриотизмнің мынадай екі қырын көруге болады [2]:

.Отан туралы жалпы түсінік. Ол халықтың дамуы, тарихы, қорғаныс тәсілдері патриоттық пікірлер, көңіл – күй, ұлттық дәстүрлері мен саналы сезімдері кіреді.

2.Патриотизмнің теориялық деңгейі. Ол – Отанның құрылуы, дамуы, сақталуы, оның егемендігі мен тәуелсіздігі туралы ғылыми білімдерді жете меңгеру, Отанға құрмет көрсету тұрғысындағы патриоттық сезім жалпы адам баласына тән, туған түйсік-қасиет, оның еліне, туған жеріне, өз тілі мен мәдениетіне, ұлттық құндылықтарына жеке қатынасын, өзіндік бағасын, қуаттап-қолдауын пайымдайтын сезім көрсеткіші болып табылады. Туған жер, табиғат, оның байлықтары, тіл, дәстүр, тарихи ескерткіштер, туған өлкедегі ұлттық құндылықтар жатады.

Патриотизмнің мәні өте күрделі. Бір жағынан, ол ізгілікті саяси үрдіс, яғни жеке тұлғалық, қоғамдық сана элементтерінен тұрса, екінші жағынан, Отанды қорғауға, сақтауға, нығайтуға бағытталған сезім. Отанға деген махаббат-өз халқыңның, өз достарыңның, өз ата-аналарың мен бауырларыңның жетістіктеріне қуана білу. Отанға деген сүйіспеншілік-өз еліңнің тағдырына қобалжу, өз еңбегіңмен, сөзіңмен және ісіңмен Отаныңа өз пайдаңды тигізу. Қазақстандық патриотизмнің қайнар көзі – халықтың береке бірлігінде, ынтымақ ықыласында, елдігі мен ерлігінде және осы мемлекетіміздің күш-қуаты да, беріктігі мен өміршендігі де, оның ұлан-байтағының біртұтастығы да Отанды сүюге, патриотизмге байланысты [3] . «Қазақстандық патриотизм» дегеніміз ол адамның бойында өздігінен қалыптаса қоймайды.

Біріншіден, ол тарихымызды - Қазақстан халықтарының тарихын білу.

Екіншіден, өз тілімізді - туған халқымыздың тілін білу шарт. Тіл тарихымыздың жабулы құлпын ашар кілт.

Үшіншіден, жалғасып - келе жатқан салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды білген жөн, ол да - тарих.

Төртіншіден, өткен тарихымыздың жақсылықтары мен игі тәрбиесін сақтау, дамыту, оны көбейту әрі жаңа сапа беру.

Бесіншіден, Абай атамыз айтқандай, ұлттық қадір-қасиетімізді арттыру.

Міне, осылардың барлығы жалпы адамзаттық педагогиканың бір бөлігі ретінде ұлттық тәрбие жүйесінің ізгілікті де игі бастауларын қолдайды.

Ежелгі түркі қағандығы кезінде тасқа жазылған Күлтегін ескерткішінде ел билеушілерінің Отаншылдық үлгісі көрініс тапқан. Төре, Қазыбек, Әйтеке билер, Ақтамберді, Бұқар жыраулар және ХХ ғасырдың басындағы А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейхан, Ж.Аймауытов, С.Торайғыров, М.Жұмабаев, т.б. ұлт зиялылары мен қайраткерлері Отаншылдықты сөзбен ғана емес, іспен де өнеге көрсете білді. Туған жерді, елді қорғауға қазақтың халық педагогикасынан нәр алған, ата дәстүрінен сусындаған, ақылды, айбынды халық перзенттері – Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Абылай хан, Бөгенбай, Наурызбай, Есет, Қабанбай, Жәнібек, Олжабай, Райымбектер т.б. шықты.Ел басына дүркін-дүркін қара түнек орнаса да, мойымаған ата-бабаларымыз ғұн, сақ, сәмби, жужан, қыпшақ, оғыз заманынан бергі мәдени мұралар мен патриоттық тәлімді бүгінгі күнге дейін жеткізді. Мәселен, қазақтардың патриотазмін жоңғар шапқыншыларына Қазыбек би былай деп сипаттаған: "Біз -қазақ деген мал баққан елміз,бірақ ешкімге соқтықпай, жай жатқан елміз. Елеміздің құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз. Ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөз асырмаған елміз. Достығымызды сақтай білген елміз, дәм-тұзды ақтай білген елміз, асқақтаған хан болса, ордасын таптай білген елміз. Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса, құң боламын деп тумайды! Ұл мен қызды қаматып отыра алмайтыи елміз.

Танымайтын жат елге танысқалы келгенбіз, танысуға көнбесең шабысқалы келгенбіз. Сен қабылан болсаң, мен-арыстан, алысқалы келгенбіз. Жаңа үйреткен жас тұлпар – жарысқалы келгенбіз, тұтқыр сары желіммен, жабысқалы келгенбіз. Берсең жөндеп бітіміңді айт, не тұрысатын жерін айт! –деген болатын [4].

Қазақ халқының бертінгі тарихында патриоттық құндылықтар жүйесі бірқатар кемшіліктерге бой алдырды. Бұл бір жағынан - Қазақ елінің шырмауға түскендігінен болса, екінші бір жағы - кейінгі КСРО империялық, мемлекеттік саяси-идеологаялық тұрғыдан басқарған тоталитарлық жүйенің жеке адамның Отанына, бабалар мұраты мен халық дәстүріне сүйенген патриоттық тәрбие көздерін жалған идеология арқылы бұрмалауында еді. Жалпы адамзат өркениетіне тән ізгілікке жеткізер жолдың бастауы - патриоттық тәрбие түп негізінен айырылып, тоталитарлық мүддеге қызмет етті. Соның салдарынан жеке адамның Отанына, халқына деген сүйіспеншілік негіздерінің бірі болып табылатын патриоттық сезім, құндылықтар, ой-сана қуғынға ұшырады. Шығармашылығына патриоттық сезімдері қуат берген ақын Ж.Молдағалиев:

Мен қазақпын мың өліп, мың тірілген.
Жүрегімде таныстым мұң тіліммен
Жылағанда жүрегім күн түтылып,
Қуанғанда күлкімнен түн түрілген... - деп, жырлаған "Мен-қазақпын" поэмасы үшін өкімшілік қысымға ұшырады.

Біздің елімізде жастарға ұлттық ерлік дәстүрлері арқылы патриоттық құндылықтарын қалыптастыру үшін әскери бөлімдер жеке құрамымен, Ұлы Отан соғысы ардагелерімен және жергілікті соғыстар ардагерлерімен кездесулері өткізіліп тұрады; азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру кезеңінде қорғаныстық – бұқаралық жұмыс айлықтары, әскери бөлімдер мен жоғары әскери училишелерде «Ашық есік күндері», орта мектептерде «Ерлік сабақтары» жарияланады. Жыл сайын Қазақстан

Республикасы Қарулы Күштерінің жастар бастамалары орталықтары белсенділерімен Бүкіләскерлік кеңес, сондай-ақ «Патриот» республикалық акциясы шеңберінде «Жас ұлан» республикалық жауынгерлік әндер фестивлі өткізіліп тұрады.

Әскери-патриоттық клубтардың республикалық слеттерін,«Ұлан»,«Алау» әскери – спорттық ойындарын,«Патриот»,«Мен – Қазақстан азаматымын», «Бұл – біздің ту» республикалық патриоттық акцияларын өткізу дәстүрге айналған.

Қазіргі кезде республикада 320-дан астам балалар мен жастар ұйымдары жұмыс істейді.Олардың ішінде біршама ірілері және білгілері «Жұлдыз» (Ақмола облысы), «Болашақ»,«Ұлан»,«Айналайын» (Қарағанды облысы),«Шұғыла» (Ақтөбе облысы),«Мұрагер» (Қостанай облысы),«Достар» (Жамбыл облысы), «Жайық жастары» (Батыс Қазақстан облысы), «Жасыл республика» (Оңтүстік Қазақстан облысы) және басқалар болып табылады [3].

Соңғы онжылдықта шетелдік насихаттың, сондай-ақ жекелеген азаматтар мүддесіне бола елде таратылып отырған діни жоралғылармен байланысты түрлі экстремистік пікірлер байқалуда. Жастардың кришнаиттер, Иегоева куәгерлері секілді Қазақстан үшін дәстүрлі емес бірлестіктерге, ондай-ақ экстремистік ұйымдарға, мысалы, «Хизбут– Тахрир» діни саяси бірлестегіне және басқаларға деген қызығушылығы осы бірлестіктер мен ұйымдардың белсенді жақтаушылардың жастардың санасына психологиялық ықпал етуімен байланысты. Сондықтан діни саладағы пайда болатын өзекті проблемаларды реттеудің нақты тетігін әзірлеу қажет.

Қорыта айтқанда, патриоттық құндылықтың обьектісі мен қайнар көзі – Отан десек, оның мазмұны – байлықтары, тілі, дәстүрі, тарихи ескерткіштері, туған өлкедегі киелі орындар, рухани байлықтары. Ал, рухани байлыққа ең алдымен – тілімізді, дінімізді, салт-дәстүрімізді жатқызсақ, тіл – қазақ болуымыз үшін, дін – адам болуымыз үшін, салт-дәстүр – ұлт болуымыз үшін қажет. Осылардың бәрі сақталса біз өз еліміздің патриоты болғанымыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бекайдар Т. Елін сүйген ұрпақ- ұлт мақтанышы . Қазақстан мектебі. №9 2003.
2. Сайдахметова Л. Қазақстан мектептерінде оқушыларды патриотизмге тәрбиелеу. А., 2002.
3. Тасболатов Қ. Қазақстандық патриотизмнің ұлттық және ұлтаралық үйлесімі. Отан тарихы.№3. 2001.
4. Иманбаева С.Т., Оқушыларды ұлттық жауынгерлік дәстүр арқылы ерлікке баулудың педагогикалық негіздері, Автореферат, педагогика ғылымдарының кандидаты, Алматы – 1997, 26б.

ӘОЖ159.933

АДАМ ПСИХОЛОГИЯСЫНДАҒЫ АЛАҚАН СЫРЫ

Исаева С., ғылыми жетекшісі: Егенисова А.Қ.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Бұл мақалада адам психологиясындағы алақан сыры қолтаңба қоюдың құдіретін, оның адам психологиясының ерекшеліктерін білдіретіндігін баяндайды.

Адамдарды көп жылғы зерттеулердің қорытындысы бойынша сипаттама беретіндігін, адамның алақан сырының өзіндік ерекшеліктері: өмір сызығы, жүрек сызығы, ақыл-ой сызығы, тағдыр сызығы және алақанның формалары: шаршы бітімді (квадрат) алақан, ұшбұрыш пішінді алақан, ұзынша бітімді алақан т.б сипаттма берген.

Түйінді сөздер: психология, алақан сыры, саусақ, өмір сызығы, жүрек сызығы, ақыл-ой сызығы.

Психология ғылымында күнделікті өмірде көп адамдардың қызығатын саласының бірі хиромантия деп аталады. Егерде сіз қолға қарап болжау арқылы хиромантия ғылымын үйренгіңіз келсе, ең алдымен алақаныңыздағы неше түрлі тарамдалған сызықтардың сырын оқып үйреніңіз.

Қай адамның қолын алып, алақанына қарасаңыз да, ондағы сызықтардың бір-біріне ұқсамайтынын көресің. Мысалы, алақандағы сызық әр адамда әртүрлі болғанымен, терең сызықтарды тәсімдік жазу ретінде қарағанда, сол қолда (LLI) сексен бір, ал оң қолда (ILL) он сегіз сандары танылады. 81+18=99, Алланың 99 есімін көрсететін ерекше сызықтар». Негізінен, адам тағдырын алақанына қарап болжайтындарды хиромантар деп атайды. «Қол оқу» (хиромантия) – алғаш Үндістанда пайда болады. Одан кейін Кіші Азия, Жерорта теңізі мен Қытайға тарады. Ал Үнді елі болса, тағдыры жөнінде «бұл менің алақанымда жазылған» десе, қазақтар «бұл менің маңдайыма жазылған», – дейді.

Саусақ терісін қанша рет сыпырсаң да, терісі қайта қалпына келгенде, бұрынғы саусақ пен алақан сызықтары қаз қалпына өзгеріссіз келеді. Сондықтан да, алақан мен саусақ таңбалары жеке адамның өзіндік кодтық таңбасы. Дүние жүзінде қылмыскерлерді тек қана осы таңбалы белгі арқылы анықтаған. Бұл құпияны ағылшын ғалымдар 1884 жылы ашқан [1].

Хиромантар әр уақытта адамның алақанындағы негізгі үш сызыққа қарап, болжамын айтады. Олар:



Сурет 1 - Алақан сызықтарының кескіні

Өмір сызығы (1-1), ақыл сызығы (2-2), жүрек сызығы (3-3), тағдыр сызығы (4-4), күн сызығы (5-5), денсаулық (6-6), көмекші сызықтар - Шолпан белдеуі (7-7), білезік сызығы (8-8), неке сызығы (9-9), Марс сызығы (10-10), сирек кездесетін сызықтар, Уран сызығы (11-11), Нептун сызығы (12-12) 1 суретте көрсетілген.

1. Өмір сызығы. 2. Жүрек сызығы. 3. Ақыл-ой сызығы. Бұдан басқа білектегі білезіктерде де шындықтың негізгі «болжамы» болады.

1.Өмір сызығына келсек, хиромантар бұған қарап адамның жалпы денсаулығына баға береді және өмірінің мөлшерін де біле алады.

Егер бұл сызық кең әрі өңсіз, түссіз болса, онда ол денсаулықтың нашарлығын, адамның мінез-құлқындағы ерекше белгілерін көрсетсе, қосымша сызықтар адамның ұзақ жасайтындығын көрсетумен қатар денсаулықтың ақаулығы барын да ескертеді.

Егер өмір сызығы екі кесіктен тұрса, онда бұл адамның өлімші болып ауыратынын немесе аяқ астынан өлетінін көрсетеді. Сызық басталатын жерінде екі ашаға ұқсас айырылса, бұл денсаулықтың жақсы болғаны.

Өмір сызығының қосарлана жүруі кейде байлықты, бақытты болуды білдіреді. Ал әйелдерде өмір сызығының екеу болуы өзін қорлауға ұмтылуы. Өте жіңішке, ұзын өмір сызығы адамның ашушаңдығын, ал өмір сызығының кенеттен жоқ болуы – адамның жақында сал ауруына шалдығатынын білдіреді. Мүмкін өлімге итермелеген «жасырын» ауру да болуы ықтимал.

Егер өмір сызығы тарам-тарам болып шашырап барып, қайта қосылса, ол қанның аздығы (анемия). Денсаулықтың нашарлығын, әлсірегенді білдіреді [2].

2. Жүрек сызығы – айқын әрі дұрыс, анық тартылса, онда бұл сызық иесінің асқан мейірбан, жайдары, аққөңіл, өзін құрбан етуге дейін бара алатындығын көрсетеді. Жүрек сызығы ортаңғы саусақ пен сұқ саусақтың ортасынан басталса, адам махаббатта да және басқа істерде де табысқа жетеді. Бұл сызықтың бастамасы сұқ қолдың Юпитер төмпешігіне неғұрлым жақын болса, онда ол адам таза адам болғаны.

3. Ақыл (бас)-ой сызығы тура тартылса, ұзын әрі жаксы болса, иесінің жарқын ойлы, жігерлі, саналы адам болғаны. Сызықтың Ай төмпешігіне қарай қатты ауытқуы – жүйкелері бұзылудан зардап шегетіндерде, есуастық пен фанатизм шекарасында тұрғандарда кездеседі.

Адам мінезіне және қабілетіне толық талдау жасау үшін «қол оқуда» тағы да көмекші үш сызық бар. Олар: 1. Тағдыр сызығы. 2. Күн (Аполлон). 3. Денсаулық (бауыр немесе қарын) сызығы. Сондай-ақ, басқа белгілер де болады.

Алақанда тағдыр сызығының болмауы адамның алдында ауыр да сұрықсыз өмір, сәтсіздіктер күтіп тұрғанын білдіреді. Ал үзік-үзік қисық тағдыр сызығы иесінің өмірінде жиі-жиі өзгерістердің болатынын білдіреді. Алақанда Күн сызығы жоқ болса, өмірде адам айтарлықтай табысқа да жетпейді, ерекше бір қуанышқа да кенелмейді.

Денсаулық сызығы айқын әрі түзу болуға тиіс. Керісінше болғаннан, оның болмағаны жақсы. Өйткені, денсаулық сызығы дені сау, ары таза, дарынды да зердесі күшті адамдарда өмір сызығынан басталады, әрі айкын білінеді, таралмайды да.

Қолдың сыртқы формасының (кескінінің) жүз елуге жуық түрі бар екен. Ғылым оның жеті-ақ түрін айырыпты. Біз соның қажетті үш түрін таныстырайық.

1. Шаршы бітімді (квадрат) алақан. Түрлік көрінісі доғалдау «шаршы бітімді» саусақты, қысқа тырнақты кісі, «қоғамдық өмірден» аулақ жүреді. Махаббат пен достыққа берік, ғылымға бейім, еңбеккор келеді.

2. Үшбұрыш пішінді алақан иесінің саусақтары жіңішке және қозғал-ған сәтте сәл діріл білініп тұрады. Ондай адам романтикаға берілгіш, қызба, елікпе мінезді «өнер адамына» тән қасиетке ие болу бейімділігі болады. Бұлар толық еркіндікті қалағанымен, махаббатқа тұрақсыз келеді.

3. Ұзынша бітімді алақан кісінің – алақанының ұшы ұзын, әрі сау-сақтары жіңішке, ал тырнақтарының пішімі бадам дәні тәрізді бір-бірінен өткен әдемі әрі нәзік келеді. Бұндай алақанды кісі айырықша сезімтал, арманшыл, сүйкімді, романтик ойлы болып келеді. Дегенмен, олар сақтық пен тәжірибені аз меңгереді.

Астрологияда адамдардың тағдырына тұрақты жеті планета әсер етеді деп астрологиялық күнтізбе жасайды. Бұл планеталарға жататындар: Күн, Ай, Меркурий, Шолпан, Марс, Юпитер және Сатурн екені мәлім.

Сондықтан да еліміздегі ғылым мен білім басшы орындары хиромантия іліміне мән беріп, жас жеткіншектерден бастап оқытуға мүмкіндік жасаса, талай құпиялықты шешетін білімділер шығары анық. Бұл өрісімізді кеңейтіп, білмегенді біліп, ұлттық ерекшелік бойынша зерттеулер де дүниеге келер еді. Негізгі мақсат – құпия ғылымды өзіміздің ұлттық танымда оқырманға жеткізу ғана. «Қол оқудың» сырлы құпиясына бір уақыт болса да көңіл бөлу сіздің ішкі дүниеңіздегі ашылмай жатқан қасиетіңіздің жарқырап, оттай лаулап шығарына көмектеседі және бұған күмәнданудың болмайтынына зор сеніммен қарасаңыз болғаны демекпіз. Құпиялы бақытты сырлардың ашыла беруі ұлттық ғылымның жаңа саласы өркендеуі болмақ.

Алақанның сыртындағы көгілдір түсті тамылар қан құрамында көмір қышқыл газының көптігін көрсетеді. Дәрігерлер бұндайда таза ауада көбірек жүруге кеңес береді. Жұдырықты түйген кезде, кейбір саусақтардың алға қарай ұмтылуы - толықтай жеке тұлға болып қалыптасқан, эгоцентризмге бейім, өзіндік таңдауы бар жандар. Қолдардың икемділігі дене қозғалысының икемділігімен байланысты. Ұзын, жіңішке, ісінген тырнақтар - бүйрек ауруы. Ең бірінші шынашақ саусақтан басталады. Ұзын әрі семіз саусақтар - көңіл-күйі көтеріңкі, энергияға толы адамдарға тиесілі. Үсті қарайған, тез сынғыш тырнақтар - инфекциялық ауру. Әйнек секілді ісінген тырнақтар - жүрек, ішек, өкпе және без аурулары. Іштей иілген саусақтар - тұрақсыздықты, өмірге күдікпен қарау, есептескіштік. Сыртқа иілген саусақтар қоршаған ортасына жылдам икемделіп, мықты күш-жігерге ие жандарға тиесілі.

Конус тәрізді саусақтар - жүрекке жылдам қабылдау, тұйық, шешім қабылдауда жасықтық. Қысқа әрі семіз саусақтар - өзімшіл, сезімтал әрі тез ашуланшақтық. Алақан. Медицина ғылымы саусақтар мен алақандардың көмегімен адамның денсаулығы туралы көптеген мәліметтер алуға болатындығын анықтап отыр. Әдетте денсаулығы жақсы, жастайынан бимен айналысқан жандардың алақан саусақтары иілгіш келеді. Олар кем дегенде сыртқа қарай ииле білуі керек. Ал алақанның ішкі бөлігіне жиырылған тері склероз ауруының бар екендігін көрсетеді.

Күрек тәріздес саусақтар қолдың төменгі бөлігімен бірдей болып келеді. Энергияға толы, ақылды, батыл, шешім қабылдағыш, өзгергіш. Бұндай адамдар көп жағдайда өздерін ұстай алмайды.Сынғыш тырнақтар - ағзада минералды заттардың жетіспейтіндігі. Тырнақтағы майда айлар Қан айналым жүйесі мен өмірге деген құштарлықты тырнақтың төменгі бөлігінде көрініп тұратын айлар арқылы анықтауға болады. Ал олардың үлкендігі жүректің соғу жиілігімен байланысты. Айшықтар тырнақтың басқа бөліктерінен бөлек тұрса, бұл адам диабет ауруына шалдыққан [1].

Олар мүлдем көрінбесе, бүйрек ауруы немесе жасанды бүйректің болуы. Тырнақ бетіндегі шұңқырлар – псориаз ауруы. Тырнақта дөңгелек тәрізді шұңқырлардың болуы - буын ревматизмі.

Бүйрек пен өкпе ауруларын атыжоқ саусақтың тырнағы арқылы анықтауға болады. Ішек аурулары ортаңғы саусақтың тырнағымен байланысты. Сұқ саусақтың тырнақтары бас ауруын анықтайды. Саусақ бөліктерінің ұзындығы Дұрыс бөліктер: бірінші бөлік – 2,5 сантиметр, екінші бөлік – 3,5 сантиметр, үшінші бөлік – 4,5 сантиметр болуы тиіс. Олардың біріншісі – ментальды күш, екіншісі – астральды күш, үшінші бөлігі – физиологиялық күш. Егер саусақ бөліктерінің ұзындығы кем болса, кейбір күштердің жетіспейтіндігін білдіреді. Бірінші бөлік бас, ми бөліктерімен байланысты, біріншісі мен екіншісі бірігіп омыртқамен байланысты.

Буындары айқын білінетін, жоғарғы бөлігі дөңгеленген саусақтар және әдетте бас бармақ семіз болады. Бұндай адамдар ғылыммен, техникамен айналысады. Яғни, қарым-қатынасқа жылдам түсе бермейтін мықты тұлғалар. Тырнақтардағы ақ нүктелер Олардың үнемі көрініс табуы - бүйрек, бауыр, лимфатикалық жүйе аурулары немесе күшәнмен улану.

Температура Суық қолдар – горманальды қиындықтар мен қан айналым жүйесінің бұзылуы. Ыстық қолдар – ағзада минералдардың жетіспеуі. Терінің жыбырлауы – жүйке жүйесінің сыр бере бастауы. Бір-біріне жақын орналасқан саусақтар - сезімтал, қиялы ұшқыр, эмоцияға толы тұлға. Әңгіме барысында саусақтарын алақанына жасырып сөйлейтін адамдар - ұялшақ немесе ауруын жасыратын жандар. Саусағы ісініп жүретін адамдар – тыныс алу жолдары дұрыс емес жандар.

Терінің түсі. Қызғылт түсті – жүйкесі шаршаған, холерик. Терінің тым ақ болуы – қаны аз. Тамырлардың ісіңкі болуы – ішімдік ішетін, бүйрегі ауыратын адамдар. Бас бармағын басқа саусақтарынан бөлек ұстайтын адамдар – кемелділікке ұмтылатын, ешкімге ұқсағысы келмейін жандар. Саусағы кішкентай адамдар – өте сабырлы жандар.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Вебстера Р.«Чтение ладони для начинающих» вышла в издательстве «ФАИР-ПРЕСС», 2002.
2. Шнайдер А.Н Хиромантия:основы.-М.:2013.

УДК 37.013

ФОРМИРОВАНИЕ КОНЦЕПЦИИ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ УЧИТЕЛЕЙ

Агаева С., научный руководитель: Калиева Э.И.
Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга имени Ш.Есенова, г. Ақтау

Аннотация. В данной статье анализируется сущность понятия «компетенции», развитие данной проблемы и концепции.

Ключевые слова: компетенции, педагогическое образование, профессиональная подготовка.

Понятие компетенции повторно возникло в области образования, которое в 1990-х годах отвечало за обучение студентов, педагогическое образование и общее профессиональное обучение. Так, образование приобрело множество концепций и значений в различных областях и, таким образом, способствовало серьезному диссонансу среди исследователей в вышеупомянутых областях.

Естественно, имеет место несоответствие понятия компетенции в выступлениях учителей и инструкторов. Как формируются компетенции? Что есть профессиональные компетенции? Как они развиваются? Какие из них наиболее важны в работе преподавателя? Можно ли оценить компетенции? Если возможно, то как можно провести оценивание? Что в действительности подразумевается, когда упоминаются компетенции? Вот некоторые из вопросов, которые в настоящее время актуальны во многих дискуссиях о профессиональной деятельности учителей, педагогическом образовании и управлении карьерой учителя.

При теоретическом анализе литературы следует уделить внимание ранее обсуждаемой теме, а именно разнице между понятием в единственном числе (компетенция) и его использованием во множественном числе (компетенции). В первом случае понятие компетенции относится к качеству, отделяющему компетентных специалистов от некомпетентных или посредственных. С этой точки зрения компетенция рассматривается как глобальная черта, присущая действиям лица или профессиональной группы, которые подлежат суждению третьей стороны.

Термины «компетенция» или «компетенции» относятся к ряду черт, которые могут быть точно определены путем конструирования и развития профессиональных компетенций учителей посредством действия, наблюдения и описания без обязательного обозначения какой-либо ценности. В таких примерах, как «вопросы студентам», «диверсификация материала», «использование технологических ресурсов», мы имеем дело с чертами, за которые мы можем просто подтвердить присутствие и соответствующую частоту или отсутствие, не квалифицируя их. Сумма таких компетенций, взятая в аналитическом смысле, недостаточна, чтобы привести к выводу об общей компетентности профессионала. Следовательно, если говорить о компетенции, в глобальном смысле или компетенции, в аналитическом или частном смысле, значение кроется в концептуальных терминах.

Принято считать, что обучение/образование на основе компетенций впервые появилось в США в 1960-х годах в области педагогического образования. Данное движение затем распространилось на другие области профессиональной подготовки (Burke et al., 1975; Elam, 1971; Houston, 1980). Хотя случаи основанного на компетенциях обучения, начиная с 1920-х годов, можно найти в альянсе между промышленным развитием и профессиональной подготовкой, нет никаких сомнений в том, что именно под влиянием доминирующей бихевиористской психологии 50-х годов реформы школьной программы проходили последовательно. Последние сместили акцент на поведенческие цели обучения (составляющие так называемую объективную педагогику), и реформы программы подготовки учителей стали основываться на приобретении компетенций, воспринимаемых как наблюдаемое поведение, имеющее положительную корреляцию с увеличением или улучшением результатов учащихся.

Темой обсуждения было то, является ли компетенция тем же, что и результативность, однако основная интерпретация компетенции вплоть до 80-х годов (непосредственно наблюдаемое поведение) включала оба эти аспекта. Таким образом, программы, которые изложены под названиями CBTE или PBTE, быстро стали известны под более простым термином P/CBTE (Обучение преподавателей, основанных на достижениях/компетенциях), как если бы они относились только к одному объекту. Успех движения, особенно заметный в США и Великобритании в период между 60-ми и 80-ми годами, был обусловлен, прежде всего, поддержкой и похвалой, которую он получил от политической политики, проводимой соответствующими правительствами. Сванчек и Кэмпбелл (1981) выразили характеристики программ P/CBTE в следующих пунктах:

• точная спецификация изучаемых компетенций или поведения;
• обучение через модули;
• оценка и обратная связь;
• персонализация;
• полевой опыт.

Выбор приобретаемых компетенций был взят из типов поведения учителя, которые были подчеркнуты экспериментальными научными исследованиями и которые были положительно коррелированы с обучением учащихся. Что касается правительственных органов, то обучение, ориентированное на наблюдаемое поведение учителя, является гарантией более высоких требований к квалификации и сертификации для вступления в профессию, и поэтому в некоторых случаях они навязывают или сильно стимулируют универсальное развитие таких программы. Такое навязывание вызвало реакцию со стороны высших учебных заведений, которые не отождествляют себя с этой моделью обучения.

Однако были и проблемы среди тех, кто хотел присоединиться к движению. Burke et al. (1975, p. I) отметил, что «одной из постоянных проблем, с которыми сталкиваются институты, стремящиеся переопределить свои программы педагогического образования, с тем чтобы включить компетенции, основанные на деятельности, является общее отсутствие определения и критериев точно, что влечет за собой основанная на компетентности программа педагогического образования».

Берк, позже в 1989 году, продолжал считать, что критерии, разработанные Национальным консорциумом образовательных центров, основанных на компетенциях в 1970-х годах, все еще были актуальны для описания и оценки программ, основанных на компетенциях. Набор из двадцати четырех критериев, изложенный ниже, пролил очень точный свет на то, чем на самом деле было бихевиористским движением, основанным на компетенциях в области педагогического образования.

Знания и отношение учащихся представляют собой уступку тем, кто считает чрезмерным рассматривать компетенцию исключительно как относящуюся к успеваемости. Элам (1971) уже очень четко высказался по этому вопросу, заявив, что «оценка компетенции изначально требует эффективности, но также учитывает знания».

Микрообразование в его первоначальной форме (1960–70), симуляция, особенно ролевая игра, надзор, созданный в поведенческой среде, все конкурируют, как методологические варианты, для реализации программ, в которых компетентности, которые будут развиваться учителями в процессе обучения, почти полностью смешался с соответствующим исполнением.

В заключении, независимо от того, насколько интересно наблюдать компоненты педагогического образования, которые в данный исторический момент считаются необходимыми для построения и развития компетенций. Концептуальная модель и принятая стратегия лучше всего уточняет тип профессионализма, нацеленный не на абстрактную форму, а на те области практики обучения, которые эффективно инициируются. Профессиональные компетенции преподавателей учебных заведений будет формироваться за счет разнообразных ресурсов, которые могут быть мобилизованы теми, кто желает успешно решать проблему педагогического образования путем становления компетентных специалистов.

ЛИТЕРАТУРА

1. Бюрке, Дж. (ed.) (1989). Компетентностное образование и обучение. Лондр: Фальмер Пресс.

2. Бюрке, Дж., Хансен, Дж., Хьюстон, В., Джонсон, С. (1975). Критерии для описания и оценки программ компетенций. Н. Йорк: Сиракузский университет.

3. Элам С. (1971). Педагогическое образование на основе успеваемости - каково состояние искусства? Вашингтон, округ Колумбия: Акт

4. Эстевес, Мануэла (2009). Построение и развитие профессиональных компетенций учителей. Сизифо. Образовательный научный журнал, 08, с. 33-44

ӘОЖ 37.013

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТЕРДІ ДАЯРЛАУДАҒЫ БЕЛСЕНДІ ОҚЫТУ СТРАТЕГИЯЛАРЫ

Бердібекова А., ғылыми жетекшісі: Калиева Э.И.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Аталмыш мақалада белсенді оқыту стратегияларының мәні мен оларды жоғары оқу орнында қолданудың маңыздылығы қарастырылған. Болашақ педагогтарды даярлау барысында осы оқыту стратегияларын қолдану мүмкіндіктерінің мысалдары беріледі.

Түйінді сөздер: білім беру кеңістігі, белсенді оқыту стратегиясы, кәсіби құзыреттілік.

Әлемдік жоғары білім беру кеңістігінде оқытудың интеллектуалды дамыту идеясы басшылыққа алынады. Оның мәні – студенттердің танымдық қабілеттерін жетілдіру және когнитивті деңгейден сыни-шығармашылық деңгейге сапалы өту үрдісі деп түсіндіріледі. Бұл идеяны жүзеге асырудың маңызды жолдарының бірі жоғары оқу орнындағы оқыту үрдісінде белсенді оқыту стратегияларын кеңінен пайдалану.

Оқу, жалпы тұлғалық дамыту, оны кәсіби даярлау мақсаттарына жетудегі жетекші фактор ретіндегі оқытудағы жеке тұлғаның белсенділігі мәселесі білім берудің маңызды элементтерін түбегейлі ұғынуды талап етеді. Осыған орай, оқытуды белсендірудің стратегиялық бағыты ретінде берілетін ақпараттың көлемін және бақылау шараларын күшейтіп, арттыру емес, керісінше оқудың саналылығын қамтамасыз ететін

дидактикалық, психологиялық шарттарын жасау, мұнда оқушыны белсенділіктің интеллектуалдық ғана емес, сонымен бірге тұлғалық және әлеуметтік деңгейде кірістіру болып табылады.

Белсенді оқыту стратегиялары (БОС) білім алушылардың ойлауын дамытып, олардың бұрынғы алған білімдері мен жаңа түрлі дерек көздерінен, оқытушыдан, оқулықтан және басқа студенттерден алған білімдерімен астастырыла жүзеге асады [1, 132 б.]. Дайын білім беруге негізделген «дәстүрлі» стиль арқылы алынған білім білім алушылардың жинақтаған өзге білімдерімен тиімді сіңісе алмайды, сондықтан механикалық есте сақтау, үстірт білім алу жағдайлары орын алады. Дәстүрлі оқытудан алынған механикалық түрде есте сақталған мәліметтерді емтихан кездерінде ұтымды пайдалануға болады, бірақ мән-мағынасы терең меңгерілмей, жай ғана жатталғандықтан, тақырыпты оқыту аяқталған соң немесе емтихан біткен соң керексіз болып қалады және білім алушы оны өмірде тиімді пайдалана алмайды.

Жаңа оқыту стратегиялары мақсаты – білім алушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сабақтан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету [2]. Бұл стратегиялар студенттердің оқыған тақырып бойынша білімдерін өз деңгейінде көрсетіп, кейбір болжамдар бойынша күмәнді ойларын білдіре алатындай, пікір-көзқарастарын нақтылап, жаңа ұғым-түсініктерін өрістетуге мүмкіндік береді. Мұнда келесідей мақсаттар жүзеге асады: студентті оқыта отырып, ой еркіндігін, белсенділігін, ізденімпаздығын қалыптастыру, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру.

Белсенді оқыту стратегиялары білім алушылардың іс-әрекетінде субъективтік қарым-қатынас, дербес білім алу, кәсіби келешегіндегі белсенділік, жауапкершілік, бастамашылық сияқты қабілеттердің көрінуіне, оқу үлгерімінің артуына, олардың оқу-танымдық дағдыларын дамытуға септігін тигізеді. Болашақ педагогтарды даярлау барысында осы оқыту стратегияларының кейбіреулерін қолдану мүмкіндіктерін қарастырайық.

Ситуациялық жағдайлар әдісі (case-study). Кейс әдісінің оқытудағы маңыздылығы даусыз, ол студенттерге мәселені анықтау, жағдайларды талдау, баламалы нұсқаларды бағалау, шешім қабылдау дағдыларын дамытуға септігін тигізеді. Бұндай тапсырмалар дұрыс шешімдер қабылдауға тәжірибе жасап, басқа білім алушылардың мәселелер бойынша пікірлерін тыңдап жағдайды талдау, объективтілік, жедел, әртүрлі күрделі жағдайларда бейімделе білу және тәжірибелік қасиеттерді қалыптастыруға ықпал етеді.

Тренингтер мен жаттығулар. Бұлар қандай да бір технологияны қолдану тәсілдерін практикалық меңгеруге бағытталған оқытудың қарқынды түрі. Тренингтер оқытуда барлық қатысушылардың белсенділігімен ерекшеленеді, сонымен қатар оның барысында коммуникативтік құзыреттілікке қажетті дағдыларды алуға ерекше көңіл бөлінеді. Тренинг барысында алынған тәжірибені талдау, кері байланыс жүргізіледі, табысты жұмыс әдістерін және басқа адамдармен өзара іс-қимыл стратегиясын қолдану, сондай-ақ сабақ алуға және көп нәрсені үйренуге мүмкіндік береді.

Жоба әдісі, оқу-танымдық тәсілдердің жиынтығы ретінде қандай да бір мәселені шешуге мүмкіндік беретін осы нәтижелерді алуға, студенттердің коммуникативтік іс-әрекеттерін, коммуникативтік құзыреттілігін дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, білім алушылардың еңбекқорлығын, ынтасын, мақсаткерлігін, өз қызметінің нәтижесі үшін жауапкершілігін дамыту, адамгершілік пен азаматтықты тәрбиелеуге қол жеткізіледі.

Дебат – болашақ педагогтердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда маңызды орын алатын интеллектуалды ойын. Дебаттың мәні - екі команда ұсынылған тезис бойынша өз дәлелдері мен қарсы пікірлерін қазылар алқасын өз әділдігіне сендіре отырып ұсынуында. Дебатқа қатысушы студенттер маңызды қабілеттерді меңгереді:

- нақты дәлелдерді пайдаланып, ұстанымды негіздеу;
- алынған ақпаратты талдау және мәселенің мәніне жинақтау;
- қаралатын құбылыстар арасында логикалық байланыс орнату;

- фактілер мен көзқарастарды ажырату, қателерді, жағдайды анықтау және т.б.

Пікірталас - танымның тиімді интербелсенді әдісі ретінде бейтарап үшінші жақты қарсыларының дәлелдерінен гөрі өздерінің дәлелдерінің жақсы екеніне сендіру. Әдетте пікірталасты ұйымдастыру кезінде оқу үдерісінде танымдық, коммуникативтік мақсаттар қойылады. Сонымен қатар, пікірталас нәтижесінде ақпаратты жинау және реттеу, әдіснамалық-теориялық негіздеу, шешім қабылдау сияқты мақсаттарға ғана қол жеткізуге болады. Пікірталас кезінде студенттер бір-бірін толықтырып немесе бір-біріне қарсы тұру жағдайында диалогтың ерекшеліктері көрінеді, әр түрлі пікірлер салыстыру, өзара ажыратушы және өзара толықтырушы, өзара дамытушы диалог жүзеге асады. Қатысушылардың тікелей қарым-қатынасында өзара іс-қимылды ұйымдастыру, пікір алмасу, топтық шешімді әзірлеу және қабылдау үдерістері жүзеге асады.

Болашақ педагогтердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында олардың қандай ақпарат алуы емес, оны қалай алуы және қалай меңгеруі маңызды. Біз американдық педагог Эдгар Дейлдің «Оқыту конусы» үлгісіне сүйенуді маңызды санаймыз. Және бұл ұсыныс ежелгі ойшыл және философ Конфуцийдің келесі сөзін растайды: «Естігенімді – ұмытамын, көргенімді - есте сақтаймын, өз істегенімді - меңгеремін».

Сонымен, болашақ педагогтердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда олардың ой белсенділігіне, шығармашылық, зерттеушілік көзқарасты танытуға және мамандық бойынша әртүрлі міндеттерді шешу үшін жаңа идеяларды іздеуге, күрделі кәсіби мәселелерді өз бетінше түсінуге және терең жүйелі талдау негізінде оны практикалық қызметте іске асыру үшін оңтайлы шешім жасауға ұмтылдыратын, педагогикалық әсер етудің тәсілдері мен амалдарын қолдану маңызды болып табылады.



Эдгар Дейлдің оқыту конусы

Ойын әдістері (мысалы, іскерлік, имитациялық, рөлдік ойындар, психодрама, социодрама және т. б.). келесідей элементтерді (ойын жағдайлары, рөлдер, белсенді ойнату, нақты оқиғаларды қайта құру және т.б.) қамтып, білім алушыға жаңа тәжірибе алуға мүмкіндік береді. Жарыс нәтижесінде студенттердің коммуникативтік іс-әрекеті жанданады.

Белсенді оқыту әдістерін кешенді қолдану студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға оң ықпал етеді, оларға өз идеясын білдіруге, басқа адамдардың көзқарасын талдауға, белгілі бір қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Белсенді оқыту әдістерін студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда кешенді қолдану психикалық қызметтің барлық төрт түрін жандандыруға мүмкіндік береді, олар: ойлау, сөйлеу, әрекет ету және болашақ жұмыс жағдайларына бейімделу. Осының барлығы студенттің кәсіби құзыреттілігі мен сапасының дамуын күшейтуге ықпал етеді.

Болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік жүйесінде: ақпараттық құралдар (әдебиеттер, оқулықтар мен оқу құралдары), дидактикалық құралдар (бағдарламалық құралдар, демонстрациялық материалдар), оқу-әдістемелік кешендер, сандық білім беру ресурстары (аудиовизуалды құралдар, компьютер, телекоммуникация құралдары, бейнекомпьютерлік жүйелер, мультимедиа) пайдаланылады.

Болашақ педагогтердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудағы ең тиімді оқыту технологиясы - тренинг. Тренинг ағылшын тілінен аударғанда «train» - жаттықтыру, жаттығу деген мағынаны білдіреді және тұлғааралық қарым-қатынасқа, коммуникативтік және кәсіби іскерлікке бағытталған психотерапиялық, психокоррекциялық және оқыту әдістерінің жиынтығы болып табылады..

Тренингті ғылыми қолданысқа енгізген М.Форверг оны тұлғалық қарым-қатынас орнатуға, басқалармен қарым-қатынасқа түсуде қиналатындар үшін жүргізіледі, тұлғаның жалпы кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға және жетілдіруге мүмкіндік береді деп баса айтқан.

Болашақ педагогтердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда келесі пікірталас түрлері пайдаланылады:

Пікірталас-диспут. Студенттерге пікірталас тақырыбы жарияланып, ниет білдіргендерге (кейде арнайы тақырыптарда дайындалғандар) сөз беріледі. Диспут барысында коммуникативті белсенділер анықталады.

Конференция. Бұл талқылау мен дау мәселесінің жай-күйі немесе кейбір жұмыстың нәтижелері туралы қысқа хабарлама негізінде алдын ала жүргізілетін пікірталас түрі. Мұнда ұсынылған тезистердің толық дәлелділігі, талқылануы маңызды болады.

Прогрессивті пікірталас. Оның мақсаты - қатысушылардың тиісті коммуникативтік дағдыларын жаттықтыру мәселесін топтық шешу. Пікірталас 5 кезеңде іске асырылады:

а) идеяның пайда болуы (қатысушыларға осы мәселені шешу жолдары туралы идеяларды ұсынуға уақыт беріледі);

б) барлық ұсыныстар тақтаға жазылады;

в) ұсынылған әрбір нұсқа талқыланады;

г) ең қолайлы нұсқалар қарастырылады, әрі қарай маңыздылығы бойынша орналастырылады, яғни идеяларды верификациялау жүзеге асырылады;

д) пікірталас жетекшісі тарапынан талқылаулар ұйымдастырылады, ең көп қабылданған шешімдер жинақталып, олардың ішінен маңыздысы таңдалады.

Сонымен, бұл пікірталас түрі топтық шешімді тез және тиімді қабылдай білуге көмектеседі.

Пікірталас-жарыс. Барлық қатысушылар командаларға бөлініп, ұсынылатын шешімдерді бағалау критерийлерін анықтайтын қазылар алқасы таңдалады (шешімнің тереңдігі, дәлелдемесі, қисындылығы, нақтылығы,қойылған мақсаттың баламалылығы), пікірталас тақырыбы нақтыланады. Бұл пікірталасты оқытушының өзі жүргізеді. Пікірталас барысында мәселені шешудің ұсынылған нұсқаларын ұжымдық талқылау жүргізіліп, кейін қазылар алқасы нәтижелерді жариялап, оларға түсініктеме береді.

Пікірталасты өткізуде әртүрлі ұйымдастырушылық әдістемелер қолданылады.

«Сұрақ-жауап» әдістемесі негізінде қатысушыларға белгілі бір бағытта сұрақтар қойылып, әңгімелесу пікірталас-сұхбат түрінде өтеді. Сұхбат жүргізу стратегиясы: сұхбатқа қатысушылардың мүдделерін, жағдайын, қарым-қатынасын түсіну, әңгімелесушіні қабылдау, оның сенімін түсінуді қамтамасыз ету.

«Жартылай дауысты талқылау» әдістемесі негізінде алдымен кіші топтарда жабық пікірталас, одан кейін жалпы пікірталас жүргізіледі, әр шағын топтың көшбасшысы өздерінің пікірін баяндайды және бұны әрі қарай барлық қатысушылар талқылайды.

«Клиника» әдістемесі негізінде әр қатысушы ұсынылған мәселенің «себебін» ашық талқылайды, ал көшбасшы шешімнің өз нұсқасын әзірлеп ұсынады, содан кейін оны

сарапшылар баллдық шкала бойынша немесе алдын ала белгіленген «жағымды-жағымсыз» жүйе бойынша бағалайды.

«Лабиринт» әдістемесі негізінде бірізді талқылау жүзеге асады, ол өзіндік қадамдық процедураны білдіреді, Мұнда барлық шешімдер, оның ішінде дұрыс емес шешімдер де талқыланды.

«Эстафета» әдістемесі негізіндегі пікірталас әрбір қатысушы сөзді қажет деп санайтын адамға беру арқылы іске асырылады.

Ұйымдастырылатынан пікірталастар дамудың төрт сатысынан өтеді: бағдарлау, бағалау, шоғырландыру және рефлексивті талдау. Бағдарлану кезеңінде пікірталасқа қатысушылар мәселеге және бір-біріне бейімделеді, яғни бұл кезеңде қойылған мәселені шешуге белгілі бір тұғыр әзірленеді.

Бағалау кезеңінде салыстыру, идеялар қақтығысы жағдайы өтеді.

Шоғырландыру кезеңінде белгілі бірыңғай немесе ымыралы пікірлерді, тұғырларды, шешімдерді әзірлеу іске асырылады.

Рефлексивті талдау және қорытынды шығару кезеңі пікірталастың маңызды элементі — талдауымен байланысты болады. Бұл кезеңде сабақтың қорытындысы шығарылады, қатысушылардың тұжырымдаған қорытындылары талданады, мәселені дұрыс түсінудің негізгі сәттері атап көрсетіледі, пікірталас тақырыбының нақты мәселелері бойынша қисынды, қате пікірлері, дәрменсіз жекелеген сұрақтар көрсетіледі. Сонымен қатар сөздің мазмұнына, дәлелдердің тереңдігіне және ғылымилығына, ойдың дәлдігіне, түсініктердің дұрыс қолданылуына назар аударылады, қатысушылардың түрлі полемика құралдарын қолдана білуі бағаланады.

Кері байланысты жүзеге асыру үшін пікірталасқа қатысушылардың ауызша немесе жазбаша пікірлері қолданылады.

Пікірталастың салдары:

а) пікірталас қатысушыларының басқа көзқарастарға лайықты құрмет және түсінуді таныту қалыптасады;

б) конструктивті дауды шешу, дискуссиядағы қайшылықтарды, оңтайлы міндеттерді шешу стратегиялары іске асырылады;

в) конструктивті дауды шешу бойынша пікірталастарда қатысушылардың сабақ жетекшісіне жалғыз дұрыс көзқарас емес, жалпы жұмыс бойынша тәжірибелі әріптеске деген қарым-қатынасы қалыптасады.

г) төмендегідей қатынастар қалыптасады:

- тең құқықты субъект-субъектілік қатынас;

«мен жақсы, сен жақсы» позициясы (Э. Берн);

«мені дұрыс түсініңіз» позициясы;

шындық бәрінен жоғары;

пікірдегі құрмет пен достық.

Пікірталастағы тәртіп ережелері:

Адамдар емес, идеяларды сынау;

Мақсат - «жеңіске» емес, ең дұрыс шешімге келу;

Қатысушылардың әрқайсысын талқылауға қатысуға шақыру;

Басқалармен келіспесегенмен, әр адамның түсінігін тыңдау;

Алдымен екі позицияға қатысты барлық идеялар мен фактілерді анықтау;

Мәселені түсініп, екі көзқарасты түсінуге тырысу;

Өз көзқарасын фактілер мен сенімді дәлелдердің әсерінен өзгерту.

Жоғарыда қарастырылған тәсілдер әрбір студентке жеке көзқарасын білдіруге, қандай да бір мәселені белсенді талқылауға, топта еркін сөйлеуге және өз көзқарасын қорғауға үйренуге ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Кларин, М. В. Инновации в мировой педагогике: обучение на основе исследования, игры, дискуссии. Анализ зарубежного опыта. – Рига : НПЦ «Эксперимент», 1995. – 176 б.

2 Мирсеитова, С. Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде. – Қарағанды : Жолдак Е. В. ЖК, 2011. – 201 б

ӘОЖ 37.013

ЖОҒАРЫ МЕКТЕП БОЛАШАҚ МАМАННЫҢ ЖЕКЕ ТҰЛҒАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ИНСТИТУТЫ

Дабысов Ж., ғылыми жетекшісі: Калиева Э.И.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Аталмыш мақалада жоғары мектептегі тәрбие жұмысының мақсаты мен негізгі міндеттері, тәрбие үрдісін ұйымдастырудың негізгі қағидаттары мен әдіс-тәсілдері қарастырылды.

Түйінді сөздер: тәрбие, мақсат, міндет , қағида, әдіс, тәсіл.

Қазіргі қоғам ізгілікті жолмен жағдайды сезінуге қабілетті, қарым - қатынасқа бейім, жалпылай айтқанда қойылған мақсатқа жетуде бастамашыл ұйымдастырушы студенттер дайындауға тырысуда, дегенмен заманауи жастар қиын мәселелердің шешімін табуда өзіне жауапкершілік алып, бастама жасауда белсенділік көрсете алмай жатады, сондықтан білім беру ісі жас ұрпақтың біліктілігін қалыптастырып қана қоймай, олардың бойында жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеге лайықты өмір сүруге, қызмет жасаудағы тұлғалық қабілеттерді дамыту шараларын да іске асыруды ойластыруы қажет.

Жалпы ұлттық деңгейдегі жоғары оқу орнының басты мақсаты – еліміздің әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне белсенді қатысуға дайын, бәсекеге қабілетті, жеке тұлғаны дайындау. Бәсекеге қабілетті, белсенді жеке тұлға дегеніміз өмірдің қай саласында болмасын еркін де нақты, жауапкершілікпен ойлайтын, әр түрлі жағдайларға бейімделе білетін, бойында шығармашылық қасиеттері қалыптасқан тұлға болып табылады. Өз іс-әрекетіне маңыздылық дарыту үшін белгілі бір қабілеттерге ие болу жеткіліксіз, оларды дұрыс көрсете білу қажет, жағдайды сезініп керексіз шарттарды өзгерту, объективті факторларға сүйену керек. Студенттің тұлғалық әлеуетін ашуға түрлі жағдайларды тиімді көрсету мәселесі аса маңыздылыққа ие

ЖОО-да осы міндеттерді шешудің басты тетігі - жан-жақты ұйымдастырылатын, терең мазмұнды тәрбие жұмысы болып табылады

Тәрбие жұмысы оқудан тыс жеке педагогикалық әрекет емес, жалпы даму мен оқыту үдерісіне кіріктірілген педагогикалық іс-әрекеттің қажетті органикалық құрамдас бөлігі болуы тиіс.

Жоғары оқу орнындағы тәрбие жұмысының негізгі факторлары - ғылым және оқу саласында студенттердің өзін-өзі басқаруын ынталандыру және студенттердің бос уақытын ұйымдастыру.

Жоғары білім беру жүйесіндегі тәрбие процесінің негізгі міндеттері:

− студенттердің әлеуметтенуіне ықпал ету, қоғамдық қызметке тарту;

− ел азаматы деген азаматтық ұстанымы бар, Қазақстанның болашағына жауапты жеке, өз бетінше шешім қабылдай білетін тұлғаны қалыптастыру;

− тұлғаның құзыреттілігін арттыру, кәсіби тұруын және өзін-өзі іске асыру үшін жағдай жасау,үздіксіз білім алу сұранысын қалыптастыру;

− салауатты өмір салтының құндылықтарына, өзінің рухани байлығына, интеллектуалдық өміріне, өзінің денсаулығы мен амандығына жауапты тұлғаны қалыптастыру;

− студенттік өзін-өзі басқаруды дамытуға жәрдем көрсету;

− этникаралық және әлеуметаралық қатынастар, тұлғааралық қатынастарда консенсусты құндылықтарды, әріптес диалогін жүргізе білуді қалыптастыру;

− тәрбие процесіне білім беру ұйымдарындағы студенттер контингентін, ұйымдастырушылық, кадрлық, экономикалық және басқа да ресурстарын тарту.

Тәрбие процесін ұйымдастырудың негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

− жалпы адамзат құндылықтарының басымдығы, Қазақстан халықтарының дәстүрлері мен ұлттық мәдениеттерінің нормаларын есепке алу;

− гуманистік құндылықтар басымдығы, тұлғаға деген құрмет, оның бостандығы мен әлеуметтік құқықтарын тану, ұлтжандылықты қалыптастыру;

− Қазақстан халықтарының этникалық мәдениетіне құрмет көрсету, қазақстан халқының бірлігінің басымдығы, азаматтық келісім және қоғамдық қатынастардағы үйлесімділік;

− әлеуметтік өзара әрекеттің тиімділік қағидаттары;

− студенттер мен оқытушылардың әріптестік қатынастарының тууын, олардың достық қатынастарын, студенттік өзін-өзі басқаруды көздейтін демократиялық қағидаттары.

Тәрбие жұмысының мақсаттары мен міндеттерін іске асыру үшін жоғары оқу орындарында бұл жұмысты жүргізудің тәжірибесі қалыптасты. Оның бағыттары Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасында бекітілген. Жоғары оқу орындарында соған сәйкес мынадай бағыттар бойынша тәрбие жұмысы жүргізіледі:

− азаматтық-патриоттық: патриоттық құндылықтарды дарыту, мемлекеттік саясатты қолдауды қамтамасыз ету, деструктивті саяси идеялардың алдын алу;

− құқықтық мәдениет және мәдениеттер алуандығы: жастар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу, жастарға құқықтық білімберу, Қазақстанда тұратын халықтардың тарихы мен дәстүрлеріне төзімділікпен және құрметпен қарауды қалыптастыру;

− рухани-адамгершілік тәрбие: рухани-адамгершілік құндылықтар жүйесін қалыптастыру және дамыту, студенттер бойында деструктивті діни ағымдарға қарсы иммунитет қалыптастыру;

− дене тәрбиесі: дене тәрбиесі мен спортты, саламатты өмір салтын насихаттау,бұқаралық спортты дамыту арқылы студенттердің спортпен айналысуын ұйымдастыру;

− эстетикалық тәрбие (мәдени-бұқаралық және шығармашылық): демалыс үйірмелеріне қатысу, студенттік көркем өнерпаздықты дамыту, әлемге эстетикалық тұрғыдан қарауды дарыту;

− коммуникативтік мәдениетті қалыптастыру: ұжымдық рух, студенттердің қарым-қатынас орнату тәжірибесін қалыптастыру, төмен курстардың студенттеріне қолдау көрсету;

− зияткерлік мәдениетті дамыту: студенттердің ғылыми-зерттеу қызметін жандандыру;

− экологиялық мәдениет қалыптастыру: жастардың бойында экологиялық сана-сезім қалыптастыру, студенттердің экологиялық бағыттағы ұйымдарын қолдау;

− әлеуметтік тәрбие: жастардың бойында әлеуметтік тұрғыдан белсенді қасиеттерді қалыптастыру, студенттердің өзін-өзі басқаруын және еріктілік қозғалысын қолдау, әлеуметтік әріптестік қағидаттарын дамыту.

Тәрбие – тұлғаның қоғамдық, өндірістік және мәдени өмірге белсенді араласуына дайындау мақсатында оның тұлғалық қасиеттерін мақсатты, жүйелі түрде қалыптастыру.

Сонымен, тәрбие процесінің мақсаты – терең кәсіптік білімі бар, мәдениеті, зиялылығы, әлеуметтік белсенділігі жоғары, патриот-азамат, рухани құндылықтар мен дәстүрлерге, моральдық қағидаттар мен қоғамның адами бағдарларына құрметпен қарайтын, болашақта бәсекеге қабілетті маман тұлғасын жан-жақты дамыту.

Қазіргі заманғы қазақстандық ЖОО-ның тәрбие жұмысында түрлі әдістер, құралдар, тәсілдер мен нысандар пайдаланылады. Қазіргі заманғы ғылымда тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің тәрбиелеу міндеттерін шешуге бағытталған өзара байланысты қызметінің тәсілдері тәрбиелеу әдістерін білдіреді.

Тәрбиелеу құралдарын тәрбиелеу әдістерінен ерекшелеген жөн. Тәрбиелеу құралдары – бұл тәрбие жұмысының нақты іс-шаралары немесе нысандары (әңгімелер, жиналыстар, кештер, экскурсиялар және т.б.), білім алушылардың қызмет түрлері (оқу сабақтары, пәндік үйірмелер, конкурстар, олимпиадалар), сондай-ақ көрнекі оқулықтар (бейнематериалдар, слайдтар, плакаттар, буклеттер және т.б.), олар қандай да бір әдісті іске асыру процесінде пайдаланылады. Мәселен, тәрбиелеу әдісі ретіндегі сенім қоғамдық-саяси мәселелер, адамгершілік, өнер және басқа да мәселелер бойынша сабақтардағы және аудиториядан тыс уақыттағы түсіндіру әңгімелері, жиналыстар, пікірталастар және т.б. ретіндегі осындай тәрбиелеу құралдарының көмегімен іске асырылады.

Алайда ғылыми сипаттағы түсіндіру әңгімелері мен түрлі жиналыстарды, ұғымдарды белгілі бір дәрежеде орайластыруға жол беріле отырып, тәрбиелеу құралдары деп те атайды. Бұл жерде үлкен қателік жоқ. Түрлі түсіндіру әңгімелері немесе жиналыстар сендіру әдісін іске асырудың нақты құралы бола тұра, оны жүзеге асырудың жеке нысандары ретінде әрекет етеді және бұл тұрғыда тәрбиелеу әдістерінің рөлін атқарады.

Жоғары мектептегі тәрбие – ЖОО оқытушыларының, кураторларының, қызметкерлерінің студенттердің алатын білімінде көзделген сенім жүйелерін, адамгершілік нормалары мен жалпы мәдени сапаларды олардың бойында қалыптастыруға бағытталған арнайы жұмысы.

Жалпы алғанда қазақстандық Жоо студенттерімен тәрбие жұмысы аудиториядағы сабақтар шеңберінде де, сонымен қатар оқудан тыс қызметте де жүзеге асырылады.

Оқудан тыс тәрбие ісі Жоо-ның қоғамдастығымен және әлеуметтік ортаның өзара іс-қимылын қамтамасыз етуге, кәсіптік қажетті жеке бастылық қасиеттерді қалыптастыруға, әлеуметтік белсенділікті дамытуға, студентке өзін-өзі тануды, өзін-өзі іске асыруда, өзін-өзі көрсетуде, тәуелсіздікке, дербестікке ұмтылуына психологиялық көмек көрсетуге және қолдауға, өзінің жеке әлеуметтік жауапкершілігін арттыруға бағдарланған Жоо-ның тәрбие жұмысының түпкілікті құрауышы болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30579988

ӘОЖ 37.013

STEM БІЛІМ БЕРУ МӘСЕЛЕСІ

Нурова Р., ғылыми жетекшісі: Калиева Э.И.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Аталмыш мақалада STEM-білім берудің өзектілігі, мақсаты мен міндеттері, тиімділігі қарастырылған.

Түйінді сөздер: жаһандану, бәсекеге қабілеттілік, STEM, инновация, интеграция, ғылыми-техникалық білім.

Ақпараттық жаһандану дәуірінде және технологияның тез эволюциясы кезінде машина жасау, ғылым, өнер, IT технологиясы және т.б. салаларға байланысты мамандықтар барған сайын танымал бола бастады. Таяу уақытта болашақта елестету қиын болып келетін мамандықтар пайда болады, олар жаратылыстану ғылымдарымен интерфейсте технологиялар мен технологиялық өндіріспен байланысты болады. Биотехнология мен нанотехнология саласында мамандар сұранысқа ие болады. Демек, жаңа буын мамандары жаратылыстану, инженерия және технология саласындағы білім беру салаларының кең ауқымынан жан-жақты оқытуды және білімді талап етеді.

Әрбір бәсекеге қабілетті мемлекеттің білім беру жүйесі алдында мәселе бар - мұндай мамандарды қалай дайындау керек? Таяу және алыс шет елдердің көптеген елдерінде жоғары технологиялар саласындағы мамандарды даярлаудың негізі STEM болып табылады. Сондықтан, Австралия, Қытай, Ұлыбритания, Израиль, Корея, Сингапур, АҚШ сияқты елдер STEM білім беру саласында мемлекеттік бағдарламалар жүргізеді. Көптеген елдердің білім беру жүйелерінде оқушылардың есептік ойлау дағдыларын ерте, мақсатты түрде дамыту қажеттілігі, ғылыми-зерттеу жұмыстары, жобалық топтық жұмысқа қызығушылық және нақты инженерлік және технологиялық нәтижелер алу қажеттілігі байқалады.

Қазіргі уақытта STEM білім беру белсенді дамып келеді, негізгі идеясы жаратылыстану ғылымдарының интеграциясы болып табылатын бағыт ретінде, технологиялар, моделдеу, өнер, математика, пәнаралық және қолданбалы тәсілдерді қолдану. Сонымен қатар, білім беру негізгі міндеті оқыту үшін пәнаралық, шығармашылық, жоба негізіндегі тәсіл негізінде оқушылардың құзіреттілігін дамыту болып табылады

STEM білім беруді енгізу және дамыту көздерін талдау және зерттеу, қазіргі заманғы білім берудегі жетекші және жаңа бағыт ретінде STEM тұжырымдамасы психологиялық-педагогикалық тұжырымдамалар мен технологиялардың кең ауқымын қамтиды.

Уикипедия ашық энциклопедия аудармасының анықтамасы бойынша: STEM (science- ғылым, technology-техника, engineering- инженерлік өнер, mathematics-математика, бұрын METS деп аталатын) - бұл ғылым, техника, инженерлік және математика бойынша оқу пәндері. Бұл термин әдетте білім беру саясатын және мектептердегі оқу жоспарларын таңдау кезінде , ғылым мен техниканың дамуындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруда қолданылады. Бұл еңбек ресурстарын дамытуға, ұлттық қауіпсіздік проблемаларына және иммиграциялық саясатқа әсер етеді [1]

Ғылыми-анықтамалық әдебиетте академиялық пәндердің әртүрлі жиынтығынан тұратын STEM акронимінің басқа нұсқалары бар, олар STEAM (Science, Technology, Engineering, Arts, Mathematics), STREM (Science, Technology, Robotics, Engineering, and Mathematics), eSTEM (environmental STEM), STEMLE (Science, Technology, Engineering, Mathematics, Law and Economics) және басқалары [2].

XXI ғасырдың алғашқы онжылдығында ғана теориялық білімді ғана емес, кешенді технологиялық нысандармен жұмыс істеудің практикалық дағдыларына ие STEM саласындағы білікті мамандарға қойылатын талаптар айтарлықтай өзгерді.

Атап айтқанда, осы мәселені зерттеумен айналысатын ғалымдардың зерттеулері келесі сипаттағы бірқатар қайшылықтарды анықтады [3]:

- қазіргі, дәстүрлі, білімге негізделген білім беру жүйесі XXI ғасырдағы кадрларды даярлауға және оқытуға қойылатын талаптарға толық жауап бермейді, яғни жас ұрпақты ғылым, техника, инженерия және математикаға оқытудың қазіргі жүйесімен белгілі бір проблемалар бар;
- STEM субъектілерін оқытуға және осы мамандықты таңдауға ынталандырудың айтарлықтай төмендеуі бар;
- физикалық және математикалық пәндер бойынша академиялық прогрестің деңгейі өте төмен және STEM пәндерін білу және қолдануды қажет ететін нақты проблемаларды шешу қабілетінің болмауы жиі айтылады.

Демек, мұндай кемшіліктер білікті STEM мамандарының сапасы мен санын азайтады. Мемлекет және үкімет қайраткерлері, әртүрлі елдер мен континенттердің бизнес құрылымдарының өкілдері STEM мамандарының жетіспеушілігі әр елдің ұлттық бәсекеге қабілеттілігіне қауіп төндіреді деп санайды. Мысалы, Джорджтаун университетінің ғалымдары 2014 жылы жүргізген зерттеуге сәйкес, STEM білімімен байланысты қажетті жұмысшылар саны 2018 жылға қарай 8,65 миллион болады деп болжайды. Атап айтқанда, өңдеу секторы қажетті дағдылармен жұмыс істейтін қызметкерлердің үлкен тапшылығына тап болады, шамамен 600 мың адам [4]

Қазіргі кезде www.meriten.com білім беру сайты бойынша STEM - АҚШ-тағы ең таңдаулы мамандықтардың бірі болып саналады. Сайт АҚШ-та соңғы жылдары STEM саласындағы мамандарға үлкен сұраныс болғанын жазады. Әлем дамып келеді және инфрақұрылым қосымша қолдауды қажет етеді: жолдар, көпірлер, байланыс жүйелері, электр желілері, су, энергетика және отын. Мұның бәрі Америкада жылдам дамып келеді, университеттер мамандарды даярлауға уақыт жетпейді, сондықтан информатика, инженерия саласы жұмысшыларға тапшы және ғылыми мамандар жеткіліксіз (химиктер, биологтер, генетиктер). Американдық университеттер жылдам дамып келе жатқан басқа елдерден гөрі аз инженерлерді шығарады, бұл салада H1B визаларын алу үшін үлкен сұраныс тудырады. АҚШ-та ең жоғары жалақы алатын информатика және инжиниринг саласындағы мамандар [5].

Сондай-ақ, сайт STEM –де ғылым, техника, инжиниринг және математика пәндері бойынша оқылатын негізгі мамандықтардың тізімін ұсынады:

- Ауыл шаруашылығы;
- Археология;
- Сәулет;
- Мінез-құлық ғылымдары;
- Іскерлік статистика;
- Даму және балалар психологиясы;
- Сандық байланыс және медиа/мультимедиа;
- Экология;
- Спорттың физиологиясы;
- Білім берудегі технологиялар;
- Тамақ өнімдерінің ғылымы және оларды өндіру технологиясы;
- Орман шаруашылығы;
- Фармацевтикалық экономика;
- Қауіпсіздік.

Сонымен қатар, сайтта АҚШ-тағы ең танымал және жалықылары да жоғары мамандықтар STEM мамандықтары болып белгіленген олар:

- Газ және мұнай өндіру технологиясы (Petroleum Engineering);

- Компьютерлік ғылым (Computer Science);
- Аэроғарыш саласы (Aerospace Engineering);
- Программамен қамтамасыз ету (Software Engineering);
- Сақтандыру математикасы (Actuarial Mathematics);
- Қолданбалы математика (Applied Mathematics):
- IT (Information Technology);
- Азық-түлік ғылымы (Food Science):
- Телекоммуникация (Telecommunications):
- Микробиология (Microbiology).

Жоғарыда келтірілген, шағын аналитикалық мысал қазіргі уақытта қазіргі еңбек нарығының талаптары өзгергенін көрсетеді, мектепке дейінгі тәрьиеден бастап, барлық деңгейде жүйелі және үздіксіз даму қажет.

STEM-сауаттылықтың жетіспеушілігіне байланысты мәселелерді шешу үшін STEM-білім берудің күрделілігі мен әмбебаптығын атап өту қажет, типтері, бағыттары мен күрделілігінің деңгейі бойынша түрлі бағдарламалар әзірленуде. Сонымен қатар, STEM білім беру саласындағы сарапшылар осы саладағы білім беру бағдарламаларының келесі артықшылықтарымен бөліседі:

- Пәндер бойынша емес, интеграцияланған «тақырыптар» бойынша оқыту. STEM-тренинг пәнаралық және жобалық тәсілдерді біріктіреді, оның негізі жаратылыстану ғылымдарының технологияға, инженерлік шығармашылық және математикалық интеграцияға негіз болып табылады. Оқу бағдарламасының тамаша трансформациясы, оның мақсаты жоғарыда аталған пәндерді оқытуды тәуелсіз және дерексіз ретінде жою болып табылады. Ғылым, техника, инженерия және математика пәндерін оқыту өте маңызды, өйткені бұл салалар іс жүзінде өзара тығыз байланысты;

- Нақты өмірде ғылыми-техникалық білімді қолдану.Практикалық сабақтар арқылы STEM білім беру балаларға ғылыми-техникалық білімнің нақты өмірде қолданылуын көрсетеді. Әр сабақта олар заманауи индустрия өнімдерін жасап, дамытады.Біз нақты өнімнің прототипін құру өз қолында, нәтижесінде нақты жобаны оқиды. Мысалы, зымыран құруда жас инженерлер, инженерлік жобалау процесі, іске қосу бұрышы, қысым, созылу күші, үйкеліс күші, траектория және координат осі сияқты ұғымдармен танысады;

- Сыни ойлау дағдыларын дамыту және проблемаларды шешу дағдылары. STEM бағдарламалары сыни ойлау мен проблемаларды шешу дағдыларын дамытады, балалар өмірдегі қиындықтарды ескеру керек. Мысалы, оқушылар жоғары жылдамдықты автокөліктер салады, содан кейін олар сыналады. Алғашқы сынақтан өткен соң, олардың машинасы неге мәре сызығына жете алмайтынын ойла, анықтайды. Мүмкін алдыңғы дизайн, дөңгелектер арасындағы қашықтық, аэродинамика немесе басталу күші оған әсер етті ме? Әрбір сынақтан кейін (іске қосу) мақсатқа жету үшін олардың дизайнын жасайды;

- Өзіне деген сенімін арттыру. Әртүрлі өнімдерді жасайтын балалар көпірлер мен жолдарды салу, ұшақтар мен вагондарды ұшыру, роботтарды сынау және электронды ойындар, суасты және әуе құрылыстарын дамытып әр жолы мақсатқа жақындай түседі. Олар әзірлейді және сынайды, қайта әзірлейді және сынақтан өткізеді және өнімді жақсартады. Ақыр соңында олар барлық мәселелерді өздері шешіп, мақсатқа жетеді. Бұл балалар үшін шабыт, жеңіс, адреналин және қуаныш. Әрбір жеңістен кейін олардың қабілеттеріне сенімділікті арттырады;

- Белсенді қарым-қатынас және командалық жұмыс. STEM бағдарламалары белсенді қарым-қатынас пен командалық жұмысты көрсетеді. Талқылау кезінде пікірталастар мен пікірлерге арналған еркін атмосфера құрылады. Олар соншалықты еркін, олар ешқандай пікір білдіруден қорықпайды, олар сөйлеуге және ұсынуға үйренеді.Балалар көптеген уақыт үстелге отырмайды, бірақ олар өз жобаларын тексеріп

дамытады. Олар әрдайым инструкторлармен және олардың командасымен байланыста болады. Балалар процеске белсене араласқанда, сабақты жақсы есте сақтайды.

- Техникалық пәндерге қызығушылықты дамыту. Жасөспірімдер мектебіндегі STEM-тренингтің мақсаты – оқушылардың табиғи және техникалық пәндерге қызығушылығын дамыту үшін алғышарттар жасау. Жасалған жұмыстарға деген сүйіспеншілік мүдделерді дамыту үшін негіз болып табылады. STEM кластары өте қызықты және серпінді, бұл балалардың батыл болуының алдын алады. Олар сабақ уақытының қалай өткенін байқамайды, сондай-ақ мүлдем шаршамайды. Ракеталарды, автомобильдерді, көпірлерді, тірегендерді, электрондық ойындарын, фабрикаларды, логистикалық желілерді және суасты қайықтарын жасау арқылы олар ғылым мен техникаға қызығушылықтарын арттырады;

